

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATIVE INSTITUTE NAMED AFTER SHERKHAN MURTAZA



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
24-25 қараша, 2023 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА:
ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ, ТЕОРИЯ, ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ»
24-25 ноября, 2023 г.**

**MATERIALS OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE NAMED
«CURRENT PROBLEMS OF TRANSLATION STUDIES IN THE ERA OF NEW KAZAKHSTAN:
HISTORY OF RESEARCH, THEORY, FORMATION AND DEVELOPMENT»
24-25 November, 2023**

I-TOM

Тараз, 2023

УДК 811.512 .122 (075.8)

ББК 81.2 Каз-923

К56

«Жаңа Қазақстан дәуіріндегі аударматанудың өзекті мәселелері: зерттелу тарихы, теориясы, қалыптасуы мен дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 24-25 қараша, 2023. – 235б.

«Актуальные проблемы переводоведения в эпоху нового Казахстана: история исследований, теория, формирование и развитие» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 24-25 ноября, 2023. – с.235

ISBN 978-601-7325-00-8

Жинаққа аударматану саласының білікті маманы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қожаева Маржан Төреғұлқызының мерейтойына орай Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен 2023 жылдың қараша айының 24-25-ші қараша аралығында өткізілген «Жаңа Қазақстан дәуіріндегі аударматанудың өзекті мәселелері: зерттелу тарихы, теориясы, қалыптасуы мен дамуы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – Қожаева Маржан Төреғұлқызының аударма саласына қатысты ғылыми зерттеулері мен филология ғылымының өзекті мәселелері бойынша пайымды тұжырымдарды негізге ала отырып, «Аударматану саласы және терминжасамның қалыптасуы мен дамуы», «Филология ғылымы: кеше, бүгін, ертең», «Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, университет ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Баяндин М.А.– э.ғ.д. Мүшелері: Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент, Алламбергенова П.К. –доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Әбілов М.. – ф.ғ.к., доцент, Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Саржаев О.Т.– аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-7325-00-8

УДК: 415.63:415.641

СУБЪЕКТ ЖАНА ПРЕДИКАТ – СҮЙЛӨМДҮН СЕМАНТИКАЛЫК НЕГИЗИ

ИБРАГИМОВА ТУРСУНАЙ ГАЛБАЕВНА

фил.и.к, доцент, И.Арабаев атындагы Кыргыз мамлекеттик университети, Бишкек шаары

E-mail: tursunai123@mail.ru

Аннотация. В данной статье речь идет о том, что в предложении сказуемое в семантическом плане выступает в роли дифференциального семантического признака, характеризующего проявление субъекта в различных состояниях, занимает центральное место в семантической структуре предложения, имеет ключевую позицию, а субъект выполняет роль “уточнения” лексемного значения сказуемого, выполняя в основном “служебную” функцию. Также был проанализирован предикат, который несет в себе дифференциальный семантический смысл, указывающий на то, что один и тот же субъект может находиться в разных состояниях.

Ключевые слова: семантический субъект, семантический предикат, семантическая структура, семантический аспект, субстантивная лексема, семантический компонент, лексемное наполнение, лексемный смысл (сема).

Annotation. In this article, we are talking about the fact that in a sentence, the predicate in semantic terms acts as a differential semantic feature that characterizes the manifestation of the subject in various states, occupies a central place in the semantic structure of the sentence, has a key position, and the subject performs the role of “clarifying “the lexical meaning of the predicate, performing mainly a” service ” function. We also analyzed the predicate, which carries a differential semantic meaning, indicating that the same subject can be in different states.

Keywords: semantic subject, semantic predicate, semantic structure, semantic aspect, substantive lexeme, semantic component, lexeme content, lexeme meaning (sema).

Сүйлөм катары адатта, ээ жана баяндоочтун өз ара карым-катышына негизделип уюшулган синтаксистик конструкцияны түшүнөбүз. Сүйлөмдүн берилиш жагын эле иликтөө сүйлөмдүн табиятын, маңыз-мазмунун жана кепте кеңири колдонулушун терең түшүнүү үчүн анча жеткиликтүү эмес. Ошондуктан анын структурасын лексемалык толтуруу (наполнение) жана ал лексемадагы смыслды изилдөө зарыл. Анткени ошол лексемалардын семантикалык карым-катышы гана абстрактуу структуралык схеманы номинативдик-коммуникативдик бирдик катары кароого мүмкүнчүлүк түзүп, анын пикир алышууну тескеп, байланыш каражаты болушун шарттайт. Ал эми сүйлөмдүн мазмундук жагы анын формалдык берилиш жагындай ээ менен баяндоочтун биримдиги эле эмес ал, баарыдан мурда, смыслдык жактан бири-бирине төп, шайкеш келген семантикалык топтогу, класстагы лексемалардын номинативдик-коммуникативдик максатта ширелишкен биримдиги жана алардагы смыслдык ар түрдүүлүк, смыслдык жиктелүүлүк. Ошондуктан кандай субстантивдик лексемалар, кандай семантикалык класстагы лексемалар субъектилик позицияда болот да, предикаттык позициядагы кандай лексема менен тизмектешет деген маселе өтө манилүү маселе катары көтөрүлөт. Субстантивдик лексеманы сүйлөмдүн багыныңкы компоненти катары кароодо жана анын этиш менен болгон тизмектешүүсүн аныктоодо өзгөчө бир жагдай түзүлөт:

1. *Кыш келди, Кыш жакындап калды, Кыш түштү, Кыш чыкты.*

2. *Кыш келди, Поезд келди, Асан келди, Эл келди, Кел-кели келди, Акча келди, Жүк келди ж.б.у.с.*

Бул жана ушул өндүү сүйлөмдөр синтаксистик структурасы боюнча бири-биринен эч айырмаланышпайт: булардын структуралык модели **ЗА₁+ЭЖ** формуласы аркылуу берилет. Сүйлөм атооч жөндөмө формасында турган, жеке сандагы субстанттык ээден жана жак формасындагы этиштик баяндоочтон турат.

Мындай синтаксистик структураларда ар бир сөздүн жалпылаштырылган грамматикалык маанилери сөз формалары аркылуу туюнтулат. Ошондуктан ушундай структуралык схемада өз ара алмаштырылып колдонулуучу жана бирдей позицияда туруучу сөздүн грамматикалык формалары

бир субстантык классты, топту түзсө (*кыш, Асан, поезд, эл, акча, жүк* ж.б.) жана ал жалпы категориялык типтүү грамматикалык белгиге ээ болсо, белгилүү бир валенттүүлүктөгү (этиштер ар түрдүү валенттүүлүккө ээ) жана белгилүү бир лексика-грамматикалык тематика-семантикалык топтогу этиштер аркылуу (*келди, жакындап калды, түштү, чыкты*) белгилүү бир субстантык топтогу гана сөздөр тизмектешет, мүнөздөлөт. Мындан сүйлөмдүн семантикалык компоненттеринин мүмкүнчүлүгү, деги эле сүйлөмдүн семантикалык структурасында аныктоочу негизги роль предикаттык лексемага таандык экендиги көрүнөт. Бирок бул жерде абсолюттук мүнөздөгү маселе жөнүндө сөз болбошу керек. Белгилүү бир структураларда, белгилүү бир лексика-грамматикалык тематика-семантикалык топтогу лексемалардан тизмектеше келүүсүндө белгилүү бир жагдайларда субъект менен предикат өз ара бирин-бири шарттаган, аныктаган учурлар да болот. Маселен, *Сен ырдадың, Бала жыгыла жаздады* деген эки тутумдуу жалаң сүйлөмдөрдү алсак, булардын семантикалык структурасынын модели субъектиден жана предикаттан гана турат. Булардагы субъект менен предикат бирин-бири шарттаган абалда болору, ал конструкцияларды уюштурган субстантык жана финиттик лексемаларга байланыштуу, булар экөө бирдей ролго ээ. Анткени *ырдадың* деген предикат **ЗА₁** позициясын адам түшүнүгүн туюнткан субъектини билдирген лексема менен толтурулушун талап кылат, ошол эле учурда субъект **Сен** адам кыймыл-аракетин, ал-абалын билдирген предикаттык этиш лексемасынын болушун шарттайт. Экинчи сүйлөм жөнүндө деле ушуну айтууга болот. Арийне, дээрлик көпчүлүк учурда, субъектинин семантикалык мүмкүнчүлүгү, функциясы же ролу предикаттын семантикалык спецификасына жараша аныкталат.

1. Маселен: 1. Асан иштеп жатат,
2. Асан эс алды,
3. Асан укту

Бул үч сүйлөмдө тең **ЗА₁** позициясын бир гана *Асан* деген лексема ээлеп турат. Буга карабай бул эки тутумдуу жалаң сүйлөм бири-биринен субъектилик маанинин мүнөзү боюнча кескин айырмаланыша алат: биринчи сүйлөмдө *Асан* субстантык сөзү субъектинин кыймылдап жатканын көрсөтөт (иштеп жатканын); экинчи сүйлөмдө субъектинин ал-абалын көрсөтөт (*эс алганы*); үчүнчү сүйлөмдө субъектинин кабылдоосун көрсөтөт (*укту*). Ушунун өзү предикаттык лексеманын спецификасы негизги аныктоочу функцияга ээ экендигин көрсөтүп турат. Дагы бир мисал келтирели:

1. Атам ат менен келди,
2. Атам сени менен келди,
3. Атам жумуш менен келди.

Бул сүйлөмдөрдө да предикаттык позицияда турган этиш – **келди** сөзү кыймыл-аракетти билдирет жана булар формалдык-структуралык жактан да, лексика-грамматикалык жактан да, б.а. берилиш, түзүлүш жагынан бири-биринен эч айырмаланышпайт. **Ат менен, сени менен, жумуш менен** дегендин баары- кыйыр толуктооч, Атам – ээ, келди – баяндооч. Бирок бул сүйлөмдөр – семантика-структуралык жактан бирдей сүйлөмдөрдөн эмес, бири-биринен айырмалуу сүйлөмдөрдөн: биринчи сүйлөмдө семантикалык объект кыймыл-аракеттин аткарылыш каражатын көрсөтсө, экинчи сүйлөмдө объект кыймыл-аракеттин биргелешип аткарылышын көрсөтөт, ал эми үчүнчү сүйлөмдө объект кыймыл-аракеттин максатын көрсөтүп жатат. Мындан семантикалык предикаттык позицияда турган лексема сүйлөмдүн семантикалык структурасын аныктоодо, жиктөөдө негизги мааниге ээ экендиги ачык көрүнүп турат.

Демек, сүйлөмдү семантикалык өңүттө анализдөөнүн максаты – сүйлөмдүн смислы кандай уюшулган, семантикалык компоненттер кандай карым-катышта байланышкан, ушуну аныктоо. “Смысл предложения представляется в семантической структуре предложения с различной степенью детальности(асты автор тарабынан сызылды – Т.И.)” [Мусаев, 1983].

Демек, семантикалык өңүттө предикат субъектини ар кандай абалдагы көрүнүшүн мүнөздөөчү дифференциалдык семантикалык белгинин ролун аткарат. Анткени алар ар кандай синтаксистик дистрибуцияда (окружение) болушат да, ар кыл семантикалык топтогу, класстагы лексемалар менен тизмектешип, ошого жараша смислдық өзгөчөлүктөргө, смислдық айырмачылыктар аркылуу мүнөздөлөт. Ушул планда караганда предикат сүйлөмдүн семантикалык структурасында борбордук орунду ээлейт, негизги позицияда турат. Ал эми субъект негизинен “кызматчы” милдетте болуу менен предикаттын лексемалык маанисин “тактагычтык” роль аткарат, болгондо да предикаттык лексиканын башка маанилери эмес конкреттүү жагдайдагы гана лексемалык смислы (сөздүн баардык мааниси эмес) такталат. Анткени предикат бир эле субъектинин ар кандай ал-абалда болоорун көрсөтүүчү дифференциалдык семантикалык смислды

алып жүрөт: Маселен: *Ал иштеп жатат, Ал уктады, Ал эс алууда, Ал отурат, Ал жазып жатат*. Бул мисалдагы сүйлөмдөр семантикалык жактан да, формалдык-грамматикалык жактан да ар түрдүү каражаттар аркылуу уюшулган. Ар бир сүйлөм семантикалык да, грамматикалык да, дифференциалдык белгилер аркылуу бирөөнөн айырмаланса, дагы бирөөнө окшошот. Субъектиге предикат айлана-чөйрөдөгү предмет, көрүнүш-кубулуштардын ал-абалы, кыймыл-аракети жөнүндөгү маалыматты берүү үчүн зарыл болсо, предикаттын өзүнүн предикативдик семантикасын толук жүзөгө ашыруу үчүн ага субъект керек болот, көпчүлүк учурда сүйлөмдүн семантикасы субъектисиз эле толук өлчөмдө ишке ашат. Буга сүйлөмдөр айкын мисал боло алат, анткени алар баяндоочтун гана базасында уюшулат. Ошондуктан Ф.Буслаев: "Без сказуемого не может быть суждения. Отсюда понятно, почему есть в языке предложения, состоящих только из сказуемого..., но нет ни одного предложения, которое состояло бы только из подлежащего" [Буслаев, 1959, 258-б].

Мындай пикирди А.Потебня, А.Пешковский ж.б. көптөгөн окумуштуулар колдошот. Анткени сүйлөмгө карата мындай мамиле (подход), алды менен, ага семантикалык өңүттөн мамиле кылуу менен шартталган жана предикаттын негизги семантикалык компонент экендигине негизделген. Ошол эле учурда сүйлөмдүн семантикалык структурасынын негизги семантикалык компоненттеринен болгон субъект менен предикат функционалдык жактан гана айырмаланышпастан, грамматикалык-формалдык жактан да, алар ээлей турган позициядагы лексикалык бирдиктердин составы, семантикалык классы, мүнөзү, лексемалык смыслы (сема) боюнча да айырмаланышат. Бирок кандай гана субъект, предикаттын тизмеги болбосун, алардын смыслдык жактан төп, шайкеш, дал келиши сүйлөмдүн семантикалык структурасын уюштурууга мүмкүнчүлүк жаратат да предмет, кубулуштуш денотативдик касиетин чагылдырат: *предмет жана ал – абалы, предмет жана анын касиети, предмет жана анын кыймыл-аракети* ж.б.

Ошондуктан сүйлөм түзүүдө ар бир сөздүн денотативдик касиетине, алардын семантикалык мүмкүнчүлүгүнө, лексемалык смыслынын шайкештигине өзгөчө көңүл буруу зарыл. Ошондо гана реалдуу дүйнөдөгү предмет, көрүнүш-кубулуштун денотативдик касиетин тилдик бирдик аркылуу семантика-смыслдык жактан толук чагылдырууга болот.

АДАБИЯТТАР:

- 1.Будагов, Р.А. В защиту понятия слово / Р.А. Будагов. // Вопросы языкознания. –1983. – №1.
- 2.Гак, В.Г. К проблеме семантической синтагматики / В.Г. Гак // Проблемы структурной лингвистики. – М., – 1972. – 369-370 с.
- 3.Грамматика современного русского литературного языка – М., 1970. – 546 с.
- 4.Есперсен, О. Философия грамматики / О. Есперсен. – М.: Изд-во иностр. лит., 1958. – 95 с.
- 5.Золотова, Г.А. Очерки функционального синтаксиса русского языка / Г.А. Золотова. – М.: Наука, 1973. – 130-131 с.
- 6.Кацнельсон С.Д. К понятию типов валентности / С.Д. Кацнельсон // Вопросы языкознания. – М., 1987. – 88 с. № 3.
- 7.Ломтев, Т. П. Принципы построения формулы предложения / Т. П. Ломтев // НДВШ. Филолог. науки. – 1969. – 58 с. № 5.
- 8.Мусаев, С.Ж. Айтым, анын семантика-информативдик мазмуну жана синтактика-грамматикалык структурасы / С.Ж. Мусаев. – Бишкек, 1999. – 136 б.
- 9.Мусаев, С.Ж. Структурное ядро синтаксических конструкций / С.Ж. Мусаев // Тюркология – 88: Тез. докл и сообщ. V Всесоюз. Тюркол. конф. – Фрунзе, 1988.
- 10.Потебня, А. А. Из записок по русскому грамматике / А.А. Потебня. – М., 1958. – 72 с. Т. I – II.
- 11.Смирницкий, А.И. Лексическое и грамматическое в слове / А.И. Смирницкий // Вопросы грамматического строя.– М.,1955.
- 12.Шведова, Н.Ю. О соотношении грамматической и семантической структуры предложения/ Н.Ю. Шведова // Славянское языкознание. VII Международный съезд славянистов. – М., 1973. – С. 460.

ЖОЖДА ПАНДЕМИЯНЫН УЧУРУНДА АРАЛЫКТАН, ОНЛАЙН БИЛИМ БЕРҮҮНҮ УЮШТУРУУНУН ПЕДАГОГИКАЛЫК ШАРТТАРЫ ЖАНА МОДЕЛДЕРИ

ӨМҮРКАНОВА ЧЫНАРА ТОКОЛОЦОВНА

п.и.к., доцент., И.Арабаев атындагы Кыргыз мамлекеттик университетинин М.Рахимова атындагы Квалификацияны жогорулатуу жана кадрлардын кайра даярдоо институту, педагогика жана гуманитардык билимдер кафедрасы, Бишкек ш.

Аннотация. В научной статье были рассмотрены различные взгляды по педагогическим условиям организации дистанционного обучения в вузах, в условиях и модели пандемии. Педагогические условия при дистанционном обучении (ДО) были представлены проблемами, требующими решения педагогического процесса. Как педагогические условия, в процессе обучения основной упор был сделан на комплекс мероприятий, направленных на решение актуальных проблем при организации ДО, целенаправленно реализуемых в процессе обучения и отвечающих особенностям форм дистанционного получения знаний.

Ключевые слова: дистанционное обучение, педагогические условия организации ДО, комплекс дидактических материалов, коммуникационные способы, онлайн обучение, синхронные и асинхронные задания, технологии обучения, модель обучения.

Annotation. The scientific article considers various views on the pedagogical conditions of organizing distance learning in the universities, in a pandemic. The pedagogical conditions of distance learning (DL) presented problems requiring a solution to the pedagogical process. A pedagogical condition, in the learning process, emphasize a set of measures aimed at solving urgent problems in the organization of distance learning, purposefully implemented in the learning process and meeting the specifics of forms of distance learning.

Key words: distance learning, pedagogical conditions of organizing distance learning, a set of didactic materials, communication methods, online learning, synchronous and asynchronous tasks, learning technologies, learning model.

Аралыктан окутуу, онлайн окутуу – азыркы учурдагы эң активдүү тренддерден болуп жатат. Коронавирус пандемиясына байланыштуу мектептер менен университеттер жабылып, карантин башталганы дүйнөнүн дээрлик бардык өлкөлөрү жапырт аралыктан окутууга өттү. Көп окутуучулардын буга даярдыгы жок болгону менен, өз алдынча чыгармачылык менен жаңы технологиялардын тилин таап, үйрөнгөн окутуучулар да чыгып жатканы кубанычтуу көрүнүш. Ошол эле убакта дистанттык окутуу менен онлайн окутуунун айырмачылыктарын, эрежелерин ар ким ар кандай, өз деңгээлине жараша түшүнүп жатканы да ырас. Ал эми аралыктан окутуу менен онлайн окуунун негизги айырмасы – аралыктан окуу мурдатан эле келаткан форма, аралыкта туруп тапшырмалар жөнөтүлөт, студенттер тапшырмаларды аткарып, кайра аны окутуучуга жиберет. Ал эми онлайн окуу таптакыр башка. Бул учурда мугалим өзүнүн студенттери менен синхрондук (түздөн-түз) дагы жана асинхрондук (тапшырмаларды жиберип, кайра алып текшерүү) дагы байланышта болот, ушул эки форматында эле онлайн окутуунун көп түрү бар.

Технологияны жакшы өздөштүргөн адистердин жардамы менен окутуучулар тренингдерден өтүшүп, эң ыңгайлуу программаларды окуу процессине киргизип, электрондук AVN программасы менен порталдарга видео сабактарды жүктөшөт. Окутуучуларыбыз интернеттен ар кандай маалыматтарды топтоп, видеосабак жасоонун жолдорун үйрөнүп, Youtube канал ачып, лекцияларды жана практикалык сабактарды жүктөп, алгылыктуу иш алып барып жаткандыгы кубанарлык көрүнүш. Ошону менен бирге, лекция жана практикалык сабактарды өтүүдө интерактивдүү досканы колдонуу менен сабак өтүү чеберчилигин дагы мыкты билген окутуучуларыбыз бар. Алардын арасында мыкты окутуучулар, мыкты окумуштуулар көп, бирок жаңы технологияга “тиши өтпөгөндөрү” кездешпей койгон жок. Албетте, алардын үйрөнүшүнө шарт түзүп, жаңы шартка көнүп кетишине көмөктөшүп иш алып барып жатабыз.

Пандемия шартында аралыктан билим берүү (АББ) жеке өзгөчөлүктөргө ээ. Ал аралыктан билим берүүнүн салттуу формасын толуктайт жана маанилүү социалдык-маданий маселелерди чечет. Биринчиден, бул билим берүүнүн кырдаалга жараша маселелеринин бири. Ал жарандардын жогорку билим алуу мүмкүнчүлүгүн гана кеңейтпестен, калктын белгилүү бир катмарынын (улуттук, кесиптик ж.б.) суроо-талаптарын канааттандырууга да салымын кошот. Экинчиден,

маалыматтык коомдун кыймылын жандандырат жана терең колдонууга көнүктүрөт. Маалыматтык коомдо адамдын өнүгүшү үчүн шарттарды түзөт. Аны жаңы, кырдаалга жараша эмес, педагогикалык көрүнүштөр жана фактылар менен каныккандыгын таануу керек. Бирок, АББ бул өзгөчөлүгү билим берүү процессин уюштуруунун педагогикалык теориясы менен билим берүүнүн практикасында топтолгон тажрыйбаларды эске алуунун зарылдыгына карама-каршы келбейт.

Кырдаалга жараша аралыктан окутуунун негизги элементтери:

-Аралыктан семинарлар, конференцияларды ZOOM программасы, GOOGLe Meet, Jitsi Meet өткөрүү;

-AVN программалары аркылуу иш алып баруу;

-Электрондук дарек (почта)

-Виртуалдык класстык бөлмөлөр;

-Кырдаалга жараша ZOOM программасы GOOGLe Meet, Jitsi Meet жүгүртмө аркылуу дисциплиналарды өткөрүү;

- ZOOM программасы жана AVN программасы аркылуу Мамлекеттик экзамендерди тапшыруу;

- Вотсап аркылуу тапшырмаларды жөнөтүү;

- Кырдаалга жараша эл аралык семинар, конференцияларга катышуу;

- Кырдаалга жараша отурумдарды уюштуруу.

Аралыктан билим берүүнүн артыкчылыктары

-Аралыктан окутуунун өзгөчөлүгүн изилдөө, анын төмөндөгүдөй негизги оң мүнөздөмөлөрүн бөлүп көрсөтүүгө мүмкүндүк берди:

-*Ийкемдүүлүк.* Дисциплинаны өздөштүрүү үчүн өзүнө ыңгайлуу учурда, орунда жана темпте машыгуу үчүн убакыттын регламенттелбеген бир бөлүгү.

-*Модулдуулук.* Көз карандысыз окуу курстардын-модулдардын топтомунан, жеке же группалык керектөөлөргө жооп берген окуу планын калыптандыруу мүмкүнчүлүгү.

-*Параллелдүүлүк.* Окутуунун кесиптик ишмердүүлүк менен параллелдиги, б.а. өндүрүштөн ажыратпастан окутуу.

-*Аудиторияны жана окуу маалыматтарын кеңири камтуу.* Студенттердин жалпы окуу маалыматтарынын көптөгөн булактарына (электрондук китепкана, маалыматтардын банкы, билимдердин базасы ж.б.) бир учурда кайрылуусу.

-*Үнөмдүүлүк.* Окуу аянттарын, техникалык каражаттарды, транспорттук каражаттарды натыйжалуу пайдалануу, окуу маалыматын топтоштуруп жана бир түргө келтирип түшүнүү жана ага мульти кирүү боюнча адистерди даярдоого чыгымды төмөндөтөт.

-*Технологиялуулук.* Дүйнөлүк постиндустриалдык мейкиндикке адамдын технологиялык жактан жардам берүүчү маалыматтык жана телекоммуникациялык технологиялардын жаңы жетишкендиктерин билим берүү процессинде колдонуу.

-*Социалдык тең укуктуулук.* Студенттин жашаган жеринен, ден соолугунан, элитардуулугунан жана материалдык камсыздалгандыгынан көз карандысыз тең укукта билим алуу мүмкүнчүлүгү.

-*Интернационалдуулук.* Билим берүүнү тейлөөнүн базарында дүйнөлүк жетишкендиктерди импорттоо жана экспорттоо.

-Окутуучулар жана магистранттар март айынан азыркы күнгө чейин окуу жайларындагы жана Эл аралык окуу жайлардагы семинар, конференцияларга тынымсыз катышып келүүшүүдө;

-Кырдаалга жараша 2019-2020-окуу жылдында мамлекеттик экзамендерди жана жайкы сессиялардын бардыгы аралыктан тапшырышты;

-2020-2021-окуу жылында окуу жайга кабыл алуу толугу менен аралыктан ишке ашырылды;

-Кырдаалга жараша студенттердин өз алдынчы аракеттенүүсү, изденүүсү көбөйдү;

-Студенттердин чектөөсүз билим алуусунун тенденциясы (интернеттен ар тараптуу маалыматтарды алууга мүмкүнчүлүктөр бар) жанданды;

-Интернет аралыктан билим алууда эң керек болгон абдан көлөмдүү болгон ресурс.

Аралыктан билим берүүнүн жетишпеген жактары:

-студент менен окутуучунун бетме-бет баарлашуунун жоктугу;

-дисциплиналар боюнча кыргыз тилинде адабияттардын жетишсиздиги;

-аймактарда, интернет булактарынын начар иштеши;

-студенттердин социалдык абалынын начарлыгы;

-кээ бир учурларда Кыргызстандын географиялык абалдан улам айрым аймактарда такыр интернет тартпаган учурлар;

-лабораториялык-практикалык дисциплиналарды өтүүдөгү жетишпестиктер.

Аралыктан билим берүүнүн шарттары

Университетте адистерди көп баскычтуу даярдоонун шартында төмөндөгүдөй педагогикалык принциптер мааниге ээ болот: а) билим берүү процессин уюштуруунун педагогикалык моделин алгоритмдештирилиши менен варианттуулуктун айкалышы; б) окутуунун инновациялык жана традициялык формаларынын шартка жараша айкалыштырылышы; в) интерактивдүүлүк; г) билим берүүчү каттамдын тандоо эркиндиги; д) билим берүү процессинде педагогикалык коштоону жекелештирүү жана бөлүштүрүү; ж) маалыматтык технологияларды колдонуу менен ачык билим берүү чөйрөсүнүн өзгөчөлүгүн эске алуу.

Окутуунун бул формасында студенттин билимин калыптандыруунун натыйжалуулугу билим берүүнүн уюштуруучулук-педагогикалык шарттарына байланыштуу болот: дисциплина боюнча атайын даярдалган окуу методикалык комплекстердин, электрондук китептердин болушу, окуу дисциплинасынын өзгөчөлүктөрүнө ылайык окуу китебинин түзүүнүн теориясынын жетектөөчү идеяларынын эске алуу менен аралыктан окутуу үчүн электрондук окуу куралдары максатка багыттуу түзүү; студенттердин өз алдынча иштери менен алардын таанып-билүүчүлүк ишмердүүлүгүн айкалыштыруу; жаңы маалыматтык технологиялардын жана массалык телекоммуникациянын каражаттарын системалуу колдонуу; студенттердин маалыматтык технологиялар тармагындагы даярдыктары, интернеттен маалыматты издөө, телекоммуникациялык тармактардын булактарын колдонуу, электрондук почтаны жөнөтүү жана кабыл алуу көндүмүнүн калыптанышы.

ЖОЖдо аралыктан окутуунун шартында педагогикалык билим берүүнүн натыйжалуулугун педагогикалык эксперимент аркылуу текшерүү жана жыйынтыктарын талдоо, эксперименталдык иштин жүрүшүндө алынган натыйжалар студенттердин билим, билгичиктеринин жана көндүмдөрүнүн калыптанышына таасирин тийгизе тургандыгын көрсөттү. ЖОЖдо аралыктан окутуунун шартында билим берүүнүн моделин жана программага ылайык окуу методикалык комплекстерин түзүү натыйжалуу экендигин көрсөттү:

-ЖОЖдо аралыктан окутуунун технологиясын пайдалануу менен окутуу шартында окуу дисциплинасы боюнча окутуунун моделин түзүүнү эске алуу;

-окутуу процессинин натыйжалуулугун камсыз кылуу үчүн дисциплиналар боюнча окуу методикалык комплекстерди түзүү;

-аралыктан окутуу шартында билим берүүдө уюштуруучулук-педагогикалык шарттарды эске алуу;

-аралыктан окутуу шартында билим берүү процессинде окутуунун инновациялык жана зарыл болгон учурда традициялык методдорун колдонууну;

- аралыктан билим берүүнү уюштуруу моделин варианттарын иштеп чыгуу;

- көп баскычтуу университеттик билим берүү шартында аралыктан окутууну методикалык жана дидактикалык жактан камсыздоо;

-Студенттердин кайра даярдоо системасында маалыматтык технологиялардын негизинде билим берүүнүн натыйжалуулугун изилдөө.

Жогорку окуу жайлары күндүзгү окутуу бөлүмдөрүндө студенттерге аралыктан билим берүү формасына пандемияга байланыштуу аргасыздан өттү. Университет тарабынан жүгүртмө боюнча өтүлүүчү дисциплиналар боюнча видеосабактар даярдалып өтүлүүдө. Аралыктан билим берүү кырдаалга жараша ZOOM программасы GOOGLE Meet, Jitsi Meet, ZOOM, AVN программалары аркылуу иш алып барылууда.

Жогорку билим берүү системасын учурдагы жаңы муундагы телекоммуникациялык каражаттар, маалыматтык материалдар – окуу маалыматтык базалык ресурстарын Интернет тармагынын сервис аркылуу камсыздоо зарыл. Аралыктан билим берүүнүн жогорудагы шарттары үзгүлтүксүз билим берүүнүн системасынын компоненти катары эсептелинет.

ЖОЖдо аралыктан окутууда билим берүүнүн сапатын жогорулатууга жардам берген моделин, технологиясынын, педагогикалык шарттарынын, иштелип чыккан окуу-методикалык комплексинин, электрондук колдонмолордун, дидактикалык материалдардын, методикалык сунуштардын базасын жогорку окуу жайлардын окутуучулары жана студенттери Аралыктан билим берүүдө AVN программасы аркылуу кеңири колдонсо болот. Аралыктан билим берүү заманына жараша компьютердик технология өнүгүп, жашообуздун бардык тармагына кирип, күн

санап жаңылануулар болуп жатканда алардын артынан ээрчишибиз абзел. Бул – бул мезгилдин талабы.

Аралыктан билим берүү базалык түшүнүгүн ааламдашуу мезгилинде интерактивдүүлүк жана студент менен окутуучунун системалык өз ара байланышы жана алардын иш-аракети катары түшүнүүгө болот. Дисциплиналарды өтүүдө, семинар, конференцияларга катышууда электрондук кызматтар аркылуу талкууларды жүргүзүү мүмкүнчүлүктөрү көп экендигин эске алуу зарыл.

Аралыктан билим берүүнүн бир катар артыкчылыктары менен катар анын кемчиликтери дагы кездешпей койгон жок. Ошентсе да, билим берүү тармагы бул жаатта көйгөйлөрдү чечүү максатында бир топ алгылыктуу кадамдарды жасап, түрдүү иш-аракеттерди уюштуруп келет.

Аралыктан билим берүүнү уюштуруу салыштырмалуу жаңы форма, ошондуктан ал студенттерге билим берүүнүн актуалдуу багыты катары алдыдагы маселелерди чечүүдө ар бир окуу жайдын приоритеттүү маселеси катары кала берери анык.

Колдонулган адабияттар:

1. Ахьян, А.А. Терминология дистанционной научно-образовательной деятельности с применением Internet технологий – СПб, 2000г.

2. Наркозиев, А.К. Проектирование образовательно-профессиональных программ в ВУЗе на основе компетентностного подхода по кредитной технологии. Монография. – Бишкек: Илим, 2009г.

3. Нуржанова, С.А. Моделирование учебно-методического комплекса по курсу «Информатика и информационные технологии» и методика его реализации – Бишкек, 2004г.

4. Карпенко, М.П. Дистанционные технологии – массовое образование XXI века – М., 2001г.

5. Ким, В.Л. Рекомендации по созданию учебных пособий для студентов дистанционного обучения – Бишкек- 1998г.

6. Мамбетакунов, Э.М. Инновационные технологии в высшей школе Бишкек-2001г.

7. Орускулов, Т.Р. Актуальные проблемы внедрения новых информационных технологий в образовательные школы Кыргызской Республики – Бишкек, 2000. – С. 15-21.

8. Панкова, Г.Д. Организация самостоятельной работы студентов на основе информационных и коммуникационных технологий 2004. – 128 с.

9. Панкова, Г.Д. Технология интерактивного обучения в электронном учебном курсе. – Бишкек, 2003. – 66 с.

UDK 654.19:50./070 (175.1)

ҚОРАҚАЛПОҒИСТОН ТЕЛЕВИДЕНИЕСИДА ПАРЛАМЕНТ ЖУРНАЛИСТИКАСИ

ПЕРХАН АЛЛАМБЕРГЕНОВА

Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар
университети докторанти, филология фанлари номзоди, доцент
Тошкент шаҳар

Аннотация. В данной статье говорится об активизации парламентской журналистики на телевидении Каракалпакстана и некоторых проблемах информационных программ на узбекском и русском языках.

Ключевые слова: телевидение, репортаж, журналистика, парламент.

Annotation. This article talks about the activation of parliamentary journalism on television in Karakalpakstan and some problems of information programs in the Uzbek and Russian languages.

Key words: television, reporting, journalism, parliament.

Мамлакатимизда Янги Ўзбекистонни барпо этишнинг зарур сиёсий-ҳуқуқий, ижтимоий-иқтисодий ва илмий-маърифий асослари “Инсон қадрини учун” тамойили асосида халқимизнинг фаровонлигини янада ошириш, иқтисодиёт тармоқларини трансформация қилиш ва тадбиркорликни жадал ривожлантириш, инсон ҳуқуқлари ва манфаатларини сўзсиз таъминлаш ҳамда фаол фуқаролик жамиятини шакллантиришга қаратилганлиги билан аҳамиятлидир.

Янги Ўзбекистон даврида Қорақалпоғистон Республикаси телеканаллари фаолиятида ҳам касбий фаоллик кузатилади. Ижодий ва техник ходимлар учун ишлаш шароитлари яхшиланиб, замонавий техникалар билан таъминланганини таъкидлаш ўринли.

Албатта, телеканаллар ўз имкониятларидан келиб чиқиб, халқимизнинг ахборотга бўлган эҳтиёжини қондиришга интиломда. Маънавий озуқа берувчи телемахсулотларини тақдим қилмоқда. Хусусан, “Қарақалпоқстан” телеканалининг “Хабар” инфор­мацион дастурида парламент журналистикаси бир мунча фаоллашганини кўриш мумкин. Маҳаллий журналистлар илгари фақат Қорақалпоғистон Республикаси Жўқорғи Кенгеси сессияларидан, Қорақалпоғистон Республикаси Вазирлар Кенгаши мажлисларидан сюжетлар деярли интервьюларсиз тайёрланар эди. Эндиликда Қорақалпоғистон Республикаси Жўқорғи Кенгеси раисининг жойларга ташрифи ва уларда амалга ошири­лаётган бунёдкорлик ва ободонлаштириш ишлари, ижтимоий-иқтисодий ислохотларнинг бориши тўғрисида репортажлар, шунингдек, сессиялардан тайёрланган махсус лавҳалар салмоғи ошган. Бундан ташқари, “Махсус репортаж” дастури ташкил этилиб, муҳим жараёнлар таҳлилий ёндашилиб, ёритиб борилмоқда.

Яқин-яқингача давлат раҳбарининг ҳудудларга ва хорижий давлатларга расмий ташрифлари РООЛ ходимлари, махсус мухбирлари томонидан тайёрланиб, дастлаб марказий телеканалларда, кейин ўша ҳудуд телеканалларида эфирга берилар эди. Эндиликда вазият ўзгарган. Ҳозирда Президентнинг расмий ташрифлари айнан қорақалпоқ тилида ўша куннинг ўзидаёқ “Хабар” ахборот дастурларида намоиш этилмоқда. Масалан, Президент Ш.Мирзиёевнинг 2022 йил 20 февраль, 2023 йил 30 март кунлари Қорақалпоғистон Республикасига ташрифи қорақалпоқ тилида тайёрланган махсус репортажлар намоиш этилган.

Яна бир ўзига хос янгилик айнан Президентнинг расмий ташрифлари ҳам қорақалпоқ тилида тўғридан-тўғри эфирга узатилаётганидир. Хусусан, 2022 йил октябрь ойидаги Францияга расмий ташрифи илк мартаба қорақалпоқ тилида Франциядан тайёрлаб узатилди. 23-27 октябрь кунларида эса “Хабар” ахборот дастурларида кенг ёритилди. Кейинчалик Миср Араб Республикаси, Қирғизистон, Хитой Халқ Республикаси, Германия ва бошқа давлатлардан махсус расмий репортажлар тайёрланди. Бундай ютуқларда РООЛ ходими, “Ўзбекистон 24” телеканалли мухбири Назира Мамбетшарипованинг хизматларини алоҳида таъкидлаш лозим.

Бундан ташқари, “Қарақалпоқстан” телеканалли мухбирлари томонидан шу кунгача Қорақалпоғистон Республикаси Жўқорғи Кенгеси раисининг хорижга расмий ташрифлари ўша давлатдан туриб узатилмаган. Раиснинг 2023 йил 22 июль куни Олий Мажлис Сенати Раиси Т.Нарбаева бошчилигидаги делегация билан Италияга ташрифи илк бор айнан “Қарақалпоқстан” телеканалининг ўз мухбири Ойбек Кенесбаев томонидан тайёрланган махсус репортажларда ёритилди.

Албатта, бу каби чиқишлар телеканалнинг, қолаверса, “Хабар” ахборот дастурининг нуфузини оширади. Негаки, контент учун бирламчи манбаа ва воқеа жойидан олинган тасвирлардан фойдаланилди. Бу эса томошабинларда катта қизиқиш уйғотади.

Очиқлик сиёсатитомон бораётган Янги Ўзбекистон даврида халқ билан мулоқотлар самарали йўлга қўйилгани ҳеч кимга сир эмас. Аҳолининг яшаш шароитларини яхшилаш, уларнинг дардини тинглаш, камбағалликни қисқартириш масалалари, асосан, “Қарақалпоқстан” телеканалининг “Бевосита мулоқот”, “Бир мурожаат изидан” сингари кўрсатувларида кенг ёритиб келинмоқда. Нодавлат телеканаллар эса кўнгилочар дастурларга мўлжаллангани туфайли фақат инфор­мацион дастурларидагина жойлардаги тадбирлар ёритилади, маҳаллий янгиликлар билан таништириш давомида ҳаракатланувчи титр орқали қисқа сатрларда хабарлар бериб борилади. Буни парламент фаолиятини ёритувчи профессионал ва сиёсий хушёр мутахассисларнинг йўқлиги билан изоҳлаш мумкин.

Айни даврда дунёқараш, тафаккур ўзгарган. Бу эса ахборотга бўлган талабга ҳам ўз таъсирини ўтказди. Ҳозирда Қорақалпоғистонда бир неча телеканал фаолият юритади ва уларнинг ҳар бири медиа маконда етакчи бўлишга интилади. Бироқ, энг тўғри, аниқ ва ишончли маълумот давлат телеканалли орқали берилиши тан олинган. Лекин “Қарақалпоқстан” телеканалининг инфор­мацион дастурларида асосий урғу ижтимоий сиёсий, иқтисодий ва маънавий мавзуларга берилаётган бўлса-да, хориж хабарлари ёритилмайди. Бу жиҳат ҳам телеканал нуфузига салбий таъсир қилишини эътибордан қочирмаслик керак. Негаки, бугун дунёда бўлаётган оламшумул воқеалардан аудиторияни хабардор қилмаслик, муҳим воқеаларни таҳлил қилиб, моҳиятини шарҳламаслик аудиторияда айни манбага ишончсизлик туғдиради. Қолаверса, одамлар интернет орқали ҳар қандай давлатда содир бўлган воқеа-ҳодисанинг иқир-чикиригача билиб олади. Шундай экан, ўша воқеа юзасидан одамлар орасида тушунмовчиликлар, нотўғри фикрлар

шакланмаслигининг олдини олиш ва мамлакат нуқтаи-назаридан келиб чиққан ҳолда муносабат билдириш лозим,-деб уйлаймиз.

Шуни алоҳида таъкидлаш керакки, “Хабар” дастуридаги парламент фаолиятига оид, аслида барча материаллар рус ва ўзбек тилидаги дастурларида фақат ўша тилларга таржима қилинган варианты узатилади. Бунга бир неча сабаблар мавжуд: биринчидан, ўзбек ва рус тилларидаги дастурлар учун 10 дақиқа вақт ажратилган. Иккинчидан, айнан рус ва ўзбек тилидаги махсус мухбирлар фаолият юритмайди. Фақат бошловчи-дикторлар томонидан таржима қилиб берилади.

Хулоса сифатида айтмоқчимизки,ўзбек ва рус тилларидаги “Хабар” ахборот дастури учун махсус мухбир фаолият юритадиган вақт етди. Агар бунинг баъзи сабабларга кўра имкони бўлмаса, ўша тилларни мукамал биладиган мутахассислар муайян шартнома асосида ҳамкорликни йўлга қўйиш лозим деб ҳисоблаймиз.

ӘОЖ 81'373. 001.4

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ, АУДАРМА, ТЕРМИНТАНЫМ

ҚҰЛАМАНОВА ЗИБА АБДУЛЛАҚЫЗЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қ.профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖАНКУЛОВ ТАУЕКЕЛ

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қ.профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕКТЛЕУОВА ГУЛНУР ХОЖАБАЕВНА

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены вопросы терминологии, перевода на казахском языке. Сегодня мало научного прогресса, который не мешает переводу терминологии. Анализируется отношение терминологии в науке к системе тесно связанных понятий, отдельные направления исследования современной терминологии, термина и перевода.

Summary. The article discusses issues of terminology and translation in the Kazakh language. Today there is little scientific progress that does not interfere with the translation of terminology. The relationship of terminology in science to a system of closely related concepts, individual areas of research into modern terminology, terminology and translation are analyzed.

Бүгінде терминологияның аударма мәселесіне орай араласпайтын ғылыми прогресс кемде-кем. Қазіргі кезде термин және терминология жүйесінде бірізділік жоқ екенін білеміз. Бұл қолданыстағы терминдердің әртүрлілігі, берер ұғымының дәлдігі сақталмай, күмән тудырып отыратындығында. Осы тұста кейбір термин сөздерді сөзбе-сөз баламасы шұбалаңқы, келеңсіз аудармалардан арылтып, оның есесіне терминологияны жүйелеудің маңызы аса зор міндет.

Қазақ терминологиясының негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынов. Ол қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне арнап жазған ғылыми еңбектерінде алғаш рет терминдер жасап, оны жан-жақты негіздеді. А.Байтұрсынов біз қазір қолданып жүрген «терминнің» орнына «пән сөз» атауын қолданған. Бұл «пән сөз», кейде «пән сөздері» түрінде өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін кеңінен қолданылған. Ал отызыншы жылдардан бастап, халықаралық терминге айналған латынның «термин» атауы қолданылып келеді.

Термин жөнінде сөздіктерде түрліше анықтамалар беріледі. Мәселен, қазақ терминологиясының белгілі зерттеушісі, академик Ө.Айтбаев терминді «негізінен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика» [1,26] – деп айқындайды. Ал «Словарь иностранных слов» еңбегінде: «белгілі бір ғылым саласына, кәсіпке тән шартты түрде қабылданған атау» [2,684], «Толковый словарь Ушакова» еңбегінде «термин, термина, м. (латин. terminus - предел, граница). 1. В формальной логике – понятие, выраженное словом (филос.). Три термина силлогизма. 2. слово, являющееся названием строго определенного понятия. Точный, неточный термин. Удачный, неудачный термин. Новый термин. Философские термины.

Технические термины. Специальные термины (обозначающие специальные понятия отдельных отраслей науки, искусства, техники, производств и т.д.). Специальное слово и выражение, принятое для обозначения чего-н. в той или иной среде, профессии. Термины карточных игр. шахматные термины», яғни «қатаң айқындалған ұғым атауын білдіретін сөз» [3], «Қазақ сөздігінде» «белгілі бір ғылым мен техника саласындағы нақтылы ұғымдарды білдіретін атау сөздер мен сөз тіркестері» [4,1244], сондай-ақ «термин-сөздер – ғылыми ұғымдарға сәйкес келетін арнайы терминологиялық лексикалық мағынасы бар тілдік құрылымдар» [5,11] делінген және т.б.

Зерттеулерде жалпы салалық терминологияларды ғылыми сипаттауға және талдауға арналып жазылған басқа да еңбектер көптеп кездеседі. Мәселен, терминдер жиынтығы жүйе ретінде көрініс беретін болса, кез келген терминологиялық жүйені талдау барысында жүйелі, ал оның ішінде тілтанымдық, филологиялық, кәсіби-коммуникативтік ұстанымдарды да қолданып отырады.

Лингвистикадағы жүйелі аспект қазіргі жалпы ғылыми бағыттарды айқындай түсіп, кез келген тұтас жүйелі нысандардың қасиеттерін анықтап талдауға бағытталған. Мұндағы ерекшелік табиғаттың қоғам, тіл, ағза т.б. жүйесіне сай болып келетін ортақ заңдылықтарын нақты айқындауға жол ашады.

Ғылымдағы терминологияның бір-бірімен өзара тығыз байланысқан ұғымдар жүйесіне сай болуы, атап айтқанда, логикалық жүйелілік болып саналады. Ал «логикалық жүйелілік» деп сол ұғымдардың классификациялық (жіктемелік) формасы. Сол бойынша мазмұн, ұғым межесі тұрғысынан терминологияның құрылымы анықталады.

Тілдік қолданыстағы лингвистикалық жүйелілік мәселелері әрқашан терминдердің құрылымдық, мазмұндық жоспарлары сәйкестігімен тікелей байланысты болғандығы дұрыс. Өйткені, терминологияны жан-жақты зерттеудің өзіндік аспектілері бар. Атап айтсақ, лингвистикалық аспект, философиялық аспект, тарихи аспект, ақпараттық аспект, техникалық аспект т.б.

Қазіргі терминтанымның жеке зерттеу бағыттары



Жоғарыда көрсеткендей қазіргі терминтаным және оның бірнеше жеке зерттеу бағыттары бар екендігін аңғардық. Соның ішінде кейінгі жылдары тіл білімінде когнитивтік тілтанымның өркендеуі, ғылыми дамуына қатысты терминология ғылымында жаңаша бағыт қалыптасқанын білеміз. Ол – когнитивтік терминтаным. Осы зерттеу бағыты аясында тіліміздің салаларындағы термин ұғымы, сондай-ақ терминологиялық жүйелерге байланысты мәселелер өз шешімдерін табуда.

Осы орайда айта кету керек терминология мәселелеріне арналған зерттеу еңбектері мен оқулық, оқу құралдар, монографиялар тоқталар болсақ, Ш.Құрманбайұлының «Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші» атты 1-кітабында «Қазақ терминологиясының зерттелуі» (2008) жайында толық мәліметтер берілген [6].

Сонымен қатар бүгінгі сөз «Жаңа Қазақстан дәуіріндегі аударматанудың өзекті мәселелері: зерттелу тарихы, теориясы, қалыптасуы мен дамуы» атты халықаралық конференцияда М.Қожаеваның «Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы» [5] атты зерттеу жұмысының арқауы мен негізгі ұстанымы тілдік танымның бір бөлшегі ретіндегі тіл білімі метатілінің бір саласы – аударматану терминдерінің аталуы концептологиямен байланысты анықталған.

Мұнда терминдік бірліктердің терминологиялық өрісі, терминологиялық жүйесі когнитивтік лингвистика және лингвоконцептология тұрғысынан талданған. Сондай-ақ қазақ тіл білімі метатілінің белгілі бір қабатын білдіретін аударматану терминдерінің концептілік-ұғымдық жүйе екендігі дәлелденген. Ал «метатіл» терминіне түсінік бере кетсек, (грек «мета» – кейін) – қазіргі заманғы ойлау ілімі – логикалық және теориялық лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Сондай-ақ «екінші қатардағы тіл». Бұл тілде адамның табиғи тілі «тіл – объект» ретінде қабылданады, яғни зерттеу нысаны болады. «Метатіл» термині алғашқыда математика мен логикада пайда болған. Метатілді металингвистика зерттейді. Лингвистикалық метатіл – күрделі құбылыс. Оның негізінде бір жағынан терминаралық қатынастар жатса, екінші жағынан – жалпы ғылыми лексика жатады. Метатіл – ғалымдар арасында қолданылатын тіл. Мысалы, «мағына» терминімен қатар мынадай сөз тіркестері қолданылады: «сөз мағынасы», «ауыспалы мағына» т.б. Тіл біліміндегі ұғымдардың жүйесі методологиялық бағытқа тәуелді болады. Бір терминнің әр түрлі түсінігі болуы мүмкін [7].

Терминнің тілдік категория бойынша зерттелуі жіктелік (статикалық) және жұмсалымдық (динамикалық) аспектілерді басшылыққа алатыны белгілі. Өйткені жіктелік бағыт шектелуі болып келеді де біршама жүйелі қатынастардың сипатын айқындайтын болса, үдерістік, үдемелік, қарама-қарсылық т.б. белгілері ескерілмей, зерттелмей жатады.

Тілдегі жұмсалымдық принцип бағытында анықталған аспектілерді когнитивтік лингвистикалық бағытта зерттеген орынды, себебі ол тілді қабылдау және категорияларға бөлу мәселелері адамның түйсік, қабілетіне, танымына сәйкес когнитивтік қызмет бағытында реттеп отырады және анықтайды.

Ғалымдардың айтқан пікірлеріне сүйенсек, негізінен терминология ғылыми білімнің пайда болуына орай оның нәтижесі және олардың одан әрі даму құралы бола тұрып, ақпарат теориясы және когнитивтік психологиямен тікелей байланысы болатындығы анық. Сонымен тілтанымдық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде де көбінесе когнитивті лингвистиканың қағидалары да көрсетіледі.

Термин және аударма. Бұл мәселе жайында М.Қожаева өз ғылыми еңбегінде «Аударматану саласының терминологиялық жүйесіне жататын терминдердің барлығына бірдей ортақ сема (архисема) – «аудару ісі» болып табылады. Бұл – «аудару» мағынасын білдіретін өзекті сема. Жалпылаушы сема барлық терминдік атауын «аударма» деген жалпы атау төңірегіне топтастырса, даралаушы сема әр терминдік бірліктің «көркем аударма», «сөзбе-сөз аударма», «төлтума аударма», «толыққанды аударма», «еркін аударма», «баламалы аударма» секілді мағыналық ерекшеліктерін көрсетеді», – деген [5,11].

Жалпы термин өзінің берер ұғымы мен мазмұнында қабылданған ақпаратты тіркеуде өзі де таным құралына айналып отырады. Сонда нәтижесінде ғылыми білімдерді қорытындылап, олардың әрі қарай жинақтап, келесі ғалымдар, болашақ зерттеушілердің зерттеу нысанында жан-жақты қарастырылады. Негізінен терминология ғылымындағы терминдердің когнитивтік лингвистика бойынша зерттеу, сол зерттеліп отырған салаға қатысты (заң, маркетинг, спорт, медицина, химия және т.б.) білімінің концептуалдық үлгісі құрылымдастырылуын міндетті түрде қамтамасыз етуі қажет. Мұнда қалыптасқан терминологиялық жүйе нақты күрделі құрылымдарға және формалды белгілері, таңбалайтын ұғымдары, жүйедегі белгілі орнына орай ажыратылатын терминдерге тиесілі болып саналады.

Терминологиялық жүйені талдаудың үш түрлі әдісін ғалым В.М.Лейчик былайша ажыратып көрсетеді. Олар: логикалық; лингвистикалық; терминтанымдық [8,39].

Қазіргі тіл білімінің кейінгі жылдарында терминдерді аудару, салалық терминологиялық сөздіктерді жинақтап, құрастыру мәселелері өзекті екені баршамызға аян. Яғни бұл айтылып отырған мәселе үздіксіз болып жатқан жеке терминологиялық жүйелердің өркендеуі мен қалыптасу үдерісімен тікелей қатысты болып келеді.

Қазіргі таңда мәтіндерде және тілдік қолданыста терминдер синонимиясы түрлерінің барлығы да бір контекстік (мәнмәтін) аясында қолдану байқалады. Сол себепті де аударма терминдеріндегі варианттылық, жарыспалылық құбылысы заңдылық болып саналады.

Мысалы, правопорядок - құқық тәртібі – құқықтық тәртіп; действие - әрекет – қимыл – амал; знак - белгі – таңба; диспропорция үйлеспеу – сәйкес келмеу – сай келмеу – сәйкессіздік; коммерсант – алып-сатар, саудагер – пайдақор; заклад - кепілге салу – кепілге ұстау; катаклизм - жойқыншылық – апат – үркіншілік; квота - үлес – шама – жеткілікті мөлшер; компетенция - құзырет - құзыр; компонент - құрауыш – құрамдас бөлік; личный счет – бетесеп, жеке есеп; патриот – елжанды, ұлтжанды, отансүйгіш; снегурочка – ақшақар, қарханшайым, қаршақыз; тратуар – аяқжол, жиекжол, жаяусоқпақ; коляска – бесікарба, қолкүйме, күймебесік және т.б.

Тіліміздегі калькалау тәсілі арқылы жасалған терминдер сөзжасамдық және семантикалық калькалар болып екіге бөлінеді. Мысалы, денсаулық сақтау - здравоохранение. Қолданыста сөз тіркесті калька, жартылай калька құбылысы да кездеседі. Железная дорога - теміржол, черное золото- қара алтын, теледидар, автокөлік т.б. Сонымен қатар омбудсмен, спринтер, моджахед, монах, канцлер, және т.б. термин сөздерге тоқталсақ, яғни тілдегі тіркесті атаулардың кейбіріне универб атаулармен алмастыру үрдісі қолданылса, ал кейбірі сол қалпында жұмсалады.

Мысалы, Қысқа қашықтыққа жүгіруші – спринтер. Сондай-ақ қолданыста спринтер – автомобиль. Ал спринтер сөзінің шығу тегі - ағылшын тілінен «sprinter» - «спринтер», яғни, «sprint» етістігі - «қысқа қашықтыққа секіру, жүгіру» деген ұғымды береді.

«Канцлер» термині төмендегіше жұмсалады.

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	<i>рейхсканцлер</i>	<i>рейхсканцлер</i>	<u>2019 жылы бекітілген термин</u>
2	<i>Канцлер</i>	<i>Канцлер</i>	<u>2016 жылы бекітілген термин</u>
3	<i>Рейхсканцлер</i>	<i>Рейхсканцлер</i>	<u>Философия және саясаттану</u>
4	<i>Канцлер</i>	<i>Канцлер</i>	<u>Философия және саясаттану</u>
5	<i>темір канцлер</i>	<i>железный канцлер</i>	<u>Тарих</u>
6	<i>Вице-канцлер</i>	<i>Вице-канцлер</i>	<u>Тарих</u>
7	<i>Рейхсканцлер</i>	<i>Рейхсканцлер</i>	<u>Тарих</u>
8	<i>Канцлер</i>	<i>Канцлер</i>	<u>Тарих</u>
9	<i>Қазынашылық канцлері</i>	<i>Канцлер казначейства</i>	<u>Экономика және қаржы</u>
10	<i>Канцлер</i>	<i>Канцлер</i>	<u>Заңтану</u>
11	<i>Лорд-канцлер соты</i>	<i>Суд лорда-канцлера</i>	<u>Заңтану [9].</u>

Қорыта айтқанда, қазіргі ғалымдар үшін терминологиялық жүйелердің реттілігі мен жүйелі сипаттамасы туралы мәселелері маңызды. Терминдердің басты ерекшелігі аудармада берілген терминологиялық бірліктердің қазақ тілі (ұлт тілі) негізінде жасалған терминдер, кірме терминдер, аралас (гибридті) терминдер мүмкіндігінше мазмұндық дәлдігін, сәйкестілігін сақтау міндетті болуы шарт. Мәтіндердегі терминдер жұмсальмы парадигматикалық қатынастарды орнатуға мүмкіндік туғызады. Прагматикалық қатынастар сол терминнің белгілейтін ұғымын, оның терминологиялық жүйеде алатын орнын, сонымен қатар аударма тіліндегі логикалық, танымдық бірлікпен қаншалықты дәрежеде дәлме-дәл термин мағынасы берілгендігін аңғаруға болады.

Біздің пікірімізше, терминдердің көпшілігін аударуға қазақ тілінің мүмкіншілігі жетсе де, мамандардың жоқтығынан бұл процесс кейінге шегеріліп тұр. Тіпті кейбір оқулықтарда аудармашылардың немқұрайлы қарауы салдарынан олқы аударылған терминдер де баршылық екені анық.

Ғылыми әдебиеттер мен әлеуметтік желілерде бір сөз бірнеше баламамен қолданылып жүр. Яғни, бұл аталған ғылым саласының терминдері жүйелеуді қажет ететіндігін айқындайды. Салалық термин жүйесінде будан терминдер де, баламасыз терминдер де, баламасы бола тұра, сол

қалпында қолданылатын терминдер де, тек тұлғалық жағынан өзгеріске ұшырап қолданылатын терминдер де бар. Терминдерді қазақ тілінің мол мүмкіндігін, қорын пайдаланып, аударма мәселелерін жандандыратын мамандар да қажет. Бұл саланың – қазақ тіліндегі терминология, аударма, терминтаным мәселелерін жүйелеу уақыт пен мамандар еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2007, – 618б.
2. Словарь иностранных слов. Под редакцией И.В.Лехина и проф. Ф.Н.Петрова. Издание пятое стереотипное. Государственное издательство иностранных слов и национальных словарей Москва. -1955. -856С.
3. <https://ushakovdictionary.ru/word.php?wordid=76771>
4. Қазақ сөздігі. (Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі). Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. –Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. –1488б.
5. Қожаева М. Автореферат. Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. –Алматы. –35б.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші». 1-кітап. «Қазақ терминологиясыны зерттеуі». –Астана. 2008. -240б.
7. Әлеуметтік лингвистика сөздігі / Абасилов А. – Алматы, 2016.-168 бет. <https://sozdikqor.kz/>
8. Лейчик В.М. Терминоведение: Предмет, методы, структура. Изд. 6 URSS. 2022. –248 с.
9. [tps://termincom.kz](https://termincom.kz).

ӘОЖ 82.458.02

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

ДӘУРЕНБЕКОВА ЛАУРА НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ

А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Резюме. В статье рассматривается переводческое мастерство Ш. Муртазы. Приведены приемы, использованные кыргызским писателем Ш. Айтматовым при переводе произведения «Прощай, Гюльсары». Идеино-художественные позиции и стилистические особенности автора сопоставляются на основе оригинала и переводного текста.

Summary. The article discusses the translation skills of Sh. Murtaza. The techniques used by the Kyrgyz writer Sh. Aitmatov when translating the work "Farewell, Gyulsary". The ideological and artistic positions and stylistic features of the author are compared on the basis of the original and the translated text.

Аударма жасау арқылы тілде сөз құраудың, ойды бейнелеудің жаңа тәсілдері, жаңа ұғымдары мен атаулары туады. Ол – халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы ретінде бүкіл адамзат мәдениетінің қазынасын көрсететін құбылыс, ғылым мен білімнің қайнар бұлағы. Өйткені аударма мәтінінде, сөйлемнің мағыналық құрылымында, әсіресе фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде, этнографиялық атаулардың ішкі мағыналық құрылымында халықтық дүниетаным көріністері, ұлттық дәстүр іздері басқа тілге аудару барысында сақталуы тиіс [1, 118]– дегенаударматанушы М.Қожаеваның пікіріне сүйенер болсақ, жазушы Ш. Мұртазаның көркем аудармалары осы үдеден шығары сөзсіз. Себебі, Ш.Мұртаза аудармаларында аударып отырған ұлттың дүниетанымын дәл сол қалпында сезіне аламыз.

Ш.Мұртаза тек қана жазушы ғана емес, шебер аудармашы ретінде де белгілі қаламгер. Оның қаламынан әлем классиктерінің орыс тіліндегі көптеген туындылары қазақ тілінде сөйлеп, қазақ оқырмандарымен қауышты. Ш.Айтматовқа «көбіне сіздің шығармаларыңызды қазақ жазушыларының ішінен қазақ тіліне Шерхан Мұртаза тәржімалаған екен. Шығармаларыңызды аударуында не себеп бар?» дегенде, Ш. Айтматов: «Біз екеуміз жерлеспіз, екеуміздің ауылымызды Күркіреу өзені ғана бөліп тұр. Табиғатымыздың жақындығынан шығар» – деп, жауап берген екен. Автор мен аудармашы арасындағы шығармашылық ұқсастық, тақырып ұқсастықтары бір болса, аударманың деңгейі соғұрлым жоғары болатыны анық.

Ш.Айтматов алғаш «Қош бол, Гүлсары!» повесінен бастап шығармаларын бірден орыс тілінен жазуды бастаған екен. Негізі белгілі суреткерлер өз шығармаларының аудармасына өте-мөте сын көзбен қараған. Билингвист жазушылар табиғаты, оның ішінде Ш. Айтматовтың орыс тілінде жазуы әлем әдебиетінің көркемдік әлеміне еркін енуіне, жазушылықтың шеберлік сырларына ерте қанығуына септігін тигізді. Ал повесть қырғыз тіліне 1968 жылы «Танабайдың келиши» деген атпен тәржімаланып, «Советник Кыргызстан» газетінде жарияланады. Толық нұсқасын 1978 жылы «Гүлсарат» деген атпен Ашым Жакыпбеков аударып шығарады. Қырғыз зерттеушілері Ш. Айтматов шығармашылығы осы «Гүлсарат» туындысынан соң жаңа бір белеске көтерілді деп бағалайды.

«Қош бол, Гүлсары» повесі қарт Танабай мен кәрі жылқының өткен өмірін суреттеуден басталады. «Гүлсары» деп жылқының атын Танабайдың немере қызы қойған. Гүлсары туғаннан жорға болады. Десек те, даңқын асырған жорғалығынан рахатта көрді, жапа да шегеді

Танабай Батыс майданында да, Шығыс шайқасында да болып, Квантун армиясы талқандалғаннан кейін елге оралады. Елге келгенде алғашында ұста дүкенінде балғашы болып жүрді. Досы колхоз бастығы Шораның үгіттеуімен колхоз жылқысын бағатын жылқышы, кейін қойшы болып малшылық жолға түседі. Қолына партбилет алып, коммунист атанып колхозға колхозшы болып кіргеннен бастап адал еңбек атқарады. Кеңестік билікке берілгені соншалық туған ағасы Құлыбекті бай кулак деп айдатып жібереді. Себебі, бай-кулактар болмаса елдің ертені жақсаратынына сенді. Шығармада жазушы өткен күндерге шегініс жасау арқылы бірқатар эпизодтар беріп отырады. Әрине, артқыға шегініс жасау, шығарманың идеясын түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Зейнетке шыққан Танабай тау ішіндегі базда әйелі екеуі ғана тұрады. Жазда шабындықты қориды, қыста маяларды қарауылдайды. Бір жолы Танабайға агроном жігіт оған колхоздан бір жылқы бөлгенін айтады. Танабай Гүлсарыны бірден таныйды. «Тағдыр бізді тағы да табыстырды ма» деп кәрі жылқыны алып қайтады. Мініле-мініле әбден жауыр болған жылқымен өткен өмірін еске түсіреді. «Дәл осы жолдың үстімен бір кезде Гүлсарының талай құйғытып өткенін есіне алып, Танабай сынық қана езу тартты. Жорға жүйткіп өткен жолда ұзыннан-ұзақ шұбатылып шаң қалар еді. Аққан жұлдыздың ізіндей шаңға қарап-ақ, адамдар Гүлсары шауып бара жатқанын жазбай таныйтын. Желсіз күні Гүлсары зымырап өткен жолдың үстінде реактивті самолеттің түтініндей боп аппақ ақ сызық пайда болады. Анадайда алыстан осыны байқаған шопан көзін қолымен көлегейлеп тұрып: «Ой, соның өзі ғой, Гүлсары ғой!» – деп аузының суы құрып, Гүлсарыны үстіндегі адамнан қызғанар еді. Мұндай жорға тақымына тигенде кез келген қырғыз баласы өзін асқан бақыттымын деп санар еді». Осы үзіндіден-ақ, аттың сипатымен анық танысамыз. Гүлсары талай жорға жарыстарында біріншілікті ешкімге бермей, тіпті көкпар тартыстарында да көзге ерекше түседі. Өзге аттан ерекшеленіп тұратын жорға Гүлсарыны колхозға бастық болып келгеннің барлығы мінеді. Жазушы суреттегендей олардың ішінде ақылдысы да, ақымағы да, ақ жүрек адамы да, суық қол арамды да бар. Жайлауда еркін жүрген жылқыға көзі түскен колхоз басшылары Гүлсарыны жорға мініс көлігі үшін колхоз орталығына қайтарады. Әрине, жасынан Гүлсарыны баптаған Танабай үшін оны бере салу оңайға түспейді. Гүлсары өз жекеменшігі болмағандықтан амалсыздан қайтарады. Тау-таста еркін өскен Гүлсарының өзгелерге үйренуі де қиын болары рас. Біресе колхоз орталығынан шылбырын сүйретіп қайтып келеді, біресе абақтыдан қашқан тұтқын құсап кісендеулі қалпымен қашып шығады. Сонда да артынан келген қуғыншылар Гүлсарыны тастамай алып кетеді. Танабай қанша сұраса да орынбасарлары бастыққа қарсы шығуға болмайтынын, бастықтың қалаған атын мінуі керектігін айтып жалтарады. Гүлсары қартайып, мініске жарамай қалған кезде ғана Танабайға қайтарады.

«Бәрімізде осындаймыз. Оңар қылығымыз жоқ. Бірімізді-біріміз қатты ауырып, хал үстінде жатсақ, яки өліп қалсақ қана еске аламыз. Сонда ғана оның қадірін біліп, қандай асыл азаматтан айырылғанымызды айтып, әттеген-ай десеміз. Адамдарға солай қарағанда, тілсіз хайуанның қадірін кім білмек? Кім мінбеді бұл Гүлсарыға? Кім қызығын көрмеді? Ал, Гүлсары қартайып еді, бәрі ұмытты. Ендігі келе жатысы мынау. Шіркін, қандай ат еді!..» - деп автор Танабайдың ішкі монологымен-ақ, айтар ойын, басты идеясын жеткізеді. Сондай-ақ, кейіпкердің ішкі толғанысын, тебіренісін білдіру үшін қолданылатын психологиялық параллелизм әдісі шығармада көркемдікпен беріледі. Қартаң кісі мен кәрі аттың тағдырын ортақтастыра шебер бейнелейді. Шығармада Танабай образы бірнеше оқиғалар арқылы ашыла түседі.

Шығармада Танабайдың әйелі, бала-шағасы бола тұра күйеуі әскерден қайтпаған Бүбіжанды сүйіп қалуы, оған Гүлсарыны мініп баруы да сағынышты сәттер ретінде суреттелінеді. Колхоздың қойын бағатын адам табылмай, Танабайды жылқыдан босатып, алдына қой салады. Жылқыға

карағанда қойдың машақаты көп. Танабай әбден қиналады. Қыста жем-шөп жеткізе алмайды. Қорасы болса, ашық-шашық. Қойлар мен қозылар аштықтан, суықтан қырыла бастайды. Колхоз басшыларынан еш көмек жоқ. Бірақ, малдың өліміне Танабайды кінәлі деп тауып, оны партиядан шығарады. Ол кезде партиядан шығарып, билет тартып алу коммунист үшін қатты соққы еді. Танабайды досы Шора да құтқара алмайды. Колхоз басшыларының малдың қырылу себебін анықтамай, тек малшыны кінәлауы әділетсіздік еді. Шора қайтыс болғанда, оның еш кінәсі жоқ екеніне көзі жетеді. Жасынан бірге өсіп, колхоз жұмысын бірге бастаған досы Шора шындық үшін күрескенімен биліктегілерді жеңе алмайды. Сонымен, Танабай досынан, қартайып ешнәрсеге жарамай қалған Гүлсарыдан айрылады.

«Қош бол, Гүлсары!» повесінің идеялық өзегі авторитарлық биліктің кеңестік системада орын алған теріс жақтарын сынауға бағытталған. Шығарманың басты қаһарманы – Танабай Бақасов. Танабайдың өткен өмір, болашақ туралы ойлары сабақтасып шығарманың идеясын арттырады. Танабай мен Гүлсарының тағдыры бір-бірімен тығыз бірлікте суреттелінеді. Танабайдың образы Гүлсары арқылы ашыла түседі.

Повесте Гүлсары сұлулықтың, көркемдіктің, тазалықтың символы. Гүлсары сол кездегі мемлекеттік-партиялық саясаттың құрбаны. Партия жетекшілерінің айтқанына көнбесе, оларға қызмет етпесе, жазаланады. Жылқы болса да еркіндікті қалайтын Гүлсары қамалады, кісенделеді. Яғни, жылқының тағдыры арқылы жазушы қоғамның әлеуметтік болмысын терең танытады.

«Қош бол, Гүлсары!» шығармасынан қазақ-қырғыздарға тән дәстүрлерде көрініс тапқан. Мысалы, Шора өлген соң тау түбіндегі қазақтардың «бауырымдап» жоқтап келуі, Танабайдың жоқтауы, Шораның баласы Самансұрмен Танабайдың көрісуі, жұбатуы дәстүрге сай суреттелінеді. Қазақтың салт-дәстүрінде қаза болған адамның туысқандары соның ішінде ер кісілер есіктің алдында сап түзеп тұрса, әйел қауымы үйде жоқтау айтады. Көңіл сұрап, жұбатуға келген кісілер барлығымен көрісіп, жұбатады. Ал қырғыздың салтында қаза болған адамның туысқандары теріс қабырғаға қарап отырады да, жұбатуға келген адамдар олармен көрісіп, жұбату айтқан соң туысқандары бұрылады екен. Осындай дәстүрді Ш. Айтматов «Қош бол, Гүлсары!» повесінде Шораның өлімін суреттеген жерінде бір сөйлем арқылы беріп кетеді. Танабаймен Шораның ұлы Самансұрдың көріскен тұсы. Түпнұсқа мәтінінде: «Во дворе лицом к стене дома стоял сын Чоро, студент Самансур. Он повернулся к Танабаю в слезах, они обнялись, плача» [2, 98]. Ал қазақ тіліндегі аударма мәтінде: «Аулада дуалға бетін беріп, Шораның студент баласы Самансұр тұр екен. Көзінің жасы көл болып, бері бұрылып, Танабай екеуі құшақтасып көрісті» [3, 155]. Мұнда қазақ аудармашысы Ш.Мұртаза «в слезах» сөзіне қазақ тіліндегі фразеологизмді дұрыс қолдана білген. Автор қабылдаушыға прагматикалық әсер ету үшін сөйлемнің мағынасын айқынырақ береді.

Ш. Айтматов ойы тұңғыық, тереңнен алып, түпкірлеп танытатын жалпыадамзаттық, жалпыәлемдік проблемаларды қоя біледі. «Қош бол, Гүлсары!» повесінің бір ерекшелігі онда ауыз әдебиетінің белгісі бар. Автор повесте «Бозінгеннің зары» (Плач верблюдицы) деген аңызды енгізеді. Танабайдың Гүлсарыны іздеп, сағынған жайттарын Бозінгеннің баласын іздеп, зар еңіреп жылаған жерін автор повесте қосып, сюжетін аңызбен параллель алады. Осы ерекшелікті профессор Ж. Дәдебаев төмендегідей етіп көрсетеді: «Ш. Айтматов шығармаларының көркемдік идеялық жүйесінде халық творчествасы үлгілерімен қатар этнография, археология, тарих салаларындағы материалдардың атқаратын рөлі жоғары. Әсіресе, қырғыз суреткері шығармашылығында халық ауыз әдебиеті, оның ішінде аңыздық проза үлгілерінің ерекше орын алатыны мәлім және мұның өзі әлемдік әдебиеттегі даму тенденцияларын, оның басым бағыттарын аңғартады» [4, 18]. Жазушы шығармасында халық ауыз әдебиеті, әсіресе аңыздық проза үлгілері көркемдік-поэтикалық қызмет атқарады десек, артық айтқандық емес.

«Қош бол, Гүлсары!» повесіндегі фольклорлық желіге назар салып көрелік. Түпнұсқада: «Возьми темир-комуз, сыграй «Плач верблюдицы». Джайдар взяла темир-комуз, поднесла его к губам тронула пальцемтоненькую стальную струнку, дохнула на нее, затем вдохнула воздух в себя, исполнилась древняя музыка кочевников. Песня о верблюдице, потерявшей белоговерблюжонку. Много дней бежит она по пустынному краю. Ищет, кличетдетеныша. Горюет, что не водить ей больше за собой его в час вечерний надобрывом, в час утренний по равнинам, не обирать им вместе листья с веток, не ходить по зыбучим пескам, не бродить по весенним полям, не кормить его белым молоком. Где ты, темноглазый верблюжонок? Отзовись! Бежит молоко из вымени, из переполненного вымени, струится по ногам. Где ты? Отзовись! Бежит молоко из вымени, из переполненного вымени. Белое молоко...» [2, 102]. Бұл фольклорлық

сюжеттер «Қош бол, Гүлсары!» повестерінің аударма нұсқаларында қалай көрініс тапқанын қарастырайық.

«Шаңқобызыңды алшы. «Бозінген зарын» тартшы, – деді. Жайдар шаңқобызды алып, ерніне тақап, жіп-жіңішке болат қылды саусағымен шертіп көріп, демін шығарып, қайтадан дем тартып қалған кезде бағзы заманғы көшпелілердің құдіретті күйін төгілтіп ала жөнелді. Ақ ботасынан айырылған аруана туралы жыр. Құла түзде сау желгеліталай күн. Ботасын іздеп боздайды. Енді қайтып екі кештің арасында ботасын ертіп жар басына бара алмас, таңсәріде енді қайтып ботасын ертіп жазираға шыға алмас, енді екеуі бірге бұтадан жапырақ сыдырмас, енді бірге еспе құмды кеше алмас, енді бірге көктемнің көк майсасына жайылмас, енді қайтып ақ сүтін иіп бере алмас. Қайдасың сен, қарақат көз ботақан? Үн қатшы! Желіннен саулап сүт ақты, исініп кеткен желіннен. Қайдасың сен? Үн қатшы! Желіннен саулап сүт ақты, исініп кеткен желіннен. Анасының ақ сүті...» [3, 158]. Ш. Мұртаза мағынасын шебер бере алған. Қазақ аудармашысына аңызды аударуда еш қиындық тудырмаған. Себебі, қазақ тарихында да бұл аңыз бар. Сондай-ақ, автордың кейіпкерлерінің көңіл-күйлерін табиғатпен, кейбір құбылыстармен параллель алған сәтін аудармашы да бұлжытпай жеткізеді.

«Қош бол, Гүлсары!» повесінде тағы бір аңыз кездеседі. Автор шаңқобыздан шыққан күйдің тарихын айта отырып, кейіпкерлердің жан-дүниесін сипаттайды. Сондай жыр-күйдің бірі – «Қарағұл-ботам». Танабай Шораны жерлеп келген соң, жанын қоярға жер таппай, ары да, бері де жүріп қиналады. Уайым-қайғысын немен басарын білмейді. Егіліп жылайды. Сонда үй сыртында отырып, Жайдардың Танабайға арнап шаңқобызда «Қарағұл-ботам» күйін тартып жатқанын есітеді. Зарлы үн. Боздаған шаңқобыз әуені. Осылайша автор жырдың тарихын айта кетеді. Суреткер жырдың біраз өлең жолдарын да повестке енгізеді. Қырғыз халық ауыз әдебиетінде киіктен киік қоймай атып, ақыры ана киіктің киесі ұрып, асқар таудың шыңында шарасы таусылып, қозғала алмай қалған жас мерген Қарағұлдың өз әкесінің атқан оғынан өлім табады. Өз баласын атып алған Қарағұл зар еңіреп баласын жоқтайды. Бұл аңыздың тағы бір нұсқасы бар.

Ертеде бір мерген кісінің жалғыз ұлы болған екен. Қарағұлға еліктің терісінен тон тігіп кигізіп қойған екен. Бір күні жаңа қонысқа келіп қонғанда, мерген киік аулап кетеді. Бірақ, ол күні жолы болмай, құр қол қайтып келе жатып, үйіне жақындай бергенде атқұлақ қурайдың түбінде жатқан елікті көреді де, атып салады. Өлгі елік «апа!» деп жатып қалады. Барса, елік емес, елік терісінен тон киген жалғыз баласы Қарағұл қансырап жатыр. Сөйтсе, ол әкесін іздеп шығып, атқұлақтың түбінде ұйықтап қалған екен. Абайсызда баласын атып алған мерген сонда ұлын жоқтап айтады екен:

Убил я тебя, сын мой Карагул,
Один остался я на свете, сын мой Карагул,
Судьба покарала меня, сын мой Карагул.
Судьба наказала меня, сын мой Карагул.
Зачем обучил я, сын мой Карагул,
Тебя ремеслу охотника, сын мой Карагул,
Зачем истребил ты, сын мой Карагул,
Всю дичь и тварь живую, сын мой Карагул,
Зачем уничтожил ты, сын мой Карагул,
То, что явилось жить и умножаться, сын мой Карагул?
Один остался я на свете, сын мой Карагул.
Никто не откликнется, сын мой Карагул,
Плачем на мой плач, сын мой Карагул.
Убил я тебя, сын мой Карагул.
Своими руками убил, сын мой Карагул...» [2, 108].

Жырдың атауына мән берсек. «Песню старого охотника» – «Қарағұл-ботам» деп аударып, жырдың сарынын сақтаған.

Жыр жолдары қысқарған. Түпнұсқадағы «Никто не откликнется, сын мой Карагул, Плачем на мой плач, сын мой Карагул» қазақша аудармасында кездеспейді. Жыр жолдарының алғашқы шумақтарын аудармашы мағынасын, көркемдігін, ырғақтылығын, әуезділігін сақтап, негізгі мағынасын дәл берген.

Аударматануда «аймақтық аударма» (региональный перевод) деген термин бар. Ағылшын, испан, италян тілдеріндегі көркем шығарманы аударуға қарағанда, туыстас тілдерден аудару аудармашы үшін айтарлықтай қиынға соқтырмайды. Аудармашыға көптеген объект таныс болады. Мысалы, туыстас тілдерді аударуда аудармашы тілдік тұрғыдан, фондық тұрғыдан, тарихи

тұрғыдан, заман тұрғысынан хабардар болады. Аталған ақпараттардан хабардар болған аудармашы шығарманы ешбір қиындықсыз аударды. Ш. Мұртаза аталған аударарда сол халықтардың ерекшеліктерін айқындайтын тілдік бірліктерді, тіліндегі тілдік ерекшеліктерді сол қалпында беруді мақсат етеді. Сондықтан қазақ оқырманы бірден шығарма қырғыз еліне тиесілі екенінен хабардар болып тұрады. Мысалы, «Мұны Гүлсары да жақсы сезетін. Әсіресе таудан түсіп айылға келе жатқанда, егін даласына жұмысқа бара жатқан топ-топ әйел жолығар шақ ерекше еді» [3, 162]. Мұнда аудармашы қырғыз тілінің сөз бірлігі «айыл» сөзін сақтап, сілтемемен түсіндірмелі әдіс арқылы беріп кеткен. Түпнұсқа мәтінінде, «И как ему было не красоваться, сидя верхом на бегущем иноходце! Гүлсары это хорошо знал. Особенно когда Танабай ехал в аил через поля, где встречались на дороге женщины, идущие гурьбой на работу» [2, 108], – деп Ш. Айтматов қырғыз тіліндегі сөздің ерекшелігін трансформациялап берген. Қырғызелінің тілдік қолданысынағана тән «ырлау» сөзі бар. Бұл сөздің мағынасы «ырзат. Ритм жанауықашаркылуутүзүлгөнчыгарма» [5, 750] – деп «Қырғыз тилинин түшүндүрмөсөздүгүнде» анықтама береді. Бұл қырғызша «әнайту». Осындай сөздерде туыстас тілдерді аударуда түпнұсқада қалай жазылса, аударма мәтінін дө солай берген жөн. Мұндай сөздер ұлттық ерекшелікті айқындап тұрады.

Жазушы-аудармашы Ш. Мұртаза повестің тілін көркемдеп, шұрайлы беруге тырысқан. Қарапайым сөздерді фразеологиялық тіркестермен, мақал-мәтелдермен, теңеулермен тәржімалаған. Мәселен: «Он выпадал часто и долго лежал» сөйлемін: «Деміл-деміл жапалақтай жауып, көпке дейін тырп етпей жатып алатын болды» - деп жауған қарды поэтикалық реңк беріп суреттейді. Сондай-ақ, «Все стихло. Но тишина эта была жуткая» сөйлемін, «Құлаққа ұрған танадай тым-тырыс»;

«Что человек не умирает до тех пор, пока живут знавшие его?» – «Әкең өлсе өлсін, әкенді көрген өлмесін»;

«...надежный конь, – Гүлсары» – «ер қанаты – ат»;

«Хорошая жена плохого мужа делает средним, среднего – хорошим, а хорошего прославит на весь мир» – «Жақсы әйел жаман еркекті зор етеді, жаман әйел жақсы әйелді қор етеді». Байқап отырғанымыздай, ойды нақтылап беруде, орыс тіліндегі сөйлемдерді сөзбе-сөз, жолма-жол аудармай, қазақ оқырмандарының қолданысындағы фразеологиялық тіркестермен келтіреді. Яғни, аудармашыда, авторда шығарманы оқитын ұлттың қабылдауына баса назар аударды. Мәселен, Ш. Айтматов орыс оқырманына түсінікті болу үшін сөйлемге көкпар ойынына түсініктеме бере отырып, нақтылай жазады: «В этот раз пополудни разыгрывалось в степном урочище козлодранье – своеобразный конный футбол, в котором вместо мяча служит обезглавленная туша козла. Козел удобен тем, что шерсть на нем длинная, прочная и его можно подхватывать с коня за ногу или за шкуру» [2, 112]. Ал, бұл сөйлемнің аудармасында Ш. Мұртаза: «Түс ауа бере мидай далада көкпар басталды» деп қана береді. Аудармашы көкпар ойыны қазақтың ұлттық ойындарының бірі болғандықтан, орыс тіліндегідей анықтама беруді жөн көрмей, аудармадағы ықшамдау тәсілін қолданады. Бірақ, көкпар тартысын орыс тіліндегідей қысқа бермей, шығармашылық еркіндікпен жазушылық шеберлігімен көсіле суреттейді.

Мысалы: «А майское солнце тем временем тяжело оседало на дальней казахской стороне. Оно было как желток, выпуклое и густое. На него можно было смотреть не шурясь.

До самого вечера носились киргизы и казахи, свисая с седел, подхватывая на скаку тушу козла, вырывая ее друг у друга, сбиваясь в гомонящую кучу и вновь рассыпаясь с криками по полю» [2, 118].

Бұл сөйлем қазақ тіліне:

«Жұрт көкпар салымның қызығымен жүргенде күн еңкейіп, сонау көз ұшында көсіліп жатқан қазақ даласының көк жиегіне мамырлап барып қонайын деді. Күннің көзі жұмыртқаның сарысындай дөп-дөңгелек, қоймалжың көрінді. Ыстығы қайтқан сол күнге қазір көзді көлегейлемей-ақ, тіке қарауға да болады.

«Қырғыздар мен қазақтар аңдыздап, шауып келе жатып, ер үстінен еңкейіп, жерде жатқан көкпарды іліп алып, бірінен-бірі жұлқа тартып, қатарласып, қақтығысып, айқайласып, қайтадан қанат жазып, кең даланың төсінде тарыша шашырап кетеді. Сөйтіп жүргенде кеш те болды» [3, 159].

Орыс тілінде: «Да будут благословенны предки, оставившие нам эти мужские игры бесстрашных!» [2, 118]

Қазақ тілінде: «Бізге осынау көзсіз батырлардың көкпар ойынын мұра етіп қалдырған қасиетті бабаларымыздың жаны жанатта болғай да!» [3, 160] - деп қазақ ұғымына сай етіп, әрі кез

келген жігіттің ойнамайтынын, әрі көкпар ойыны бабадан келе жатқан дәстүрлі ойын екенін нақтылап беруді мақсат етеді.

«Смотри, покровитель овец, вот он, первый, помощи нам!» сөйлемін:

«Иә, Шопан-ата, қолдай гөр, міне мынау төлбасы. Қолдай гөр, Шопан-ата!». Түпнұсқадағыдай қойлардың қорғаушысы деп қана емес, қой түлігі мен шопанның пірі – Шопан-ата тіркесін қолданып, бірінші сөзінің орнына – «төлбасы» сөзін қолданып, ерекше ырғақпен «Шопан-ата» тіркесін екі рет қайталайды.

Жалпы, «Қош бол, Гүлсары» повесінің қазақ тіліндегі аудармасында автордың идеялық-көркемдік ұстанымдары мен стильдік ерекшеліктері барынша дұрыс сақталынған. Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, образдық жүйесін, стильдік даралығын түпнұсқаға сай беруі, аудармашы мен автордың рухани жақындығы, таным-түсініктің ортақтығы, тілдік, ділдік ерекшеліктердің ұқсастығынан деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожаева М.Т. Аударматану терминдерінің когнитивті-семантикалық құрылымы : Оқу құралы. – Тараз: 2011. – 117 б.
2. Айтматов Ч. Прошай, Гульсары. – Москва: Эксмо, 2012. – 608 стр.
3. Айтматов Ш. Қош бол Гүлсары: Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 336 б.
4. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі және тарих шындығы. – Алматы, 2001. – 150 б.
5. Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү. – Фрунзе, 1969. – 775 б.

UDK 654.19:808.3 (575.1)

РАДИОЖУРНАЛИСТИКАДА ТАРЖИМА МАҲОРАТИ

БОЛТАЕВ НАВФАЛБЕК СОДИҚ ЎҒЛИ

Ўзбекистон журналистика ва оммавий коммуникациялар университети мустақил изланувчиси, Тошкент шаҳар

Резюме. В этой статье пойдет речь о проблемах перевода в узбекской информационной радиожурналистике, об особенностях, а также внесены практические предложения с целью сделать процессы перевода более доступными и легкими для радиожурналистов.

Summary. This article will talk about the problems of translation in Uzbek information radio journalism, about the features, as well as practical proposals to make translation processes more accessible and easier for radio journalists.

Таржима журналистикада муҳим аҳамият касб этади. Дунёнинг қайсидир мамлакатада, ёки қайсидир бурчагида нима содир бўлганлиги ҳақида фақат таржима орқалигина аниқ маълумот бериллади. Шу маънода таржимани информация оқимининг энг асосий рычагларида бири, деб баҳолаш мумкин. Сифатли, тўлақонли таржима нималарда кўринади? Аввало у ахборий журналистиканинг ким қилди, нима қилди, қачон, қаерда, қандай воситалар билан, нима учун, қандай қилиб, деган саволларига тўлақонли жавоб бериши лозим.

Олима Н.А.Азатова илмий адабиётларга таянган ҳолда таржиманинг тўртта асосий тури ҳақида тўхталар экан улар информатив, экспрессив, оператив (яъни ишонтирувчи, кўрсатма берувчи) ва аудио-визуал (мульти-медиа) матнларга бўлиниши ҳақида маълумот беради¹. Матн турларининг таснифларини таржима турлари таснифлари билан аралаштириб юбормаслик учун эҳтиёт бўлиш кераклигини, чунки жуда кўп терминологик ўхшашликлар мавжудлигини таъкидлайди. Масалан, “Инжил таржимаси”, “бадий таржима” ёки “шеърят таржимаси” каби ёрликлар ҳақиқатан ҳам матн турларини — таржима қилинаётган матн турини назарда тутлади. Назаримизда шу ўринда аудио-визуал матн атамасини алоҳида иккига ажратиб кўрсатиш, яъни радиоматн ва телематн сифатида қабул қилиш ўринли бўлади.

¹Азатова, Н. А. Tarjimashunoslikda matn va tarjima turlari masalalari. Молодой ученый. — 2021. — № 12 (354). — С. 311-313. — URL: <https://moluch.ru/archive/354/79245/> (дата обращения: 11.10.2023).

Маълумки, ҳар бир соҳанинг ўзига ҳос терминлари бўлади ва улар шу соҳадан бошқа соҳада қўлланилганда оддий сўзга айланиб қолади. Терминларнинг фарқли жиҳатларини соҳа билимдонлари Х.Гедиева ва М.Абзалова қуйидагича белгилаган:²

- 1) термин бир маъноли тенденцияга эга;
- 2) термин аниқ, номинатив функцияга эга бўлиб, унга эмоционаллик, экспресивлик функциялари ҳос эмас. Термин ўзининг бу хусусиятини жумлаларда ҳам, матнлардан ташқарида ҳам сақлайди;
- 3) терминнинг маъноси тушунчага тенгдир;
- 4) термин стилистик жиҳатдан нейтралдир;
- 5) терминологик лексика алоҳида системадир.

Англашилинадикки, таржима соҳасининг ҳам ўз терминлари борки, айнан хабарлар, маълумотлар таржимаси билан шуғулланадиган ҳар бир журналист буни жуда яхши билиши шарт. Таржимашунос олим Ҳамидулло Инамович Ҳақимов таржима жараёнида таржима трансформациялардан фойдаланиш мақсадга мувофиқ бўлади³, деб ёзади ва унинг турларини кўрсатиб ўтади. Олимга кўра таржима жараёнида транслитерация, анъанавий эквивалент, бетарафлаштириш (вазифавий ёки изоҳланган эквивалент), сўзма-сўз таржима, мослаштириш, таркибий таҳлил, ўчирибташлаш, жуфтлик, стандартлаштирилган таржима, изоҳлаш, шарҳ ва таснифлаш ижобий натижа беради.

Таржималар дунё халқлари маданиятида ўхшашликлар ва ўзига ҳосликлар мавжудлигини кўрсатади. Масалан, ўзбекларда бошини пастга қимирлатиши “ҳа”, ён тарафларга қимирлатиши эса “йўқ” маъносини англатади. Айрим халқларда эса бу мутлақо тесқари, яъни, бошни пастга қимирлатиш “йўқ”ни ёки норозилик, ён тарафларга қимирлатиш “ҳа” ёки розилик белгисидир. Шундай ҳолатлар борки, масалан ўзбек тилида салбий ранг олувчи сўзлар, бошқа халқларда ижобий рангга товланади. Масалан: қарғани олайлик. Бу қуш ўзбекларда салбий образ сифатида қабул қилинган. Айрим мамлакатларда эса – донолик рамзи саналади. Ёки “қўйдаи ювош” ибораси бизда бировга зарари тегмайдиган одам тушунилса, айрим халқларда салбий маънода ишлатилади. Худди шу каби, дунё мамлакатларида саломлаштиришлар ҳам турли-туман. Буларнинг ҳаммаси оддий аксиома, исбот талаб қилмайди.

Радиожурналистлар хорижга оид турли-туман хабарларни таржима қилишар экан, ана шу жиҳатларни эътиборда тутишлари шарт. Чунки, кичкинагина элементнинг нотўғри таржимаси бутун бир матнни асл маъносидан йироқлаштиради. Оқибатда мураккаб вазиятларга сабаб бўлиб қолиши мумкин.

Шу маънода айтиш мумкинки, Шарофиддин Тўлаганов, Абдували Сойибназаров, Дониёр Юсупов, Дилфуза Юсупова каби журналистларнинг хориж ҳаётига оид таржималари пишиқ-пухталиги, таржима қоидаларига мос келиши билан эътиборни тортади.

Мисол учун, сиёсий шарҳловчи Ш.Тўлаганов Европарламент томонидан ноҳолис ва тарафқаш резолюция қабул қилинганига Озарбайжоннинг кескин норозилик билдириб берган баёноти борасидаги хабарни асосий манбаага таяниб таржима қилар экан, масалага аввалоҳолис журналистсифатида, қолаверса, мамлакат нуқтаи-назаридан ёндошади. Худди шундай ёндошувни Кот-д’Ивуар президенти Алассан Уаттара бош вазирни истеъфога чиқариб, ҳукуматни тарқатиб юборганлиги ёки Италия ҳукумати Неапол яқинидаги Сампи Флегрей супервулкони яқинида яшовчи одамларни эвакуация қилмоқчилиги ҳақидаги таржималарда ҳам кузатиш мумкин.

Сиёсий шарҳловчи А.Сойибназаровнинг таржима услуби ҳам худди шундай. Унинг таржималарида жой номлари, машҳур шахсларнинг исм-шарифлари аниқ кўрсатилади ва тўғри талаффуз қилинишига эътибор беради.

Радио йўналишида амалга оширилаётган таржималарни тадқиқ қилар эканмиз, уларга ҳос жиҳатларни белгилаб олдик:

1. Таржимага киришишдан олдин асл манбаадаги матнни лексик таҳлил қилиш, объектига, предметига, таржима жараёнида эса сўзларнинг ўзбекча аниқ ифодаланишига, стилистик бўёғи, мазмунига жиддий эътибор қаратилади.

2. Таржима қилиш учун танланган хабар ўша манбаа ва манбаа тааллуқли бўлган мамлакат нуқтаи-назарини акс эттиришини доимо ёдда тутилади;

² file:///C:/Users/LENOVO/Downloads/ingliz-tilidan-zbek-tiliga-kirib-kelgan-s-zlarning-tarzhima-masalalari.pdf

³ Ҳақимов Ҳ.И. Миллий кадриятларни англашуви қўшма сўзларни таржима қилиш усуллари. Хорижий филология журнали, Т.: 2019 йил, № 2. 38-42- бетлар.

3.Жой номлари, атамалар, таниқли шахсларнинг исм-шарифлари имкон қадар тўғри талаффуз қилинади.

4.Таржима жараёнида халқларнинг ўзига хос урф-одатлари эътибордан қочирилмайди. Зарур ҳолатларда шу маънодаги сўз аслиятда шарҳланмаган бўлса ҳам, бошқа манбаадан олиб, қисқача шарҳ бериледи. Бу ҳаракат масаланинг асл моҳиятини тушунишга ёрдам беради.

5.Таржима жараёнида сўзлар акс эттирадиган маъно ва рангга жиддий қаралади. Маълумки, ҳар бир миллатда кўп маъноларни англатувчи сўзлар анчагина.

6.Таржимани тўғри акслантириш, аниқ ва лўнда манзара ҳосил қилиш, таржиманинг энг қизиқ нуқтасини топишга ҳаракат қилинади.

Тадқиқотларимиздан радиожурналистлар учун таржима жараёнларини янада қулайроқ, осонроқ қилиш мақсадида хориж сўзларини тўғри таржима ва талаффуз қилишга кўмаклашувчи қўлланма яратиш, чет эллик ҳамкасблар билан тажриба алмашишни йўлга қўйишга қўйишга келдик.

Фойдаланилган адабиётлар:

1.Азатова, Н. А. Tarjimashunoslikda matn va tarjima turlari masalalari. Молодой ученый. — 2021. — № 12 (354). — С. 311-313. — URL: <https://moluch.ru/archive/354/79245/>

2.Ҳакимов Ҳ.И. Миллий кадриятларни англатувчи қўшма сўзларни таржима қилиш усуллари. Хорижий филология журналы, Т.: 2019 йил, № 2. 38-42- бетлар.

3.<file:///C:/Users/LENOVO/Downloads/ingliz-tilidan-zbek-tiliga-kirib-kelgan-s-zlarning-tarzhima-masalalari.pdf>

ӨОЖ 82.566.12

KAZAN TATARLARININ ORTA ASYADAKI EĞİTİM ÜZERİNDEKİ ETKİLERİ

DR. ÖĞR. ÜYESİ NAZ PENAH

Bartın Üniversitesi, Türkiye.

OLZHAS SARZHAYEV

Şerhan Murtaza adındaki Uluslararası Taraz İnovasyon Enstitüsü, Kazakistan Cumhuriyeti, Taraz şehri.

Özet. Bu makalede, Kazan Tatarlarının Orta Asya'daki halkların aydınlanmasının gelişimine katkısı incelenmektedir. Orta Asyadaki Türk halklarının(*kazak, özbek ve kirgiz*)kültürel hayatında Kazan Tatarlarının etkisi ve eğitim alanındaki katkıları ifade edilmiştir. XX yüzyılın başlarında Kazan Tatarları sayesinde Orta Asya'da çoğunlukla açılmaya başlayan Cedit medreseleri ve yeni modern okullarda çalışan tatar kadroları ve yerel halkın eğitimi için hazırlanan ve okullarda kullanılan eğitim kitapları, öğretilenleri açıklanmaktadır.

Tatar öğretmenlerinin Orta Asya halklarının aydınlanmasının gelişimine ve katkısı Ceditçi düşüncelerin yerel halkın kültürel hayatındaki yansımalarını ortaya koymaktadır.

Anahtar Kelimeler: Kazan Tatarları, Orta Asya, Ceditçilik, Tatar okulları, Kazak.

Түйіндеме. Мақалада Қазан татарларының Орта Азия халықтарының ағарту мәселелеріне қосқан үлесі қарастырылады. Татар мұғалімдерінің Орта Азиядағы ағартушылық қызметі және «жәдит» ағымының жергілікті халыққа мәдени әсер ету сипаты зерделенеді.

Kazan Tatarlarının, Orta Asya halklarıyla ilişkilerini ve temaslarını iki aşamaya ayırabiliriz. İlk aşama, Kazan Hanlığı'nın Rus işgali altında kalması nedeniyle hristiyanlaşma siyasetinden dolayı dinî ve millî özgürlüğünü korumak için Tatarların Orta Asya'ya hem göç ederek hem de dini eğitim için öğrenci gönderme dönemi ise, ikinci aşama tatarların ceditçilik düşüncesi sayesinde tatar medreselerini ve okullarını oluşturarak yerel halkın eğitimi için öğretmen olarak gelme dönemi(Hafizov, 2003: 32).

18. yüzyılın sonlarında Tatarlar, ekonomik faaliyetlerini devam ettirmek gayesiyle Kazak bozkırlarına ve Orta Asya Hanlıklarına hem göç ederek hem de onlarla ticaret ederek ilk yoğun bir şekilde temas kurmaya başladılar(Özdemir, 2009:158).Ticaret için Orta Asya'ya gelen Tatar tüccarları, Tatar öğrencilerinin o dönemde Türkistan'daki İslam'ın en meşhur eğitim merkezi olan Buhara'ya dini

eğitim görmeye gelmelerine yol açtı (Validov, 1998: 21). Onlar Kazak bozkırlarından ve Orta Asya'nın ünlü merkezlerinden olan Buhara, Semerkant, Taşkent, Yarkent, Kaşgar vb. Şehirlere seyahat ettiler, çeşitli coğrafi gezilere rehberler ve çevirmenler olarak katıldılar. Hükümetin teşvikleriyle 18. yüzyılın ikinci yarısından itibaren Kazan Tatarları ile Mişerlerin 2 bir kısmı Orenburg bölgesine göçtüler. tüccarların yerli halkın evlerinde açtıkları okullarda verdikleri eğitimle onlar üzerinde Özellikle Kazaklarla ticaret yapan Tatarlar buraya memurluk yapmak için yerleşiyorlardı. Hükümet, bu göçeri teşvik ediyor, hatta Tatar tüccarlarını Kazak bölgelerine yerleşmeye zorluyordu. Mesela, Orenburg şehri kurulduktan sonra hükümet, 200 zengin Tatar ailesinin yeni şehrin yakınındaki Kargalı ve Seyid kasabalarına yerleştirilmelerini emretti. Bu dönemde birçok Kazanlı Tatar tüccar Orta Asya'da ticari faaliyetlere başladılar (Devlet 1999: 9). Ticaret maksadıyla Kazak bozkırlarına dağılan Tatar tüccarları, gittikleri bölgelere yerleşerek yerli halkın eğitim ve dinî faaliyetlerine destek veriyorlardı. Radloff, bu dönemde Kazak bozkırlarında, Tatarların bir dinî etkide bulduklarını söylemektedir (Algar 1992: 122-124).

Tatarların, Türkistan'ın Türk halkları arasında okuryazarlığın yayılmasında büyük rol oynadığı yaygın bir bilgidir. Kuşkusuz, teolojik eğitimin merkezi olarak ünlü olan Buhara medreselerinin mezunları olan Tatarların eğitiminde büyük rol oynadığı da kesin. A. Kursavi, S. Marcani ve A. Bubi gibi mezunları kendi ülkelerine döndükten sonra, Volgo-Ural bölgesinde Buhara ve Hiva eğitim kurumlarının geleneklerini takip ederek, İslam teolojisini öğretmeye dayanan Medrese-i Res üliye, Medrese-i Hüseyniye ve Medrese-i Âliyegibi ünlü medreseleri oluşturmuşlar. Tatar halkının aydınlanmasının ve kültürünün gelişmesinde İslam dininin ve İslam'ın mezhepsel okullarının rolüne ilişkin olarak, Y. Koblov makalesinde, «Kazan Tatarları, magometanın bakış açısıyla, iyi ve kutsal bir mesele olarak, bilim çalışmalarına katılmak için okula olağanüstü bir sevgi ve bağlılık gösterdiklerini» belirtmektedir (Koblov, 1916: 19).

Bu arada Tatar halkının devrimden önceki dönemde, aydınlanma alanında başta olmak üzere diğer halkların manevi kültürü alanındaki başarılarının yıllardır göz ardı edildiği söylenmesi gerek. XX yüzyılın sonuna kadar, yani 1990. yıllara kadar ana ideoloji Sovyet iktidarının ve SSCB Komünist Partisi'nin rolüne dayanıyordu. SSCB halklarının pedagojik düşüncesinin antolojisini inceleme sürecinde, Tatar halkının Türkistan halklarının aydınlanmasında rolünü doğrulayan hiçbir gerçek ortaya çıkmamıştır (Murtazina, 2014: 212). Buna rağmen, bazı araştırmacıların çalışmalarında, özellikle Sovyet iktidarının ilk yıllarında, örneğin V. Barthold eserlerinde, tatarların Türk halklarını eğitime işine katılımı ile ilgili bazı noktalar gözüküyor (Bartold, 1927). Günümüzde bu sorunun yönlerini ele alan çalışmalar ortaya çıkmaya başladı.

Kazan Tatarları, dillerinin Orta Asya'daki diğer Türk halklarının dilleriyle benzerlikleri sayesinde onların dillerini çok kolay ve hızlı bir şekilde öğrendiler. Dinin de ortak olmasının önemli bir rolü vardı. Rusça bilmeleri ise, Tatarların diplomatlar, Rus hükümetinden çevirmenler ve ticaret işlerinde aracılar olarak çalışmasına izin verdi. Tatarlar Semey, Ural, Petropavl, Tokmok, Taşkent ve Orta Asya'daki diğer şehirlerin nüfusunun oldukça önemli bir bölümünü oluşturuyordu. 19. yüzyılın sonuna gelindiğinde Kazakistan'ın bütün bölgelerinde Tatar nüfusa rastlamak mümkündü. Tatar nüfusun en yoğun olduğu bölge ise Semey şehriydi. 1897 yılında bu bölgedeki Tatar nüfusu 700 bine ulaşmıştı. Tatarların öğretmenlik ettiği ve Tatar okullarının çalıştığı yerlerde Tatarlar Müslüman geleneklerini daha da yaygınlaştırdılar. İşte bu yüzden Türkistan Valisi General K.P. fon Kaufman, Tatarlardan gelen din adamlarına karşı «bozkır misyonerleri» diye olumsuz davrandı (Bartold, 1927: 136).

Tatarların etkisi altında ortaya çıkan Cedit çili hareketinin Türkestan'da yayılmasının başlamasıyla birlikte, bölgedeki eskiden çalışan Rus okulları ile yeniden açılan Tatar okulları arasında rekabet yaşanmaya başladı. Çünkü Müslümanları Avrupa kültürü ile tanıştırmaya açısından, bu iki okuldaki eğitim yöntemleri benziyordu. Örneğin, 1873 yılı Taşkent'te açılan Tatar okulu, 1895'ten itibaren yeni bir yöntemle öğretime geçen ve Avrupalı bir görünüm kazanmış olan Tatar okuludur (Bartold, 1927: 130). Tatarların azınlıkta yaşadığı bazı yerlerde, Rus okullarının etkileri daha fazlaydı, ancak yine de Rus okullarının yerine yerel halk çocuklarının Tatar öğretmenleriyle ev eğitimini tercih ediyordu. Mesela, 1913 yılına kadar Petropavlovsk kentine yakın olan ilçelerde sadece bir Rus-Kırgız okulu açılmış ve onun da öğrenci sayısı yetersizdi. Hatta komşu köylerden gelen ebeveynlerin çocuklarını Tatar okulları için Petropavlovsk'a götürdüğü zamanlar da olmuştur (Prihodov, 1913: 96). Orta Asya'daki müslüman halkı kapıları rahipler için açık olduğu ve molla'ya kapatıldığı Rus yüksek okullarına da güvenmiyordu. Sonradan, Rus Hükümeti Orta Asya'daki yerli Rus okullarında Şeriat öğretimini ima eden Müslüman eğitim sisteminin geleneklerini kabul etmeye zorunlu durumda kalarak «yerlilere inançlarının yasalarını kendi mollalarıyla öğretmesi» gerekliliğini kabul ettiler (Bartold, 1927: 130). Ancak bu durum her zaman dikkate alınmamıştır, çünkü gerekli kadrolar eksikti. Bu bakımdan sadece Tatar medreseleri

Müslümanların ihtiyaçlarını tam olarak karşılamıştır. Tatar okulları öncelikle şehirlerde organize edildi ve halk arasında büyük başarı elde ettiler. Rus okullarına kıyasla sayıları da daha fazlaydı. Örneğin, 1910'da Taşkent'te 8 Rus okulu vardı, ama Tatar okullarının sayısı iki kat daha fazlaydı (Bartold, 1927: 137). 1910 yılına gelindiğinde, Tatar okullarının Kokand'daki sayısı – 16, Taşkent'te –20, Tatar okulları başka yerlerde de vardı. Toplam Orta Asya'daki okul sayısı 1910 yılına kadar 89'a yükseldi (Biktimirova, 2006: 96).

Türkistan'daki kadınların eğitiminin gelişimi de Tatar öğretmenlerinin faaliyetleri ile bağlantılıdır. Tatarlar sadece medresede öğretmen olarak kalmadı, aynı zamanda okulların maddi geçinimini de karşılıyorlardı. Örneğin, Ufa medreselerinden mezun olan Tatar kızları M. Yakupova ve M. Sagdiyeva öğretmenlik yapan Verniy şehrindeki kız okulunun maddi ihtiyaçları için Tatar tüccarı H. Gabdulvaliyev ve oğulları tarafından maddi destek sağlanmış (Biktimirova, 2006: 97). 1912-1914 yılları arasında Pişpek'teki kız okullarında 70 kız okudu (bunlardan 50'si Tatar ve 20'si Kırgız kızları idi). Onlara Kazan ve Ufa'da eğitim gören Tatarlar tarafından ders verildi. Eğitim esas olarak erkek okulundakiyle aynı programda gerçekleştirildi, farklı ek derslerden biridikme işi idi. Tatarlar, 1903'ten beri yerel kadınlar için düzenlenen Rus-yerli okulların faaliyetlerine de katıldılar. Öğretmenlik yapan Tatar kızlarının Orta Asya'daki faaliyetleri sadece kadın eğitiminin önünü açtıkları için değil, aynı zamanda yerel halk içerisinde pedagojik kadro eğitimi organizasyonuna ve ulusal okulların organizasyonuna katkıda buldukları için de önemlidir. Tatarların etkisi altında 1913'te M. Holiky, Kokand şehrinde yeni bir kadın okulu açtı (Nasretdinova, 2011: 16).

Tatarlar, Özbekler, Dunganlar, Kaşgarlar ve Kırgızlar olmak üzere farklı milletlerden çocukların eğitildiği yeni okullarda, Tatar yazarı H. Maksudov'un «Mögelim auvel» (*İlk Öğretmen*), «Mögelimsani yaki elifba garabi» (*İkinci öğretmen veya Arapça alfabe*) ders kitapları ve R. Fahretdinov'un «Terbiyale bala» (*Terbiyeli çocuk*), H. Zabirova'nın «Rahbere Sybiyan» (*Çocuklar için Rehber Kitap*) gibi edebi eserleri öğretildi. Dini dersler H. Maksudov'un «Gıybadete İslamiye» (*İslam'ın Pratiğine Giriş*) kitabına göre gerçekleştirilmiştir (Prihodov, 1913: 46-51). Orta Asya'da Tatarca eğitim ve dokümantasyon diliydi. 1902'de Tatar Camisi'nin yanından açılan Pişpek'teki okulda, tüm dersler Tatar dilinde eğitim verildi (Aitmambetov, 1961: 40-41). Ayrıca, Ekbal Medresesinden mezun olduktan sonra Tatar dilinde diplomalar verildiği de bilinmektedir (Galimova, 2015: 21). Burada öğretmenler ve öğrenciler Kazan ve Ufa Medreselerine kabul alınmak için hazırlanıyorlardı (Galimova, 2015: 22).

Bir başka mesele de Orta Asya'daki okulların yerel halkın dillerindeki ders kitaplarını temin etmesiydi. Ve bu bakımdan Tatar öğretmenlerinin ve Kazan matbaacılarının rolü tartışılmadı. 20. yüzyılın başlarında Kazan'da, Türkistan halkları arasında edebi dilin, okuryazarlığın oluşumuna hizmet eden onlarca edebi ve aydınlatıcı çalışma yayınlandı (Galimova, 2015: 17). Semey'deki Ahmet Rıza Tatar medresesinde Tatar Molla'dan eğitim gören Kazak şairi Abay'ın ilk şiirleri, daha sonra Orenburg'taki Tatar yayınlarında yayınlandı. Kazak aydınlarından olan I. Altınсарın'ın çocuklar için hazırladığı kitaplar da Kazan'da basıldı.

Kazan Tatarlarının Orta Asya'ya gelmeleriyle birlikte başlayan etkisini öncelikle dini alanda göstermiş, daha sonraki dönemlerde İdil-Ural bölgesindeki medreselerde yerel öğrencilerin eğitim almaya başlamaları ile birlikte bu etki kendisini kültürel hayatın bütün alanlarında hissettirmiştir. Özellikle İdil-Ural bölgesinde gelişen Ceditçilik düşüncesi, Orta Asya'daki gençlerin vasıtasıyla etkili olmaya başlamıştır. Böylece, XIX yüzyılın ikinci yarısında, XX yüzyılın başında, Tatar aydınlatıcıları Orta Asya halklarının aydınlanmasında önemli bir rol oynamıştır. Yeni okullarla yeni usuldeki eğitimin temellerini atmayı, bu dillerde pedagojik kadroların ve öğretim metodolojik yayınların hazırlanmasını amaçlayan faaliyetleri, Türkistan halklarının ulusal eğitim sisteminin kurulmasına katkıda bulunmuştur.

Kaynakça

Algar, Hamid (1992). "The Last Great Naqshbandi Shaykh on the Volga-Urals Region". Muslim in the Central Asia Experiences on Identity and Change. Der. Johann Gross. London.

Aitmambetov, D (1961). Dorevoliutsionnyeshkolu v Kirgizii. Frunze: Kirgiz SSR Bilim Kurulumu Yay. 128 s.

Bartold, V (1927). *Istoriia kulturnoi jizni Turkestana* (Turkestan'ın kültürel hayatı tarihi). Leningrad: SSCB Bilim Kurulumu [2], II, 256

Biktimirova, T (2006). İl yazmışın salıp ingnarna. Kazan: Alma-Lit Yay. 239

Devlet, Nadir (1999). *Rusya Türklerinin Millî Mücadele Tarihi (1905-1917)*. Ankara: TTK Yay.

Galimova, A (2015). Literaturniye sviyazi Kirgizskoi tatarskoi poezii kontsa XIX – pervoi poloviny XX v. Bişkek: KPSU Yay. 142 s.

- Hafizov, G. (2003). *Kulturtregerskaya deyatelnost tatarskoi intelligentsii v XIX – pervoi chetverti XX*. Kazan: Yayınlanmamış Doktora Tezi.
- Koblov, Yakov. (1916). *Kazan Tatarlarının Mezhepsel Okulları*. Kazan: Sentr Yay.
- Murtazina, L. (2017). *Tatarların Türkistan Halklarının ve Kazak Bozkırlarının Aydınlanmasının Gelişimindeki Rolü (XX.y sonu – XX.y başı)*. Vestnik TGPU (TSPU Bulletin) 8. sayı: 126-130
- _____ (2014). *The Theoretic and Methodological Foundation of Studying Tatar Pedagogical Thought (On the Experiment of compiling an Antology of Tatar Pedagogical Thought)* // Tatarica Dergisi. № 1 (2). 209–222.
- Nasretdinova, D. (2011). Turkestonin madani hayotida tatar-boşkırd ayollarining tutgan urni (19. Asr ohiri – 20. Asringbirin ç çoragi). Taşkent: Yayınlanmamış Doktora Tezi.
- Özdemir, Emin (2009). *Kazak Kültürel Hayatında Tatarların Etkisi ve Kazak Ceditçiliğinin Gelişimi*. Bilig Dergisi (48. sayı):157-176
- Prihodov, M. (1913). *Kirgizi-musulmane // Inorodcheskoe obozrenie. Prilojenie k jurnalı "Pravoslavnyi sobesednik"*. Kazan: Sentr Yay. 83–112
- Türkoğlu, İsmail (2000). *Rızaeddin Fahreddin*. İstanbul: Ötüken Yay.
- Validov, Cemalettin (1998). *Ocherk istorii obrazovannosti literaturı tatar (Tatarların eğitim tarihi ve edebiyatı üzerine bir deneme)*. Kazan: İtan Yay.
- Zenkovsky, A. Serge (1978). *Rusya'da Pantürkizim ve Müslümanlık*. Çev. İ. Kantemir. İstanbul: İpekMatb.

ӘОЖ 81'1:81'32

АУДАРМАТАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

АДИЕВА ЖАНАР ШЫНДАУЛЕТОВНА

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Функция перевода состоит в том, чтобы проследить закономерности взаимоотношений между оригиналом и переводом произведения, сделать вывод, рожденный исследованием отдельных элементов перевода, обобщить принципы на научной основе и установить рубеж, который поможет практике перевода, посеять практикующему переводчику. Таким образом, основным изучаемым объектом теории перевода является соотношение между оригиналом и переводом и различие его форм, переходящих в конкретные условия, в которых необходимо рассуждать и обобщать.

Summary. The function of translation is to find a trace in the laws of the relationship between the original and the translation of the work, to draw conclusions from the observation of individual elements of translation, to summarize the principles on a scientific basis and to set a goal that will help the practice of translation, to sow the practical translator. Thus, the main object of study of the theory of translation is the relationship between the original and the translation, and the difference in forms that have moved to specific premises that make it necessary to reason and summarize.

Аударма ұғымы өте күрделі ұғымдардың бірі екендігі сөзсіз. Аударматану ғылымының көрнекті өкілі Ә.Сатыбалдиев айтқандай, аударма дегеніміз еріккеннің ісі емес екендігін басты назарда ұстауымыз қажет.[2,164] Аударма ғылым әрі өнер. Аударма қиын да қызықты. Аударматанушы ғалым И Левыйдың «Аудармашы еңбегінің мақсаты түп бейнесі болмайтын тың туынды жасап шығу емес, түпнұсқаны түсіну, сақтау, жеткізу, ал аударманың мақсаты қайта туындату», – деп айтқан пікіріне келіспеске болмайды. Аударма әрқашанда халықтар, ұлттар арасындағы әлеуметтік, экономикалық, рухани, ғылыми қарым-қатынастың алмасу, айырбастаудың құралы, ел танудың құралы, достықтың, ынтымақтастықтың, тәжірибе-тағылым алмасудың дәнекері екендігі бұрыннан белгілі. Түпнұсқаның стильдік, тілдік ерекшеліктерін түгел ескере отырып, оның көркемдік идеялық қасиеттерін толық жеткізу, әрі қазақша түсінікті етіп

шығару. Осы екеуі ұштасқанда ғана аударма сәтті болады. Адамзат тарихында әрбір ұлт, әрбір қоғам алмасу, ауысу, араласу нәтижесінде өмір ағымы алға жылжиды, өседі, өркендейді. Яғни, өзінде жоқты өзгеден алады, білмейтінін үйренеді, білгенін басқаға үйретеді. Осындай ауысудың тиянақты тірегі – аударма. Осыған орай, А.Пушкин “аудармашылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдап жеткізетін почта аттары” деген пікірінің маңыздылығын байқауымызға болады. Ал М.Т. Цицерон “аудару кезінде сөзді санамау керек, керісінше сөзді салмақтау керек” деген екен. Белгілі ғалым Ш.Сәтбаеваның әдеби байланыс туралы: “Қай халықтың болмасын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, сөз өнерінде көрінген халықтың рухани қалпын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтардың даму тарихымен ұштастыруға, сөйтіп, олардың өзара бөлісуіне, бірін-бірі құрметтеп, достасуына денекер болады”, – деген пікір бүгін таңда да маңызын жойған жоқ.

Тәуелсіздік алғаннан бері әлем тілдерінің шығармалары қазақ тіліне тікелей аударыла бастады. Қазақстан ақын-жазушыларының шығармалары керісінше басқа тілдерге үзбей аударылып келеді. Қазіргі таңда федерация елуден астам елдің аудармашылары, шамамен 80 мыңнан астам кәсіби аудармашылар мен 100-ден аса аудармашылар қауымдастығын біріктіреді. 1991 жылы Халықаралық Аудармашылар Федерациясы 30 қыркүйек күнін Халықаралық аудармашылар күні деп бекітті. Халықаралық аудармашылар федерациясының ең жоғарғы органы Халықаралық конгресс үш жыл сайын жиналыс жасап отырады..

Аударма – шет тіліндегі түпнұсқаға бүтіндей бағытталған тілдік делдалдықтың бір түрі.

Адамдар аударма жасаумен өте ерте кезден бастап айналыса бастаған, сол кездің өзінде-ақ олар басқа тілдерде сөйлеушілермен қарым-қатынас орнату мен оларды түсінісудің қажеттігін жақсы ұғына білген. Алайда, алғашқы қауымының тілі бір болмағаны айғақ. Осындай жағдайда адамдардың түрлі топтары арасында қарым-қатынас орнату үшін тез түсінетін, жылдам ойлай алатын, есте сақтау қабілеттері жақсы, сөйлеушіні түсініп, оның айтқанын аударып бере алатын адамдар болғаны белгілі. Осылайша, аударманың бастапқы қарапайым түрі жазу пайда болғанға дейін шыққандығын болжауға болады. Олай болса, аудармашылықты ең көне кәсіптердің бірі деп есептеуге негіз бар.

Аудармашылық қызмет әртүрлі тілдерде сөйлейтін қоғамдастықтағы адамдардың арасындағы қажеттіліктің негізінде туындады. Мұндай қарымқатынастың аясы әртүрлі болды: сауда-саттық, саясат, елшілік, мәдениет және т.б. Осы байланыстардың дамуында Александрия, Рим, Иерусалим, Константинополь, Самарқанд және көптеген басқа да қалалар үлкен рөл атқарды. Бұл аймақтады экономикалық және саяси себептерге байланысты әртүрлі халық өкілдері мекендеді. Оларға арнайы делдалдар, яғни аудармашылар қызмет көрсетті.

Аталған кезеңдерде көбінесе аударманың екі түрі орын алған. Олар: 1) сөзбе-сөз аударма – аударма тілінің ерекшеліктерін ескерместен, түпнұсқаны өзге тілде көшіруге; 2) еркін аударма - өз тілінің талаптары мен нормаларын қадағалауды көздеп, түпнұсқаның мәнін, «рухын» жеткізуге негізделеді.

1. Еркін аударма діни емес мәтіндерді аударуда жиі қолданылды. Оның міндеттерінің теориялық тұжырымдарын грек тілінен латын тіліне аударушы Цицеронда (б.з.д. I ғ.), Библия мәтінін ежелгі еврей түпнұсқасынан латын тіліне аударуды жүзеге асырушы Иеронимде (б.з.д. IV ғ.) кездеседі.

2. Діни мәтіндерді аудару барысында бұрмалаушылықтың орын алуы ықтимал немесе тілдер арасындағы өзгешеліктер сөзбе-сөз аударманың пайда болуына түрткі болған еді.

Этьен Доле аудару кезінде төмендегі бес негізгі ұстанымды қадағалау керек деп есептеді:

1) аударылып отырған мәтін мазмұны мен оның авторының ойын жетік түсіну; 2) пайдаланылып отырған тілдердің қай-қайсысын болса да жетік білу; 3) сөзбе-сөз аударудан аулақ болу, өйткені аударманың бұл түрі түпнұсқа мазмұнын бұрмалап, оның пішін көркемдігін жояды; 4) аударма барысында тілдің жалпы қолданыстағы формаларын пайдалану; 5) сөздерді дұрыс таңдап, олардың сөйлемдегі орын тәртібін қадағалай отырып, түпнұсқа беретін жалпы әсер қалдыру.

Аударма мәтініне қойылатын талаптар:

Аудармашы екітілді коммуникация үрдісі кезінде әртүрлі тілді коммуниканттардың пікір алмасуына кедергі келтіретін лингвотникалық кедергіні жоя отырып, бастапқы мәтінді аударылған мәтінмен алмастырады және коммуниканттардың тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады. Сондықтан аудармашылық қызметтің заты (предмет) аударылған мәтін (АМ) болып табылады.

Қазақ терминжасамының қалыптасу, даму тарихын зерттеген еңбегінде академик Ө.Айтбайұлы бірінші кезеңді А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов т.б. тұлғалардың тіліміздің бар байлығын сарқа пайдалану бағытын ұстанған кезеңі деп көрсетеді.

Мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен қолданыс өрісін кеңейтетін терминологияның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ руханияты санасында «бірегей тұлға», «рухани көсем» деп бағалануда. Басқаша айтқанда, А.Байтұрсынұлы – қазақ терминдік жүйесін қалыптастырудың негізін салушы ғана емес, тіл тұтынушысы санасына сүйеніп, қазақ сөзінің әлеуетін мейлінше пайдаланып, қазақ лексикасын байытқан жаңа үдеріс басында тұрған ерекше ұлттық тілдік тұлға. Сонымен, А.Байтұрсынов жасаған ғылыми терминдер қазіргі тіл танымының биік талаптарына жауап береді, себебі олар терминология теориясының – салалық терминология, терминдер номенклатурасы тағы басқа ұғымдарына сәйкестендіріп жаратылған. Сөзден сөз жасап шығару әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Аударма түрлерін таңдау үшін ұсынылатын ережелер:

1. Жеке бөлшектік емес аударманың толық мазмұны коммуникативтік маңызы болмағанда, оның мазмұнымен жалпы танысу үшін, негізгі мәтіндерді аударма тілімен жеткізу үшін қолданылады.

2. Таңдамалы жеке аударма дәрістер, іскери хаттар, қалыпты хабарламалар, газеттік материалдарын аударуда пайдаланылады, және де негізгі мәтін не автор стилінің сипаттамасы туралы көрініс алу керекті болғанда, басқа да біркелкі мәтіндер, немесе пікірлерді аударғанда қолданылады. 3. Функциональдік жеке аударма қысқарту мен негізгі мәтінді қарапайым түрге келтіру үшін, бұлар көпшілік оқымандарға, не осындай түрдегі негізгі мәтіндерді жоғарғы деңгейдегі емес, қабылдауға дайындық жүргізу үшін ұсынылады. Осындай түрлерге әр түрлі мазмұндамалар, көрсеткіштер мен болжамдар жатады.

4. Толық аударма мазмұны жоғарырақ маңызды, қабылдаушыға толығырақ түрде аударма мәтіні берілген негізгі мәтінді жеткізу үшін қолданылады.

5. Дәлме—дәл, толық аударма өте сирек қолданылады, мысалы: оқу, не ғылыми мақсатпен, ерекше мәтіндердің академиялық басылымы үшін, әсіресе эпикалық мәтіндерді аудару мақсатымен іске асады.

6. Семантикалық толық аудармалардың ғылыми ерекшеліктері жоғары, немесе әлеуметтік-мәдени мәні бар, олардың толық мазмұны көпшілік мамандарға арналған негізгі мәтіндерді аударуға бағытталады.

7. Коммуникативтік-прагматикалық толық аударманың әлеуметтік-мәдени мәні бар, толық мазмұны көпшілік қабылдаушыларға арналған негізгі мәтіндерді жеткізу үшін пайдаланылады.

III. Қорытынды

Аудармашы – автордың жалпы халықтық қордағы сөздерді, тұрақты тіркестерді пайдалануы, өз тарапынан жаңа сөз тұлғалары мен сөз тізбектер жасауы – көркем аудармадағы ойлаудың бейнелік тиінінің нәтижесі екендігін, жазушының суреткерлік даралығы мен талантынан туындайтын дербес шығарма екендігін дәлелдейді. Аударма мәтіннің айтылған талаптарға сәйкес жүзеге асуы аудармашының ойлау-психикалық қабілетіне, білім-біліктілігіне байланысты. Түпнұсқада айтылған ойды қандай әдіс-тәсілдермен жеткізудің амалдарын іздестіру барысында аудармашы негізгі материалды анализ және синтез процестерінен өткізуге, түпнұсқа мәтіннің негізгі идеясын, мән-мазмұнын талдап түсінісу және осы идея мен мазмұнды екінші тілдің құралдары арқылы жеткізу мәселелерін шешуге тиісті болады.

Қорыта келе, аударма тәсілі терминжасам шығармашылығының бір тәсілі болып табылады. Өкінішке орай, бүгінгі терминжасам жұмыстарында бұл тәсіл негізгі тәсілге айналып отыр. Төл лексикалық қордағы жекелеген сөздерді тілдің ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып, терминжасау үрдісі назардан тыс қалып бара жатыр. Сондай-ақ, өз заманында өзге тілден термин қабылдауда адал қызмет еткен алаш зиялылары қабылдаған қағидалар бүгіндері әлі де болса өзектілігін жоймағанымен, мүлдем назарға алынбай келеді. Салалық терминдерді түзуші – сала мамандары, «батасын беретін» – тіл ғалымдары, ал, сыншысы – тіл тұтынушылар. Бізге болашақта қазақ тілді сала мамандарын дайындауға күш салуымыз қажет. Сонда ғана сала терминдері дұрыс бағытта дамиды деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Әдебиеттер Азаматтыққа адалдық: әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар / С. Өшімбаев. – Алматы: Раритет, 2007. – 334 б.

2.Сатыбалдиев Ө. Рухани қазына. Жазушы,1987. – 171 б. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. akorda.kz Алдашева А.М.

3.Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б. К. Өлпейісова Ө. Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе: Оқу құралы. – Алматы: «Арда», 2018. – 152 б. Жұмабекова А.Қ.

4. Аударматанудың негіздері: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2012. – 296 б Сауданбекова Ш.Т. Аударма теориясы және практикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» 2015. – 90 б. Ахметова А.Б.

5.Аударма теориясы мен тәжірибесінің негіздері (қазақ және орыс тілдеріндегі) дәріс курсының оқуәдістемелік құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2014. – 90 б.

ӘОЖ 81'1:81'32

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АУДАРМАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТҰРСЫНАЛЫ ҚАЗЫНА ДАРХАНҚЫЗЫ

Ө.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 9-сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МҰСАБЕКОВА МӘДИНА ДАНИЯРБЕКҚЫЗЫ

Ө.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ: ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье проанализированы переводы Ахмета Байтурсынова. Представлена краткая история переводческого дела в Казахстане. Говорят, что перевод является мостом между людьми, сообществами, странами и культурами. Перевод – неотъемлемая часть литературы и культуры, цель переводчика – донести до читателя содержание оригинала доступным и понятным языком. Обсуждаются взгляды на перевод терминов в современном казахском языке.

Summary. The article analyzes the translations of Akhmet Baitursynov. Presents a brief history of the translation industry in Kazakhstan. Translation is said to be a bridge between people, communities, countries and cultures. Translation is an integral part of literature and culture; the translator's goal is to convey to the reader the content of the original in an accessible and understandable language. Views on the translation of terms in the modern Kazakh language are discussed.

Аударма ісі – екі мәдениетті тоғыстыратын, тілдер арасындағы көпір. Аударматану саласы негізінен тіл аясында орын алған көріністің мазмұнын бейнелейді және тіл құралы арқылы ой қызметін жеткізеді. Тіл – мәдениеттің айнасы, тіл арқылы мәдениет жинақталып, сақталып ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Тіл аясында орын алатын көрініс бұл бір мәдениеттің, бір елдің, халықтың ұлттық ерекшелігі, салт-санасы, құндылықтар нормасы осы айтылған мәселелердің барлығы аударылып екі мәдениеттің көрінісі бір арнада тоғысады. Аудармашы – өз жұмысын жүргізу кезінде екі кезеңді бастан өткізеді. Біріншісі – талдау, екіншісі – біріктіру. Аударманың сәтті шығуы – ең алдымен мәтінді дұрыс таңдап, анық түсінумен қатар, көркемдік, мағыналық, эстетикалық қалпымен сипаттай алуына тікелей байланысты. Аудармашының негізгі міндеті – қос тілді терең, жетік меңгерген болуы қажет [1, 33 бет].

Ахмет Байтұрсынұлы – алғаш рет аударма ісін бастаушылардың бірі. Ахмет Байтұрсынұлы ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды. Ол орыстың классикалық жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Санкт-Петербуркте императорлық ғылыми академиясының баспаханасында жеке кітап етіп шығарды. Бұл И.А.Крылов шығармаларының қазақ тілінде тұңғыш жеке кітап болып бастырылуы еді.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,

Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,

Тартады аққу көкке, шаян кейін

Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.

Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Біріннің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, – деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанымен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Мәселен, “Өгіз бен бақа” орысшада – 17 жол, қазақшада – 36 жол, “Қасқыр мен тырна” орысшада – 19 жол, қазақшада – 76 жол, “Арыстан, киік, һәм түлкі” орысшада – 35 жол, қазақшада – 56 жол, “Қасқыр мен қозы” орысшада – 37 жол болса, қазақшада – 68 жол, “Ағаш” орысшада – 31 жол, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді [2, 40-45 бб].

Басқа елдердегі сияқты қазақ халықтары арасындағы әдеби байланыстың өзара байланысы мен нығаюында да көркем аударманың маңызы зор болды.

Қазақстан – қоғамда түрлі тілдердің өз орны бар көптілді ел. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас – орыс тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кіру тілі. Көптеген қазақстандықтар бірнеше тілде сөйлейді, бұл елдегі мәдени және тілдік әртүрлілікке ықпал етеді. Бұл күнделікті өмірде, білім беруде, бұқаралық ақпарат құралдарында және қоғамның басқа салаларында көрініс табады. Зерттеушілер тілдік топтардың өзара қалай әрекеттесетінін және қандай тілдік кедергілер туындауы мүмкін екенін зерттеп жатыр. Әсіресе, арнайы терминологияны түсіну және қолдану аударманың маңызды аспектісі болып табылады. Зерттеушілер аудармалардағы дәлдік пен дәйектілікті қамтамасыз ету үшін аударма терминологиясын құру және стандарттау жолдарын зерттеп жатыр. Медициналық терминологияда, мысалы, «жасуша» термині «жасуша» ретінде 1992 жылы бекітілді. Сонымен қатар, 2000 жылы жарық көрген қазақша-орысша және орысша-қазақша терминдер сөздігінде (медицина) бұл термин «торша» сияқты естіледі. Көптеген оқулықтарда «клетка» өзгеріссіз қалады. Әрине, бұл күндері бұл терминнің алғашқы нұсқасы батыл қолданылады [3, 76 б.].

Республикалық терминологиялық комиссия 2014 жылы бірқатар терминдердің қазақ тіліндегі нұсқаларын халықаралық нұсқалармен қайтадан сәйкестендірді. Олар: мұражай-музей (грек. μουσείον – музей үйі), мұрағат-архив (лат. archivum қатысатын орын), бұрқақ-фонтан (ағылш. The Fountain – бас-тау, қайнар), азат жол-абзац (нем. Absatz – бөлім, мәтіннің бөлшегі) және тағы да басқа терминдер. Осындай жұмыстар 2016 жылы да жалғасты. Олар: Мұражай үйі – музей үйі, кино-мұрағат – киноархив, қашыртқы – дренаж (фр. Drainage – табиғи немесе жасанды түрде жерүсті немесе жерасты суларды кетіру), үдеріс-процесс (лат. processus – ілгерілету, бір нәрсені дамыту). Бұл процесс жалғасын тауып, алдағы уақытта терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, терминдерді сараптау және бекіту барысында әлемдік практикада әбден қолданысқа енген халықаралық терминдерді егер қазақ тілінде ыңғайлы баламасы табылмаса, сол күйінде қалдыру мүмкіндігі сақталады. Айталық, кезінде терминологиялық комиссия бекіткен көптеген сөздер қолданысқа ене алмай қалды. Мысалы, резервуар – әуіт, шина – құрсым, инвентарь – мұққамал, форточка – желкөз, преорганитива – дәргеі деген сияқты. Бұл қатарды әлі де толықтыра беруге болады.

Сондай-ақ кәдімгі «мех» сөзі бірде – тері деп, (мәселен – аң терісі), бірақ адамға қатысты – кожа), бірде үлбір деген атауға ие болып жүр. Бір қарағанда тері термині көңілге қонымды сияқты. Бірақ, айталық қоянның үлпілдеген жүні бар терісі мен қолтырауынның бұжыр-бұжыр терісін теңестіре алмайсыз. Сондықтан сірә, аң атаулының терісіне «үлбір» термині қолданылып жүр. («Үлбір» сірә, үлбіреп тұру, үлбіреу деген мағынадан туса керек.) Алайда, аюдың терісі үлбіремейді. Сәтті балама табылмай жүрген сөздердің бірі раздел – бөлім, отдел – бөлім – часть – бөлім; отделение – бөлімше, подразделение – бөлімше (подразделениенің – отделениеден

анағұрлым үлкен екені белгілі). Аталған сөздер әсіресе, қатарласа, қабаттаса келген кезде аудармашылар қиналып қалып жатады. Утверждение – бекіту, закрепление – бекіту (утвердить закрепление), служба – деятельность, функцияның да жағдайы осындай. Оған қоса жекелеген аудармашылар, тілшілер тарапынан қолдану қалпына еніп кеткен халықаралық терминдерді зорлап ұлттандыруы қарын аштырады. Мәселен, шайтанарба-велосипед, телефон – сымтемір, радио – үнжария, директор – мүдір, тираж – ұзынсан, техника – жасалы, рецепт – ішірткі, қылтима – балкон, бағдаржол – алгоритм сөздерін осы аудармалы баламасымен бекіте салу асығыстық болар еді. Сондай-ақ өлшем бірлігі: граммды – мысқал деп алсақ– дейді аудармашылар [4, 57 бет].

Қорытындылай келе, аударма мәселесі салалық мамандардың, тілшілердің сүзгісінен өтсе ғана қазіргідей олқылық тумас еді. Тіл де тірі организм секілді үнемі даму, өсу үстінде болады. Қазақстандағы аудармашылық зерттеулер көптілділікті және көпмәдениетті өзара әрекеттесуді ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеулер аударманың сапасын жақсартуға көмектеседі және осы бірегей елдегі әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің табысты өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 2005.
2. Қазыбек Г.Қ. Көркем аударма тәжірибесі. – Алматы, Қазақ университеті, 2005.
3. Алпысбаев Қ.Қ., Қазыбек Г.Қ. Қазақ аудармасының теориясы мен практикасы. – Алматы: 2001.
4. Қадырова Б. М., Ербол А. Қазақ тілі терминдерінің мәселесі. – Алматы 2003.

УДК 651.926.

АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАРИБАЕВА А.У.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ,

САДЕН Н.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институтының қазақ тілі мен әдебиеті
білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Многие термины были переведены в рамках двух основных проблем перевода и переводоведения. Задача казахстанских ученых – донести этот термин до общественности на казахском языке посредством перевода.

Summary. Many terms have been translated within the framework of two main problems of translation and translation studies. The task of Kazakh scientists is to convey this term to the public in the Kazakh language through translation.

Қазақ тіліндегі термин мен аударма мәселесін, терминдердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін қарастырып, қазақ тіліндегі терминдердің жасалуындағы аударманың ролін айқындау біздің басты мақсатымыз. Қазақ тіліндегі термин мен аударма мәселесін қарастыру үшін біз ең алдымен қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасуын айқындауымыз қажет. Өйткені, тіліміздегі терминдер кейбір ғылым салаларында қалыптасып та, жан-жақты дамып жатса, ал кейбір терминдер мен жаңа қолданыстардың даму жағдайы төмен дәрежеде, яғни тіпті қолданыста жоқ десек те болады. Онда тілімізде пайда болған және аударылған терминдердің қолданыста болмауы, оның өмірінің қысқа болуы деп түсінген жөн.

Терминдердің даму ерекшеліктерін айқындауда біз негізінен А.Байтұрсынов ұсынған тіл білімі терминдерінің өміршеңдігін көріп, терминдерді аударуда ол кісінің принциптерін ұстанғанымыз дұрыс. Бір кездері қазақ сөздерінің аудармасын жасаған, әдебиетші – ғалым Ислам Жарылғаповтың пікіріне сүйенсек, термин мен сөздерді аударғанда ең алдымен сөздіктерге, оның ішінде шетел сөздіктері мен өзге де халықтардың сөздіктеріне үнілген дұрыс деп есептейді екен [1, 166].

Терминжасам мәселесіндегі аударманың ролін айқындау – бұл қазақ тіліндегі қазақы терминдердің тіліміздегі қалыптасуы мен бірге дамуы, оны келешек ұрпақтың қолдануы, өзінен

соңғы ұрпаққа жеткізуі-бұл барша қазақтың зиялы қауымының, қазақтың азаматтарының соңғы ұрпаққа қалдыратын мол мұрасы деп түсінген жөн.

Аударманың адам қызметінің ең көне түрі екендігі даусыз. Ол бастан аударма тілі басқа адамдардың бір-бірімен араласуына мүмкіндік тудырып, аса маңызды әлеуметтік қызмет атқарды. Жазбаша аудармалардың таралуы адамдарға басқа халықтардың мәдениетімен танысуына кең жол ашып, әдебиеттер мен мәдениеттердің араласып, баюына жағдай жасады.

Шетел тілін білу: ең болмағанда, бір шетел тілін үйрену әркімнің қолынан келеді. Мәселен, Рудаки мен Омар Хаямның, Шекспир мен Гегенің Толстой мен Достоевскийдің, Абай мен Шәкәрімнің ғажайып шығармалары аударманың арқасында ғана дүниеге келіп, адамзаттың игілігіне айналды.

Сондықтан, аударма түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы қатынас құралы. Ал лингвистикада және аударматануда - аударма бір тілдегі ойды басқа тілге жеткізіп аудару ретінде анықталады.

Мұны орыс ғалымдары Л.С.Бархударов, В.Н.Комиссаров, Я.И.Рецкер, А.В.Федорова т.б. мақұлдайды.

В.Н.Комиссаровтың пікірінше, аударманы тіл аралық қарым-қатынастың ерекше бір түрі деп танып, үш сөйлеу актісінің бірлігі ретінде қарастыруға болады:

1. Шет тілі арқылы түпнұсқаны тудыратын сөйлеу актісі;
2. Аудару тілі арқылы аударма мәтінді тудыратын сөйлеу актісі;
3. Бірінші және екінші сөйлеу актілерінде іске асқан сөйлеу актісі арқылы сөйлеу, шығармалардың біріктіру актісі[2,9].

Мәселен, шет тілі арқылы түпнұсқаны тудыратын сөйлеу актісіне мынаны келтіруге болар еді: Демография дінгегі – дені сау ұрпақ. Облыс орталығында ана мен бала денсаулығын күтімге алатын перинаталды орталықтың жаңа ғимараты ашылды. Клиникалық зертхана жұмыс істейді. Оларға: жоғары дәрежелі акушер-гинеколог, анестезиолог, неонатологы бар арнайы топ қызмет көрсетеді. Орталықта паталогия, анестезиология, реанимация, интенсивті терапия бөлімшелері бар. Оған өкпені жасанды вентиляциялау аппараты, кардиотокографа, дыбыстық зерттеу аппараттары, мониторлар мен жабдықталған. Шұғыл түрде ота жасауға арналған офтальмологиялық лазер орнатылып қолданылуда [3,9б.].

Бұл сөйлемдердегі шетел терминдері: демография, перинаталды орталық, клиника, клиникалық зертхана, акушер-гинеколог, анестезиолог, неонатолог, паталогия, анестезиология, реанимация, интенсивті терапия, вентиляциялау аппараты, кардиотокографа, зерттеу аппараттары, монитор, офтальмологиялық лазер т.б. орыс тіліндегі нұсқасы аударылмастан қолданылған. Өйткені, бұл терминдер халықаралық терминдер болып есептеледі. Дегенмен, оны аударудың қисыны келмейтін сияқты.

Сондықтан, аударуға қажетті терминдерді ғана аударған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі, орыстың «операция» сөзін қазақ тіліне «ота» деп аударғанымен, осы «ота» сөзінің мағынасы сол сөздің ұғымын бермейтін сияқты. Ота – сөзі егіншілікке байланысты термин. Ол арам шөпті отауға арналған техникаға байланысты шыққан сөз. Ал егер адам шөпті қолымен жұлатын болса, оны «жұлық», «шабық» деп атайтын. Сонда «ота» сөзі «адамның мүшесін отау» болып шығатын сияқты.

Жалпы терминнің халықтың ұғымына түсінікті болып аударылғаны дұрыс. Кез-келген сөз термин бола алады. Бірақ, ол терминдік ұғымды бере алатын болса, аударуға тиісті болған жағдайда, немесе оның қазақ тіліндегі баламасы болғанда ғана аударуға болады. Ал мағынасы келмейтін сөзді аударғанмен, оның халықтың түсінігі болмаған жағдайда, ол терминнің өміршеңдігі болмай, қолданыстан шығып кетеді.

Сондай терминнің бірі – «егу» сөзін медицинада «процедурная» деген сөзді «егу бөлмесі» деп дұрыс аударылмаған. Өйткені, бұл сөздің қазақ тілінде бұрыннан қолданылып келген «шаншу», «ине шаншу», «укол салу» деген ұғымдары бар. Сондықтан, халық «укол салу, укол салдыру» деген қолданысты күнделікті тұрмыстан түсірмей қолданып келеді.

Аудару тілі арқылы, аударма мәтінді тудыратын сөйлеу актісіне біз көбінесе, орыс тілі арқылы аударылған сөздерді ғана қазақ тілінде қолданамыз. Негізінде қазақ халқының ұғымында бар сөздерді біз тілімізден шегеріп тастаймыз.

Сондықтан, қазақ тілінің жасанды тіл болып жүргені баршамызға аян. Мәселен, қазақ тілінде «сәлемдесу әдебі», «сәлемдесу этикеті» деген терминологиялық тіркестер қолданылады. Мұның себебі, қазақ ұғымындағы сәлемдесудің қазіргі сәлемдесу әдебінен жоғары тұратын бұрынғы бабалар тіліндегі сәлемдесуден әлдеқайда алшақтап кеткендігін байқаймыз. Өйткені, бұл сөздер

мен тіркестер орыс тілінен тікелей аударылып, тілімізде қалыптасып кеткен. Осыдан келіп аударманың қызметіне төмендегідей анықтама беріледі.

1. Аударманың қызметі – бұл тіларалық, мәдени-эстетикалық бөгеттерді бұзу.

2. Екі тілдік жүйенің компоненттерін салыстыру арқылы, аудару кезінде керекті тіл бірліктерін таңдап алу.

Мәселен, аудармада көп қолданылатын тіл бірліктерінің бірі калька, жартылай калька және толық калька тәсілі. Аудармадағы калька тәсілін қарастырғанымызда, олар сөз тіркесінің байланысу тәсілі арқылы жасалатынын байқадық. Мәселен, олардың байланысын төмендегідей тәртіпте көрсетуге болады:

Жартылай калька арқылы аударылған: академиялық ескек есу, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, әуе компаниясы, бизнес-класпен ұшу, ұлттық калорит, т.б.

Ал «калька» - дегеніміз кірме сөздерді сөзбе-сөз аудару, сөздің мағыналық және тұлғалық жағын сақтай отырып, басқа бір тілге жеткізу болып табылады. Калька мәселесі бойынша тілімізде әр алуан пікірлер бар. Кейбір ғалымдар кальканы шет тілінің құралдарымен сөзбе-сөз аудару десе, екінші бір ғалымдар лексикалық кірме сөздің ерекше бір түрі деп санайды.

Ал С.Исакова «ана тіліміздің ішкі мүмкіншіліктерінен жасалғандығын айта келіп, сөзбе-сөз аударма жолымен жасалған терминдерді кірме терминдердің қатарына жатқызу үлкен қателік» - деп көрсетеді [4,19 б.].

Сондай-ақ, ол терминдерді аудару барысында оны аудармаға, ал жасалу жолы мен әдісі жағынан сөзжасам тәсіліне жатқызады. Сонымен қатар, калька толық және жартылай калька болып та бөлінеді. Ал тілімізде жартылай калька жолымен аударылған терминдер де көп кездеседі. Мысалы, аглютинативті тілдер - жалғамалы тілдер, аглютинация – жалғау, аллофон – фонеманың варианты, цитата – дәйексөз. Толық калька – кірме сөздерді толық сөзбе-сөз аудару, ал жартылай калька деп – сөздің жарты бөлігі аударылып, жартылай кірме сөздің элементі сақталып аударуды айтады. Мысалы: Аталған компания Қазақстан нарығына жаңадан келіп отырған жоқ. Қазақстанда ашқан үшінші бағыты. Енді бұдан былай ұшатын ұшақ Астана мен Алматыға аптасына екі рет қатынайтын болады. Сол кездегі болған баспасөз мәслихатында компания тарапынан бірінші сөз алған атқарушы директор Гейт Әл Гейт қазіргі экономикалық қиындықтарға қарамай, әуе компаниясының қызмет алаңын кеңейте беруге шешім қабылдағандарын айтқан еді [5,96.].

Бұл мысалдардағы, нарық, компания, бағыт, ұшақ, маслихат, дәйексөз, т.б. толық калька тәсілі арқылы тілімізге аударылған. Қазақ тіліндегі терминжасамда кальканың бірнеше түрлері бар:

1. Семантикалық калькаға қазіргі тілімізде жаңадан қатарға қосылған термин сөздер мен олардың аудармасы туралы мәселені қоюымыз қажет. Мысалы, «өріс» термині қазіргі кезеңде қазақ тілінде «поле» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүр.

2. Сөзжасамдық калька

3. Фразеологиялық калька;

Семантикалық тәсілде - кірме сөздің мағынасының сақталып аударылуына көңіл бөлінсе, ал сөз тудырушы тәсілде сөздің құрылымдық жағы сақталып аударылады. Мәселен, қазақ тілінде бұл тәсілдермен аударылып, тілімізде термин ретінде қабылданып жатқан терминдер жеткілікті. Мысалы, рынок – нарық, проводник – жолсерік, путеводитель – жолсілтер, зарплата – жалақы, подлинник – түпнұсқа, паспорт – төлқұжат т.б. сөздер калька жолымен тілімізге аударылған. Сондай-ақ, қарастырылатын тілдерде, олардың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты бір ой әр түрлі тәсілдермен жеткізілуі мүмкін. Сонымен бірге тілімізде жартылай калька жолымен аударылған терминдер де кездеседі. П.И. Копаневтің анықтамасы бойынша аударманың мақсаты заттық-логикалық мәліметтерді хабарлау, қандай да болса істерге, белгілі бір сезімдерге түрткі болуы [6,196.].

Мәселен, қазақ тілінде калька жолымен, сөзбе-сөз аударылған терминдерді бірнеше топқа топтастыруымызға болады.

1. Дара терминдер: конверсия – сөзжасам, словообразование – сөзжасам т.б.;

2. Тіркесті терминдер консонантизм – дауыссыз дыбыс, вокализм – дауысты дыбыс, полилингвизм – көптілділік, заимствование – кірме сөздер, лингвистика – тіл білімі т.б.;

Ал, лингвист ғалым З. Е. Роганова зерттеулерінде, «аударма – бұл негізгі нұсқаның, басқа тіл арқылы мазмұнын және формасын қарастырып жаңадан құру» – деп түйіндейді [7,19].

Бірақ, аударманы ұлттық мәдени әдістердің маңызды және мәдениетаралық қарым-қатынастың әсерлі тәсілдерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Мәселен, қоғамда болып өткен түрлі тарихи оқиғалар негізінде белең алған кейінгі буын бойындағы ой мен тіл жұтандығын

ескере отырып, олардың сөздік қорын байыту, сөз саптауын қалыптастыру, ұмыт болуға айналған мақал-мәтелдер мен көне сөздерді ұтымды пайдалана отырып, қолданысқа енгізу, тіл мәдениетін жетілдіріп, тіл тазалығы мен шұрайлылығына көңіл аудару - біздің негізгі мақсатымыз – мемлекеттік тіл мәртебесін асқақтату.

Сондықтан, мәдениетаралық қарым-қатынас әр түрлі халықтардың мәдениеті өзінің және басқа мәдениеттің тілді иеленушісімен қатынастағы ерекше үрдісі ретінде анықталады.

Егер біз З.Е.Рогановтың пікірлеріне сүйенсек, «аудармашының мақсаты тілдердің ерекшеліктеріне, қызмет заңдылықтарына, мәдениетіне байланысты лингвоэтикалық бөгеттерді бұзу яғни басқа сөзбен айтқанда, аудару үдерісі кезінде аудармашы әр түрлі тілдерде сөйлейтін, әр түрлі лингвоэтикалық қоғамға жататын адамдардың қарым-қатынасы әсерлі болуы үшін, лингвоэтикалық бөгеттерді бұзады» – деген пікірді қолдауымыз керек. Сонымен аударма – бұл лингвоэтикалық ретрансляция болып табылады. Сондай-ақ, В. С. Виноградов, М. Т. Сабитова, А.В.Федоров екі аспектіде қарастырылатын «аударма» терминіне назар аударайық:

Біріншіден, бұл аудару жұмысының әр түрлі кезеңдерімен байланысты үдерісі.

Екіншіден, бұл аудармашының шығармашылық жұмысының нәтижесі мәтін түрінде беріледі.

Аударма ісінің теоретигі және практигі В.С.Виноградовтың және А.В.Федоровтың пікірлеріне сүйенсек, аударманың негізгі құралы-аударма мәтін болып табылады [8,67б.]. Аударма - мәтін үдерісі кезінде және екі тілді қарым-қатынас құралы кезінде, түпнұсқа мәтінді алмастырады. Сонда аудармашы әр түрлі тілдерде сөйлейтін коммуниканттар арасында лингвоэтикалық бөгеттерді бұзып, оларға бір тілдің коммуникациясында қатынасуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, қажеттілік – аудармашының ісін айқындап, аударылған мәтін ретінде қанағаттандырылады [8,14].

Біздің ойымызша осы пікір-дәлдікті, түсінікті ұғымды талап етеді. Коммуникацияның екі түрі болады: бірінші, бастапқы (кәдімгі), және екінші, соңғы (әдеби) түрі. Біріншісі, сөйлеп және тыңдап жатқан адамдардың арасында туған коммуникативті жағдай. Екіншісі, толық емес коммуникативті жағдай болып саналады. Ол әңгімелейтін адам (әңгіме авторының өкілі) мен оқырман арасындағы коммуникация. Коммуникация толық болу үшін, келесі жағдайларға назар аудару қажет:

1) сөйлеуші және адресат болу керек;

2) уақыт бірлігі;

3) орын бірлігі;

4) коммуниканттар және олардың қатынастары арасындағы бірлік. Әдеби коммуникация кезінде осы жағдайлар сақталмайды. Өйткені қатынастың түрі өзгереді. Мысалы: коммуникативті байланыс автор мен оқырман арасында болады, ал қатынас серіктесі (партнері) мәтін болып табылады

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, жалпы аударманың негізгі екі концепциясы болатынын байқадық. Ол лингвистика және әдебиеттану ғылымы. Аударма және аударматану бойынша негізгі екі мәселе шеңберінде талай терминдер аударылды. Оның алғашқысында Ахмет Байтұрсынұвтың әдебиеттану және лингвистикалық терминологияға қосқан үлесі болса, онан кейінгісі Ислам Жарылғаповтың, Өмірзақ Айтбаевтың, Шерубай Құрманбайұлының қоғамдық, әлеуметтік терминдерге қосқан үлесі бар. Қазақ ғалымдарының ішіндегі бұл мәселе терминді қазақы тілде жұртшылыққа аударма арқылы таныту, яғни мәтінді аудару болса, екінші мәселе, ерекше сипаттамасы бар аударма жасау. Осы екі мәселе шеңбері және олардың шешімі аударудың нормативті негізін белгілейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Карибаева А.У., Айтбаев Ө.А., Сейдахмет Бердіқұлов және қазақ спорт терминологиясы.-Тараз, -2010, - 160.

2.Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік.-Алматы,-2000,-180.

3.Арай, -Тараз,2017, № 25

4.ИсаковаС. Қазақ терминтаным: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. -Алматы, 2007.

5.Егеменді Қазақстан. – Алматы, 2017, № 15

6.Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1988.

7.Лингвистикалық түсіндірме сөздік.-Алматы, 2000.

8.Терминдер және оның аудармалары.-Алматы, 1990.

АУДАРМАТАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

ӘОЖ 81'1:81'32

АУДАРМАТАНУ – ЕКІ МӘДЕНИЕТТІ ТОҒЫСТЫРҒАН САЛА

МҰСАБЕКОВА М.Д.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Сфера переводоведения - это всегда мост обмена опытом между людьми, общинами, страной и землей. Перевод является неотъемлемой частью слова, неразрывно смешанного средства литературы и культуры, народов. Основная цель переводчика-донести содержание оригинала простым и понятным читателю языком и облегчить работу. У каждого языка есть свои принципы. Конечно, при переводе произведений искусства с одного языка на другой происходят лексические, синтаксические, общие грамматические изменения. Под его влиянием в процессе перевода меняются некоторые слова и предложения. Конечная цель изменения предложения-донести до читателя оригинальную идею без изменения ее содержания.

Summary. The field of Translation Studies is a bridge for the exchange of experience between people, communities, the country and the land. Translation is an integral part of the word, an indispensable means of mixing literature and culture, between peoples. The main goal of the translator is to convey the content of the original in a simple and understandable language to the reader and simplify the work. Each language has its own principles. Of course, when translating works of art from one language to another, lexical, syntactic, and general grammatical changes occur. Under its influence, some words and sentences change during the translation process. The ultimate goal of sentence modification is to convey to the reader an original idea without changing its content.

«Аударматану саласы – әр мемлекеттің, халық арасындағы рухани мәдениеттің қалыптасуын көрсетеді. Сондықтан да мәдениет, әдебиет, ғылым және қоғамдық ойлардың тууы мен дамуынсыз, аударманың тууы мен дамуы, мәдениеттің аудармаға тікелей байланысуы мүмкін емес десеніз, уақыт дәлелдеп көрсетеді», - деген аударматанушы ғалым Ә.Тарақов. Бізге жеткен аудармалардан ғалым пікірінің дұрыс екенін байқауымызға болады. Халық арасындағы мәдениеттің жоғары көрінісін бейнелейтін басты ерекшеліктердің бірі – аударма.

Аударматану саласы негізінен тіл аясында орын алған көріністің мазмұнын бейнелейді және тіл құралы арқылы ой қызметін жеткізеді. Тіл – мәдениеттің айнасы, тіл арқылы мәдениет жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Тіл аясында орын алатын көрініс бұл бір мәдениеттің, бір елдің, халықтың ұлттық ерекшелігі, салт санасы, құндылықтар нормасы осы айтылған мәселелердің барлығы аударылып, екі мәдениеттің көрінісі бір арнада тоғысады. Аудармашы өз жұмысын жүргізу кезінде екі кезеңді бастан өткізеді: біріншісі – талдау, екіншісі – біріктіру. Аударманың сәтті шығуы – ең алдымен мәтінді дұрыс таңдап, анық түсінумен қатар көркемдік, мағыналық, эстетикалық қалпымен сипаттай алуына тікелей байланысты. Аудармашының негізгі міндеті қос тілді жетік, терең меңгерген болуы қажет. Аударма ісімен айналысатын адамдар аудару кезінде шығарманы бірнеше рет қайталап оқуы керек және шығармаға айтқан сындарды зерттеуі қажет. Онсыз аударманың сапасы мен нәтижесі төмендейді, ал түпнұсқаның ұлттық болмысы мен өзіндік ерекшелігі сақталмайды. Аударма кезінде түпнұсқадағы сөздердің қолданылуын толығымен сақтау керек, идеологиялық мағынаны толық жеткізе білуі шарт.

Аударма – әдебиеттегі ең кең таралған салалардың бірі. Бір ұлттың әдеби шығармаларын аудару арқылы басқа ұлт өкілдері сол ұлттың тарихымен сусындай алады. Сонымен қатар басты назар аударатын мәселе – сөз. Сөз – киелі, жүйелі өнер. Көп аудармаларда кететін олқылықтар да сөздермен тікелей байланысты. Сөздің дұрыс орналаспауы, дұрыс байланыспауы, бір шығарманы, бір кітапты, мәдениетті, бір автордың жазған ойын дұрыс жеткізбей, құр аударма саласына кері әсерін беріп, сөреден саны бар сапасы жоқ аударма санына сан қосып, сөз киесін құртуда. Аудармашының әр сөзге сақ қарап, осындай олқылықтардың алдын алу мақсатында аударма саласына қазіргі таңда көп көңіл бөлінуде. Оқу орнында да курстар оқытылып, белгілі бағытта

мамандар даярлануда. Қазақстанда 1990 жылдан бері аударматану бойынша мамандар даярлануда. [1.1456]

Аударма тілді білумен ғана шектелмейді. Кез келген тіл – тірі организм сияқты үнемі өзгеріп, дамып отырады және бұл белгілі бір тілде жаңа құрылымдар мен құбылыстардың пайда болуын байқауға мүмкіндік береді. Аудару кезінде өзіндік туынды қалыптасады. Тамыры – тіл, бұтағы – диалекті, жапырақтары – сөз, сөйлем, синтаксис, лингвистика ал, жемісі – екі мәдениеттің бір арнада байланыс табуы деп қарастырсақ, сол кезде тамыры тереңге жайылған, ұрпақтан-ұрпаққа қалатын мағыналы аударма шығады.

Аударма жасау – ұлттық тіл байлығының көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге халықтың тілінің мәдениетімен, мәдени тілімен таныстыру үрдісі. Яғни аударма кезінде тілді түсіну – ең басты мәселе. Аударманың түпнұсқасындағы тілдік бірліктерді екінші тілге аударылғандағы сақталуы аударманың нәтижесін береді. Аудару кезінде кейбір сөздерді алып тастау немесе қысқарту түптеп келгенде түпнұсқаны бүлдіру болып табылады.

Лексикалық деңгей – өзгерістерге ең көп ұшырайды. Динамикасының арқасында бұл деңгей көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Уақыт талабына сәйкес кейбір сөздер қолданыстан алынып, өзектілігін жоғалтады, мағынасын өзгертеді және тілде қайта жаңартылады. Көптеген жаңа сөздер біге әдебиеттің әр бағытындағы жазушылардың арқасында келді. Соңғы он жылдықта қазақ және ағылшын тілдерінде көптеген өзгерістер болды, бұл тілдің лексикалық деңгейіне де айтарлықтай әсер етті. Лексикалық жүйені жаңарту – қоғамда болып жатқан тенденциялардың көрінісінің бірі. Ескі қоғамның таза тілі жаңа қоғамның еркін тілімен алмастырылды. «Еркін тілдің» басты ерекшеліктерінің бірі – қарапайым сөздерді кеңінен қолдану. [2. 47-48б]

Аудару кезінде аудармашы автор сияқты өз сөзімен жаза салмайды. Басты айырмашылық – аудармашы шығарманы қабылдаушы, талдаушы, интерпретатор ролінде ескертпе немесе түсініктеме береді. Оқырманға мазмұнын түсінікті тілде жеткізеді.

Қазіргі аударматану саласында «интерпретация» терминінің көптеген анықтамалары бар, қазақ тіліндегі баласы «талқылау».

Аударма – бұл толығымен шет тіліне бағытталған тіларалық байланыстың бір түрі. Түпнұсқадан аудару үшін алдымен осы тілді білетін мамандар қажет. Сонда ғана аударма сапалы аударылады. Түпнұсқа мен аударманың сәйкестігі алушылар тарапынан функционалдық, құрылымдық және мазмұнды қатынастарда қарастырылады. Түпнұсқаны және аударманы функционалды сәйкестендіру келесідей жүзеге асырылады. Аударма түпнұсқа автордың түпнұсқа туындысы ретінде қабылданады және сол адамның атымен шығарылады, түпнұсқа ретінде талқыланады, одан үзінділер келтіріледі, тек мұның бәрі басқа тілде жүзеге асырылады. Аударма алушылар аударма мәтіні бастапқы мәтінді толығымен қайта жасамайды, яғни аударма тіліндегі мәтін түпнұсқа тіліндегі мәтіннің тілдік құралдарымен қайта құрылады.

Түпнұсқа мен аударманың құрылымдық сәйкестендірілуі келесі жолмен жүзеге асады. Аударманы қабылдаушылар аударма түпнұсқаны жалпылай ғана емес, жекелеген бөліктері арқылы да қайталайды. Аударма ісі барысында аудармашы өз жанынан артық ешнәрсе қоспай, өзгертпей не алып тастамай, түпнұсқадағы ақпараттың құрылымы, мазмұны мен тәртібін сол қалпында аударма тілінде қайта жасақтайды. Түпнұсқа тіліндегі мәтіннің көлемі мен тарауларының саны аударма тіліндегі дәл осы мәтіннің көлемі, тараулар санымен нақ сәйкес келуі қажет. Егер түпнұсқада қандай да бір ой екінші бөлімнің басында айтылған болса, аударма тіліндегі мәтінде де дәл сол ой екінші бөлімнің басында айтылуы тиіс. [3. 56б]

Аудармашы өзіне түпнұсқа мәтінінен өзге бөлшек енгізуге тиіс болған жағдайда да ол мәтіннің мазмұнын нақтырақ жеткізу үшін жасалады. Сөйтіп, аударманы тіларалық байланыстың түрі ретінде келесі шарттарға сәйкес анықтауға болады:

а) аударма тілінде түпнұсқа тіліндегі мәтінге сәйкес мәтін жасақталады;

б) мұндай мәтіннің коммуникативті құндылығы қабылдаушылардың аударма мәтінін түпнұсқа мәтінімен функционалды, мазмұндық және құрылымдық қатынастарда қарастырып, анықтауынан кейін бекітіледі. Аударма мәтінін пайдаланушылар үшін ол әрдайым түпнұсқаны ауыстырып отырады. [4]

Аудармашылар әлем әдебиетінің жауһарларын түпнұсқадан тікелей аударып, қазақ тілді оқырманға ұсынады. Бұл олардың еңбегі. Мемлекет үшін қазіргі қазақ әдебиетін әлемде дәріптеу аса маңызды стратегиялық мәнге ие. Сондықтан сапалы аудармашыларды тәрбиелеу үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет. Қандай қолдау болмасын, мен келесі ұсыныстарды айтар едім: жоғары оқу орнын бітірген, аудармашыны дайындайтын маман кез-келген мәтінді аударып қана

қоймай, кәсіби тәжірибе алмасуы керек. Мысалы, ағылшын, неміс немесе басқа тілдері бар елдерде аудармашылардың біліктілігін арттыруға бағытталған көптеген күшті бағдарламалар бар. Қазақ тіліне аударған аудармашы қажет болған жағдайда осы іс-шаралардың бірін таңдайды. Міне, осы маман істелдегі арнайы воркшоптар мен семинарларға мемлекеттік қаражатқа жіберілді. Жол қаражаты өтелді. Бұл мемлекет үшін үлкен шығын емес. Керісінше, бұл біздің мәдениетіміз бен әдебиетімізге күшті инвестиция болады. Бүгінде аудармашыларға мұндай мүмкіндік берілмеген. Шетелдік мәдениет ошақтарынан бөлінетін арнайы қаражат бәріне бірдей келе бермейді. Әрине, біздің елде осындай көркем аударманы жасаудың техникасы мен әртүрлі тәсілдерін үйрететін іс-шаралар бар. Болашақта мемлекет тарапынан осындай арнайы бағдарламалар іске қосылатын болады. Үміт үзбейік. Сосын біздің елімізде баспа ісін қолдау қажет. Менің білуімше, біздің елдегі баспалардың 90 пайызы жеке меншік. Нағыз баспагер автор мен аудармашыға, редакторға және иллюстраторға ақы төлеп, қажетті лицензияны сатып алуы керек. Сонымен қатар, жарнама, маркетинг, логистика сияқты басып шығару шығындары бар. Сондықтан кейбір баспалар әр түрлі себептермен тек автор мен аудармашының типографиялық қызметімен шектелді. Біздің еліміздегі баспалар тікелей баспа ісімен айналысатын уақытта біздің жазушылар, әсіресе жас авторлар мындаған тиражбен басып шығарады, аудармашылар үлкен тілдерден сапалы аударып, қазақ тілді оқырманға ұсына алады.

Қорыта келе, жақсы аудармашы өз көңілінен шыққан, өзінің жан дүниесімен үндесетін туындыны аударуы керек. Өзі аударып отырған шығарма авторының көкейіндегі ойды терең түсініп, іштей ой елегінен өткізуі, шығарма мәтінінің ішкі астарын сезіне білуге тиіс. Түпнұсқа авторының жанына маза таптырмаған сезімдерді, оның жүрек лүпілін тап баса тануы қажет. Шығарма авторы бастан кешкен сан алуан сезімдерді аудармашы да өз басынан кешіруге тиіс. Жазушының өзіндік стилін, тіл өрнегін сақтай отырып аударуы қажет. Аудармашының көкейінде: «Бұл шығарманың екінші авторы – менмін» деген сенім болуы керек. Аудармашы өзі аударған шығарма ажарын айшықтай түсіп, керек десеніз, түпнұсқа авторымен шығармашылық бәсекеге түсіп аударуға тиіс. Аударатын шығарманы аудармашы өзінің төл перзентіндей қарағанда аудармаға жан бітіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186б.
2. Тарақов Ә.С. Аударма психологиясы және мәдениеті (Оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2005.- 60 бет.
3. Алдашева А.М. Аударманың лингвистикалық, лингвомәдени мәселелері. Алматы, 1999. – 225б.
4. <https://egemen.kz/article/341029-tupnusqadan-tardgime-%E2%80%93-uaqyt-talaby>
5. <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/15373//1/0/2012>

ӘОЖ 82.452.23

КӨРКЕМ ХАРАКТЕР МЕН ЖАҒДАЙДЫҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ

АЛИПБАЕВА С.Н.

№47 орта мектебі КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКЕНОВА Р.А.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются виды связи художественного героя с ситуацией.

Summary. The article discusses the types of connection between the artistic hero and the situation.

«Әдеби энциклопедия сөздігінде»: «Характер (грек тілінен аударғанда «қолтаңба», «белгі», «ерекшелік») – көркем әдебиеттегі жеке бір тұлғаның орнын анықтайтын, сол арқылы адамның мінез-құлқының тарихи-шартты типтері (әрекеті, ойы, күйініш-сүйініші) ашылатын және авторға тән рухани-эстетикалық концепциясын айқындайтын адамның көркем образы» [1, 78б.] деп толығырақ тоқталған. Міне, характердің осы әдеби белгісі оның әлеуметтану, психология, философия сияқты ғылым салаларының характерге беріп жүрген анықтамасынан айырмашылығын айқындайды. Шын мәнінде, әдеби мінездің эстетикалық мәнін анықтауда оның бойында психологиялық, философиялық, әлеуметтік ерекшеліктердің болатынына назар аударған жөн. Бірақ, бұл ерекшеліктермен қатар характер жасаудың әдеби-көркемдік әдістерін яғни «не» және «қалай жасалады» деген ұғымдарды білу маңызды.

Өткенді бағамдасақ, қазақ прозасы бірде характерді белгілі бір қалыпқа салуға тырысса, бірде оның жиынтық (типтік) белгілерін алға шығарғаны, ал кейде оның ойшылдық, сезімталдық, интуитивтік, рационалдық белгілеріне жетекші мән бергенін байқауға болады. Ұлттық әдебиеттану ғылымында аталмыш мәселеге қатысты пікірлер сан-алуан, тіпті кереғар көзқарастар да баршылық. Сонымен қатар, кейбір зерттеу жұмыстарында характер құрайтын негіздер әр түрлі сапада бағаланып жүргені де белгілі. Қазақ прозасының тарихына қатысты зерттеулердегі характер болмысына орай айтылған пікірлердің көбінесе оның бір дәуірмен, қоғаммен байланысына ерекше мән берілгенін көреміз. Персонаж бойынан сол дәуірдің ұлттық, эстетикалық белгілерін іздеу де кездесіп отырады. Осы орайда, аталмыш проблема төңірегінде біраз ой қорытқан ғалым З.Қабдоловтың анықтамасы осы пікір аясынан шығады: «Мінез – адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» [2, 67 б.] деп мінездің қоғаммен, ортамен байланысына баса көңіл бөлген.

Әрине, заман талабына сай жазылған туындылар мен оларға берілген баға да соған сәйкес объективті сипатқа ие болатыны мәлім. Әр туындыны сол қоғам жемісі деген пікірге тоқтар болсақ, ол оған бүгінгі заман талабымен қарау барысында көптеген кемшіліктердің беті ашылары анық. Сондықтан да кемшіліктерді ойша түзеуден гөрі, әр кезеңдегі әдебиетке қойылған талаптардың тұрғысынан жүйелеп зерттеудің берері көп.

Қазіргі кеңес әдебиетіндегі характер мәселесі атты зерттеуде: Характер мәселесі әр түрлі негізгі эстетикалық проблемалардың күрделі қарым-қатынасын, тоғысуын бір ортаға топтастырды. Қазіргі әдебиеттану ғылымында характер мәселесі өзінің көркемдік тұтастығымен, сан-қырлылығымен зерттеу объектісіне айналып отыр – дейді. Бұған жақын пікірді кезінде С.Г.Бочаров білдірген. Оның пікірінше, «характер бейнелеу құралы емес, бірақ сол бейнелеу әдеби образдың бір қыры, әдеби мінез қашанда шындық өмірге, нақты тұлғаға қарағанда адамның сапалық өзгерістерін көркемдік дәрежеде шынайы бере алады» [3,123б.]. Біздің ойымыз осы пікірдің кейбір ұстанымдарын қуаттайды. Жағдайдың тұлғаның сапалық өзгерістерін бейнелеу үшін бағыттаушы, айқындаушы қызмет атқаратыны айтылған.

Характер қашанда еңбек тәжірибесінде, өмірлік тартыстар, күрестер үстінде қалыптасып, тәрбиеленеді. Әдеби туындыда кейіпкер характері кез келген қиындыққа төтеп бере алатындай

қалыптасуы үшін міндетті түрде соған сәйкес орта болуы шарт. Әдеби характер шығарманың көркемдік жүйесімен тікелей байланыста болғандықтан, оның бойына шығармашылық әдістердің ерекшеліктері де жинақталған. Сондықтан романтикалық, модернистік характерлердің реалистік образдардан айтарлықтай айырмашылығы бар. Реалистік характерге тән ерекшеліктер – жағдай таңдаудағы еркіндік, тар қалыпқа түспегендік сияқты сан қырлы сипаттар. Әдебиет тарихында бір кезде «типтік жағдайдағы типтік характер» деген түсінік қалыптасқаны белгілі. Бұл ұғым характердің бойына сол дәуірге тән жиынтық белгілерді топтастырып, бір ғана тұлғаның бейнесін ашуға шығармашының ішкі әлемі (зат, тұрмыс, табиғат, т.б.) толықтай бағынышты болды. Реализмнің алғашқы даму кезінде жағдай ұғымы мінездің қалыптасуын анықтағанымен, көркем шығармада әдеби кейіпкердің бейнеленуіне тек көмекші қызмет атқарғаны белгілі.

Кейіпкердің характері – оның ішкі рухани әлемі, өзіне тән белгілерінің бірлігі, әр түрлі жағдайдағы адамның мінез-құлқының жетекші типі. Мінездің бойына сол дәуірдің, ортаның, уақыттың негізгі ерекшеліктері топтастырылған. Демек, мінездің өзегінде ұлттың да, белгілі қоғамдық құрылыстың да тарихи жақтан қалыптасқан сапалық көрінісі жатыр. Осы көзқарас тұрғысынан алғанда қазіргі әдебиеттану ғылымында сын көзбен бағаланып жүрген «ұлттық мінез», «кеңестік мінез» деген ұғымдар қолдан жасалынған деу басы артық жай сияқты. Өйткені аз немесе көп көлемде болсын ол дәуірдің, қоғамдық құрылыстың белгілері, әсері мінездің бойына қалыптасатыны талассыз.

Қазіргі әдебиетте мінез адамзаттың күрделі тағдырындағы, сан салалы тарихи өміріндегі жағдаймен тығыз байланыста қарастырылуы орынды. Жазушылар көркем образ жасауда адамды бір жағынан күнделікті қарапайым тұрмыста көрсеткісі келсе, екінші жағынан «ұзақ» тарихи өмірдегі адамның тіршілік кешу мүмкіндігін сынау арқылы да көрсеткісі келеді.

Адам міндетті түрде өзіндік ерекшелігі бар қоғамдық құрылыста өмір сүреді. Сондықтан мінез жөнінде сөз қозғағанда біз оның сол қоғамның өкілі екендігіне көңіл бөлеміз.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында характер мәселесі объективті өмірдегі әр түрлі жағдайлардың адам өміріне жасаған моральдық, рухани қысымына деген қарсылығымен де көрінген. Бұл көзқарас біршама еңбектерде арнайы зерттеу нысанасына алынған. Бірақ мінез бен жағдайдың арасындағы байланыс әлі күнге дейін арнайы қарастырылмаған. Ішінара атап айтқанда, ұлттық әдебиетімізде М.Әуезов, Н.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, А.Нағыметов, Ш.Елеукенов, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Е.Адаева, т.б. сияқты ғалымдар көркем шығарманың концепциясы тұтас алғанда «характер мен жағдайдың» байланысына қатысты екендігін атап көрсеткен. Бір назар аударатын мәселе – әр түрлі әдеби-эстетикалық бағыттардың өкілдері мінез бен жағдайдың өнерде бейнеленуін зерттей келе, олардың жеке-жеке ұғым емес, тұтас жүйе екендігін атап көрсетуі.

«Жағдай» – сөз өнері ғылымында көп ретте көркемдік-эстетикалық ерекшелігі толық айқындала қоймаған әдеби категория. Табиғаты күрделі, қызметі сан қырлы ұғым. Көбіне жағдайды нақты қоғамдық ортамен ғана байланыстыру басым, оның көркем шығармадағы өзіне тән спецификасы идея, тартыс, орта сияқты негіздерге байланысты. Жағдай ұғымы көркем шығармада автордың сол қоғамдық ортаның талап-тілегі бойынша қалыптасатын болғандықтан, сол қоғамдық-әлеуметтік кезеңге тән қасиеттерді өз бойына жинақтауы тиіс. Бірақ бұл көзқарас көркем шығарманың тұтас болмысын аша алмайды. Сондықтан қоғамдық жағдайды сөз еткенде алдымен оның көркем шығармадағы көркемдік-эстетикалық ерекшелігін ескеру әдебиеттану ғылымы үшін ең маңызды көрсеткіш болғаны тиімді.

Қазақ көркем прозасы өз даму тарихында күрделі өзгерістерді басынан кешіргені белгілі. Қоғамдық жағдайлардың жиі ауысып отыруы ұлттық әдебиетіміздің сапалық өлшемдерінің тұрақсыздануымен, әр түрлі күштердің үнемі әсер етіп отырғандығымен де байланысты. Өткен ғасыр көркем прозасы өзінің астарына «мәңгілік тақырыптар» деп аталып жүрген (өмір, өлім, жақсылық, жамандық, жалғыздық, жатсыну) сияқты жағдай тудыратын ұғымдарды тұмшаламай, олардың адамға қаншалықты қайшылықты әсер ететінін де таразылап берді. Сондықтан да мына өмірде, қоғамда, табиғатта үстемдік етуші тәртіп пе болмаса, хаос па дейтін мәңгілік сұраққа жауап іздеу әлі де жалғасуда. Өмірдегі кейбір мағынасы тұрақты ұғымдардың мысалы жақсылықтың жамандыққа, дұрыстың бұрысқа айналып кетуі адамды тығырыққа тіреді. Кейде дәл осы тығырыққа тірелу қарама-қайшылықты өмірді танудың жаңа жағдайларын ұсынып отырды. Ол жағдайлардың өзі де сол идеологиялық жүйенің жасап беретін парыз, намыс, міндет, құндылық деген ұғымдарының желісіне байлаулы екенін айта кету керек. Осы негізде үнемі қарама-қайшылықтағы қоғамдық жағдайлардың көркем әдебиеттегі мінездің бейнеленуін көркемдік эстетикалық тұрғыдан зерттеу қызық әрі маңызды болуда.

Прозалық туындылар әлем мен адамның арасындағы күрделі драмалық қақтығыстардың әр қилы жағдайлардағы көркемдік шешімін ұсынуда. Осы жайларды ескере отырып, көркем шығармадағы жағдай ұғымының мәні мен қызметінің қаншалықты ауқымды екенін бажайлауға болады. Жағдай ұғымы өмірде соншалықты жиі қолданылатындықтан, оның мағыналық ара-жігін ажырату да күрделі болып отыр. Өйткені жағдай ұғымының астарына қоғамдық жағдай, әлеуметтік жағдай, психологиялық жағдай, тұрмыстық, тарихи философиялық жағдай деген ұғымдар біте қайнасып кеткен. Аталмыш ұғым туралы философиядағы «табиғат заңдарын білгеннен кейін адамдар өз іс-әрекетіне қолайлы жағдайлар жасап, қолайсыздарын жояды. Жағдай құбылыстар мен процестерге ықпал жасай отырып, өзі де солардың ықпалына ұшырайды. Мәселен, адамдардың материалдық және рухани өмірінің белгілі бір жағдайында пайда болған қандай да болмасын жағдайдың өзін одан әрі түбірімен өзгертеді» делінген пікірге назар аударуға болады [4, 23б.] Күнделіктегі өмірдегі адамдардың саулық сұрасуының өзі «қалай жағдайыңыздан» басталатынын ескерсек, біз зерттеп отырған көркем прозадағы характер мен жағдайдың байланысуы күрделі теориялық талдауды қажетсінетіні де заңдылық деп айтуға болады. «Теория эмпирикалық бақылаудан туады, зерттеудің теориялық деңгейі қаншалықты жоғары болуы осыған байланысты» [5, 21б.] дейтін пікірлер қазірде кейбір жағдайларда орнықты нәтиже бере алмауда. Өйткені эмпирикалық әдіс кейбір құбылыстардың заттық құрылымын ғана береді, бірақ олардың бір-бірімен байланысын аша алмайда [5, 22б.] деген пікірге де зер салуға болады. Осындай көзқарастан кейін кез келген зерттелетін мәселе туралы толық ізденістерден, ой қорытындылаудан, талдауда кейін ғана тақырыпты теориялық зерттеуді міндеттейтінін анықтауға болады. Іздену, зерттеу, ой, қорыту, талдау әдісі ғана кез келген проблеманың бастауларынан сусындауға мүмкіндік береді.

Шығармада характер мен жағдайдың ара қатынасын гармониялық түрде бейнелеу мәселесі күн тәртібіне бүгін ғана қойылып отырған жоқ. Өйткені көркем әдебиеттің негізгі нысанасы адам өмірінің ақиқатын мүмкіндігінше толық, әсерлі етіп таныту. Осы орайда авторлардың ұнамды деген кейіпкердің басына барлық жақсылықты жиып беріп, кіршіксіз періште еткен кездері болған. Ал сынайтын адамына жамандық атаулыны төндіреді. Бұндай тәсілмен көркем туындының қадірі, әсері артпаса керек. Қайта бұл қаламгерлердің өмір байланыстарын терең зерттемей, үстірт жазғандарының айғағы деген пікір көркем шығармадағы жағдай ұғымының табиғатын жете меңгеру – мінездің жетілу процесін, өсу бағытын айқындайтынына мысал.

Нақтылы өмір материалын, қаһармандар характері қалыптасатын ортаны, жағдайды білу керектігін М. Әуезов арнайы атап көрсетеді: «Жазушы неге нашар жазады? Мұның себебі біреу ғана емес. Ең әуелі өмірді нашар білу бар. Жазам деген ортадан сыртқары тұрып жазуға болмайды. Өзің тандап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына дейін түгелімен қиялдап та іштен кеміру шарт. Тандап алған ортасын және тиісті байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл, терең, сенімді суреттер сай келеді» дейді [6, 96 б.].

Көркем туындыда характер мен жағдайдың тоғысар бір жері – тартыс. Жағдай мен мінездің түйісу тұсы қақтығыс, перипетия десек, тартыс үстінде характер де, жағдай да дамитыны белгілі. Конфликт барысында оқырман да характерді жан-жақты тани алады. Сонымен бірге сан қилы қақтығыс арқылы автор да адам болмысының мағыналық қабаттарын аша алады, оған қоса тартыс көркем мәтіндегі характерлерді топтау, даралау, жинақтау қызметін атқарады деп жүрген пікір орынды сияқты. Тартыс үстінде жағдайлар жиі өзгереді, перипетиялық іс-әрекет барысында адамның бұрын байқала бермеген қырларын көрсету үшін жазушылар жағдайдың сипатын ауыстырып отырады, яғни коллизия мен перипетияларды дамыту, оларды жаңаша құрастыру арқылы объективтік және субъективтік жағдайлардың тарихи-әлеуметтік астарына үңілу мүмкін болатынын білетін қаламгерлер аз болмаған, олардың жетістіктері де баршылық.

Тартыс шығармадағы бүкіл оқиға мен характердің дамуын қозғалысқа келтіретін негізгі күш деп тану артық емес. Тартыс адамның сын сәтте көрінетін ішкі рухани адамгершілік сапасын, бойындағы көмескі, кейде мән беріле бермейтін белгілерін жинастырып мінездің ашылуына септігін тигізетін қасиетке де ие. Осы орайда сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір пікірді келтіру орынды сияқты: «тартыс» (латынша *conflictus* – қақтығыс, айқас кейде *colliso* – ала-ауыздық, талас) – өмірдегі қайшылықтардың өнерде көрінісі, адам тіршілігіндегі түрліше қарама-қарсылықтардың, адамға тән әр түрлі көзқарастағы, идеядағы, сенімдегі нанымдығы, іс-әрекеттегі мақсат-мүддеге кереғар құбылыстардың өнер туындысындағы жинақталуы, суреттелуі. Бұл жерде өнердегі жағдай ұғымының мәні сан қырлы, көп қабатты екендігіне ғана мән берілген. Сонымен қатар характер мен жағдайдың арасындағы диалектикалық байланысты аша отырып,

ойшылдың «мінез жағдайға, жағдай характерге бағынышты» деген ойына, пікіріне түсіністікпен қарау керек, өйткені тарихи болмысты біржақты мансұқтағаннан ешкім абырой тапқан емес. Шығармадағы қаһарманның мінез-құлқын кеңінен көрсетуде жағдаймен қатар авторлық идеяның, тақырыптың, тартыстың, сюжеттің, сәттің (ситуация), коллизия, перипетия, драматизм сияқты ұғымдардың қызметі ерекше. Әдебиеттану ғылымында көркем туындыны талдау барысында бұл ұғымдардың қатынасы аралас-құралас зерттеліп жүргені белгілі. Негізгі себеп әр ұғымның мәнін, көркем шығармадағы эстетикалық табиғаты мен өзіндік орнын дұрыс тани, талдай білмеуден дер едік.

Көркем әдебиеттегі әр түрлі қоғамдық-әлеуметтік, қарама-қайшылықты жағдайлардың мәнін ашуда кейіпкерді өмір сүретін ортасымен бірге алып және сол жайды автордың өзінше түсініп, қабылдау шешімімен байланыстыра қарастыру – өнімді тәсіл. Өйткені жазушының көркем шығарма тудыру процесінде жағдайларға деген өзіндік қызығушылығы, сезімімен бірге алдын ала дайындаған өзіндік ұстанымы болатыны белгілі. Сондықтан өмірдегі күрделі жағдай арқылы өнерде бейнеленуі де өте күрделі процесс. Ол көркем шығармадағы тұлғаның таңдауында шындалумен оған автордың белсенді әсер етуімен байланысты. Өмірдегі қарама-қайшылықтың ашылуына эстетикалық күш-қуат беретіні белгілі. Сол себепті жағдайдың өнердегі қалыптасуын анықтауда оған ықпал ететін әр түрлі объективті және субъективті факторлардың әсерін саралау өте маңызды. Тек сол объективті және субъективті факторлардың тоғысқан жерінде ғана өмірдегі тартыстың өнердегі эстетикалық құндылығы туады. Қазіргі әдебиеттану ғылымында өнердегі тартысты эстетикалық категория ретінде бағалауға негіз бар ма деген сұрақ төңірегінде таластар жүріп жатыр. Кейбір ғалымдар: «Тартысты өз алдына жеке категория ретінде зерттеу артық нәрсе. Өйткені тартыс пен сюжет кейіпкердің характерін ашуда бір-бірімен өте тығыз байланысты. Ол екеуін мінезден жеке қарастыру дұрыс емес» [7,61б.] деген пікір айтады.

Тартыс табиғатын оның басталуы, аяқталуы, айырылуына қатысты айқындауда бірізділік бар, болмыстың өнердегі тартыс дәрежесіне жетілуі үшін әр түрлі авторлық өңдеуден өтетіндігі жөнінде айтылған мына пікірге де назар аудару орынды сияқты: «Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «айырмашылық» қарама-қайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі. Жағдай белгілі бір сәт (ситуация) әсер еткенде айқындала түседі. Ал коллизия (ала-ауыздық, талас) белгілі бір нақты сәтте дамитын қарама-қайшылықтың ашылу формасы. Ал драматизм болса осы ұғымдардың барлығын біріктіріп көркемдік дәреже бере алатын негізгі күш. Өз кезегінде бұл ұғымдар драматизм табиғатын ашатын оның ең бір негізгі көріну түрлері ретінде айқындалады. Соңғы кездегі ғылыми-теориялық еңбектерден драматизмнің мағынасын «тәртіп параметрі» тұрғысынан бағалау көрініс беретінін байқауға болады. Драматизмді әдеби тектермен өзара байланыста қарастырып, олардың бір-біріне тигізер ықпалы, көркемдік ауыс-түйістері сөз етіліп, осы құбылыстың белсенді мүшесі драматизм ұғымының табиғаты жайында талқыланған ғылыми еңбектер де бар.

Әдебиеттану ғылымының соңғы кезде сапалық тұрғыдан өскенін осы еңбектерден байқауға болады. Біздің негізгі объектіміз характер мен жағдайдың байланысы болғандықтан, аталмыш категориялардың бұл байланысқа тікелей қатысы бары жөнінде айта кеткеніміз жөн. Өйткені кейіпкер характері толыққанды ашылуы үшін көркем шығармадағы осы ұғымдардың ара-қатынасын да зерттеу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Жалын, 1993. – 169 б.
- 2.Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. – Алматы: Ғылым, 1966. – 280 б.
- 3.Левитов Н.Д. Вопросы психологии характера. – М.: 2000 – 353 с.
- 4.Бердібаев Р. Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері // Әдебиет және искусство. – 1956. –№12.
- 5.Драгомирецкая Н. Характер в художественной литературе // Проблема характера в современной советской литературе. – М.:2001. – 353 с.
- 6.Әуезов М. XX томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 18 т. – 449 б.
- 7.Сейфуллин С. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2007. – 2 т. – 472 б.

МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ: ЗНАЧЕНИЯ СЛОВ ПОДРОСТКОВОГО ЛЕКСИКОНА

ЖОЛАНОВА Г.Е.

Учитель русского языка и литературы, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

АМАНГЕЛДІ Қ.

Ученик 7 класса, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада интернет көптеген адамдар үшін байланыс құралына айналған. Әр түрлі сайттарға кіріп, чаттарға кіріп, электрондық пошта арқылы сөйлесе отырып, виртуалды кеңістіктегі орыс сөздері көбінесе ережелерге сәйкес қолданылмайтындығы туралы айтылған.

Summary. The article notes that the Internet has become a means of communication for many people. Visiting various websites, visiting chat rooms and communicating by e-mail, it was said that Russian words in the virtual space are often not used according to the rules.

В современном мире социальные сети стали неотъемлемой частью жизни человека. Более половины всех коммуникаций перешло в Интернет. Сегодня люди проводят больше времени в социальных сетях, разговаривая с друзьями, публикуя фотографии, играя в игры и многое другое, чем на уличных площадях и собраниях. Социальные сети сделали нашу жизнь намного проще, и мы очень привязались.

Подростковый сленг – особое явление в языке. Некоторые взрослые брезгливо морщат нос, заявляя, что нельзя коверкать русский язык, другие же наоборот в попытке понравиться собственным детям начинают использовать эти слова невпопад. На самом деле стоит найти золотую середину, чтобы понимать, о чем говорят подростки, и использовать те же слова редко, но зато в нужный момент. И конечно же, ни в коем случае нельзя ругать и исправлять детей, пусть разговаривают на своем языке и утверждают в своей среде, для них это по-настоящему важно.

Интернет стал средством общения для многих людей. Посещая различные сайты, заходя в чаты и общаясь по электронной почте, я заметил, что русские слова в виртуальном пространстве часто употребляют не по правилам. Тексты в сообщениях часто, пишутся бегом и выглядят одинаково: никаких знаков препинания, нет заглавных букв, много сокращений и отпечаток.

Актуальность статьи: во-первых, использование специальных форм общения в социальных сетях отрицательно влияет на речевую культуру детей и подростков; во-вторых, коммуникация на таком упрощенном языке может привести к глобальной проблеме развития и сохранения русского языка для подрастающего поколения.

Социальные сети-это онлайн-платформа, которая обеспечивает поддержание связи между людьми, даже если они находятся далеко друг от друга. Каждый человек может легко общаться с кем угодно через социальные сети, искать людей, с которыми отношения разорваны, и заводить новые приятные знакомства. Нередко в результате знакомств в социальных сетях появляются новые семьи.

Социальные сети очень удобны, потому что все наши контакты собраны в одном месте, и в короткие сроки мы сможем узнать новости обо всех своих друзьях и поговорить. Для тех, кто любит общаться, есть чат-бот. Чат-бот это виртуальная машина, запрограммированная на общение с человеком.

Понятие «социальная сеть» появилось в 1954 году, его ввел социолог Джеймс Барнс. Тогда это явление не имело ничего общего с интернетом и было объяснено следующим образом: социальная сеть - это социальная структура, состоящая из группы узлов, которые являются социальными объектами (людьми или организациями), и связей (социальных отношений) между ними.

Затем американец Рэнди Конрадс основал Classmates.com -первую социальную сеть в современном понимании. Зарегистрированные в ней пользователи имеют доступ к каталогу выпускников различных учебных заведений. Таким образом, любой может найти одноклассников или однокурсников. Стоит отметить, что это Classmates.com сразу стал очень востребован. Кстати, популярность не падает и сегодня -более 60 миллионов людей пользуются социальными сетями.

Социальная сеть «Одноклассники» - является русским аналогом Classmates.com. В настоящее время в сети зарегистрировано более 300 миллионов пользователей.

В 1998 году появилась всемирно известная сеть – Mail.ru.эта сеть была разработана командой отечественных разработчиков из Санкт-Петербурга. Сегодня это не просто средство общения и обмена данными, это целая сеть интернет-сервисов и платформ развлекательного и познавательного характера.

Виды социальных сетей:

Социальные сети для общения. Instagram, Вконтакте, Facebook, Одноклассники на сегодняшний день являются наиболее распространенными и востребованными социальными сетями. Хотя этот тип социальных сетей не был первым, он имел решающее значение для всей отрасли.

Этот формат социальных сетей был одним из первых, кто предложил пользователям создать бесплатный частный мини-сайт, который позже стал известен как профиль. Коммуникационные сети стремятся предоставить пользователям максимальные возможности на одной платформе.

Социальные сети для обмена медиа-контентом. Этот тип социальных медиа предоставляет пользователям широкие возможности для обмена контентом. Сюда входят Instagram, YouTube, Vimeo, Vine, Snapchat.

Принцип и возможности распространения информации, например фильтры в Instagram, дают преимущество таким социальным сетям перед многофункциональными аналогами. Отличительной особенностью является масштабирование контента: некоторые предлагают публикацию коротких видео, а другие позволяют создавать собственный видеоканал.

Youtube - самый популярный видеохостинг в мире от корпорации Google.Instagram-превратился из приложения для фотографий в социальную сеть.

Vimeo-видеохостинг с качественным видеоконтентом.

Snapchat-это социальная сеть, созданная на основе мобильного приложения. Общение здесь осуществляется через фото-чат, где сообщения занимают не более 24 часов.

Twitch-это видео платформа для геймеров.Геймер это человек, играющий в видеоигры.

Социальные сети для отзывов и обзоров. В основе зарубежных сетей Yelp и Urbanspoon лежит возможность оставлять отзывы и предложения о геолокации и местном бизнесе. Airbnb и Uber обращают внимание на отзывы о жилье для путешественников и частных перевозчиков.Такие социальные медиа-это огромная база знаний, которая помогает пользователям собрать всю необходимую информацию для принятия решения о покупке. Должны сделать все возможное, чтобы завоевать доверие аудитории, получить положительные отзывы и устранить негативные причины.

Yelp-одна из самых популярных социальных сетей для публикации отзывов и рейтингов на рынке США.

TripAdvisor-социальная сеть для путешественников. Тут пользователи могут найти отзывы, маршруты, отчеты о поездках и рекомендации отелей.

Яндекс Маркет - это сервис для сравнения стоимости и характеристик товаров, где пользователи оставляют отзывы.

Социальные сети для коллективных обсуждений. Сообщества, форумы-одна из первых форм социальных сетей. Представителям данного вида можно отнести Quora, Reddit и Digg. Основой механики является необходимость обмена знаниями между пользователями.

Быть полезным- это главная задача для брендов в подобных сервисах. Но будьте осторожны - здесь аудитория не любит агрессивную рекламу, проигнорировав это правило вы рискуете получить негативную реакцию пользователей. Лучшей стратегией в данном случае будет участие в обсуждении в качестве эксперта, или в крайнем случае размещение ссылки на релевантную обсуждению статью или обучающее видео от вашего бренда.

Reddit - самый популярный форум в интернете на английском языке.

Mail.ru -популярный сервис в постсоветском пространстве.

Социальные сети для авторских постов. Этот тип социальных сетей включает в себя сервисы для ведения блогов и микроблогов, где пользователи создают и публикуют текстовый и медиа-контент. Сюда входят популярные платформы, такие как Twitter, Medium и Tumblr.

Если преимущества Twitter для бизнеса не требуют презентации, то с другими платформами немного отличается-если наша коммуникационная стратегия предполагает создание авторского контента, то мы можем расширить аудиторию с помощью данных социальных сетей. Кроме того, поисковые системы очень быстро индексируют контент, размещенный на этих сайтах:

Blogger-позволяет пользователям открывать свой блог.

Medium- платформа для публикации текстового контента.

Tumblr-это платформа для блогов с широкими возможностями настройки и богатыми социальными возможностями.

Twitter - самый популярный сервис микро-блогов.

Livejournal - самая популярная в русскоязычном сегменте блог-платформа.

Сервисы социальных закладок.StumbleUpon, Pinterest, Flipboard – это сервисы, в которых пользователь собирает контент в свою личную библиотеку, на которую могут подписаться другие члены сообщества. Обычно такие социальные медиа исследуют интересы, чтобы предложить больше контента.

Самая очевидная задача бизнеса здесь- делать интернет более удобным для пользователя: оптимизировать контент под стандарты основных социальных служб закладок, добавить кнопки закладок.

StumbleUpon-это социальная сеть, основанная на сборе, систематизации и распространении информации среди пользователей сети.

Pinterest-популярная платформа, на которой пользователи добавляют визуальный контент в тематические коллекции.

Flipboard- данный сервис позволяет создавать собственный журнал и добавлять в него заметки из разных источников.

Социальные сети по интересам.Самая востребованная возможность, которую нам предлагают социальные сети, - это найти людей и единомышленников со схожими интересами. Например, Goodreads - для любителей литературы.

Goodreads - социальная сеть для любителей литературы, где пользователи могут оценивать книги и писать рецензии.

Данный тип социальных сетей идеально подходит для отраслевых ассоциаций или издателей. Кроме того, если наш бизнес связан с хобби, мы можем присоединиться к существующему сообществу или создать свое собственное.

Для получения информации, был проведен социологический опрос среди детей и подростков.

Результаты социологического опроса:

1.Большинство опрошенных (87%) проводят всё своё свободное время в социальных сетях (в общественном транспорте, во время еды, во время школьных каникул, во время прогулок и даже во время занятий).

2.69% опрошенных школьников не соблюдают правила русского языка, так как считают, что это отнимает очень много времени.

3.53% школьников используют Интернет-сленг в повседневной жизни, а также считают, что общение в социальных сетях не влияет на их грамотность.

4. 100% школьников ответили, что социальные сети нужны детям и подросткам?

Таким образом, можно сделать вывод, что 87% опрошенных школьников, постоянно проводя время в интернете и 53% школьников используют Интернет-сленг в повседневной жизни.

Также провели опрос среди учителей по следующим вопросам:

1. Используете ли вы при общении интернет-сленг в социальных сетях?

2. Всегда ли вы соблюдаете правила русского языка при общении в социальных сетях?

3. Часто ли вы слышите от своих учеников Интернет-сленг?

4. Как вы думаете, влияет ли общение в социальных сетях на грамотность детей и подростков?

5. Нужны ли детям и подросткам социальные сети?

Результаты следующие:

1. 6% учителей используют при общении интернет-сленг в социальных сетях.

2. 96% соблюдают правила русского языка при общении в социальных сетях.

3. Учителя часто слышат от своих учеников Интернет-сленг.

4.71% опрошенных учителей считает, что социальные сети нужны детям и подросткам, но принятая манера общения оказывает негативное влияние на речь и грамотность учеников.

Таким образом, изучив и проанализировав наши наблюдения, мы пришли к выводу, что русский язык изобрел новые, непонятные слова из разных стран. Каждый второй человек является пользователем популярной сети Интернет, проводит там значительную часть своего времени. Вследствие этого просто невозможно не заметить, как искажается русский язык: нарушается

орфография, встречаются многочисленные опечатки, не соблюдаются правила постановки знаков препинания. Молодежь придумала более простой язык для общения в сети - сленг (слова, живущие в современном языке полноценной жизнью, но считающиеся нежелательными к употреблению в литературном языке).

Список использованной литературы:

1. Современный русский язык, Розенталь Д.Э., Голуб И.Б., Теленкова М.А., 2010 г.
2. Лихолитов П.В. Компьютерный жаргон. // Русская речь - 2007. - №3 - с.184.
3. Карпушенко М.С., Развитие эмоционального интеллекта у детей и взрослых. - Методическое пособие. Владивосток, 2020 г.

ЭОЖ 82.330.121

М.ӘУЕЗОВ–ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ СУРЕТКЕРІ

ИДРИСОВА Э.И.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается, что М. Ауэзов – великий художник современности.

Summary. The article discusses that M. Auezov is a great artist of our time.

Аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің көп қырлы шығармашылық мұрасы тарау-тарау әңгімеге тақырып боларлық. Соның бір қызықты да, ғибратты саласы–ауыз әдебиетіне қатысты. М.Әуезовтің халқымыздың бай ауыз әдебиетін ерекше ықыласпен зерттегені, бұдан өзінің суреткерлік тәжірибесіне зор пайда келтіргені атап айтуға тұрарлық.

М.Әуезовтің суреткерлік шеберлігі сан қырлы. Соның бір саласын, табиғатты бейнелеудегі ізденістерін, арнайы сараптағанда, оны шығарманың идеялық-тақырыптық негізінен бөліп қарастырмаймыз. Табиғат бояуларының сан түрлілігін сақтап, оны ажарлап нақыштаған қаламгер зейнеттіліктің адамдар үшін мәнді тағылым көзі екенін де дәлелдей білді. Жазушының бейнелеу құралдарын кемелдендіру өрісін, стиль бітімін ашу үшін де оның табиғатты бейнелеу саласындағы ізденістерін арнайы талдау мәні үлкен. Суреткердің әр сөзді орнын тауып қолдана білуін, соның нәтижесінде сөз бен сөздердің өзара ықпалға бөленуін, сондай-ақ шығармадағы сөз мағынасын кеңейту, ажарлау, құбылту, айшықтау, т.б. үлгілері үндестігін саралау бәрі қаламгер шеберлігін кең зерделеп ашуға бастайды.

М.Әуезов табиғаттың ерекше әсем қалпын да, әдеттегі күйін де қатар алып көрсете біледі. Сондай қарапайым суретті қаладан қайтқан бала Абайдың өз аулына жете берген кезінде ұшырастырамыз. «Көлемі аз бұлақтың айналасына жиі қонған ауылдардың үйлері де, шұбыртқан малы да, адамдары да кешкі мезгілде ыю-қию араласып жатқан сияқты. Жер ошақтардан шыққан түтіндері де біріне-бірі қосылып ұласып, тұтасқан көкшіл мұнардай тарайды. Үрген иттер, мал қайырған айқайлар, маңыраған қой, қозы шулары араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі, шаң-тозаңы болсын немесе оқта-текте азынай кісінеп, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары болсын–барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. Баланың барынша сағынған көрінісі» [1, 256.]. Малдың шұбыруы, иттердің үруі, қой маңырауы, жылқы кісінеуі–бәрі әдеттегі, қалыпты көріністер. Мұнда ерекше тамашалайтындай сұлулық жоқ тәрізді. Әйтсе де бұл қарабайыр суреттер әрі кешкі ауылдың дағдылы тіршілігін реалистік мәнерде бейнелеу үлгісін, әрі болашақ ақынның сол әдеттегіден де қимастық таба білуін, әрі алдағы үлкен айқастар алдындағы сәттік тыныштық артықшылығын аялауға қызмет етуде. Бейнелеу деңгейі тұрғысынан келсек, «шұбыртқан» сөзі – мал көптігін және бірінің артынан бірі жүруі ретін, «ұласып тұтасқан» түтіннің, демек жер ошақтың жиілігін танытады.

Халық өміріне бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әдет-ғұрыптарымен суреттеу ерекшеліктерімен қазірде таң қалдырады. Жазушының бай мұрасының қай-қайсысында болмасын жомарт талант, нағыз шалқар шабыт қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. Ұлы суреткер өзінің ізденімпаздық жолында замандастарының жасампаздық өмірімен

тығыз байланыста болды, өмір шындығының жаңа құбылыстарын сергек қадағалап, оған өз үлесін қосуға тырысты.

«Жазушының шығармашылық әлемі–дүниежүзі халықтар әдебиетінде өзіндік ерекшелігі бар құбылыс. Қаламгер әлем әдебиетінде қазақ қауымы атты елдің әлеуметтік және рухани өмірін, күресін, әдет-ғұрпын бар тұрмыс-тіршілігін суреттейтін тарихи зор панорамасын жасады. «Абай жолы» роман-эпопеясы осыған дәлел (1942-1956).

«Қорғансыздың күні» (1922), «Кім кінәлі?» (1923), «Ескілік көлеңкесінде» (1925) т.б. әңгімелерінде ол осы роман-эпопеяға апаратын жолды барлағандай көрінеді.

«Жетім» (1925), «Жуандық» (1926), «Барымта» (1925) деп аталған бір топ әңгімелерінде М.Әуезов кейіпкерлерін халықтың жуан ортасынан табады. Өмірді қарапайым адамдардың көзімен көруге тырысады.

««Оқыған азамат» (1923), «Кінәмшіл бойжеткен» (1925), «Сөніп жану» (1923) деп аталған әңгімелер тақырыбы қазақтың болашағынан дәмектен ізденістерге толы. Жазушы қалаға келіп «мәдениетке үйрене» бастаған қазақ жастарының тұрмысына енген өзгерістерді, сонымен қатар жастар тәрбиесі, құлықтылық, ар-инабаттылық проблемаларды алға тартады» [2,326.] .

Мұхтар Әуезовтің 1920 жылдардағы әңгімелерінде кейіпкерлердің тартысы жалпы адамгершілік мәселелерін қозғайтын. Он жыл өтіп, ел 1930 жылдар табалдырығынан аттағанда қазақ прозасы көбіне көп әлеуметтік саясат мәселелеріне ойысты. Социалистік реализм әдісі жазушылар назарын тап күресі дейтінге бұрады. Бай мен кедейді қырқыстыру әдебиет ауа райын да бұзды. Саясат, солақай тұрпайылық белең алды. Осының алдында ғана түрмеден босаған М.Әуезов, большевиктердің дегеніне көнуге мәжбүр болды. Кеңес тақырыбына арнап «Үш күн» (1934), «Іздер» (1932), «Құм мен асқар биік» (1934), «Білекке-білек» (1933), «Шатқалаң» (1935), «Қасеннің құбылыстары» (1933), «Бүркітші» (1937) т.б. әңгімелерін жазады. Бұларда қазақ жеріндегі алғашқы совхоз құрылысы, соған байланысты туған тартыстар суреттеледі.

М.Әуезов әңгіме өрісін барған сайын кеңейте түседі. Әңгіме көлемі ұзарып барып көлемді прозаға ауыса бастайды. «Қараш-қараш» оқиғасы 1927-1928 жылдары жарық көрген. «Қараш-қараш» хикаясын автор ұзақ әңгіме жанрына жатқызды. «Бұл ұзақ әңгімені ертеде араб, латын әріптерімен жарияланған қалпынан автордың түзетіп, өзгерткен жаңа түрі» деген ескертпеге қарағанда, ол прозада өзін сенімді сезініп, енді суреттеу алаңын барынша кеңейтуге ұмтылғанын байқаймыз.

Жазушының бұл уақытта жазылған шығармаларынан «Көксерек» (1929) хикаясын ерекше атаған жөн. Бұл ұзақ әңгіменің тақырыбы басқа әңгімелерінен оқшау көрінеді. Онда қолда өскен, асыранды Көксерек атты бөлтіріктің тарихы. Құрмаш деген жас бала қасқырдың күшігін асырайды. Бөлтірік өсе келе қасқырдың табиғаты жеңіп, күндердің күнінде тағы тектестерінің үйіріне қосылып кетеді. Енді өзін өсірген ауылға маза бермей, малға тиіседі. Көксеректің жыртқыштық мінезі қатал берілді. Автор мұны ұтымды шағын деталь көмегімен ұтымды жеткізеді: «Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп кішкене күйкі күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады». Өз күшігін аямаған Көксеректен адамға қайырым қайдан болсын. Ақыры Көксерек өзін асырап Құрмашты ат үстінен жұлпып ап, өлтіріп кетеді. Жазушы қасқырдың сүлдесінен мейірімсіз қарақшының тағылық мінезін таниды.

Мұхтар Әуезовтің артында қалған бай әдеби-ғылыми мұрасы – әдебиетшінің, оның қаламгерлік қарымының, ой арманы мен мақсат-мұратының биік мүдделері туралы сыр шертуге үлкен темірқазық. Жазушының шағын прозадағы үздік табыстары «Абай жолы» эпопеясының дүниеге келуіне бір жағы мықты әзірлік болды.

Ғалым Ш.Ыбыраев «Заманымыздың ұлы суреткері» атты мақаласында: «Мұхтар Әуезов–халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы ренессанстық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де Мұхтар Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қалыптастырушылардың қатарынан көрінуіне айқын жол ашты», – дейді [1, 21б.]. Расында да, М.Әуезов өз бойында ренессанстық негізді жинақтаған, өз талантының сан қырлы байлығымен туған халқының рухани қуатын неғұрлым толық бейнелеген қайталанбас тұлға.

Дарынды суреткер М.Әуезов әдебиетіміздің әртүрлі жанрында өзінің қолтаңбасын мәңгіге қалдырып, бүкіл дүниежүзіне танымал болған бірегей жазушы. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмаған өрнекті салып, «іші алтын, сырты күміс» сөз асылын танытып, қазақ тілінің ұста соққан пышақтай өткірлігін паш еткен –М.Әуезов сонымен бірге ұлттық сахна өнерінің жанашыры бола білген санаулы тұлғалардың бірі. Қазақтың кәсіптік театрын құрысып, оның биік белестерге көтерілуіне мол еңбек сіңірген жан. Оның театр туралы жазған мақалалары мен ауқымды ойлары сырын ішіне бүгіп жатқан тың дүние. Ал ұлттық драматургиямызда көркемдік өрнегі өзінше өрілген қайталанбас туындылары әр дәуірдің тылсым сыры мен өмір келбетін мүлтіксіз шындықпен ашып берді. Елімен бірге өсіп, терең парасат шыңынан көріне білген «Еңлік-Кебек», «Абай», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», «Қара Қыпшақ Қобыланды» пьесалары сахна төрінен күні бүгінге дейін түскен емес. Адам сезімінің түрлі иірімдерін дөп басатын бұл шығармаларды әр буын ұрпақтары таңдай қаға тамашалап, өзінше бағалауда.

«Адамдық негізі–әйел» деген баспа бетінен шыққан тырнақалды мақаласында автордың жас болса да қоғамдық маңызы бар келелі мәселені көтеріп, оны құр жадағай әйел басындағы ауыр жағдай, бас бостандығы жоқтығы, барлығы қалың малдың кесірі деп үстірт өте шықпай, ананың болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын көрсетуі оның публицистикалық алғырлығы деп таниды. Ой-өрісінің аумағы тар, өйткені өзінің көргені, білгені тек әділетсіздік, өсек-ғайбат, бос тірлік кешкен ана ешқашан баласына адамгершілік сияқты асыл қасиеттерді дарыта алмайтынын жақсы түсінген. Жас Мұхтардың мұндай парасатты пікір айтып, елдік, ағартушылық бағытты нұсқайтын мақалалары бірталай. Қазақ театр өнерін дамытуға және оқу ісіне, кітап басу мәселесіне арналған мақалалары да әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес. Семинарист Мұхтар, Қоңыр сияқты бүркеншік аттармен баспасөзде жарық көрген мақалаларын жинақтап, бір ізділікке түсірді. Осы тұрғыда Р.Нұрғали Мұхтар Әуезовтің жас шағында жазған алғашқы шығармаларының әлі күнге дейін жіті қарастырылып, өз бағасын алмай жатқанын туралы да ой тастайды.

Сондай-ақ, М.Әуезов публицистикасында Абай ізінің, Абай әсерінің байқалатынын да айтты. «Сөніп жанудың» бастапқы атауы «Заман еркесі» болғанын, ал «Кінәмшіл бойжеткен» әуелде «Қазақ қызы» деп аталғанын көрсеткен де академик Рымғали Нұрғали. Әуезов түрлі жанрларда өзінің өшпес ізін қалдырған. Тіпті қазақ әдебиетінде кенжелеу қалған, аса дамымаған фантастика жанрына да қалам тербеді. «Дос-Бедел дос», «50 жыл өткен соң» сынды туындылары бар. Дегенмен олар сыншылар тарапынан байыпты түрде зерттеліп, бағаланбай келді. Оның себебі бұл жанрды талдауда басшылыққа алар, негіз болар теориялық ғылыми еңбектер жоқтың қасы. Демек, Р.Нұрғалидың аталған туындыларды талдаудағы қадамы қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрын зерделеуде бірден бір басшылыққа алар еңбек. Зерттеуші аса көп мәселені айтпаса да, жанрды талдаудың алғышарттарын көрсеткен.

Ол М.Әуезовтің жазушылық қабілетін, шеберлігінің бастауын былай жіктейді: Біріншіден, ол– ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының әдеби-мәдени қазыналарын жете игерді. Екіншіден, халқына сөзімен, жазуымен қызмет етуді өмірлік мақсат етті. Үшіншіден, әлеуметтік аренаға революция заманында шықты. Төртіншіден, әлем әдебиеті, орыс әдебиеті классикасынан сабақ алды. Осы факторлардың барлығы жиылып келгенде сөз өнерінің аса шеберлікпен құйылған мүсініне айналған туындылардың жазылуына әкелді.

Р.Нұрғали Мұхтар Әуезовті А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов сынды алаш қайраткерлерінің ізбасары деп біліп, олармен рухани жақын деп біліп, жазушының шығармаларына ғылыми тұжырым жасауда алаш әдебиетімен тұтастықта алып қарастырады. Іргелі еңбегінің бірі «Әуезов және Алаш» кітабында да алдымен алашұранды әдебиет өкілдерінің еңбектерін саралап барып, екінші бөлімі толығымен Әуезовке арналған. Бұл да ғалымның өзгелерден айырмашылығының, алашшыл, ұлтжанды азамат екенінің айқын дәлелі. Қандай да болмасын сөз ететін мәселесінің негізгі арнасы осыған ауысады.

Әуезов жайлы сөз қозғағанда оны тек ғана ұлттық әдебиет теориясы мен тарихы тұрғысынан ғана емес, басқа халықтардың, әлемдік әдебиеттегі озық үлгілермен қатар алып, салыстыра отырып сөз қозғауы оның жан жақтылығының, шетел әдебиетімен жіті таныстығы мен таным, көкжиегінің кеңдігін көрсетеді. Мәселен, «Көксеректі» сөз еткенде Э.Сетон-Томпсонның «Венипег қасқыры», «Лобо» әңгімелерімен, Джек Лондонның «Ақазу» романымен сабақтастырып, жазушылардың тағылар ортасын, әрекетін суреттеуіндегі ұқсастықтарын көрсетеді. Бұл М.Әуезовтің Э.Томпсон шығармашылығымен таныстығының белгісі деп түсінеді. Ұяластары өлтіріліп, аман қалған жалғыз күшік көксерек адам қолында өскенімен әуелден-ақ еріксіздікте, мойнына шынжыр байланып, ауыл иттерінің қорлығын көріп өседі. Бұдан әрі ол есейіп, біртіндеп жыртықшытықтығы, түз тағысына лайық әрекеттері көрініп, ақырында қойға шапқан қасқырларға

қосылып, өзін кішкентайынан бағып-қаққан Құрмашқа шабуы бәрі-бәрі аса нанымды, жанды суреттелген. Зерттеуші осылайша оқиға желісін қысқаша шолып өтіп, ең есте қалар көрініс – қасқырдың баланың үстіне төніп келе жатқан қорқынышты сәтін бейнелеудегі қаламгердің көркемдік тәсілін сөз етеді. Оқиға шарықтап барып осы жерде тұйықталатындай болғанымен мұнымен бітпейді, соңғы көрініс кейуана көксеректі басқа теуіп, еңіреп жылауы, «Жазушының гуманистік идеясын осы орайдан іздеуіміз керек» деген ой айтады. Еңіреп жылаған ананың үкімі осы. «Көксеректе» бір де бір болуы мүмкін емес көрініс не нанымсыз әрекет жоқ. Шығарманың өне бойында тағыға тән қатігездік пен жыртқыштық тұнып тұр, ол әзірге аса байқалмағанымен тек уақытын, сәтін ғана тосып тұрғандай. Кез келген көріністі алсаңыз да нағыз қасқырлардың бойынан ғана табылатын қасиетті көресіз. Ғалым өз зерттеуінде оларға да көңіл аударып, жазушының түрлі бояулар, сан алуан штрихтар арқылы оларды оқырманның көз алдына әкеле білгенін айтады. Кейбір сәттерді жазушы келте қайыра салуы немесе ықшам сөйлемдер арқылы психологиялық жағдайды ширықтыра түсетініне тоқталады.

Академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі ғалым Рымғали Нұрғали халқымыздың ардақты ұлдарының бірі М.Әуезовтің шағын мақалаларынан бастап, роман, эпопеясына дейін қамтып, оларды жүйелі зерттеуде ғылыми мектептің негізін қалады. Ғалымның еңбектерінен М.Әуезовтің әдебиеттану, эстетика, философия, драматургияға қатысты жазған дүниелері жаңаша қырынан танылып, бұрынғы зерттеушілер айтқан ой тұжырымдар едәуір байытылғаны, арнасының кеңейгені анық.

Қорыта айтқанда, М.Әуезовтің өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де, өмірде де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбыраев Ш. Заманымыздың ұлы суреткері. Мұхтар мұрасы: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Санат, 1997. – 352б.
2. Әуезов М. Қилы заман. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 384 б.

ӘОЖ 82.326.01

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

АЖИБАЕВА А.У.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исследовательская проблема филологической науки.

Summary. The article examines the research problem of philological science.

Ғұлама ғалым Әл-Фараби бабамыз «Ғылымы жоқ елдің – болашағы жоқ» деген еді. Ал Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі» деген болатын. Мемлекет басшысы айтпақшы, біздің заманымыз – ғылым мен білімнің дамуына білек түріп белсене кірісетін кезең.

Адамдардың хайуаннан артықшылығы сөйлей білуінде. Иа, бұл тұжырым барлық жерде айтылып келеді. Адамдар өздерінің жүріп өткен сан ғасырлық жолында ымдасудан сөйлесуге дейін үлкен жолды бастан кешірді. Нәтижесінде мәтіндермен жұмыс жасайтын жаңа мамандық иелері пайда болды. Олар өз кезегінде «Филолог» деп аталды.

Филология гректің «сөзге ғашықтық» деген сөзінен шыққан екен. Филологтар 2500 жылдан бері еңбек етіп келеді. Антикалық дәуірде Грекия мен Римдегі мектептерде оқушылар әдебиетке жақын бір сабақты ғана оқып жүрген. Кейінірек ол сабақтан бүгінгі филология пәніне қатысты болғаны анықталып отыр.

Бұл мамандықты таңдаған жандар көбіне өткен күннің тарихына көз жүгірітіп, санасына түйгенді ұнататын жандар. Олар кез келген дүниенің тарихына баса мін береді. Ал мамандықтың өзі ежелгі гректердің өмірімен және тұрмысымен тығыз байланыста қаралады. Өйткені, ежелгі гректерде шешендік өнерді меңгеру, жұрт алдына сөйлей білу, өзінді тапқырлықпен тығырықтан алып шыға білуге баса назар аударылған. Кейіннен бұл ерекшелік еуропалықтарға, одан кейін араб

елдерінің тіршілігімен біте қайнасып кетті. Қазіргі таңдағы ғылымда филологияның атқаратын қызметі айрықша. Белгілі бір өркениетке ғана тиесілі болмай, әр халықтың әлемінде шарықтау шыңына өрмелеп барады десем қателеспеймін. Бүгінгі қоғамда бұл мамандық иелері ауадай қажет. Ұлттық рухтың оянуына, халықтың тілін, ділін сақтап қалуына ықпал ететін халықтың көзі мен құлағы болуға дағдыланған мамандар – осы филологтар. Мектепте оқушыларды мұғалімдер әдебиетке баулуға, тіліне баса мән беруге және әлем туралы таным - түйсігін оятуға ұмтылыды. Я дұрыс жаза білу, өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптастыра білу, болашағынның іргетасын қалаумен тең. Ал филолог мамандар келешекте дәл осы тұрғыдан да еліне елеулі еңбек сіңіре алады. Бұл мамандық иелері гуманитарлық салаға жақын жандар болады. Олар өлең немесе әңгіме жазып, не болмаса ғылыми зерттеулермен айналысуға бейім болады екен. Ұстаз болса оқушының алдында әдемі, таза сөйлеп, үлгі бола білуі қажет.

Филолог тілді жан-жақты зерттеп, оның функциясын, классификациясын білуі міндетті. Мысалы, жай ғана бір сөздің мағынасы мен шығу тегін, болмысын ашу керек болды осы филологтарға жүгінеріміз анық.

Бұл мамандық иелері кез келген мектеп, колледж, университет және музей, кітапханаларда қызмет ете алады.

«Филология» ағылшын тілінде сөйлейтін әлемде қиын кезеңде басталған. Көптеген колледждерде білім алған американдықтар бұл сөзді тани алмаған, көбнесе ескі грек немесе роман ноталық классиканың мәтіндері деп түсіндірген. Филология ғылымының патшасы, алғашқы ірі заманауи университеттердің мақтанышы – ол VIII және IX ғасырларда Германияда дамып жетілген деген болжам да бар. Америка Құрама Штаттарында және дамыған Ұлыбританияда өткен 1800-ші жылдардағы ең озық гуманистік зерттеулер, Еуропа мен Американың интеллектуалды өмірі арқылы генеративті ағымдарды жіберді.

Филологиялық білім беру – бұл классикалық гуманитарлық білім беру. Қазақстанда алғаш ашылған оқу орындарында білім беріле бастаған да дәл осы филология мамандығы болатын. Тарихи қалыптасқан бұл мамандықтың 90 жылдық тарихы бар. Бұл ғылым түріне тіл білімі, филология (тілтаным), әдебиеттану, коммуникация теориясы, лингвистика, аударма ісі, тіл мен әдебиетті оқыту методикасы, стилистика, тіл мәдениеті, тіл тарихы, тіл саясаты тәрізді тілге қатысты барлық бағыттар мен құбылыстардың жиынтығы жатады. Филология мен лингвистика – бүгінгі таңда әлемдік бағытта дамып жатқан ғылымдар. Себебі әлемдік үрдіске айналған әрі ортақ ғаламдастыру құндылықтарын қалыптастырып жатқан тілдік құбылыстар мен тілдік тенденциялардың орын алуына байланысты бұл ғылымның да дамып, кеңеюі, үлкен ғылыми-идеологиялық күшке айналуы байқалады. Сол сияқты қазақстандық филологияның да басты мақсаты – полимәдениетті білім беру бағдарламасын тағайындау. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның ғаламдық интеграцияға жақындауын жылдамдатады. Қазақстандық саясаттың негізгі эталонына айналған үштілді мемлекеттік саясаттың да орын алуына тікелей қазақстандық филологияның қатысы бар екені белгілі.

2013 жылдың 16-17 мамырындағы Білім және ғылым министрлігі тарапынан тұңғыш ұйымдастырылған I филологтар съезінің болуы да филологиялық бағыттың Қазақстан үшін маңыздылығын айқын байқатты. Филолог – ғалымдар мен мамандар, педагогтар бас қосқан бұл съезде Қазақстандағы филологиялық білім беру мәселелері – тіл мен әдебиетті оқытудың оқу-методикалық бағыты, заманауи білікті филолог мамандарды дайындау, тілдік саясат стратегиясын жүзеге асыру, лингвистикалық білім беру үлгілерін байыптау тәрізді мәселелері қаралды.

Филологиялық білім берудің имиджін қалыптастыру қолға алынып жатыр, бір жағынан, бұл өзекті де. Болашақ халықаралық бағдарламасы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Гумелев атындағы ЕҰУ, Бекетов атындағы ҚарМУ 20 оқытушы шетелде оқып келді. Қазақстандық тілдік модел бойынша, мемлекеттік тіл – қазақстандық қоғамды біріктіруші фактор. Дәл осы жерде филологтардың атқаратын қызметі мен жасайтын ғылыми-зерттеу жұмыстары, іске асырылған жобалар филологтардың көкжиегін кеңейте түседі. Полимәдениетті білім беру, қазақстандық көптілділікті, қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын қалыптастыру, мемлекеттік тілдің ұлттық корпусын жасау, мемлекеттік тілді мемлекеттік құрылымдардың барлық саласында қуаттандыру, ел аумағында этностық тілдерді дамыту, IT-мамандарды дайындау тәрізді мәселелер мен міндеттер филология мамандығының қоғамдық беделін арттыра түседі.

Сонымен қатар, Қазақстанда тілдік саясаттың басты рөлге айналуымен жалпы тіл білімінің ғылымдары социолінгвистика, психолінгвистика, антропоэзектік ғылымдарының дамуымен когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолінгвистика, тіл философиясы, қолданбалы лингвистиканың маңыздылығының артуымен компьютерлік лингвистика, корпусы лингвистика,

криминалды лингвистика салалары қалана бастады. Жалпы тіл білімі теориялары қарастыратын мәдениетаралық коммуникация мәселелері әлемдегі ең өзекті мәселеге айналған. Бұл тұрғыда Қазақстандағы тіл білімі салалары мәдениетаралық қатысымдағы қазақ тілі мәселелерін қарастырады. Тілді жүйелі-құрылымдық зерттеуден алып шығып тілді халықтың рухани-мәдени коды, адамның санасы тұрғысынан қарастыратын антропоөзектік бағыттар тіл біліміне жаңаша көзқарастар алып келді. Тілді функционалды, прагматикалық, коммуникативтік жағынан сипаттау прагмалингвистика теориялар қалыптасып жатыр. Қазіргі тіл білімінде тіл мен ақиқаттың арақатынасы, тіл мен ойлау арақатынасының терең заңдылықтарын ашатын когнитивті лингвистиканың қарқын алып келе жатқанын байқауға болады. Қоғам мен мемлекеттік органдарының сұранысына ие сот-сараптамалық лингвистикасы – юриспруденция мен лингвистиканың арасында қалыптасқан салааралық ғылыми пән. Мұндай қолданбалы пәндер – студенттердің ғана емес, кез келген қоғам мүшелерінің қызығушылығын тудыратын құбылыстар. Қоғам мүшелеріне де, барлық студент қауымға маңызды лингвистикалық экология мен әлеуметтік лингвистика саласы мемлекеттік тілдің маңыздылығымен шұғылданып отыр бүгінгі таңда.

Филологиялық білім берудің айырылмас бөлімі – бұл педагогика. Шет тілдерін, мемлекеттік тілді екінші шет тілі ретінде оқыту, шет тілдерін кәсіби мақсатта оқыту, оқытуда психологиялық аспектіні, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерді ескеру, орта білім беру жүйесіндегі филологиялық білім беру бағдары (кәсіби-бағдарлы қазақ тілі), методикалық ерекшеліктері тәрізді сан қырлы мәселелермен айналысатын бұл сала күрделі теориялық аймақ болып табылады. Жеке маманның кәсіби бейімделу сапасын қалыптастыру болашақ мамандардың сапалы даярлаудың шарты болмақ. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру – білім алушының шығармашылық қабілетін дамыта отырып, интеллектуалды белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, алған білімін қолдана алу қуатының қалыптасуы. Мәселен, 5В020500 – Филология: қазақ филологиясы мамандығы бойынша оқу жоспары негізінде «Қазақ тілінің функционалды аспектісі және өзекті мәселелері» атты білім беру бағыты енгізілген: бұл бойынша лингвистикалық білім берудің басты мақсаты – коммуникативті тұлғаны қалыптастыру. Тілдік құзіреттілік ретінде білім алып жатқан тілдің жүйесін деңгейлер бойынша меңгеру танылады: фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис, текст стилистикасының негізі.

Сонымен қатар, полимәдениетті білім беру мен мәдениетаралық қатынастар шеңберіндегі тілдердің өзара байланысын, лингвомәдени жағынан қарастыру, ұлттық эквиваленттердің арақатынасын көрсету, менталды айырмашылықтарын ажырату, шет тілін үйретуді кадрларды дайындауды бөлінбес бөлігіне айналдыру, өзге де мамандықтарды лингвистикалық даярлау мәселелері филологиялық пәндерді қалыптастыра алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Мектеп, 2005ж.
2. Айдархан Н. «Филология ғылымы туралы» ғылыми мақала. Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы, 2014ж.
3. Сарсекенова Қ.Қ. «Филология ғылымы: кеше, бүгін, келешекте». Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы, 2020ж. №6

УДК. 343.145.

ЗНАЧЕНИЕ СИНТАКСИСА В РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ

КИЯЛБЕКОВА Б.

Учитель русского языка и литературы, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Бұл мақалада орыс тілінің мақал-мәтелдерінің синтаксисінің негізгі сипаттамасы зерттелген. Негізгі анықтамалар беріліп, мақалдың жанр ретіндегі сәті қарастырылды. Орыс мақал-мәтелдерінің грамматикалық құрылымы мен фонетикалық сипатының негізгі ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, орыс тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі белгілері зерттелді, олар ең алдымен, мыналарды қамтиды: презентацияның қысқалығы, ойдың айқын көрінісі, күнделікті сөйлеуде кең таралуы, белгілі клишелерді қолдану, мақал-мәтелдің құрамдас бөліктерінің құрамы мен тәртібінің өзгермейтіндігі, ауызекі тілде әдетте дайын түрде көбейту, өрнектің тұрақтылығы,

бейнелеу және экспрессивтілік. Сондай-ақ, жұмыста әртүрлі типтегі мақал-мәтелдер жинақталған, олар синтаксистік конструкцияларға сәйкес жіктеледі. Мақал мәтелдер оларда қарапайым сөйлем бар; бағыныңқы орны бар күрделі және күрделі бағынышты; одақсыз күрделі сөйлем; сызықша; қос нүкте. Осы жіктемелердің әрқайсысына толық сипаттама берілген. Жіктеулерде ұсынылған мақал-мәтелдер синтаксистік сипаттағы конструкцияларына сәйкес талданады. Осылайша, мақалада орыс тіліндегі мақал-мәтелдердің негізгі аспектілері, олардың негізгі белгілері, әртүрлі типтегі маңызды ерекшеліктері және синтаксистік конструкциялар бойынша жіктелімдері толық қарастырылып, зерттелген.

Summary. This article examines the main characteristics of the syntax of proverbs of the Russian language. The main definitions are given, the moment about the proverb as a genre is considered. The main features of the grammatical structure and phonetic character of Russian proverbs are indicated. In addition, the main features of proverbs of the Russian language have been studied, which, first of all, include: brevity of presentation, clear expression of thought, fairly widespread in everyday speech, the use of well-known clichés, the immutability of the composition and order of the constituent parts of the proverb, reproduction in colloquial speech usually in ready-made form, stability of expression, imagery and expressiveness. The work also contains proverbs of various kinds, which are classified according to syntactic constructions. The proverbs with the presence of a simple sentence in them are considered; compound and compound with a subordinate clause; an unconnected compound sentence; a dash; colons. A full description is given for each of these classifications. The proverbs presented in the classifications are analyzed according to their syntactic constructions. Thus, the article fully examines and studies the main aspects of the proverbs of the Russian language with their main features, important features of various kinds and classifications by syntactic constructions.

Основным и самым главным средством общения между людьми считается язык. Именно он является в некотором роде орудием передачи собственных мыслей. С помощью языка людям удаётся полноценным образом понимать друг друга, поскольку он выражает совершенно все мысли и чувства человека. Здесь важно отметить, что слова могут обладать самой различной смысловой нагрузкой, имеющей существенное значение при общении. Особенно ярким образом семантика проявляет себя в строевых единицах языка. По большей части к ним относятся такие афоризмы, как пословицы, поговорки, крылатые выражения и др. Это определено тем, что именно в них смысловое значение является неотъемлемой и важнейшей частью таких выражений. Данная работа посвящена собственно рассмотрению и изучению пословиц.

Отдельным образом стоит выделить именно русские пословицы и рассмотреть их особенности. Русские пословицы образованы особым образом, они имеют собственную характерную для них структуру. По смысловой нагрузке данные выражения обладают способностью передавать множество точных мыслей, мудрости и опыта. Изучим главные особенности языкового характера пословиц русского языка с точки зрения грамматического строя, лексических и фонетических аспектов.

В первую очередь, важно выяснить, что собственно такое пословица. В словаре Ожегова дано следующее определение: «Пословица - краткое народное изречение с назидательным содержанием, народный афоризм». Стоит также отметить, что пословицы содержат в себе многовековую мудрость, которая прошла через десятки поколений. Данные изречения призывают человека к обдумыванию своих действий, учат любви, заботе, стремлению к самосовершенствованию и развитию. Пословицы не теряют свою актуальность, их употребление зачастую встречается и в современной речи людей. Пословицы представляют собой один из самых любопытных жанров фольклора. Данный жанр особым образом выражает мысли, чувства, мудрость и опыт русского народа. Пословицы рассматривают и изучают многие специалисты данной области, однако множество моментов до сих пор остается непонятым до конца и загадочным.

Различные используемые приёмы в пословицах дают возможность обобщения выражений, практически поднять пословицу до уровня метафоры. Иначе говоря, превратить пословицу в так называемый типический эквивалент буквально бесконечного числа ситуаций. Можно говорить также о так называемом «пословичном стиле», который существует практически вне времени: традиционность является настолько важнейшей его чертой, что собственно мысль об «истоках» данных выражений кажется некоторым противоречивым моментом.

Кроме того, к главным признакам пословиц, которые являются фразеологическими единицами русского языка, относятся: сжатость и краткость изложения выражения, чёткость

мысли, довольно широкая распространенность в бытовой речи, применение клише, неизменяемость состава и порядка составляющих частей пословицы, воспроизведение в разговорной речи обычно в готовом виде, устойчивость выражения, образность и экспрессивность.

Пословицы могут включать в себя самые различные средства русского языка. С их помощью происходит наиболее лучшее выражение точных мыслей, мудростей, которые имеют конкретную смысловую нагрузку. Пословицы могут являться простыми предложениями, сложносочиненными и сложноподчиненными, а также бессоюзными предложениями. К тому же, пословицы могут включать в себя тире или двоеточие. Ниже приведены и проанализированы некоторые пословицы, состоящие из разных предложений и средств русского языка.

Простые предложения в пословицах:

Береженого Бог бережет

Клин клином вышибают

Один в поле не воин

На чужой каравай рот не разевай

Данный тип пословиц, состоящих из простого предложения, встречается наиболее часто.

Важно отметить, что среди самых употребляемых пословиц русского языка, которые приведены в книге Г. Л. Пермякова, около 60% пословиц имеют отношение именно к такому типу (лишь 80% наиболее частотных пословиц являются простыми предложениями с единственным главным предикатом). Множество пословиц, являющихся простыми предложениями, употребляются в речи наиболее часто, нежели выражения какого-либо другого типа.

Сложносочиненное предложение:

Отец - рыбак, и дети в воду смотрят.

Бой красен мужеством, а приятель - дружеством. Глупый осудит, а умный рассудит. Горшок над котлом смеётся, а оба чёрные. Попытка не пытка, а спрос не беда. Начал за здоровье, а кончил за упокой.

Как и в предложениях, союз в пословицах может соединять высказывания однородного типа. Сложносочиненные предложения с союзом «и» и присоединительным союзом «да» зачастую выражают отношения временного характера со значением одновременности и последовательности. Кроме того, к значению временной последовательности в предложениях сложносочиненного вида с союзом «да» могут присоединяться условно-следственные отношения.

Сложноподчиненное предложение с придаточным места:

Где упадёт яблоко, там вырастет яблоня.

Куда сердце летит, туда и облако глядит.

Там, где роза растёт, её не ценят.

Смелый там найдёт, где робкий потеряет.

Придаточное предложение может находиться перед главным. Данный вид приёма применяется непосредственно для усиления смыслового значения придаточного. Особенно часто это можно замечать именно в пословицах, поскольку метод усиления в данных выражениях играет непосредственно значимую роль.

Бессоюзное сложное предложение:

Зайца ноги носят, волка зубы кормят, лису хвост бережёт.

Семь раз отмерь, один раз отрежь.

Руки поборят одного, знания - тысячу.

Одинокое дерево ветра боится, одинокий человек людей страшится.

Заставь дурака Богу молиться, он и лоб расшибет.

У каждой горы свой уклон, у каждого человека свой нрав.

Знающему - светло, незнающему темно.

Бессоюзное сложное предложение также зачастую можно встретить в пословицах.

Данный тип предложения в пословицах определён тем, что части его соединяются между собой при помощи интонации без наличия каких-либо союзов и союзных слов, как, например, происходит в сложносочиненных или сложноподчиненных предложениях.

Пословицы с тире:

Из слов моста не построишь - нужны брёвна.

Повторение - мать учения.

Волков бояться - в лес не ходить.

Таскал волк - потащили и волка.

Цветок сорви - и красота его увянет.

С миру по нитке - нищему рубаха.
За чужим погонишься - своё потеряешь.
Лес рубят - щепки летят.
Тише едешь - дальше будешь.
Любишь кататься - люби и саночки возить.
Хочешь есть калачи - не сиди на печи.
Слово не воробей, вылетит - не поймаешь.

Тире ставится между предложениями, которые не соединены с помощью союзов, если второе предложение включает в себе результат или вывод из того, о чем говорится в первом. Иначе говоря, тире является в некотором роде соединительным знаком. С его помощью соединяются части пословицы, это осуществляется непосредственно для точного описания выражения. Посредством тире первая часть поясняется второй, делая выражение полностью завершённым.

С двоеточием:

Всё в порядке: сани в Казани, хомут на базаре. Дорога матушка Родина: за золото не купишь, силой не возьмёшь.

Материнский гнев - что весенний снег: и много его выпадет, да скоро стает. Подлинная добродетель подобна реке: чем она глубже, тем меньше шумит. У кого какой вкус: кто любит дыню, а кто арбуз.

Двоеточие также довольно часто можно встретить в пословицах. После двоеточия в пословице буквально раскрывается первая её часть, объясняя и дополняя её. Собственно необходимость двоеточия в пословицах обусловлена тем же, чем и наличие в таких выражениях тире.

Таким образом, рассмотрев и изучив основные особенности пословиц русского языка, можно заключить, что пословицы являются необычайно разнообразными, а тема их изучения была и будет актуальной. Существует множество самых различных пословиц, которые раскрывают совершенно разные темы. В данной работе были приведены конкретные классификации в соответствии с синтаксическими конструкциями, после которых было дано их описание. Тем самым, пословицы по своей конструкции могут быть различными. Некоторые состоят из простого предложения, другие - из сложносочиненного, а какие-то образованы при помощи тире или двоеточия. Но каждая из пословиц несёт особую смысловую нагрузку, при помощи которой передаются все мысли, дающиеся для размышления. В заключении стоит сказать, что пословицы русского языка являются одними из частей культурного наследия всего народа, который передавал данные выражения из поколения в поколение. Это важная ценностная составляющая русского фольклора.

Список использованной литературы:

1. Грамматика русского языка. Т. 2. Ч. 2. Синтаксис. М.: Изд-во АН СССР, 1960. 702с.
2. Орфографический словарь русского языка/Под ред. С.И. Ожегова. [Кн.1]: А-О: словарь
3. Пермяков Г.Л., «Основы структурной паремиологии.» М.: Наука, 1988.
4. Подборнова Г. И. Пословицы и поговорки при изучении сложного предложения // Русский язык в школе и дома. - 2010. - № 1. - С. 27-29.
5. Розенталь Д.Э. Справочник по правописанию и литературно правке М.:2012.

УДК:81.26

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

МАМЫРОВА Н.М.

Учитель русского языка и литературы, средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада элеуметтік желілердің орыс тіліне қалай әсер ететіні айтылған.
Summary. The article says how social influence on Russian.

Понимать молодежный сленг не так-то просто: для этого нужно ежедневно общаться с молодежью или «зависать» в соответствующих интернет-пространствах.

Появление новых слов как раз наоборот показывает, что язык живее всех живых. Если он способен впитывать «чужеродные» слова и успешно их «переваривать», добавляя приставки и суффиксы, значит, все в порядке.

Большинство слов в жаргон современных подростков приходят из англоязычной среды.

Но как такие слова рождаются там? Нередко сленговые словечки в английский язык приходят из других языков, в том числе из русского. Структура образования подобных слов почти одинаковая во всех языках.

Словотворчество свойственно носителям большинства языков, поэтому все, что нужно для появления нового слова - чтобы его кто-то придумал, а потом - популяризовал. Частенько какое-то словечко придумывает один, а «форсит», то есть делает популярным, другой. Например, известный блогер, певец, артист или любая другая медийная личность.

При этом, у разных слов - разный срок «жизни»: если одни спокойно переходят из поколения в поколение, другие исчезают практически сразу после появления. И ни один лингвист, даже самый опытный, не сможет сказать навскидку, приживется конкретное или нет, остается только наблюдать. Взрослым может понадобиться специальный словарь, куда войдут все слова, значение которых кажется непонятным. Подростки всегда на своей волне, причем они настолько стараются отделиться от поколения своих родителей, что даже говорить начинают на своем, понятном только им языке. Так появляется молодежный сленг.

Люди намеренно искажают слова, и этот поток бессвязных и запутанных выражений становится невозможно смотреть, и приходится несколько раз перечитывать сообщения, чтобы понять, что он имел в виду. Это наблюдение вызвало следующий вопрос: как Интернет влияет на речь и язык? В результате появилась тема научной работы: «Влияние социальных сетей на русский язык».

С каждым годом дети говорят всё более запутанно и непонятно - для взрослых, конечно, сами-то они сходу в свежих словах разбираются. Англицизмы всё больше вплетаются в их речь, а новый сленг не слишком понятен даже миллениалам, не говоря уже о зумерах.

Не помните, кто это? Мы рассказывали вам о поколениях, а теперь поделимся подробным словариком, который поможет вам понимать своего ребёнка. Если услышали от подростка незнакомое слово, ищите его тут.

Зумерами называют нынешнее поколение - подростков и молодых людей в возрасте 10-20 лет. Если вам доводилось общаться с ними, особенно в Сети, вы, скорее всего, в курсе: разобрать их речь, ни разу не погуглив, иногда просто нереально. Но, по крайней мере, сейчас мы действительно имеем такую возможность - погуглить.

А для тех, кому интересно ознакомиться со всем списком сразу, мы собрали самые популярные и непонятные зумерские словечки в одном месте.

Если вы говорите секретарь, а не офис-менеджер, сообщение, а не месседж, кадровик, а не эйчар, демонстрационный зал, а не шоурум, то вам почти наверняка больше тридцати. Вы даже, скорее всего, помните, что значат слова «фужер» и «сервант», от которых нынешней молодёжи пахнет нафталином. Но если вы хотите понимать своих детей и внуков, стоит выучить пару десятков новомодных словечек.

Жиза - то же, что и «жизненно». Как правило, употребляется в ответ на рассказанную кем-то историю или случай, если человеку не понаслышке знакома ситуация.

Пик популярности фразы «изи изи» пришёлся на минувшее лето. Толчком к тому стал знаменитый рэп-баттл Оксимирона и Гнойного. Первый в ходе баттла часто повторял три фразы:

- 1) изи-изи (в данном случае он имел в виду – полегче, полегче, парень);
- 2) рил ток (от английского realtalk - реальный разговор);
- 3) синкэбаутит (от английского thinkaboutit- подумай об этом).

В последствии эти фразы оппонента высмеял в интервью Юрию Дудю рэпер Гнойный. Так они и ушли если не в народ, то в интернет-сферу - сначала в виде мемов, затем в виде «крылатых фраз». Самой популярной из них стала фраза «изи изи», которую многие сейчас используют как синоним слова легко.

Изи- (от английского слова easy - просто, ещё иногда пишется как ez) - чаще всего употребляется, когда нужно сказать, что что-то даётся без особых проблем, например, что «тест был изи», или даже «изишный».

Лайк - (от английского like - нравится) - это выражение одобрения в соцсетях, которое постепенно перешло и в жизнь. Так, если вашему наряду сказали «лайк», значит человеку нравится ваш образ.

Пранк- (от английского слова prank- розыгрыш) - шутка, розыгрыш, выходка. Чаще всего это очень жестокие и негативные подшучивания над другими, так что опасайтесь пранков. Те, кто часто разыгрывают людей и снимают это на видео, называются «пранкеры».

Хайп- (от английского hype - ажиотаж) - так называют искусственно созданную шумиху вокруг какого-то события или человека. Это то, о чём все говорят, но необязательно настолько крутое, как его разрекламировали.

Неправильное написание слов, различные сокращения, заимствования и использование интернет - сленга при общении в социальных сетях приведут к снижению грамотности и негативно скажутся на русском языке.

Переписку в чатах лингвисты называют «письменной разговорной речью». Она оформляется в письме, но полностью соответствует разговорной речи без заглавных букв и знаков препинания. Это тоже особая форма русского языка.

Для чего нужен сленг? Сленг делает речь короткой, эмоционально выразительной, говорящий может максимально полно и свободно выражать свои чувства и эмоции.

Приступая к изучению проблемы данного исследования, нам нужно будет выяснить, сколько времени в среднем шестиклассники проводят в интернете, и получить ответы на другие интересующие нас вопросы.

Изучив переписку, я сформулировал следующие причины использования ошибок:

-ускорить написание сообщения. В конце концов, писать сообщение в сокращенной форме намного быстрее, чем печатать весь текст целиком. Например: «что ты делаешь?» пишут «чд». Избежать этого можно, сократив текст по правилам русского языка, но это совсем не интересно многим пользователям;

-лень. Пользователи Интернета часто совершают преднамеренные ошибки из-за простого чувства лени;

-комфорт. Каждый из нас стремится сделать свою жизнь максимально комфортной, и общение в социальных сетях не исключение;

-внешнее воздействие. Много времени проводя в социальных сетях, мы постоянно сталкиваемся с интернет - сленгом, изучаем новые слова и не замечаем, как начинаем ими пользоваться. Так, речь многих блогеров социальной сети "YouTube" (пользователей, ведущих электронный дневник) полна популярных слов и фраз;

-желание быть новатором. Эта творческая деятельность в основном мешает речи подрастающего поколения. Таким образом, каждый человек хочет показать другим, что не отстает от времени, он «в теме»;

-влияние и подражание Западной культуры. Западная культура является основным «поставщиком» иностранных слов через популярную музыку и кино;

- скудность словарного запаса. Часто дети и подростки имеют небогатый словарный запас и не могут выразить свои мысли с помощью русского языка, где на помощь приходят слова иностранного языка.

Изучив основные аспекты влияния социальных сетей на язык пользователей, я хотел бы дать несколько рекомендаций, как избежать негативного воздействия Интернета, которое можно разделить на две группы.

Рекомендации для детей и подростков, активно пользующихся социальными сетями:

1. регулируйте время на посещение социальных сетей;

2. найдите то, что вам нравится, совершенствуйте себя и развивайте себя;

3. читайте как можно больше. Читайте интересный жанр литературы, который поможет грамотно донести свою точку зрения;

4. избавьтесь от привычки постоянно подключаться к сети и проверять почту, это поможет повысить вашу продуктивность;

5. поймите, что большая часть информации в интернете и социальных сетях совершенно нет пользы.

6. как можно больше общайтесь с друзьями и сверстниками в реальном мире, а не виртуальном.

Рекомендации для родителей:

1.повышайте уровень компьютерной грамотности, проявите интерес к тому, что означает определенный жаргонизм, используемый вашим ребенком (условное разговорное слово и выражение, используемое в отдельных социальных группах), что поможет вам достичь взаимопонимания между вами;

2.убедитесь, что нет проблем у ребенка в общении со сверстниками;

3.объясните ребенку, что умение грамотно излагать свои мысли в современном мире это залог успеха в будущее;

4.способствуйте раскрытию таланта ребенка, часто поощряйте за хорошие поступки, делайте все для всестороннего развития ребенка.

Основываясь на вышесказанном, я пришел к выводу, что социальные сети, к сожалению, негативно влияют на русский язык. Засоряется язык иностранными словами, которые используются в нашей речи без перевода. Социальная сеть не дает возможности задуматься над важными вопросами «как мы пишем" и «почему мы пишем». Это все негативно сказывается на подрастающее поколение, поскольку они учатся говорить неправильно, активно используют сленговые слова не только за компьютером, но и в повседневной речи, например, разговаривает друг с другом или общаясь между собой или записывая текст в тетради.

Результаты данной научной работы подтвердили гипотезу: неправильное написание слов, различные сокращения, заимствования и использование интернет-сленга при общении в социальных сетях приводят к снижению грамотности и негативно сказываются на русский язык.

Своей работой я хотел привлечь внимание детей и подростков к проблеме правильного написания слов в социальных сетях.

В современном информационном обществе неграмотность не должна быть нормой. Когда дети и подростки говорит и пишет правильно, это характеризует его как умного, развитого, интеллигентного современного человека.

Работая над проектом, помогло мне по-новому взглянуть на современную устную и письменную речь молодого поколения. Вскоре это может привести к неграмотности. Недаром учителя пытаются решить эту проблему на уроках русского языка и литературы.

Проще говоря, социальная сеть-это группа людей, между которыми есть определенные взаимоотношения, двусторонние или односторонние связи.С появлением интернета, разработанного в 1969 году, научная концепция Джеймса Барнса стала более популярной. Это привело к развитию социальных сетей во всемирной паутине.

Первая социальная сеть с использованием компьютерных технологий появилась в 1971 году. Он использовался военными для передачи информации через ARPANET. 17 лет спустя, в 1988 году, финский ученый Ярко Ойкаринен изобрел протокол «IRC»- ретрансляционный интернет-чат и программное обеспечение для его реализации.Теперь стало возможным общаться друг с другом в режиме реального времени. Однако в 1995 году социальные сети обрели реальную популярность.

Список использованной литературы:

1. Буторина Е. А. Интернет как лингвистический феномен // <http://www.gramota.ru/> 21 октября 2007.

2. Алексеева И. А. Русский язык. Методика и практика преподавания. - Рн/Д.: Феникс, 2002. - 320 с.

3.Герасимова А. С. Уникальное руководство по развитию речи / Под ред. Б. Ф. Сергеева. 2-е изд. - М.: Айрис - Пресс, 2012 г.

4..Кронгауз М. Русский язык на грани нервного срыва // <http://lib.rus.ec/b/150412/read>

ӘОЖ 82.048.12

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

БЕКТУРАЛИЕВА Ж.К.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается творчество писателя Беймбета Майлина.

Summary. The article examines the work of the writer BeimbetMailin.

Бейімбет Майлин шығармашылығы – көркемдік, ақындық мәдениетімен, саф, таза тілімен, суреткерлік шеберлігімен өзгешеленеді. Б.Майлин поэзиясының тіл ерекшеліктеріне алғашқы тарауларда азды-көпті тоқталып өткенбіз. Осы тарауда жазушы стилінің юморлық сипаттары мен оның прозалық шығармаларының тіл кестесінің кейбір өзгешеліктеріне назар аударып отырамыз.

Қаламгердің өскен ортасы, алған тәрбиесі оның творчествосына әсер етуі заңды құбылыс. Бейімбет қазақ халқының қалың ортасында – еңбекші бұқараның арасында өскен, кедей жалшы өмірімен біте қайнасқан жазушы. Сондықтан да халықтың оптимистік ақ жарқын характерін, әзіл-оспақ, қуақы-күлдіргілік мінезін өз бойына молынан сіңіреді. Осыған суреткер қай жанрдағы көркем шығармаларында болсын сол көзі бітпес бұлақтан алған мол нәрін – халықтық юмордың орнын тауып, құлпырта қолдана біледі. Бастан-аяқ юморлық стильде жазылған шығармалар Бейімбетте көп емес, бірақ ол қандай тақырыпқа жазса да, шығармасына қандай сюжетті өзек етсе де, юмордан қол үзген емес. Юмор бірде шығармаға әсерін басым тигізіп, бірінші орынға қойылса, бірде шағын эпизод, штрих арқылы жалт етеді. Қалайда юмор оның жазу мәнерінде жиі байқалатын өрнек, байырғы бояу.

Өмірде күлкілі жайлар аяқ басқан сайын кездеседі. Өмірдегі ішкі қайшылықты құбылыстар комизм туғызады. Олардың шын мәні мен формасының біріне-бірі қайшылығы күлкі шақырады. Белгілі құбылыстың формасы мен мазмұнының үстірт қарағанда сәйкестігінің шынында жалғандығын кенет байқау, өрескелдігін көру күлкі туғызады.

Мысалы, Бейімбет шығармаларында мынадай жәй суреттеледі. Жиылыс өткізуге келген өкіл жұрт алдына мінбеге шығып, портфелін ақтара бастайды. Отырғандар бір қажет документін, не жазылған баяндамасын іздеп жатыр-ау деп ойласа, өкіл портфелінен тарағын зорға тауып алып, шашын тарайды. Бұл құбылыс күлкі шақырады. Өкілдің амал-әрекеті мен оның нәтижесі қайшы көрінеді, өкілден жұрттың күткен үміті, оған бағасы кенет өзгереді, өкілдің қылығы оғаш көрінеді, күлкіге түрткі болады.

«Искусстводағы юмор өмірдегі комиктік жайларды суреттеу болып табылады. Әдебиетте образдың ерекше типі – юмористік образ. Мұндай образдың негізгі өзгешелігі – онда жазушының суреттеп отырған нәрсесіне өзінің қатысы, бағасы күн бұрын айқындалған болады» [1, 456.]. Суреткер оқушылар көзіне формасы мен мазмұны сәйкесті сияқты көрінетін, шынында ондай сәйкестігі жоқ, өмірдегі белгілі бір құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, келісімсіздігін ашып беруге тырысады. Қайшылық, келісімсіздік, өмірдегі екінші дәрежедегі құбылыстарға қатысты болуы мүмкін, құбылысты толығымен жоққа шығармай, оның ұсақ, қауіпсіз, зиянсыз кемшіліктерін күлкі етуге болады. Бұл – юморға, әзіл-әжуаға тән күлкі. Құбылыстың кемшіліктері қатаң бағаланатын болса, оған іш тарту байқалмаса, юмор сатираға ауысады, жұмсақ әзіл кекесінге, әзілді мысқылға жол береді.

Юмор құбылыстағы жекені, екінші дәрежедегі сынау, жоққа шығару да, сатира жалпыны, негізгіні жоққа шығару болып табылады. Юмор көбіне суреттелетін құбылыстың реалдық көрінісін сақтайды, сатира құбылыстың әдеттегі реалдық формасын бұзады, шартты түрде ұлғайтып көрсетуге бой ұрады.

Майлин стиліндегі юмордың көріністері қандай?

Майлинның юморы туралы там-тұм сөз болғанда, оның Гоголь мен Чеховтың юморына кейбір әдіс ұқсастығы айтылып жүр. Чехов әңгімелеріндегі өмірді юмористік тұрғыдан суреттеу тәсілдерінен Майлин шығармаларындағы өмірді юмористік бояуымен суреттеу тәсілдері кей ретте алшақ кетпейтінін көреміз. Бұл қандай тәсілдер? Ол тәсілдер: шығармадағы характерлердің комизмі, сюжеттің комизмі, соған байланысты шығарманың кейіпкерлері кездесетін жағдайлардың, портреттердің күлкілігі, сөйлеудегі күлкілік, адамның аты, фамилияларының күлкілік тұрғыда қойылуы, кейіпкерлерді қоршаған жағдайларды суреттеудегі күлкі. Чеховтағы комизмнің (күлкінің) осындай орындарда қолданылуын Бейімбет шығармаларынан да кездестіруге болады. Чеховта бір шығарманың шеңберінде-ақ аталған күлкілі жағдайлардың бірталайы ұшырасып қалады да, Бейімбетте олар көбіне әр шығармада шашыранды көрінеді. Характерлер комизмінің қызық мысалдарын біз «Талақ», «Ел күйеуі» сияқты шығармалардан көреміз.

Айдарбек – күйгелек мінезді, күйіп-піскен тартымы қысқа, қайтуы да шапшаң адам. Оның осы характері күлкі болады. Ашуланғанда әйелін жұдырықпен бір түйіп алып, кейін онымен татуласқанша асыққан құбылмалы мінезіне оқушы зілсіз күледі. Характері Айдарбекке қарама-қарсы адам – Бәкен (Раушан-коммунист повесі). Ол – шағын шаруасына мұқият, «қой аузынан шөп алмайтын» жуас, ешкімнің ыңғайын жықпайтын, әсіресе, әйелінің бетіне жел болып, келмейтін

жұмсақ мінезді адам. Ол шындап ашулана да алмайды, ашуланған болып көрінгісі келсе де, артынша күлкісі таяу тұрады.

Бәкен мінезіндегі осындай ерекшелікті жазушы қызықтап әзілдейді. Жаратылыстан жұмсақ мінезді Бәкеннің ашуға мінген кездегі қылығы күлкі боларлық. «Бәкен қандай қатты ашуға мінгенде де, Раушан күлімсіреп бетіне қараса жібіп сала беретін. Ақырында өзі де күліп жіберетін»– деп баяндайды автор. Раушанды адал жанымен сүйетін Бәкеннің тұрмыс түйткілінде оған таусыла ренжіген, ақылын ашу жеңген кездегі бір қимылы былайша беріледі: «Өзі-өз болып Раушанға бір-ақ қол тигізген, онда да дәлдеп ұрмай, сипай сілтеп, басындағы жаулығын ғана ұшырып түсіріп еді». Күлмей көр, кәні! Іс-әрекет пен оның нәтижесі арасындағы қайшылық еріксіз күлдіреді. Бәкеннің бишаралық қылығына, бір жағынан күлгенімен, екінші жағынан, оны аяйсын, ықыласын соған ауып отырады.

Бейімбет кей шығармаларында бос белбеу, болбыр, жай басар жалқауды, көк езу, көбік ауыз мылжынды келістіре ажуалайды. Адамның адамдық қасиеті еңбек үстінде сыналады. Болат білекті, қажырлы еңбек адамының ширақ, епекті қимылына қызығып сүйсінсең, етегіне сүрінген, бір басуға ерінген, өнімсіз митыңмен ұзақ күнді бос өткізетін, еңбекке қырсыз адамның сыйқына күлесің де қынжыласың. «Әміржанның әңгімесіндегі» Қосыбай отағасы, «Қырманда» повесіндегі Тышқамбай мен Құтпандар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді ұнататын жандар. Жазушы бұлардың берекесіз істерін күлкі етеді. Ішінде бала тіреп тұрғаннан жаман шірене қозғалатын Тышқамбай, балтасын білемдеп ұстап, аяғының астындағы ағашты шабар-шаппасын біле алмағандай екі оқтылана баяу қимылдайтын Қосыбай отағасылар жалқаулық, шабандыққа бой алдырғандар. Құтпанның бұлардан өзгешелігі– керенаулығына мылжындығы сай адам.

Майлиннің юморлық, сықақтық тұрғыдағы кейіпкерлерінің ішінде портрет жасау тәсілін салыстыра қарасақ, Ілияста карикатуралық стиль барынша айқын, ол жағымсыз кейіпкерлерінің сорақылық болмысын үйе-төге суреттейді. І.Жансүгіровтың «Жолдастар» романындағы Ықсан молданың кейіп-кескінін еске түсіре кетейік: «Қымызға келгенде түп жоқ кісі ноғай Ықсан молда... өзі үлкен үйелмелдей кісі. Майдан көзі бітіп, мұрны үшкірленіп қалған. Мойны мен жауырыны тұтасып, ит бастанып қалыпты. Омырауы есіктей болып, қарны да дастарқанға сүйретіліп отыр. Бұған берген қымыз да бір сабадан бір сабаға қотарылған сияқты. Өзі бұрыннан құрсақты молда, іші кеңіген сайын айы жақындаған әйелдей айналып отыра алмай, тек сүйретіліп отыр. Ыңқ-ыңқ етеді. Сөйлесе, қоздайтын қойдай мекіренеді»... [2, 76б.]. Бұл нағыз карикатуралық портрет.

Ара-тұра болса да Бейімбетте де карикатуралық портретте жоқ емес. «Қырманда» повесінде Досқожаны: «Ебдейсіз ирендеген бойы, шамадан тыс сорайған мойны, үрпиіп иығын жапқан шашы, әсіресе бет-ауыздан бітісі бөлек кекірейіп имиген тұмсығы–мұны адамнан гөрі басқа мақұлыққа ұқсатқандай еді»,–деп суреттейді автор. «Мұрны» деудің орынан «тұмсығы» деумен-ақ автор Досжанның бас қондырысын адамнан гөрі құсқа ұқсас етіп әдейі күлкі шақырады. Ілиястағы Ықсанның портреті мен Бейімбеттегі Досжанның портретінің оқушыға берер әсері әртүрлі. Досжанның ұсқынсыздығына жәй күлесің де қоясың, ал Ықсанның сыйқына күлумен бірге оның адамдық бейнеден шыға семіргеніне, арамтамақ мешкейлігіне күлесің де жиренесің.

Еңбексіз тапқан мал-дәулетке семірген, жатып ішер бай-бәйбішені суреттегенде, Бейімбет олардың сыртқы тұлғасын жалпылай алып, екінші бір нәрсеге ұлғайта теңес сықақ етеді. «Желі басында обадай боп, Сержан бай тұр. Күртеше шапанды қусырып, түймесін салайын десе де, онысы тырсылдап жетпейді. Қарнының ересен жуандығы сонда ғана есіне түскендей боп, сипап-сипап қояды» («Берен»).

Б.Майлин стиліндегі өшпес өрнек–оның юморының көріністерін жинақтасақ, мыналарды аңғаруға болар еді.

1.Автор қандай тақырыпқа жазса да, юморлық қалпын бұзбайды, оның юморы жайдары юмор, жұмсақ әзіл, ұнамды кейіпкерлерін де әзілмен қытықтайды.

2.Адам характеріндегі түбірлі кемшіліктерді ашқанда (жалқаулық, бойкүйездік, мылжындық) келекеге, сықаққа жол береді.

3.Еңбекші халыққа қарсы таптың өкілдері: бай-бәйбіше, би-болыс пен ескі идеологияның уағызшылары: молда-кожаларды әшкерелегенде, ащы мысал көрініп қалады.

4.Жазушының юморлық тәсілі мінез-құлық, жүріс-тұрыс, іс-әрекет ерсілігін, көзге түртер үйлессіздікті, кейіп-кескініндегі ұсқынсыздықты (портрет) баяндауда, кейіпкердің атын қылығына лайық қоюда, табиғат көріністерін ойнақыландыра суреттеуде, тіл кестесінде айқын байқалады.

Қорыта айтқанда, Б.Майлиннің жазу мәнері, стильдік өзгешелігі–прозалық шығармаларының түгелдей өзгерген өмірдің шежіресін шертуінде, композициялық құрылысының

үйлесімді қиыстырылуында, сюжетінің айқын жеңілдігінде, юморлық бояуы қанық тілінің шұрайлы, қарапайым болуында дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1991. –267б.
2. Жансүгіров І. Шығармалары. Бес томдық. –Алматы: Білім, 1986.–389б.

ӘОЖ 82.075.13

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

ИСМАМБЕТОВА Л.М.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БУЗЬКО А.

№40 гимназияның 5 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ: ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
ф.ғ.к., доцент м.а., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается преемственность традиций в истории казахской литературы.

Summaru. The article considers the continuity of traditions in the history of Kazakh literature.

Зар заман ақындары творчествосының танымдық, қоғамдық, көркемдік мәнін толық ұғыну үшін әдебиетте орнықтырған бейнелеу әдіс-тәсілдері, дәстүрлері, үлгі-өнегесі қалай жалғастық тапқанын арнайы қарастыруымыз қажет. Көркемдік дәстүр жалғастығы жайында Н.Келімбетов былай дейді: “Тарихи жалғастық – қоғам дамуының объективті заңдылығы екені мәлім. Мұндай жалғастықтың өзі қоғамда қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделеді. Дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан, келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің рухани негізі болып табылады. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені, әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны – жаңа қоғамдық, тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады” [1, 60б].

Зар заман ақыны Дулаттың шығармашылық дәстүрін дамытып, жалғастырған ізбазар ақын деп, қазақ жазба поэзиясының ұлы ақыны Абайды айтамыз. Ғалым Р. Сыздықова пікіріне сүйенсек: “Абайды қазақ көркем сөзі мен әдеби тілінің жаңа кезеңін бастаушы, оларды жаңа сапаға көтеруші, сөз өрнегінің соны үлгілерін ұсынушы деп танығанда, сол жаңалықтардың, сол үлгі қалыптардың әрі қарай жалғасуын іздейміз. Егер жалғаспаса, ол жаңа кезең, жаңа өрнек болып саналмай, дүниеге бір-ақ рет келіп, тұйықталып қалған феномендік құбылыс болып табылар еді.

Абайды ұлы деп танытып отырған белгі – оның поэтикалық дәстүрінің, рухани қазынасының, көркем тілінің жалғастық тапқандығынан, өзінен кейінгілерге үлгі-эталон болғандығынан көрінеді”, – дейді [2, 18б].

Дулат пен Абай XIX ғасырда өмір сүрген ақындардан қаншалықты оқшау, дара тұрса, өлеңдеріне тән өлшем-үлгілерімен де өз кезінің поэзиясынан соншалықты ерекшеленіп тұрады. Дулат өлеңдеріне тән өлшем-өрнектердің қайсыбірі кісіні өте көне дәуірге жетелесе, ал енді бір парасы Абай өлеңдерінің өлшем-өрнектеріне әкеледі. Қ. Өмірәлиевтің айтуына қарағанда, “XI ғасырдағы түріктердің ауызша және жазбаша поэзиясында екеуіне тел ортақ – а а а б - ә ә ә б – в в в б... – түрінде ұйқас құрайтын 7-8 буынды өлең үлгісі болды” [3; 61б]. Айталық, Махмұд Қашғаридың “*Диуани лұғат ат-түрк*” сөздігінде мынадай жыр үлгісі бар:

Иай барубан еркүзі,

Ақты ақын мундузы,

Тоғды йаруғ йулдузы,
Тыңла сөзүм күлкүсүз,
Түрлүк чечек йарылды,
Барчын йазым керілді,
Ужмақ йері көрүлді,
Тумлуғ йана келгүсүз.

Міне, ХІ ғасыр өлеңіне тән өлшем-үлгі өзінің бар осы ерекшеліктерімен ХІХ ғасырда Дулат өлеңдерінде қайталанады:

Атаны бала алдады,
Шешеге назар салмады.
Теңгерер жақсы қалмады,
Қысқа менен ұзынды...
Мәстек озып бәйге алды,
Бағасыз қыран жай қалды,
Достықтың қылы үзілді.

Дулат жырларының бір өзіндік ерекшелігі – Қашғари өмір сүрген түркі дәуірінен бастау алып, ұлы Абай салған қазақтың төл жазба әдебиетіне дейінгі дәуірге желі болып тартылған айшықты жырлар мен отты ойлар тудыруы. Ол – нағыз ақындық үлгіде өлең жазып, оның негізін салды деп айтуға әбден лайық адам. Дулат – қазақ төл жазба әдебиетінің алғашқы нышандарын тудырған ұлы реформатор. Профессор Рабиға Сыздықова: “Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Европа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын. Қазақ поэзиясы Абайға дейін ауызша жаралып, ауызша таралған болды, қазіргі жазба поэзияны бастаушы – Абай десек, Абайдың тақыр жерден өнер таппағанын және білуіміз керек [2, 1546].

М.Әуезов өзінің “Әр жылдар ойлары” атты еңбегінде, Абай нәр алған, үйренген, творчестволық қайнар көздері туралы: “Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тұмалары, екіншісі – Шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер. Үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері” [4, 1546] – деп жазады.

Абай тек халық поэзиясынан нәр алып қана қоймай, көне түрік поэзиясына да ден қойған. Көне түркі жазбалары мен қазіргі заманғы қазақ әдебиеті арасында тікелей байланыс болмағанымен, дәстүр сабақтастығы өзінен-өзі көрініс беріп жататыны бізге мәлім. Біздің тілге тиек ететін орта ғасыр мұралары мен жазба әдебиетінің арасындағы сабақтастық та ең алдымен, адамгершілік, имандылық, тазалық мәселесімен тікелей байланысты. Құл Қожа Ахмет Иассауи жалынды жырымен қасиетті Құран Кәрімді түркі баласына өз тілінде уағыздауы ең алдымен, бізге жеткен үлкен дүниесі “Диуани Хикметтен” басталады. “Диуани Хикмет” пен қазақ жазба әдебиетінің арасындағы дәстүр жалғастығының іздерін іздеп көрейік.

Хақты сүй, пендешілік қамын жеме,
Кісінің, қыл көпір тұр малын жеме.
Қарындас, қатын бала кімнен қалмас.
Қожа Ахмет, сынды сорлы, сағың неге.

Алғашқы хикметтерінде-ақ осылайша адамдықтың ізгі жолы – жаратушы Аллаһ-Тағаланың адамзатқа жіберген хақиқи діни Исламда екенін насихаттайды. Осындай ғибрат алар, ұрпаққа ұран тәлім-тәрбиеге толы жырлар, әсіресе ХІХ ғасырда жыраулар поэзиясы мен жазба әдебиетінің арасына көпір бола білген ұлы Абайдың ұстазы Дулат Бабатайұлының шығармаларында көрініс беріп отырады.

Әлі-ақ көзің жойылар,
Мынау жалған дүниенің,
Батып кеткен күнмен тең.
Пайдасы жоқ дүние,
Қай күн өтер біліңіз,
Мың күн сүрген ғұмырың,
Ұйқыда көрген түспен тең –

дейді Дулат. Ал Абай:

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?

Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

немесе:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді алладан, оның төрті,
Алланытанытуға сөз айырмас.
Ал Абайдың замандасы, шәкірті Әріп ақын “Өлім туралы” деген өлеңінде:
Сыбызғы, сырнай қызық әлі –ақ кетер,
Білдірмей жүргеніңде ажал жетер,
Бақи санап жүргенің бәрі фәни,
Өкініш сонда қалар, өмір өтер –

деп жырлайды.

XX ғасырдың басындағы ақындардың лирикалық өлеңдерінде қазіргі заман философиясындағы озық үлгілерінің көзқарастары толық көрінісін тапты. Жаратылыстың заңдылықтары туралы әлемдік ғылыми-теориялық, гуманистік-философиялық ойларға ұлттық топырақтағы ойшылдық іліммен жауап бере отырып, ақындар қазақ поэзиясының дүниетанымдық кеңістігінде мазмұн мен пішіннің көркемдік мүмкіндіктерін байыта түсті.

Ал енді Сұлтанмахмұтты алсақ, оның әлем-дүние, өмірдің мағынасы, адам тағдыры туралы ой-толғаулары көбінесе әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан Абай өлеңдерімен үндесіп келеді. Мәселен, Абай пайдакөр дін адамдарын:

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңілі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі! –
деп суреттесе, Сұлтанмахмұт:
Мынау төрде ишандар,
Аузы- басы қисандар.
Ат-тоныңмен жұтады,
Аузына егер сисандар.
Сұлтанмахмұт бұл жағынан Абайды өзіне үлгі тұтқан.

Сұлтанмахмұт сатирасы жөнінде Т. Қожакеев былай дейді: “Ақын Абай дәстүрімен қазақ қауымындағы әділетсіздік жайлар мен тап теңсіздігіне көп шүйлікті. Егер өткен ғасырдағы ағартушы-демократ ақынымыз бай отбасы жылы үйде ет жеп отырғанда, кедей бала-шағасының күйсіз, жадау, жабырқап отыратынын көрсе, осындай таптық теңсіздікте С.Торайғыров та тап басып, танып, өзінше жырлады.

Байлар үшін жаралған қазына мал,
Ол маған ұстауға емес, көруге бар.
Адам ұлын алалап, бірдей қылмай,
Нағыз жауыз, байлық, сен пейілі тар, –

деді.

Сұлтанмахмұт байлыққа қарап мұны айтса, кедейлікке беттеп, мынаны айтады:
Жанды жеп сен ғой мені арытатын,
Күнің жоқ ат пен асқа жарытатын.
Жыртықтан жылтылдаған жас денемді
Күнге қақтап, аязға қарытатын.

Бұл екі шумақтағы ашу-ыза байлық пен кедейлікке емес, соны тудырып отырған қоғамға, заманға білдіріліп отыр. Сұлтанмахмұт кедейлікті “жан алғышқа”, “түсі суық жыланға” теңейді.

....Абай тек теңсіздікті ашып қоймай, байлардың мінезін, психологиясын ақтарта отырады.

Байлар жүр жиған малын қорғалатып,
Өз жүзін, онын беріп алар сатып, –

деп, олардың ішпей-жемей жинайтын малқорлығын сынайды.

Сұлтанмахмұт осы пікірді:

Байлар көп жатып ішер, арам тамақ,
Өсірген, қызығын көрмей, басын санап, –

деп өзіндік жолдармен береді. Бұл да үстем таптың сарандығын, жатып ішер жалқаулығын, арамтамақтығын шенейді” [5, 1056].

Абайдың ақындық дәстүрі Мағжан өлеңдерінде де кеңінен көрінеді. Себебі, Мағжан алғашқы өлеңдерін Ыбырай Алтынсарин, Абайдан бастаған және жаңа ғасыр басында жетекші әдеби бағытқа айналған ағартушылық-демократтық арнада жазғаны мәлім.

Мағжанның поэзиясы – ой мен идеяның, терең мазмұн мен шебер, көркем түрдің, Абайша айтқанда “Сырты алтын, іші күміс сөз жақсысы”, сөз патшалығынан тұратын классикалық поэзия.

Мағжан рухы–көк түрік рухы. Мағжан трагедиясы – ұлттық, көк түріктің – Алаштың трагедиясы еді. Сондықтан Мағжан:

Өткен күн таң - тамаша ертегі ғой,
Ерлері ертегінің өртеді ғой:
Айырылып от екпінді ерлерінен,
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой, –

деген өлең жолы қазақ халқы бастан кешкен трагедиялы хал айқын білінеді.

Мағжан поэзиясының сыршылдығы жайында З.Ахметов: “Мағжан поэзиясында қоғамдық мәселелерді қозғау, талдап-баяндаудан нәзік сыршылдық басым жатыр. Мағжанның сыршылдығы – сезім тереңдігінен туатын ешбір жасандылығы жоқ, нағыз лирикалық сыршылдық. Өмірден алынған сезім-әсерлермен нәрленген, көркем қиялмен қанаттанған сыршылдық.

...Абайдың көңіл-күй лирикасына, немесе табиғат лирикасына жататын өлеңдерінде сыршылдық сарыны айқын көрінеді” [6, 486] – дейді. Табиғатты жырлауда ұлы Абай қалыптастырған идеялық-мазмұндық және көркемдік стильдік дәстүрді жалғастырған ақындардың өлеңдерінің эстетикалық танымдық әсері мол болды. Жүсіпбек Аймауытұлы “Мағжанның ақындығы туралы” деген мақаласында былай дейді: “Ақын тұрмысқа өмірде қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Адам – алдағыш, адам-жауыз, өмір-азап, келешек-қараңғы, бәрі өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол–табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік-міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған даруы” [7, 1546].

Демек, табиғатты жырлау арқылы ақынға өмірге деген құштарлық сезімдерін ұштайды. XX ғасыр басындағы табиғат туралы өлеңдердің жырлануында мынадай саралануы байқалады: біріншісі – жылдың төрт маусымдық (көктем, жаз, күз, қыс) мезгілдерін бір-біріне жалғастыра жырлау. Бұлайша жырлаудың Шығыс халықтарында ортақ жүйемен жүретінін де байқаймыз. Жылдың басы наурыздан бастап, жыл аяғы ақпанға дейінгі аралықтағы табиғат көріністері бір жүйемен жырланады. Мысалы, Мағжанның “Жазғытұры”, “Жазғы таң”, “Жыл мезгілдері”, “Күз”, “Жазғы түнде”, “Жаз келеді”, “Алатау”, Міржақыптың “Наурыз”, Шәкәрімнің “Жаз келер”, Бернияз Күлеевтің “Жазғы дала”, Илиястың “Біздің жазда”, “Жаз- құдаша”, “Май”, “Таң”, Сәкеннің “Жазғытұры”, “Жайлауға көшу”, “Май алдында”, “Жаңа жыл” және т.б.

XX ғасыр басындағы аталған табиғат туралы өлеңдерде дала келбеті, оның әрбір сәтіндегі дамылсыз, үздіксіз жүріп жатқан қозғалыстардың, өзгерістердің түрлі-түсті бояулары – бәрі де психологиялық тұрғыда суреттеледі. Даланың өзендері мен көлдерінің, таулары мен ормандарының, аспанының, топырағының, өсімдіктерінің ауасының–бәрінің өзара үндескен табиғи келісімді сұлулық тұнған әлемін бейнелеуде ұлттық дүниетанымға сай нақыштарға кезігеміз. Ақындар жылдың көктемін балалық, жасөспірімдік, жазын есею, ер жету, күзін егделену, қысын қартаю секілді адам өмірінің белестеріне баламалау арқылы өмір сырларының философиялық мәнін ашады.

Расында да, өткеннің бедері әр халықтың өнері мен әдебиетінде, сәулеті мен дәстүрінде қалатындығы сөз жоқ. Қорыта айтқанда, сан ғасырларға созылған зар заман ақындары поэзиясындағы дәстүр жалғастығының тарихын зерттеу арқылы жыраулар поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғаулар мен мақал-мәтелдердің қайнар бастаулары ежелгі түркі дәуірінің көркем сөз өнерінде жатқандығын дәлелдедік. Ежелгі дәуір әдебиеті мен ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, зар заман поэзиясы арасындағы сан ғасырларға созылып жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы үзілген емес, әлі де өз дәстүр жалғастығын таба бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 2008. –264 б.
- 2 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. (Монография). – Алматы: Санат, 2008.– 208 б.
- 3 Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 270 б.

4 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1999. –556 б.

5 Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 2000. –464 б.

6 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2000. –272 б.

7 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 420б.

ӘОЖ. 894.342

Б.КЕНЖЕБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ТАЖИБАЕВА А.М.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается, что выдающийся представитель казахской литературоведческой науки Б.Кенжебаев имеет большое место в общественном сознании страны, является выдающимся ученым, внесшим большой вклад в формирование казахской периодической печати и издательского дела, особенно в создании научной основы истории казахской литературы.

Summary. The article discusses that the outstanding representative of Kazakh literary science B. Kenzhebaev has a large place in the public consciousness of the country, is an outstanding scientist who has made a great contribution to the formation of the Kazakh periodical press and publishing, especially in the creation of a scientific basis for the history of Kazakh literature

Қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев – өзінің саналы ғұмырын ұстаздық пен ғылымға арнап, осы қос арнада тек арына ғана жүгініп, адал еңбек еткен біртуар тұлға. Жаңа ғасырдың басталуымен бірге дүниеге келіп, заман өзгерістерінің куәсі болған Бейсенбай Кенжебаев өз дәуірінің ұлы еді. Оның азамат болып қалыптасуында Шығыстан шыққан жалынды жас қайраткер Ғани Мұратбаевтың еңбегі өте зор. Өмірін алғашқы белесінде жаста болса, елге бас болған азаматтың тәрбиесін алып, тәлімін көрген балаң жігіт алдына ұлы мақсаттар қойды. Сол мақсатқа жетуге өзін-өзі дайындай да алды. Ол – оқу, білім алу, алған білімді ұлт керегіне жарата білу мақсатына толық жетті. Ташкент, Мәскеу секілді қалаларда білім бұлағынан сусындап, алғашқыда әртүрлі баспасөз орындарында, соның ішінде «Еңбекші қазақ» сынды сындарлы басылымда еңбек еткен Бейсенбай Кенжебаев, білімін жетілдіріп, 1942 жылы Қазақ ұлттық университетін бітіреді. Міне сол тұстан бастап, ол кісі осынау білім ордасымен біте қайнасып кетті. 1944 жылдан 1974 жылға дейін қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Ұлы М.Әуезовпен қанаттаса қызмет істеп, Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеттану ғылымының көш бастаушысына, әрі әдебиетші ғалымдар мен әдебиетші ұстаздар дайындаудың ұстаханасына айналуына өлшеусіз зор үлес қосты.

Ғұлама ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың екі үлкен еңбегін атап айтқан ләзім. Оның біріншісі – Б.Кенжебаев осы Қазақ ұлттық университетінде студенттерге дәріс бере жүріп, алғашқы болып қазақ әдебиеті тарихының бастауларын ежелгі дәуірлерге алып бару мәселесін көтеріп, ғылыми ортаға қозғау салды. Бұрын қазақ әдебиеті тарихы ХҮІІІ ғасырдан басталады деген тұжырым белең алып келсе де, Бейсенбай Кенжебаев пікір қарсыластарының беделіне, атақ-даңқына қарамастан өз тұжырымының дұрыстығын дәлелдеп, жүйелі ой-танымды алға тартты. Сонымен бірге талантты да дарынды шәкірттерін осы бір жүгі ауыр болғанымен, абыройы үлкен іске қосып, өз тұжырымының шындығына ғылыми ортаның көзін жеткізді. Сол шәкірттер – бүгінгі әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар, ұлтының мақтанышына айналған Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин сынды ел азаматтары. Кеше дүниеден өткен қазақтың белгілі ғалымдарының бірі, ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші көрнекті ғалым Алма Қыраубаева да осы Бейсенбай Кенжебаевтың талантты шәкірті еді. Ендеше, қазақ әдебиетінің тарихын ХҮІІІ ғасырдан Ү-ғасырға апарып, 13 ғасырға тереңдету Бейсенбай Кенжебаев жасаған ерліктің бірі десек, артық айтқандық емес.

Б.Кенжебаев еңбегінің екінші бір арналы саласы – қазақ әдебиеті үшін алтын ғасыр болып саналатын – ХХ ғасыр басындағы әдебиет екені белгілі. Оның бұл саладағы зерттеулері ғасыр басындағы әдебиеттің талай алыптарының тарихтың «ақтаңдағына» айналып, әдеби айналымнан

шығып қалуынан сақтады. XX ғасыр басындағы Абайдан кейінгі ұлы ақындарымыздың бірі С.Торайғыровтан бастап, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәді Жәңгіров, Әубәкір Шоқанов, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Ақмолла Мұхамедияров т.б. талай ақын-жазушылар осы Бейсенбай Кенжебаевтың бейнетті еңбегінің, қажымас қайратының арқасында әдеби айналымға еніп, университеттер мен институттарда оқытыла бастады. Сондықтан да ғалымның 1958 жылы басылып шығып, докторлығына негіз болған «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты монографиясы мен сонау 1966 жылдан бері бірнеше қайтара басылып, бүгінге дейін студенттер қолынан түспей келе жатқан «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» атты оқулығы алтын ғасыр әдебиетінің сырлы жұмбағын шешкен, дерек көзінің молдығы, терең тұжырымдары арқылы үлкен ғылыми-әдістемелік мәнге ие бағалы еңбектер болып табылады.

Ғалымның «Жиырманшы жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1958), «XX ғасыр басындағы қазақтың демократ жазушылары» (1958), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1976, 1993), «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері» (1974), «Жылдар жемісі» (1984), «Әдебиет белестері» (1986), «Асау жүрек» (1994) т.б. ондаған ірі еңбектер мен оқулықтары, оқу құралдары әдебиет тарихын оқыту мен зерттеуде аса қажетті іргелі еңбектер болып табылады. Профессор Б.Кенжебаев негізін салған осы іргетаста бүгінгі Қазақстан әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының сәулетті сарайы бой көтеруде.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті – проф. Б.Кенжебаевтың ғылыми жұмыстарының негізгі арнасы. С.Торайғыровтың ақындығы туралы диссертацияға материал жинай бастаған қырқыншы жылдардан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін бұл тақырыптан қол үзген жоқ. Бұл – қауіпті тұстары мол, проблемасы көп қиын тақырып еді. Оған тереңдеу барысында Кеңес үкіметі «ақиқатқа» айналдырған талай жайлардың беті ашылды.

Бейсенбай Кенжебаев – ғалым, филология ғылымдарының докторы (1959), профессор (1961). «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары (монография)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С.Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М.Сералин, М.О.Әуезов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Ғалым «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) атты еңбектерін жазды. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948) кітабының фольклорға қатысты тарауларын жазып, «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы» (1955), «Біржан сал мен Сараның айтысқаны» (1955), т.б. зерттеулерін жариялады. «Тымпи» (1943, 1981), «Көңіл ашар» (1971) сатиралық фольклор мұраларын бастырды. Кенжебаев – көркем проза («Асау жүрек», 1928) және аударма саласында да (Г.Мопассан, Э.Хемингуэй, Лу Синь, Я.Гашек, А.П.Чехов, т.б. жазушылардың әңгімелері) еңбек етті. А.С.Пушкин шығармаларының қазақша библиографиялық көрсеткішін (М.М.Фетисовпен бірге) жасады.

Б.Кенжебаевтың әдебиет тарихын алғаш дәуірлеген кезеңде оны құптаған, қоштаған ғалымдардың қарасы өте аз болғандығын білеміз. Бейсенбайтанушы ғалым Қ.Ергөбек бұл туралы былай деп жазған болатын: «...жаңалықты көпшілік бірден қабылдамады. Тек академик Ә. Марғұлан, профессорлар В.Сидельников пен М.Ақынжанов қана әдебиетіміздің тарихын Y-YIII ғасырлардағы Орхон- Енисей жазбаларынан бастаған орынды екендігіне пікірлер қосты» [1, 476.].

Күні кешеге дейін орын алған қазақ әдебиетінің тарихы 18 ғасырдан басталады дейтін концепцияның терістігін ғылыми соны материалдар, тарихи деректер арқылы дәлелдеген Б.Кенжебаев осы тақырыпта көптеген мақалалар циклын жазды. Солардың ішінен іріктелініп алынып, толықтырылғаны қайтадан редакцияланған «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы», «Мол қазына, мол мұра», «Қисса – сул-әнбия», «Кодекс- куманикус» сияқты материалдар кітаптың өзегін құраған. Екінші жүйе – қазақ эпосының тарихын, көне тамырларын зерттейтін еңбектер. «Қорқыт», «Қобыланды» мақалаларында жаңа ойлар, соны ғылыми тұжырымдар бар» [2, 326.]. «Әдебиет тарихын халық тарихымен байланыстыра қарау, әдеби мұраны лениндік позициядан бағалау – Б. Кенжебаевтың ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі басты принцип. Күні кеше ғана қазақ жазба әдебиетінің тарихы өткен ғасырдан басталады делінсе, қазір де жазба әдебиет тарихы Y-YIII ғасырлармен байланысты айтылады, бұл үлкен жетістік. Көне жазба ескерткіштердің ғылыми,

әдеби мәнін анықтау, хандық дәуіріндегі әдебиеттің мұралық сипатын белгілеуден кейін әдебиет тарихының көкжиегі айқындала түсті» [3, 64б.].

Ғылымда сан алуан пікір бар. Пікірді айту кез-келген көзі қарақты ғалым үшін оңай. Бірақ, оны дәлелдеу мен негіздеу жағы қиын. Сондықтан да, ғалымға өз пікірін орнықтыру мақсатында көп еңбектенуіне тура келді. Бұл тұста Б.Кенжебаевтың осы мақсатта жазылған көптеген мақалаларын тілге тиек етуімізге болады. Олар «Қазақ әдеби тілінің тарихы жайлы», «Жүйелі үлгі», «Өзбек әдебиетінің тарихы» секілді еңбектер-мақалалары еді. Бұлар арқылы ғалым өз пікірін ғылымға орнықтырды деп мүлдем айта алмаймыз, өйткені, бұл аталмыш пікірдің жұртқа жария бола бастауы ғана еді.

Б.Кенжебаев салған осы соқпақтың негізінде көптеген ғалымдарымыз қызмет етті. Бұлардың көпшілігі ғалымның өз шәкірттері еді. Бұл қатарда А.Қыраубаеваның, М.Мағауиннің күрделі еңбектері бар. Ұстаздың еңбегін шәкірт жалғастыруы – ғылымда екі бірдей буынның бір мақсатта жұмыс жасағанын көрсетеді.

Бұл жолды жалғастырушы шәкірт-ғалымдарының болуы – Б.Кенжебаев еңбегін еселей түскендей танылады. Өйткені, ғалым бір сұхбатында былай пікір толғайды: «Ертедегі жазба әдебиеттерді зерттеуде көптеген ғалымдар арасында біржақты пікірлер туып келген болатын. Мұны зерттеуде көп кедергілер бола беретін. Әйтсе де, жас ғалым М.Жолдасбеков бұл салада жемісті еңбек етіп жүр. Ол Орхон-Енисей жазбаларының қазақ әдебиетіне қатыстылығы жөнінде кандидаттық диссертация қорғады. Сонымен қатар М.Мағауиннің ХІҮ-ХҮІ ғасыр, Қ.Сыдиықовтың ХҮІІ–ХҮІІІ ғасыр әдебиеті жайлы зерттеулері – сөз жок, аса құнды дүниелер. Сөйтіп, әдебиетіміздің тарихын сонау Орхон дәуірінен бастауға мүмкіндік туды. Осының нәтижесінде қазақ әдебиетін арнаулы курстарға бөліп оқытуға жағдай туып отыр.

Жоғарыда аталған ғалымдарымыздың бәрі дерлік осы өз факультетіміздің түлектері. Әрбір ұстаз лекция оқып қана қоймай, олар өз шәкірттерінің сапалы білім алуына, олардың бойындағы ғылымға, білімге деген құштарлықты оятып, оған қамқоршы бола білуі керек. Олай болса, ғылымға икемі, қабілеті бар жастарды біз алғашқы курстан бастап-ақ қамқорлыққа алып, ақыл-кеңестер беріп отырамыз. Студенттердің жыл сайынғы ғылыми конференцияларында баяндамалар береміз. Әйтеуір, қайткен күнде де ондай адамдарды жоғалтпауға, қайткен күнде де ондай адамдарды өсіріп шығаруға тырысамыз. Өйткені, біздің болашағымыздың өзі осы жастар емес пе? Факультетімізде келешегінен үлкен үміт күттіретін жастар аз емес. Солардың ішінде мен әсіресе Алма Қыраубаеваны атар едім» [4, 38б.].

Бұл арналы зерттеуді бастаушы Б.Кенжебаев болса, оның пікірін іліп әкетіп, осы салада орасан зор іс атқарып, дамытқан, салаландырған оның шәкірттері еді. Сол кездегі шәкірт, бүгінгі танымал ғалым М.Жолдасбеков өз пікірінде қазақ тарихын өткен ғасырлар бедерінен іздеудің күрделілігі мен маңыздылығы турасында былай жазды: «Әртүрлі себептермен ұзақ жылдар бойы байтақ әдебиетіміздің ерте кезеңі зерттелмей, оқытылмай келгені мәлім. Соның салдарынан сан ұрпақ құрдымнан келе жатқан ғажайып жыр-дастандар мен даналық кітаптарын біле алған жоқ. Туған әдебиетіміздің терең тамырларына алғаш батыл барлау жасап, оның көне көзін ашқан, сөйтіп әрі көрегендік, әрі көсемдік көрсеткен кісі әдебиет тарихының білгірлерінің бірі, біразымыздың ұстазымыз Бейсембай Кенжебайұлы еді. Бейсекеңнің жетекшілігімен мың тоғыз жүз алпысыншы жылдардың басында Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің жаңа мектебі қалыптасты. 1967 жылы «Ежелгі әдебиет нұсқалары деп аталатын тұңғыш хрестоматия жарияланды. Бұл еңбек қазақ әдебиетінің ең көне, ежелгі әдебиеттерінің бірі екендігін дәлелдеді. Сол бір тар кезеңде Бейсембай Кенжебайұлымен пікірлес, тағдырлас болғанымды, туған әдебиетіміздің терең арнасына түсіп, көне көзін ашқанымды, сөйтіп университет аудиториясында тұңғыш рет «Ежелгі әдебиет» деп аталатын лекциялық курстың негізделіп, қалыптастырылуына өз үлесімді қосқанымды бақыт санаймын» [5, 57б.].

«Қазақ сөз өнерінің көне түрік дәуіріндегі рухани мұралармен табиғи жалғастығы, осыған орай әдебиет тарихын да жаңаша жүйелеу керектігі туралы алғаш рет мәселе көтерген профессор Бейсембай Кенжебайұлы еді. Тарихи деректерге, әдебиеттің даму заңдылығына, орыс және батыс ғалымдарының қалыптасқан таным, зерттеулеріне сүйеніп айтылған бұл даусыз ақиқат баспасөз бетінде де, ғылыми ортада да мазаққа, келекеге ұшырады.....Күлкіге ұшыраған, жалпы жұртқа мазақ болған аяулы Бейсекең университеттің өзі басқарып отырған қазақ әдебиеті кафедрасының негізгі жұмысын көне әдебиетке – ғасырлар тереңіне қарай бағыттапты, бұл қиын іске өзі ғана белсене кіріспей, пікірлес, тілектес інілерін де араластырыпты, бар үмітін келер ұрпақтан күтіп, жасы жиырмаға жаңа ілінген жастарға – өзі студент кезінен бастап баулыған шәкірт аспиранттарына ауыр міндет жүктепті» [6, 31б.]. «...Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін жоғары оқу

орындарында оқыту ісін 1965 жылы профессор Бейсенбай Кенжебайұлы тұңғыш рет қолға алған болатын» [6, 396].

Сол кезең үшін бұл мәселені қозғау, онынан пікір айту қиын болғанымен де, көзіқарақты қауымның уақыт өте бағалағаны, мұны орасан зор еңбек тұрғысынан қарастырғаны да жоқ емес, заманымыздың сүлей ақыны Әбілда Тәжібаев өзінің бір сөзінде «Абай атындағы Қазақ педагогика институты мен Академиямыздың Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында да мықтап орын тепкен кертартпалыққа қарамай (тарихты 18-ғасырдан бастауды қолдайтындар), Қазақтың С.М.Киров атындағы университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында да жаңа идея орын ала берді. «Орхон ескерткіштері және оның қазақ әдебиетіне қатысы» деген тақырыпта арнайы зерттеу жұмысы жүргізіле бастады. Бұл идеяны қызу бастап, айнымай, сескенбей қозғаған профессор марқұм Бейсенбай Кенжебайұлы, кафедрада «Ежелгі әдебиет» деген атпен курс дайындап сабақ жүргізді», – деп мақтаншпен жазғанын көреміз.

Мұндай үлкен ізденістің нәтижесінде Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихын өткен замандар бедерінен іздеуі ғылыми дәйектемелер арқылы жанданып, нәтижесінде түркі халықтарына ортақ әдебиет бүгінгі алып та, бай қазақ әдебиетінің бастауы, алғашқы баспалдақтары деген ой орныға бастаған еді. Ғалымның 1973 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» деп аталатын кітабы осы ойды ғылыми негіздеп, концепцияларын айқын көрсетуімен ерекшеленеді. Ғалым қазақ әдебиетінің тарихын бас кезеңге бөліп жіктеді.

«Бұрынғы әдебиет (Ү-ХҮ ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуірлеріндегі әдебиеті. Көбінше, сол замандардан түрік ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет;

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (ХҮ-ХІХ ғасыр арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті;

Қазақтың ХІХ ғасырдағы жаңа, сыншыл, реалистік әдебиеті;

Қазақтың ХХ ғасыр басындағы (1890-1920 жылдардағы) әдебиеті;

Қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиет.

Ғалымның еңбегі текке кетпегенін осы күні Б.Кенжебаев есімін күллі түркі жұртының әдебиеттанушылары құрметтеуінен аңғарамыз. Бұл мәселе тегіміздің түркі екенін таныған уақыттан бастап тіпті кең қанат жайды. Сондықтан да, түркология саласының бір бағытын Б. Кенжебаев есімі арқылы қарастырамыз.

Бейсенбай Кенжебаевтың ғұмырнамасын жасап, ұстаздығы мен ғалымдығын жете зерттеп жүрген ғалым Құлбек Ергөбековтің айтуынша, Бейсенбайдың ХХ ғасыр әдебиеті тақырыбына баруына және оның терең зерттеуге ден қоюына бағыт беруші ұлы Мұхтар Әуезов көрінеді [7, 636]. Әрі замандасы, әрі ұстазы осынау ұлы тұлғаның өзіне деген адами азаматтық сенімін Бейсенбай Кенжебаев артығымен ақтады. Өйткені, ол небәрі 20 жылдық уақыт кезеңін қамтығанымен, күрделілігі жағынан алғанда бір ғасыр емес, түгел дәуір жүгін арқалаған әдебиеттің бүкіл болмысын жарқырата ашып, тарихын жасады, белгілі бір жүйеге түсірді.

Иә, бұл оңайлықпен орындалар дүние емес, оған қажымас қайрат, мұқалмас жігер, ерен еңбек, ғаламат қайсарлық қажет-ақ. Бұл қасиеттер Бейсенбай Кенжебаев бойынан табылды. Соның нәтижесінде ғалым қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ғылыми жүйесінің негізін қалаған, сол дәуір ақын-жазушыларының азды-көпті дүниесін түгел түгендеген, сөйтіп кезең әдебиетінің тарихын жасаушы аса көрнекті ғұлама ғалым ретінде рухани мәдениетімізден мәңгілік орын алды.

Әдебиеттің тарихын жасау – оның жүріп өткен жолдарын, әдеби құбылыстарын сол кездердің әлеуметтік-тарихи жағдайы аясында, қоғамдық оқиғаларымен тығыз байланыста қарастыру деген сөз. Өйткені, әдебиет дегеніміз – белгілі бір қоғамдық өмірдің, дәуірдің тұтастай алғандағы көркем бейнесі. Әлеуметтік өмірдің зәру проблемалары сол дәуірдің әдебиетінде қаншалықты көрініс тапқандығын, уақыт талабына, ұлттық, халықтық мүдделерге қаншалықты жауап беріп, қызмет ете алғандығын анықтау әдебиет тарихшысының алдында тұрады. Мұның өзі зерттеушіден бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктерімен, оның ішінде зерттеу әдістерімен де толық қарулануды қажет етеді, етіп қана қоймайды, талап етеді.

Бейсенбай Кенжебаев – еліміздің қоғамдық санасында үлкен орны бар аса көрнекті ғалымдардың бірі. Қазақ мерзімді баспасөзі мен баспа ісінің қалыптасуына, әдебиеттану, әсіресе, ғылыми негізді қазақ әдебиетінің тарихын жасауда айрықша зор еңбек сіңірді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ергөбеков Б. Мәуелі өмір // Қазақстан мұғалімі. –1979. – №39.–8қыркүйек.

2. Сүйіншәлиев Х., Нұрғалиев Р... Профессор Бейсембай Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» еңбегінің қолжазбасына пікір. ҚРМОА. – 1739. №3. 78-іс.
3. Еспенбетов А. Өнегелі өмір // Семей таңы. – 1974. – № 18. – 19 қараша.
4. Кенжебаев Б. Ат тұяғын тай басар // Қазақ университеті. – 1969. – № 16. – 21 тамыз.
5. Жолдасбеков М. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 245б.
6. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Рауан, 1991. – 201б.
7. Ергөбеков Б. Қайран да қайран, Бейсекең! // Егемен Қазақстан. – №5. – 2004. – 6 қазан.

ӘОЖ 82.051.20

ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

НАРБЕКОВА А.М.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема историчности в казахской устной литературе.
Summary. The article examines the problem of historicity in Kazakh oral literature.

Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан фольклорды, ондағы қазақ тарихының мәселелері әуелі халық мұрасын жинаудан басталады десек, оның екінші үлкен саласы фольклорды зерттеу, ғылыми тұжырым, ой-пікірлер айту, фольклордың халықтық табиғатын ашу түрлі проблемаларды қамтиды.

Фольклорды зерттеуде негізгі ойда өмір болар мәселе – оның нағыз халық өнері екендігін және сол өзі тудырған халыққа қызмет ететіндігін есте ұстау. Ауыз әдебиеті мұрасының тарихи құндылығын анықтайтын шарттар деп осы шығарманың өзінен туындауға тиіс. Бұл жағдайда басшылыққа алу ауыз әдебиетіндегі тарихи шындықты зерттеушінің негізгі міндеті.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі тарихилық мәселесінің түбегейлі зерттелуі кеңестік уақытта ерекше қарқымен дамыды. Ә.Диваевтың фольклорлық еңбектерінің біразы Ұлы Октябрь революциясынан кейін, кеңестік жаңа дәуірде жазылды. Ауыз әдебиеті материалдарын жүйелеу, қайтадан классификациялау, түсініктер жазу, батырлар жырына алғысөз жазу, т.б. толып жатқан қызметі кеңестік фольклористикаға қызмет етті.

Ә.Диваев материалдарының мол бөлігі 1920 жылы ұйымдастырылған Жетісу, Сырдария экспедицияларының жинап әкелген мұралардан тұрады. Бұлар негізінен жарияланып үлгермей, қолжазба күйінде қалған. Экспедиция материалдары ауыз әдебиеті жанрларының бәрін қамтыған және бұл материалдар әр уезден, әр ауылдан жиналып, топтастырылған. Диваевтың ғылыми ой-пікірлерінің даму, қалыптасу эволюциясын қадалағанда ең алғаш оның кішігірім түсініктемелерден басталатынын аңғарамыз. Қ.Жұмалиев: «...ауыз әдебиетін жинауға ат салысып, оның әлеуметтік сырын ашуда еңбек еткендер, қазақ әдебиетінің классиктері Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және әсіресе, көп еңбек сіңірген атақты фольклорист-ғалым Ә.Диваев» – деп, ерекше ілтипатпен айтады [1, 111б.].

Осы тұста Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов және тағы басқа Алаш ардақтыларының игі бастамасын атап кетпеуге болмайды. Осы кезеңнен бастап, кезінде ауыз әдебиетінің жинаушыларының аздығынан көп мұра қағазға түсірілмей қалса, фольклор біршама жинала бастады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі негізгі жанрлардың бірі – тарихи жырлар. Ш.Уәлиханов алғашқы рет «тарихи жыр» («исторический джир») терминін қолданған осы жанрдың зерттелуі кеңестік дәуірде ерекше орын алды. Бұған белгілі әдебиетші ғалымдар С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, Н.С.Смирнова, Б.Кенжебаев, М.Жармұхамедов еңбектері куә. Қазақ халық ауыз әдебиетінде «тарихи жыр» деген жеке жанр бар екенің анықтап бергендердің бірі – М.Әуезов. Ғалым – батырлық эпос пен тарихи жыр айырмашылығы туралы былай деп жазады: «Тарихи жырлардың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылданған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» [2, 74б.].

Қ.Жұмалиев пен Н.С.Смирнова еңбектерінде тарихи жыр біршама зерттелді. Қ.Жұмалиев тарихи жырдың жеке жанр екенін айта отырып, оның батырлық эпостан айырмашылығын дұрыс көрсете білді. Н.С. Смирнова да тарихи жырды жеке жанр ретінде сөз ете отырып, оны тарихи өлең мен батырлық эпос арасындағы аралық жанр ретінде қарайды. Тарихи жыр мен батырлық эпосты зерттеу ісімен айналысқан ғалымдардың бірі – Б.Кенжебаев. Ол тарихи жырдың жеке жанр екенін айта отырып, тарих пен жыр әр уақытта бірдей бола бермейтінін ескертеді.

Бейсенбай Кенжебаев – ғалым, филология ғылымдарының докторы (1959), профессор (1961). «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары (монография бойынша)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С.Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М.Сералин, М.О.Әуезов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан (XIX ғ.) басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Еңбектері: «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) атты еңбектерін жазды. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948) кітабының фольклорға қатысты тарауларын жазып, «Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы» (1955), «Біржан сал мен Сараның айтысқаны» (1955), т.б. зерттеулерін жариялады. «Тымпи» (1943, 1981), «Көңіл ашар» (1971) сатиралық фольклор мұраларын бастырды. Кенжебаев – көркем проза («Асау жүрек», 1928) және аударма саласында да (Г.Мопассан, Э.Хемингуэй, Лу Синь, Я.Гашек, А.П.Чехов, т.б. жазушылардың әңгімелері) еңбек етті. А.С.Пушкин шығармаларының қазақша библиографиялық көрсеткішін (М.М.Фетисовпен бірге) жасады.

Б.Кенжебаевтың әдебиет тарихын алғаш дәуірлеген кезеңде оны құптаған, қоштаған ғалымдардың қарасы өте аз болғандығын білеміз. Бейсембайтанушы ғалым Қ.Ергөбек бұл туралы былай деп жазған болатын: «...жаңалықты көпшілік бірден қабылдамады. Тек академик Ә. Марғұлан, профессорлар В.Сидельников пен М.Ақынжанов қана әдебиетіміздің тарихын Y-ҮІІІ ғасырлардағы Орхон-Енисей жазбаларынан бастаған орынды екендігіне пікірлер қосты» [3, 476.].

Күні кешеге дейін орын алған қазақ әдебиетінің тарихы 18 ғасырдан басталады дейтін концепцияның терістігін ғылыми соны материалдар, тарихи деректер арқылы дәлелдеген Б.Кенжебаев осы тақырыпта көптеген мақалалар циклын жазды. Солардың ішінен іріктелініп алынып, толықтырылғаны қайтадан редакцияланған «Қазақ әдебиетінің тарихы туралы», «Мол қазына, мол мұра», «Қисса сул-әнбия», «Кодекс-куманикус» сияқты материалдар кітаптың өзегін құраған. Екінші жүйе – қазақ эпосының тарихын, көне тамырларын зерттейтін еңбектер. «Қорқыт», «Қобыланды» мақалаларында жаңа ойлар, соны ғылыми тұжырымдар бар» [4; 326.].

«Әдебиет тарихын халық тарихымен байланыстыра қарау, әдеби мұраны лениндік позициядан бағалау – Б. Кенжебаевтың ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі басты принцип. Күні кеше ғана қазақ жазба әдебиетінің тарихы өткен ғасырдан басталады делінсе, қазір де жазба әдебиет тарихы Y-ҮІІІ ғасырлармен байланысты айтылады, бұл үлкен жетістік. Көне жазба ескерткіштердің ғылыми, әдеби мәнін анықтау, хандық дәуірдегі әдебиеттің мұралық сипатын белгілеуден кейін әдебиет тарихының көкжиегі айқындала түсті», - дейді ғалым Ханғали Сүйіншәлиев [5, 646.].

Ғылымда сан алуан пікір бар. Пікірді айту кез келген көзі қарақты ғалым үшін оңай. Бірақ, оны дәлелдеу мен негіздеу жағы қиын. Сондықтан да, ғалымға өз пікірін орнықтыру мақсатында көп еңбектенуіне тура келді. Бұл тұста Б. Кенжебаевтың осы мақсатта жазылған көптеген мақалаларын тілге тиек етуімізге болады. Олар «Қазақ әдеби тілінің тарихы жайлы», «Жүйелі үлгі», «Өзбек әдебиетінің тарихы» секілді еңбектер-мақалалары еді. Бұлар арқылы ғалым өз пікірін ғылымға орнықтырды деп мүлдем айта алмаймыз, өйткені, бұл аталмыш пікірдің жұртқа жария бола бастауы ғана еді. Б. Кенжебаев салған осы соқпақтың негізінде көптеген ғалымдарымыз қызмет етті. Бұлардың көпшілігі ғалымның өз шәкірттері еді. Бұл қатарда А. Қыраубаеваның, М.Мағауиннің күрделі еңбектері бар. Ұстаздың еңбегін шәкірт жалғастыруы – ғылымда екі бірдей буынның бір мақсатта жұмыс жасағанын көрсетеді.

Сонымен қатар, тарихи жырларды зерттеумен көп уақыт айналысқан ғалым Е.Ысмайылов болды. Бұл жанрға көп көңіл бөліп, бірнеше зерттеу жұмыстарын жазды. Алғашқы еңбегінде ғалым тарихи жырларды батырлық эпоспен қосып қарады.

Е.Ысмайылов тарихи жырды жеке жанр ретінде қарастырып, оның жанрлық ерекшелігіне тоқталады және шығармаларды хронологиялық принциппен саралай отырып, тарихи жырларды 4 дәуірде бөліп қарауды ұсынады:

- 1.Орта ғасырда
- 2.XVII ғасырда
- 3.XIX ғасырда
- 4.XX ғасырда туған шығармалар [6].

Е.Ысмайылов тарихи жыр мен эпостың айырмашылығын ашып көрсетті: «Тарихи оқиға, тарихи батыр өмірі неғұрлым оның ізі суымаған бертіндегі дәуірде өтетін болса, оны жырлаушы ақын, анығына әбден қанатын болса, соғұрлым ол шығармада эпостық жырдың элементі аз болады, соғұрлым реализм элементі басым, айқын беріледі. Қазақтың Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Ер Тарғын сияқты батырлар жырының негізінде ертерек кезде ел басынан кешкен тарихи оқиға, тарихи батырдың өмірдің жатқандығы даусыз. Бірақ ол жырлар ғасырлар бойы ақыннан ақынға ауызша айтылып жетіп, әуелгі тарихи оқиғалардың сілемі, сүрлеуі ғана сақталып, олар біртіндеп эпостық жырға айналып кеткен. Ондай тарихи батыр туралы аңыз, әңгімелер батырлық жыр үлгісіне айналып жырлана бастау фактісін XVII ғасырдағы батырлар туралы тарихи жырлардан байқауымызға болады. «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Олжабай батыр» тағы басқа жырларда тарихи оқиға мен аңыз, ертегі элементтері араласып келеді. Қабанбай келер жауды алдын ала түсінде көріп, болжап біледі, немесе төнген қауіпті туының дірілдеуінен байқады т.б. [6, 46б.].

Тарихи жырды зерттеудегі басты мәселелердің бірі жыр мен тарихтың ара қатынасын анықтау. Міне, осы мәселеге Е. Ысмайылов қатты көңіл бөледі. Ғалым Әз Жәнібек, Есім хан аттарына байланысты тарихи жырларды талдап, олардың тарихи шындықпен ара қатынасын анықтаған. Е.Ысмайылов «Монғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезеңіндегі, қазақ хандығы тұсындағы оқиғаларды баяндайтын шығармалардың басым көпшілігі аңыз, толғау түрінде келеді, ал сол заман оқиғаларын баяндайтын жырлардан бізге жеткені көп емес», – дейді. Мысал ретінде «Ақсақ құлан» аңызын келтіреді. Халық күйін Шыңғыс ханға баласы Шожының өлімін күй арқылы жеткізген. Бұл аңыздың негізінде тарихи шындық жатыр, – дейді ғалым [6, 35б.].

Көптеген аңыздар мен жырларда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар сөз болады. 1780-1800 жылдардағы Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық және XIX ғасырдың басындағы Көтібар, Арыстан Жаналин т.б. батырлар бастаған көтерілістерге арналған шығармалар халық ауыз әдебиетінде орын алған.

Тарихи жырлар нақты бір оқиға желісінде туған шығармалар. Тарихи жыр көркем шығарма болғандықтан тарихи деректер онда өңделіп, әсерлендіріліп көрсетіледі. Тарихи жыр батырлық эпос пен тарихи өлеңнің арасындағы жанр. Өлеңдегі тарихи оқиға өзінен кейін туады да, ел арасына тарап кетеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер, 1905 жылғы тұңғыш орыс революциясы, орыс-жапон соғысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – осының барлығы халық поэзиясының өзінің көркем суреттерін тапты. Бірақ тарихи жырлардың ең көп туған уақыты 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсы болды. Осы уақытта туған шығармаларын мазмұндық және жанрлық жағынан бір келкі емес екені анық. Көтерілістің алғашқы кезеңінің көрсететін шығармалары толғау түрінде болып келеді.

Екінші кезең, көтерілісшілердің ерлік күресін суреттейтін жорық, соғыс жырларын туғызған. Үшінші кезең, көтерілістің жеңіліспен аяқталуына байланысты туған мұңды, зарлы, қайғылы өлеңдерге тән келеді. Төртінші кезеңге, майданға алынған жігіттердің елге, туған-туысқандарына арнаған сәлем хат өлеңдері, ал 5-ші кезеңге, үлкен эпикалық шығармалардың жазыла бастауы үйлесімді келеді. «Оған Күдері ақынның «Аманкелдінің Торғайды алғаны», Омар Шипиннің «Амангельды», Нүрпейіс Байғаниннің «Өрістеген өмір», И.Дәукебаевтің «Бекболат», Кенен Әзербәевтің «Әли батыр», Саядыл ақынның «Бес мылтық» поэмалары мысал бола алады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы шығармалар бұрынғы халық ауыз әдебиетінің дәстүрімен тамырлас болса, екінші жағынан жазба әдебиетке ұласқан жаңа шығармалар болып табылады. Сонымен қатар көтеріліске байланысты туған жырлар мен дастандардан тарихи жырлардың даму жылдарын көруге болады. Ең алдымен, көтеріліс кезінде тек көлемі шағын өлеңдер ғана туды. Ал көтеріліс аяқталып, біраз уақыт өткен соң сюжетті жағынан қызық өлеңдердің басын қоса отырып, қонымды поэзиялық шығармалар жазылған. «1916 жыл көтерілісінің ерлігі, –дейді Е.Ысмайылов, оның ел қорғаны сияқты қайғылы хәлі де соншама

елеулі болды. Халық әдебиеті сол дәуірдің ерекшелігін бірдей көрсетті, бірдей сипаттады. Халық әдебиетінің соншалықты айқын тарихи бір көрінісі осында, 1916 жыл көтерілісі туралы халық әдебиеті қазақ халқының азаттық жолындағы күресін сипаттаған идеялық, көркемдік жағынан жаңа сатыға көтерілген революцияшыл поэзия болды [6, 326].

Халық тарихындағы елеулі оқиғалар сол халық поэзиясында өте анық көрінді. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: бұдан ертеректе және кейінгі заманда туған тарихи жырларда халық өміріндегі тарихи оқиғалар негіз бола отырып суреттелген. Тарихи жырлардан негізінен бұқара халықтан шыққан қарапайым адамға мән беріледі. Батырлық эпостық әсері мол кезде пайда болған тарихи жырларда, бұрын-соңды болған оқиғалар бір адамның бойынан танылып, ол асқан батыр бейнесінде көрінеді. Бірақ жеке адам мен деректер сол кездегі тарихи жағдайдан бөлініп алынбайды. Мұны: Абылай, Олжабай, Бөгенбай, Қабанбай және т.б. жырлардан көруге болады. Сонымен қатар осы тарихи жырлар XVIII ғасырдың өзінде пайда болмаған. Ол кезде тек кішігірім тарихи өлеңдер мен аңыз - әңгімелер ғана туып, кейін XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында солардың негізінде үлкен-үлкен тарихи жырлар дүниеге келген.

Ойымызды түйіндей айтқанда, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда және XX ғасырдың басында туған тарихи жырларға халық басынан өткен түрлі-түрлі дүрбелең оқиғалар өзіндік, фольклорлық сипатта суреттелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ., Ысмайылов Е. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселесі. т.1. – Алматы: Жалын, 1958. – 245б.
2. Ауезов М.О. и Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа. Лит. критик, 1999. – № 10, – 10- 13б.
3. Ергөбеков Б. Мәуелі өмір // Қазақстан мұғалімі. – 1979. – №39. – 8 қыркүйек.
4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, Жазушы, 1973. – 236б.
5. Сүйіншәлиев Х., Нұрғалиев Р. Профессор Бейсембай Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» еңбегінің қолжазбасына пікір. ҚРМОА. – 1739. №3. 78-іс.
6. Ысмайылов Е. 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Жазушы, 1999. Т.1. – 385б.

ӘОЖ 82.855.05

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ-ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ

АБДРАМАНОВА Г.Б.

Иван Трубицын атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектеп гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. Статья посвящена роману-эпосе М.Ауэзова «Абай-жолы», рассматривается понятие творческого человека

Summary. The article is devoted to M. Auevov's epic novel "Abai-Zholi", the concept of a creative person is considered

«Шығармашылық тұлға туралы роман түрі XX ғасырдың басында қалыптасты. “Суреткер және оның дәуірі”, “адам және тарих” мәселелері көптеген жазушылардың шығармашылық қиялын тербеді. Ромэн Роллан өзінің әйгілі қаһармандық биографияларын тудырды: “Бетховен өмірі”, “Микеланджело”, “Толстой өмірі”. Бірақ оның суреттеуінде қаһармандар жалғыз шың ретінде дәріптелді» [1, 288б.]. М.Әуезов өзінің әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясын қалай жазғаны туралы оқушы жұртшылыққа арнайы таныстырған «Абай» романының жазылу жайынан» атты мақаласында ең басты мақсаты – «ұлы ақынды, ақын өмір сүрген дәуірдің тарихи шындығын көрсету мақсатындағы творчестволық ісі» екенін түсіндіреді [2, 106б.]. Жазушы «Абай жолы» эпопеясына тарихи романдар деп түсінік береді. Батыс жазушыларының тарихи романдарын көп оқып-зерттегенін айтады. Жұртқа мәлім «Петр Бірінші», «Емельян Пугачев», «Степан Разин» сияқты тарихи романдардан өзінің туындысының ерекшелігін атап көрсетеді. Аталмыш романдардың басты қаһармандары қоғам қайраткерлері, қолбасшы, батырлар екені, ал «Абай жолы» батыр емес, ақын туралы роман, басты кейіпкер – творчестволық тұлға екенін оқырманға

айтып ескертеді. Демек, ақын жөніндегі кітапқа тән ерекшелікті жазушының түсіндіруі бойынша, творчестволық еңбегінің туындысы деп білген жөн.

М.Әуезов творчествоның адамы жөнінде жазылған көп романдарды оқып-зерттегенін мәлімдейді. Олардың барлығы жазушыны қанағаттандырмағанын, бірін ұнатса, бірін ұнатпағанын байқауға болады. Өз сөзіне ден қойсақ: «бірінен қалай жазу керектігін үйрендім, бірінен қалай жазбау керектігін үйрендім» [2, 107 б.].

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы басты кейіпкер жөнінде М.Әуезовтің өз сөзінде былай делінген: «...менің геройым – творчестволық тұлға, демек, қоғамдық құбылыс есебінде көрінетін оның қолма-қол қимыл-әрекетінің нәтижесі емес, творчестволық еңбегінің туындысы ғана. ...Геройымның сыртқы әрекетін ғана емес, ішкі творчестволық психологиясын, оның өмірді тікелей түйсінулерінің, сезіну-толқынуының нәтижесінде көрінген шындық құбылыстың сырларын, тіпті ақын шығармасының тамыр тартқан тереңін аша көрсетуге көп күш жұмсадым» [2, 107б.].

Автордың өзі атап көрсеткендей, алдымен “Абай жолы” романы – халықтың кемеңгер ұлы, ойшыл, ақибық ақыны Абай туралы шығарма. Сол себепті онда күрделі қоғамдық, саяси-әлеуметтік құбылыстармен қатар, Абай ақынның кескін-кейпі, күйініш-сүйініші, кейбір өлеңдерінің дүниеге келу тарихы, яғни, шығармашылық психологиясының қырлары көрініс табуы өте заңды.

«Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихы туралы мақала жазуға М.Әуезовтің алдын ала даярланғанын оның ой-тұжырымдарын қысқа-қысқа тезис ретінде қағазға түсіріп отырғанынан байқауға болады. Мәселен «К беседе (о романе «Абай»», «К Выступлению о романе», «К лекции об «Абае» и «Пути Абая» деп аталатын қысқа жазылған шашпа пікірлерінен жазушының эпопеяда негізгі ұстанған концепциясының ішінен «Психология творчества» деген мәселені арнайы жеке алып қарастырғаны көрінеді. «Роман исторический, но о творческой личности», – деп жазушы арнайы сипаттама береді [3, 344б.]. Бұл жазбаларынан Абай шығармашылығын суреттеу арқылы М.Әуезовке ақынның өмір сүрген дәуір болмысын, тарихи өмір шындығын, қоршаған орта тұрмысын көрсетуі тиіс екені көрінеді.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының қалай жазылғаны туралы оқыған лекциясынан үлкен әсер алғанын айта келіп, ғалым Ш.Елеукунов жазушының сөзін келтіреді: «Мені өмірбаяндық мағлұматтардан гөрі, содан өрілген творчестволық ой-өріс дамуы көбірек ынтық етеді», – деді. Яғни, ақын шығармаларының тууына себепті болған шындықты сезіну, түсіну тереңдігіне бойлау керек» [4, 174б.].

Суреткер үшін творчество адамының образын жасау, творчестволық психологияны суреттеу – түптеп келгенде, өзін-өзі ашу. Творчество адамы да өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Сондықтан да белгілі бір кезенді суреттемек болғанда, оны сол кездегі творчество адамының еңбектерін, творчестволық психологиясын терең зерттеп, оның образын ашу арқылы көрсету бірден-бір тиімді тәсіл деуге болар еді. “Абай жолы” роман-эпопеясындағы Абайдың ақындық творчестволық психологиясының көрініс табуы үлкен ізденісті қажет етсе, оны эпопея бойында ашып көрсетудегі М.Әуезовтің шеберлігі өз алдына күрделі мәселе болып табылады. Автор өз кейіпкері ретінде тек қана жеке тұлғаны, тіпті тарихи тұлғаны емес, шығармашыл тұлғаны таңдайды. Ол Абай поэзиясындағы поэтикалық принциптердің туу үрдісін, образдарды талдайды. Және де оның психологиялық талдауының өзгешелігі – жазушының көркемдік шеберлігінің негізгі қырлары – шығармашылық процестің тек хронологиялық тәртіппен емес, сонымен қатар ұлттық көркем ойлау дамуының ажарлануымен байланысты.

Әдебиеттану ғылымында шығарманың психология мәселесіне қазақ әдебиетінің энциклопедиялық анықтамалығында мынадай анықтама берілген: «Суреткерлік өмірді танудағы, мәдени байлықты жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі, шығармашылық психологияның ерекшелігін зерттейтін әдеби, ғылыми көзқарас. Шығарманың психологиясының жалпы психологиядан өзгешелігі жазушының шындықты бейнелеу процесін жете үйрену және оларды ерекше бір көркемдік түрде жүзеге асыра білуі, сондай-ақ жазу тәсілінде, психологиялық принципте тек психологиялық тұрғыдан ғана келмей, әдебиеттану, эстетика және басқа да іргелес қажетті пәндерді пайдалана білуде болса керек» [5, 560б.].

Әдеби шығармашылық – адам іс-әрекетінің бір түрі. Бұл мәселе ғылыми тұрғыда жеткілікті зерттелген. Кез келген іс-әрекеттің міндетті түрде екі кезеңі болады: мақсат қою және міндетті орындау, мақсатқа жету. Әдеби даму іс-әрекетте ой-қиялмен шығармашылыққа мақсат қою ой-қиялмен болса, ал шығарма тудыру процесі – сол мақсатқа жетудің жолы болып табылады. Әдеби ой-қиялдар әр алуан болғанымен, іс-әрекетте олардың басқа түрлеріне қойылатын мақсаттарына ерекшелендіретін ортақ қасиеттері болады. Әдеби туынды жазудың мақсаты туралы бұл жерде сөз болып отыр. Бұл мақсат – шындық өмірдің эстетикалық аспектісін ашуға ұмтылу және туындысы арқылы адамдарға әсер ету. Әдебиет пен өнердегі әр түрлі ағымдардың өкілдері эстетикалық қасиетті қайдан тауып және оларға қандай эстетикалық қасиет құнды болып табылатынына байланысты бір-бірімен ерекшеленеді.

Шынтуайттап келгенде, әрбір үлкен ақынның поэзиясы – қоғамдық құбылыс. Сондықтан жазушының сипаттауындағы Абай шабыты келгенде өленді түйдек-түйдегімен төгіп тастайтын сезімнің құлы емес, творчестволық еңбекке бар ынта-ықыласымен берілген адам.

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында поэзияның тууы жайын өте нанымды, түсінікті береді. Абайдың творчестволық процесін байқасак: ол күңіренеді, қайғырады, шабыт билейді – ақ қағазға тізіліп өлең жолы түседі. «...Абай бұл күнді күні бойы және осы түнді де оңашада жапа-жалғыз, қайғыда, ауыр қасірет тебіrentкен күйде толас таппай өткізді. Біресе зор кеудені сілкінте, қалтырата шыққан ыстық жалын күрсінуден естіледі. Бірде сыбырлап, әлде нені сөйлеп кетеді. Қапалық сөздерді жиі-жиі сыбырлап, асыға айтып-айтып кетеді. Оқта-текте бар зар шерінің қайырмасындай етіп, алыстағы асыл баласының атын соншалық ынтызарлықпен қатты сыбырлап атай береді. «Әбішім», «Әбіш», «Әбіштайым менің» – деп қалады.

Шошыған ата көңілі тынымсыз. Таң алдында жалғыз өзі аласұрғандай, әлекте отырған халінде, ендігі көңіл жалыны әлдеқандай бір сөздерге оралады. Қатар жолды күйге қайтады. Бұл сәтте де шерден туған қасірет өлеңі оралып, құралады. Ол күрсінуден, жалынудан... шарасыз сенделуден туған күй... Сөзбен шыққан жан жалыны. Жүректен атылған, сол жүректің ыстық қаны. Бусанып, толқып аға ерген ыстық қандай сөздер құралып жатыр. Оған ақыл, сана басшы да емес.

Абайға Оспан қазасынан кейінгі рухани жалғыздық, қасірет әкелген ахуал – сүйікті ұлы Әбдірахман науқасы еді. Болашағынан үлкен үміт күткен Әбішінің қатты сырқаттан өмірі ұзаққа бармады. Абайды ауыр қайғыға салып, кеудесін ауыр қасірет, шерге толтырған қайғы осы еді. Жүрегі елжіреп, зарыға толғайды.

«Я, құдай, бере гөр
Тілеген тілекті!
Қорқытпай орнықтыр
Шошыған жүректі
Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін,
Шын, қалқам осы күн,
Болып тұр керекті
Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап,
Талмастай тілеймін,
Құпия сыбырлап!...».

Ақын ұлының амандығын алладан тілейді, жалынады, бірақ дәрмен жоқ. Жүрегі шошып, суылдап, сүйегі шымырлап, қапалы халге түскен жаралы жанның аһ ұрған күйін көреміз. “Абай жолы” эпопеясында М.Әуезов кейіпкердің терең жан азабын былай деп суреттейді: “... Бұл сәтте де шерден туған қасірет өлеңі оралып, құралады. Ол күрсінуден, жалынудан... шарасыз сенделуден туған күй... сөзбен шыққан жан жалыны. Жүректен атылған, сол жүректің ыстық қаны. ...Әйтеуір тынымсыз да толассыз бір қауіп шошыған жүректі қатал тұяқпен қатты сығымдап алған. Шенгелдеп қысып, сәт сайын зәр-зарын төктіреді. ... Бірақ Әбіштің жайын ойласа осылайша оңаша, құпия сыбырлап, күйлі шер шертпеске шарасы жоқ”.

Абайдың ақындығын бейнелейтін, оның шығармашылығының психологиясын ашатын эпизодтар “Абай жолы” эпопеясының төрт кітабында да ұшырасады. Жазушы романның алғашқы кітабының көп тарауларында оқушыны Абай жанының тебіренулеріне, оның сезім дүниесіне үңілдіре отырып шығармасының ең негізгі тақырыптарының біріне ауысуға дайындық жасайды. Ол өзінің кейіпкерін ғана емес, оқушысын да сол тақырыпты терең де әсерлі қабылдай аларлық өріске меңзейді. Бұл – ақын Абай туралы тақырып. Романның бірінші кітабында Абайдың ақындық өнері кенінен бейнеленбеген. Бұл шындыққа сай келеді де. Өйткені, Абай біраз егде тартқаннан кейін ғана шын ақын атын алғаны, ақындық өнерге кешеуілдеп барып ден қойғаны мәлім. Дегенмен ақын Абай туралы тақырып романның бірінші кітабында да біраз өрістеп, желі тартып қалған.

Абай өз творчествосының қайнар көзін халықтың өмірінен, оның жарыққа, еркіндікке ұмтылған күресінен іздейді, өзінің шығармаларында сол халықты, соның арман-тілегін жырлайды. Өз заманының оқырмандарына жақсы таныс, әрі зор тәрбиелік мәнін кейінгі дәуірлерде де жоймаған Абай поэзиясы эпопея авторы үшін құнды дерек көзіне айналып, соның көмегімен ол ағартушы-ақынның шығармашылық мұрасының аса зор қоғамдық маңызын көрсетуге тырысты. Эпопеядағы көптеген көріністерді Абай поэзиясының әсерінен туған деп кесіп айтуға болады. Эпопеяның тақырыбы мен идеясы, ұлттық даралығы мен халықтық сипаты, тілі, сюжеті, образдар жүйесі – осылардың қай-қайсысында да суреткер Абайдың әдеби мұрасын, оның заманынан асып туған асыл ой-мұратын негіз етіп алады. Жазушы эпопеяда ұлы ақын бейнесін жасау үшін, оның әдеби мұрасына сүйенген.

“Бұл жөнінде жазушының өзі: “...әсіресе “Абай жолының” екі кітабын жазуда маған творчествосы арқылы Абайдың өзі көмекке келді”, – дейді [6, 109б.]. Егер Абай ойлары мен ақынның поэтикалық туындыларындағы толғаныстарының Әуезовтің көркем баяндауымен қалай берілгендігіне келсек, онда тура сәйкестіктерді кездестіру қиын. Әрине, Абай поэзиясында рухани жалғыздық сарыны анығырақ естіледі. Бірақ эпопеяда автор ақынның нақты бір шығармасын басшылыққа алмайды. Жазушы Абай өлеңдерінің көңіл күйін жалпы үнін аңдай білді және ақын ойларын толғаныстарын суреттей отырып, олар арқылы сол суреттердің әрбір штрихтары мен детальдарын көрсете білді. Абай поэзиясы әлеуметтік әрі өнегелі ақын идеалына қол жеткізуге, оның эстетикалық көзқарастарына және де сол поэзияны тудырған әлеуметтік орта мен тарихи жағдайларды дұрыс түсінуге қызмет етеді.

Абайдың поэтикалық шығармалары жазушыға ақынның ішкі бейнесін дәл көрсетуге, эпопеяда оның ішкі күйзелістері мен толғаныстарын көркем де дәл беруге көмектеседі. Әуезовтің жазушылық күдіреттілігі сонда – ол Абай шығармаларының нақтылы сезім қырларын пайдалана отырып, сол арқылы ақын жанының кейбір өзіндік ерекшеліктерін эпизодта көрсетпейді, оларды эпопеяның мазмұнымен шебер байланыстыра білгендігінде. Ақын поэзиясында көрініс тапқан Абайдың көңіл күйі, ойлары, сезімін жазушы эпопеяда бас кейіпкердің нақтылы әрекеттерін бейнелеу үстінде немесе басқа кейіпкерлермен қарым-қатысы үстінде көрсетеді. Сөйтіп, Абайдың поэзиялық шығармаларының сарынын негізгі кейіпкердің рухани әлемін ашу барысында жазушы эпопеяның көркемдік идеясына сәйкестендіріп береді. Сонда Абай шығармаларындағы ақын толғаулары мен эпопеяның негізгі кейіпкерінің толғанысы арасында үндестік аңғарылады. Жазушы эпопеяда суреттелінетін өмір жағдайына байланысты ақынның нақтылы бір шығармасы сюжетінің мазмұнына көркемдік талдау, түсінік бере отырып, оны шығармашылықпен жүзеге асырады.

Абай көбінесе оның жаны қаншалықты терең, соншалықты қатты күйінген кездегі ой үстінде, күдікте, толғаныста көрінеді. Бірақ, Абай сөйлеген кездегі тұстан біз оның тіліне енген өлеңдерін, біраз өзгертілген, бірақ өзінің негізгі мағынасында қарасөздеріндегі ойларын сеземіз. Ақынның өлең жолдары әдеби кейіпкер ретінде оған тарихи нақтылық бере отырып оның тіліне енеді, сонымен тарихи – шынайы және үлкен жазушының шығармашылық қиялынан туған екі образды біріктіреді.

Абай өлеңдерінің өзі тебіреніп толқыған жан сезімінен, шабыттанған жүректен туған шығармалар ғой. Бүкіл төрт томдық роман-эпопеяда қазақ өміріне, тұрмыс болмысына өз кейіпкері Абайдың көзімен қараған жазушы ақынның творчестволық психологиясын мейлінше терең, мейлінше жан-жақты көрсетугі сондықтан. Әуезовтің өзі Абай өлеңдерін зерттеп, оқу арқылы қазақтың өткен тағдыр тарихын ақын Абайша тебіреніп, толғанып, творчествоның азабын кешіре отырып, танып білді. Ал осындай күрделі творчестволық процестерден туған алып тұлға, жалпы, шығарма қарапайым оқушыны да соншалық толқытып, тебіrentпеуі мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алма-Ата: АН ССР, 1964. С.305
2. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1969. – XII т. - 536 б.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 448 б.
4. Елеуенов Ш. Ұлы суреткер роман жанры хақында / М.Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
5. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна LTD ЖШС, 2005. – 576 б.
6. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – 2 т. – 616б.

УДК 371.8

ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

ИСКАКОВА Д.Ш.

Таразский региональный университет имени М.Х Дулати,
Республика Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Бұл мақалада мектеп оқушыларының материалды оқу барысында танымдық белсенділігі мен қызығушылығын белсендіруге бағытталған бастауыш сыныптарда ойын технологияларын қолдану мәселесі қарастырылады. Автор ойын технологиялары оқытудың бірегей формаларының бірі болып табылады деген қорытындыға келеді. Қазіргі уақытта бұл мәселе өзекті болып табылады, өйткені бір типті және стереотиптік сабақтар оқуға деген қызығушылықты төмендетеді және оқу процесін жалықтырмайды және келешегі жоқ етеді.

Summary. This article discusses the problem of using gaming technologies in primary grades, aimed at activating cognitive activity and the interest of schoolchildren when studying the material. The author comes to the conclusion that gaming technologies are one of the unique forms of learning. Currently, this problem is relevant, since the same type and stereotyped lessons reduce interest in learning and make the learning process boring and unpromising.

Как гласит народная пословица: «Знания, полученные в детстве, подобны надписи, высеченной на камне». Это означает, что знания, обретенные в детстве, не забудутся никогда. Задача учителей начальных классов состоит именно в даче таких знаний, которые помогли бы ему в его дальнейшей жизни в обществе как его полноправный гражданин.

В начальных классах ученикам трудно долгое время сидеть в одном положении. Преподаватель должен правильно воспринимать их особенности. Обстановка в классе должна соответствовать образу, которого создал К. Д. Ушинский: «Нужно позволять классу свободно бурлить, волноваться, но удерживать его всякий раз в тех пределах, которые нужны для успеха учения, мёртвая тишина на уроке недопустима». Важно позволять ученикам задавать вопросы учителю, самим высказываться, разговаривать, сидеть в классе свободно и непринужденно. Как показывает практика, этот образ помогает лучше руководить процессом урока. Важнейшей задачей современной школы является обучение человека жизни в информационном мире. Это означает, что возникает необходимость применения в практике работы учителя начальных классов информационно-коммуникативных технологий. Потому что дети к этому возрасту имеют некоторые навыки использования гаджетов-телефонов, планшетов, компьютеров, по этой причине они традиционные методы обучения в большинстве случаев находят скучными.

Можно приводить много примеров ведущих педагогов и психологов о великом значении игры в детском возрасте. Главное подтверждение необходимости играть в этом возрасте имеет исторические корни, люди с древних времен через игру передавали свой жизненный опыт, учились принимать роль, выполнять её, следуя установленным правилам, ошибаться и высказывать своё мнения, корректировать поведение в игре друг друга и т.д. «Игра – это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребёнка вливается живительный поток представлений, понятий об окружающем мире. Игра – это искра, зажигающая огонёк пытливости и любознательности».

Понятие «игровые технологии» в педагогике включает обширную группу методов и приемов организации педагогического процесса в форме различных игр. Задача - сделать процесс обучения занимательным, создать у детей бодрое рабочее настроение, облегчить преодоление трудностей в усвоении учебного материала. Необходимо систематически совершенствовать и углублять знания по теории и методике преподаваемого предмета, обновлять методическую литературу, использовать новые технологии в своей работе.

Игровые технологии способствуют развитию познавательной активности на уроках. Игровые технологии можно использовать на всех уроках в начальной школе. Это связано с тем, что начальная школа - новый этап в жизни детей: из детского сада - в школу, в мир учителей, новых предметов, учебников. Задача учителя в это время - сделать так, чтобы встреча с незнакомым не испугала, не разочаровала, а, наоборот, способствовала возникновению интереса к учению. Учителю начальных классов приходится решать такую задачу почти каждый день. Важно сделать почти ежедневные встречи с новым материалом не скучными и обыденными, а радостными и интересными. Вот здесь на помощь приходят уроки - игры, уроки - путешествия. Разумно и уместно используя подобного рода уроки наряду с традиционными формами, учитель увлекает детей и тем самым создаёт почву для лучшего восприятия большого и сложного материала. На таких уроках ученики работают более активно. Особенно радует, что те ученики, которые учатся неохотно, на таких уроках работают с большим увлечением.

После каждого подобного урока мы слышим от детей фразу: «Давайте ещё поиграем», что свидетельствует об успешности урока. Игровые технологии способствуют воспитанию познавательных интересов и активизации деятельности учащихся. Использовать игровые технологии можно на любой ступени обучения. Игра наряду с трудом и учением – один из основных видов деятельности человека. Игра, являясь развлечением, отдыхом, способна перерасти в обучение, в творчество.

Понятие «игровые педагогические технологии» включает достаточно обширную группу методов и приёмов организации педагогического процесса в форме различных педагогических игр. В отличие от игр вообще педагогическая игра обладает существенным признаком – чётко

поставленной целью обучения и соответствующим ей педагогическим результатом, которые могут быть обоснованы, выделены в явном виде и характеризуются учебно – познавательной направленностью.

Игровая форма занятий создаётся на уроках при помощи игровых приёмов и ситуаций, которые выступают как средство побуждения, стимулирования учащихся к учебной деятельности. Реализация игровых приёмов и ситуаций при урочной форме занятий происходит по таким основным направлениям: дидактическая цель ставится перед учащимися в форме игровой задачи; учебная деятельность подчиняется правилам игры; учебный материал используется в качестве её средства, в учебную деятельность вводится элемент соревнования, который переводит дидактическую задачу в игровую; успешное выполнение дидактического задания связывается с игровым результатом.

Педагогические игры имеют следующую классификацию:

-По виду деятельности: физические, интеллектуальные, трудовые, социальные и психологические;

- По характеру педагогического процесса:

1. Обучающие, тренировочные, контролирующие и обобщающие;

2. Познавательные, воспитательные, развивающие;

3. Репродуктивные, продуктивные, творческие;

4. коммуникативные, диагностические, профориентационные и др.;

- По характеру игровой методики: предметные, ролевые, имитационные и т. д.;

-По игровой среде: с предметами, без предметов, компьютерные и с ТСО, комнатные и др.

Игра: "Незавершенность".

Недостатком любого курса обучения является то, что часть материала может быть плохо усвоенной. Как этот недостаток обернуть в позитивное качество? Попробуем провести эксперимент. У каждого ученика открыт учебник. За ограниченное время, полистав его, нужно освоить заданную информацию. А потом посмотреть, что осталось за пределами освоения.

Итак, Вы как учитель определяете, какой раздел учебника сейчас необходимо изучить (время- 10 минут). Обозначьте начало работы (по команде). Когда время пройдет, всем закрыть учебник. Ученикам требуется сформулировать несколько вопросов: что оказалось непонятным в тексте и записать их. Выбирается ведущий, который собирает все записки с вопросами и анализирует, какой из них показался наиболее интересным и полным. Пока ведущий выбирает интересный вопрос, предлагаете каждому полистать учебник и постараться найти ответ. Ведущий зачитывает вопросы, которые выбрал и просит ответить на них.

При использовании игровых технологий на уроках необходимо соблюдение следующих условий:

1. Соответствие игры учебно - воспитательным целям урока;

2. Доступность для учащихся данного возраста;

3) Умеренность в использовании игр на уроках.

Можно выделить такие виды уроков с использованием игровых технологий:

- ролевые игры на уроке;

- игровая организация учебного процесса с использованием игровых заданий (урок - соревнование, урок - конкурс, урок - путешествие, урок - КВН);

- игровая организация учебного процесса с использованием заданий, которые обычно предлагаются на традиционном уроке (найди орфограмму, произведи один из видов разбора и т.д.);

- использование игры на определённом этапе урока (начало, середина, конец; знакомство с новым материалом, закрепление знаний, умений, навыков, повторение и систематизация изученного);

- различные виды внеклассной работы по русскому языку (лингвистический КВН, экскурсии, вечера, олимпиады и т.п.), которые могут проводиться между учащимися разных классов одной параллели.

Игровые технологии занимают важное место в учебно - воспитательном процессе, так как не только способствуют воспитанию познавательных интересов и активизации деятельности учащихся, но и выполняют ряд других функций:

- правильно организованная с учётом специфики материала игра тренирует память, помогает учащимся выработать речевые умения и навыки;

- игра стимулирует умственную деятельность учащихся, развивает внимание и познавательный интерес к предмету;
- игра - один из приёмов преодоления пассивности учеников;
- в составе команды каждый ученик несёт ответственность за весь коллектив, каждый заинтересован в лучшем результате своей команды, каждый стремится как можно быстрее и успешнее справиться с заданием. Таким образом, соревнование способствует усилению работоспособности всех учащихся.

Эти передовые педагогические игровые технологии, применение которых в сочетании с традиционной методикой преподавания, гарантируют:

- Активизацию учебного процесса, учебно-познавательной деятельности младших школьников.
- Комфортный и результативный для ученика и учителя процесс обучения.
- Высокий и прочный уровень обученности в классах с любой подготовленностью.
- Формирование у школьников умения и стойкого навыка учиться.
- Полноценное соединение знаний и практических навыков.
- Объединение учебной и внеурочной деятельности в единый воспитательный процесс.

Список использованной литературы:

- 1..Баранов М. Т Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособие для учителя. Ростов н/Д: изд-во “Феникс”, 2016.
- 2.Кубичев Е. А Обучение для будущего (при поддержке Microsoft): учеб. Пособие. М.: Издательско-торговый дом “Русская редакция”, 2014..
- 3.Львов М. Р. Начальная школа Правописание. — М.: Просвещение, 2018.. — № 11, Русский язык в школе..

ӘОЖ 82.563.44

М.ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

БАЙШОНОВА И. Ш.

Ыбырайым Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается исследование творчества М. Ауэзова
Summary. The article deals with the study of M. Auezov's creativity

Қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған, соңғы жиырма шақты жылдың көлемінде рухани дамуымызға бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді. Егемен ел болып дүние жүзіне танымал болдық. Алғашқы асуды алдық. Осы жемісті жетістікке жеткізу үшін Қазақстан халқының, соның ішінде рухани және материалдық игіліктерін арттыру үшін атқарылар іс ауқымды. Сондықтан Республика халқының ақыл-ой мәдениетін, білімін, ұлттық сана-сезімін көтермейінше, ілгері баса алмаймыз. Себебі, бұл бұрынғы жақсы салт-дәстүр, әдеби мұра, көне мәдениет, тарих, халықтық педагогика мен ұлттық тәрбие, тарихи тұлғаларды қалпына келтіру арқылы жүзеге аспақ. Бұрын жоғалтқан асыл қазыналарымызды қайта таптық және өлгеніміз тіріліп өшкеніміз жанды. Қоғамның құрылымдық сипаты ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі жаңғырды. Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында дау-дамайсыз қол жеткізді. Тәуелсіздік Алланың берген бас бостандығы. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды. Мұның өзі қоғамдағы орнықты саяси ахуал жағдайында халықтың басым көпшілігінің рухани жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін.

Мұхтар Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Егер Абай мен Шәкәрім қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл күдіретті бейнені романист

қаламымен қайта тірілткен Мұхтар Әуезовтің өзі жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды.

Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, ғалым, аудармашы, сценаршы – бұл ұлы қаламгер дарынының толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы хақында бізде аз жазылған жоқ. Қаламгерге арналған ірілі-уақты мақалаларды былай қойғанда, зерттеу кітаптарын, монографияларды саралап, түсіндіруде бір еңбекке жүк боларлық. Әйтсе де озған уақыт, биіктеген сана межесімен таразыласақ, суреткер туындыларының көптеген қырларының әлі де жете ашылмай жатқанын зерделейміз.

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы ғалымдар зерттеу еңбектер жазып, кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғаған. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Р.Нұрғалиевтің «М.Әуезов және Алаш», Ж.Дәдебаевтың «Мұхтар Әуезов», Ө.Күмісбаевтың «М.Әуезов және Шығыс» және басқа еңбектері 1997 жылдың жетістіктері.

М.Әуезовтің туғанына 70 жыл толуы қарсаңында Р.Нұрғали 1967 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған «Тақырыппен табысу» атты мақаласында, «Трагедия табиғаты» (1968) атты монографиясында, «Әуезов және Алаш», «Сөз өнерінің эстетикасы» атты еңбектерінде Абай мұрасының жазушыға тигізген әсері жөнінде тоқталып өтеді. Абай шығармашылығын, поэзиядағы Абай дәстүрін зерттеген ғалым А.Нұрқатовтың «Жалғасқан дәстүр» (1980) атты еңбегінің «Ел өмірінің айнасы» бөлімінде «Абай жолы» романындағы Абайдың ақындық мәселесі қарастырылып, ақын шығармаларының туған сәті жайында айтылады [1, 176.]. «Абайдың рухани інісі» атты мақаласында әдебиеттанушы Л.Соболев: «Абай мен Мұхтардың арасында ортақ бір ұқсастық бар деп айту артық болмайды: біріншіден – ол әдеби кемел талант және, екіншіден – өз халқының жарқын болашағы туралы арман» [2, 716.] деп тұжырымдайды. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу барысында М.Әуезовтің Абайдың ақындық, ойшылдық дүниетанымына, көркемдік тіліне иек артқаны жөнінде сөз қозғаған Х.Әдібаев «Алыптың тұлғасы» мақаласында: «...Бойындағы бар жақсылық атаулыны ақтара отырып, ізденісін, тебіренісін Абайдан тапты. Екі ұлы жан бір-бірін биіктен танып, рухани дүниесімен қосылып кетті» [3, 96б.] десе, академик З.Қабдолов «Арна» (1988) атты зерттеуіндегі, «Абай және Әуезов» (1997) атты мақаласында екі алыптың үндестігін арнайы атап көрсетіп: «Демек, М.Әуезов – Абайдың ізін басушы емес, өнер жолын жалғастырушы: Мұхтар қазақ әдебиетін Абай көтерген биіктен әрі қарай өрлетіп, бүкіл дүниежүзілік классиканың күнес кеудесіне шырақатып шығарды. Абай мен Мұхтардың творчестволық туыстығын, екі алыптың өзара ұқсастығын, міне, дәл осы ерекшеліктен іздеген жөн» [4, 44б.] деп пайымдайды. Осы орайда З.Ахметов «Абай және Әуезов» (1995) атты мақаласында ұлылар арасындағы рухани жақындыққа тоқталып, аталмыш тақырыптың маңыздылығына, өзіндік ерекшелігіне назар аударады.

Абай мұрасын ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеп, абайтану ғылымын қалыптастыру жолындағы М.Әуезовтің көп жылғы қажырлы еңбегі туралы М.Мырзахметұлы «М.Әуезов және абайтану проблемалары» (1992), «Абай және Әуезов» (1997) атты зерттеулерінде арнайы қарастырады. Философия ғылымдарының докторы А.Тайжановтың зерттеу еңбегінде М.Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектеріне Абайдың рухани ұстаз болғаны айтылады. М.Әуезов шығармашылығындағы Абай дәстүрі жайлы Ж.Дәдебаев, Т.Жұртбай еңбектерінде де кеңінен сөз болады.

Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Егемен ел жағдайында ұлы жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрінісі болмақ. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, ХІХ ғасырдың бел ортасында жол айырығына келген қазақ өмірінің барлық әрі мен нәрін, сыңы мен сырын, соры мен бағын теңдессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай-талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны М.Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан именбей-ақ енген.

Мұхтар Әуезов – Абайдың өнердегі дәстүрін жалғастырушы. Абай дәстүрін Әуезовтің жазушылық шеберлікпен жалғастыруы – олардың туған жер, өскен ортасы, рухани нәр алған қазына көздері, дүниетаным өзектері, өмір сүрген дәуір болмысы, сөйлеу тіліндегі ұқсастықтар және сан сала

қырынан келіп шығады. Екі ғұламаның ойшылдық, гуманистік, ағартушылық, сыршылдық, сыншылдық, суреткерлік қырлары сабақтасқан, тұтасқан дүние деп қараймыз. Ұлылар дүниетанымының өзектері, эстетикалық танымдары, ой тереңдігі, сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық – ақын мен жазушының рухани сабақтастығының басты белгісі. М.Әуезовтің ұстазы Абайдың рухани әлеміне өмір бойы тереңдеуі жазушы шығармашылығын тұтас бірлікте алып қарауды қажет етеді. Өйткені, Абай мен М.Әуезов әлемі – біртұтас әлем. Абай мен М.Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық мәселесі ақын мен жазушының ой санасына, ішкі дүниесіне, сөйлеу тіліне үңілуді көздейді.

Абай мен М.Әуезовтің рухани әлеміндегі ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Абайдың поэзиядағы эстетикалық танымы М.Әуезов шығармаларында проза тілімен көркемделіп жарқырай түсті. М.Әуезов Абайдың ақындық, өнерпаздық туралы айтқан пікірлері мен сөз өнері жайындағы эстетикалық танымын зерттеу еңбектерінде ғылыми тұрғыдан талдаған болса, ал «Абай жолы» роман-эпопеясында көркем образдар арқылы суреттеп берді. Ақынның өнер туралы айтқан эстетикалық толғаныстары жазушы туындыларында биік талғаммен көрініп, суреткер шеберлігін танытады.

Абайдан М.Әуезовті, М.Әуезовтен Абайды бөліп айту мүмкін емес. Ұлы ойшыл Абайдың өмірі мен ақындық жолы – Мұхтар Әуезовтің шығармашылық қызметінің басты тақырыбы. Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М.Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен. М.Әуезовтің Абайды білгені соншалық, соған рухани бар болмысымен сіңісіп кетеді.

Абай мұрасы мен М.Әуезов шығармашылығы арасындағы байланыстың, сабақтастықтың сан сала, бағыттары, арналары мол. Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастықта жатыр. Абай шығармашылығындағы сөздік қордың бәрі де Мұхтар Әуезовтің сөздік қорының үйірінен табылады. Бірақ құрғақ қайталанбайды, қайта сыңғырлап аққан бұлақтай үйлесім тауып, өнерлі тілге айналады. Абай мен Әуезовтің рухани сабақтастығы олардың өмір сүрген қоғамдық ортасы мен заман болмысындағы ортақ көріністерде жатыр.

Халық өміріне терең бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әртүрлі әдет-ғұрыптарымен суреттеу ерекшеліктерімен қазір де таң қалдырады. Жазушының бай мұрасының қай-қайсысында болмасын жомарт талант, нағыз шалқар шабыт қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. Ұлы суреткер өзінің ізденімпаздық жолында өзі тіршілік еткен замандастарының жасампаздық өмірімен тығыз байланыста болды, өмір шындығының жаңа құбылыстарын сергек қадағалап оған өз үлесін қосуға тырысты.

Мұхтар Әуезов–халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы ренессанстық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де Мұхтар Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қалыптастырушылардың қатарына көрінуіне айқын жол ашты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.
2. Соболев Л. Абайдың рухани інісі / Кітапта: Мұхтар Әуезов әлемі. Ред. басқ. З.Ахметов, Т.Әкім, Л.М.Әуезова. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
3. Әдібаев Х. Алыптың тұлғасы / Кітапта: Мұхтар Әуезов әлемі. Ред. басқ. З.Ахметов, Т.Әкім, Л.М.Әуезова. – Алматы: Жазушы, 1997. – 352 б.
4. Қабдолов З. Абай және Әуезов / Кітапта: М.Әуезов – XX ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі. – Алматы: Ғылым, 1997. – 163 б.

ӨОЖ 82.349.45

АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ОРТА МӘСЕЛЕСІ

КОКЕНОВА Ж.И.

№206 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье рассматривается проблема становления науки об Абаяведении и литературной среды.

Summary. The article deals with the problem of the formation of the science of Abai studies and the literary environment.

Кеңестік идеологияның салдарынан абайтану ғылымында еріксіз назардан тыс қалып, тіпті күшпен басылып, еркін зерттелу мүмкіндігінен айырылған сала Абайдың ортасы десек, «социалистік» қоғамда ақынды өз ортасынан, әдеби айналасынан ажыратып алу мақсатты түрде іске асырылады. Алдымен, Абайдың өзі «шынжыр балақ, шұбар төс» Құнанбай баласы болғаны үшін ғана кеңестік жүйеге құрылған әдебиетке жақпады. Абай поэзиясының қуатына солақай сынның қауқары келмегендіктен, ендігі кезекте ақынның өз басы емес, оның айналасы, әдеби ортасы сын тезіне алынды.

Абайдың заманына асып туған кемелдігі ең алдымен, әкенің қаны, ананың сүтімен бойға дарыған құт, туған топырақтың қасиетінен. Екінші, тал бесіктен әженің әлдімен, атаның әлқиссасымен жадыға жатталған қазақтың асыл сөзі, домбыраның күйі, қобыздың үнімен жүрекке тұнған төл өнер «қазақта қара сөзге дес бермеген» Абайды ақын етіп қалыптастырды. Кезінде М.Әуезов атап көрсететін Абайдың алған қорының ішіндегі ең молы–қазақтың халық әдебиеті екендігін ескерсек, осы бір сала заманның қақпақылына түсіп, абайтанудың ең бір осал тартып жатқан тұсы боп қалды.

Көп уақыт қапаста жатқан шәкірттер тәуелсіздіктің алдында ғана ақталып, шаңырағы шайқалған Абай мектебі енді ғана еңсесін түзей бастады. Абайдың айналасын құраған әдебиет өкілдері туралы біраз зерттеулер жазылды, ақын шәкірттердің шығармалары жинақ болып шықты десек, ендігі міндет–сол мұралардан әдеби орта тақырыбының өзегін іздеу.

Әр қаламгердің өзінің әдеби ортасын жеке-дара алып қарау, тану біржақты болмақ. Ақын немесе жазушы өз ортасында өсіп, содан сусындап, шындалып қана қоймай, біте қайнасып, сол қауымның өкілі ретінде ғұмыр кешеді. Рухани дүниесі толысқан шақтан бастап айналасында ықпалды болған тұлғалар өз әдеби ортасын қалыптастырды. Демек, белгілі бір әдебиет өкілінің шығармашылық өсуіне ықпал еткен үрдістер және сол тұлғаның кемеліне келгеннен кейін өз айналасына, кейінгі буынға әсері деген мәселелер әдеби орта ұғымын тудырады.

Абайдың әдеби ортасы дегенде белгілі бір тұлғаның ақындық жолына өз әсерін тигізген, рухани жетілуіне темірқазық бағдар бола білген ақын-жырауларды, би-шешендерді, кейіннен нағыз ақындық кемеліне жеткен сөз зергерінің әдебиеттегі дәстүрін жалғастырған ақын шәкірттерін, оның мұрасын халыққа насихаттаған өнерпаз буынды айтамыз.

Әдеби орта ұғымын мейлінше кең тұрғыда алу да бар. Ол өлшемге салсақ, ақынға әсер еткен рухани қайнар көздерге ұласатын алғышарттарды, яғни, абайтанушы ғалымдар атап көрсететін ақынға әсер еткен шығыс, батыс және қазақтың төл әдебиеті сияқты рухани көздерді есепке аламыз. Осылайша әдеби ортаның құлашын кеңейтіп, ақын сусындаған әдеби дереккөздерге қатыстылығын ескерсек, Абайдың кітапханасы деген тақырыптың да әдеби ортамен бөлінбес бірлікте екенін аңғару қиын емес. Әдеби орта тек өзіне ықпал еткен ілгерідегі әдебиетпен ғана шектелмейді, енді ақынның өзгеге берген нәрі деген тұста қазақ әдебиетіндегі үлкен арна – Абайдың әдебиеттегі дәстүрі мәселесін қоса қамтиды. Шартты түрде осындай кең ауқымды қамтитын Абайдың әдеби ортамен біз өз ғылыми мақаламызда нақтылап, ақынның айналасы, яғни Абаймен тікелей қарым-қатынаста, әдеби байланыста болған аға буын, замандас сөз зергерлері–ақын-жыраулар, би-шешендер және кейінгі ақынның тікелей тәрбиесін көрген ақын шәкірттерімен шектеп, шеңберлеп қарастыруды мақсат еттік.

Ақынға тікелей ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас аға буын ақындар, би-шешендер мен сол Абайдан үлгі алған ішінде ақыны бар, әншісі мен күйшісі бар өнерлі жастардан тұратын әдеби қауымды негізге ала отырып, М.Әуезов Абайдың айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктейді [1, 196.]. Өзі алған нәрі дегенде, сөз иелерінің ішінде ақындардың орны айрықша. Атап айтқанда, Абай жасынан Бұқар жырау, Шортанбай жырларына қанып өссе, өзі жүзбе-жүз кездескен Дулат, Сабырбай, Жанак, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал сынды әдебиет өкілдерінің қай-қайсысысынан да оның ақындық өсу жолын бөліп қарауға болмайды. Осы орайда академик С.Қирабаевтың пікірі орынды айтылған: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты. Сондықтан, ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен, ақындар

өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттық рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын үлкен европалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа (обобщение) ұластырды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің Абай арқылы адамзат мәдениетінің көркемдік биігіне шығуын дәлелдейді» [2,14 б.].

Екінші мәселе–ақынның өзгеге берген нәрі турасында. Бұл–Абайдың ақындық мектебі деген тақырыпқа жетелейді. Абайдың ақындық мектебі–оның кейінгі әдебиетке әкелген жаңашыл дәстүрлері мен сол әдеби үлгі-өрнектерді жалғастырып, дамытушы ізбасар ақындардың әдебиеттегі орнын айқындайтын, сол арқылы кемеңгердің тағлым беруші ұстаздық қырын танытатын қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Бұл мәселені ақынның күнделікті қасында жүріп, тікелей тәрбиесін алушы, оның тапсырмасымен алуан тақырыпта шығармалар жазған айналасындағы шәкірттерді ғана бөліп алып, Абай мектебінің өкілдері деп қарастыру бар.

М.Әуезов: «Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деген белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болады» [3, 118б.] – деп анықтама берген болатын. М.Әуезовтің жетекшілігімен өткен ғасырдың елуінші жылдары Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, бұл тақырыпты ғылыми айналымға енгізді [4].

Ал, Абай дәстүрі–біз сөз етіп отырған ақындық мектепті де ішіне сыйғызып жіберетін кең ұғым. Абай дәстүрі оның қасында жүрген шәкірттерімен шектелмейді. Қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі көрнекті тұлғалардың барлығы дәстүр жалғастырушылар десек, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сынды әдебиет қайраткерлері осы лектің алдыңғы толқыны ғана. Демек, кең мағынада алғанда дәстүр жалғастырушылардың бәрі дерлік Абайдың ақындық мектебінің өкілдері болып табылады. Алайда, Абайдың ақындық мектебі деген ұғымды нақтылап, оның маңайындағы ақын шәкірттерімен байланысын алып қарастырғанда, ақындық дәстүрден де басқа, ұстаз бен шәкірт арасындағы күнделікті қарым-қатынастардың нақтылы көріністері бой көрсетеді. Яғни, Абай поэзиясының кейінгіге әсер-ықпалы деген мәселеден бөлек, Абайдың тікелей тәрбиесі, ұстаздық ұлағаты, тіпті оның маңайындағы ізбасар ақындарды өлең жазуға баулу, үйрету қарекеттері айқындалады.

Абайдың әдеби ортасы алғаш рет Абай шәкірттері Кәкітай, Көкбай, Тұрағұл, Әрхам естеліктерінде сөз болса, ғылыми тұрғыда М.Әуезовтің еңбектерін бұл тақырыпқа салынған алғашқы соқпақ деп білуіміз керек. М.Әуезовтің жетекшілігімен Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттерінің мұраларын зерттеу ісін қолға алса, Ә.Жиреншин өз еңбектерінде жалпы Абайдың әдеби ортасы жайында сөз қозғады. Қ.Жұбанов Абайдың алдындағы әдебиет және ақынның қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық деңгейін ашып берсе, Қ.Жұмалиев қазақ поэзиясы мен Абай шығармаларының тілін салыстыра зерттеді. 1960 жылдары А.Нұрқатов, М.Бөжевтер тарапынан Абайдың дәстүрі, Қ.Жұмалиев пен Ш.Сәтбаева Абай балалары–Ақылбай мен Мағауия мұраларын, Б.Кенжебаев Ә.Тәңірбергенұлы мұрасын зерттесе, сексенінші жылдары М.Мырзахметұлы М.Әуезов зерттеуіндегі Абайдың әдеби ортасы тақырыбының сипатын ашуға ден қойды. Абайдың әдеби ортасы тақырыбы Абайға қатысты, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдеби үрдіске қатысты жазылған еңбектердің бірсыпырасында тікелей, кейде жанама түрде сөз болып отырғандығы белгілі. Атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Сильченко, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, Қ.Өмірәлиев, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов, Ш.Сәтбаева, Ә.Жиреншин, А.Нұрқатов, М.Бөжеев, Қ.Мұхамедханұлы, Т.Жұртбай, М.Мағауин, Б.Әбдіғазизұлы, Б.Байғалиев, Б.Сапаралы тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер Абайдың әдеби ортасының зерттелуіне өзіндік үлестерін қосты.

Жеке ақынның әдеби ортасын, тікелей әсер еткен рухани айналасын танып, біліп болмай, сол тұлға туралы толымды пікір айту мүмкін емес деген пікірді басшылыққа алсақ, Абайдың әдеби ортасы тақырыбы–абайтану ғылымында зерттелу жағынан кенжелеп, жатқан сала. Көп жылғы бодандық құрсауындағы Абай тұлғасы енді ғана өз биігінен көрініп, жаңа зерттеулерге бой ұсынып, абайтануға тың міндеттер артқанына да аз уақыт болған жоқ. Десек те, Абайды ұлттық таным тұрғысынан бағалап, оның кемеңгерлігіне толымды баға беру ондаған жылдардың еншісіне сия қоймайды. Әсіресе, кеңестік кезеңде өз заманынан, ортасынан, тіпті ұлтынан бөлініп, жеке-

дара қарастырылған Абай есімі қайта, қайыра қарастыра жаңа пайымдауларға зәру. Академик З.Ахметов айтқандай: «Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірімен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнеріне не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінгі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, әдебиеттің өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз» [5, 386.].

Абайтану және Абайдың ортасы деген мәселелер тек бір-бірімен біте қайнасып жатқан дүниелер ғана емес, Абайды тану ең алдымен осы әдеби ортаның, нақтырақ айтсақ, сол ортаны құрайтын әдеби топ – Абайдың ақын шәкірттерінің еншісінде. Ең алғаш Абай шығармаларын елге таратушы, жинап, кітап етіп бастырушы, ақын туралы құнды деректер беруші Абайдың айналасындағы көзі ашық ақындар мен өнерлі жастардың абайтану ғылымының іргетасын қалауға қосқан үлесі орасан.

Абай туралы қанша көп айтылса, алда әлі де айтылар сөз одан да көп. Ұлы ақындар шығармашылығы ескірмейді, әр ұрпақ оны жаңадан оқып, өзінше түсінеді, өз пікірін айтады. Заман да жаңа міндеттер қояды.

Қорыта айтқанда, Абай өміріне, оның өмір сүрген ортасына, айналасына байланысты деректерді толықтыра беру, шығармаларының текстологиясын зерттеуді жалғастыру, әсіресе, прозалық шығармаларын әр түрлі нұсқалармен салыстыра қарау, Абай қолжазбасын іздестіру, оның стилі, мазмұны, ақынның дүниетанымы тұрғысынан толығырақ зерттеу, Абай мектебі мен оның ақындық дәстүрі жайлы жаңа еңбектер жасау, Абай реализмі мен оның шығармасы нәр алған бастаулар жайында жаңа сөз айту, Абайдың саяси-қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасы, қазақ әдеби тілін ұстартудағы рөлін кең ашу–алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың жаңаша сөзі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10.–Алматы: Ғылым, 2003.–456б.
2. Қирабаев С. Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы. / Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы.–Алматы: Ғылым, 1994.–336б.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. –Алматы: Санат, 1997.–448 б.
4. Мұхамедханов Ғ. Абайдың ақындық мектебі. Канд. диссерт.–Алматы, 1950. – 185б.
5. Ахметов З. Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері. / Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. –Алматы: Ғылым, 2002.–274б.
6. Ысмағұлов Ж. Абай дәстүрі және оның ХХ ғасыр басындағы әдебиетте дамытылуы. / Кітапта: Қазақтың бас ақыны: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Дәуір, 2004.–120б.

ӘОЖ 82.788.03

ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҚАПАРОВА А.А.

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается творчество А.Танирбергенулы

Summary. The article examines the work of A.Tanirbergenuly

Қоғамдық бетбұрыстар әдебиеттану ғылымының даму процесін жаңа бір бағытқа бұрды. Әдебиет әлемінде аз уақытта атқарылған істер қазақ әдебиеттану ғылымын ақтандақ беттерден арылтуға бет алды. Әдебиетімізге қайта оралған ұлы тұлғалармен қатар, кешегі тәжік-таластардан тұралап қалған Абайдың ақындық мектебі еңсесін түзеп, керегесін бүтіндеуде. Абай балалары – Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдардың мұралары өз бағасын алып, Көкбай, Шәкәрім сынды шәкірттерінің шығармалары енді-енді көпшілік кәдесіне жаратылуда.

Алайда батпандап кірген індетті әдебиет бетінен бір күнде сылып тастау мүмкін емес. Сондықтан да ғалым Т.Кәкішұлының сөзімен айтсақ: «...адамзат тарихында айрықша кезең есептелетін ХХ ғасыр қазақтың рухани мәдениетіне әкелген олжаларды жаңаша пайымдайтын уақыт келді, туды. Оны жасамасақ, ескі сараппен тарта берсек ел-жұрт алдында күнәкәр боламыз» [1].

Қазақ әдебиеті тарихында ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы өкілдерінің қатарынан орын алып келгенімен, Абайдың талантты шәкірті ретінде танылуы бертінге дейін көлегейленіп келген Әріп Тәңірбергенұлы тұлғасын жаңа тұғырдан танып, ақын мұрасының зерттелу ауқымын кемелдендіре түсудің кезі келгендей.

Әріп Тәңірбергенұлының ақындық қуат, ой тереңдігінің, сөз салымының, бір сөзбен айтқанда, суырыпсалмалық өнерінің бірден-бір куәсі – оның айтыстары мен сөз қағыстары. Ақын мұрасының тағы бір қырын қамтитын бұл сала Әріп ақындығының аламан тынысын таныта түседі. Айтыс өнеріне әдейілеп бет бұрмағанымен, Әріптің айтыс-қағыстары – тақырыптық тұрғыдан тың бағыт алған, өзіндік соны нақышы бар ерекше дүние.

Әріп – негізінен жазба ақын. Әйтсе де, табан астында суырып салма өнерге тым шебер, айтыс табиғатына бейім. Сондықтан да оның айтыстары жазылып та, реті келген жерде тосыннан суырыпсалма күйде де туып отырған.

Әріптің алғашқы айтыс-өлеңдерін Көкбай естелігінен кездестіреміз. Ол заңды да. Ақын айтыстарының бізге жеткен ең көлемді де, көрнектісі – өзінің нағашы туысы, әрі сыйлас досы Көкбаймен болған айтыстары. Көкбай: «Әріп екеуміз құрбы болатынбыз. Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз» [2, 161б.], – деген сөзіне қарағанда, бүгінгі ұрпақ екі ақын арасындағы асыл сөз жарыстарының бір үзімін ғана ұстап қалғанға ұқсайды, Әріп айтыстарына ғылыми түрде тоқталған Ө.Есназаров: «Әріп поэзиясының басқа жырларымен бірге осы айтыс жанрына да шын құмарта қараған, белсене араласып отырған. Бірақ Ө.Тәңірбергенұлының айтыс өлеңдерінің көбі ақталмаған. Әзірге қолда бары Көкбай, Қаумет, Қуанышбай тәрізді ақындармен айтысы, Әсет, Сәдір, Бейсеке сияқты ақындармен сәлемдесу үстінде туған қалжың өлеңдері ғана бар. Бұл аталғандардың ішінде кейбіреуі толық емес» [3, 15б.], – деген қынжылыс білдіреді. Сондықтан да біз ақын айтыстарының осыншалық жұтаңдық жайын ескере отырып, қолда бар деректер мен кей тарихи мұраларды кірістіріп, ақынның айтыс-қағыстарын кеңінен сөз қылуға тырысамыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның ең көп саналатын айтыстары Көкбай ақынмен болған. Олардың алғашқы айтыстары екеуі де Семей қаласында орысша оқуда жүргенде басталған. Айтыс табиғатына келсек, екі ақын арасында ешқандай зіл, ауыр сөздер жоқ, керісінше, айтыс негізінен әзіл-қалжың, шымшыма, қисынды қағытпадан аспайды.

Жалпы, Әріп пен Көкбай айтыстарының өз еңбегіне енгендеріне Қ. Мұхамедханұлы барынша толық түсініктеме жасап, әдеби тұрғыда талдаулар берген. Сондықтан да біз зерттеушілер қозғамаған кейбір жайларға тоқталып, Әріптің айтыс өнеріндегі ақындық қуатын айқындай түсейік. «Бұрынғы халық ақындарының айтысынан сонағұрлым жоғары, қисынды, көркем болып келеді», дегенмен, Әріп пен Көкбай айтыстары да алғашқы кездерде «өз руын, болмаса руының адамын көтермелеумен болды». Көкбаймен алғашқы айтыстарының бірінде Көкбай Найман еліне соқтығып, сол елден Семейде оқып жүрген Сымайыл, Шәкет және Әріптің өзіне соқтыға сөйлейді. Әріп оған жауабында:

Бұл жерде Найманды айтып жамандауға,

Сымайылдай алдырар жаман дауға, –

дей келіп, надандық Найман ғана емес, Тобықтыны да жайлаған қасірет екенін тілге тиек етеді.

Көкбайдың:

Енді бірі оқып жүр Шәкет жыңды

Үйінде Айтқазының ол не қылды?

Әйтеуір құрбылықтың жөні осы деп

Жас баладай шымылдыққа сиіп тынды, – деп сөккен сөзіне

Әріп:

Шәкеттің шымылдыққа сарығаны,

Айтқазыға бір қыдыр дарығаны.

Белағаштың болысы мәстек жеккен

Бұдан былай ауы атқа жарығаны, –

дейді. Байқасаңыз, Әріп Сымайылдың надандығын мойындағанымен, Шәкетті қорғап, тіпті көтере сөйлейді. Өмірінде Әріп пен Шәкет таныс-біліс, сыйлас адамдар болған. Кейіннен Шәкет

құдай жолын ұстанып, Меккеге барған, қажы атанған адам. Қ.Мұхамедханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» кітабындағы (III-кітап) «Жаналинға» деген өлеңі – Әріп пен Шәкеттің аралас-құраластығын қуаттайтын шығарма. Осы өлеңнің шығу тарихына тоқтала келіп Қ.Мұхамедханұлы: «Шәкет Әріппен құрдас. Екеуі қатты қалжыңдасатын болған – дейді. Өлеңнің шығу тарихы да осы құбылысты көрсете алады.

Ақынның әдеби мұрасынан хабардар ететін сөз қағыстарының бірі – әйгілі Әсет ақынмен қағысуы. Бізге жеткені бір-бір ауыз сөзбен қайырылған бұл мұра бұдан гөрі молырақ болуға тиіс. Әсет:

Байғара он жеті ақын сенен шықты,
Тау мен тасты мақтауға Әріп мықты.
Өлтірдің «Баһрамда» жеті ханым

Дарынды ақын демеймін сені тіпті, – деген жолдарға сүйеніп, Қ. Мұхамедханов Әріптің «Баһрам» дастанын жазғанын айтады. Осы қағысуда Әріптің Әсетті түйреген тұсы:

Әкең Найманбай базарда шақша сатқан,

Харакеті жоқ па екен онан өзге, – деген жері. Әсеттің осы бір осал тұсы – әкесінен келе жатқан кедейлігін, онымен айтысқа Кәрібай, Ырысжан сынды ақындар да қапы жібермеген. Ақынның осындай екі-үш ауыз өлең қағыстары Бейсеке, Сәдір сияқты ақындармен болған. Әріппен айтысқан Сәдір ақын Сыбанның Ергөбек тармағынан тарайды, Әріптің аталас туысы. Өзбекан мен

Жұмақан деген ауқатты ағайындардың араздығына Әріп себепкер дегенді естіп, Сәдір ақын:

Ассалаумағалейкум, Әріп сайтан,
Әріпті аз жамандап барып қайтам,
Өзбекан, Жұмақанның арасына
От жақтың әр уақытта анық сайтан, –

деп соқтыға келеді.

Әріптің де қарымтасы салмақты еді:
Уағалейкумассалам, Сәдір сайтан,
Несие емес, қолма-қол әзір сайтан
Қыздырма қызыл тілмен қыз өлтірген
Сен қашан танушы едің қадір сайтан, –

дегендегі «Қыздырма қызыл тілмен қыз өлтірген» деген бір ауыз сөздің тарихы тереңде жатыр. Осы арада Қ.Мұхамедханұлының осы жолдарға берген түсініктемесіне көңіл бөлейік. Зерттеуші пікірінің жалпымазмұны былай болып келеді: «Сәдірдің бір ағайыны Мәмбетжан деген байдың сұлу да ақылды Мәке деген қызын Сабырбай ақын өзінің Жақып деген мінезсіз де, сүйкімсіз ұлына айттырады. Жақып бір кездескенде Сәдірді көзге ілмей, қатты тілдеп кетеді. Сәдір:

Баласы Сабырбайдың қара Жақып,
Жақсыдан жаман болып туған тантық, –

дей келіп,

Оның Мәкедей сұлуға тең келмейтінін:
Қарағым, айналайын, қайран Мәке,
Құрбыңнан артық едің дара, жеке.
Түр де жоқ, ақыл да жоқ, мінез де жоқ,
Кезболдыау, маңдайынақаратеке, –

деп басталатын ұзақ өлеңі елге жайылады». Жақып осылай маскара болса да, қыздан күдерін үзбейді. Қызды көндірмек болып, арсыздығына басып тағы бір оғаш мінез көрсетеді. Бір күні түнде қыздың жатқан үйіне ұрланып кірген Жақып, Мәкенің маңына жолай алмаған соң, «әйтеуір бір белгісі болсын» деген жаман оймен Мәкенің аяқ киімін ұрлап кетеді. Ол аяқ киім Мәкенікі емес, қыздың шешесінің мәсісі болып шығады. Жақыптың осы дәрекі қылығын әшкерелеп, сайқымазақ еткен Сәдір:

Жақыптың сырты толық денесін-ай,
Өзінше ойлап тапқан егесін-ай.
Мәсісін енесінің ұрлап кетіп
Шіркіннің енесімен егесуі-ай, –

дейді. Өлең елге тарап жалғыз Жақып емес, Сабырбай, Мәмбетжан ауылдары ел алдында маскара болады. Бұл уақиға әсіресе Мәке қызға айықпас қайғы-қасірет әкеледі. Құдандалы екі ауыл сергелдең болады. Ақырында, қызды Жақыпқа қосып, ұзатуға бел байласады. Жақыптың тірікұтылмасына көзі жеткен ер мінезді, қайсар қыз желбауға асылып өледі».

Әлі де зерттеуін таппай ел аузында жүрген Ә. Тәңірбергенұлының асыл мұрасы – айтыстары мен сөз қағыстарының қолымызда бар бөлігінің өзі оның ақындық, айтыскерлік, суырыпсалмалық қасиеттерін таныта алады. Әрине, өз тұсындағы арқалы айтыстар деңгейінен орын алмағанымен, Әріптің айтыстары тақырыптық жағынан тың, идеялық жағынан жаңа бір белдеуден көріне білді. Айтыс табиғатын терең меңгергендіктен, «Біржан-Сара», «Тәуке-Ұрқия» көріктендіре көмкеріп жазған Әріп өз айтыстарында заман биігінен қарап, жалпы адами-тағылымдық тақырыптарды көтеруге тырысты.

Осы тұрғыдан алғанда Әріп айтыстары тек, ақын мұрасының жанрлық қырын көрсетумен шектелмей, оның әлеуметтік көзқарасын танытар жаңашылдығымен дараланады деп бағалағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Кәкішев Т. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар / Т. Кәкішев // Қазақ әдебиеті. – 1994. – 26 тамыз.

2.Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері / Қ. Мұхамедханов. – Алматы: Дәуір, 1995. – 3 кітап. – 320 бет.

3.Тәңірбергенев Ә. Ұмытпаңыздар мені / Ә. Тәңірбергенев. –Алматы: Жазушы, 1969. – 180 бет.

ӘОЖ 821.512.122:323.11

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ КӨРІНІСІ

ЕЛЕТАЕВА А.

Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназияның 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТӨЛЕНДІ Н.Ә.

Ә. Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ: ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА ҚҰЛИБАЙҚЫЗЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты,
ф.ғ.к., доцент м.а., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Известно, что в статье описывается детство Шерхана Муртазы. Благодаря этому произведению мы видим, что счастливое детство Шер Аги было окутано мрачной тьмой. Читая каждый отрывок, создается впечатление, будто заново переживаешь невзгоды и страдания своего детства. Место матери Аиши в жизни писателя упоминаться не должно. Батырхан, Нурмаш, Айша – главные герои произведения, как и Барысхан (Шерхан Муртаза). Художественный образ матери Аиши, созданный автором, раскрыл решимость и мужество, свойственные казахским женщинам.

Summary. It is known that the article describes the childhood of Sherkhan Murtaza. Through this work, we see that Sher Agha's happy childhood was shrouded in gloomy darkness. Reading each passage, you get the impression that you are reliving the hardships and suffering of your childhood. The place of Aisha's mother in the writer's life should not be mentioned. Bатыrkhan, Nurmash, Aisha are the main characters of the work, as is Baryskhan (Sherkhan Murtaza). The artistic image of Aisha's mother, created by the author, revealed the determination and courage characteristic of Kazakh women.

Әлемде ұлттық болмыс пен құндылықты, мәдениет пен әдебиетті, тарих пен бүгінгі күнді елемей, тек бүгінмен өмір сүрген, дәл солай дамушы ел болып, өзгелерден сатысы биік тұрған бірде бір мемлекет жоқ екені хақ. Өткенін ұмытқан ел- ел болмайды. Тарихты білу, құндылықты түсіну- әрбір елдің дамуға деген үлкен талпынысы деп білемін. Себебі, өткеніңе қарағанда бүгіннің жақсы болу үшін өскелең ұрпаққа қалдырған мұраң болу керек.

Әр азамат өзінің саласын жетік меңгеру арқылы, ұлттық болмысты сақтай алады. Мен осы орайда, еліме деген махаббатпен, әдебиетке деген қызығушылықпен Отаныма өз үлесімді қосқым келді.

Балалық шағы ауыр өткен Барсхан- бүгінгінің кемел қаламгері бола білген Шерхан Мұртаза. Ол өз тағдырын жазып қана қоймай, өзі секілді мыңдаған адамның тағдырын боямасыз бүкпесіз сол дәуірдің шындығын көрсете білді. Анасы Айша көрген бейнетіне мойымай, алға жүре білді. Оның күш-қуаты- балалары. Ертеңге деген үміті болды. Айшадай анадай тәлім мен тәрбие алған бала Барсхан, бүгінгі күннің Шерханы.

Айша- өмір тәлкегіне мойымай, тағдырдың тосынсыйына жігері мұқалмаған, балаларының тұлғалық өсуіне өмірлік азық берген, адами болмысты сақтауға үлесін қосқан, қоғамның беделді жұмыстарына араласуына бағдар берген намысшыл да шыдамды, жігерлі де қайсарлы қазақ анасы.

Ал, Барсхан-ойын баласынан ойлы азамат болып, өмірден таяқ жесе де, тағдырына қарсы шықпай, өмірге наразы болмай, керісінше есті азаматқа айналған, ақылды да парасатты, еңбекқор, өз елінің патриоты бола білген, ізгілікті ту еткен мықты кейіпкер. Яғни, бұл шығарманы оқу кезінде трагедиялық өмірге баса назар аудармай, рухани байлық, ұлттық болмыс пен құндылықтарға да ерекше мән берген жөн. Себебі, жоғарыда атап көрсеткендей «Ұлтыңа қызмет ету- білімнен емес, мінезден». Роман желісінде ауыр тағдыр суреттелгенімен, халқымызға тән ұлттық болмыс пен ерекшеліктер, ғасырлай бойы қалыптасқан салт-дәстүрдің, бүгінге дейін келе жатқан ырым-тиымдардың биік қоюылуы шығарма кейіпкерлерінің амал- әрекеті мен сөздерінде көрініс табады. Сонымен қатар, прозаның ерекшелігі мен құндылығын көтеретін аңыз-әңгімелер мен ертегілер болса, Ш.Мұртазаның романында бұл айқын көрініс тапқан. Бұл да бір ауыз әдебиетінің жалғасуына үлкен ықпал, ұлттық болмысты сақтаудың бір жолы. Яғни, қаламгер бұл романында «Қоңыраулы еліктер», «Жалаңаш қасқыр», аңыздарын жаңғырта отырып, адамгершілік құнды қағидаларды негізге алады.

Қазақ халқы-қонақжай халық, құшағы кең, мейірімді халық, табандылықпен алға жылжитын еңбекқор халық, үлкенін құрметтеп, кішіге ізетпен қарайтын текті халық, Алласын аузынан тастамайтын иманды халық, өзін өзгеге қор қылмайтын намысшыл халық. Біздің ел туралы өзге ұлт өкілдерінен, өзге мемлекеттен сұрасаң олар да осы сипатта жауап беретіні анық. Мен өз еліммен, жеріммен, ата-баба дәстүрімен мақтана аламын. Бүгінде тәуелсіз ел Қазақстан болудың түпкі тамыры тарихымызда жатыр. Қаншама қиындықты, озбыр саясатты артта қалдырып, дамушы елге айналдық. Қазақстан бірден гүлдей жайнап, құлпырып кеткен жоқ. Бүгінгі күннің жемісі сол ата тектің жолымен, қазақи болмыс пен құндылықтарымыздың бір болуының нәтижесінде- бір аспанның астында тату да тәтті, тәуелсіз өркениетті елге айналып отырмыз деп білемін.

Шығармада Шерхан Мұртазаның өз өмірінің балалық шағы суреттелетіні белгілі. Осы туындысы арқылы біз Шер ағаның бақытты балалық шағының тым бұлыңғыр қараңғылықта қалып қойғанын көреміз. Балалық шақта көрген қиындығы мен қасіретін әр үзіндіді оқып отырғанда-ақ басыңнан өткеріп отырғандай боласың. Айша анасының жазушы өмірінде алатын орнын атап айтпаса болмайды.

Батырхан, Нұрмаш, Айша шығармада Барысхан (Шерхан Мұртаза) секілді басты кейіпкерлер. Автор Айша анасының көркем бейнесін қазақ әйелдеріне тән өжеттілігі мен қайсарлығын ашып көрсете берген. Романда өзге ұлт өкілдері біраз тұста кежлеседі. Бұл таңсық жағдай емес. Соғыс кезінде жер аударылып кеткен ұлттардың барлығы өз себкпітерімен келген. Бірі неміс болғаны үшін аударылса, бірін соғыс басып жатқан аумақтан кетіру мақсатында әкелген.

"Бала кезде ұлтым, тілім деп бөлінбей, үлкейгенде неге солай даулас... болады екенбіз"- деген автор сөзіне өз ойымды айтқым келеді. Менің ойымша адамзат туылғалы ана тілін естіп, сусындап өседі. Ал жалпы тіл пайда болмай тұрып, адамдар "ым" тілімен сөйлескені мәлім. Авторда өз еңбегінде өзге ұлт балаларымен ойнаған сәтін ымдап сөйлескені туралы айтып еске алады. Уақыт өте келе тіл пайда болып, әр тайпа өзін деп жеке дара ұлт болып, соған сай ділін де, тілінде жасайды. Ал автордың айтқысы келгені татулық. Бірліктің түбі - тірлік екенін ұғындырғысы келгендей. Шығармадағы татулықты біз, сол кезеңдегі жағдайға ғана жауапты ете алмаймыз ғой?!

Менің пікірімше, мұнда белгілі бір кезең немесе жағдай емес, адамның алған тәрбиесінде деп ойлаймын. Сондағы ойнаған, топ бала бірін біріне қамқор болғаны, бір нанды үзіп жеп, қара суды біріге ішкені олардың бауырмашылдығын көрсетеді. Оларды ата-анасы мәжбүрлі түрде қинап олай жасатқан жоқ. Өздерінің ерікті түрде жасаған әрекеті болды. Бұл отбасында алған тәрбиенің жемісі. Қазақ ұлтының ғана емес, сол жерде ойнаған өзге ұлттың отбасында берген тәрбиенің көрінісі.

Қорытындылай келе, ұлттың жаманы болмайды деп қазақ халқы бекер айтпаса керек-ті. Ұлтаралық достықта, татулықта отбасында алған ұлттық тәрбиеге байланысты. Бірлікте болсақ, тірлігімізде өнімді болары сөзсіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. Алты томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2002. – 384б.
2. Дүйсенбек Ә. Шерағамның шеруі. – Алматы: Қазығұрт, 2007-134б.
3. Қаламгер және өмір шындығы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №3(73), 2020 ж. – 293 б.
4. Ай мен Айша: Роман / Шерхан Мұртаза. – Алматы: Жазушы, 2020.- 288б.

ӘОЖ 76.90

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТҰЛПАРЛАР БЕЙНЕСІ: ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ, ЖЫЛҚЫ МАЛЫ ТУРАЛЫ НАНЫМ - ТҮСІНІК

САПАРБЕК САЯТ

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 11 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

СЕЙДУАЛИЕВА А.С.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье общественно-исторический характер, культурные, духовные и художественные идеалы, познавательные и воспитательные аспекты образа лошади в казахской литературе широко признаны и являются важными факторами взвешивания. Образ лошадей в национальной литературе – это популярные произведения известных писателей, получившие широкую известность на основе жанровой системы. Подробно раскрыты судьба статуй и история страны - жизнь людей, литературные реликвии прошлых периодов, популярные произведения, общественные дела, просветительские моменты.

Summary. In the article, the socio-historical character, cultural, spiritual and artistic ideals, cognitive and educational aspects of the image of the horse in Kazakh literature are widely recognized and are important weighing factors. The image of horses in national literature are popular works of famous writers that have become widely known based on the genre system. The fate of the statues and the history of the country are revealed in detail - the lives of people, literary relics of past periods, popular works, public affairs, educational moments.

Әлем халықтарының әдебиетіне ортақ бейне болып табылатын тұлпар, арғымақ, сәйгүліктерді сонау көне замандарды жалғастырушы дәстүрлі мәдениет үлгісі деп қарап, 60-80 жылдар әдебиетінде осы дәстүрді қайта жандандырып таза жылқы малының бейнесін сомдап, ішкі жан дүниесін, психологиясы мен тағдырын суреттеген шығармалар қарасқан. Қазақ қаламгерлері Т.Әлімқұлов, С.Жүнісов, С.Бақбергенов, Ә.Кекілбаев, С.Бегалин т.б. жазушылардың өзіндік суреткерлік ерекшеліктеріне тоқтала келе, өмір шындығы, кейіпкер тағдыры, халықтық мұрат, жазушы шеберлігі мен көркемдік әдіс-тәсілдердің жүзеге асу деңгейіне байланысты әдеби-теориялық талдаулар мен этнопсихологиялық пайымдаулар жасалды. Ұлттық сөз өнеріндегі тұлпарлар бейнесінің тарихы мен олардың көркемдік тұрғыдан жинақталған образы тураалы ой-пікірлер тым көне кезеңдерден бастау алады.

Ұлттық рәміз жерімізде бейнеленген қыран, барыс тәрізді жылқы символикасының да ұлттық санадағы орны ерекше. Символдардың мәнін өскелең ұрпаққа түсіндіру – халқымыздың сан ғасырлар бойы дәстүрге айналдырған ғұрыптық жоралғылары мен ырымдарының, түрлі ем-домдардың түпкі себебін терең ұғынуға септігін тигізеді. Бұл халықтың рухани мәдениетінің алғы шарттарын түсінуге, ұлттық санамыз бен үрдісімізді тарих қойнауынан аршып, далалықтар өркениетін мақтан тұтуға жетелейді.

Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесін – халқымыздың арғы-бергі тарихымен сабақтастырдық. Оның ішінде: ұлттық сөз өнеріндегі белесті кезеңдер, ежелгі жәдігерліктер, ақын-жыраулар мұрасы, Абай поэзиясы, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті жетістіктермен табиғи байланыстырылады. Қазақ халқының асыл түлігі – тұлпар бейнесінің әдебиетімізде жеке образ болып қалыптасуы, осы образ арқылы шығармаларда өмір шындығы мен кейіпкер тағдыры көрініс табады.

Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі: дәстүр мен сабақтастық, жылқы малы туралы наным – түсінік, тұлпарлар бейнесін сомдауда кейіпкер мен тұлпар тағдырының көркемдік тұтастығы, қазіргі әдебиеттегі тұлпарлар бейнесінің көркемдік қырлары мен тұлпарлар бейнесін жасаудағы ізденіс арналары, образ сомдаудағы жазушы шеберлігі тереңінен сөз етіліп, кеңінен көрсетілген.

Қазақ әдебиетінің ежелгі мифтік, ру-тайпалық кезеңде жылқы малы қолға үйретіліп қазақ тіршілігінің негізгі тірегінің біріне айналды. Халқымыз сау тұлпарды ән-өлең мен дастандарына қосып жырлаған. Қай кезең әдебиетін алсақ та, ішінара тұлпар, сәйгүлік, арғымақ бейнелері сөз етіледі. Осы ретте 60-80 жылдар аралығында әдебиетіміздегі тұлпарлар жайлы жазылған шығармалар кең орын алады. Қазақ әдебиетінде тұлпарлар образын суреттеген шығармалардың тууына көршілес қырғыз әдебиетінің атақты жазушысы Ш.Айтматовтың «Қош, Гүлсара!» повесі өз әсерін тигізеді. Осы тұста қазақ әдебиетінде тұлпарлар образы мен өмір шындығын, кейіпкер тағдырын суреттеген тың туындылар жарық көре бастады. Тұлпар бейнесі мен заман шындығын, кейіпкер тағдырын суреттеген шығармаларға Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторы», Б.Соқпақбаевтың «Бурыл ат», Қ.Жұмаділовтің «Сәйгүліктер», Р.Тоқтаровтың «Тұлпардың тағдыры» және т.б. жатқызуға болады.

Жылқы малын этнографиялық тұрғыдан – А.Тоқтыбай, археологиялық тұрғыдан – В.Ф.Зайберт, С.Я.Зданович, М.К.Хабдулина, мифтік тұрғыдан – С.Қондыбай т.б. секілді ғалымдар зерттеу жасаған. Қазақ жылқысының ерекшеліктеріне В.М.Смирин, Р.С.Линец, Б.Жетпісбаева, М.Қиянатұлы т.б. терең тоқталған. Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесінің генезисін, типологиясын, функционалдық қызметі мен даму эволюциясын ашумен қатар қоғамдық сана, дәстүр жалғастығымен әдебиетке жеке образ болып келген кезеңі, сол кездегі жазылған шығармаларда көрініс тапқан тұлпарлар мен кейіпкерлер тағдырын, өмір шындығын және жазушы шеберлігін таныту болып табылады.

Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі жан-жақты қарастырылып, өмір шындығын көркем шығармаға айналдырудағы жазушының суреткерлік шеберлігін алуан деректер, талдау, саралау негізінде тереңінен сөз етіледі. Тұлпар бейнесі – қазақ халқының діни наным-сенімін, дүниетанымын, рухани деңгейін танытатын тұлға. Тұлпар – халық мұраты, батыр серігі, жорығы жаршысы. Тұлпар – ұлт мақтанышы, абройы мен ар-ұяты. Тұлпар – ел байлығы ер байрағы мен намысы.

Тұлпар бейнесін жан-жақты зерттеу барысында, халқымызбен бірге жасасып келген асыл жануарларымыздың пайда болуы мен дамуын қарастырғанда, Ч.Дарвиннің еңбегіне сүйене отыра, атақты палеонтолог В.О.Ковалевскийден (1842-1883) бастап, жылқы тобының эволюциясы жайлы белгілі ғалымдар қазірге дейін зерттеулер жүргізуде.

Ғұлама ғалым Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» атты еңбегінде: «Жылқы бағу туралы Қазақстан сахарасы бір ғажайып аңыздың ұясы. Сақ, ғұн, үйсін заманынан бері қарай қазіргі дәуірге дейін олар жылқының неше алуан әдемі мүсінін баптаған. Олардың аса қадірлегені әсіресе тұлпар аттар», - делінген.

Осы ретте, С.Қондыбай да су жылқысы мен Байұлы руының шығу тегі туралы аңызға да тоқталған.

Су жылқысы туралы аңыз түркі тектес халықтарда жиі ұшырасады.

Жылқы малының пайда болуы жайлы мифологиямен қатар адам өмірінде жылқыға байланысты көптеген наным-сенімдер мен салт-дәстүрлер де бар.

Ертеректе әйелдер қатты жаны қиналып, толғақ қысып босана алмай жатқанда, үйдің іргесіне ат байлап немесе аттың үстіне мінгізіп жылқыларда үйірлеген екен. Немістің оқымыстысы Шиллер өз еңбектерінде табыннан алынатын жылқы ұнамды, отты жанарлы ат болатындығын жазады.

Қазақтың жылқыға байланысты шыққан наным-сенімдерінің ішінде жылқы түсіне байланысты жора-жосықтарына зер салып зерттеуге тұрарлық сала.

Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз: қазақпен бірге жасасқан асыл жануарларымыздың халқымыз үшін орны ерекше болып саналады. Қанша ғасыр артқа салса да,

әдебиетімізде тұғыры биік тұлға болып қалыптасқан қасиетті Қамбар атаның ұрпағы жылқыға байланысты халқымыздың наным-сенімі өте мол.

Халық әдебиетінде кең орын алған тұлпар туралы наным-түсініктер қазіргі кезеңдерде де дәстүр мен сабақтастыққа сай жалғасын тауып келеді.

Қазақ әдебиетінде – тұлпарлар орны айрықша маңызға ие. Қырғыз әдебиетінің атақты қаламгері Ш.Айтматовтың көркемдік тәжірибесі қазақ прозасына ерекше әсер-ықпалын тигізген деуге болады. Ш.Айтматов шығармаларының көркемдік болмыс – бітімі қазақ прозашыларының назарын өзіне бірден бұрып, көптеген жазушылардың шығармашылық қалыптасуына таптырмас суреткерлік мектеп болды. Тұлпардың тағдыры мен кейіпкер болмысын суреттеуде Т.Әлімқұловтың «Қош бол, Абсент!», Ш.Айтматовтың «Қош Гүлсары!», Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторы» повестерінде ортақ идея бар. Олар тұлпарлар тағдырын беру арқылы адам өмірін, қоғамдық сана мәселесін, уақыт жылжымалығын, өткіншілігін көрсету, сол тұлпардың күші бойында тұрып, еті қызу кезінде қаншалықты адамға қажеттілігі, қартайған шағында ешкімге керексіз болғандығы сөз етіледі. Әлем әдебиеті тарихында жан-жануарлардың өзіндік ерекшеліктері, адамға қатысты тұстары қызықты, нанымды өріс алады. Жануарлар жайында жазу дәстүрі әлем әдебиетінде ежелден бар. И.Тургеневтің «Муму»; Джек Лондонның «Ақ азу», Л.Толстойдың «Холстомер», М.Әуезовтың «Көксерек», Ш.Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» атты шығармалары осындай үлгіде көрінген шығармалар. Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторы» хикаясы да – осындай әдебиет классикаларының қатарына қосылған дүние. Оны қазақ сөз өнерінің ерекше табыстарының бірі деп айта аламыз. Ә.Кекілбаевтің «Бәйгеторы», Т.Әлімқұловтің «Қош бол, Абсент!» шығармалар арасында бірқатар ортақ сарындар мен желілер бар. Т.Әлімқұловтың шығармасында бір кездегі өнерімен, сұлулығымен бүкіл әлемді тәнті еткен, қалың жұрттың қошеметі мен мадақтауына бөленген Абсенттің кейінгі өмірі Бәйгеторының соңғы күндерінің сарыны секілді аянышты, трагедиялы сазға толы. Бұл жақындық, орта сарын сырында қасиетті жылқы тағдырының өзіне тән жалпы шындық жатқаны анық.

Қорыта айтсақ, Абсент, Бәйгеторы, Гүлсары – үш түрлі тағдыр кешкен. Тағдыр болғанда, трагедиялы тағдыр. Осының барлығында өмірдің заңы, философиясы бар. Өмірінің соңында ешкімге керексіз болып қалған тұлпарлар тағдыры арқылы үш қаламгер де адам тағдырының тереңіне бойлаған. Осы тұста қоғамдық орта шындығы бой көтереді. Тарихи кезең шындығын көз алдына әкеледі. Абсент пен Гүлсары сияқты тұлпарлар тағдыры кешкен кезең – кешегі осыдан бірнеше жыл бұрынғы тарихи тұс, тарихи өткел. Жазықсыз жаңа шеккен сандаған жанның тағдыр талайы түйінделіп келіп, осы екі тұлпардың тағдырына сыйлап кеткен. Бұл суреткерлік шеберлік жемісі.

Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесінің әлеуметтік – тарихи сипатын, мәдени рухани һәм көркемдік мұраттарын, танымдық-тағылымдық қырларын кең көлемде танып, таразылау ісінде зор факторлар болып табылады. Ұлттық әдебиеттегі тұлпарлар бейнесі – жанрлық жүйе негізінде кең өріс алып, белгеле қаламгерлердің танымал туындылары. Тұлпарлар тағдыры мен ел тарихы – халық өмірімен, арғы-бергі кезеңдердегі әдеби жәдігерліктермен, танымал туындылар, қалың көпке ісері, тағылымды тұстары жан-жақты ашылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Көшекова А.А. Қазақ эпосындағы ат образы, дисс. - Алматы, 2015 ж.
- 2.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2003 ж.

ӘОЖ 63.41

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

АМАНГЕЛДІ Н. А.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

САТАРОВА З.Р.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,

Резюме. В статье в современном мире изучение иностранного языка является одной из важнейших составляющих современной, успешной жизни человека. Знание иностранного языка не только желательно, но и необходимо. Сегодня число желающих выучить иностранный язык увеличивается, а соответственно, возникает потребность в качественной подготовке иностранного языка. Основные задачи, выполняемые на уроках английского языка, - научить детей говорить по-английски, заставить их отвечать на вопросы, общаться друг с другом, говорить устно прочитанное, приучить их к самостоятельной работе.

Summary. In the article, in the modern world, learning a foreign language is one of the most important components of a modern, successful human life. Knowledge of a foreign language is not only desirable, but also necessary. Today, the number of people wishing to learn a foreign language is increasing, and accordingly, there is a need for high-quality training in a foreign language. The main tasks performed in English lessons are to teach children to speak English, make them answer questions, communicate with each other, speak what they read orally, and teach them to work independently.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдармен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды- тұлғаны дамытудың ең басты тетіктердің бірі ретінде қарастырды, өйткені шығармашылық іс- әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Шығармашылық оқушыға шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Жаңаны жасау, өзі жасаған тың дүниеден алған жан ләззаты оқушы үшін шабыт баспалдағы болмақ. Сабақ беру үрдісінде шәкірттерді шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы зор. Жазба жұмыстар олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу тәрізді жекелік қасиеттері байқалып тұруы қажет деп ойлаймын.

Шығармашылық жазба жұмыстары -тіл дамыту жұмыстарының бір түрі. Жазба жұмысын жазарда мұғалім оқушыға міндетті түрде бағыт – бағдар беруі керек. Шығармашылық жазба жұмыстарының мақсаты – логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық, қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге қалыптастыру. Шығармашылық жұмыс табиғаттың төл перзенті адамның көңіл күйі, ой-толғам болмысына, сыртқы дүниені танып білу, ұмтылу мүмкіндігіне де байланысты. Оқушылардың ағылшын тілінен білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Біріншіден, түсінгенін дұрыс айта білу (сөйлемді дұрыс құрастыру, жеке дыбыстарды, буынды, сөзді, сөз тіркестерін дұрыс оқу). Екіншіден тақтадан, кітаптан, мұғалім айтқанынан сөз, сөз тіркестері, сөйлемдерді сауатты көшіре білу.

Тілдерді меңгеруде оқушылар сөздерді, сөз тіркестерін ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, ерекше дыбыстарды меңгермейінше ағылшын тілінде дұрыс сөйлеу, салауатты жазу мүмкін емес. Сондықтан жазба жұмысын барлық сыныптарда үнемі өткізіп отырған тиімді.

Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалай да мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері анық. Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдіруде. Үш тілді оқыту сыныптарында ұйымдастырылған жұмыстар оқушылардың көп ізденіп, мол білім жинақтауына мүмкіндік беріп отыр.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай технологиялардың бірі Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Оқушыларды сыни ойлауға үйрету оқушылардың сыни және шығармашылықты ойлауын дамытуға, сыныпта еркін ахуал тудыруға, мұғалім тек ақпарат беру көзі болуды тоқтатып, оқушыларға сұрақ қоя білуге бағытталған пікірлесуге, қатысуға мүмкіндік беруші тәсіл. Оқушы жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Қазіргі заман талабына сай оқушыда өзіндік көзқарасы, сенімі, ішкі уәжі қалыптасуы керек.

Сондықтан да сабақты жоспарлаған кезде оқушылардың сыни ойлауын тудыратын сұрақтар немесе деңгейлік, кеңейтілген, құзырлылық тапсырмалары болуын қадағалаймын.

Қазіргі әлемде шет тілін үйрену заманауи, табысты адам өміріндегі маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Шет тілін білу құптарлық қана емес, қажетті білім. Бүгінгі таңда шет тілін білгісі келетіндер көбейіп келеді, сәйкесінше шет тілін сапалы оқыту қажеттілігі туындауда.

Қазіргі ақпараттық қоғам, ең алдымен, ақпараттың жетекші позициясымен және оны өңдеу құралдарының – ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуының өте жылдам қарқынымен сипатталады. Информатика саласындағы елеулі жетістіктер компьютерлік технологияның адам өмірінің әртүрлі салаларына енуіне әкелді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде АКТ-ны тиімді пайдалану үшін алғышарттар жасалып қойған.

Ғалымдар кез келген оқыту әдісі оған ақпараттық технологияны кіріктіру арқылы байытылады деп есептейді. Бірақ егер информатиканы оқыту процесінде АКТ құралдары оқу объектісі ретінде де, оқу құралы ретінде де әрекет етсе, шет тілін оқыту процесінде олар тек оқу құралы болып табылады. АКТ құралдары деп микропроцессорлық, компьютерлік технологиялар негізінде жұмыс істейтін бағдарламалық, аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдар мен құрылғылар, сондай-ақ ақпаратты таратудың, ақпарат алмасудың, жинау, өндіру, жинақтау операцияларын қамтамасыз ететін заманауи құралдар мен жүйелерді түсіну керек. Ақпаратты сақтау, өңдеу, беру және жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарына қол жеткізу шетел тілін оқыту барысында көптеген мүмкіндіктер береді.

АКТ-ны практикалық қолдану оқушының танымдық іс-әрекетінің жаңа түрін қарастырады, оның нәтижесі жаңа білімді ашу, оқушылардың танымдық дербестігін дамыту, білімді өз бетінше толықтыру, ізденіс және ағымда бағдарлау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. АКТ құралдары оқушылардың танымдық әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді; интерактивті диалогтық гипермәтіннің көмегімен оқуға жағымды мотивацияны қамтамасыз ету; оқытудың дифференциациясының жоғары дәрежесін қамтамасыз ету; білім, білік және дағдыны бақылауды жетілдіру; оқу-тәрбие процесін ұтымды ұйымдастыру, сабақтың тиімділігін арттыру; шынайы зерттеушілік әрекет дағдыларын қалыптастыру; әртүрлі анықтамалық жүйелерге, электронды кітапханаларға және басқа да ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Шетел тілін оқытуда компьютерлік бағдарламаларды пайдалану оқу материалын ауызша емес, түсінікті және қолжетімді түрде беруге мүмкіндік береді. Студенттің сабақта жеке режимде жұмыс істей алуы, жаңа материалды түсінуде өз қарқынымен ілгерілету, қажет болған жағдайда түсініксізге қайта оралуы немесе алға ұмтылуы өте маңызды.

Шет тілдерін (ШТ) оқытудың негізгі мақсаты – студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық меңгеруге үйрету. Ағылшын тілінде бірдей коммуникативтік құзыретті меңгеру, оқытылатын тілдің елінде болмау өте қиын мәселе. Шетел тілін оқытуда ақпараттық технологияны пайдалану – бұл мақсатқа жетудің ең оңтайлы жолы. Ағылшын тілі сабағында АКТ қолданудың негізгі мақсаттары: тіл үйренуге деген ынтасын арттыру; сөйлеу құзыреттілігін дамыту; лингвистикалық білім көлемін арттыру; оқытылатын тілдің елі туралы білімдерін кеңейту; шет тілін өз бетінше меңгеру қабілетін дамыту.

Тілді және жұмыс формаларын әртараптандыруға және сабақты студенттер үшін қызықты және есте қаларлық етуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар мен әдістерді таңдауға көмектеседі. Олар сондай-ақ іргелі мүмкіндік береді. Компьютерлік оқытудың мотивациялық әлеуеті зор.

Ағылшын тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балалардың ағылшынша сөйлестіріп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлануына қазіргі таңда сабақтың басында «Brainstorming» жұмыс түрін кеңінен қолдануда. Берілген мәтінді оқу, түсінгендері бойынша постер қорғау, кез келген тақырыпқа өз ойын білдіру ағылшын тілінде сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады.

Ауызша сөйлеуге үйрету барлық сыныпта жүргізіледі. Оның әр сыныптағы мәні өзгеше екендігі анық. Оқушыларға жатық, шебер сөйлеуге баулудың мәні зор екендігі сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмедиева А.Т «Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу» Ағылшын тілі мектепте. 2019 ж.
2. Жасыбаева А. «Ағылшын тілі сабағында жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлері» Ағылшын тілі мектепте. 2012 ж.
3. Джамилова Г. «Обучение английскому языку через образное представление материала» Иностранный язык в школе. 2077 г.

ӨОЖ 82.899.08

ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

АЙТУҒАНҚЫЗЫ А.

№ 40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается литературное наследие Шади Жангирулы.

Summary. The article examines the literary heritage of Shadi Zhangirula.

Шәді Жәңгірұлының көп жыл ізденіп, жазған дастаны – «Назым сияр Шәриф» атты туындысы. Бұл шығармада Мұхаммедтің (ғ.с.) туғаннан өлгенге дейінгі барлық өмір жолы суреттелген. Ол кісі кіммен дос, кіммен күреңқабак болды, кәпірлермен қалай күресті, мұсылмандарды қалай қолдады, қанша баласы болды, кімнің тәрбиесін көрді, қанша рет некеленді, әке-шешесі кім еді, туған-туысы бәрі-бәрі түп-түгел жырда көрініс табады.

Ақынның Мұхаммед пайғамбар жайында қалам тербеуінің өзінде де көп мән бар. Біріншіден, пайғамбар өмір тарихының халық арасына тарауын көздесе, екіншіден, мұсылман ғалымдары арасындағы даулы мәселеге өзіндік көзқарасын білдіріп отырады. Дастанның басынан-ақ «Нұр» сипатына ерекше тоқталуы соны аңғартса керек. Өйткені орта ғасырлық ғұламалар Алланың алғаш жаратқан нәрсесі жайында дауласып, әр түрлі пікірлерді ұстанған болатын. Кейбірі алғаш жаратылған нәрсе пайғамбардың нұры десе, кейбірі қалам немесе ақыл екенін алға тартқан еді. Біз Мұхаммедтің (ғ.с.) қалай өмірге келгенін де «Назым сияр Шәрифтен» оқимыз:

Ғабдолла Әмина атты әйел алды,
Ибраһим тәртібімен некеленді.
Әуелі кездескенде Ғабдолламен,
Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті,
Пайғамбар тумай жатып өліп кетті.
Алланың әмірімен Мұхаммедті,
Құсақта анасының жетім етті.

Ақынның мәліметі бойынша, соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (ғ.с.) тумай жатып жетім қалғанын білеміз, көптеген діни қолжазбаларда Алланың елшісін жетім өсті дейтін, ал қалай жетім қалғандығы жайында осы дастандай жан-жақты түсіндіріп айтқан емес.

Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты дастанында пайғамбарымыздың жиырма бес жасында қырық жастағы Хадиша атты жесір әйелге үйленгенін де жырлайды. Меғражға барып, Алланың көргенін де толғайды. Қаншама кәпірлерді ислам дініне кіргізіп күндіз-түні аянбай, Алла жолында қызмет еткенін, мұнафиықтарды (екі жүзді) ешқашан аямайтынын, күллі мұсылманды бір ел, әр қырынан жырлапты.

Шәдінің пайғамбар тарихына арнаған «Назым сияр Шәриф» дастанынан басқа, оның Ислам ғазауыттарын көрсететін «Хайбар» дастанын да жазған. Хайбар – жердің аты. Мәдинеден бірнеше шақырым жерде орналасқан. Бұл соғыстың Ислам тарихында алар орны ерекше. Себебі Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбардың мүшріктерді жеңіп, елдің сол қанатына шоғырланған жүгеттермен болған шешуші шайқасы Хайбарда өткен болатын.

Адам ата жаратылғалы бері адамзат баласының қасы – Ібіліс. Оның көздегені адам баласын дұрыс жолдан тайдырып, жаманшылыққа бастау болып табылады. Әзәзіл Ібілістің бар айла-шарғысын ашып көрсететін ибн Жүзидің «Талбису Иблис» («Ібілістің айлакерлігі») деген еңбегі

діндарлар арасына осы еңбектің желісіне құрылған. Шығармада Барсиса деген діндардың хақ жолында жүріп, қалайша Ібілістің тұзағына түскені жайында айтылады. Шайыр осы шығармасы арқылы оқырманды өз нәпсісінің құлы болмауға шақырған.

Шәді «Ахуал қиямет» деген дастанынан оның құран тәпсірін жетік меңгергенін көруге болады. Шығарманың екінші жартысын оқығанда адамның өлер алдындағы сәтінен бастап, қабір азабына дейінгі аралықты суреттеген шайырдың еңбегіне сүйсінбесе амалы жоқ.

Шәді ақын өлімді айтуда адамдарды қорқытудан аулақ. Тірлікте істеген әрбір әрекеттің о дүниеге апарар сенің еншің екенін еске салады. Демек, адам баласы тіршілікте істеген қателіктері үшін тіршілікте Алладан кешірім сұрауы тиіс. Ақынның бұл көзқарасы түсінген кісіге имандылыққа шақырған жаны таза адамның жүрегінен шыққан өсиет сөз екенін аңғаруға болады.

Кеңес заманында Шәді Жәңгірұлының туындысын «идеямызға жат» деп бүркемелеп, жасырын ұстап келгені анық, осы бір жайды Ә.Тәжібаев ашына толғайды: «Бұған дейін Шәді туралы сөз айтылмайды, өйткені көркем әдебиеттерді тану және оның ғылымын жасау, тарихын жазу ісіндегі солақайлықтар сонау бастан Шәді еңбектерін жат көрсетіп, әдебиет оқитын қауымнан жабық ұстады да, ақынның өмір тарихы да жаңа жұртшылыққа бейтаныс күйде қалды. Сондықтан бұлдыр бейнені анық көру, жаңа бір ақынды тыннан ашу, онымен тілдесу, сырласу, оның мінез-құлқын, әдет-салтын, дүниеге қауымға, сұлулыққа көзқарасын білу, қай жағынан алсақ та қажет екен» [11, 221б.].

Шәді Жәңгірұлы жазған әдеби жәдігерлер қазақ, өзбек, қарақалпақ, түрікмен халықтарына ортақ деп айтсақ артығы жоқ. Өйткені сол елдердің ауызша, жазбаша қазыналарын меңгеріп, пайдасына жарата білген, шайырлармен араласып, ақындық шеберлігін ұштаған адам. Түркі тілдес халықтарға ортақ саналатын іргелі тақырыптарды өзінше қайтадан жазып шығу өздігінен келмейтін жұмыс екені айқын.

Соған қарағанда, Шәді тынымсыз ізденудің, еңбектің адамы болған, оны қасиетті туындыларынан тауып, танимыз, «Шығыс классикалық әдебиетінің назиралық үлгісін жете меңгерген, гуманистік ағартушылық бағытта дәстүрлі тақырыптарды жырлаған. Мазмұн мен түрі жағынан, идеясы мен сюжеттік желі тұрғысынан мүлдем жаңа, қолтума төл шығармалар жазған» [12, 168б.].

Сөз өнері мен қолөнер зергерлігін қатар алып жүріп даңқы шыққан Шәді ақын шығармаларының тигізген игі ықпалын оның еңбектерінен көруге болады. Көзінің тірісінде жетпіс бес табақтай еңбегі баспа жүзін көрген Шәді шын шабытқа дамыл бермеген қалам иесіне ұқсайды. Кітаби ақындардың ішінде шығыс сюжетін қуалап қана қоймай, орыс халқының тарихын терең бойлаңқырап зерттеген Шәді екен. «Әр сөзі құйылғандай қорғасыннан» деп шайырдың өзі айтпақшы, оғын айдалаға бытырата бермей, жинақтап, шымырлап, ой елегінен өткізіп барып көпке ұсынған көрінеді. Шәдінің шығыс әдебиетінің әуендерімен байланысына барлай қарағанда не болса соны бері тарта бермей қазақ ұғымына, санасына, ортасына, өнеріне жақыннан орнығып қалды-ау деген сюжеттерді суыртпақтай шығарып, салмақты дүниеге айналдыра білген.

Сонымен кезінде түрлі діни мектеп-медреселерде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, сол арқылы араб поэзиясынан еркін сусындаған, Ислам тарихы мен араб әдебиетін терең білетін қазақтың ғұлама шайыры Шәді төре Жәңгірұлы қазақ көркем сөз өнерін мазмұн мен норма жағынан байыта түсуге өзіндік үлес қосты. Ол шығыс классикалық поэзиясына тән нәзірә дәстүрін жан-жақты меңгеріп, қазақ оқырманының талап-тілектеріне сәйкес келетін шығармалар жазды. Мұның өзі қазақ әдебиетін мазмұн, тақырып, идея жағынан көріктеу құралдарымен байытуға үлкен әсерін тигізді.

Шәді төренің алғашқы хикаяттарының қатарына «Ескендір Зұлқарнайын» мен «Хикаят Әмір Хамзе» жатса керек. Бұл шығармаларын ол 70 жылдар ішінде жаза бастаған. Шығыстың үлгілі әдебиетінен алған өнегесі бойынша, Шәді де көбіне хикаялы роман, дастан жазады. Сюжеті көбіне шығыстан, әсіресе араб ертегілері мен шағатай әдебиетінен алған. Шығыс ақындары сияқты Шәді төре де өзінің ақындығын нәзира үлгісімен жүзеге асырады. Бірақ Шәді аудармашы емес. Араб ертегілері, «Мың бір түннен» алған сюжеттерін ақын бос еліктеу түрінде жазбаған. Әрбір сюжет оның адамгершілік, әділет іздеген адамсүйгіштік ұлы армандарына ем болған. Шәді шығыстан алған сюжеттерді біраз өзгертіп, образдарын өзінше жасаған. Өзінің ғибратшыл хикая, дастандары арқылы Шәді төре қазақ ауылындағы түрлі әділетсіздіктерді сынайды. Өзге ел сюжетін ұлт әдебиетінде сол елдің өз армандарына үйлестіре жырлау Байрон, Пушкин, Лермонтов, Толстой шығармаларынан да үлкен орын алған. Шәді шығыс әлемінің бай әдеби қазынасын көріп, соның үлгісін қазақ тілінде жасамақшы болады. Бұл реттен Шәді қазақтың Науаи сияқты ұлы ақыны.

Шәдінің әдеби стилін түсінбеген кейбіреулер оның дін тақырыбына жазған алғашқы шығармаларын оқып, кітапшыл, діншіл ақын деп бағалауға асықты. Шындығында Шәді ислам дүниесін өзіне соншалық арман еткен ақын емес. Дін тақырыбы оның шығармаларында үстем көрінбейді. Алғашқы кезде ислам тақырыбын біршама жырлаған соң, Шәді сол ислам дүниесін қатты сынауға кіріседі. Оның «Бәрсиса» секілді дастандары Дантэ жырлаған «Құдайдың мазағы», Байрон жырлаған «Каин», Гете жырлаған «Фауст» секілді ислам әлемін терең сынаған үлкен сатира. «Бәрсиса» дастанында Шәді о дүниеде өз басын дозақтан құтқару үшін өмірден, халықтан, адамнан жырылып, жер астынан үй салып, ғибадатқа берілген заһид софының ішкі дүниесін әшкерелейді.

Осы сатирасы арқылы Шәді мизантроп (адам сүймеген), ғибадатты өз басы үшін істеген жанбағар, қорқақ тақуаның ішкі дүниесінің шірік, қуыстығын әшкерелейді.

Шәдінің бұдан соңғы бір сатирасы – «Камил хан деген патшаның уақытында болған оқиға» атты дастаны. Мұнда Шәді Бақылсары дейтін адам сүймес, өзіншіл сараң байдың мінезін көрсетеді. Бақылсары біреуге бір үзім нан берсе, үш күнге дейін тамақ ішпейтін сараң еді. Өзінің жалғыз қызына тәулігіне бір күлше нан беріп, үйден аттап шығар болса барлық мүлкін сандыққа салып, құлыптап жүретін болған.

Бір күні бір диуана нан тілеп келсе, қыз оған беруге ештеңе таба алмай, өзінің сол күнгі жейтін жалғыз тоқашын береді. Есіктен шығып бара жатқанда, әкесі диуананы тоқтатып, нанды кімнен алғанын сұрайды. Диуана қыздан алғанын айтады. Мұны естіген Бақылсары өз қызын елсіз жерге апарып: «Қызым, нанды диуанаға қай қолымен бердің дейді?»–дейді. Қыз оң қолын көрсетеді. Сол жерде Бақылсары қызының оң қолын кесіп, «сенімен тұрмақ енді харам болады» деп, қызын далаға тастап, үйіне қайтады. Анда жүрген бір патша қызды тауып алып, өзінің баласына қосады. Хан баласы өзінің қалыңдығына қолымен бір гүл әпер десе, қыз сол қолымен әпереді. Шаһизада: «Жарым саһрайы екен» деп айып тағады. Қыз бұған нала болып, құдайдан қол сұрайды. Қыздың тілегі сол сәтте-ақ қабыл болып, қолы орнына келеді де, күйеуіне оң қолымен екінші рет гүл әпереді.

Бұл дастанында Шәді адамгершілігі мен рахымшылығы мол қызды мұратына жеткізіп, сараң байды сөгеді. Қазақ байларының мінез-құлқын сынаудың бір үлгісі осы. Мұндай сатираны ол Шардарбек, Отыншыбай сияқты қажыларға да қолданған. Дастанның жалғыз-ақ кемшілігі – ақын адам мінезіндегі жамандықты дұрыс әшкерелей отырып, әділетке күрес арқылы емес, тәңірінің дегенімен ғана жетуге болады деген ойды айтқысы келеді.

Сонымен қорыта айтқанда, осы айтылған пікірлерден Шәді төренің қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтауға болады. Шәді–адамның бас бостандығын жырлаған үлкен гуманист ақын. Оның негізгі мектебі–шығыс әдебиеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. –Алматы: Ана тілі, 1960.–166б.
- 2.Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 1978. –265б.

ӨОЖ 811.512.122:81

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ЖҮРЕГІ – ФИЛОЛОГИЯ

ШАХАБАЕВА А.А.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БАЙМАКАШЕВА Н.С.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі
орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В переводе с греческого слово "филология" имело значение "любовь к слову". Филология в целом - это профессия, которая учит нашему языку и письму с научной точки зрения.

Изучать филологию сложно и интересно. Если мы посмотрим на язык как на живое существо в целом, то эволюция обязательно должна иметь место. Это естественный закон. Потому что сама жизнь - это движение, трансформация или развитие от одного вида к другому.

Summary. Translated from Greek, the word "philology" and the meaning "love of the word". Philology in general is a profession that teaches our language and writing from a scientific point of view. Studying philology is difficult and interesting. If we look at language as a living being in general, the evolution must necessarily take place. This is a natural law. Because life itself is a movement, transformation or development from one species to another.

Тілге қатысты ұғымдардың кең ауқымы бар. Адам бар жерде оның тілі болады, яғни ұлт бар жерде тіл де болады. Осы елмен бірге өмір сүріңіз. Егер өз ана тіліңізді жоғалтсаңыз, онда ел біртіндеп жоғалады. Сондықтан қоғамдағы ел ретіндегі мәртебеңізді анықтау үшін өзіңіздің ана тіліңізді кез-келген ортада қолданудың орындылығын мойындауыңыз керек. Ұлттық тіл мен оның әдебиеті туралы сөз болғанда, бұл тілдің айналасында әртүрлі қарама-қайшы диалогтар пайда болатыны заңды.

Тілдік майдан-тілдің саяси астарына үңілуге, ана тілінің тағдыры үшін күресуге үйретеді. Дәл осы жерде толып жатқан тілдердің бір-бірімен «ұлы шайқасы» басталады. Шайқастың аты-шайқас. Біреуі жеңіп, екіншісі жеңілуі керек. Сонымен қатар, әр түрлі іс-әрекеттер басталады және саясат осы әлемнің күшті саяси нұсқауларын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Жалпы, тіл саясаты - бұл ұлыс «ұлтқа» айналған күннен бастап қатар жүретін ұғым. Ұлт үшін оның тілі өте маңызды. Тілінің тамыры жоқ немесе «тілдік ресурстары аз» деп басқа «басым тілдің» үлгісін кім ұстанатын еді?! Кеудесінде жаны бар, жүрегінде ар-намыс отымен сауатты адам ана тілін қорламайтыны анық. Осылайша, тілдік майдан-бұл өмірдегі күн тәртібінен шықпайтын күрделі және саяси маңызды мәселе. Тарихта белгілі бір орынға ие ұлттың «дамыған тілі, жоғары мәдениеті» болатыны айтпаса да түсінікті. "Оның көзқарасы бойынша ол тілдік майданнан аулақ болуы әбден мүмкін!

Адамзат тілінің пайда болып, қатынас құралы ретінде қалыптасуының тарихында ең әуелі адамдардың дүниені тани білуі, содан соң айнала шындық туралы ойлаудың жетілуі, кейін осы ойындағы нәрсені бір-біріне жеткізу қажеттігінің пайда болуы, ақырында бұл қажеттілікті жүзеге асыруда тіл (дауыс) икемділігін пайдалана білу жатқанын ғалымдардың бәрі де ертеден мойындап, осы бір құбылыстардың сырларын ашу жолында еңбектеніп келеді. Осылайша ғылым және оның түрлі салалары (мәселен, тіл және әдебиет ғылымдары – екеуін қосып «филология» атап жүрміз) пайда болды.

Бір ғасыр бұрынғы тұжырымдардың бірі, ғылыми ой әлі де даму үстінде, ол қандай болса да, алдымен ойлар мен тіл (сөйлеу) пайда болады, содан кейін жазылады. Бұл тұжырымды Ұлы Түркі тайпасынан, мемлекет ретінде, ұлт ретінде, содан кейін біздің (қазақ) дүниетанымымыз, әлем туралы (Қазақ) біліміміз, біздің (қазақ) көзқарасымыз және бір-бірімізге, кейінгі ұрпақтар үшін беруіміз (тарихи қалыптасқан, бұрын, бұрын, бұрын, бұрын және бұрын, кейбіреулерін есептемегенде ерте мәтіндік нұсқалар), негізінен ауызша сөйлеу арқылы жүзеге асқанын білеміз.

Бұған көптеген ғасырлар өткен, бізге жеткен және өмір сүруін жалғастырып келе жатқан «қазақ ауызша әдебиеті» әдеби шығармалары дәлел бола алады. Ал бұл туындыларды ұрпақтар үшін үлгі ретінде қалдыру қажеттігінен жазу біздің қазақ тілінде әлдеқайда кешірек дүниеге келді және бұл бағытта сауаттылық орындары бар және осы екі құбылысты шартты «ауызекі тіл» (әдебиет) және «жазбаша тіл» (грамматика) тұрғысынан ғылыми пәнге айналдыру, атап айтқанда әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар олардың ішінде: шығу жолдары мен әдістері, құру, тарих бойындағы даму өзгерістері, қолдану ерекшеліктері және т. б. шешімді. Бұл екі пән де (барлық ғылыми пәндер сияқты) «адамзат қоғамының белгілі бір даму кезеңінде пайда болған және заңды түрде дамыған семантикалық жүйеге», «ақпараттың негізгі қызметі хабарламаларды құруға, сақтауға және таратуға байланысты [1, 480].

Ресей империясының отаршылдық саясатын орындаушылардың бірі Ресей түркологтарының еңбектерінде бұл әрекеттер ХІХ ғасырдың екінші жартысында аралас, гетерогенді мемлекетте, қоршаған ортадан шыққан және сол орыстарға толы бірінші партияда-оқулықтар мен оқулықтардың бірінші партиясында басталды. осы жұмыстардың арқасында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» олар тәуелсіз пәндер болып саналады және олардың ғылыми негізін қалыптастыру да осы жұмыстардан басталды.

«Қазақ тілі» және «Қазақстан әдебиеті» пәндерінің Тарихи аналогтары қазіргі уақытта ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі бір модельдері бар, ортақ мақсаттары (коммуникация) және ортақ құралдары (тілдік бірліктер – сөздер, сөйлеу), өзара тәуелді тәуелсіз ғылыми салалар болып табылады және бұл оқытушының жұмысында көрінеді. Оқу орындарында жеке пәндер ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» және «Қазақстан әдебиеті» (бастапқыда «Әліппе» және «Ана тілі» деп аталған) пәндері бір мамандыққа біріктірілген, өйткені оларға білім беру және ғылыми зерттеу объектілері тән, бұл да осы туыстықпен байланысты. Бұл байланысты А. Байтұрсыновтың алғашқы оқулығынан байқауға болады және ғасырлар бойы сақталып келеді. Алайда, соңғы жылдары елдің білім беру саясаты бұл жолдан ауытқып кеткен сияқты (әсіресе білім берудің негізін қалайтын бастауыш және орта мектептерде). Бұл мақаланың мақсаты-адасқан адамға осы жылдар бойы сынақтан өткен халық мұғалімінің жолына түсуге көмектесу.

А. Байтұрсыновтың «қазақ әліпбиі, бірінші том» атты алғашқы ғылыми құралы Орынборда 1912 жылы жарық көрді. Ғалымның өзі айтқандай, бұл оқулық тіл мен әдебиет тұрғысынан бөлінбейді, өйткені ол негізінен қазақ халқының 90% сауатсыз/сауаттылығын оқытуға арналған."Сондықтан лингвистикалық материалдарды талдау кезінде ол әдеби материалдарға жүгінді. Біздің ойымызша, бұл аспект ұлттық мұғалімнің мәртебесіне байланысты, яғни "білім мен тәрбиенің егіз ағасы", ол үнемі өзіне және басқа балалар мұғалімдеріне нұсқау беріп, талап етеді. Ақыр соңында, егер оқытудың білім беру аспектісі тілдік бірліктерді (дыбыстар, сөздер, сөйлемдер) зерттеу болса, онда білім беру көзі әдеби шығармаларды, әсіресе ауызша әдебиет үлгілерін қолдану болып табылады [2, 384].

Шын мәнінде, Тіл және әдебиет саласындағы тәуелсіздік кезеңінің зерттеушілері жазушы Әбіш Кекілбайұлы сияқты Ахмет Байтұрсыновтың Ұлттық Ғылым туралы еңбектерін талдауға және бүгінгі жаһандану дәуірінде тіл мен әдебиеттің ұлттық тамырын жоғалтпауы үшін жұмыс істеуге міндетті. Иә, технология ғасырында адамзат үшінші мыңжылдықты қарқынды даму процестерімен қарсы алады. Қарқынды дамудың көріністерінің бірі-техникалық ғылым салаларының керемет адам жетістіктеріне қол жеткізуі. Егер сіз үш күн ұйықтамасаңыз, жұмақ адамның басына түспеген оқырман болды. Зымыран деңгейіндегі ғылымның дамуы адамның дүниетанымына оң және теріс әсер етеді. Жалпы, руханият ғылыммен қатар адамның дүниетанымын қалыптастыруда ерекше орын алады. Руханилық-бұл дінмен қатар өмір сүретін тіл мен әдебиетке тікелей байланысты ұғым.

Қазақ тілі мен әдебиеті - филологияның екі қанаты. Ең өкініштісі, лингвистер мен жазушылар зерттеу нысандарының ортақ екенін ұмытып, олардың тақырыптарын «қиындатады». Мұның мотивациясы-батыстан «тар мамандандыру» тұжырымдамасын енгізу. Осы «философияны» ұстанатын батыстықтар ғылымға, әсіресе жас зерттеушілерге белгілі бір талаптар қояды.

Әдебиеттану ғылымының мақсаты қазақ әдебиетінің пайда болу, қалыптасу және даму жолдарын зерделеу болып табылады. Ұлттық әдебиеттің халық рухына, сана мен ұлттық танымға әсерін түсіну. Күн тәртібінде тұрмайтын тақырыптар бойынша әдебиеттің тарихи бағытын және қазақ әдебиетіндегі белгілі бір жанрлық типтердің өсуін анықталып және ғылыми тұжырымдар жасалады.

Қазақ әдебиеті тарихының негізгі мәселелері кешенді түрде шешілуде. Ғалымдар тарихи сенімділікке, яғни тарихи даму процесінде әдеби құбылыстарды зерттеуге ұмтылады. Әр шығарма және әр ақын әдебиет тарихын өзінің жергілікті тарихы мен әлеуметтік ортасына сәйкес зерттейді. Ең үлкен кемшілігі-түпнұсқа материалдарды жан-жақты зерттеудің болмауы. Шындығында, сол кезеңдегі жазуды нақты танитын сарапшылар жетіспейді.[1, 341].

Қазақ халқы үшін тіл мен әдебиет ерекше орын алады. Біздің халқымыздың дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, әдет-ғұрыптары, тарихы мен өнері осы тіл мен әдебиеттен шыққан. Біздің тіліміздің сөздік қоры басқа этникалық топтарға қарағанда әлдеқайда көп. Ұлы өнер-тереңдікті, құнарлылықты, бейнені, сұлулықты, шешендікті, диапазонды, әртүрлілікті, ойлауды, әуенді, зейінді, икемділікті және т. б. білдіру үшін сөздерді қолдану. Мұны біздің тілде білдіріңіз. Қазақ тілі-Небира Наубаттаның шығармашылық тілі және ол өз өмірінде ешқандай қиындықтарға тап болған жоқ. Ол Ресей империясының, содан кейін кеңестік жүйенің барлық дағдыларына қарсы тұру арқылы өзінің дұрыстығын дәлелдеді. Құдайға шүкір, біз әлем тарихынан алынған тілдер мен халықтардың қатарына кірмейміз. Бұл тіл мен әдебиеттің сақталуы, сондай-ақ жол бойында тынымсыз еңбек еткендердің жанқиярлық еңбегі. Математика, физика, химия, биология және басқа да ғылыми салаларда.. Нәтиже бірден белгілі көрінетін нәтижеге айналады, мысалы, есепті шешу және теореманы дәлелдеу. Тіл мен әдебиет туралы да дәл осылай айту мүмкін емес. Бұл

құбылысты тілде заңдастыру үшін көптеген материалдар жинау керек. Оның жинақталуы айлар мен жылдар бойы сынақ болып табылады.[3, 334].

Рухани-бұлан тілмен және әдебиетпен байланыстырушы байланысты, дінмен бірге өмір сүретін білімді ұрпақ.

Әсірес қазақ халқы үшін тіл мен әдебиет ерекше орын алады. Халқымның салт-дәстүрлері, әдебиет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, тарихи мен өнері тіл мен әдебиеттен шыққан. Біздің тіліміздің сөздік қоры басқа этникалық топтарға қарағанда әлдеқайда көп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Словарь-Сөздік, 2005. – 440 бет.
2. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Қазақша алифба, 1-кітап. Орынбор, 1912 // 6 томдық шығармалар жинағы, IV том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 бет.
3. Байтұрсынұлы А. Әліб-бій. Жаңа құрал. – Қызылорда, 1926. // 6 томдық шығармалар жинағы, IV том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 334 бет.

ӘОЖ 81'37.457

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСЫ

АБЕНОВА Р.К.

Жамбыл облысы әкімдігінің Тараз қаласы білім бөлімінің Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье анализируется отношение и некоторые особенности фразеологизмов к пословицам.

Summary. The article analyzes the attitude and some features of phraseological units to proverbs.

Мақалдар мен мәтелдер үш жақты ерекшелігі бар тұлғалар екендігіне ғалымдар ертеден бері-ақ назар аударып келеді. Біріншіден, мақалдар мен мәтелдер фразеологизм сияқты тілдік құбылыс; екіншіден, пайымдау мен ой-пікірдің түйіні ретінде логикалық тұлға; үшіншіден, келелі ой, кең мазмұнды қысқа айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Мақал-мәтелдің осындай үш жақсы қасиеті оларды тілдік құбылыс ретінде және ойлау құбылысы ретінде бөлек-бөлек зерттеуді қажет етеді. Біздің мақсатымыз: мақал мен мәтелдің фразеологизмге қатысты мәселесіне жан-жақты тоқтала отырып, олардың фразеология аумағына ену-енбеу мәселесін анықтау болып табылады. Мақал-мәтелдер сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбайды, даяр қалпында жұмсалады, құрамдары әрқашан тұрақты, мақал-мен мәтелдер талай ғасырлар жүйесі, сондықтан әбден ой елегінен өтіп екшеленген, сөйтіп тұрақталған оралымдар. Мақал мен мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатындары да бар, яғни олардың мағыналары құрастырушы сөздердің мағыналарынан туады. Олардың тұрақтылығы мағыналарының астарлы келетінінде емес. Керісінше олардың даналық қорытындылар болып келуінде. Мақал мен мәтелдер де әртүрлі дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келіп отырады. Ішкі лингвистикалық және экстралингвистикалық даму заңдарына сәйкес белгілі бір мақал мен мәтелдердің негізгі, тікелей мағынасы мен туынды, бейнелі мағынасы әр кез өзгеріп отырады. Мақал мен мәтелдердің туынды мағыналары, фразеологизмнің туынды мағыналарының қалыптасуы сияқты, екінші кезекте, бертін келе даму процесінде өрбіген. Осыдан келіп, фразеологизмнің және мақал-мәтелдің де тілде өмір сүруі – олардың экспрессив қызмет атқаруына тікелей байланысты деген қорытынды туады. Ал мақал-мәтелдердің туынды мағынаға өтпеген топтарының мағынасы фразеологиялану процесінің үстінде деп түсінуге болады, өйткені мақал-мәтелдердің бұл тобының әрқайсысының меншікті мағыналық жақтары бар, ішкі астарға ие бола бастаған, оларға арнайы талдау жасау нәтижесінде ғана ішкі астарға ие бола бастаған, оларға арнайы талдау жасау нәтижесінде ғана ішкі астарға анық-айқын көз жеткізуге болады. Мақал-мәтелдердің игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипатында болатындары баршаға мәлім, яғни ішкі мазмұнның сыры олардың өздеріне ғана тән, меншікті мағынасы бар ой екендігін дәлелдейді.

Мақал-мәтелдер фразеологизмдер сияқты, компоненттік құрамын сақтап қолданылады, олардың компоненттерінің орнын ауыстыруға болмайды, олар қай тұрғыдан болсын, я морфологиялық, я синтаксистік тұрғыдан болсын, өзгеріссіз, даяр күйінде қолданылады. Мәселен «*Аздың қадірін білмеген, көптің қадірін қайтіп білер*» деген мақалда құрамындағы жеке сөздердің берер мағынасы сөз болып отырған жоқ, түгел бір мақалдың тұтас мәні сөз болып тұр.

Мақал-мәтелдердің фразеологиялық түйдектерге жататын тобына (коммуникативтік фразеологизмдер) мынадай мысалдар келтіруге болады: *Ауыл итінің құйрығы қайқы, әркімнің өз жейдесі етіне жақын, ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі* (тұрлауы жоқ тұрақсыз адам туралы); *Екі өгіз сүйкенсе ортасында шыбын өледі* (бекерден-бекер зардап шегу мағынасында); *Соқыр тауыққа бәрі бидай* (талғамы жоқ); *Келісіне қарай келсабы* (бір-біріне сай); *Ұлық болсаң, кішік бол* (бастық болсаң, айғайлап болма, лауазымға ие болсаң кішіпейілділік көрсет) т.б.

Мақал-мәтелдердің мағынасы сөйлемнің бастапқы мағынасымен жарыса отырып дамиды да, келе-келе астарлы мәнге ие болады. Мысалы: «*Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында*», «*Біреуге ор қазба, өзің түсесің*» дегендер тура мағынасымен қатар, ауыс мағынаға ие, ол мағыналар бір-бірімен астарласып жатыр. «*Адам аласы*», яғни адамның жаман пиғылы, жағымсыз жақтарын сырт бітімінен көре, сезе алмаймыз. Демек, сөйлемнің фразеологиялық мағынасы «*ала*» сөзінің метафоралық ауыс мағынасының негізінде қалыптасқан. «*Біреуге ор қазба, өзің түсесің*» сөйлемдегі туынды мағына біреуге ор қазу бөлігінің семантикалық өзгерісінің жемісі, яғни «*басқаға жамандық жасау*» ұғымын береді. Ал «*өзің түсесің*» сыңары «*ор*» сөзімен байланысты туынды мағынасын дамытып, тұтас сөйлем «*басқаға жамандық жасасаң, өзің де жамандықтан аулақ қалмайсың*» дегенді білдіріп тұр.

Ал фразеологиялық түйдекке айналған мақал-мәтелдер мағыналық жақтан сұрыпталып, екі ұдай ұғым тудырмайтындай болып тиянақталады, яғни фразеологиялық түйдектердің бойынан тек фразеологиялық мағынаны, сөйлемнің меншікті мағынасын ғана ұғамыз. «*Ит үреді, керуен көшеді*», «*Семіздікті қой көтереді*», «*Қойға қоңырау жараспас*», «*Біреудің қолымен от көсеме*», «*Бесіксіз үйде береке жоқ*», «*Тисе-терекке, тимесе - бұтаққа*»... мақал-мәтелдерде уағыз, өсиет, үндеу сипатын білдірумен қатар, белгілі бір ойды жеткізуге астарлы мағынада қолданылады, яғни пайымдаушылар мұндай мақал-мәтелдердегі астарды ешбір күмәнсіз түсініп қолданады [1].

Кейбір мақалдар тура мағынаны ғана береді. «*Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі*» деген мақал шын мәніндегі өмір тәжірибесінен алынған, көбіне тура мағынасында қолданылады. Сонымен қатар, әрбір мақалды айтқанда, «*адам, кісі*» категориясына байланыстырып айтамыз, соларды сипаттауда қолданамыз. Мақалдың тура мағынада ұғынылатынының өзінде әйтеуір бір салыстыру, телу, теңестіру, шендестіру, астарға айналдыру білініп тұрады.

Құрмалас сөйлем формаларындағы мақал-мәтелдердің құрамындағы бір бөлігі тура мағынада айтылғанымен, екінші сыңары уағыз, өсиет, үндеу сипатында келіп, тұтас пікір қатар беріледі. Мақал-мәтелдер ауыс мағынада қолданылғанда да, олардың құрамындағы компоненттер тұтас мағынадан қалыс қалмайды. Мысалы: «*Атаңның сақалына қарама, айтқан мақалына қара*» ұғып ал мағынасында.

Мақалдардың енді біреулері шындық болмыстағы зат я құбылысты, іс-әрекеттегі т.б. өмірдегі, тұрмыс-тіршіліктегі, қоғамдағы бар нәрсені тура мағынасында сипаттайды. Мысалы: «*Аурудың жақсысы, дәрінің тәттісі жоқ*», «*Астың дәмін тұз келтірер*», «*Сиырды теппейді, сүтті төкпейді*» т.б. Бұлар игі қасиеттерге үндеу, өсиет сипатында қолданылады. Мәтел белгілі бір ұғымды меңзеп атайды да, мақал ұғымды тікелей атайды. Халқымыз «*Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің мәнін келтіреді*» дейді.

Тура мағына беретін мақалдар өз тарапынан астарлы мәнде де қолданылуы мүмкін. «*Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде*» деген «*ақымақтың да сәнді киінетіндігін*» меңзеп тұр. Мақал-мәтелдердің атам заманнан бері қарай «*астарлы сөйлеу*», «*тұспалдап, жұмбақтап сөйлеу*», «*сөйлеудің ауыспалы түрі*», «*бұрмалап сөйлеу*» деп анықталып келе жатқаны белгілі [2].

Мақал-мәтелдердің айтылу мақсатының өзі әйтеуір астарға бағытталғандығы байқалып тұрады.

Мақал-мәтелдерді логикалық жақтан қарастыру олардың астарлы мағынада қолданылуға икемдігін көрсетеді. «*Ақымақ асқынса анасын сабар*», «*Ақылды өзінен көреді, ақымақ ағайыннан көреді*», «*Ақымақ атқа мінсе шаба жөнеледі*» т.б. мақал-мәтелдерде ақымақ, тентек, жаман адамдардың қылығы туралы айтылып тұрған сияқты. Шын мәнінде осы мақалдардың бәрі де адамның ерсі мінез-құлқын, жат іс-әрекетке барған адамның кім екендігін білдіретінін айтып тұр. «*Жаманды көрмей жақсыны танымайсың*», «*Әдептің не екенін, әдепсізді көргенде ұғарсың*»,

«Ащының дәмін татпай, тәттіні білмейсің» т.б. мақал-мәтелдерді «көрмей, сезбей жақсыны жаманнан ажырата алмайсың» дегенді жеткізеді.

Логикалық байланыстың сипаты, мәні мақал мен мәтелдерде айтылатын зат пен құбылыстардың арасындағы қатынастардың сипатымен анықталады. Өмірде біреу кішігірім, я болмаса маңызды емес мәселеден үлкен мәселе туындатып, маңызсызды маңызды етіп көрсетуге тырысса, ойымызға бірден «Түймедейді түйедей етеді» оралымы түседі. Басқаша айтқанда, шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың арасындағы қатынастардың, байланыстардың сипаты негізінде, әрбір жағдайға сай, нысанаға дәл тиетін мақалды я мәтелді таңдаймыз. Ол мақалды я мәтелді айтқан кезімізде әрбір қазақ тілін білетен адам біздің қандай жағдайды астарлап тұрғанымызды біледі. Бұдан шығатын қорытынды: семантикалық жақтан даму үстіндегі мақал-мәтелдер дағдылы жағдайды сипаттаудың негізінде бейнелі, образды мағынаны да тұспалдап білдіреді. «Бұрынғының кісісі – бүгінгінің кішісі» дегенде «көрген-білгені, тоқығаны бар адам» деген ой беріліп тұр. «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер» мақалындағы айтылмақ ой ойланып сөйлеу мен ойланбай сөйлеудің қандай екенін сипаттайды.

Мақал-мәтелдердің меншікті мағынасы, яғни қайсы бір логикалық жағдайда, ситуацияға қатысты ұғынылатын астарлы мағынасы ескерілуі тиіс, себебі осы фактордың арқасында олар әрдайым даяр күйінде қолданылады және фразеологизм емес тұрақты тіркестерден ажыратылады. Бұл семантикалық фактор сөйлем түріндегі мақал-мәтелдердің тобының тура мағынада да, семантикалық даму, өзгеру барысында ие болған логикалық ситуацияға байланысты айтылатын мағынасында да қолданылады.

Сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр қалпында қолданылу жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар негізінен екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындылайды. Я болмаса, екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып салыстырады. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен дос болсаң, қаласаң ұятқа», «Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу», «Аяғы жаман төрді былғайды» т.б. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Сондықтан да бұрыннан келе жатқан даяр материал болғандығына қарамастан жұрт мақалдарды айтуға да, сонымен қабат тыңдауға да соншалықты құмартып тұрады. Халық: «Мақал – сөздің атасы», «Сөздің көркі – мақал», «Мақалсыз сөз – татымсыз аспен тең», «Мақал сөздің тұздығы» - деп тұжырымдайды. Мақал-мәтелдердің фразеологизмдерге жуықтайтын жері тек тілдегі даяр тұрған материал болғандығында емес, мақал-мәтелдердің көпшілігінде кейде тұжырымды оймен қатар бейнелі ишарат жатады. Мәселен, «Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады» дегенде біз құстың ұшып-қонуын ойламаймыз, ең алдымен, адам туралы, күнделікті өмір-тіршілік туралы ойлаймыз. Құсты ұшырып-қондырып тұратын оның қанаты мен құйрығы болса, сол сияқты адам да бір-бірінің тілін тауып, бірлесіп, қол ұстасып өмір сүрмесе болмайды деген ойға келеміз. Сол сияқты «Ит тоған жеріне, ер туған жеріне», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дегендегі ит пен ер, кісі елі мен өз елі бір-біріне қарама-қарсы шендестіріп қолдану арқылы тұжырымды оймен бірге астарлы мән-мағына пайда болады. Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныққан орны бекем болады. Бұлардың компоненттері де өзара аластыруға немесе басқадай сөзбен өзгертуге келмейді. Сонымен қатар, сыртқы түр-түрпаты жағынан, яғни өздерінің семантикасы мен құрылым-құрылысы жағынан мақал-мәтелдердің фразеологизмдерден елеулі өзгешеліктері болады. Фразеологизмдердің мағыналары астарлы бейнелеу мәнді келеді. Ал мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдер қаншалықты ауыс мағынада айтылғанымен, құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағыналарынан қол үзіп, онша тасаланбайды. Сөз саны жағынан мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер өте шектеулі болады. Көпшілігінде екі, я үш-төрт сыңарлы болды. Мысалы: қолы ұзын, қолы тар, біреудің қолымен от көседі т.б. Мақал мен мәтелдер мән-мағынасымен қатар құрылым-құрылысы жағынан да сан түрлі болатындығы белгілі. Өзінің құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдан гөрі мәтелдер бір табан жақын келеді. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел белгілі бір ұғымды жанамалап, тұспалдап атайды [3]. Мысалы: «Саусақ ілікпей, ине ілікпейді», «Ат аунаған жерде түк қалады», «Сұлуынан жылуы», «Бұралқы ит үргенімен жағар» т.б.

Мақал-мәтелдерде ұғымнан гөрі нақтылы ойды түйіндеп айту басым болады. Сондықтан бұлардың сыртқы құрылым-құрылысы сөйлемге ұқсайды. Ал фразеологизмдер керісінше, нақтылы бір ұғымды астарлап айтып, сыртқы тұлғасы жағынан жеке сөзге теңесіп тұрады. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер талай замандар бойына жасалып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы, 2004.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.

ӘОЖ 82.085.

ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚИ КӨНЕ ЕСЕПТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЖАНР РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

ШОРМАҚОВА С.М.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается формирование и исследование казахских древностей в легендах казахского народа.

Summary. The article discusses the formation and research of Kazakh antiquities in the legends of the Kazakh people.

Қазақтың аңыздарындағы көне есептері халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, өмір салтымен біте қайнасқан байланысын, ойының ұшқырлығын, қиялының кеңдігін, логикасының мықтылығын көрсетеді. Халқымыз жазу-сызу өнерінің қалыптасып үлгермеген кезеңінің өзінде-ақ табиғат құбылыстарын, маусымдардың алмасуымен болатын өзгерістерін, аңшылық пен терімшілік, егіншілікпен байланысты дүниелерді, төрт түлік мал мен оның он екі мүшесі туралы айтылатын ұғымдарды бір-бірімен белгілі бір логикалық заңдылықтарға сай байланыстыра білген. Тек қана байланыстырып қана қоймай, адамды ойландырып, ой-өрісін дамытуға жетелей отырып, ойлау қабілетін арттыратын ауызша есептеуге үйрету, көне есепті құрастырып, оны көшпенді өмір салтымен байланыстыра шығару үлкен парасаттылықты, терең ойлылықты, тапқырлықты қажет ететіні баршамызға аян.

Қазақтың аңыздарындағы көне есептер – қазақ халқының ауызша тудырған шығармаларының бірі. Халық жазу, сызуды білмеуі мүмкін, бірақ оның есепке қатысы шамалы, есепке логика керек. Жазбай, сызбай-ақ оймен есептеп шығаруға болады. Сондықтан да есептердің көне заманда дүниеге келіп, халық өміріне қызмет етуі заңды. Әрине, көне есептердің барлығы бір мезгілде туындамаған. Ол халық тұрмысына қажетті, әр түрлі уақытта туындаған. Халық санасымен бірге дамып, оның өміріне, тарихына байланысты туып, соған қатысты күрделеніп отырған. Тарихи фактілердің негізінде туындаған есептер қаншама...

Осы уақытқа дейін байырғы қазақи көне есептер әдебиеттану оның ішінде фольклористика ғылымының да, басқа ғылымдардың да зерттеу нысанасынан тысқары қалып келді. Осындай жағдай тек бізге ғана емес, әлемнің барлық еліне тән. Бұған негізгі себеп: фольклористика бейнелер жүйесі мен эстетика мәселесін қаузап кетсе, математика мен педагогика оның іргелі және қолданбалы ғылыммен байланысын байыптап жатпады.

Есептер ауыз әдебиетінің жанры ретінде алғаш 1966 ж. сөз болған. Ғалым М.Әбжанов «Қазақ халқының жұмбақтары» деген зерттеу еңбегінде есептерді жұмбақтардың бір түрі ретінде қарастырған. Ғалым М.Әбжанов «есеп жұмбақтар»[1,376.] деп атаған тарауында бұл жұмбақтардың өте аз дамыған түрі екендігін атап өткен. Сонымен бірге, есепті ауызекі шығарудың алғашқы түрі болуы тиіс деген пікір айтқан. Қазақи көне есептерді жинап насихаттаушылардың бірі – С.Н. Байбеков. Ғалым еңбегін «ұлы даланың байырғы 100 есебі» [2] деп атаған да, мұнда қазақ қоғамына қатысты есептерді жинақтап оның шешімін түсіндірген. Ал әдебиетке қатысты осы тақырыпта соңғы жылдары жиі мақала жазып, ғылыми тұжырымдар айтып жүрген ғалымдар қатарында Қ.Әзбергенов, М.Н.Есжановтарды атауға болады. Ғалымдар қазақи көне есептерді жинастырумен қатар, олардың ауыз әдебиетінің жанры екендігі жайлы алғашқы ғылыми ой-тұжырымдарды айтып, талдап, ғылыми айналымға түсіріп жүр. Есеп пен ауыз

әдебиетінің арасында байланыстың болуы шарт және есептің ауыз әдебиетіне жақындығына келетін болсақ:

- 1) Көне есептердің ауызша қалыптасып, ауызша айтылуы;
- 2) Ауыз әдебиетіне тән жанрлардың бірі аңыздың негізінде пайда болуы;
- 3) Бір оқиғаның негізінде бірнеше есептің пайда болуы (көпварианттылық) немесе есептің бірнеше нұсқада айтылуы;
- 4) Есептің негізгі халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланыста болуы;
- 5) Ауыз әдебиетіндегі көлемді жанрлардың бірі айтыспен байланысы, яғни есеп шартын айтысқа қосу, мұнда жұмбақ айтысының негізінде есептердің әуенмен айтылуының пайда болуы;
- 6) Халық айналасып отырған кәсіп пен шаруашылықтың негізінде есеп тууы.

Ауыз әдебиетіндегі басқа жанрлардан байырғы көне есептердің айырмашылығы – оның айтылуы мен шешілуінде. Есеп жалаң санның аясында құралмай қазақи қоғамдағы мәселелерді қамтып, шешімі өмірді, дүниені тану қасиетіне ие болып тұрады. Егер есеп жалаң сандар аясында құрылса, онда ол халық жадында сақталмас еді. Ол баршамызға түсінікті. Ал егер есеп белгілі бір оқиға немесе тарихи жағдай немесе тұлғалармен ұштасып жатса онда ол өміршең болмақ. Сол кезде байырғы көне есеп пен аңыз бір-бірінен бөліп тастауға келмейтін, тұтасқан ой түріне айтылады да, ол терең мағынаға ие болып тұрады.

Адамзат тарихының дамуы барысында байырғы көне есептердің қазақ халық ауыз әдебиеті жанрларының бірі болып қалыптасуына ең алдымен рухани құндылықтар мен факторлар негіз болғаны белгілі. Өйткені көне есептер қамтыған тақырыптарға мән бере қарасак, оған қоғамдық тарихи оқиғалар, белгілі тұлғалар өмірі ықпал етіп отырғандығын байқаймыз. Көне есептердің дамуы адамзат тарихының дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, есептер өз бойында адамзат қоғамы бастан кешірген тарихи кезеңдердің ізін сақтап отырғандығы заңды құбылыс.

Жанр мәселесіне қатысты ғалымдардың пікіріне назар аударсақ «ешбір жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені, ол жапандан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігіп, тіпті жаңа жанрға негіз де болады.»[3,22б.]–дейді.

Белгілі бір тарихи тұлғаға тұрмыс-салтқа күнделікті күнкөрістік оқиғаға негізделген есептер ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен етене бірлікте құрастырылып, халық ауыз әдебиетінің жаңа жанры қалыптасты. Ауыз әдебиетінің жанрларының негізінде қалыптасқан қазақи көне есептер тыңдарманның дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, ой ұшқырлығын шыңдайды. Есептің берілу шарты жұмбаққа, мысалға, жаңылтпашқа немесе аңызға құрылғандықтан, қазақ халқына тән тұрмыс - тіршілік, күнкөріс, әдеп – ғұрып пен салт көрініс тапқан. Осы себепті, мұның бәрі халықпен бірге жасасып, ауыз әдебиетінің тарихынан ерекше орын алғандықтан, көне есептерде ауыз әдебиетінің бір жанры іспеттес.

Осы әдебиеттің бір жанры ретінде қалыптасып, қанатын қатайтып жатқан қазақи көне есептері, адамдардың еңбек, кәсіп етуіне, тұрмыс - тіршілігіне, қоғамдық өміріне және оның дамуына байланысты туындаған. Ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде зерттеліп отырған көне есептер халық өмірімен тығыз байланыста дамыды. Сонау, ықылым заманнан бастап, хандық дәуірде туған, бертін келе – қоғамдық, экономикалық жағдайлардың, адам баласының дүние танудағы ой - өрісінің ұлғайтып өсуіне қарай есептер де дамып отырған.

Ауыз әдебиетінде төрт түлік мал жайындағы шығармалардың кейбір үлгілері өте ерте заманда, адамдардың жаратылыс сырын түсіне алмаған кезінің өзінде-ақ туа бастаған. Жаратылыс сырын түсіне алмаған ықылым замандағы адамдар (тек қазақтар ғана емес) әлем дүниесіндегі әрбір құбылыстарды өзінше түсініп, әрқалай жорыған, бұларда ерекше күш бар деп сенген, соған табынған.

Мәселен, қазақта «Қазығұрт тауы» деген әңгіме-жыр бар. Баяғы бір заманда дүние жүзін топан-су қаптап кетеді. Тек қана Қазығұрт тауы аман қалады және осы таудың ығында Нұқ пайғамбардың кемесі тұрады. Топан қаптаған кезде жан-жануарлар осы кемеге тығылады. Мұның ішінде төрт түлік малдың әрқайсысынан тұқым болады. Әрбір түліктен бір-бір тұқым аман қалады да, кейіннен ол өрбіп өседі. Бұл түліктерді топаннан сақтап қалған олардың жаратушысы иесі болады. Содан бері қазақ халқының ұғымында: Жылқының иесі – Жылқышы-ата (кейде Қамбар-ата деп те айтылады), қойдың иесі – Шопан-ата, түйенің иесі – Ойсыл-қара, сиырдың иесі – Зеңгі-баба, ешкінің иесі – Сексек-ата деген философиялық ой қалыптасып қалған. Қазақ халқы төрт түліктің өз алдына иелеріне қатысты аңыз айтып, өлең шығарумен бірге олардың атынан есептер құрастырып отырған.

Қазақ халқында төрт түлік мал деген ұғым бар. Әр түліктің киесі мен иесі бар деп есептеген. Жылқы-иесі Қамбар ата. Түйе-иесі Ойсылқара. Сиыр-иесі Зеңгі баба. Қой-ешкі- иелері Шопан ата. Сол Шопан атаның елге қалдырған өсиетінің бірі – уақ малды қораға қамағанда қора қабырғасы қанша қысқа болса да, қора ауданы мүмкіншілігінше үлкен болсын – депті. Демек, Шопан ата өсиеті бойынша қысқа шарбақпен мүмкіншілігінше үлкен ауданды қоршау керек.

Егер шарбақ ұзындығы **L** болса, онда Шопан ата өсиетін орындау үшін қора пішіні қандай болу керек? [2.204б.]

Жауабы: Қора шеңбер пішінді болу керек.

Есептің шарты мен шешуі адам миындағы күрделі ойлау жүйесінің негізінде, анализ және синтез тәсіліне арқа сүйеу арқылы жүзеге асады. Шопан ата өсиетін орындау үшін, қора қабырғасы қысқа, ауданы үлкен болуы керек. Неге... Уақ малдардың санының қанша екені сырт көзге байқалмайды. Бір-біріне жақын болса (қорада тығыз жатса) жылы жатады. Сол себепті де, қора дөңгелек пішінді болу керек. Сонда дөңгелек пішінді қора ауданы басқа жағдайларға қарағанда ең үлкен болады. Міне осы себепті жазықта орналасқан кез келген қойшы қорасы Шопан ата өсиетінің негізінде шеңбер пішінді болады. Бұл есеп қазақ халқының ертеде өмір сүрген қоғамдық жағдайының жайы мен жапсарынан хабардар етеді.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттейтін ғылымда аңыз жанрына ертегіден өзге прозалық жанрлардың барлығын жатқызу әдеби дәстүрге айналған. Бұған біз де қосыламыз, себебі халықта ертегінің аңыз ұғымына қарағанда көркемдігі басым. Қара сөзбен айтылған прозалық шығармаларды ертегі, аңыз деп атау о бастан қалыптасқан. Дегенмен, ауызша тараған әдебиетті зерттеушілердің ішінде құрылысы прозалық бірақ, ертегіден бөлек жанрларды аңызға жатқыза отырып, оның өзін бөлекше атағандар болған. Бұл зерттеушілердің бірі – Шоқан Уалиханов. Ол белгілі бір тарихқа қатысты туып, қалыптасқан әңгімелерді «тарихи аңыздар» [4,125б.], – деп атаған және ең бірінші болып аңыз жанрын екіге бөлген. Зерттеушінің пікірінше аңызды: адамдардың жеке басындағы ерекше қасиеттеріне қатысты айтылған аңыздар, қоғамдағы тарихи оқиғаларға қатысты айтылған аңыздар деп бөлуге болатындығын, сонымен бірге «аңыздар» жырға да ертегіге де жатпайтындығын байқадық. Шоқаннан кейін қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыздарға қатысты зерттеуді жалғастырған Г.Н. Потанин. Бұл ғалымның да зерттеулерінде аңызға қатысты тың деректерді кездестіруге болады. Ол қазақ халқына тән рулық қоғамға қатысты мәселені көтерген. Қазақ руларының шежірелеріне қатысты тараған аңыздар және қазақ тарихындағы ерекше тұлғалар, қазақ қоғамының қалыптасуына еңбек еткен қайраткерлерге қатысты туған аңыздар деп бөліп қарастырған.

Аңыз жанрының шығу тарихына үңілетін болсақ, ол сонау ықылым заманнан бастау алады. Қазақ қоғамындағы рулар мен тайпалардың қалыптасуына, олардың тұрған жерлеріндегі ерекше атауларға қатысты, сол қоғамды қалыптастырған қайраткерлерге, батырларға, шешендерге, билерге қатысты аңыздардан бастап, қазіргі заманға дейін жалғасын тауып, ауызша, жазбаша дамып келеді. Байқап отырғанымыздай, бұл жанр тарихи шындыққа құрылады.

Біздің танысқан көптеген есептер жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихи тұлғалар атынан беріледі. Мәселен, Абылай хан есебі, Бөгенбай батыр есебі, Қабанбай батыр есебі, Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке би есептері және т.с.с. Бұл – аталмыш есептерді осы тұлғалар құрастырды деген сөз емес, мүмкін құрастырған да шығар. Есептер сол тұлғаларға байланысты өмірге келген немесе олар осы есептерді белгілі бір жағдайда айтқан немесе тиімді пайдаланған. Қандай жағдайда да бұл есептер уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан тарихтан сыр шертеді. Тарихи оқиғаға негізделген аңыздардың желісінде көптеген есептер белгілі бір тұлғалар атынан айтылады.

Мына бір есеп те тарихи оқиғаға негізделіп, белгілі бір тұлға атынан айтылған: Қабанбай батыр жасы келсе де қайраты қайтпай, егде тертқан шағында да жекпе-жекке шығып, үнемі жекпе-жегін жеңіспен аяқтайтын, теңдесі жоқ ерекше жеңімпаз батыр екен. Қабанбай пайғамбар жастан асқанда жекпе-жекке шығып, жеңіп шыққанымен өте ауыр жарақат алады. Ағайындары батырды 12 қанат, биіктігі 5 құлаш киіз үйге жатқызып, емшілерді шақыртып емдетеді. Емшілер қанша ем жасағанымен батырдың жағдайы жақсара қоймайды. Ем қонбайтын болды ғой деген ағайындарынан маза кете бастайды. Бұл өзі қалай болар екен деген оймен шаңыраққа қарап телміріп жатқан батыр, шаңырақтан төмен қарай түсіп келе жатқан бір өрмекшіні көріп, мұны жақсылыққа жориды. Ауруымнан айығатын болдым деген үміт пайда болады. Сондай үмітпен өрмекшінің жерге түскенін күтіп жатқанда, өрмекші қайта жоғары көтеріліп кетеді. Мұны көріп жатқан Қабанбайдың көңілінде құлазу пайда болады. Біраз уақыт өткен соң өрмекші төмен

қарайқұлдырай бастайды. Батырда қайта үміт оянады. Дегенмен өрмекші төмен түсуін баяулатып, қайта жоғары көтеріледі. Осы үрдіс бірнеше рет қайталанады.

Бір кезде Қабанбай жатқан төсектің бір шетіне өрмекші түскенде, Қабанбай: Алла мұны маған нышан ғып көрсетіп отыр, менің жарақатым жазылып, дертімнен айрыламын, Алла қаласа, жазылды деген осы... Енді маған қайтып жатуға болмайды деген оймен, ерекше бір қуанышты сеніммен төсектен тұрып кетіпті. Сол тұрғаннан төсекке қайтып жатпай қояды да, артынша көп ұзамай жызылып кеткен екен. «Аңғарып қараса сол өрмекші 15 минут сайын 2 метр төмендеп, келесі 15 минутта 1 метр жоғарылап, одан кейін қайтадан 15 минут бойы 2 метрге төмендеп, одан қайтадан 15 минут бойы 1 метрге жоғарылайды екен... Өрмекші қанша уақытта жерге түседі» [2,1276.]. **Жауабы:** 1 сағат, 45 минут

Міне, байқап отырғанымыздай, қазақи көне есептері тарихи тұлғаның басынан өткен оқиғаларды көркем сөзбен аңыздың негізінде баяндайды. Сол аңыздың негізінде есеппен бірге халықтың байырғы тарихы, мәдениеті, этнографиясы көрініс тапқан. Яғни қазақи көне есептердің ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қалыптасып, ғылыми айналымға енуіне есептерінің өміршеңдігі, тарихилығы себеп болғандығына көз жеткіздік. Көріп отырғанымыздай, есеп белгілі бір тұлғаның атынан аңыздың желісінде жұмбақ жанрына жақын құрастырылған. Бұл есептің табиғатында ауыз әдебиетіне тән синкреттілік бар. Ықылым заманнан бастау алған көне есептер халықтың идеясын, арман-мүддесін, әлеуметтік көзқарасын білдіріп отырады. Қазақи көне есептерді қоғамдық-саяси тұрғыдан қарап, халықтың психологиясын білу жөнінде қазіргі заманда аса қажетті және аса маңызды мәліметтерді алуға болады, байырғы көне есептерді шешіп, пайдаланып, одан үйренген жөн.

Қазақи көне есептерінің көне замандық тәсілдер бойынша ауызша шығарудың басты өзгешеліктерінің бірі – есептің ауыз әдебиетінің жанрларымен тығыз байланысты болуы. Әсіресе мұнда ауыз әдебиетінің аңыз жанры басты роль атқарады. Қоғамдағы басты оқиғаларды арқау ете отырып, тыңдармандарды аңыздың желісіндегі қызықты мәліметтермен еліктіріп, соның негізінде сан алуан есептер құрастырылған. Көне есептерді ауыз әдебиетінің басқа жанрларымен байланыстыру арқылы оның өзіндік ерекшеліктерін айқындауға болады. Сонымен қатар басқа жанрлармен байланысын зерттеу арқылы есептердің тарихи шығу жолын, дамуын, өсуін, өзгеру жолдарын байқаймыз. Ал, қазақи көне есептердің аңыздың негізінде құрылуының өзі – есеп құрастырудың көне замандық тәсілдерінің негізгілерінің бірі. Осы тәсіл арқылы сан алуан қазақи есептер құрастырылған. Қазақи аңыздардың негізінде құрастырылған көне есептердің жанр ретінде қалыптасуы осы сипаттас болған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. – Алматы: Мектеп, 1966. – 65б.
- 2 Байбеков С.Н., Тілеухан Б.Қ. Ұлы даланың байырғы 100 көнеесебі – Астана: Мастер ПО ЖШС, 2019. – 223б.
- 3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 2013. – 224б.
- 4 Уалиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 5 том, Жазушы, 1984. – 284б.

ӘОЖ 811.512.122

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТІЛ ТУРАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ЕСИМОВА Г.Т.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассказывается о плодородной части казахского языка – месте регулярных выражений о родном языке, о дальнейшем расширении сферы его применения и повышении статуса.

Summary. The article tells in detail about the fertile part of the Kazakh language – the place of regular expressions about the native language, about the further expansion of its scope and raising its status.

Әлемге талай шешендер мен көсемдерді берген, рухани-мәдени мұралардың алуан түрлі үлгілерін жасаған қазақ тілі өзінің өсу тарихында нелер халді басынан кешірмеді дейсіз.

Санай берсек, ана тіліміз – қазақ тіліне байланысты сорақылықтардың түрі көп. Тізе беретін болсақ, бұған 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс кезіндегі қырғынды, 1918-1919, 1921 және 1932-1933 жылдардағы ашаршылықтарды, 1937 ж. алапат репрессияны, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шығынды т. б. осы сияқты нәубеттерді де қосамыз. Бұлар тек қазақ халқының санын ғана емес, рухани жан дүниесін де өлшеусіз күйзелтіп, мәдени өрлеуіне орасан зор қырсығын тигізген жылдар еді.

Міне, мұның бәрі «Тілім, елім, жерім» деп, соның мұң-мұқтажын жоқтағысы келіп үн шығарған, әрекет еткен азаматтардың бәріне де «ұлтшылдық» қара жамылғысы жабылып, тұңғыққа батып, жоқ болып жатқан осынау қилы заманда мәдениет пен оның басты белгісі – тілді дамытуды былай қоя тұрып, оны сақтап қалудың өзі ерлікке тең тірлік болатын. Ұлттық мәдениетіміздің өрлеуіне орасан зор нұқсан келтірер қоғамымыздағы осындай құбылыстарды зерттей, сараптай келе, Қазақстан жұртшылығы мемлекет тарапынан қамқорлық жасау қажеттігін қатты сезінді.

Қазақ іс қағаздары тілінің тарихы сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен, іс қағаздарын қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен тығыз байланысты екендігі даусыз. Сондықтан қазақ іс қағаздар тілінің тарихын зерттеуде екі принцип басшылыққа алынды. Бірінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің тарихын, оны туғызған, тілдік қатынас ретінде пайдаланған қоғам тарихымен тығыз байланыста, бірлікте қарау принципі. Өйткені тілдің дамуы қоғамның дамуына, оның экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістерге байланысты болады. Қоғам өміріндегі елеулі өзгерістер тілдің негізін өзгертпегенімен оған өз әсерін тигізбей қоймайды. Ал ол әсердің мәнін жете түсіну үшін қоғам өмірінде пайда болған құбылысты білудің маңызы бар. Ресми-іс қағаздар тілі тарихын қоғам тарихымен байланыстыра қараудың қажеттігі де осыдан келіп шығады. Екінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерінде кездесіп отыратын түрлі тілдік фактілерді, тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстыра қарау принципі.

Қазақ тіл білімінде ресми іс қағаздарының тілін зерттеуге арналған арнайы еңбек болмағанмен қазақ әдеби тілінің тарихына байланысты жазылған зерттеулер мен жазба ескерткіштер тілін зерттеуге арналған еңбектердің бұл тақырыпқа да қатысы бар екендігі даусыз. Бұл еңбекте ресми іс қағаздар тілінің тарихы көне түркі жазба ескерткіштері жазылған кезеңнен басталып қарастырылатындықтан ескерткіштер тілін зерттеуге арналған Ғ. Айдаров, Ө. Құрышжанов, М. Томанов еңбегі, Ғ. Айдаровтың, М. Томановтың жеке авторлығымен шыққан еңбектердің түркі тілдері тарихын, оның ішінде қазақ ресми-іс қағаздар тілінің тарихын зерттеуде өзіндік маңызы бар екендігі сөзсіз.

Тағы бір сала – өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытып үйрету мәселесі республикамызда қай кезде де қойылып келгені белгілі. Бірақ, оның қаншалықты дәрежеде орындалғандығы, нәтижесінің қандай болғандығы бүгінге дейінгі радио-теледидарларда, баспа сөз беттерінде көп айтылып та, жазылып та келеді. Десек те өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытып үйрету мәселесінде ең алдымен бізге бір жайдың басын ашып алу қажет сияқты. Ол – мемлекеттік тіл - қазақ тілі қандай топтарға оқытылуы тиіс: сәбилер тобына ма, жасөспірімдер тобына ма, жас жеткіншектер тобына ма, жоқ ересектер тобына ма? Осы мәселе анықталғаннан кейін барып сол топтың тіл және жас ерекшеліктеріне қарай, сондай-ақ оқитын не жұмыс істейтін болса, мамандығына орай мемлекеттік нұсқауға сай қазақ тілін оқыту бағдарламасы жасалынып, осы бағдарламалар негізінде тиісінше тиісті топтарға мемлекеттік тілді оқыту, үйрету дәрістері жүргізілуі тиіс.

Бүгінде өз тәуелсіздігіне қол жеткізген еліміздің жасөспірімдер мен ересектер топтарына қазақ тілін оқытып, үйрету мәселесі әсіресе соңғы жылдарда айрықша сөз болып, қолға алынып келеді. Оның бұлай болуының негізі де жоқ емес. Мұның басты себебі – қазақ тілінің республика көлемінде мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғандығы болса керек. Сондықтанда болар бұл күнде қазақ елінде өмір сүріп жатқан көптеген басқа ұлт өкілдері, сондай-ақ біздің елімізге сырттан келіп оқып, жұмыс істеп жатқан шетел азаматтары жергілікті халық тілінде – қазақ тілінде сөйлеуге, сол тіл арқылы қарым-қатынас жасауға ынталылық танытып отыр. Олар еліміздің жер-жерлеріндегі әр түрлі жоғары оқу орындарында, ұйымдар мен мекемелерде ұйымдастырылған қазақ тілін оқытып, үйретуге арналған арналы курстар мен үйірмелерге қатысуда. Оларға міндетті түрде өз ана тілі – қазақ тілі жанашырлары, білікті мамандар – ұстаздар мен ғалымдар дәрістер

беруде. Кейінгі жылдары жастарға білім, тәртіп-тәрбие беру орындарында да – балалар бақшасы, мектеп, гимназия, колледж, жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің сағаттары оқу тәрбие бағдарламаларында көбейтілді. Қазіргі кезде көптеген жоғарғы оқу орындарында мамандығы емес факультеттер білімгерлеріне де «Қазақ тілі», «Мемлекеттік тілде іс жүргізу», «Іскерлік қазақ тілі» деп аталынатын пәндерді енгізіп, дәрістер жүргізілуде. Бұлардың да, әрине, бүгінгі жастарымызға мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқытып үйретуде игі ықпалының болатыны даусыз.

Тағы бір айтатын жай – белгілі бір қоғамдық ортада тұратын өмір сүретін халықтардың этникалық құрамы түрлі ұлттардан құрылуы мүмкін. Әрине, олар тілдік қарым-қатынасты біріншіден, өз ана тілдерінде, екіншіден, сол тұрған жердегі қоғамның мемлекеттік тілінде (бізде – қазақ тілі) жүргізери анық. Мәселен, біздің еліміз – Қазақстанда кей мәліметтерге қарағанда 130-дан аса ұлттар тұрады екен. Бұлардың бәрі де өз ана тілдерінде сөйлеп, қарым-қатынас жасайды, сол тілде оқып білім алады. Сонымен қатар, бұлар республикамыздың мемлекеттік тілі – қазақ тілін қадыр тұтуы тиіс. Оны қарым-қатынас құралы ретінде қолданылып, білім, ғылым тілі ретінде оқып үйренуі керек деп ойлаймыз. Жалпы, мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқып үйрену республика көлемінде өз ана тілі болып табылатын қазақтардан басқа ұлттар үшін де белгілі бір мөлшерде жауаптылық пен міндеттер де жүктейді. Бұл жайында Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 3-бабында: «Тіл туралы Заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады», - деп атап көрсетілген .

Бүгінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылып, дамып келеді.

Қысқасы, біздің мемлекетіміздің саясаты еліміздегі барлық тілдердің гүлденіп өркендеуіне, өмірдің барлық саласында қолданылуына лайықталған бағыт ұстап отыр. Әсіресе, Қазақстан Республикасындағы халықтар мәдениетінің өзара әсері ең алдымен олардың тілдерінің жан-жақты дамуымен және Қазақстанда тұратын халықтардың бір-бірімен еркін тілдесуіне және еркін қарым-қатынасына негізделеді. Бұл жерде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің атқаратын қызметі айырықша. Ол – бүкіл Қазақстан халқының бір-бірімен тілдесіп, түсінісетін қарым-қатынас құралы болуы тиіс. Ол – ұлттар достығының алтын көпірі ретінде олардың арасындағы достық тілі болғаны жөн. Мұнда мемлекеттің тіл – қазақ тілінің құнарлы бөлігі – тіл туралы, ана тілі туралы айтылатын тұрақты тіркестердің орны айырықша деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 16 қазан, 2004ж.
4. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы. Алматы. 1998.
5. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989
6. Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы: РОНД, 2002. -136-бет.
7. Төлегенов О. "Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модельді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. Алматы; Мектеп, 2002. 178-б.
8. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері», Алматы, 2001
9. Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі», Алматы, 2000.207-б
10. Ф.Ш.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік коммуникация негіздері, Алматы, РБК, 1995

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ БІР ТОБЫ

АУБЕКОВА Н.Ж.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье наглядно анализируется структура, тип и употребление пословиц и словосочетаний в казахском языке.

Summary. The article clearly analyzes the structure, type and use of proverbs and phrases in the Kazakh language.

Мақал-мәтелдер сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбайды, даяр қалпында жұмсалады, құрамдары әрқашан тұрақты, мақал-мәтелдер талай ғасыр жемісі, сондықтан әбден ой елегінен өтіп екшеленген, сөйтіп тұрақталған оралымдар. Мақал-мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатындары да бар, яғни олардың мағыналарықұрастырушы сөздердің мағыналарынан туады. Олардың тұрақтылығы мағыналарынын астарлы, келтірілгендігінде емес, керісінше олардың даналық қорытындыларболып келуінде. Мысалы: Жаңа дос келгенде, ескі достың көзінен жас шығады; Ердің атын не аты шығарады, не қатыны шығарады; Олақтан салақ жаман; Жауға жаныңды берсең де, сырынды берме деген мақал-мәтелдер тікелей тура мағынасында ұғынылады да, халықтың қоғамдық өміріндегі түрлі уақиғаларды, өмірі мен іс-әрекеті сияқты жайлар т.б. жайында даналық қорытындылары болып табылады.

Мақал-мәтелдер бір ұғымды тікелей емес, тұспалдап білдіреді. Мақалдар көбінесе екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында шарт немесе жалпы байымдау соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтылады, мысалы:

Әзіл айтсаң да, әділ айт;

Ақ қар көп болса – ақ нан көп;

Тұз астың дәмін келтірсе,

Мақал сөздің сәнін келтіреді; т.б.

Мәтелдерде ой-пікір, топшалау мақалдардағыдай, тікелей кесіп айтылмайды да, астарлы түрде, бейнелі түрде, жанамалай айтылған ишара болады. Мақал-мәтелдердің туынды мағыналары, фразеологиялық оралымдардың туынды мағыналарының қалыптасуы сияқты, екінші кезекте бертін келе, даму процесінде өрбіген. Осыдан келіп, фразеологиялық оралымдардың да және мақал-мәтелдердің де тілде өмір сүруі – олардың экспрессив қызмет атқаруына байланысты деген қорытынды туады.

Мақал-мәтелдердің және олардың құрамындағы сөздердің мағыналарын астарлық, тұтастық негізінде анықтау, оларды тілдік тұлғалар қатарына жатқызуға алып келетіндігі рас, бірақ, көпшілік жағдайда жеке компоненттердің мағынасы мен бүтіндей мақал-мәтелдердің мағынасы арасындағы ішкі байланыс, оларды дайын күйінде, қаймағы бұзылмай меншікті мағынада қолдануға даярлайтын фактор ескерілмейді. Ондай факторды бірінші кезекте бүтін мақал-мәтелдердің өнегелік, насихаттық және өсиеттік мазмұнынан іздеу керек. Құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да сөйлеммен бірдей келіп, хабарды білдіретін мақал-мәтелдерді, олардың образды мағынасының жоқтығына ғана сүйеніп, фразеологияның аумағына енгізбей тастайтын фразеологтар қателеседі деп ойлаймыз. Мысалы: Ас иесімен тәтті деген оралым мен көкірегіне нан піседі деген оралымның бір-бірінен айырмашылығы тек астарлы мағына беруінде. Астарлы мағынасы бар мақал-мәтелдер фразеология аумағына енгізіліп, астарлы мағынасы жоқтары фразеология аумағынан сырт қалғанда сүйенетін жалғыз белгісі семантикалық белгі. Ал, сол астарлы мағына категориясына жазым болса, быламыққа тыс сынар; суды шым бөгейді, дауды қыз бөгейді; қазаныңа не салсаң, шөмішіңе сол ілінер мақал-мәтелдерінің мағынасы толық жауап бермесе де, жартылай жауап бере алады, өйткені қайсыбір мақал-мәтелдердің даяр күйінде қолданылуы, оның орныққан, сол құрамға байланған мағынасы негізінде іске асады. Сондықтан да мақал-мәтелдердің компоненттерінің орнын ауыстырмай, оларды тұрақты қалыптасқан ретте ғана қолданып, айтпак өсиетті сөйлеушіге жеткіземіз.

Қазақ тілі мен орыс тілінде жалпы түрлі тілдерде бір-бірімен мәндес келетін фразеологиялық оралымдар мен мақал-мәтелдер бар. Ондай оралымдардың жасалуына әрбір тілде әр басқа белгілер, түрліше салыстырулар негіз болған. Мысалы, қазақша жындыға сот жоқ дейтін мақалдың баламасы орысша – дуракам закон не писан, қазақ басына іс түскенде танылады дегеннің баламасы – человек познается в беде, қазақ тіліндегі сот сөзіне закон, басына іс түскенде тіркесіне в беде сәйкес келіп тұр.

Аударма тіліндегі мәндес мақал-мәтелдерге біркелкі немесе ұқсас белгілер мен бір тектес салыстырулар негізінде іске асуы мүмкін. Бұған екі тілдегі өзара мәндес мынадай мақал-мәтелдер мысал бола алады: көз қорқақ, қол батыр – глаза страшается, а руки делают; сайтан да жақынына тартады – к своим и черт хорошо относится т.б. Кейбір қазақ тілінің өзіне ғана тән, орыс тіліне аударуға келмейтін мақал-мәтелдерді ретімен аударуға болады, мысалы: үйде батыр жауға жоқ, үйде шешен, дауға жоқ – молодец против овец, а против молодца и сам овца, немесе оны кері қазақшаға аударсақ: қойға шапқан батырың, батыр көрсең қой болар деп қазақшалаанады. Ізденіп, мағына жағынан сәйкес келетін оралымдарды тауып, аударма тілін түсінікті ету олардың ұлттық сипатын сақтауға тырысу – сөз жоқ, шеберлікті қажет етеді [46].

Оқыту барысында оқушылардың өмірге көзқарасын қалыптастыруда мақал-мәтелдермен фразеологиялық оралымдардың алатын орны бөлек. Қазақ және орыс тілдерін (және басқа тілдерді) меңгеріп жүрген оқушы жастардың өмірге деген көзқарасын, тәрбиесін қалыптастыруда, оларды болашақ мамандығына дайындауда, әр түрлі пән сабақтарын оқытуда мақал-мәтел, фразеологиялық оралымдарды пайдалану өте зор нәтиже беретіндігіне ешкім күмән келтіре қоймас.

Оқылатын тілдердегі және ана тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологиялық оралымдар сияқты асыл қазынаны әр кез пайдаланып отыру оқушыларды халық даналықтарына сусындату, рухани даналылығын олардың бойына сіңіру, сол халықтардан тәлім-тәрбие үйрену болып табылады. Тақырыбы жағынан, ішкі мән мазмұны жағынан мақал-мәтелдер тәрбиенің барлық саласын қамтиды. Олар биік идеяны, таза алтындай асыл, көп сөздің тобықтай түйінін білдіретін даналық тұжырымдар, бойы толған тәрбиелік қағидалар, халықтың өмір тәжірибесінен туған өмірлік қорытындылар. Мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнының ашылуын бірден-бір жолы оларды ана тілімізге, ана тілімізден басқа тілге аудару, ана тіліміздегі балаларымен салыстыра талдау болып табылады. Оларды жан-жақты терең талдау, салыстыру, ана тіліне, я басқа тілге баламасымен аудару, баламасы болмаған жағдайда аударманың түрлі-түрлі әдістерін қолданып аудару, олардың мән-мазмұнын философиялық, эстетикалық, этникалық, сыр-сипатын, даналық мазмұнын аша түседі. Оқу процесінде, тәрбие сағаттарында халық даналығының мазмұнына терең бойлаған, одан суысндаған жастардың білім сапасы да, өмірге көзқарасы да берік қалыптаспақ.

Белгілі бір фразеологизмнің (көбіне ф. тіркестің) мағынасы сыртқы тұлғаға мүлдем қалыс деуге болмайды. ФЕ мен мақал-мәтел бір-бірінен өздерінің мазмұны жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да сараланып тұрады. Мазмұны жағынан мақал мен мәтел атаулының дені игі қасиеттерге үндеу, уағыз-өсиет сипатында болатыны мәлім. Мақал-мәтел нақылға, жөн сілтнуге ойысса, ФЕ-лер тек атауыш – бейнелеу мәнде келеді. Осы себепті де, мақал мен мәтел синтаксистік жағынан ФЕ-ге қарағанда анағұрлым күрделі. Мақал-мәтел қаншалықты ауыс мағынада қолданылғанымен, құрамындағы сөздері өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан айырып қалу қасиеті бөлек. Осы ерекшелігіне байланысты тіл процесінде ФЕ мен мақал-мәтел әр түрлі тәсілде қолданылады. Бірер иллюстрация: «өте тез, шапшаңдықты» білдіретін қас пен көздің арасында деген ФЕ акцентуациясы жағынан екі ритімдік (ырғақтық) топқа бөлінеді: қас пен көздің//арасында немесе қас пен//көздің арасында.

Кейбір мақал-мәтелді заманның ағымына қарай өзгеріп айту, я тыңнан жаңа мақал шығару сөздердің идиом болуынан анағұрлым оңай. Заманның нақтылы бір тілегіне сай шыққан мақалдар толып жатыр. Бұған мысал ретінде қазақ әдебиетінің кемеңгері Абайдың, тағы басқа ой иелерінің мақал болып кеткен нақыл сөздерінен көптеп мысал келтіруге болады. Бұл - әркімге де белгілі нәрсе. Тек мынаны атап кетейік: Әдет - әдет емес, жөн әдет деген мақал түркі тілдерінде араб жазуынан жаңа латын жазуына көшердежіі қолданыла бастады. Бұдан келіп, біз ФЕ-лер заманнан тыс, әлеуметтік ортадан тыс, бейтарап жасала береді дегелі отырғанымыз жоқ. Мақал тәрізді тізбектер – «кешегі» күннің жемісі, бұлар түгелімен бертінде шыққан мұра дегіміз де келіп отырған жоқ. Қазақ тілі өз алдына дербес тіл болғаннан бері қарай келе жатқан мақал-мәтел өте көп. Мақал-мәтелдер сан жағынан да, сапасы, көркемдігі, тапқырлығы жағынан да бір ғажайып құбылыс екені әркімге аян. Біздің айтайық дегеніміз: сөздер белгілі бір лингвистикалық дәстүрге ие болып, фразеологиялық дәрежеге жету үшін, ол сөздер сол белгілі фразеологизмге тән қасиетке

ие болуы керек. Белгілі топтағы сөздер, басқа тізбектерге қарағанда, басынан көп уақыт, біраз дәуірді өткізіп басып қана ФЕ дәрежесіне келе алады. Мекен, мезгіл факторы көп құбылысқа ортақ екені рас. Сол ортақ қасиет тілдің ерек бір ішкі заңдарына ұласа барып, ФЕ категориясы пайда болары хақ.

Қорыта келгенде, мақал мен мәтелдің өздеріне тән айырым белгілері болады, сондықтан да олар тіл жүйесінен өзіне сай орын тебеді. Мақал-мәтелдің фразеологиялық единицаларға ұқсастығы ең алдымен компоненттер тұрақтылығынан көрінеді: мақал-мәтел компоненттерінің де орынын ауыстыруға әсте болмайды. Едәуір зерттеушілер осы жағдайды еске ала отырып, мақал-мәтелді тіпті фразеология аясына енгізуді мақұл көреді. Бұл концепцияны қостауға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. –Алматы: «Білім», 2007ж.
- 2.Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған: Ж.Дәуренбеков. –А., 2001ж.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 7 том. – Алматы: Ғылым, 1983ж.
4. Асыллов Ү., М.Қ.Сұлтанғазина. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы:«Атамұра», 2000 ж
- 5.Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ., Қасабек Қ., Балтабаева Ж., Мұхаммади Қ., Рахметова Р., Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы: “Print-S” баспасы, 2005.

ӘОЖ. 82.789.13

СЫН – ӘДЕБИЕТТІҢ АЙНАСЫ

ДЖУНУСОВА М.Б.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается как история казахской литературной критики является зеркалом литературоведения.

Summary. The article examines how the history of Kazakh literary criticism is a mirror of literary criticism.

Әдебиет – қоғамдық өмірдің айнасы, әрі халықтың рухани деңгейінің даму көрсеткіші болатындықтан, мемлекет үшін айрықша маңызды мәселе. Өйткені, әдебиеттану саласындағы іргелі ізденістер жүзеге аспайынша, жалпы халықтың санасына халықтық, елдік сезімін сіңіру оңай емес. Қай халық болмасын әлемдік өркениетке өз ұлттық құндылықтары арқылы жететіні белгілі. Қоғамның рухани-көркемдік дамуына үлес қосып, халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтауда әдебиеттің маңызы ерекше зор. Академик З.Қабдоловтың: «Әдебиет– ақиқат өмірдің сырлы суреті, көркем тарихы», – дегенге пікірі рас сөз [1, 256.]. Ендеше, ұлттық әдебиетті зерттеу және оны зерттеуші ғалымдарымыздың еңбегін лайықты саралап, тиісті бағасын беру–уақыттың талабы.

Осы тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін салыстырмалы-тарихи теориялық және сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі таңда арнайы қарастыруды талап етеді. Себебі, оларды танып, білу арқылы сол кездегі әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерді саралауға мүмкіндік туады. Әдебиетті зерттеу–ауқымы зор еңбекті талап ететін іс. Ол жалпы әдеби процесі зерттеу бағытында және жекелеген көркем шығарма мен суреткер еңбегін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Халқымыздың «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген даналық сөзінің жалпы жаны бар. Яғни, дәлірек айтқанда, сынның дұрыс болуы, дамуы –әдебиетіміздің дамуының айқын көрінісі болмақ. Ал, әдебиеттің басқа көркем өнермен байланысы, қоғамдағы орны, әдебиеттер байланысы, көркем аударма және тағы да басқа зерттеу бағыттары осылардан келіп туындайтыны белгілі. Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық өркендеуі жолында біздің ғалымдарымыз соны ізденістер мен тың деректерге толы зерттеулерін жасауда бар қабілет-қарымын, білімі мен біліктілігін көрсетіп отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сыны өкілдерінің өсіп, әртүрлі бағытта, көптеген арналармен жедел дамып, қауырт көтерілген ең жемісті дәуірі – ХХ ғасырдың ІІ жартысы болды.

Бұл кезең – кеңес өкіметінің қатаң бақылауындағы, үнемі коммунистер саясаты мадақталып, әдебиетте, өнерде таптық көзқарастар байқалып тұратыны рас еді. Алаш қозғалысы, ұлттық мұраларымыз, фольклорлық шығармалардың біразы, ежелі әдебиет туралы бір жақты көзқарастар болған. Дегенмен, тұтастай алып қарағанда, бұл кезеңдегі қазақ әдеби сыны жанр ретінде қалыптасып, әлем әдебиетіндегі, әсіресе, орыс, Еуропа топырағындағы методологиялық тәсілдерді, түрлі мектептердің сабақтарын, ұлы ойшылдар, әдебиетшілер, сыншылар, мұрасын біраз меңгеріп, оларды ұластыра дамытып, ұлттық өнерді талдап-бағалап, саралауға көп іс тындырды.

Әдебиеттану ғылымының негізі–әдеби сын. Сын–әдебиеттің айнасы. Қашанда әділ сынға жүгініп, көркем әдебиеттің сипатын, даму жолын, бағытын байқаймыз. Сын–әдебиетті жан-жақты саралап, оқырманға талдап түсіндіретін сөз өнерінің күрделі түрі. Сынның мақсаты – өнер туындыларының тууы, оның оқырманның жанына, ішкі әлеміне әсер етуін анықтау және әдеби пікірталас, әдеби ағымдардың эстетикалық жарысын көрсетіп, жаңашылдықты айтып отыру. «Сын шын болсын, шын сын болсын» деген қанатты сөздер осыдан келіп туған, яғни, қоғамымыздағы көрінісі әдебиетте суреттелсе, сол шығарманың әділ бағасын беретін–сыншылар. Шынайы сөз көркем шығармаларды талдау арқылы әдебиетті қалыптастырады. Бұл туралы А.Байтұрсынов: «Әдебиет алқасына кіретін шығармалар қара сөз, дарынды сөз болып екіге айырылады. Сынға түскенде, мұның екеуі екі жүйе таразымен өлшеніп, сынға түседі. Қара сөздер, мейлі әуезе, мейлі әліптеме, мейлі байымдама болсын–ғылым таразысына түсіп, ғылым жүйесінің сынымен тексеріледі. Ғылым сыны, ғылым жүйесіне дұрыс, теріс қарайды, шынында сондай нәрсе ме, топшылауы дұрыс па, дәлелдері толық па, сипаттары күшті ме деп, сол жағынан тексереді»–деген болатын [2, 266б.]. Ал, «Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Әдеби сынның негізгі міндеті шығарманы нақты тексеріп, жетістік-кемшіліктерін саралап, эстетикалық баға беру»–деген анықтама берілген. Ендеше, сынның көтерер жүгі ауыр, жазушы алдында үлкен жауапкершілікті талап ететін, ар алдындағы тазалықты талап ететін маңызды жанр.

Классикалық филологияда бірінші болып Буало сыналса, ол өз кезеңінің әдебиетін, яғни француз классикасының ерекшеліктерін анықтап, оны дәлелдеп көрсеткен. ХҮІІІ ғасырда Германияда Лессинг, Францияда Дидро еңбектерінің мәні зор болды. Орыс әдеби сынының басы болып, В.Г.Белинский мойындалса, ол да өз уақытының әдебиетінің маңызды шығармаларымен өз замандастарын таңғалдыра білген. Ұлы сыншы көркем әдебиет пен сөз өнерінің айырмашылығын дәлелдеген. В.Г.Белинскийдің шығармашылығы орыс әдебиетінің қалыптасуына тікелей әсер еткені тарихтан белгілі. Сонымен қатар, Д.И.Писарев, Н.А.Добролюбов, Н.Г.Чернышевский т.б. әдебиетшілер орыс қоғамының рухани әлемін оятып қана қоймай, басқа халықтардың әдеби-мәдени жағынан дамуына ықпал етті. Пушкиннің, Некрасовтың, Толстойдың, Горькийдің, Маяковскийдің, Шолоховтың әдебиеті–жоғары шеберліктің мектебі болды. Кеңес дәуірі кезінде–социалистік реализм терминінің туып, қалыптасуына негіз болып, оның өріс алуына жол ашты. Орыс әдебиеті туралы сөз қозғағанда басқалардан биік көрінетін тұлғалардың бірі Н.А.Добролюбов өз еңбегінде жазушының өмірді терең түсініп, оның ең елеулі тұстарын айшықты да, ажарлы суреттеуін аса жоғары бағалай келіп, былай дейді: «Нақты сынның міндеті – жазушының шындық дүниеге қатысын анықтау. Шындыққа сәйкестікті көркем шығарманың жетістігі деуден гөрі, оның қажетті шарты деу дұрыс. Ал, шығарманың нағыз құндылығын біз жазушы көзқарасының кеңдігінен, өзі суреттеп отырған құбылыстарды мінсіз дұрыс түсінуден және оны жан бітіре бейнелеуден көреміз» [3, 172б.]. Бұл пікірі А.С.Пушкиннің «Где нет любви к искусству, к справедливости и к истине, там нет и критики»,–деген пікірімен сабақтасып жатқанын байқаймыз.

Шындығында да, өнерге, шындыққа және әділдікке деген сүйіспеншілік жоқ жерде сын да, сыншы да болуы мүмкін емес. Өмірде шындық үшін күресе білмейтін адам, өнерде шындықты айтуды мұрат тұта алмасы анық. Өмірдің жолы ғана емес, шындықтың, күрестің жолы да – шырғалаңы мен шытырманы көп жол. Өткен тарихымызға үңіле отырып, сол шындықтан халықтың жүріп өткен жолын ғана көріп қоймайсың, әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани болмыс-бітімін танып-білесің. Өткенсіз бүгін жоқ. В.Г.Белинскийдің: «Адамзат қоғамының даму заңдылығы сондай–бүкіл адам баласының басына кешкендері уақыт атты тұңғиықтың иіріміне батып, із-түссіз жоғалып кетпейді. Шын мәнінде, өмірден өткен жайдың талайы оның санасында тірлік кешіп жатады»,–деуінде терең мән бар [4, 236б.]. Тарихқа табан тіреп, өткенмен есептесіп отыру–болашақты ойлайтын адамға борыш. Ерте есейген еңселі елдер мен тамырын тарихтың терең қойнауынан таратқан тағлымды жұрттардың қай-қайсы да өткен күнге ой көзімен қарап келген. Кешегісін айтқанда, келешегін ойға алып отырады. Сыншы-ғалым С.Әшімбаевтың сөзімен

айтсақ: «Кешегіні ойлау– кемел келешекті ойлау. Бүгінгі жақсылық та, жамандық та көктен түскен жоқ. Бәрі өткеннің жемісі, келешегінің салдары» [5, 209б.]. Олай болса, әдеби-көркем сынымыздың өткен кезеңіне сын көзімен қарап отыру, табысымызға тасымай, шала ісімізге жасымай, жоқты бардай, барды дардай етіп бұра тарпай, объективтік қорытындылар жасау–өмір талабы мен қоғамдық ойдың даму заңдылығынан туып отырған уақыт қажеттігі.

Қазақ әдебиетіндегі сын жанрының дамуына ерекше еңбек еткен қарымды қаламгер – Серік Қирабаев. Оның алғашқы зерттеуі «Ғабиден Мұстафин» (1956) атты библиографиялық очерк. Проза шебері Ғабиден Мұстафин туралы жазылған бірден-бір тиянақты еңбек осы еді. Кейін қазақ мәдениеті тарихында өшпес ізі бар Спандияр Көбеевтің әдеби мұрасына жан-жақты әдеби шолу ғылыми тұжырым жасап, ақындығына әділ баға берген, халыққа ұсынған «Спандияр Көбеев» (1958) деген кітабы жарық көрді. Осылайша ғылымдағы өз жолын салып, әдеби-ғылыми қауымды елең еткізген С.Қирабаев жаңа белестерге, күрделі тақырыптарға ойысты. С.Сейфуллиннің негізгі еңбектерін, газет-журнал басылымдарын, мұрағат деректерін, ақын шығармашылығына қатысты барлық ғылыми құжаттарды толық жинап, екшеп, жазып шыққан күрделі еңбегі–«Сәкен Сейфуллин» (1962) монографиясы осы бағыттағы үлкен табыс ретінде танылды. Бұл еңбек қазақ және орыс тілдерінде Алматыда, Мәскеуде жарияланды. Орыс, армян, өзбек халықтары әдебиетіндегі Владимир Маяковский, Егише Чаренц, Хамза Хақим-Заде Ниязи тәріздес ғажайып таланттарымен иық тірестірген өнегелі өмір иесі бар Сәкен Сейфуллин туралы Есмағамбет Ысмайылов, Тұрсынбек Кәкішевтің белгілі еңбектерін ескере отырып, Серағаң әдебиеттануымыздың жаңа, әрі заманауи бағыты–революция және әдебиет ұғымдарымен өзектес – Сәкентанудың берік негізін қалады.

Жоғарыда атап өткен Сәкен шығармалары турасында, әдебиеттер байланысы туралы, әдебиеттегі достық тақырыбындағы үндестіктер қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болғаны рас. Тұңғыш әдеби сын мақалалар жинағы – «Өрлеу жолында» (1960) сыншы Серік Қирабаев стилінің қаламгерлік бағытын айқындады. Бұл еңбекте автор екі мәселеге айрықша мән береді. Біріншісі–жалпылық, жинақтаушылық сипаттағы мақала болса, екіншісі–портрет үлгісіндегі материалдар. Ғалымның Ж.Саин, М.Иманжанов, Х.Ерғалиев, Ә.Нұршайықов туралы сын мақалалары кезеңдік әдебиеттануда үлкен із қалдырды. «Октябрь және қазақ әдебиеті» (1968) сын кітабында автор «Әдебиеттің есею жолдары», «Соғыс және әдебиет», «Қазақ поэзиясының елу жылдығы», «Уақыт және қаламгер», «Сыншы еңбегі» секілді проблемалық зерттеулермен қоса, Асқар Тоқмағамбетов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиев туралы монографиялық этюдтерін енгізген. Сыншы талантының кемелденген тұсында туған «Өнер өрісі» (1971), «Әдебиет және дәуір талабы» (1976), «Революция және әдебиет» (1977), «Шындық және шығарма» (1981), «Талантқа құрмет» (1988) зерттеу кітаптарында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері–Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, О.Бөкеев шығармашылықтары сөз болады. Әдебиеттегі идеялық-әлеуметтік ізденістерге, сын жанрының туып, қалыптасуына, шығармаларының құжаттық деректік негіздеріне, мұрағат (архив) материалдарына көп көңіл бөліп, осы бағытта өнімді жұмыстар жазған профессор Тұрсынбек Кәкішевтің «Сын сапары», «Оңаша отау» атты еңбектері әдебиетіміздің тың табысы болды. Кейін ғалымның бұл аталған зерттеулері біріктіріліп, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994) деген іргелі еңбектің негізін құрады. Бұл кітап қазақ әдебиеті сынының тарихи дамуына үлкен үлес болып қосылды. Мұнда бұрын белгісіз болып келген тарихи, әдеби, мәдени деректер мен құнды құжаттық, биографиялық мәліметтер де мол.

Сәкен Сейфуллин туралы ғұмырнамалық кітап жазып, оны орыс тілінде Мәскеуден шығарып, абыройға ие болған автор қазақ әдебиеттануының тереңірек зерттелуіне зор үлес қосты. Профессор Т.Кәкішев С.Шәріпов, Е.Бекенов, Ж.Тілепбергенов, С.Ерубасев мұрасын жинап, алғысөз, түсініктемелерін жазып, халыққа ұсынған еңбектерін ілтипатпен атауға болады. Профессор Тұрсынбек Кәкішевтің осы еңбектерінің нәтижесінде 1994 жылы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты ауқымды, әрі қажетті оқу ұралы ретінде жарыққа шықты. Сыншы-ғалым Д.Ысқақов: «Бұл еңбек–осы мәселеге алғаш рет барып, тұңғыш рет жол салған іргелі жұмыс болды. Мұнда қазақ әдеби сынының тарихы, әсіресе, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегі саяси-идеялық тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттелінген»,–деп атап көрсетеді [6, 16б.]. Расында, Т.Кәкішев зерттеулері Сәкентану саласындағы елеулі жетістіктеріміздің қатарында саналады. Оның «Сәкен Сейфуллин», «Сәкен сүйген сұлулар» т.б. еңбектері орыс және қазақ тілдерінде бірнеше рет жарыққа шықты. Ғалым С.Сейфуллин шығармашылығын өмірінің соңына дейін үздіксіз қарастыруымен ерекшеленеді.

Жалпы сыншылардың шығармашылығы әр түрлі бағыттағы ізденістерінен хабар береді. Газет-журнал беттерінде қызулы, өткір мақалалар жазған, кейінгі әдеби қозғалысқа білек сыбанып

араласқан, қазақ әдебиетін зерттеуші классиктердің ізін абыроймен жалғаған ғалымдар З.Қабдолов, М.Дүйсенов, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, Ә.Нарымбетов, М.Базарбаев, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев, Т.Қожақеев, З.Ахметов, Ш.Сәтбаева, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Өмірәлиев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Т.Кәкішев, Б.Майтанов, А.Егеубаев Ж.Тілепов, Д.Ысқақов, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, А.Жақсылықов, Б.Ыбырайымов, Т.Тебегенов, Қ.Ергөбеков, Б.Дәрімбетов, Қ.Әбдезұлы, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғалиев, Б.Әбдіғазиев, Ө.Әбдіманұлы, Қ.Алпысбаев, т.б. ғалымдарымыздың пікірлерінен, ең алдымен, байқалатын нәрсе – даралық, эстетикалық байлық, көркемдік ізденістер.

XX ғасырдың 60 жылдары сын жанрында, әдебиеттің теориялық бағытында терең де, ойлы зерттеулер жазған ғалымдардың бірі—академик З.Қабдолов. Ғалымның: «Көркем сөз –күдіретті нәрсе»,– дей келіп, сөз өнерінің қыр-сырын ашатын өмірмен, қоғаммен байланыстыра зерттейтіні заңдылық [7, 58б.]. Сол сөз өнерінің күдіретін сезіндірген қаламгер – дарын иесі. Ол–сөз өнердің өлшемі. Суреткер өмірге келтірген өнер туындысы жалпақ жұртқа ләззат сыйлай алса, тұшынып, ризалықпен қараса, ол – өнердің жеңісі. Талғам мен таным деңгейі әр түрлі болады. Қаламгер соның биігінен көріне білсе, сыншы соның дәл бағасын уақытында бере білсе – руханиятқа қосылған сүбелі олжа болмақ. Академик З.Қабдоловтың: «Суреткер – қоғам қайраткері, қаламгерлік іс – қоғамдық іс, көркем әдебиеттің қоғамдық мәнін, әлеуметтік мазмұнын еш нәрсемен салыстыруға да, ауыстыруға да болмайды»,–деуі де осыдан [9, 39б.]. Оның «Сөз өнері», «Жебе», «Жалын» сияқты жұртшылыққа белгілі ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетінің теориясы мен әдеби сынға қатысты сүбелі де, салмақты ой-пікірлері көрініс тапқан. Сыншыларымыз осындай көркем дүниелерді талғам таразысына салып, екшеп-екшеп саф өнер туындысын ғана халыққа ұсынуды мақсат етті. Әдеби дамудың ерекшеліктерін көрсетуге дерек боларлық әдеби материалдарға қазақ сөз өнері өте бай. Әдебиетіміз жүріп өткен жолдарды, бел-белестерді айқындау, саралау – қазақ әдебиеттану ғылымының басты нысаны болды.

Дарынды сыншы С.Әшімбаевтің «Парасатқа құштарлық» (1982), «Сын мұраты» (1985) тәрізді әдеби-сын кітаптары мен жекелеген зерттеу мақалалары сөз зергерлерінің ықыласына бөленді. Нәтижесінде, С.Әшімбаев «Сын мұраты» кітабы үшін «Жастар» сыйлығын иеленді. Белгілі әдебиет сыншысы профессор Д.Ысқақовтың «Сын өнері» (2001), соңғы уақытта жарық көрген ауқымды еңбегі «Әдеби сын тарихы» (2012) кітабында, негізінен, бүгінгі проза материалдары бойынша талдаулар жасайды.

Қорыта айтқанда, жас буын, орта буын қаламгерлер шығармашылығындағы құбылыстарды көрсетуге көңіл бөлген. Қазақ әдебиетінің фактілерін басқа ұлт әдебиеттеріндегі мысалдармен салыстыра қарағанда автор ұтымды тұжырымдар жасайды. Стилi салмақты, кәсiби зерттеуге төселген ғалымдардың еңбектері қазақ әдебиетіндегі сын жанры дамуының айқын көрсеткіші бола алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Әдебиет теориясы.–Алматы: Ғылым, 1999.– 421б.
- 2.Байтұрсынұлы А. Ақ жол. (Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу) / Құраст. Р.Нұрғалиев. –Алматы: Жалын, 2018. – 431б.
3. Добролюбов Н.А. Собрание сочинений в 3-х т. Госиздат. Худ. лит-ры. –Москва, 2015. – с.255
4. Белинский В.Г. Собрание сочинений в 13- ти томах, 5-т. –Москва, 2012. – с.260
5. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. –Алматы: Жазушы, 1998. –312б.
6. Ысқақов Д. Сын өнері. –Алматы: Қаз.Ақпарат, 2000. – 333б.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: ҚазМҰУ, 2019. – 374б.

ӘОЖ 371.3

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

КОЖАГУЛОВА Ж.К.

Көктал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Резюме. В данной статье речь пойдет о формировании функционально грамотной личности. Также будут подробно рассмотрены, какие существуют методы и приемы развития функциональной грамотности учащихся, рассмотрены пути работы с текстом. Также будет представлена информация о целях, задержках интересного проведения урока.

Summary. This article discusses the formation of a functionally competent person. In addition, the methods of developing functional literacy of students are well considered and ways of working with the text are considered. Information about the goals and objectives of the lesson is also provided.

Адамзат баласының бүгінгі жеткен жетістіктерінің негізгі бөлігі білімнің арқасында. Ғылымның дамуы, технологияның алға қадам басуы – қоғамның сан алуан саласын түрлі бағытта дамытты. Осыған байланысты білім беру саласы да өзіндік жаңғыру бағытына түсіп, салалық, құрылымдық, мазмұндық жағынан түрленуде. Бұл жаңалықтарды біз - заманның талабына сай болып жатқан өзгерістер деп қабылдауымыз қажет.

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары жаңартылған білім жүйесі енгізіліп, сабақ жүргізу процесі жаңғыра түсті. Оқыту үдерісі ақпараттық-коммуникациялық технологияға сүйеніп, аталмыш саладағы жүйенің қалыптасуына мүмкіндік жасады. Бұл шетелдік және отандық мол тәжірибенің қорытындысынан туындаған дүние еді.

Жалпы, ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке мен білімділер ғасыры. Бұл туралы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевта “Тәуелсіздік бәрінен қымбат” атты мақаласында: “ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс”,- деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан жас ұрпаққа терең де, сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін ойлап табу – өзекті мәселе болып табылады. Жалпы, сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Дәстүрлі әдістемелік жүйеге қарағанда, қазіргі жаңа, заманауи әдіс-тәсілдер оқушылардың сауаттылығы мен сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сондықтан да елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына енгізілген өзгерістер, оқу процесінде оқушының іс-әрекетіне, топпен бірігіп жұмыс жасауына, ойын еркін жеткізуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына септігін тигізетінін байқадым.

Бұл тұрғыда, біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырып, шығармашылық потенциалын арттыру. Жаңартылған білім беру мазмұны да осы ұстанымды берік ұстанып, бүгінгі талаптар мен міндеттердің игерілуіне толыққанды ат салысып жатыр. Сондықтан, білім беру жүйесін жандандыру – қоғамдық мәні бар басты мәселе болып саналады. Бұл туралы Қ.Қадашева да өзіндік ойын білдіріп: «Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту, жұмысымызды жаңашаландыру – жаңа технологияны енгізу. Бұл ұғым біздің өмірімізге берік еніп келеді, дегенмен оның мән-мағынасы туралы пікірлер сан алуан. Технология грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздың, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Технология инновациялық іс-әрекет оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта алдыға нақты, тұжырымды мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жоғарғы көрсеткіш білім деңгейін шығармашылық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта жұмыс істеу бүгінгі күн педагогтарының көкейкесті мәселесі» [1, 82] деп тұжырымдаған болатын.

Заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын ғана емес, сонымен бірге өмір шындығына белсенді ықпал етуші, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты, бірінші кезекте тұлғаға қойылатын белгілі талаптар шығады: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жақсы дамыған зияткерлік, жоғары білім, кәсіби сауаттылық.

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2016-2021 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес функционалды сауаттылық көп жоспарлы адамзаттық қызметтің білім беру мен байланысын кіріктіру, тұлғаның әлеуметтік бағдарлану әдісі ретінде түсіндіріледі. Заманауи, өзгермелі әлемде, функционалды сауаттылық

базалық факторлардың бірі болып табылып, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметіне, сонымен қатар өмір бойы оқуына ықпал етеді [1].

Оқушының тұлғалық қабілетін шыңдау кезінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні де аса маңызды рөл атқарады. Себебі, аталмыш пән арқылы оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру басқа пәндермен салыстырғанда оңайырақ. Өйткені, қазіргі таңда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі жаңа тұрпатты ұстаз, функциональды сауатты тұлғаны тәрбиелеу бойынша қоғамның сұранысына сай: кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан; жаңалыққа құмар; рухани дүниесі бай; өздігінен зерттеу міндеттерін қоя және шеше алатын; коммуникативті; ақпараттық технологияларды игерген; балаларды сүйетін, құрметтейтін, оларға сенетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға [2]

Оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық сияқты 12 жылдық мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту шеңберінде білім берудің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалады. Мұнда: оқыту технологиясы орталығында – оқушылар; оқу әрекетінің негізінде – ынтымақтастық; оқушылар оқытуда белсенді рөл атқарады; технология мәні – өздігінен білім алуға деген қабілетін дамыту.

Менің пікірімше, оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту өмірлік мәселелерді шешудің, басты функцияларды, әлеуметтік рөлдерді, құзыреттіліктерді орындаудың толық тәжірибесін болжамдайды.

Мектептегі және өмірдегі оқу процесінің барлық сапасы оқу білігіне байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, егерде оқушылар жеткіліксіз оқитын болса, оның сауаттылығы одан әрі жетілдіруді талап етеді. Жақсы оқуды үйренбеген адам басқа пәндер бойынша қажетті деңгейде жауап бере алмайды немесе қандай да бір тақырыптар бойынша реферат немесе хабарламаны сырттың көмегісіз жасай алмайды. Сондықтан да баланы оқуға, кітапты білім мен ақпарат көзі ретінде қолдануға үйрету, кітап әлеміне оқушыларды тарту және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету- мектептің басты міндеті.

Соңғы жылдары білім беру салаларында атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Мектеп қабырғасында отырған өскелең жас ұрпақтың озық ойлы, функциональды сауаттылығы жоғары, рухани тәрбиесі биік, саналы жеке тұлға болу жолындағы ізденістер мен ғылыми еңбектер қатары көбеюде. Осы тұста педагог қызметкерлер шәкірттерінің алғыр да өмір сүруге қабілеттілігін, жалпы өзіндік көзқарасын, ұстанымы мен сенімін қалыптастыруда үнемі еңбектеніп келеді. Жаңартылған білім мазмұны негізінде біліктілігімді арттырып, көптеген әдіс-тәсілдерді өз тәжірибем енгізіп оң нәтижелерді байқап, мемлекеттік тілді оқушыларыма меңгертуде көп көмегін беріп келеді.

Тілді меңгерту барысында соңғы уақыттарда жиі айтылатын төрт дағдыға ерекше тоқталғанды жөн санадым. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Ең алдымен, бұл төрт дағды бір-бірімен тығыз байланыста болады. Сабақ барысында осы аталмыш дағдылармен жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, оқушылардың тілді меңгерулеріне, функциональды сауаттылықтарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда оқушылардың функциональды сауаттылығын қалыптастыруларына ықпал етудің арқасында, сабақ барысында белсенділік пен көшбасшылық қабілеттерін байқатып, еркін білім алуға қадам басып келеді.

Осы тұрғыда, мен оқушылардың мәтінмен жұмыс жасауына көп мән беремін, Себебі, мәтінді оқу барысында оқушы белгілі бір нақты ақпаратты табу, детальды түрде оқу, мәтіннің түріне қарай ажырату, бейтаныс мәтінге болжам айту сияқты тағы да бірнеше ішкі дағдыларына сай білімдерін толықтырып жұмыс жүргізеді. Демек оқушы бір мәтіннің аясында бірнеше жұмыс жүргізіп, мәтінге немесе суретке, үнсіз бейне таспаға қарап өз болжамын айтып, мәтіннен белгілі бір детальды тауып оқып, бейтаныс сөздердің мағынасын біліп, стилін анықтайды, бір-біріне топтық жұмыста түсіндіріп, топтасып жұмыс жасайды. Өзім сабақ беретін сыныптарға қазақ тілі пәнінен белгілі бір мәтінді бірнеше бөлікке бөліп, тыңдалымнан кейін бөлінген мәтінді дұрыс құрастыру немесе бөлімге бөліп мәтінді басынан соңына дейін дұрыс орналастыру, сұрақты оқушы шатастыратындай етіп қоя отырып, мәтінге мұқият үңіліп оқуына түрткі боламын. Оқушылардың мәтінді жан-жақты оқып, талқылауы арқылы тілді меңгерулеріне болатыны тәжірибеде айқын байқалауда.

Жалпы, мәтін өте күрделі тілдік құрылым екені мәлім. Сондай-ақ мәтінде оқиға хабарланып, баяндалады. Әңгімеленеді. Құбылыс пен зат сипатталады, суреттеледі [3]. Ал, бұл оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруда, функциональды сауаттылығын дамытуда айтарлық маңызды рөл атқарады.

Практика жүзінде мәтінмен жұмыс барысында бір мәтін аясында бірнеше тапсырманы орындап, оқушының тілді меңгеруіне болатынын байқадым. Бүгінде оқулықтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай мәтіндер түрлі жолмен беріліп, ондағы тапсырмаларда түрлі форматта ұсынылған. Мәселен, 6 сынып оқулығында “Хан тәңірі шыңы” тақырыбында мәтін ұсынылып, мәтінді түсіну, ой қорыту үшін сұрақтар берілген. Олар төмендегідей:

-Хан тәңірі шыңы туралы бұрын естіген бе едіңіз?

-Мұндағы ақ қар, көк мұз бен жасыл шырша, қызыл гүлдердің қатар тұруының себебі неде деп ойлайсыңдар?

Яғни, бұл сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар мәтінді түсініп оқып, өз сауаттылықтарын арттырады. Сондай-ақ, ашық және дәлелді жауап беруге бейімделеді. Оқушылардың мәтінмен жұмысын дамыту үшін түрлі жазылым тапсырмасын орындатқан да дұрыс. Бұл да өз кезегінде оқушылардың тақырыпты игеруіне ықпал етеді.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде мәтіннің үш түрі ұсынылатыны мәлім. Олар: баяндау, сипаттау және пайымдау. Аталмыш мәтін түрлеріне жеке-жеке тоқталып өтейік.

Баяндау мәтіні – адамның іс-әрекетін нақты, әрі оқиғаларға байланыстыра отырып құбылыстардың даму ретін көрсетеді. Ал, сипаттау мәтіні – бізді айнала қоршаған ортадағы белгілі бір құбылысқа я болмаса затқа тән белгілерді сөзбен бейнелеп көрсетеді. Пайымдау мәтіні болса, белгілі бір ойды жан-жақты талдап түсіндіреді. Яғни бекіту сипатында қолданылады. Аталмыш мәтін түрлері арқылы біз оқушыларға сөйлемдердегі заттың түр-түсін, қасиетін суреттеуге, оқиғаны ретімен баяндауға, оның себебін дәлелдеу мен пікір білдіру дағдыларын жетілдіреміз.

Жалпы, мәтінмен жұмыс – педагогтың ізденісін, жан-жақты дайындалуын қажет етеді. Мәселен, ол сабақтың алгоритмін дұрыс әрі толықтай ойластыра алуы қажет. Және білім алушылардың оқу құлшынысына назар аударуы тиіс. Сондай-ақ, мұғалім оқушының мәтінді толық түсінуі үшін арнайы тапсырмалар бергені дұрыс. Мәселен:

1. Сөздікпен жұмыс;
2. Жай сөйлемнен сұраулы сөйлем жасау жұмысы;
3. Сөйлемдерге жауап беру;
4. Синоним, омоним, антоним сөздерін табу;
5. Сөздерді септеу, жіктеу жұмысы және т. б.

Міне, осындай тапсырмалар арқылы ғана оқушы мәтінді толық меңгереді. Ал, мұғалім өз кезегінде ұдайы жіберген қателерін түзетіп, білім алушыларды бақылып отыруы қажет.

Қорыта келе, мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, олардың меңгерген білімдері мен ілімдерін түрлі жағдайларда қолдана білуге, түрлі ақпараттарды сыни тұрғыдан саралай білуге, өз ойларын білдіруге және зерттеу жүргізуге дағдыланады. Сонымен қатар, өзінің пікірін ұсынуға, тұлғааралық қарым-қатынас ортануға да ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. Әлімов А.Қ. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж
3. Интернет қоры. bilimdiler.kz.
4. Бердышева Ұ.С. Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиет сабағында функционалдық сауаттылығын дамыту.- Оқу инновациялық технологиялар. №3. 2015.- 2 б.
5. Аралбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теория

ӘОЖ 82.74.33

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

АБИЛАКИМОВА Ж.Т.

Назарбаев Зияткерлік мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің модератор-мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье всесторонне рассматриваются ценности в творчестве Абая.
Summary. The article comprehensively examines the values in Abai's work.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады. Құндылық тақырыбы қашанда өзегін жоймайтын тақырып. Құндылықтар бойынша бүгінде білім ошақтарының барлығы жұмыстар жүргізуде. Осы құндылықтың барлығын бойына сіңірген бала толыққанды тұлға боп қалыптасады. Сондықтан да құндылық туралы қанша зерттеліп, қанша жұмыс жүргізіліп жатса да көптік етпейді. Бұл тақырып ешқашан маңыздылығын жоймайды. Құндылық тақырыбы бірнеше тақырыпшаларға бөлінеді. Философиялық құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік ХІХ ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Келесі тақырыпша шынайы және алдамшы құндылықтар деп бөлінеді.[1, 72]

Адамның өзінің солай деп таңдауына орай, құндылық қашанда белгілі бір қанағаттанарлық нәрсені білдіреді. Ал материалдық және рухани қажеттіктердің өтелуі тұрғысынан құндылықтардың бәрін қанағаттанарлық категорияға жатқыза алмаймыз.

Ұлттық құндылықтарға - әлеуметтік-тарихи тәжірибе әрбір жаңа ұрпақ өз халқының өткен тәжірибесін қайта ойлап, ұлттық дамудың мақсаттары мен міндеттерін айқындауымен қатар, оның перспективаларын тұжырымдап, нақты уақытта ұлтқа тән саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени бағдарларды, қазіргі заманғы әлемге сәйкес ұлттық сана-сезімді қалыптастыратындығы көрсетіледі.

Тарихқа үнілер болсақ әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда яғни мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи процесті елестету мүмкін емес.

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауларының бірінде: «...Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз...» -деп көрсетеді. [1,2]

Жалпы адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді...

Құндылық туралы бірнеше ғалым өз еңбектерінде пікірлерін білдірген. «Абай» журналының 6.2020 жылғы санында М.Әліпхан «Адамгершілік ілімнің төркіні» мақаласында Аристотель, Конфуций, Әл-Фараби секілді адамзаттың озық ойлы ұлдары жазып қалдырған асыл ойларын «мұртын бұзбай, әрін кетірмей» кейінгі Абай, Шәкәрім сынды ақындар өз шығармаларында қағида, ілім, құндылық деңгейіне жеткізіп, әдеби стильмен жырлай білгендігін айтады. Философиядағы адамгершілік мәселесі, этика қағидалары Абайдың толық адамы көркем түрде бейнеленгендігін айта отырып, Абай жырлаған таным мен білім, ілімнің арғы төркіні тереңде жатқанын саналы түрде сезінгенін, жақсы білген. Абайдың «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» өлеңінде өзіне дейінгі өрелі ойға өзінің де ортақ әрі оған өзінің де ие болып отырған жағдайын былайша көрсетеді.

Кісі айтпаған сөз бар ма,

Тегіс ұғар қай құлақ?

Сөккенің оны ұнар ма,

Үйренген сөзге мен де ортақ [2, 168б.].

Абай өзіне дейінгі ойшылдар сөзін үйреніп, соларды айтып қоймай, ел түзеу, адам жөндеу қамымен өзінің де түйген ойларын әркез дамытып, жетілдіріп келгендігін байқатады:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,

Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын [3,172б.].

Сондай-ақ келесі пікір ойды толықтыра түседі. Абайтану. Дәдебаевтің Тандамалы еңбектерінен.

Не сөз дарымайтын, не ақыл қонбайтын, сөйте тұра өзін адамның асылындай, кісінің жақсысындай көретін тоңмойындыққа, ит мінезге ақын сөз парқын білетін талапты адамның қасиеттерін жіктеп көрсеткен. Жақсы деген жанның көкірегінде білімдіден шыққан сөздің нұрын көріп, сырын тани алатын көз болатынын, жүрегі сезімді, көңілі сергек келетінін бірде бейнелеп, бірде пернелеп айту арқылы ұлы ақын өз шығармасына екінің бірінің бойына дарымайтын бай, құнарлы мазмұн дарытады, адамгершілік мұратының биіктігін көрсетеді. Ақын айналасын түгел танығаннан кейін, ақынның үмітінің отын сөндірмей, өзін алға жетелейтін – адам бойындағы ақыл мен қайрат, рақым мен шапағат секілді асыл қасиеттерді даралап көрсеткендігін айтады.

Абай қарасөздері де құндылыққа тұнып тұр. Абай 45 жасқа келгенде өмірден түйген сабақтарын қағазға түсіріп, былай дейді: «Бұл жасқа жеткенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік, алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық, әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық, қылып жүрген ісіміздің баянсызын, көрдік, бәрі қоршылық екен» .

Ақынның осы алғашқы лебізінде-ақ ғұлама ойшыл адам өміріндегі басты нәрсе рухани құндылық екенін айтып тұрған жоқ па? Өмірдің жалған екендігін, пенделік ұсақ-түйектің алдамшы екендігін түсіндіреді. Сол қорлық әлемнен құтқаратын бір ғана жол – рухани дүниенің тазалығы, санасының биіктігі дегенді меңзей түседі.

Д.Омаров «Абай іліміндегі «адам» мен «толық адам» айырмашылығы мақаласында «Өзінің жан екенін тану дегеніміз – өзінің жан екенін сезініп, рухани қасиет алып, жанша әрекет ету деген сөз, яғни адамның толық өзгеруі. Осылай жан тазарып, ой жүйесі өзгерген сайын адам болмысы жетіліп, рухани күш пайда болады. Адами қасиеттер жетіледі. Бұл қасиеттерді Абай өзінің «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп берген. Бұл жан қасиеттері – толық адам жолына түсу нәтижесі. «Бұл үш қасиеті бар адам толық адам» деген ойларды айтады. ф.ғ.к., доцент Үмбетаев Мүбәрек «Абай өлеңдеріндегі оқу-ғылым тақырыбы» мақаласында Абай шығармашылығындағы ең өзекті тақырыптардың бірі – қазақ жастарына білім беру, оқыту ісі екенін атап өтіп, жастарды оқытудағы мақсат не, балаларына білім бермек болған ата-ананың, үлкендердің көздегені не еді, ал оқуға ұмтылған сол жастардың өздерінің диттеген, алға қойған арман-мұраты жатыр – міне, тура осындай мәселелер ұлы Абайды толғандырғаны, барынша тебірткені даусыз екендігін көрсетеді. Мұны ойшыл ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдерінен де байқауға болады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім...

Баланы оқытуды жек көрмедім [4,72],-

деп айта отырып, балаға жан-жақты білім бере отырып, оқытқанды жек көрмейтіндігін ескертеді. Әсіресе, осы сәтте ақын білім алатын жастардың ішкі ниет-пиғылына ерекше назар аударғандығын көреміз. Ғұлама «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде адамды құртатын бес бәлені көрсетеді. Олар: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашқыштығы. Сондай-ақ адам баласын алға тартатын асыл қасиеттерді де санамалап көрсеткен. Олар: талаптылық, еңбекқорлық, терең ойлылық, қанағатшылдық және рақымшылық. Осы құндылықтарды адам бойына сіңген кезде ғана нағыз тұлға боп жетілетінін айтады.

Жас ұрпақты тәрбиелеуші адам, мұғалімнің өзі де өте өнерлі, білімді, ақылды болу керектігін көрсетеді.

Абай сөзі мен өсиеті, Абай мектебінің қағидалары мен ережелері бүгінгі қазақ баласы үшін ең жасампаз, нағыз игілікті де жемісті тәлім-тәрбие үлгісі. Абай сөзін, Абай мектебінің қағидаларын берік ұстағанда ғана үлкен өнер және білім иесі, адамгершілігі мол, инабатты, ізгілікті жан иесі болып шықпақ.

Сонау бір аумалы-төкпелі заманда, туған халқының тарихи тағдыры тұйыққа тіреліп, талапайға түсіп, көшпенді өркениет пен жаңа заманның өркениеті ібірімен бірі бақталасқа айналып, қазақ халқының ойы онға, санасы санға бөлініп, әуре-сарсаңға түсіп тұрған шақта өмір

сүріп, еңбек еткен ұлы ақын әрі ойшыл, көркемсөздің қас шебері әрі ақылгөй ұстаз Абай бар ел-жұртын жаңа заман өркениетінің ұланғайыр өлкесіне апарсам деп, жалпы адам баласын имандылық жолына жеткізсем деп арман етті. Тек армандап қоймады, соған қоса, өзінің бар замандастарына, өзінен кейінгі келер бар жас туысына арнап, «жүрегі – айна, көңілі – ояу» дейтіндей әрбір саналы көкіректі, салауатты жас жанға арнап ақындық және ұстаздық сөзін барынша айтып өтті. Айтып қана қойған жоқ, кейінгіге үлгі-өнеге боларлықтай қазақтың шалқар даласының қақ ортасынан көлемі шөкімдей ғана шағын, бірақ рухани күш-қуаты, рухани маңызы күн нұрындай жарық, үлгілі де ұлағатты тәрбие мектебін, білім мен өнер мектебін құрды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармалары. I том. Алматы, Өркен баспасы, 1995.
2. Абай. Шығармалары. II том. Алматы, Жазушы баспасы 1995. [2 том 28-бет]
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы, 1993. Ғылым баспасы [1. 70-бет]
4. Абай тағылымы. Жинақ. Алматы, 1995. Рауан баспасы [2. 33-бет]

ӘОЖ 82.433.03

АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕ

НАСИБУЛИН АНСАР

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
11 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

МАМЫТКЕРИМОВА Э.Т.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье подробно рассматриваются выражения Абая в рассказах М.Ауэзова.

Summary. The article examines in detail the expressions of Abai in the stories of M. Auezov.

Қазақ халқының басына тәуелсіздік бақытын сыйлаған, соңғы жиырма шақты жылдың көлемінде рухани дамуымызға бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді. Егемен ел болып дүние жүзіне танымал болдық. Алғашқы асуды алдық. Осы жемісті жетістікке жеткізу үшін Қазақстан халқының, соның ішінде рухани және материалдық игіліктерін арттыру үшін атқарылар іс ауқымды. Сондықтан Республика халқының ақыл-ой мәдениетін, білімін, ұлттық сана-сезімін көтермейінше, ілгері баса алмаймыз. Себебі, бұл бұрынғы жақсы салт-дәстүр, әдеби мұра, көне мәдениет, тарих, халықтық педагогика мен ұлттық тәрбие, тарихи тұлғаларды қалпына келтіру арқылы жүзеге аспақ. Бұрын жоғалтқан асыл қазыналарымызды қайта таптық және өлгеніміз тіріліп өшкеніміз жанды. Қоғамның құрылымдық сипаты ғана емес, тұтастай ойлау жүйесі жаңғырды. Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты еді. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да жете алмай кеткен осынау қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында дау-дамайсыз қол жеткізді. Тәуелсіздік Алланың берген бас бостандығы. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды. Мұның өзі қоғамдағы орнықты саяси ахуал жағдайында халықтың басым көпшілігінің рухани жаңаруы арқасында жүзеге асуы мүмкін.

Мұхтар Әуезов мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Егер Абай мен Шәкәрім қазақ халқының өткен заманындағы зиялылығы мен кемеңгерлігінің асқар шыңы болса, бұл күдіретті бейнені романист қаламымен қайта тірілткен Мұхтар Әуезовтің өзі жаңа замандағы жаңғырған қазақ мәдениетінің тарихында асқар шыңға айналды.

Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, ғалым, аудармашы, сценаршы – бұл ұлы қаламгер дарынының толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен шағын әңгімелері, повестері XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

М.Әуезовтің артында қалдырған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын маңызды рухани игіліктерге қосылады. Себебі, жазушының алғашқы әңгімелерінің өзі кезінде әлемдік деңгейге көтерілген еді. М.Әуезовтің алғаш әңгімелері мен повестерін жазған тұста-ақ оның суреткерлік шеберлігі еуропалық деңгейдегі жазушы деген бағаға ие болғаны бүгінгі жұртшылыққа белгілі. Академик жазушы С.Мұқанов: «1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы еуропалық прозаның дәрежесіне көтерілді», – деп әділ баға берген еді [1, 25-266б.]. «Жазушының жиырма төрт жасында жарық көрген «Қорғансыздың күні» әңгімесі қазақ топырағындағы прозалық шығарма жазудың балаң шағы мен таптаурын тәсілін жаңа сатыға көтеріп, туған әдебиетіміздің абыройын еуропалық деңгейге шығарған айтулы туынды болды» [2, 396.].

Мұхтар Әуезов шығармашылығының нәр алған негізгі қайнар бұлағы – Абай мұрасы. Абай мұрасынан нәр алып сусындаған, ақын дәстүрін бойына сіңіріп өскен М.Әуезов оған рухани жағынан өте жақын болып кеткен. Абай мұрасы Әуезовтің шығармаларында көрініп, өзгеше үйлесімдікпен жалғасып, келісімді тұтастықпен түрленіп отырады. Әуезовтің әр шығармасында Абай поэзиясының, ақын қарасөздері әсерінің іздері сайрап жатады. «Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деп М.Әуезовтің өзі айтқандай, жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мұрасы көрініс беріп, прозалық туындыларында ақынның тіл өрнегі, ой желісі молынан кездесіп, әр шығармасында ұшырасып отырады.

М.Әуезовтің «Барымта» атты алғашқы әңгімесінде де Абайдың сөздері кездеседі. Мысал келтіретін болсақ: «Жарық айлы түн еді». «Қазіргі жарық түннің тыныштығының ортасында Кеңөзек ұйқыға кеткен сұлудай болымсыз дымқыл тұманмен бусанып, тыныс алған сияқты». Енді бір мысал: «Сондықтан енді түн болған сайын жүдеу тартқан кемпір-шал: «Тағы не болар екен, тағы қандай пәлесі сап етеді?» – десіп, күрсініп налығандай». Аталмыш әңгімеде: «Бұл жолғы жау бұрынғылардан гөрі қимылдайтындай түсі суық, екпінді еді». Осы «Барымта» әңгімесінен келтірілген мысалдар Абайдың «Күз», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдеріндегі сөз тіркестерін қайталайды.

«Барымта» әңгімесінде қазақ ауылының шынайы өмірінің бір кезеңі суреттелген. Жазушы ертедегі ел арасында тараған жаулалық-барымталасқан әдетті сынайды. Мысалы: «Соңғы екі жылдан бері екі ел бір-біріне әбден өштесіп ап, қолдарынан келген қастықтарын ашпайтын болып еді». Осы үзінді Абайдың мына өлеңін еске түсіреді:

Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары,
Бір-біріне қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Абай жастардың бірлігінің жоғалып, берекесі кеткенін, бір-біріне қастық қылатынын жүрегі ауыра отырып айтады. Осыған ұқсас ел ішіндегі сабырсыз, арыс, еріншектерді әшкерелеп жазған өлеңінде ақын былай дейді:

Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ қарғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.

М.Әуезовтің психологиялық прозадағы асқан шеберлігін танытатын үздік шығармасы – «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесі. Жазушының алғашқы әңгімелерінің ішіндегі сюжеті өзгешерек тұрғаны да осы әңгімесі. Себебі әңгіме оқиғасы бұрын қазақ жерінде болмаған әрі айтылмаған тың тақырыпқа жазылған. Кейіпкерлерінің тағдыры да күрделі психологиялық шиеленіске құрылған. Мұнда губерниялық қаладағы қазақтың оқыған жастарының өмірі суреттелген. Әңгіменің басты кейіпкері – гимназияда оқып жүріп, оны бітірмей кеткен қазақ қызы Ғайша. Алғашында ол халықтың құрметіне бөленіп, ықыласына ілігіп жүреді. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады, бірақ мұнысы ұзаққа бармайды. Көркі мен ақылына, «оқығанына» мастанған жас қыз өз жұлдызына сеніп, оқуын тастайды, қызметтен де қол үзеді, бірыңғай ойын-сауыққа, сән-салтанатқа салынады. Мұнысы бара-бара әдетке айналып, сауықшыл жеңіл мінезін тоқтата алмайды. Уақыт озған сайын Ғайша көріктен де, беделден де айрылып, құлдырай береді. Енді Ғайша үшін күйеуге шығу, тұрмыс құру деген үлкен қасіретке айналады. «Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды. Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Ғайшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы, бар қайғысы сол еді» [3, 251б.]. Бұл әңгімеде Семей қаласындағы болған оқиға шындығы көрініс тауып, автордың өзі араласып, куәсі болған

оқиғалар желісі суреттелген. Мұхтар өзінің жастық шақта басынан кешірген сезім бұлқыныстарын көркем тілмен кестелейді. Жазушы мұндай тебіреністі шақтардың сезім шарпуын өз жүрегі арқылы сыннан өткізеді.

«...Әңгімесінің бұрынғы атын («Қазақ қызы») өзгертіп алуы жазушының өз кейіпкеріне деген қатынасы мен авторлық позициясындағы жаңа нышанды байқатады. Өйткені, Ғайша сол кездегі қазақ қыздары үшін типтік, жинақтық бейне бола алмақ емес. Ал «Кінәшіл бойжеткен» деген атауда нәзік астармен берілген юмор, тіпті ажуа да бар» [3, 443б.]. Ғайшаның ендігі танысқан жігіті губерниялық қалаға шет жерден жаңадан келген Ғаббас еді. Ғайша мен Ғаббастың танысқанына көп уақыт болған жоқ, бұл күні екеуі губерниялық қаланың бақшасында кездесті. Ғаббастың Ғайшаға білдірген сезімін жазушы былай деп береді: «Ол ішкі сырын сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім... деген сияқты ыстық сезім тілімен бітірді. Сол сөздер Ғайшаны өзгертер, толқындар деген сеніммен айтылған, Ғайша бірталай нәзік сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеді» [3, 242б.]. Бұл үзіндіні оқып отырған адам Ғаббастың өтірік сөзінің астары мен сайқымазақ қылығының шетін аңғарады. Ғайша болса бұндай сөзді бірінші рет естіп отырған жоқ, құлағына әбден үйреншікті болған сөз. Жазушы кейіпкерлерінің қылығын әзіл юмор арқылы сынаиды.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне Абайдың арзан ойын мен күлкіні, сауықшыл жеңіл мінезді сынаған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңі арналып тұрғандай. Осы жерде Абайдың «Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе» деген сөзі еске түседі. Абай адамға жағымсыз жат қылықтарды әшкерелеп, жігіттер мен бозбалаларды жақсы қасиеттерге шақырады. Мәселен:

Көп жүрмес, жеңісқойлық тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсік құмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Жастардың сүйіспеншілік сезімінде айнымас беріктік, тұрақтылық, адалдық болуына айрықша мән бере отырып, ақын жігіттердің құбылма, айнығыш, жеңілтек мінезін қатты сынап шенейді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Ақын өлеңінде жігітке жар таңдауда қыздың мінезіне, ақылына, адамгершілік қасиетіне көз жеткізу керек екенін ұғындырады. Қыздың көркіне қарап, лапылдап, көрсеқырарланып нәпсіге ермеуді талап етеді. Бұл жай «Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі Ғаббас пен Ғайшаның лапылдап құмарлықпен кездесіп, ақыры суынып сала берген сезімдеріне сәйкес келеді. «Ғаббастың бүгінгі сезіміне Ғайшаның соңғы сөзі тәттіге ащыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Ғайша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сүю мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жоқ» [3, 243б.]. Жазушы қыз бен жігіт арасындағы сезімді психологиялық шеберлікпен суреттеп, оқырманға шынайы жеткізеді.

Ғайша жүрегінің қайғысы мен өмірінің өкінішті арманын баяндап Ғаббасқа хат жазады. Қыз өмірінің жүдеулігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтып, енді шынайы махаббатын тапқаны туралы машық болып кеткен дағдылы өтірігін жазады. Хатының соңынан Ғаббасқа деген махаббатын білдіріп, Татьянаның Онегинге айтқан сөзін береді.

«...Шыныңды айт – кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?
Шеш көңілімнің жұмбағын:
Әлде бір алданыш,
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс?...»

«Ғаббас хатты бір жолдасына тастап, сақылдап күліп еді», –деп әңгіме жалғасады [3, 125б.]. Жазушы әңгіме оқиғасы барысына Абайдың аудармасы «Татьянаның Онегинге жазған хатынан» үзіндіні алған. Бұл аудармадан үзінді беруінің себебі, Татьянаның хатын сол кезде қазақ жастарының барлығы сүйіп айтатын болған. Ғайшаның хат жазуының өзі шынайы көңілден емес, жасанды мінезден туғанын автор білдіреді. Оқырман осы сәтте Ғайшаға жаны ашып, Ғаббастың мазағына қалғанына ыза болып кетеді. Ғаббастың қыздан алған хатына осынша сақылдап күлуі өрескел мәдениетсіздік пен білімсіздікті көрсетеді. Автор Ғайшаның ішкі сезім пернелерін дәл тауып, оның өкініш, арман, қиял,

күйік, қайғы, мұң сияқты көңіл күйін білдіретін психологиялық жағдайын дәл бедерлеп, оқырманның ішкі әлеміне әсер етеді. Ғайшаның арпалысқан сезімі, торыққан көңілі, күйінген ішкі сыры, әлсіздік күйі мен толғатқан ойлары терең психологиялық дәлдікпен берілген.

Жазушы Ғайшаның қазақ қызына лайық емес жеңіл жүрісін сынап отырып, оның бақытсыз тағдырына жаны ауырады. Автор оқырманды Ғайшамен бірге сырластырып, онымен бірге ойға батырады. Ғайшаның іс-әрекетін оқып отырған оқырман ашуға кенеліп, қазақ қызының қылығына ашы сын айтып та отырады. М.Әуезов осы әңгімесі арқылы халқымыздың әдет-ғұрпына жат қазақ қызының қылығын әшкерелеп, қыз тағдыры, қыз тәрбиесі мәселесін көтереді. Сол кездегі «қазақ оқығандарының», қазақ жігіттерінің беті жылтыр мінездерін де айтып сынаиды. Қала халқының гулеп тұрған өсек-аяның да ашына түйрейді.

М.Әуезов зерттеулерінің негізгі қорытындылары есебінде мыналарды атауға болады.

Бірінші, Абайдың толық ғылыми өмірбаянын жасауы. Абай туралы зерттеулерді ол 20 жылдардан бастап, елуінші жылдардың аяғына таман аяқтады. Бірнеше нұсқасын (архивінде төрт нұсқасы сақталған) жасап, оны жариялай (1933, 1940, 1957) жүріп толықтырды. Соңғы редакциясы 1957 жылғы ақын шығармаларының жазушының өзі басқарған басылымында берілді.

Екінші, Абайдың өлеңдері мен поэмаларын, қарасөзін кең талдаған зерттеу жасады. Бұған ол ұзақ жылдар бойы Алматының жоғары оқу орындарында оқыған «Абайтану» курсының лекцияларын негіз етіп алды. Бұл дегеніміз, Абай шығармаларын хронологиялық принциппен алып, олардың жазылу жағдайларын, идеялық-көркемдік мазмұнын, ақын шеберлігін талдайды.

Үшінші, ұзақ жылдар Абай өлеңдерін жинап, баспаға дайындай жүріп, Мұхтар ақын шығармаларының текстологиясына байланысты үлкен жұмыс жүргізді. 1933 жылғы басылымнан бастап, оларды хронологиялық жүйеге түсірді, әр өлеңнің жазылу мерзімін анықтады, ақынның жаңа табылған өлеңдерін сұрыптап, талғап қарады. Соның нәтижесінде Абай шығармаларының конондық тексі қалыптасты.

Сонымен қорыта келгенде, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен Абайдың сөз өрнектерін табуға болады. Демек, екі ғұламаның сөздік үйірінің ұқсас жақтарына көзіміз жетеді. М.Әуезовтің прозалық туындыларында Абайдың ақындық сөз кестелері кездеседі. Абай поэзиясындағы ақындық тіл М.Әуезов прозасында түрленіп, жаңарып қолданысқа түсіп, табиғи үйлесімдік табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Жазушы жолы / Мұхтар Әуезов тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432б.
2. Серғалиев М. «Қорғансыздың күні» - композициясы мен тілі. // Абай. – 1997. – №2-3. –39-41бб.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жин. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1979. – 1 т. – 456 б.

ӘОЖ 831.412.222

ТІЛДЕГІ КОГНИТИВТІК МОДЕЛЬ РЕТІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ ТҮРЛЕР

АЛТЫБЕКОВА М.Ж.

№ 41 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Во введении определены актуальность темы, цели изадачи, научная новизна, методы исследования, теоретическое и практическое значение работы, а также представлен обзор исследования символа и его лексического значение в тюркологии и казахском языкознании. В работе использованы описательные, сопоставительные методы, методы анализа синтеза, различные приемы и элементы логико-лингвистического, лингвокультурного материала.

Практическая значимость исследования состоит в том, что результаты, материалы теоретические положения работы могут быть использованы при написании учебных пособия и спецкурсов по социальной лингвистике.

Summary. The introduction defines the relevance of the topic, goals and objectives, scientific novelty, research methods, theoretical and practical significance of the work, and also provides an

overview of the study of the symbol and its lexical meaning in Turkology and Kazakh linguistics. The work uses descriptive, comparative methods, methods of synthesis analysis, various techniques and elements of logical-linguistic, linguoculturological material.

The practical significance of the research lies in the fact that the results, materials and theoretical provisions of the work can be used when writing textbooks and special courses in social linguistics.

Бар халық осы әлемді қабылдайды, бірақ оны әр түрлі елестетеді. Бұл орайда ол тілде керініс табады. Демек, тіл - таным бәйтерегі. Сондықтан тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемді тануының өзегі болып табылады.

Э.Сепир мен Б.Уорф болжамы бойынша түрлі тіл өкілдері әлемді өз көзқарасы негізінде танып, өзінше пайымдайды. Басқаша айтқанда, тіл біздің ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруге көмектеседі. Кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік - мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады.

Әр табиғи тіл ғаламды өзінше бөлшектейтіні белгілі, ол дегеніміз - тілдің өзінің ерекше концептуализациялық (әлемді ұйымдастыру) әдістері бар. Басқаша айтқанда, әр концептуальды тілдің негізінде ерекше бір модель жатыр немесе ғалам бейнесі бар. Сондықтан сөйлеуші осы модельге байланысты өз ойын жинақтап, баяндауы қажет.

Соңғы кездегі ғаламның тілдік бейнесін зерттеу бағытында ізденістерде ұлттық сипатқа ие жеке концептілер қаралады. Концепт ұғымы - когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы және өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және символ болып табылады. Осы мәселеге қатысты К.Г. Юнгтің пікірін фразеолог ғалым Р. Авакова былайша нақтылайды: «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ - сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты».

Жұмысымызда осыған байланысты қазақ тіліндегі соматикалық атаулардың символдық мәні көрсетілген. Мысалы: **бауыр** сөзіне қатысты: **бауыр басты, бауырына тартты, бауыр еті, бауыр тұтты, бауыры балқыды, бауырына кірді, құйрық-бауыр** жесті т.б. Адамның шындық болмысты тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, қабылдауы тілде бейнеленеді. Сондықтан тілді когнитивтік, танымдық модель ретінде танимыз. Адамның қоршаған дүниені, ғаламды қабылдауы сандық және сапалық тұрғыда көрініс табатынын ескере отырып, символдардың төмендегі түрлерін көрсетуге болады. Олар: түр - түс символикасы, сандар символикасы, космоссимволика, табиғат символикасы, өсімдіктер символикасы, жан-жануарлар символикасы.

1) Түр-түс символикасы. Түр-түс әлемі - өзіндік ерекшелікке, өзіндік символдық мәнге ие ұлт мәдениетін танытатын бір тұғыр. Ол өз тамырын тереңге жайып, ата-бабаларымыздың мифтік түсінігімен де астасып жатады. Сондықтан да осы тараушада қазақ тіліндегі ақ, кара, көк, қызыл, ала, сары, қоңыр, боз түстерінің «киелі», «қасиетті» мағыналары тілдік деректер негізінде анықталады.

2) Космоссимволика. Сөз-символдардың бір шоғыры, халықтың ғасырлар бойындағы жинаған тәжірибесінің, көңілге түйген пайымының, алған әсері мен терең танымының айнасы іспетті космоссимволдар - Күн, Ай және жұлдыздар. Көшпелілер үшін Ай мен Күн, жұлдыз Құдай деңгейінде құдіретті, қасиетті құбылыс деп танылды. Барлық еддерде де бұл шырағдан тек жерге жарық сәуле, жылу беретін ғана емес, жақсылық әкелетін ерен құдіретті күш саналған [Ә.Марғұлан, Т.Жанұзақов]. Жұмысымызда күннің -ізгілік символы, айдың - сұлулық символы, жұлдыздың - қуаныш пен мереке символы болғаны нақты тілдік талдаулармен дәйектелген. Мәселен, Күн, Ай, Шолпан, Темірқазық, жұлдыз т.б. және күн батты, күн тұғылды т.б. тіркестер.

3) Сандар символикасы. Санауда қолданылатын сандар біз ойлағандай емес, одан да кең ұғымды береді. Ал әр ұғым психикалық байланысты, ассоциацияны білдіреді. Әр түрлі халықтың сүйікті, символдық мақсатта танылатын сандары бар және мұның өзінде олардың (сандардың) белгілі бір этнос мәдениетіндегі орны байқалады. Мысалы: бір саны - бұл белгілі бір бүтіндік, бірлік және өркениеттік, абсолюттік тыныштық, бұл тек Алла мен Ғарышқа тән. Бұл сөзімізге

тіліміздегі *бір құдайға сыйынды, бір түндік 120 астында түтінін түтетті, бір тоға, сегіз қырлы, бір сырлы, бір сөзді, бір қалыпты, бір кіндіктен тараған, бір бет, бір бейілді, бір жагадан бас, бір жеңнен қол шығарды, он сегіз мың галамды бір тарының қауызына сыйғызу* т.б. тіркестері дәлел. Екі саны - жұп сан болғандықтан, тұрақтылық, жұптылық символы. Және де бинарлық жүйенің негізі болып, не нәрсені қарама-қарсылықта таниды: оң-теріс, әйел-еркек жоғары-төмен, өмір-өлім, жақсылық-жамандық, алға-артқа т.б. Бұл сынды түзілім барлық мәдениетте әмбебап сипатта танылады. Осылардың ішінде мысалы үшін, оң-теріс ұғымы қазақ танымында ерекше орын алған. Бинарлық жүйедегі «оң» жақсылық мәнін береді. Сондықтан да оң бата, оңға басты, оң жақ, оң жол, оң қабақ, оң қарады, оң көзімен қарады т.б.тәрізді тұрақты сөз орамдары сәттілік, жақсылық, жолы болу ұғымдарымен астарласып жатады. Сол сияқты жеті, қырық санына байланысты ғалымдарымыз І.Кеңесбаев, Н.Уәлиұлы, А.Сейдімбек т.б. шығармаларында қазақ танымындағы символдық мағыналар белгілі.

Мысалы: жеті ғалам, жеті тіл, жетісін беру, жеті қабат жер, жеті қазына, жеті жарғы т.б. Сол сияқты тоғыз сөзінің де қасиеті қазақ танымында ерекше екендігі анықталған ғалымдарымыздың І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов т.б еңбектерінде айтылып отырады.

4) Табиғат символикасы. Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені орнықтырған. "Табиғат көрінісіне, жағдайына икемделу-адамның негізгі бір қасиеті. Жүздеген, ия мыңдаған жылдар бойы жалғасатын бұл икемделу тек материалдық өндіріспен ғана байланысты емес, ол адамдардың ой-өрісіне де әсер етеді. Этнос пен табиғатты біртұтас ұғым деп қарау әсіресе көшпенділер мәдениетін, психологиясын түсіну үшін ерекше маңызды. Себебі, олар көбінесе осы екі ұғымның (этнос пен табиғат) нәтижелік көрінісі" [22, 32 б.]. Мысалы, белгілі ғалым Р.Сыздық: «Дала сөзі қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», - деп көрсетеді [9, 190 б.]. Табиғатты ғылым тілімен биосфера деп атасақ, ол флора мен фаунаға бөлінетіні белгілі. Өз кезегінде олар ерекше символдық мәнге ие болып, ұлт танымында өзіндік орынды иеленіп, белгілі жүйе қалыптастырған.

5) Жан-жануарлар символикасы. Қазақ фаунасының негізі - терт түлік. Бұған халықтың ертеден бері келе жетқан ата кәсібі-мал шаруашылығы әсер етсе керек. Осыған байланысты халық танымында оларға қатысты символдық мән қалыптасқан. Мысалы, қазаққа ең даласын танытқан, оның шегі мен шексіздігін сездірген киелі жануар жылқы - күннің, қозғалыстың, тұрақтылықтың символы, айырықша күш-қуаттың, күн нұрынан дарыған ғажайып қасиеттің иесі.

Ал қой - қазақ үшін бейбітшілік, тыныштық, үндестік символы мысалы, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалау». Осы түлікке байланысты **семіздікті қой ғана көтереді, қойдай жуас, қой аузынан шөп алмас, қойдай қоңыр** т.б. тілдік оралымдар қойдың жуас та биязы мінез-құлқын танудан, сол мінездің қазақ үшін қасиеттілігінен қалыптасса керек.

Ата-бабаларымыздың танымында **көк бөрі** – көк тәңірінің нұры, жеңімпаздықтың символы, ерліктің тұлғасы. Ерекше символдық мәнге ие келесі жануар - марал. Қазақ ұғымында жолбарыс асқан қайраттылық, алып күштің бейнесін (символын) білдіреді.

6) Өсімдіктер символикасы. Өсімдік - тіршіліктің символы, өйткені ол күн сәулесімен, сумен көріктенеді, өнеді, өседі. Бұл түсінік қазақ санасына да ерте сіңген. Осы түсініктің бастауы - қазақ халқының көне дәуірлерден бері санаға сіңген сенімі, халық табынып, соған орай түрліше ырымдарды тудырған ағаш төтемі. Жалғыз ағашқа табыну, оған ақтық байлау, ағашты кеспеу сияқты ырымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Қазақ танымында қайың орыс халқындағыдай орын алмаған. Ол көбінесе жеке ақын, жазушының идиостилинен көрініс табады. Мысалы, Ж.Нәжімеденов поэзиясында ақ қайың - пәктіктің, тазалықтың, жалғыздықтың символы ретінде колданылады. Ал М.Мақатаев үшін қайың - мәңгілік өмірдің, пәк ғұмырдың символы.

Қазақ халқының танымында да гүл - өмірдің, жастықтың, *сұлулықтың символы*. Гүлдің бәрі қызыл түсті болмаса да, қызыл гүл деп, өмірге, жастыққа, сұлулыққа деген құштарлықты, сүйіспеншілікті баса көрсетеді, соны қалайды. Осыған байланысты қызғалдақтай құлпырған жастық өмір, жауқазындай жайқалу, гүлдей жайнау т.б. дейді. Мысалы, М.Мақатаевтың өлеңінде бозқараған, раушан гулі - махаббаттың, сүйіспеншілік сезімнің символы. Бұлар М. Мақатаевтың поэтикалық тілінде таза махаббат ұғымымен ассоциацияланады. Демек, гүл - адам өміріндегі ең нәзік сезімнің белгісі, соның айғағы.

7) Құстар символикасы. Түркілердің түсінігінше, құс - аспанның белгісі. Мысалы, халық сүйіп ардақтаған, «құс падишасы» атанған киелі құс - аққу. Аққу кез келген көлге мекендемей, аса талғампаз, тәкаппар болып келетіндіктен, қазақ үшін тазалық пен сұлулықтың символы ретінде

танылады. Сол сияқты көгершін, үкі, ақ сұңқар, қызғыш құс, қаз т.б. құстар туралы да халықтың ұғымында дәстүрлі түсініктердің яғни қаз - қаз-қаз басу, қаз дауысты, қаз мойын, қаз қанат т.б. символдық мәні сипатталады және ол тілімізде үнемі қолданылып отырады.

8) **Ою-өрнек символикасы.** Ою-өрнек, кез-келген әшекей халқымыздың айналадағы қоршаған ортаны тануынан, бейнелеуінен туған шағын үлгі іспеттес. Ол бір жағы сиқырлы күшке ие, екінші жағынан бақыт пен сәттіліктің рәмізді белгісі. Өз бойына ерекше символдық мән жасырған ою-өрнектерден адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан көне заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, бөлінбес бірлігін көруге болады. Мәселен, киізден жасалған бұйымдардағы қошқар мүйіз өрнегі байлықты, молшылықты білдірген.

Сол сияқты күннің символы - дөңгелек, дүниенің төрт бұрышының символы – төрт құлақ, күн сәулесі, жұлдыздар бейнесі, ай символы шұғыла оюы арқылы беріледі.

Қазақ оюларының ішіндегі күрделі өрнектердің бірі - тұйық. Бұл ою сәулет өнерінде, бау-басқұрларда түрліше пайдаланылады. Тұйық оюының сырттай кескіні тасбақаға ұқсас болғандықтан, ол халық арасында тасбақа ою деп тараған. Тасбақа ою немесе тұйық ою - мәңгіліктің символы.

Тасбақа ұзақ жасайды: көне заманнан көшпенділер кие тұтқан. Бейіт басындағы сынтастар көбінесе тасбақа бейнесіндегі тасқа қашап орнатылатын болған.

Қазақтардың тоқу өнерінде кездесетін сулама өрнегі де мәңгіліктің символы. Сулама - кең өсіліп жатқан жазықтық деген мағына білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
2. Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998, 304 б.
3. Сыздықова Р.Ф. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994.
4. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998.
5. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997.
6. Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ, тілі тарихи лексикологиясының мәселелері, Алматы, 1988. 36б.

ӨОЖ 82.085.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ БЕЙНЕСІ

КОЖАТАЕВА К.К.

№32 орта мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается, что С. Торайгыров-искусный поэт, искусно описавший образ времени словами.

Summary. The article considers that S. Toraihyrov is a skilled poet who skillfully described the image of time in words.

С.Торайғыров лирикасы сан алуан: мазмұнға бай, тақырыбы әр қилы, заманауи мәселелерді көтерген. Өрттей лаулаған ақын ұшқындап, лапылдап жанған қысқа ғұмырында талай-талай кезеңді бел-белестерден өтті: басын тауға да тасқа да соқты, жанталасып, тыным таппай болмыс шындығын іздеп шарқ ұрды, қоғамға адал қызмет ету жолында кейде сара жолдан адасты да, бірақ ұзаққа алыстап кетпей қайта үйірін тапты, жаңа қоғамға үйренісе алмай жатқан елінің биігіне, «өрмелеп шығып күн болуды» алдына мақсат етіп қойды. Осындай асақ мақсат үстінде жас ақынның салмақты ой топшылауға, сөзін шұрайлап, сын көзбен қарап отыруға мүмкіндігі ылғи бола берген жоқ. Дегенмен, ақындық шабыт қысқанда туған өлеңдерінің ішінен «іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» табу да онша қиындық тудырмайды.

Ақынның бірсыпыра шәкірттік шақтағы өлеңдері (1907-1911ж.ж.) сақталған. Өлең ретінде көркемдік ізденістерінде кемшіліктер бола тұрса да, жас ақынның қоғамдық құбылыстардың мағынасын ашып, сырын түсінуге ұмтылған, өлең тілімен образдап сурет жасауға деген

ынтасымен, алғашқы талабымен ерекшеленеді. Өзі өмір сүрген қоғамдағы әділетсіздік туралы, адам тағдырына немқұрайлы қарайтын мінез жайлы, дін мен діни оқудың схоластикалық сипаты жайлы айтады. Аумалы-төкпелі қоғамға өз ұғымындағы әділеттілік, адамдық, ар-ождан миан туралы түсініктерін қарсы қоюға тырысады. Суреткерлікке ұмтылыс ақынның кеңес кезеңіндегі саясаттың ықпалымен бай қызы мен бай ұлының образды бейнесін, байлық пен кедейліктің сөзбен суреттелген бейнесін танытуға арнаған өлеңдерінен байқалады. Дегенмен де, олар белгілі бір ұғымдағы саяси көзқарасты көрсеткенмен, ақынның таза позициясын анықтай алмайтын еді. Ақындық айқын таным мен байсалды көзқарас автордың 1912 жылдардан басталатын шығармашылығында көріне бастады. Соған қарамастан жас ақынның шабытынан шыққан шығармалар оның ескі ұғым жетегінде қалмай, сонымен бірге, діни білімнің шеңберіне сия қоймайтындығының белгісі сияқты.

1912-1913 жылдары ақын Троицк қаласына медреседе оқып, содан кейін «Айқап» журналының редакциясында қызмет істеді. Осы уақыттан басталатын шығармаларында ақынның ағартушылық көзқарасы көрініс табады. Ол өзіне дейінгі осы бағытта жұмыс жасаған Абай мен Ыбырайдың осы бағыттағы ойларын дамыта отырып, нағыз өнер мен терең білім жолына үгіттейді, оқудың қажеттігін әңгімелеп, мәдениеті дамыған елдердің тіршілігін үлгі етеді. Жаңа заманға сай жастардың бейімделетініне үміт артып, оларға ел болып қалыптасудағы жаңалықтарды, қоғам алдындағы заманға сай міндеттерін түсіндіреді. Ақынның «Оқып жүрген жастарға», «Орнымыз медресе оқып жатқан», «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?», «Анау-мынау» атты өлеңдері, негізінен, осы тақырыпта арналған. Бұл өлеңдерінде ақын жастар тек біржақты қалыптаспай, жан-жақты оқып білім алып, елге қызмет ету, қоғамға сай азамат болу идеясын, осы бағытта бірігіп, мәдени, рухани күшімізді қосу қажеттігін ұсынады. Сонымен бірге, автор ел ішіндегі қалыптасқан өнерге, оқуға деген ескі көзқарасты, елдің надандығын сынап, қоғамға қажет азамат болып қалыптасуды қозғайды. Ақынның осы еңбектерінен бірқатар жаңа ізденістерін байқағанымызбен, бұл өлеңдер, негізінен, үгіттік өлеңдердің дәредесінен асып кете қойған жоқты.

Оқуда үзілістің болуы, «Айқап» журналынан қызметтен кету, Баянауылға барып «Шоң серіктігін» ұйымдастырып, бұл тірлігінің де іске аспауы ақын көңіліне өзгеше бір әсер етеді. Өмірден қажаяу көріп, алға қойған мақсаты жүзеге аса қоймаған қайсар таланттың поэзиясында бунтарлық мінез көріне бастайды. Мұны да қоғамдағы келеңсіздік, кеңестік саясаттың астары қалың саясаты дарытқан еді. Туған халқының тағдыры үшін алып-ұшқан ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері – бойынан, өзі айтқандай, саяси қараңғылықтан ызалана алға ұмтылған, заманауи ізденуге құмар, білім мен өнерге құштар жаңа ұрпақтың өкілін көреміз. Халықтың өмір бойы орыстану саясатынан көрген азап пен надандық, қазақи салт-сананы улап қыңыр мінездерін шығаруға бағытталған миссияның ашындырғаны сонша, оның «Шындықтың ауылын іздеуге» бел буады. Осы түсініксіз жолда ақын алдымен орыстың тілін, ғылымын үйреніп, халқымыздың жаппай мәдени, рухани қарулануын мақсат тұтады.

Оллаһи, ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін хәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллаһи тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мээ болмаймын ішер асқа! [1,100 б.]

С.Торайғыровтың ақындық азаматтық жаңа бағдарламасы іспетті ұсынған осы өлең жолдарынан лапылдаған ақындық мінездің қайсарлық пен табандылыққа ұласқанын көреміз. Автор нені айтса да қарабайыр жаза салмайды, таусылып, жеріне жеткізе оқырманын иландыра жазады. Мұнда да, ақын, орыс тіліне қажеттілік туындады ма мен оны сөз жоқ үйренемін дейді, қазақтың тарихы мен жер ерекшелігін онсызда біліп өсетін қазақ баласына орыстың историясы мен географиясын білу не тәйірі, мұны да отызға дейін үйгенемін деп алдына мақсат қояды. «Иншалла, бәрін түгел ұғам басқа» деуінің өзі ақын бойындағы қазақи тәрбие мен ұлтқа тән болмысты көрсетеді. Осы өлеңдегі ойы арқылы ақын өз замандастарына тіл білуді, заман талабына сай мақсат қоя білуді ұсынады. «...мээ болмаймын ішер асқа» деуінің өзі замандастарын білімге шақыруы, құр жатпай заман талабына сай білім алындар дегені. Ақынның осы өлең жолдарындағы белгілі бір шындық: ол қандай жағдайда да орыс тілін меңгеріп, бабасынан білген

білімін кеңейтіп, өзге ұлттардың ғылымымен байланыстыра нәр алуды өзіне бірден-бір мақсат еткендігін анық аңғарамыз.

Ақынның ешбір кедергіге мойын ұсынбай, ілім-білім жинап, туған халқына қызмет ету, жұлдыз болып жарқырап емес, толған айдай болып, еліне қажет болу, сөйтіп, Ресейдің саясатынан адасқан қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болу, Мұздаған елдің жүрегін жылыту, еңбек, бейнет жасап, рахаттану – Сұлтанмахмұт мұрат тұтқан асқақ идеялар. С. Торайғыров ғана айта алған, армандаған тың жол, заманауи мақсат!

Осыдан бастап ақынның ағартушылығы бірсыпыра тереңдейді. Жастау кезіндегі үгіттік өлеңдердің орнына басқаша бір сарында лирикалық кейіпкердің жан сырын, рухани әлемін суреттейтін жырлар туды. Ақын характерді алға ұстайды, өмір шындығын ашуда соның ұғымы мен ісін суреттеп жазады. Өмірдің күрделі болатыны сияқты адамзат тіршілігі де күрделі, қайшылыққа толы. Ойлаған іс оңай орындала бермейді, арман алыстап жеткізбейді. Әр бір сезім адамындай ақын да бұған қайғырады, қуанады, күйінеді, сүйінеді, күйзеледі. Ақын да, Сұлтанмахмұттың лирикалық кейіпкері де ол жағдайды бастан аз кешпеген. Өзі кешкен қиыншылықтар мен сәтсіздіктер автордың жырларына мол із қалдырған. Дегенмен де ақын поэзиясынан лирикалық кейіпкердің тағдырға мойын ұсынбағандығын, лапылдап от болып қасарыса алға ұмтылғандығын, ауыртпашылыққа қарсы тұрар өжет мінезін көреміз.

Ақын өз «менін» тағдырға қарсы қояды. Оның философиясы бойынша адамзат өзін - өзі билеуі, өз еркін өзі бағындыруы, яғни, «Еркіме жүрер менің қай дүние, көнбесе өз еркіме өзім денем» деген ой. Сондықтан да ол:

Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен
«Тағдыр қылды» деулерді,
Шығарамын сөзімнен.
«Өзім қылдым» деулерді,

Таса қылман көзімнен [1,45 б.], – деген ой қорытады. Адамды еңбек етуге шақырады. Замандастарының рухын көтеріп, ойшылдыққа, батыл болуға, тағдырға бағына бермей әрекет етуге, қоғамға сай азамат болып қалыптасуға, заман жаңалығынан қалмауға үндейді.

Осы бір кездерде ақын шығармашылығында заман талабына сай келмейтін мінез-құлықты, қоғамы көріністі сынау айрықша өткір түрге көшеді. Автор қазақ қоғамындағы ұнамсыз жағдайларға, келеңсіз көріністерге, жағымсыз мінездерге кектене, ызалана шенеп, мінейді. Жаңа заманның талабына сай келмейтін тозығы жеткен салт-сананы аясуыз әшкерелеп, олардың қоғамға қажетсіздігін ашады, заманның талабына қарай бейімделу, жаңару қажет екенін дәлелдейді. Осының бәрін ақын өз дәуіріндегі қазақ қоғамынан іздейді, жаңа қоғамға сай дамуының күрделі мәселелері жайлы сөз етіп, өзінше түйін жасайды. Заманына, сол заман адамына, өзі өмір сүріп отырған қазақ қауымының сол қоғамындағы өкілдеріне деген ащы сын «Бұлар кім?», «Жарлау», «Сымбатты сұлуға» атты өлеңдерде көрініс тапқан. «Жарлауда» ақын қазақ қоғамындағы бас көтерер азаматтарға, ақылдың кенішіне айналған ақсақалдарына, жастық жалыныны баса алмай жүрген ұл-қыздарына, жар сала отырып, заманның талабы – өнер-білім екенін, мұны үйренуде енжарлықтың ескі шапанын тастау қажеттігін, партия, дау-жанжалға мойын бұрмай, білімге ұмтылудың тура жол болып тұғанын айтады. Қазақ қыздарының тағдырына алаңдаушылық білдіріп, малқұмар, қызқұмар қоғамдағы жаңалықпен ісі жоқ шалдарды айыптайды. «Бұлар кім?» атты өлеңінде «үсті-басын мұнар жапқан» тұманнан шыға алмай, қарны тойса соған қанағат қылатын, сол үшін де малға арын сатқан, «өзі жатып құдайды жұмсайтын» жалқаулықтан арылмаған, қит етсе жау көретін кертартпа, тоңмойындық мінездерді аяусыз әшкерелейді. Қазақ халқының бұрынғы ер түріктің ұрпағы екендігін айтып жігер бергісі келгендей болғанмен, қазіргі жағдайда, азып-тозып, қоғамға бейімделгісі келмей, күлкі болған жұрағаты деп сын айтады. Ал, «Сымбатты сұлуға» атты өлеңінде қазақ қыздарының бойындағы кемшін тұстарын «бір сұлудың» бойына жинап, қазақи қыз тәрбиесіне кір келтірген әдепсіз, көргенсіз қыздардың мінез-құлқын сатираға қосып, мін айтады. Ондағы мақсаты – қазақ қыздарының қазақи табиғатын бұзбай, сұлулықтың сынын бұзбай, заман талабына сай қалыптасуын қалау болатын.

Байлық деген өлеңінде:

Байлық-ай, сенің ызан өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік, жаным, саған?
Мені көрсең жирендін, теріс қарап,

Өкеңнің менде құны бардан жаман [1,286.], – деп сол қоғамдағы көпшіліктің басында кездесетін кедейлікті байлықпен тілдеу арқылы сынға алады.

Әлемдік сатира дәстүріне көз жүгіртсек белгілі бір жағдайда ортақ белгілері бар ұлтқа тән сөз өнерінде де сатира әр түрлі жанрлық, түрлік сипаттарымен, қоғамдық шындықты көркем шығарманың өн бойында көрсетуде сынау мақсатында кездесетін әдіс-тәсілдермен қалыптасып дамыды. Сондықтан да, ұлттық сын-сықақ өнерінің әлем әдебиетіндегі сатира арнасымен ортақ белгілері мен заңдылықтары болумен қатар, өзіне тән даралық-ерекшеліктері, ең бастысы, сол халықтың наным-сенімімен, салтымен, дәстүрлі шаруашылық жағдайымен, географиялық ортасымен, нақты айтқанда, ұлтқа тән танымы мен табиғи мінезімен, халық психологиясымен тығыз байланысты.

Әдебиет өмірдегі шындықты көркем сөздің құдіретімен сендіре бейнелеуге негізделсе, біз сөзге тиек етіп отырған сатира да, өз алдына, өнер ретінде өзіне қажет шындық негізін өмірден, қоғамдық жағдайдан алады. Сол себепті де, әр кезеңде, қоғамдық қатынаста өрескел көрінетін мәселелер немесе ерсі мінездер мен жағымсыз қылықтар сатирада өз көрінісін, сыни бейнесін тауып жатады. Дегенмен, байқалатын бір ерекшелік – адами құндылықтар қай уақытта да өз маңызын жоймайды. Қоғамдық жағдайдың көрінісімен әдіптелгенімен, адами құндылықтарға кереғар келетін, тәрбиеге зиянын тигізетін барлық жағымсыз жайлар қай заманда да болмасын сатираның негізгі объектісі боып табылады. Айталық: бұл қай қоғамда болмасын ақылсыз еліктеу, ойсыздық, жалқаулық, қорқақтық, масылдық, мақтангершілік, берекесіздік, сарандық, өтіріктің шырмауынан шыға алмау осының бәрі – сатираның тұрақты нысанасы. Осы тұрғыдан келгенде сатира – С. Торайғыров шығармашылығындағы өмірді, қоғам құбылысын танудың, жақсылық пен жамандықты бағалаудың дәстүрлі көрінісі. М.Әуезовтің: «Сатира әсте өмір шындығынан тыс тұрған жағдайдан тумайды. Қайта өмірдегі мол міннен, сан сорақыдан, көп көргенсіздіктен туады. Соларды жиып топтайды да, сатира обобщение жасайды»[2], – деп айтқан пікірінің маңыздылығы осыдан көреміз.

Ақынды қазақ қауымының күйі, оның болашағы ойландырады. Патшаның отаршылдық саясатына қызмет ететін ел әкімдерінің екі жүзді басшылығына да сене алмайды. Халықтың болашағы қалай боларын түсінбей ой дағдарысына түседі. Мұны ол бірде тұспалдап «Түсімде» атты өлеңінде, бірде «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» атты өлеңінде жазады. Мұнда ақын жаңа заманды жұлдыз бен айдың жымдасуына балап, жер жүзіндегі адамзатты жын басқандай ұйқыда жатқанын айтады. Босағада тұрған төрт жұлдыз арқылы қазақ қоғамындағы ойлы азаматтардың санаулы болып тұрғанын, олардың мақсатының биік екенін, өз бойындағы нұрларының ерекшелі сондай нұрсыз жұлдыздарға нұр беріп, нұрландырып тұрғанын дегенмен, Шолпансыған Есекқырғандардың қазақ қоғамын адастырып, басын айналдырып, тура жолдан тайдырып тұрғанын айтады. Түн жақтан қолын бұлғаған Темірқазықтың жетіқарақшыны аңдуы арқылы, қазақ қоғамындағы қарақшылыққа жол берілгендігін оны оны қазақи тәрбиенің қанша бақылауға алса да шамасы келмей, жетіқарақшының темірқазыққа қарағанда жарқырап көрінуі арқылы бейнелейді. Шолпанның тууы арқылы қазақ қоғамында Шолпандай жарқырап халқына адал қызмет еткен Алаштықтар жайлы айтса керек. Оның дәлелі «Нұр шашып бір-біріне тұрған жуық» деген жолдары. Халық тағдырын жел қуып жапа шеккен бұлттың сорлығымен оның айға үркер мен желден көрген қорлығын айтқысы келіп көзін сүзуімен суреттесе, Ресей саясатын Үркердің бұлтқа қысым көрсетіп, суық та қатал мінезімен еркіндікке жол бермей, ақыры өз дегеніне көндіргені жайлы суреттеумен береді. Ақын түс көру арқылы аспан әлеміндегі ай мен жұлдыздың құпиясын көне аңыздың негізінде образдап, аспан әлемі мен өз халқының қоғамдағы жағдайын егіздеп суреттейді. Үркердің бұлтқа күн көрсетпегені соншалық алты ай қыстан кейін келетін алты ай жаз шықпай, суып кетті деуі қазақ қоғамындағы Ресейдің суық, ызғарлы саясатының белең алуын көрсетеді.

...Жамылып күнбатыстың қара бұлттын,

Көрмейсің күншығыстың жара бұлттын [12,776.], – деген өлең жолдарынан Ресейдің тарпынан келген қараңғылыққа өз халқының жаралы жаны жанталасып жатқанын, билікке мастанған жергіліктілердің сол жараны емдеуге қолұшын бермей, қараңғы әлемге сүңгіп жұтылып жатқанын суреттейді.

С.Торайғыров өз шығармашылығымен қазақ поэзиясына не жаңалық әкелді несімен ерекшеленді, өзіне дейінгі дәстүрге қандай жаңалық қосты, замандастарынан нені қабылдады деген секілді мәселелерге мән берсек: еңбекші бұқараны езіп отырған Ресейлік саясаттың шоқпары болған би- болыстар мен бай-жуандардың түсініксіз сипаттарының ашыла түсуіне мүмкіндігінше атсалысты. Жаңа бағыттағы әдебиеттің ұраншысы болып, Алаштықтардың идеясын жалғастырды. Ақын осы ағымның ең көрнекті жаршысының бірі болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – тақырып таңдауға шебер ақын. Әр тақырыбының идеясын ашуда сөзбен сурет сала білген бейнешіл ақын. Өмір шындығын шынайы жырлаған сыншыл ақын. Біз ақынды сыншыл ақын дегенде өз дәуірінің шындығына қарсы шықты демейміз, қазақи қоғамда кездесетін кейбір келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынағанын айтамыз. Демек, С.Торайғыров лирикасының тақырыптары замана тынысын тани білгендіктен, уақыт бейнесін шебер жасай білгендіктен сан алуан, ақын қай тақырыпты алса да оның идеясын шынайы аша білген сыршыл да, сыншыл да ұлы ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т., Құрастырып баспаға дайындағандар Б.Мамраев, А.Еспенбетов, Қ.Ергөбеков. –Алматы: Ғылым, 1993. – 277б.

2.Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.

ӘОЖ 82.085.

«ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ –ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯН НЕГІЗІ

СУПАБЕКОВА А.Б.

№32 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается биографическое произведение Б. Момышулы «Ұшқан ұя», в котором описывается его воспитательная среда.

Summary. The article examines the biographical work of B. Momyshuly "Ushkan uya", which describes his educational environment.

Жауынгер жазушының қаламынан туған алғашқы көлемді шығармасы – «Ұшқан ұя». Бұл жазушының балалық шағын баяндаған, өскен тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Повесте Бауыржан Момышұлының өзінің түсінігі, өзіндік дүниетану тұрғысы және өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік бетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір шындығын жетік білушілік жазушыға көптен- көп қажет қасиеттер. Мұнда жазушының табиғатындағы өзіне ғана тән ерекше мінезі мен болмысы көрінеді. Авторға тән нақтылық, шыншылдық, өмірден алынған заман шындығын шынайы суреттеу барлығы да өзіндік ерекшелік. Қазақи қоғамда, қарапайым жанұяда өмір сүрген, шешеден ертерек айрылып, апаның баласы болған Бауыржан, кішкентайынан көрген- білгенінен санасына жаза білген жандүниесі сезімтал, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге немқұрайлы қарамайтын ойшыл болғанын байқаймыз. Балалық бал дәуреннен бастау алған ойшыл мінез өсе келе қатаң тәртіпке, жандүниесінде жиналған жастық шақтағы қазақи қоғам көрінісі санада сараланып әдеби еңбекке айналып отыр. Шығарма оқиғасы тартымды, шығарманың өн бойынан авторға тән сыншылдық, тек өзіне тән көркемдеу, суреткерлік шеберлік байқалады. Повестен шиеленісіп жатқан сюжет байқамайсың, мұнда қазақи бір жанұяның белгілі бір қоғамдағы тіршілігі. Дегенмен, «шығарма несімен тартады?» деген заңды сұрақ туындайды. Шығарма автордың әңгімелеу шеберлігімен, қоғамдағы қазақи, табиғи тіршіліктің көркемдігі тым қоюланбай шынайы суреттелуімен тартады, автор, ағынан жарыла, шынайы ақтарыла сөйлеген сөздерімен өз шығармасының ішіне енгізеді.

Мысалы: «Менің бабам Имаш 1911 жылы тоқсан екі жасында дүниеге салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті-менің әкем Момыналі екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса сабырлы, ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Ұл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққұбаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққұбаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасында да салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған:

– Әй қара құл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Тым болмаса немерелерімізді жиіркенбей сүйейін» [1,11б.], – дейді екен.

Автордың әжесі туралы естеліктері қазақи қоғамның той-томалағын да суреттеп өткен. Оның себебі қазақ тойсыз өмір сүрмеген, бұл да автор шығармаларындағы дәстүрдің жалғасуынан, жалғасын таба беретіндіген хабардар етеді. Оқиға көрші ауылда болған. Ол кездің той өтетін салтанат сарайлары қазақи киіз үйлер. Сол үйлердің бірінде жігіттер мен қыздар айтысып жатады. Айтыстың болып жатқан жеріне жас демей кәрі демей адам атаулының делебесін қоздырып, шақырып тұратынөзіндік құпия қасиеті бар ғой, Бауыржанның да Қызтумас әжесі замандастарымен айтыс болып жатқан жерге келеді. Айтысты тыңдап отырып, мынадай жолдарды құлағы шалады:

–Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басындағы орамал жасыл-ала
Көңілің бізде болса, а, құдаша,
Біразырақ отыршы қасыңа ала[1,126.].

Мұны мұқият тыңдағаны сонша Бауыржанның Қызтумас әжесі қыздың айтысқа қыры жоқ, күнделікті бас қосуда айтылатын мақамдардың желісімен желдіртіп отырған қыздың «жақсы жігіт» деген сөзді жиі қайталайтындығын байқайды. Мысалға назар аударып көрейік:

Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.
Бас қосыптық бұл тойда жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға[1,126.].

Шындығында, қыз сөзінде жігіттің сауалына жауап жоқ, тек ұйқасқа келетін мақамды сөзге тиек қылып , қалжың айту байқалады. Мұны Бауыржанның әжесі өте орынды байқаған. Ал енді жігіт болса, өзінің бастапқы ойынан қайтар емес, өзінің көңілін білдіріп, тағы да жауап сұрайды:

Мыңбұлақ сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.
Қара батыр, құдаша, қара батыр.
Жау қайырар жасқанбай дара батыр
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыпшыз
Осы келе сіз жаққа бара жатыр[1,126.],–деп, көңілін білдіреді.

Бауыржанның апасы соншама қыздың ойы болмаса да емеуреп қоймаған кім екенін білгісі келіп, киіз үйге кірсе, өз баласын көреді. Осы тұсты автор былай суреттейді:«...бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айқай салып:

–«Өзің қазанның күйесіндейсін, күйеге күйе жұқса не болмақ, құдайым-ау!»–деп баласын үйден қуып шығыпты» [1,136.].

Ана жүрегі ұрпақтың болашағын ойлап отыр. Қыздың ойын байқап, ниетінің жоқ екенін сезген соң қаралығын сылтау қылып, баласына өктем сөйлеп, жақсы жігітке ниеті жақсы қыз керек екенін ескертіп отыр.

Бауыржанның әжесі, автордың айтуы бойынша, отыз үшке келгенше үйленбепті. Осы жасында Бауыржанның шешесі Рәзияға үйленеді. Бауыржанның алдында Үбіш, Үбиян, Сәлима, Әлима деген апалары болған. Әжесі Момыштың айтуынша, Бауыржан 1910 жылы 24 декабрьде өмірге келіпті. Ол күні әжесі үйде болмаған, Әулиата шаһары, қазіргі Тараз қаласында болған. Қазақтың дәстүрі бойынша, Имаш атасы жан-жақтан дүниеге ұл балакегенін жариялап сүйінші сұратады. Бауыржанның әжесінен сүйінші сұрау сол ауылдағы Байтоқ деген кісіге бұйырады. Алпыс шақырым жердегі Әулиеатаға атпен келген Байтоқ, қуаныштан Бауыржанның әжесін құшақтап жылай беріпті. Мұны көрген үй ішіндегілер бұл қандай хабар әкелді деп түсінбей іштен тынып тұрып қалыпты. Бір мезгілде жеңешесінің босанып, ұл тапқанын айтыпты. Үй іші мез болып, қуанысып қалады, содан кейін қазақтың салты бойынша дәстүрлі сүйінші беріледі.

Автор шығармасынан алынған осындай естеліктерден әр адамның өмірдегі прототипі бар болғанымен шығармадағы образы шынайы жасалғанын байқаймыз. Қазақи қоғамдағы қазақи мінез, қазақи салт-дәстүр. Соның ішіндегі катал әже образы, дегенмен, ішкі жандүниесі мейрімді, ішкі әлемі ұрпағының дұрыс қалыптасуын тілейтін дара образ. Момыш –еңбекқор, өнерден де кенде емес, аңғал мінезді бала, тура айтатын, әділ әке.

Түп нағашы, Серкебай–тәкапарлығы бар, өзі әпербақандау. Асаудың күшін меңгерген, шабандоз шал мен қазақ әйелдерінің шынайы келбетін жасаған Зейнеп т.б. Байқап қарасақ, осы образдардың

бәрі де шынайы, табиғи. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлер арнайы типтендірілмеген, өмірдегі адамдардың ұнамды, ұнамсыз мінездерінің негізінде жасалған.

«Ұшқан ұяда» қазақи тұрмыс-салт, әдет-ғұрып әйелдер бейнесімен бірлікте шынайы суреттеледі. Б.Момышұлы кейіпкердің ішкі ой-толғанысы арқылы басқа адамдарға мінездеме беру шеберлігін «Ұшқан ұя» повесінде айқын аңғартады. Шығармада әртүрлі характер, әралуан кейіпкерлер келбеті сомдалған. Жазушы солардың барлығын бас-басына жеке-жеке тоқталып, арнайы суреттеп жатпайды, бас кейіпкер көзқарасымен береді. Кейіпкердің тікелей сезім толқындарын суреттей отырып оның адамдар жайлы көзқарасын, олармен қарым-қатынасын нанымды жеткізеді. Повестегі бала Бауыржанның өз тарапынан айтылған ойлары осы пікірді дәлелдей түседі. Автобиографиялық қаһарманның жан тазалығы, албырт қиялшылдығы, темірдей тегеурінді сенім серпіні ішкі сөздер ағымы арқылы осылайша кеңінен танылады. Б.Момышұлының жазушылық шеберлігі – повестегі оқиғалардың үйлесімді қиыстырылуынан, тілінің көркемдігінен, кейіпкерлер психологиясының терең білгірлікпен сипатталуынан т.б. осы тектес бағалы қасиеттерінен терең аңғарылады. Повестің өн бойындағы оқырман назарын аударарлық психологиялық детальдар тек хас шебердің ғана қолынан шығар кестеге тән суреттер екені анық.

Шығармадағы образдар ішінен әсіресе, ел арасында «Тура Момыш» аталып кеткен қара қылды қақ жарған әділ де, тынымсыз еңбекқор, сегіз қырлы, бір сырлы, яғни он саусағынан өнері тамған әке мен алып күштің иесі, аңғалдығымен қатар адалдығы бір бойынан қатар аңғарылып тұратын, шалт мінезді Момынкұл ағаның характерлері өзгелерге қарағанда ерекше қырынан ашылған. Жазушының бұл кейіпкерлердің сыртқы түр-тұлғасын, келбет-пішінін, жүріс-тұрысын суреттеу шеберлігінің астарында құпия сырдың, ішкі сезімдік, эмоциональдық, психологиялық процестердің нанымды әрі нақышты бейнесі сұлба танытып жатады.

Онда жасанды, ойдан шығарылған көркем көріністері емес, шындыққа суарылған, бас кейіпкердің көз алдынан өткен, сол арқылы біздің санамызға сурет болып басылған нақтылық негіз тартып жатыр.

Жоғарыда айтылып өткендей, автобиографиялық қаһарман қашанда жағымды кейіпкер болады, өйткені оның бейнесінде автордың өзіндік қасиеттері тікелей көрінеді. Жазушы оқиға өзіне қатысты айтылатын болғандықтан субъектілікке ұрынбау үшін, өмірбаяндық қаһарманның бейнесін жасау кезінде өз-өзіне мінездеме беру, өзінің кейпін жасау принципіне көп бара бермейді. Сонымен бірге, оның прозасында талап қоюшылық, қаталдық, алысты көре білушілік туралы еске алулар жиі ұшырасып отырады. Ал қайырымдылық, ізгі ниеттілік және басқа да қаһарманның игі қасиеттерін білдірту үшін автор қоршаған орта өкілдерінің, яғни ауыл адамдарының мінез-қылықтарына көп көңіл аударады. Диалогты және төл сөзді жиі пайдалану қандай да бір дәрежеде көркем шығарманың эмоционалды-экспрессивті бояуын солғындатары хақ. Осыған қарамастан жазушы өз шығармаларында диалогты кеңінен пайдаланады. Қазақи қоғам жайлы жазу көбіне нақтылықты, шындықты, қысқа, әрі нұсқалықты талап етеді. Ал адамдар арасындағы өзара диалог осылардың барлығының кепілі бола алса керек. Кейіпкерлердің өзара тіл қатысуынан негізгі діттеген ойдың бәрі де көзге айқын көрініп тұрады.

Мұндағы образдар жазушының күн ілгері әзірленген ұғымына сай жасалмай, нағыз өмірдің өзінен тікелей ойып алынғаны көрінеді. Қалыптасқан кестелі ой образ туғызған емес, жанды образдан жемісті ой туған. Образдар дүниесінің нанымды да әсерлі болатын себебі сол.

Повестің өзіндік бір ерекшелігі – жазушының қазақ тұрмысындағы салт, әдет-ғұрыптарды, өмір құбылыстарын, тарихи оқиғаларды үлкен ұқыптылықпен, зергерлікпен суреттеуі. Бұл тұста повестің болашақ ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі де мол.

Сөз өнерінің даму бел-белестері ұлт тарихын тағылымды тұстарымен төлқабис қарастыру міндетін де нақты сөз етеді. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгісін, ұлы Абайдың шығармаларын, әжесі мен әкесінің аузынан ертегілер, батырлар жырын кейін аңыз-әңгімелерді тыңдап, бойына сіңіріп өскен Бауыржан Момышұлының әдебиетке деген құмарлығы ерте кезден оянған. Бүгінгі көпшілік, зерттеуші ғалымдар Бауыржан Момышұлының жазушылық қызметін 1950-1960 жылдардың аясында қарастырып келеді. Дегенмен, бұл пікірдің жаңсақ екенін қазақтың көрнекті ғалымы М.Мырзахметұлы жоққа шығарып отыр. Бауыржантанушының «Айналған аты аңызға Момышұлы» [2] жинағының алғашқы бөлімінде «Әңгіме, хат, өлең, мақал-мәтелдер» деп аталып, мұнда Баукеңнің дәл бүгінге дейін еш жерде жарияланбай келген жастық шақта және де қанды қырғын ішінде жүріп жазған өлең-толғаулары молырақ қамтылады.

Жазушылық дегеніміз – шындыққа жүгіну, ал әдебиет дегеніміз – сол шындықты шырақ алып іздеудің бірден-бір формасы»[3,124б.] деген жазушы О.Бөкей мен ғалым Ж.Дәдебаевтың «...

әдеби шығарманың көркемдік және танымдық тереңдігі үшін автордың өз өмірбаянының байлығы, оның өз басынан өткен оқиғалардың маңызы мен мәні аса зор қызмет атқарады»[4,45б.] деген сөзі әскери-мемуарист жазушы Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде нақты көрініс тапқан. Қаламгер де уақыт перзенті, сол уақыттың елеулі де айтулы оқиғаларын шығармаларына арқау ету – оның қаламгерлік парызы саналады. Ал осы елеулі оқиғаларды – қоғам мен адам өміріндегі жаңалық, өзгерістерді, бір сөзбен айтқанда, дәуір тынысын, уақыт рухын танытатын жайттарды ізін суытпай суреттеу, жедел таныту – негізінен повесть жанрының табиғатына, соның көркемдік ерекшелігіне тән құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Атамұра, 2003.– 373б.
2. Мырзахметов М. Айналған аты аңызға Момышұлы. –Тараз: 2000. 224б.
3. Бөкей О. Шығармалары: – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т.7: очерктер, публицистикалық мақалалар. – 383б.
4. Дәдебаев Ж. Бауыржан батыр. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002.– 106 б.

ӘОЖ:373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ТОГАЙБЕКОВА Д.Б.

Иван Трубицын атындағы №17 орта мектеп - гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается формирование учебных программ младших школьников.
Summary. The article deals with the formation of curricula of primary school students.

Қазіргі қоғам дамуының жалпы білім беру мазмұнына қоятын талабы оқушыларға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейінде білім беру, олардың ойлау мүмкіндігін қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларын дамытудың маңызды факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесін ғана емес, сонымен бірге баланың ақыл-ой әрекеті тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін бүкіл оқу барысын жолға қою болып табылады.

XXI ғасыр-жеке адамның білімі мен біліктілігі үстемдік құратынын уақыт дәлелдеп отыр. Ендеше, осы бір толассыз ақпараттар ағыны мен жаһандану заманында төрткіл дүниеге елімізді танытатын білімді ұрпақ тәрбиелеу ұстаздар қауымына жүктелетін үлкен міндет. Алдымызда отырған шәкірттерімізге сапалы білім, саналы тәрбие беріп, шығармашыл іскерлік дағдысы қалыптасқан, жан-жақты мәдениетті тұлға қалыптастыруға аянбай тер төгу керекпіз.

Оқушылармен жүргізілетін түрлі жаттығулар, тілдің заңдылықтары, ережелерді меңгертілгенде ғана оқу дағдысын қалыптастыруға болады. Сонымен қатар грамматиканың жеке бір ережелері, тыныс белгілер ережелері қажет болып табылады. Оқу сабақтарында білім мен тәрбие алу үшін қажетті әр түрлі оқу дағдылары қалыптасады. Оқу дағдысын қалыптастыру әдеби жазба тілі және сөйлеу тілімен байланысып жатады.

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті - балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой - өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты - болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел - жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі - алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық - психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейлінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет.

Оқу дағдысын қалыптастыру, оқылатын мәтіндердің тәрбиелік мәнін ашуға мүмкіндік туғызады. Ол мынандай міндеттерді жүктейді:

-бастауыш сынып оқушыларының әр сынып көлемінде дұрыс, саналы түрде түсініп оқу және мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыруда оқушы жіберетін қателерді анықтау, талдау, топтастыру;

-дұрыс оқу, түсініп оқу, шапшаң және мәнерлеп оқуды бірлестікте қарау.

-білім, білік, тәрбие - оқу дағдысын қалыптастырудағы басты мәселе.

Бастауыш мектептегі оқу сабағының сапасы әр сабақтың қаншалықты дәрежеде ойланып құралғанына, қолданылатын әдіс-тәсілге және ұйымдастыруға тікелей байланысты. Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы - бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты жаздыру ғана емес, оқушының бүкшмей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді.

Бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

- әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;
- әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;
- әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтау,
- түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор;
- тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;
- сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру.

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада «Кім жылдам», «Ең үздік есепші», «Хоккей» ойындары тез санауға үйретеді. «Бағдаршам», «Дым білмес» ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталады. Ал «ғарышкерлер» ойыны ғылым жетістіктерімен, «Футбол», «Хоккей» ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. «Ағашты кім тез отырғызады» ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті- оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру, ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс- тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

- 1) оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтың тыс шараларда да пайдалануға болады.
- 2) тілдік ойындар: ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.
- 3) драмалық, рөлдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.
- 4) психологиялық ойындар.
- 5) грамматикалық ойындар т.б

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар:

-оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға;

-оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезіндегі қалыптасатын дағдылары:
-өз ойын-пікірін жеткізе білуге;
- ізденгіштікке ұмтылуға.

Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға үйрету үшін қойылатын талаптың бірі - мәнерлеп оқу. Дауыс интонациясын сақтап оқығанда ғана бала дұрыс оқиды әрі түсінеді. Бұдан шығатын қортынды: оқудың сапалары бірімен-бірі тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отырады. Түсініп оқу үшін дұрыс оқу керек. Мәнерлеп оқу үшін оқығанын түсіну керек. Мәнерлі оқымаса дұрыс оқиды дей алмаймыз. Ендеше бастауыш сыныпта мәнерлеп оқуға үйрету сауат ашу кезеңінен басталады. Сауат ашу кезеңінде дайындық сатысынан бастап сөйлеуге үйретеміз. Ал оның басты үлгісі - мұғалімнің өзінің дауыс интонациясы. Мәнерлеп оқу дегеніміз - дұрыс оқу, сонымен бірге дауыс интонациясы арқылы сөйлем не мәтіндегі негізгі ойды жетізу, мазмұндық ой екпінін қоя білу, кейіпкердің көңіл-күйін сезініп оқу. Көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін ең алдымен дыбыстау мүшелерінің қызметіне баса назар аударып жаттығулар жасатып отырамын. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін демалуға байланысты. Оқудың, сөйлеудің мәнерлі болуы дұрыс, еркін демалуға байланысты. Оқу процесінде ауаны керегінше жұтып, сыртқа бірден сарқып шығармай ерікті түрде дем алып, орынды пайдалана білсек, бұл мәнерлі оқудың негізгі құралы болып табылады.

Мәнерлеп оқу дауысқа да қатысты. Дауыс неғұрлым күшті таза шығуы тиіс. Ол үшін әр оқушының өзі дауысын күте білуі қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу, суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау - дауыс күші мен оның тазалығын сақтаудың басты шарттары.

Ал, дауыстың тембрі тыңдаушыға әсер ететіндей болуы керек. Құбылта оқу шығарманың мазмұнын дұрыс түсінгенде ғана іске аспақ. Дауыстың құбылуын, әсіресе мысал жанрында берілген көркем шығармаларды оқығанда анық байқауға болады. Дауыстың қалған элементі-кідірістерді дұрыс пайдаланудың маңызы зор.

Балалар өте жәй оқыса, сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді өзара байланыстыра алмай, аырында мәтіннің тұтас мғынасын түсінбей қалады. Оқу-жазуға үйретудің бірінші кезеңінде, бір-бірімен қосып оқуы қиын кезде ғана жәй оқу керек. Бірақ барған сайын балалардың оқу шапшаңдығы арта түсіп, бірте-бірте сауатты оқуға жақындау керек. Дегенмен, балаларды шапшаң оқуға дағдыландырып отырып, белгілі шамадан тыс кетпеу керек.

Бастауыш сыныпта оқылымға негізделген бірнеше белсенді әдіс- тәсілдер бар. Әңгімені түсініп оқу, түртіп алу, көз жүгіртіп оқу яғни жылдам оқу.

Мәтіннің мазмұнын айту үшін оқуда түсініп оқу жүзеге асады. Оқылым бөліміндегі әдіс-тәсілдер мәтін бойынша сұрақтар қоя білуге, мәтіннің идеясын, құрылымын анықтауға, мәтінге анализ жасауға негізделеді. Мысалы мәтінмен жұмыс жасауда сыныпты топқа бөліп, мәтінді толық талдау жүргізіледі.

Бірінші топ: әңгіменің мазмұнын айтады.

Екінші топ: әңгімені зерттейді.

Үшінші топ: жоғары деңгейлі сұрақтар құрастырады.

Төртінші топ: әңгімені талдай отырып, өз ойларын айтады, толықтырады.

Оқушылардың жаңа сабақтағы тақырыпты түсіну деңгейін тексеру мақсатында «Серпілген сауал» әдісін пайдалану да тиімді тәсілдердің бірі.

Сабақта оқушыларды жан-жақты ойлауға жетелеу үшін «Ойлау картасы» әдісін пайдалануға болады.

1. Мәтіндегі мәліметтерді айқындау.

2. Сипаттау.

3. Салыстыру.

Әдебиет сабағында тағы бір оқушыларға өте ұнайтын әдіс: «Ассоциация» әдісі. Ережесі: оқушылар мәтінді немесе өлеңді мазмұнына қарай суретпен сәйкестендіреді. Табиғат, сен - тіршілік тұнып тұрған, сен - күнсің көтеріліп күліп қырдан, сен - көлсің, сен - ормансың.

Қорыта келгенде қандай әдіс-тәсілдерді қолдансақ та балалардың білім деңгейін көтеруге септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәтиева Ш. Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат. -2004ж.

2. Кушмурзина Д.Х. Шинбулатова К.Б. Әдебиеттік оқу әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Қостанай: 2018ж.

3. Тұрғанбаева Б. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. Алматы, 2009 ж.
4. Калмухамбетова К., Ерешева К.А., Ботабаева Ұ. «Көркем жазу». 1-сынып. Алматыкітап, 2012 ж.

УДК: 811.512'

THE TRANSITION OF THE KAZAKH LANGUAGE TO THE LATINIZED ALPHABET

АМАНТАЕВА Ж.Е.

Жамбыл мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Түйіндеме. Жылдам өзгеріп жатқан жаһандық тенденцияларға байланысты қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге дайындық өзекті болып отыр. Ұлттық-рухани болмысын сақтай отырып, заман көшіне ілескен ел. Осы тұжырымдамаға сүйене отырып, мақалада қоғамдық сананы жаңғырту, қазақ тілінің кириллицадан латынға көшу және тілдік графиканың трансформациялануы талқыланып, ұлт бірлігі, әлемдік қауымдастыққа енуі, соның арқасында қызметтің әртүрлі салаларына беріледі.

Резюме. Подготовка перехода казахского языка на латинизированный алфавит является актуальным, в связи с быстроменяющимися мировыми тенденциями. Страна идет в ногу со временем, при этом сохраняя свою национальную и духовную идентичность. Исходя из данной концепции в статье рассматривается модернизация общественного сознания, изменение казахского языка с кириллицы на латиницу и преобразование языковой графики, говорится о сплочении нации, интеграции в мировое сообщество, за счет чего предоставляется доступ к разным сферам деятельности.

The issue of switching to the Latin alphabet has become very popular and has become acute for our state in the current years. At the moment, the modern Kazakh language uses the Cyrillic alphabet system, however, before switching to Cyrillic in 1940, the Kazakh alphabet repeatedly changed its graphics, adapting to the requirements of a certain historical period. On November 13, 1940, the Law "On the translation of the Kazakh script from the Latinized to the new alphabet based on Russian graphics" was adopted. Thus, the history of changing the alphabet of the Kazakh language was determined mainly by specific political reasons. And only after more than 70 years, Kazakhstan decided to switch back to Latin graphics, which Kazakh public figures and specialists spoke about in the early years of independence.

Latinization gained particular relevance after the publication of the program article "Bolashakkabagdar: ruhanizhangyru" ("Looking into the future: modernization of public consciousness"), which was proposed in 2017. This article is aimed at the spiritual and cultural development of the country, awareness of history and cultural self-identification. It is thanks to this transition of the program to the Latin alphabet and the creation of a new alphabet of the state language that will sharply accelerate the rallying of young nations.

Speaking about modernization, it is important to note that the Latin alphabet should help to become the most powerful factor in spiritual revival and strengthening of national identity. Society likes the awareness of sustainability and stability. And due to inertia, habits and established routine, a simple person will not learn the Latin alphabet. In such situations, it is quite difficult to break the rods of the usual way of life and force people to master new graphics. And then the intelligentsia comes to the rescue, which, by virtue of their spirituality and civil status, will become the "engine" of society. As the Leader of the Nation N.A. Nazarbayev, "the intelligentsia should become the leading force in strengthening national values at the stage of an established state. We need to show and create new heroes of our time - those who our youth will have to focus on. The intelligentsia can and should play a key role in designing the mental worldview model of the country's future. [1]


Today it is known that most of the population of Kazakhstan is in favor of switching to the Latin alphabet, because the transition to the Latin alphabet is primarily aimed at reforming the Kazakh alphabet and spelling rules, which will allow to establish a correspondence between the phonetics of the language and its graphics. Also, the Latin alphabet is the most widely used writing system in the world and is used by most countries of the world. This transition is also due to the need to increase the competitiveness of the country and attract investment. In the light of the implementation of the third modernization of Kazakhstan and the achievement of the goal of joining the 30 most developed countries of the world by 2050, the transition to the Latin alphabet will allow Kazakhstan to integrate into the modern scientific, educational, technological and business space, simplify the development of English and other world languages based on Latin graphics, digitalization and computerization of society. Moreover, the language reform will enable foreigners to study the Kazakh language. And in the period of globalization and innovative technologies, the introduction of Latin graphics would enable our society to unite with the Turkic-speaking peoples and join the world information community.

At the moment, 22 countries have switched to Latin graphics, among them our neighboring countries Azerbaijan, Uzbekistan, Turkmenistan, Turkey, and Kazakhstan's transition will create conditions for integration into the world, better learning of English and the worldwide Internet information network, while providing access to new achievements of science and technology. It is worth taking into account the world experience, and not to make mistakes that our neighbors had.

The transition affects all spheres of life, from education to the country's foreign policy. A significant advantage is the "multiplicative effect", which allows you to identify various innovations. It's no secret that the Latin alphabet is used in such areas as medicine, visual information, road signs, documentation, etc. And the introduction of a single alphabet of the state language in Latin graphics regulates the process. The means of global communication will become accessible and convenient for everyone.


In order to preserve the linguistic picture of the world and cultural identity, which is focused in writing and language, it is of great importance not to allow an artificial transition to the Latin alphabet by changing the letters in the alphabet. Do not rush with the implementation. President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev spoke about the change of the Kazakh language in Latin "Another important issue is the language. We are talking about switching to the Latin alphabet. Some members of the public are concerned that we still cannot move away from the Cyrillic alphabet. First of all, this is a very difficult linguistic question. This should be well understood." [2]

To increase the status of the Kazakh language with Cyrillic to Latin in the modern society, as well as the advantages and disadvantages of this transition, we decided to conduct research [3] among teachers and students of the department "world languages" and "Kazakh language and literature" Taraz regional university im. M. H. Dulati of the Institute "Ustaz" (100 respondents), the results of which were published in the diagram № 1.



Based on this study, we found that the majority of respondents, namely 75%, voted for the transition of the Kazakh language to the Latin alphabet. And only 25% of respondents were against switching to Latin graphics.

Respondents reasoned their answers with the pros and cons of the trend of switching to the Latin alphabet, which we displayed in diagram №2.



So, based on the survey, we can say that respondents identified more advantages of switching to Latin graphics than disadvantages. Among the total number of responses, the 4 (57%) main advantages of Latinization are the most common. Firstly, the Latin alphabet is considered a new status of the state language, which will be revealed in a new format. Also, the Latin alphabet is more functional in spelling, phonetics, and is more easily assimilated by primary school students. The next important advantage is that all modern equipment is now in Latin, so people will not have any problematic moments in the workplace. It should also be noted that the transition to the Latin alphabet is primarily aimed at reforming the Kazakh alphabet and spelling rules, which will allow to establish a correspondence between the phonetics of the language and its graphics.

If we talk about the disadvantages of Latinization, only 3 (43%) found them. Namely, this is the problem of the lack of personnel contributing to this transition. It is also a confusion in pronunciation, as when studying Russian, Kazakh and English languages, people have confusion in the pronunciation of Kazakh words by English pronunciation. And the last disadvantage is the high costs of changing textbooks and fiction to the Latin alphabet.

As a result of the research, we understand that the transition to the Latin alphabet is a historical necessity in order to preserve our history, national identity. Everyone knows that the alphabet underwent a triple change in the twentieth century (Arabic, Latin, Cyrillic). It was not an easy path for the Kazakh society. And now global challenges require enormous changes, respectively, the transition to the Latin alphabet is an opportunity to integrate into global scientific and technological processes. Our country, as a dynamically developing state, sets ambitious goals for the modernization of all aspects of the life of the population. And if we want to study world knowledge and sciences, digital and technical processes and innovations, we need Latin.

Thus, the transformation of language graphics is part of the modernization of the public consciousness of the nation, aimed at ensuring its successful development in the conditions of the modern world order and the transition to the Latin alphabet is the core of the program of spiritual modernization, which will facilitate the formation of trilingualism in the country, because today knowledge of several languages is becoming a mandatory requirement not only for foreign, but also for Kazakhstani employers. Thus, fluency in a foreign language, along with good professional skills, will allow a specialist to get a decent job and build a successful career.

In conclusion, we can say with confidence that the Latin alphabet has crossed the line of writing, and has become the main indicator of the new system in international relations, changing the face of our state. The strategy to strengthen the state language, while maintaining the position of other languages, creates a special image of modern Kazakhstan, and becomes a factor of social cohesion.

References:

1. https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-lidera-nacii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazahstana-strategiya-kazahstan-2050-novyi-politicheskii-

2. <https://elorda.info/politika/19029-1655381835/>

3. <https://forms.gle/rZrUps8xmyk4aT217>

ӘОЖ 37.036:373.3.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

ИСАБЕКОВА Н.Н.

М.Маметова атындағы №27 орта мектебі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В результате единства познавательных, волевых процессов и мотивов чувствительности, включающих потребность в познавательном любопытстве, активности и любознательности учащихся, учебно-познавательная деятельность учащихся представляет собой комплексную учебную работу, направленную на усвоение содержания и необходимого объема учебного материала, развивающего интеллектуальные, личностные качества и профессиональные навыки обучающихся.

Summary. As a result of the unity of cognitive, volitional processes and motives of sensitivity, including the need for cognitive curiosity, activity and inquisitiveness of students, educational and cognitive activity of students is a complex educational work aimed at mastering the content and the required volume. Educational material that develops intellectual, personal qualities and professional skills of students.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде өндіріш күштердің дамуымен бірге, қоғамның түрлі салаларында шығармашылықпен жұмыс істеудің мәні өсуде. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті - күрделі процес. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет - шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады.

Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенді танымдық іс-әрекеттің көздейтін ісі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігіне негізінде дамиды. Белсенділіктің жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдық, еріктік сезімталдық үрдістер мен мотивтері бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы. Демек, оқу танымдық іс-әрекет - оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі құбылыс. Ол оқу шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен және т.б. сипатталады.

Нәтижесінде, оқушылардың танымдық іс-әрекеті - жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдық, еріктік, сезімталдық үрдістері мен мотивтері бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалды, жеке қасиеттерін және кәсіби маңызды біліктерін дамытатын, оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көрмейтін жан-жақты оқу жұмысы - деп анықтама беруге мүмкіндік болды.

Берілген анықтама негізінде, оқу-танымдық іс-әрекет – оқушылардың негізгі іс-әрекеті болып табылатын күрделі үрдіс бола отырып, ол оқу міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үрдістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен т.б. сипатталады деген тұжырым жасауға болады.

Оқу-танымдық іс-әрекет күрделі үрдіс болғандықтан, мұғалім мен оқушының бірлесіп жасайтын тиімді, сапалы әрекетін керек етеді. Егер педагог оқыту жұмысын ұйымдастыруға, ғылыми білімді жүйелі түрде баяндауға, тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға күш-жігерін жұмсайтын болса, оқушылар білімді терең мағынада қабылдап меңгеруге, ұғынуға, өздігінен ізденіп, білімін толықтыруға байланысты белсенді түрде іс-әрекет жасауға міндетті. Мысалы, сабақ барысында мұғалім оқу материалын жүйелі түрде баяндап түсіндірсе, оқушылар оны мұқият тыңдап, өздігінен қосымша әдебиеттер мен оқу құралдарын оқып, өтілген материалдарды терең және сапалы түрде меңгеруге әрекеттенуі тиіс.

Оқу-танымдық белсенділік - оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: мұғалімнің баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, оқушының оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни оқушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет. Сабақ барысында оқушының бойында танымдық белсенділік пайда болса, сонда оқушыларды ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректік, зейінділік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі т.б.

Оқу-танымдық іс-әрекет белсенділігі проблемалық сұрақтың жауабын іздестіруде, өзіндік жұмыс орындауда жүзеге асады. Оқушылар өздерінің игерген білімі негізінде пікір алысады, сөз жарыстырып, өзара сынға дайын болады, жеке фактілер мен бақылаулардан ой тұжырымдауға, талқылауға жетеді, өз бетінше шешім қабылдаудың жолдарын, әдістерін қарастырады, практика барысында алынған шешімдердің дұрыстығын тексереді.

Сонымен оқу-танымдық белсенділікті қалыптастыру проблемаларының пайда болуы мен дамуын талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасалады:

- танымдық белсенділікті қалыптастыру, түрлі пәндерді оқыту барысында оны дамыту идеясының пайда болуы мектептердің даму бағыттарының түрліше болуымен байланысты; өзіндік жұмыс, өзіндік ізденіс арқылы сан қырлы білім алуы ретінде қарастырады;

жоғарыда көрсетілген тұжырымдамаларда ауыл мектебіндегі жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесі зерттелмеген.

Оқу-танымдық іс-әрекет белсенділігінің көрсеткіштері ретінде мыналарды бөліл көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Білімді өз бетінше алуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білуі.
2. Іргелі білімдерге қол жеткізу.
3. Танымдық тапсырмаларды шешу біліктері.
4. Өз бетіндік оқу әрекетіне қызығушылығы, әрекет тәсілдерін білуі.
5. Тұтас педагогикалық үрдісте мұғалімнің оқуы мен мақсатты өзара әрекеті.
6. Әрекетке бейімделуі мен өзін-өзі бақылау.

Оқу-танымдық белсенділік пен жалпы танымдық іс-әрекет проблемасына арналған көптеген еңбектер мынадай қорытынды жасауға әкелді: танымдық ізденімпаздық пен белсенділік жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Олардың кейбіреуін нақтырақ қарастырайық.

а) Оқудағы жетістікті қамтамасыз ету. Жетістік – адамның белсенді іс-әрекетінің ең маңызды қозғаушы күші. Бұл психологиялық феномен балалық және жасөспірім шақта-басқа себеп-сылтаулар мен ынталандырушылары әлі тұрақсыз немесе тиянақсыз болғанда ерекше көрініс табады. Үлгерімі нашар, өз қатарынан артта қалған баланың оқуға деген ынта-ықыласы тез жойылады, оның сабақтағы танымдық белсенділігі төмендеп кетеді.

ә) Оқушылардың артта қалуының алдын алу, қиыншылықтарға тап болғандардың бәріне көрсетілетін әртүрлі көмек-оқу процесінің нәтижелілігін арттырудың айқын бағыты. Қазіргі мектеп үлгерімі нашар оқушыларға көмектесуде жеке-жеке шараларды қолданудан гөрі барлық оқушылардың оқудағы, танымдық белсенділігінің шарты ретіндегі жетістіктерін қамтамасыз ететін тұтастай бір жүйе қалыптастырады.

б) "Қауіп-қатер балаларының" диагностикасы және олардың оқудағы қиыншылықтарын болдырмау. Ұзақ уақыт бойы оқу процесі балалардың екі категориясының есебінде құралып келген, бірінші категория – "қалыпты балалар" категориясы, яғни баланың дамуы өз жасына сәйкес; және аномалды балалар – дене және психологиялық дамуында айқын ауытқулары бар балалар. Соңғы он жылдардағы ғылыми зерттеулер балалардың осы екі категориясы арасында аралық буын бар екенін дәлелдеді, осы аралық буынға оқудағы қиыншылықтары және мінез-құлығындағы ауытқулары бар балалар жатады, оларды көбінесе "қауіп-қатер балалары" деп атайды.

Олардың бойында дене және психологиялық дамуында кезге көрінетін аномалиялары жоқ. Алайда жағымсыз жанұялық және әлеуметтік жағдайлар салдарынан бұл балалардың, мектеп жасына жеткен кезде, мектепте жақсы оқу үшін қажетті қасиеттері мен дағдылары жоқ. Денсаулығының әлсіздігі, жұмыс қабілетінің төмен болуы, өз құрдастарынан психикалық дамуы жағынан артта қалуы қауіп-қатер факторы, үлгермеушілік, мектепке үйрене алмаушылық, тәртібінің нашарлығының себептері болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша "қауіп-қатер балаларың бастауыш мектеп оқушыларының 20%-ға жуығын құрайды.

"Қауіп-қатер балаларымен" жұмыс кезінде баланың даралық ерекшеліктерін ескеретін әртүрлі әдістер қолданылады. Осы әдіс негізінде бірнеше негізгі принциптер жатыр: баланың дамуындағы мықты деген жақтарына сүйену; мақсатты және оқушының оны орындай алуын нақты анықтау; үздіксіз кері байланыспен қамтамасыз ету; баланың жеткен нәтижелерін ғана емес, сондай-ақ оның оларға жетуге деген талпынысы мен ықыласына әрдайым оң баға беру.

Басқа да әлеуметтік қауымдастықтар жүйесіне оқушылардың араласуы, олармен әрекеттесуі, дербестенуі оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Микрожүйе ретінде оқушы өзінің қалыптасуында өзіндік дамуының қарама-қайшылықтарына кездесіп отырады. Алайда, өзінің ішкі дүниесінде қандай да қарама-қайшылық өз шешімін табуы мүмкін емес (Э.В.Илентков). Қарама-қайшылық "оқушы (адам)" жүйесінде пайда болып "адам-адам" жүйесінде, яғни педагогикалық процеске қатысушылардың өзара әрекеттесуі арқылы шешіледі. Оқу-тәрбие процесі жағдайында оның негізгі қарама-қайшылықтарын оқушыларды оқу-танымдық біліктерге үйрету арқылы шешу қиыншылықтарды, кедергілерді жою үшін оқушыларға мұғалім көмегі мен құрбылармен қарым-қатынас жасау қажет болғандықтан мұғалімнің өз оқушыларымен, ал оқушылар бір-бірімен ынтымақтастықта болуын талап етеді. Сонымен бірге оқушының өзін-өзі бағалау мен басқа да тұлғалық қасиеттерінің тиімді қалыптасуы және оның толыққанды дамуы үшін мұндай өзара әрекеттестік өте қажет. Осылайша іс-әрекет пен танымның субъекті болып табылатын микрожүйе ретінде тұлғаның дамуының қарама-қайшылықтарын шешу қажеттігі оқу процесін оған қатысушылардың қарым-қатынас, өзара әрекеттестігі және ынтымақтастығы ретінде ұйымдастыруды қажет етеді.

Оқу процесінің субъектілерінің қарым-қатынасы мен өзара әрекеттестігінің феномені педагогикалық әдебиеттерде және мектеп тәжірибесінде ұжымдық танымдық іс-әрекет ретінде түсініледі. Бұл мәселелердің теориялық әдіс-тәсілдері Н.К.Крупская еңбектерінде қарастырылған. Ал педагогикалық процестің оқудан тыс бөлігі жағдайында оқушылармен ұжымдық жұмыс жүргізу әдістемесін Н.К.Крупская, П.П.Блонский, А.С.Макаренко жасаған.

Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде ұжымдық жұмыс ұғымын көп жағдайда фронтальды жұмыс ұғымымен қатар қояды. Көбінесе оқушылардың жаңа оқу материалдарына деген белсенді танымдық қатынастарын және соның негізінде пайда болатын оқушылар арасындағы жақын қарым-қатынас, жалпы үлгерім бойынша жүргізілетін жұмыстар, интеллектуалдық құндылықтармен алмасу мүмкіндіктері, салыстырулар, жасалатын қарым-қатынастың зерделенетін объектілері тұрғысындағы әртүрлі қимыл бірлігі сияқты белгілері бар жұмыстарды ұжымдық жұмыстарға жатқызады. Жалпы ұжымдық танымдық іс-әрекеттердің мәні мұғалімнің жетекшілігімен оқу процесін ынтымақтастықпен, қарым-қатынаспен байытуда.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер – әлеуметтік тәжірибені игерудегі, өз мүмкіндіктерін жүзеге асырудағы, өзіндік танымдық қажеттіліктерін іске асырудағы қиындықтарды жеңе отырып тәжірибе жинақтау, бірлесе еңбек ету, қарым-қатынас жасау біліктеріне ие болу сияқты субъект позицияларын қалыптастыру мүмкіндігімен әрбір оқушыны қамтамасыз ететіндей мұғалім ұйымдастырған білімдік диалогтың барысындағы оқушылардың біріккен іс-әрекеті.

Сонымен бірге жеке, фронтальды оқытуға қарағанда оқушылардың есептер шығару, жаттығулар орындау барысында күштерін біріктіруі ұғымдарды, біліктерді және дағдыларды қалыптасыртуға оқу уақыты аз жұмсалады. Қазіргі уақытта кооперация қатынастары мен ойдың

интеллектуалдық құрылымының мазмұнының арасында ішкі байланыстың бар екендігі дәлелденіп отыр. Оқушылардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыру нәтижесінде дәстүрлі оқыту барысында кездесетін кейбір қиыншылықтар азаюда. Бұл сабақ үстінде жұмыс істемейтіндердің, ұй тапсырмасын орындамайтындардың азаюымен және керісінше оқушылардың танымдық белсенділіктерінің, шығармашылық ізденімпаздықтарының артуынан байқалады.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер белгілі бір дәрежеде оқу материалдарын меңгеруі, оқу барысындағы осал жерлер жөнінде оқушыдан кері ақпараттарды жедел алу сияқты өзекті дидактикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік жасайды; оқушының тұлғалық қасиеттерін өз мәнінде дамыту үшін маңызды шарт болып табылатын қарым-қатынастың жетіспеушілігін азайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяғанова Л. "Жаңа технологиялар-сабақта ". Бастауыш мектеп, 4-2016ж.
2. Қоқымбаева Т. "Оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру". Бастауыш мектеп, 5-2017ж.
3. Аяпова Ж. "Білім беру технологиясының жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаттары". Бастауыш мектеп, 5-2015ж.

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

ЧУКЕНОВА Г.Е.

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье рассматривается важность использования интерактивных методов в обучении казахскому языку в начальной школе. Выявлена важность использования интерактивных методов и образовательных платформ.

Summary. This article discusses the importance of using interactive methods in teaching the Kazakh language in primary school. The importance of using interactive methods and educational platforms is revealed.

«Егер балалар бірдеңені түсінбейтін болса, онда мұғалім оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиісті», – деп педагог жазушы Ы.Алтынсарин айтқандай [1], бүгінгі таңда мұғалімдердің шығармашылық ізденіспен жұмыс жүргізуіне тура келеді. Ғұлама ұстаз А.Байтұрсыновтың: «Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», – деген қағидасын басшылыққа ала отырып [2], оқу үдерісінде жаңа технологияларды соның ішінде, интерактивті әдістерді дұрыс қолданып, оның тиімділігін таныту мақсат етілді.

Бастауыш оқу – білім берудің ең негізгі саласы. Бастауыш білім жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында не бастауыш сатысында оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысы арқылы қамтамасыз етіледі. Негізгі мектеп пен жоғары сынып оқушылары осы жерден дағды алып, алғашқы және негізгі дайындықтардан өтеді.

Бастауыш сатының өзіндік ерекшелігі – ғылымның негізгі салаларының бастапқы түсініктері осы жерде беріліп, интеграцияланған пәндердің, сараланған оқыту жүйесінің болуында. Сонымен қатар оның өзіндік оқыту теориясы, өзіндік әдіснамасы қалыптасқан [4].

Жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнын жаңарту, оны жаңа деңгейге көтеру тәжірибесінде әдістерді жаңаша көзқараспен қолдану басты талаптардың бірі. Ал оқушыға терең де тиянақты білім, жан-жақты тәрбие беруде қазақ тілінің алатын орны ерекше.

Қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты сапалы да, саналы білім беру – мұғалімнің оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы жүзеге асады. Орынды және дұрыс қолданылған әдістер сабақтың алдына қойылған мақсатын анықтайды, оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіреді

Білім беру әдістері сан алуан. Қазақ тілі әдістемесі осы әдістерді қолданады, өз пәні тұрғысынан қайта қарастырады. Сондай-ақ «Қазақ тілі» пәнінің ерекшелігіне қарай өз әдістерін

құрады және енгізеді. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсеткенде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді. Әрине, білім беру әдістерін таңдап қолдану, оны қай уақытта іске асыру және білім беру әдістерін қай материалға байланысты сұрыптап алу - әдістеменің қиын, әрі күрделі мәселесі. Сондықтан оқушылардың жас ерекшеліктерін, сауаттылық деңгейлерін, танымдық, логикалық ой-өрістерінің дамуын ескеріп, оларға ұсынылатын тілдік материалдардың көлемін таңдау аса қажет. Оқушыларға берілетін білімнің көлемін сұрыптап алу білім беру әдістерінің іске асырылуын жеңілдетеді.

Мемлекеттік тілді меңгеру және құрметтеу өзекті мәселе. Сондықтан өскелең ұрпақты ана тіліне оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа әдістерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай әр мұғалім қазақ тілін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды қолданып жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру мақсатын алға қояды. Әрине, тілді меңгеруде әлі де көптеген қиыншылықтар жетерлік. Ол негізінен жеке тұлғаны түрлендіріп оқытудың жетіспеушілігінен туындайды. Тілді меңгерудің негізі- есту, көру қабілеттілігінің байланысын түрлі жаттығулар арқылы дамытып, оқушымен жеке жұмыс дағдысын қалыптастыру. Яғни, жеке тұлғаны қалыптастыру жолы. Қазақ тілін оқытуда жеке тұлғаны қалыптастыру гуманитарлық бағытқа негізделген. Бұл принциптің негізі: оқытуда ең бірінші негізгі түйін - оқушы, ал ұстаз – мұғалім ғана емес – ол тану әрекетінің дамытушысы. Демек, қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды пайдалана отырып әрі нәтижелі әрі қызығарлық сабақ жүргізу, интерактивті тәсілді пайдалану – біздің басты міндетіміз.

Ғалым С.Р.Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында зерттеуші ғалымдардың оқыту әдістерін топтауын басшылыққа алып, әр топтаудағы жекелеген әдістерге тоқталды. «...әдістердің қайсысының қай кезде тиімді екенін мұғалімнің өзі айқындап алып, іріктеп қолданады» - деп, әдістердің тиімді жолдарын таңдауды мұғалімдерге жүктейді [8].

Қазақ тілі пәнінен оқытудың басты мақсаты – оқушыларды оқуға, сауатты жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдармен таныстыру, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын дара тұлға тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқытуда сөйлеу туралы түсінік беру, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, тілдік құбылыстарды талдау, орфографиялық дағдылар қалыптастыру, пунктуациялық ережелерді практикалық тұрғыда меңгерту, көркем жазу дағдыларын жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту міндеттері қойылды.

Қазақ тілі пәні білім берудің негізгі бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. «Қазақ тілі» оқулықтары жаңартылып, жаңа мазмұнда дамыта оқытуға негізделіп құрылған. Бағдарламалық материалдардың "Тіл және сөйлеу", "Фонетика", "Лексика", "Сөзжасам", "Морфология", "Синтаксис", "Мәтін", "Пунктуация" бөлімдерінен құрылуы негізгі тілдік ұғымдарды бір-бірімен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы теориялық білімді ұғыну мен оны сөйлеу әрекетінде практикалық тұрғыдан меңгеру үрдістерінің бірлігіне қол жеткізілді.

Қазақ тілінен оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тізімі:

1. "Қазақ тілі" оқулығы (2-4 – сыныптар).
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (2-4 сыныптар).
3. Қазақ тілінен үлестірмелі дидактикалық материалдар (2-4-сыныптар).
4. Диктанттар жинағы (2-4-сыныптар)

Қазіргі білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге орай бастауыш сыныпта оқытуды жетілдіру әр ұстаздан дамыта оқытудың әдіс-амалдарын меңгеруді, оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін интерактивті оқыту технологиясы негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 1991.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030. «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997

4.Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 16 қазан,2004ж.

5.ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты. Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сатысындағы білім мазмұны мен тұжырымдамасы. –Алматы. 1998.

6.Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989

7.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2005.

8.Құлмағамбетова Б. «Қазақ тілі» сабағында техникалық құралдарды пайдалану. –Алматы, 1975.

9.Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. –Алматы, 2001

10.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. –Алматы: Ана тілі, 1991.

ӘОЖ 373.3:330

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБИТАЕВА А.С.

Жамбыл атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В исследовательской работе путем обзора ряда научных работ даны определения понятий «общество», «сельский социум», «сельская школа» как основного научного объекта сельской социальной педагогики.

Summary. In the research work, definitions of the concepts "society", "village society", "village school" as the main scientific object of rural social pedagogy were given by reviewing a number of scientific works.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасын нарықтық экономика елі ретінде танып отыр. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде еліміз өркениетпен ықпалдаса, жаңа прогресшіл технологияларды пайдалана отырып, экономика саласында үлкен бетбұрыс жасады. Осыған орай қоғам өмірінің негізін құрайтын және экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің аса маңызды факторы болып табылатын білім беру жүйесінің, соның ішінде ауыл мектептерінің қызметін арттыру мәселесі алға шығып отыр. Қазіргі жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгуге талпынып отырған біздің мемлекетіміздің басты мақсаты да қала мен ауыл арасындағы байланысты нығайтып, олардағы білім мекемелерінде тұрақты хал-ахуал орнату болып табылады. Ауылдық мектеп оқушыларының білім жетістігін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру, нәтижеге бағдарлап оқыту, ұлттық құндылықтарды оқушылар бойында қалыптастыру, білім беруді ізгілендіру, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, іргелі білім беру, оқушылардың құзырлығын арттыру т.б. басым бағыттар оқыту үрдісінің негізін құрайды. Ғылыми-зерттеу жұмысында ауылдың әлеуметтік педагогикасының негізгі ғылыми объектісі ретінде “социум”, «ауыл социумы», «ауыл мектебі» деген ұғымдарға бірқатар ғылыми еңбектерге шолу жасау арқылы төмендегідей анықтамалар берілді:

Социум –(латын тілінде *Socium*- жалпы, бірлестікте) адамдардың бірігіп, мәдени қоғамдастықта өмір сүруіне қажетті үлкен тұрақты әлеуметтік қоғамдастық.

Әлеуметтік орта - адамдардың нақтылы бірлікте, белгілі уақытта, өзінің қандай да болмасын мақсатқа жетуге бағытталған, біріккен іс- әрекетіне жағдай туғызатын факторлардың жиынтығы.

Ауыл әлеуметі (ауыл социумы)- халықтың мәдени- тарихи өмірін дамытуға бағытталған, мектептегі оқу үрдісіне тікелей қатысы бар мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтендіру жүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі инфрақұрылым.

Социумның қоғамдағы қызметі мекендік орналасу жағдайларына байланысты әлеуметтік-тарихи, әлеуметтік- экономикалық, мәдени бағытта қарастырылады. Социумның әлеуметтік аумағы жеке адамдардың өзара қатынасы және оларды қоршаған ортаның құбылыстары мен процестері арасындағы бірігіп еңбек ету нәтижесінде ауыл өмірінің тұрмыстық және шаруашылық негіздері қалыптасатын байланыстарды қамтиды. Ал әлеуметтік саясат әлеуметтік мүдделер мен

қажеттіліктерді қанағаттандыруға, салауатты өмір салтын орнатуға қажетті саяси шешімдер мен іс- әрекеттер жиынтығын құрай отырып, қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Ауыл социумын барынша сипаттайтын ерекшеліктер қатарына жерге, табиғатқа айрықша қатынас, ауыл әлеуметінің ашықтығы, адамдардың бір- бірімен қарым- қатынасының сенімділігі, әрбір отбасына деген қамқорлық және т.б. жатқызуға болады. Еліміздің кең-байтақ дархан даласын алып жатқан халық саны аз, ірі мәдени орталықтан алыс, өмір салты қарапайым, еңбек түрі көбінесе жер өңдеу және мал өсірумен байланысты елді мекендер *ауыл* деп аталады. Ауыл өмірі оның ірі қалалардан алыс не жақын орналасуына байланысты әр түрлі болады. Қазіргі статистикалық деректерге қарағанда қазақ ұлтының 60 пайызы, жалпы Қазақстан халқының 45 пайызы ауылды жер тұрғындары болып табылады. Кейінгі кездегі ауыл халқының қалаға көшіп- қонуы салдарынан мұнда кәметке жеткен, еңбектену мүмкіндігі жоғары жастардың саны азайған. Жас отбасылардың қалаға көптеп көшуі себепті ауылдағы балалардың да саны азайып, бала- бақшалар жабылып қалуда. Бұл өз кезегінде ондағы мектептердің әр түрлі болуына ықпал етіп, шағын мектеп, аралас мектеп, бастауыш мектеп, 8-9 жылдық мектеп т.б.білім беру мекемелерін ұйымдастыру қажеттігін туындатып отыр.

Қазіргі ауыл мектептері- ұлт мектебінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасының ұлттық білім саясатын жүзеге асыратын мекеме қызметін атқарады. Ауыл мектебі- қазіргі кезеңдегі ауыл дамуының негізі болып табылатын оқушылар мен ауыл тұрғындарының мүдделері мен қажеттіліктерін есепке алатын, ауыл тұрғындарының рухани- адамгершілік құндылықтарын, дәстүрін, әдеп- ғұрпын, тұрмыстарын және олардың азаматтық құқықтарын сақтап, дамытатын білім беру мекемесі болып табылады. *Ауыл мектебі* жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның, билік орындарының арасында байланыс орнатып, оқушылардың құқықтарының жүзеге асуына, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектесіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Ауыл мектебі дамуының стратегиялық бағыттары тіршілік әрекетінің мәдени-білім беру дәстүрлеріне, тарихи тәжірибелерге, ауыл мектебін қазіргі білім беру жүйесіндегі базалық құбылыс ретінде тануға және оқушылардың жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін, ашық мәдени педагогикалық дамушы ортаға негізделуі қажет.

Ауыл мектептеріндегі білім беру қызметін ұйымдастырудың ең өзекті жағыбілім сапасын жоғары деңгейге көтеру, оны дамытудың тиімді тәсілдерін анықтау, мектепке практикалық көмек көрсету, маман кадрлармен жабдықтау, оқу- әдістемелік қызметті жетілдіру арқылы оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді анықтау, оларды болдырмаудың жолдарын іздестіріп, түйінді мәселелерді сараптау болып табылады. Ауыл мектебінің тәрбиелік мүмкіндігі зор, олар халық менталитеттерінде: туған жерге, елге деген сүйіспеншілік, табиғатты ерекше қастерлеу, қорғау, аялау, үлкен-кішіні сыйлау, меймандостық, көңілдің ашықтығы, адами қатынастар, отбасы мүшелері мен ағайын-туыстарға қайырымдылық, өнерді қастерлеу, ар- ұятты ұстау, т.б. қасиеттерден көрінеді.

Ауыл мектебінің даму моделінде жас ұрпақты қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, көпұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуда мектептегі елжандылық тәрбиесінің дәрежесі өте маңызды орын алады. Ауыл мектептеріндегі оқу-тәрбиені нарықтық экономика жағдайына бейімдеу мақсатында әлемдік өркениеттің озық үлгілерін ұлттық тәрбие беру процесінде пайдалану, ата-ананың рөлін күшейту, оқу- тәрбие ісіне жаңа технологияларды енгізу негізгі өзекті мәселелер қатарына жатады. Алайда ауыл мектебінің нарықтық экономика жағдайындағы нақтылы жобасы әлі де жасалмаған.

Ауыл мектептері- елді мекендегі білім ошағы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік- педагогикалық жұмысты ұйымдастыратын орталық міндетін де атқарады. Қазір көпшілік ауылдарда мәдениет үйлері, кітапхана, радио, телеарналар жоқ ешкім жоққа шығара алмайды. Бар болса да бір ғана телеарна бар. Міне сондықтан ауыл мектептерінің екенін оқу- тәрбие жоспарында ауылдың әлеуметтік өмірі де көрініс табуы заңды құбылыс.

Ауыл мектептерінің оқу- материалдық базасының нығаюы көбінесе мектептің басшысына байланысты. Көптеген мектептер жеке тұлғалар кәсіпкерлердің демеушілік көмегі мен жергілікті өкіметтің материалдық жағынан қолдауының арқасында қиындықтан шығып келеді. Бюджеттен тек жалақыға ғана тиісті қаржы бөлінеді. Ауыл мектебінің өзіндік қиындықтары мен ерекшеліктерін саралай келе нарықтық экономика жағдайындағы *ауыл мектептерін дамытудағы атқарылар шаралар* қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Ауылдың әлеуметтік жағдайын көтеруде халықтың шаруашылық- тұрмыс жағдайын жақсарту, мектеп пен жоғары оқу орындарын бітірушілерге жағдай жасау, мәдениетті адам құқығын және жер иесі мәртебесін көтеру;

2. Мәдени орта құрушы тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстануға, демалысын ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік беру;

3. Жеке тұлғалардың адамгершілік қадір- қасиеттерінің қалыптасуына, өзін-өзі шығармашылықпен айналысуға, өмірде өз орнын табуға, әрқайсысының білім алуына ұйытқы болу және олардың азаматтық құқықтарын өмірлік жағдаяттарда орынды пайдалана алуын қамтамасыз ету;

4. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан оқушылардың ұлттық сана-сезімдерін тәрбиелеу, әлемдік деңгейге бағдарланған өркениетті жалпы орта білім беру.

Бұл шаралардың атқарылуы ауылдағы үздіксіз білім беру үрдісінің бала-бақшадан бастап, жаңадан енгелі отырған бағдарлы мектепке дейінгі аралықта өкімет тарапынан қолдау тауып отырғанда ғана іске асады. Ал ауыл мектептеріндегі үздіксіз білім беру үрдісін жетілдіру үшін бірінші кезекте мектептің төмендігідей даму бағыттарын айқындап алу қажет:

- ауыл мектебінің ғылыми-теориялық, әдістемелік негізін әлемдік білім деңгейіне жақындату;

- этнопедагогика, этнопсихология, әлеуметтік педагогика және психология жетістіктерін білім беру сатыларында ұштастыра отырып, ұлттық білім саясатын жүзеге асыру;

- ана тілі, ұлттық діл, мәдениет пен тарихты өркениет жетістігімен қатар өрбіту;

- ұрпақтың тәрбиесі мен дамуын қаржылық, денсаулық сақтауды дамыту тұрғысында қамтамасыз ету тәрізді даму бағыттары айқындалды.

Осы бағыттар негізінде ауыл мектебінің төмендігідей психологиялық- педагогикалық қызметін жүзеге асыру қарастырылады:

- ауылдық елді мекендердегі білім мекемелерінде оқушыларға жалпы білім беру мен қатар оларға әлеуметтік тәрбие, психологиялық білім беруді де жүзеге асыру;

- ауыл мектебіндегі оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды дұрыс жолға қоюды қадағалау;

- ауыл социумының әлеуметтік жағдайы мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастықты қалыптастыру;

- оқушыларға және олардың ата-аналарына әлеуметтік- психологиялық және әлеуметтік- педагогикалық көмек көрсету;

- оқушыларды ауыл шаруашылық жұмыстарына бейімдеуге бағдар жасау;

- оқушылардың таңдаған мамандықтарына сай өмірден өз орындарын табулары үшін оларға педагогикалық және әлеуметтік тұрғыда дұрыс бағыт беруді ұйымдастыру.

Ауыл мектептеріндегі психологиялық-педагогикалық жұмыстарын ұйымдастырудың төмендегідей сипаттары:

Ауылдағы тұрмыс- тіршіліктің ірі орталықтардан айырмашылығы; ауыл экологиясы мен табиғат арасындағы тұтастық; отбасын сақтау, отбасын құру, ұрпақ жалғастығы; ауыл мәдениетінің жеке тұлға қалыптастырудағы орны; ауыл мектебіндегі оқу- тәрбие жұмыстарының сапасы; ауыл мектептеріндегі оқыту үрдісін әлемдік деңгейге жақындату; ауыл мектебінің басшысы, мұғалімдер мен тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі т.б. ауылдық мекендердегі оқыту үрдісінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер ауыл мектебінің құрылымдық сипатына әсер етеді, сол себепті де ауыл мектептерінің 40 пайыздан астамы шағын жинақталған мектептер болып табылады. Ауылдық жерде 2148 шағын кешенді мектеп жұмыс істейді. Ауыл мектебінің білім беру жүйесіндегі орны, атқаратын қызметі жөнінде ауыл мектебі проблемаларына жақын келетін кейбір факторларды қазақстандық ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмыстарында арқау еткен. Ғылыми-зерттеу жұмысында ауыл мектептерінің қазіргі құрылымдық жүйесі жалпы білім беретін ауыл мектептері мен шағын жинақталған мектептерді құрайтыны зерделенді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында нарықтық экономика жағдайындағы ауыл мектептеріндегі үздіксіз білім беру үрдісінің құрылымы мемлекеттік және мемлекеттік емес білім мекемелері болып бөлінуімен ерекшеленетіндігі дәйектелді. Сөйтіп, *ауылдағы жалпы білім беретін орта мектеп*- оқушыларға орта (толық) жалпы білім беретін, қоғамдық- практикалық іс- әрекетке және орта және жоғары кәсіптік білім мекемелеріне дайындайтын жалпы білім беретін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін орта мектептің оқу бағдарламаларын жүзеге асыруды да қамтамасыз ететін оқу мекемесі болып саналады.

Зерттеу барысында бірқатар ғылыми еңбектерді, құжаттарды зерделей келе, ауыл мектептерінің төмендегідей *элеуметтік –педагогикалық мәселелері айқындалды:*

- ауыл мектебі жастарды ауыл шаруашылығына бейімдейтін негізгі орталық болғандықтан, мектепте оқушыларға кәсіптік бағыт-бағдар беру мәселесінің дұрыс жолға қойылуын реттеуге міндетті;

- ауылдық мектептердің әлеуеті оқушылардың білім, білік, дағдыларына жаңа сипатта бағдар жасауға, оқушының жеке тұлға ретіндегі шығармашылығын дамытуға, оларды элеуметтендіруге, өзін-өзі жетілдіруге, өмірде кездесетін әртүрлі жағдаяттардан дұрыс жол таба білуге үйретуде толымсыздық көрсетіп отыр. Сондай-ақ ауылда оқушыны тәрбиелеуші және дамытушы ортаның жоқтығы қиындықтар туғызатындығы айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бермус А. Г. Практическая педагогика. Учебное пособие. М.: Юрайт, 2020. 128 с.
2. Блинов В. И. М.: Юрайт, 2019. 354 с.
3. Богданова Т. Г. Основы специальной педагогики и специальной психологии. Сурдопсихология. Учебник для СПО. М.: Юрайт, 2019. 236 с.
4. Бороздина Г. В. Основы педагогики и психологии. Учебник. М.: Юрайт, 2016. 478 с.

УДК 37.012-057.875

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО УЧИТЕЛЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

КУЛЕШОВА Е.А.

Учитель начальных классов, средней школы №32, Республика Казахстан, г. Тараз

Түйіндеме. Мақалада инновациялық іс-әрекет жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық шығармашылығын зерттеу нәтижелері берілген.

Summary. The results of the research on pedagogical creativity of primary school teachers in the conditions of innovative activity are given in the article.

Быстро изменяющаяся социальная действительность вызвала к жизни новые цели, содержание, методики и технологии образования. Это повлекло за собой и иные требования к педагогу. Сегодня учитель должен выполнять функции не только преподавателя, наставника, воспитателя, но и исследователя, который открывает в своей деятельности новые принципы, способы обучения и воспитания, объединяет традиции с нововведениями, строгие алгоритмы и правила с творческим поиском, использует новые информационно-коммуникативные технологии.

В последние десятилетия в нашей стране и Республике Казахстан сформировалась многоуровневая, непрерывная государственная система подготовки, переподготовки и повышения квалификации учителей начальных классов с учетом разных типов и видов школ. Из многообразия путей, форм, методов развития, учитывающих инновационные условия формирования профессиональной деятельности учителей в Казахстане, ее культурные традиции, нравственность, мораль и реальная социальная структура населения наиболее приемлемы к использованию профессиональных качеств учителей начальных классов в образовательном процессе.

В условиях инновационной деятельности учителя особую важность приобретают человеческие качества педагога, которые становятся профессионально значимыми предпосылками создания благоприятных отношений в учебно-воспитательном процессе [1, с. 243].

Известно, в педагогической деятельности учитель является активной, творческой личностью, который всегда выступает организатором повседневной жизни школьников, пробуждает интересы, ведет учащихся за собой - это может только человек с развитой волей, где личной активности отводится решающее место. Педагогическое руководство классом обязывает воспитателя-учителя быть изобретательным, сообразительным, настойчивым, всегда готовым к самостоятельному разрешению любых ситуаций.

Анализ истории вопроса показывает, что важнейшую роль в разработке основ теории педагогического творчества сыграла советская психологическая наука, исследовавшая основные закономерности творческого процесса в самых разнообразных видах деятельности. В

фундаментальных трудах Л. С. Выготского, С. Л. Рубинштейна, Б. М. Теплова, в работах А. Г. Ковалева, Я. А. Пономарева, Н. С. Лейте-са, Ю. А. Самарина, В. Н. Пушкина, А. М. Ма-тюшкина, Т. В. Кудрявцева и др. подвергались исследованию самые различные срезы творческого процесса, помогающие осмыслить его сущность в педагогической деятельности, чему во многом способствовали и исследования видных советских ученых Б. М. Кедрова, А. В. Брушлинского, Б. С. Мейлаха, М. Г. Яро-шевского, П. М. Якобсона, П. В. Симонова и др. [2, с. 29]. Педагогическая деятельность требует от учителя постоянного творческого поиска.

Наиболее эффективный путь профессионального самообразования, одно из качеств педагогического творчества учителя - это разработка того или иного аспекта из научных или методических проблем комплексной темы школы. Т. А. Вайзер в своем исследовании инновационной деятельности учителей начальной школы утверждает, что в процессе выполнения инновационной работы происходит саморазвитие учителя как субъекта инновационного процесса школы. Инновационное творчество учителя приводит к становлению новых качественных характеристик деятельности самого педагога [3, с. 75]. Так, у него возрастает системность в сознании и профессиональной педагогической деятельности, т. е. расширяется свобода учителя в постановке целей, выборе содержательной и процессуально-методической сфер; происходит осознание этой свободы как права на творческое самовыражение - обеспечивается ориентация учителя на реализацию гуманистической, личностной направленности образования; преодоление авторитарности, установка на сотрудничество, диалог с воспитанником, соавторство учителя с учеником в разработке всех компонентов педагогического процесса (его целей, средств, ожидаемых результатов, критериев их оценивания и др.); технологичность педагогической деятельности - построение собственной авторской, индивидуально-адаптированной педагогической системы [4, с. 68].

Инновационная деятельность учителя включает наряду с различными видами профессиональной деятельности разработку и апробацию идей исследовательской работы по образовательным направлениям. Здесь главным профессиональным качеством является креативность, т. е. творческое отношение учителя начальных классов к своей практической педагогической деятельности.

Работа по данному направлению имеет положительные результаты, которые выражаются в достижениях учеников младших классов на конкурсах и олимпиадах сельского, улусного и республиканского уровней. Образовательное пространство в конечном итоге развивает у учащихся начальных классов умения и навыки исследовательской деятельности через определение системы и технологии, а также научное руководство ведут учителя начальных классов. Оценкой исследовательской деятельности ученика и учителя является само участие на конкурсах и в олимпиадах разного уровня, а также признание жюри результатов их научных работ.

На сегодня школа определилась и является центром сельского социума. Составлена программа развития школы, куда вошли проекты по учебно-воспитательной работе и социальному партнерству.

Успешность претворения в жизнь этих проектов определяется наличием в школе хороших, компетентных специалистов, ориентированных на успех. Для этой цели в школе ряд лет ведется планомерная работа по формированию внутренней мотивации учащихся, учителей и родителей, которая помогла систематизировать методическую работу в коллективе.

Основными направлениями работы методического объединения учителей начальных классов можно считать:

- разработку и применение технологий учебно-исследовательской работы учащихся, учителей и родителей;
- развитие креативных способностей учащихся и учителей (исследовательская работа и защита на разных уровнях олимпиад и т. п.);
- организацию единого образовательного пространства для учителей и учащихся в условиях сельского социума.

Важным для этой школы является создание учителями благоприятных условий для развития креативного мышления в рамках исследовательской деятельности учащихся. Так, учащиеся, принимая участие в работе созданной благоприятной психологической среды, ведут исследования по интересующим вопросам, выступают с докладами перед одноклассниками, а также выступают в научно-практических конференциях разных уровней. Темы для исследований учащиеся начальных классов выбирают из содержания учебных предметов или близких к ним, а проблема

исследования находится в рамках познавательных интересов ребенка и в зоне «ближайшего развития».

Использование исследовательского подхода в обучении помогает учителям повысить результативность и качество учебно-воспитательного процесса. Также у учащихся значительно повышается интерес к окружающему миру, его предметам, культуре народов разных национальностей, возрастает интерес к изучению жизни животных. У детей активно развиваются любознательность, самостоятельность, стремление повысить свой культурный и интеллектуальный уровень, т. е. познавательная деятельность, появляется умение преодолевать трудности, повышаются коммуникативные способности и осмысливаются нравственные ценности общества.

Следует отметить, что главная роль в работе учебно-воспитательного процесса отводится личности учителя начальных классов, его человеческим и профессиональным качествам, как руководителю и посреднику процесса развития личности учащегося.

Таким образом, рассматривая педагогическое творчество как один из компонентов инновационной деятельности учителя начальных классов, следует обратить внимание на динамизм и мобильность в контексте времени и пространства. Оставаясь неизменными по названию, они постоянно наполняются новым содержанием, что является одной из составляющих инновационной деятельности учителя.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Послание Главы государства Н.А. Назарбаева к народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», январь 2014.

2.Кустобаева Е.К. Пути совершенствования профессионально-педагогической подготовки учителя (на материале преподавания пед.дисциплин): автореф. дис. д-ра пед.наук. – Алматы, 1999.

3. Подласый И. П. Педагогика: Новый курс: В 2 кн. М., 2003. С. 243.

4. Слостенин В. А. Педагогика. М., 2005. С. 29.

ӘОЖ 378.115

ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ ЖАҢА ДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

БЕШТАЕВА С.Ш.

Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В настоящее время вузы страны ориентированы на подготовку универсальных специалистов. Мы также стремимся к формированию компетентного специалиста и совершенной личности, прививающей национальные ценности. Кроме того, возрастает роль гуманитарного образования. Гуманитарное образование, осуществляющее духовную модернизацию молодежи, впитывающее казахские национальные ценности и обучающее другим народам глобального мира передовым идеям. В своей программной статье Елбасы отметил важность гуманитарного образования. Понимание процессов, происходящих в мире, их анализ, мышление, выявление положительных или отрицательных сторон и научное предсказание будущего - это требование времени. Поэтому обучение гуманитарным знаниям является основным способом подготовки современных специалистов.

Summary. Currently, the country's universities are focused on training universal specialists. We also strive for the formation of a competent specialist and a perfect person who embodies national values. In addition, the role of humanitarian education is increasing. Humanitarian education, which carries out spiritual modernization of young people, absorbs Kazakh national values and teaches other peoples of the global world advanced ideas. In his program article, the head of state noted the importance of humanitarian education. Understanding the processes taking place in the world, analyzing them, thinking, identifying positive or negative aspects and making scientific forecasts for the future is a matter of time. Therefore, the training of humanitarian knowledge is the main way of training modern specialists.

Әлемді кеңірек қамтитын жаһандану тенденциясы жаңа дәуірдің айқын сипаттамасына айналуда. Бұл үрдіс жылдан жылға Қоғамның даму заңдылықтарына, өркениет интеграциясының басым сипатына, білім беруді интернационалдандыруға және әлемдік қоғамдастық нысандарын интеграциялауға көзқарастарға тереңдей түседі. Жаһандануға сіңбеген үйлесімді интеграция ұлттық сананы, рухани байлықты, озық дәстүрлерді, тарихи танымды, сондай-ақ адамзаттың озық мәдениетін сақтай отырып, әлемдік қоғамдастықта өз орнын табуды білдіреді.

Бұл жас ұрпақтың гуманитарлық білімінің тиімділігін арттыру арқылы ғана басуға болады: ұлттық тіл мен әдебиетті, мәдениет пен өнерді насихаттау, тарихи сананы, яғни әр елдің ұлттық тарихы мен ойлауын, ұлттық тіл мен әдебиетті, өнер мен мәдениетті нығайту. бұл бағытта білім беруді дамыту және оның ұлттық және жалпыадамзаттық ерекшеліктерін нығайту үлкен маңызға ие[1,165б.]

Қазіргі заман-бұл білім мен ғылымның уақыты ғана. Бүгінгі таңда "білім экономикасы" жаһандық дамудың негізгі факторына айналуда. Білім беру "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл Жолдауда Басшымыз ғылым мен білім беруді дамытуға басымдық береді. Елде жүргізіліп жатқан білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру және оны жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкестендіру болып табылады. Кез келген елдің басты ерекшелігі-тарихи жады, тілі мен әдебиеті, өнері мен мәдениеті. Тіл, тарих және әдебиет - ұлттық сананың үштұғырлығы. Сондықтан ұлттық сана мен жауапкершілікті дамытудың стратегиялық ұстанымын айқындайтын маңызды жобаларды іске асыру маңызды. Жаңа қазақ қауымдастығының әлеуеті мен гуманитарлық ұстанымын анықтау қажет.

Адам білімінің нақты саласы - тіл мен әдебиет-бүгінде ел тарихы мен тағдырының сабақтастығын қалыптастыруда, бір-бірімен мәдени байланыстар құруда, жастарды адамгершілік пен патриотизмге тәрбиелеуде шешуші құрал болып табылады. Қазіргі ғылыми парадигмада тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге халықтың мәдени мұрасын қорғайтын, ұлттық білім мен өзін-өзі тануды куәландыратын және адамдарды біріктіретін әлеуметтік-саяси күш болып табылады. Ал әдебиет-ұлттық рухани жады, адам дамуының қозғаушы күші және тарихи және көркем баяндау. Тіл және әдебиет туралы Әлеуметтік ғылымдар қозғалысы өзекті тақырыптар бойынша әртүрлі ғылыми зерттеулер аясында танылуы керек. Осы мақсатқа жету үшін ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне негізделген заманауи технологияларды енгізу, білім беруді интеграциялау, ғылыми жобалау және өндіріс арқылы орта және жоғары білім сапасына қол жеткізу қажет.

Елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында бірқатар жұмыстар жүргізілуде, оның мақсаты болашақ ұрпақ үшін Қазақстан халқының ұлттық мәдени құндылықтарын қалпына келтіру, зерделеу, дәріптеу, сондай-ақ оларды адамзаттың жалпы қабылданған рухани мұрасына айналдыру болып табылады. Білім беру мен ғылымды дамытудың басым бағыттары инновациялық: өнеркәсіп, техника және технологиялық қамтамасыз ету, гуманистік саланы дамыту, жастарды рухани және мәдени құндылықтар мен мәдени тәрбие мен заманауи интерактивті дамуға баулу, көпмәдениетті даму болып табылады. Ұрпақтарымыз қарым-қатынасқа дұрыс назар аудару және олармен таныс болу маңызды. Олар бір-бірін қолдап, тығыз байланыста болған кезде ғана олар елдің болашағына қызмет ете алады. Себебі техникадағы бір жақты бидің мысалдары әлемдік тәжірибеде аз болған жоқ [2,210б.]

Бүгінгі таңда әлемдік философтардың дабыл қағуы бекер емес, қоғам рухани мәдениетке бағытталған, Батыс пен Америка Құрама Штаттары осы ұлттық және рухани құндылықтарды артта қалдырған және бұқаралық мәдениетті ынталандыратын рухани құлдыраудың алдында тұр. Тәуелсіздік табалдырығында тұрған Қазақстан ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды керемет, балғын және жарқын көрсетеді және мемлекеттік бағдарлама шеңберінде іске асырылатын ауқымды іс-шаралар ұлттық тарих пен мәдениетті, әдебиет пен өнерді білдіреді деп айту артық айтқандық емес. Кеше Астанадағы ІУ Дүниежүзілік қазақстандық құрылтайда бас министр Нұрсұлтан Назарбаев: " Тәуелсіздіктің тірегі ұлттық сана екенін білесіздер. Ал ұлттық сана тарих пен мәдениет арқылы қалыптасады «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы табысты іске асырылуда. Мемлекет тарапынан ұлан-ғайыр қаржы бөлінген», - деді ол. Білім әр адамның мемлекеттік және Ұлттық қажеттіліктерге жақын дамуын және бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын шарт ретінде қарастырылады.

Тағы бір маңызды мәселе - "тілдік тұлғаны"қалыптастырудағы тәртіптік функция. Демек, дүниетанымды қалыптастырудың ең тиімді және қасиетті тәсілі-ана тілін еркін меңгеру. Олардың

барлығы мемлекеттің егемендігін қорғаудың орнына мемлекеттің егемендігін қорғаудан бас тартуы керек. Біріншіден, әр ата-ананың, мұғалімнің және әр адамның міндеті-бала кезінен бастап тарихи білімді тұрақтандыру емес, ана тілі мен әдебиетінің интеграциясына ықпал ету. Сонда ғана біз жаһандандудың салдарына қарсы тұра аламыз.

Жаңа гуманитарлық ғылымдар «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында біздің аудиторияға әлемдік деңгейдегі сарапшылар әзірлеген маңызды және танымал оқулықтар келіп түсті. Осының арқасында біздің гуманитарлық институттарымыздың мазмұны қанық болып, аудиториялардағы сөйлеу деңгейі әлемнің үздік университеттерінің рейтингіне жетті[3].

Осы жобаның арқасында қазақ тіліне аударылған жаңа академиялық мектеп құрылды. Қазір бұл әлемді жоғалтпау маңызды, бірақ оның тәжірибесін болашақта өз пайдаңызға пайдалану маңызды. Біз тілді білмейтін адамға үйрету қызықсыз деген пікірді жиі естиміз. Тіл-бұл оны мазмұны жағынан қызықты етеді. Тіл табиғатта маңызды болуы керек. Ол үшін заманауи жұмыстар осы тілде жариялануы керек. Адам және маман ретінде мен жастардың қалыптасуы туралы білім бере алмайтын болашақ тілі жоқ деп санаймын. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі барлық гуманитарлық ғылымдарда жаңа мазмұн, түсінікті ақпарат пен мағынаға ие болды. Бұрын мұндай жағдай болған емес. Ең бастысы, бұл болашақ үшін жұмыс істейді.

100 жаңа оқулықтың арқасында біз қоғамның санасы үшін маңызды гуманитарлық ғылымдардың бірнеше салаларының мазмұнын мұқият жаңарттық. Ғылым, философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану және өнер тарихы, журналистика, мәдениет және өнертану, лингвистика, шығыстану, әдебиет теориясы, педагогика және психология жаңа пәнаралық мазмұнға, өркениеттік және гуманистік тенденцияларға ие болғандықтан, олардың көпшілігінде әлі де сынып, формация, идеология бар.

Қорыта келе, сонымен қатар, гуманитарлық бағытта осы жобаның арқасында біз қазақ тілінде әлі дамымаған бірқатар жаңа салаларды аштық. Жаңа жалпы салалар пайда болды: экономика, микро және макроэкономика, менеджмент және маркетинг, қаржылық сауаттылық, ағылшын құқығы, статистика, сандық және сапалық зерттеу әдістері, этика және эстетика, антропология, интернет психологиясы, медиа этика, өнер тарихы, театр және кинотану, сценарий.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гуманитарлық зерттеу мәселелері А. Е. Қожахметова 2011ж. – 165 б.
2. Гуманитарлық зерттеу мәселелері . Н. М. Утарбаева 2008ж. – 210 б.
3. <https://kk.scienceforming.com/10583698-what-sciences-belong-to-the-humanities>

ӘОЖ 37.255.89

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ

ҚЫЛЫШБАЙ Н.Б.

Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены пути внедрения новой педагогической технологии.

Summary. The article discusses the ways of introducing a new pedagogical technology.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік- экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады.

Бұл жерде ұстанымдар кәсіби педагог кадрларын даярлау жүйесіндегі көзқарастардан айқындалары даусыз.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-

педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Ол үшін болашақ мұғалімдерді даярлауға жоғары оқу орындары төмендегідей жұмыстар атқаруға тиісті:

1.Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

2.Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім саласын басқарудың жаңа формалары мен әдістерін пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесін жаңарту;

3.Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;


4.Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесінен дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде оқушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу;

Жалпы білім беретін мектептерде бүгін белең алып отырған кемшіліктері баршылық:

- білім сапасының төмендігі;
- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;
- директивалық құжаттар көптеп шығарылғанымен оның мардымсыздығы;
- оқушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы;
- оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Оқу-тәрбие үрдісіне жаңалықтар енгізу төмендегідей жолмен көрсетуге болады:



Инновациялардың таралу үрдісінің бір түрімен (А, Ә, Б) екінші түрінде өту ерекше функцияларды орындайды.

А - новациялар белгілі болады, көпшілікке таралады. Жаңалықтарға жол ашылады;

Ә - олардың теориялық және әдістемелік жолдары ойлап шешіледі;

Б - жаңалықтарды енгізу жолдары қарастырылады, білім беру ұйымдарының жұмыстарына енгізіледі;

Оқу – тәрбие үрдісіне педагогикалық жаңалықтарды енгізу IV кезеңінен тұрады.

I кезең: Жаңа идеяны іздеу

Ақпараттандыру және инновацияларды ұйымдастыру, жаңалықтарды іздестіру.

II кезең: Жаңалықтарды ұйымдастыру

Оқу-тәрбие үрдісінде жаңалық енгізулерді алғашқы байқаудан өткізу, ұйымдастыру және кеңес алу.

III кезең: Жаңалықтарды енгізу

Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану.

IV кезең: Жаңалықтарды бекіту

Оқу-тәрбие үрдісінде енгізілген жаңалықтардың нәтижесін бағалау.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Мектеп өмірінде болып жатқан өзгерістер, олардың инновациялық бағытқа бет бұруы болашақ мұғалімдерді даярлаудағы әдістемелік өзгерістермен тығыз байланысты.

Педагогикалық инновациялар мағынасына, мазмұнына, нәтижесіне қарай 2 түрге бөлінеді:

- білім беру жүйесіндегі инновациялар;
- оқу-тәрбиелеу жұмысының жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны мен құрылысына жататын инновациялар.

Ал оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық инновация басқадай қаралады:

- Білім беру мекемесін тұтастай ұйымдастыру әрекеті:

Мектеп - бала бақша;

Мектеп-жоғары оқу орны;

Мектеп-оқу- тәрбие жиынтығы;

• Мұғалімдер жұмысын ұйымдастыру: оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастыруымен сабақ берудегі әдіс пен әдістемелердің өзара байланысы, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстар ерекшелігі:

• Белгілі бір бағдар берушілік пен мемлекеттік білім деңгейін қамтамасыз ететін оқушылар жұмысын ұйымдастыру: жеке бас қызығушылығы мен мүмкіндіктерін дамыту мен жағдай жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе. РИПК СО, 1999.
2. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №34.
3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1994ж.
4. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1997.- 34б.
5. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.- №11-12, 24-35б.

ӘОЖ 37.332.07

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

АЛИМКУЛОВА С.С.

Тұрар Рысқұлов атындағы №20 жалпы орта білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассмотрены эффективные способы критериального оценивания достижений младших школьников.

Summary. The article discusses effective ways of criteria-based assessment of the achievements of younger schoolchildren.

Қазіргі әлемде білімнің қоғамдағы барлық саладағы ілгерілеуді қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретіндегі рөлі жүйелі өзгерістерді талап етеді. Білімнің негізгі және ең ұзақ сатысы ретінде, мектеп білімінің жаңа сапасын қамтамасыз етудің түйінді сәті болып отыр, оған әр азаматтың және тұтас қоғамның келешектегі өмірлік табыстылығына байланысты.

Бастауыш білім берудің мақсаты – кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру. Критериалды бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Айталық, қарапайымнан күрделіге қарай шиыршық бойымен дамып, өрлей түскені жай ауызекі тілде ғана ойын жеткізуден, күрделі мәтіндер құра білу дағдылары шындалып, тілдік құзыреттіліктері шындала түседі. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда.

Оқушылардың және олардың ата-аналарының әрбір индивидумның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын толыққанды білімге құқықтарын қамтамасыз ету үшін жағдай жасаған маңызды. Оқудың нұсқалары мен әдістерінің көптүрлілігі көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен ілесуі тиіс, оны білім алушылардың жетістіктерін бағалау үрдісінде айқындауға болады.

Бастауыш мектептің бірінші сыныбында ресми білім алу бірінші сынып оқушыларының мектепке жайлы бейімделуі үшін бағалаусыз оқыту қағидаттары негізінде құрылған. Іс жүзінде бастауыш мектеп білім алушыларының жетістіктерін бақылаудың және бағалаудың балама жүйесі табысты қолданылуда. Білім алушылардың, соның ішінде бастауыш мектеп оқушыларының да жетістіктерін бағалаудың ұтымды нұсқасы болып критериймен бағалау жүйесі табылады.

Критериалды бағалау технологиясының қолданысы білім алушылардың жетістіктерін нақты анықталған, алдын-ала белгілі критерийлермен салыстыруды көздейді, әлдебір оқу материалының қаншалықты сәтті меңгерілгенін, әлдебір практикалық дағдының қаншалықты қалыптасқанын анықтап, әр білім алушының жалпы дайындығы деңгейіндегі өзгерістерді де, оның түрлі танымдық аяларындағы табыстары динамикасында тіркеуге мүмкіндік береді.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың бастауыш мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді.

«Бағалау» сөзі латын тілінен тікелей аударғанда «жақын отыру» деген мағына беретіні кездейсоқ емес, сол арқылы ол бағалаудың мәнін білдіреді, мысалы, бір адам екінші адамның не айтып отырғанын немесе не істеп отырғанын мұқият бақылайды немесе өзін-өзі бағалау жағдайында оқу үдерісіне ой жүгіртеді.

Бағалау – оқу үдерісі мен нәтижесі туралы ауқымды түсініктен тұратын педагогикалық үдерістің маңызды элементі. Ол–білім алушылардың оқу бағдарламасы бойынша алған білім, білік, дағдысын немесе олардың шығармашылық бағыттағы тұлғалық даму деңгейін анықтауға, арттыруға және түзетуге көмектесетін тәсілдің бірі. Бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін әр түрлі сапалық және сандық бағалау түрлері, құралдары, әдістері мен формаларынан тұратын жүйе ретінде іске асырылады. Ол тек оқудың соңғы оқу нәтижесін қорытындылауда ғана емес, сонымен бірге оқу және оқыту үдерісімен толықтай және үздіксіз бірге жүріп отырады. Бағалау үдерісі оқу үдерісін жақсартуға ықпал ететіндіктен бір-бірімен тығыз байланысты және оқыту әдістемесін өзгертіп жаңартуға, оқу және оқыту тәжірибесін жетілдіруге көмектеседі. Оқушылардың оқудың негізгі тұжырымдарын, логикасын және үдерісті дұрыс түсінуі басты назарға алынады. Сондықтан бағалау – оқу бағдарламасы, мақсаты, оқу мазмұны және әдістемелерімен тығыз байланысты болуы керек.

Бағалау мен оқыту үдерісі мақсатының үйлесімділігі нақты күтілетін нәтижені көруге көмектеседі. Себебі, бағалау арқылы оқушылар мақсатқа қол жеткізу үшін не қажет болатынын түсінуге мүмкіндік алып, сонымен қатар олардың осыны істей алатындықтарына сенімін нығайтады. Оқушылар дамуға қол жеткізіп, өзін-өзі реттей алады. Мұғалім бағалауды оқыту нәтижесіне жету құралы ретінде қолдануы тиіс. Сыныптағы бағалау негізінде алынған ақпараттар арқылы мұғалім де, оқушы да тең дәрежеде оқыту және оқу әрекеттерін анықтай алады. Бұл ақпараттар әртүрлі жағдайда қалыптастырушы бағалау қызметін атқарады:

Бағалау - оқу туралы шешім қабылдауға және жақсартуға мүмкіндік беретін, оқушының оқып үйренуі туралы ақпаратты жинау, суреттеу, түсіндіру үдерісі ретінде қарастырылады. Білім сапасын бағалаудың әрбір деңгейінің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, олардың шешетін міндеті ортақ білім сапасын ары қарай дамыту мақсатында оның дәрежесін анықтау және оны жетілдіруге қажетті ұсынымдарды дайындау болыптабылады.

Халықаралық бағалау білім беру сапасын арттыру және бағалау функцияларын атқарады. Мониторинг арқылы салыстырмалы зерттеулер жүргізіледі. Отандық білім беру жағдайына қатысты күрделі проблемаларды анықтау, оларды зерттеу және шет елдермен салыстыруды қажет ететін ақпарат алу мүмкіндіктері жасалады. Бұл бағалау оқушылардың қабілеттерін қолдану мүмкіндіктеріне, функционалды сапаттылықтарына баға беруге бағытталған, салыстырмалы түрде отандық және шет елдік оқушылардың арасындағы айырмашылықтарды түсіндіретін факторларды анықтауды қарастырады.

Ұлттық бағалау–білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалды құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы болып табылатын білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесінің білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесіне Ұлттық бірыңғай тестілеу мен оқу жетістіктерін сырттай бағалау жатады.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау - талған екі бағалау түрінің де білім жүйесінде және сыныпта өзіндік атқаратын рөлдері бар. Сіз оларды бірнеше жылдан бері өз тәжірибеңізде қолданып келесіз. Бұл жерде сіз үшін жаңалық болатыны – әрбір бағалау түрінің кең ауқымдағы түсінігі, оқушыларға қажет емес бағыттардан гөрі, көбірек көңіл бөлетін тұстарда олардың атқаратын қызметі маңызды болуы мүмкін. Аталған бағалау типтерінің білім беру жүйесіндегі рөлі әртүрлі.

Оқуды бағалау– оқудың өз нәтижесіне жеткенін анықтайтын бағалау түрі. Оқуды бағалау оқушының қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оқуды бағалау – белгілі бір уақытта оқушы жетістігін жинақтап көрсететін бағалау түрі. Ол оқу үдерісі аяқталған соң жүреді. Оқу үшін бағалау оқып-үйрену үдерісі жүріп жатқан кезде мұғалімдер мен оқушыларға өздерінің оқытуы мен оқуынан хабар беріп отыру үшін қолданылады. Оның мақсаты – оқушы білімінің жиынтық бағасы қойылмай тұрып, үдеріс жүріп жатқанда үйренуді қалай жақсартуға болатынын анықтау. Оқу үшін бағалау оқушылардың уәжі мен қызығушылықтарын арттыруда үлкен рөл атқарады.

Қалыптастырушы бағалау жүйесінде ақпарат сұрыптау, сабақ кезінде жан-жақты бағыттарда жұмыс істеу, оқушының ойлауы, олардың нені және қалай үйреніп жатқаны, олардың білім алуында қандай түсінбеушіліктер мен кедергілер орын алуы мүмкін жағдайлар қарастырылады. Жиынтық бағалауға қарағанда қалыптастырушы бағалау сыныптағы мұғалімдер мен оқушыларға оқыту мен оқуды жақсарту үшін тікелей және тез арада қолдануды көздейді.

Топтық бағалау оқу үдерісіне қатысушылардың бірлесіп бағалауына негізделген. Кейбір тапсырмалардың нәтижесін бағалауда оқушының жеке бағалауына қарағанда топтық бағалау шынайы болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл бағалаудың нақты критерийлерін құруға, оқу проблемаларын түсінуге және кері байланыс жасауға тиімді. Топтың мүшелері жақын арада аяқталған жұмыстарға ерекше назар аударып, бір-біріне белгілі бір критерийлерге сәйкес жұмысты бағалауға көмектесуге және жетілдіруге арналған тәсілдерді ұсынуға дағдыланады.

Өзін-өзі бағалау оқушыларға өз жұмысын бағалауға бағытталған. Оқушыларға оқу дәлелдемелерін жинауға, олардың мағыналарын өзінше түсіндіруге, өз жұмыстарын салыстыруға және өзгерістер мен түзетулер енгізуге көмектеседі. Оқушылар рубрикалар немесе тексеру парақтары арқылы оқытудың нақты критерийлеріне және мақсаттарына сәйкес өзіне баға қоя алады. Өзін-өзі бағалау арқылы өз оқуындағы дамуды қажет ететін әлсіз тұстарды анықтап, түзетілген жаңа мақсатқа қол жеткізудегі алға басуды бақылай алады. Жасаған жұмыс барысына сәйкес пікір, тапсырмаға қатысты өз күшін бөлуде терең ойлануға дағдыланады.

Объективті бағалау – тек жалғыз дұрыс жауабы болатын бақылау формасы немесе «Бір жауапты тапсырмалар» деп те аталады. Дұрыс жауаптардың ұпайының кілтін емтихан алушы немесе компьютер анықтайды. Бұл бағалаудың тиімділігі – ұпайды шығару жеңіл, объективті және сенімді. Жеңіл немесе күрделі тапсырмалардың нәтижелерін өлшеу мүмкіндігіне қарай оның анық және жоғары деңгейде жасалу сапасын анықтауға болады. Қазіргі кең тараған электрондық немесе онлайн режиміндегі тапсырмаларға объективті бағалау жиі қолданылады.

«Субъективті бағалау – берілген тапсырманың бір немесе одан да көп жауаптары (немесе дұрыс жауап берудің бір немесе одан да көп жолдары) болатын бақылау формасы. Оны «Бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар» деп те атайды. Бағалаудың бұл түрі оқушылардан берілген тапсырманың жауабын таңдаумен қоса, ол жайлы қосымша мәлімет жазуды да талап етеді. Бірнеше дұрыс жауапты талап ететін бағалау тапсырмалары емтиханның бір бөлігі ретінде де қарастырылады. Ол оқу нәтижелерін, синтез бен анализдің жоғары деңгейін өлшей алады. Эссе түріндегі тапсырмаларды құрастырып дайындау бірнеше жауапты талап ететін тапсырмаларға қарағанда аз уақытты қажет етеді. Субъективті бағалаудың қиындығы – ұпайларды есептеуде уақыттың қажеттілігі, субъективтілік және күмән келтіретін сипатта болуы [1,32б.].

Ішкі бағалауды мектеп (яғни, мұғалімдер) өзі белгілеп, жоспарлайды. Іштей бағалау – біз өзіміздің бағалау құралдарымызды (оқушылардың оқыту нәтижесіне қол жеткізгендігін пайыздық көрсеткіш арқылы беруді) объективті және сенімді деп ойлаймыз. Дегенмен, оқушы да, мұғалім де осы бағалау өлшемінің нақты емес екендігін біледі. Оқушылар бағалаудың арқасында өз бағаларымен танысып, кері байланыс алады.

«Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым»

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, оқушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл оқушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа білім алушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті.

Жаңа білім беру моделіне көшу жағдайында жалпы орта білім берудің мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық игіліктері үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту.

Құзіреттілік тәсіліне негізделген жаңа білім мазмұнның базалық принципі – тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру, коммуникативтік дағдыларды, ақпараттар мен технологияларды басқара білуі, проблемаларды ұтымды шешу, іскерлік пен креативтілікті қалыптастыру, тұлғаның өздігінен дамуы мен дербестігін қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау жүйесін енгізу жүйелі негізде кезеңдер бойынша жүргізіледі. Критериалды бағалау – нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен оқушылардың оқудағы жетістіктерін салыстыруға негізделген және оқушылар, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті, білім мазмұнына және мақсатына сәйкес процесс. Оқу мақсатын және жетістік критерийлерін анықтау оқытуды жақсартуда маңызды рөл атқарады. Сыныпта қалыптастырушы бағалау қолдануда жетістік критерийлерінің орны ерекше, себебі күтілетін нәтижеге жету үшін және оқуды жақсарту үшін жетістік критерийлері тиімді құрал болып табылады.

Оқушылардың оқу мақсаттарын білуі мен түсінуіне қалай жетуге болады: бастапқы кезеңде мұғалім сабақ мақсаттарын айқындап, оларды оқушыларға түсіндіріп, бірге талқылайды; күнделікті талқылаулар келешекте оқу мақсаттарын бірге айқындау дәстүріне айналуы мүмкін. Кері байланыс – бұл мақсатқа алып баратын нақты әрекеттер, жағдайлар туралы пікірлерді беру және алу үдерісі. Кері байланыс мұғалімге оқыту үдерісі қалай жүріп жатқаны туралы, оқушылардың жетістіктері мен проблемалары туралы түсінік береді. Кері байланыс екі түрде өтеді: ауызша; жазбаша.

Критериалды бағалау – оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижелерге жету мақсатында оқушылардың білім алуға жеке даму жолына түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін, оқушының оқу жетістігін алдын-ала нақты анықталған бағалау критерийлерімен сәйкестігін бағалау болып табылады. Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда (reflexio) артқа қарау деген мағынаны білдіреді. Заманауи педагогикада рефлексияны өз қызметін, оның нәтижелерін талдау деп

түсінеді. Рефлексияны тек сабақ соңында ғана емес, сонымен қатар оның кез келген кезеңінде қолдануға болады.

Жиынтық (суммативті) бағалау – бұл белгілі уақытта тақырыпты, тарауды үйрену соңында оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін анықтау. Жиынтық бағалау мақсаты – белгілі уақыт ішінде оқушының білім, білік, дағдылары мен құзыреттіліктері қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау.

«Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктерінің бірі критериалды бағалау жүйесін енгізу және критериалды бағалауды дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Бағалау – білім алушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үрдісіне қатысушылардың (білім алушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар, және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Білім алушылар бастауыш сыныптан бастап өз білімдерін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет. Білім алушы үшін өз оқуын жақсартуда кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеген тиімді. Бұл үдеріс олардың терең түсінуін, қызығушылықпен қатысуын және ықыласпен әрекет етуін қажет етеді» [2, 196.].

Критериалды бағалау 2 бағалауды қамтиды: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау оқушының күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтаса, ал жиынтық бағалау оқушының бір тарауға байланысты қалыптастырған білім деңгейін анықтайды. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақта жүзеге асады. Мұғалім игерілетін тақырыптың оқу мақсатына жетуде түрлі таңдалған әдіс-тәсілдерді қолданып, білім алушының жан-жақты қабілеттерін ашуға бағыттайды. Daryn.online платформасымен сабақта тікелей конференция өтуде алдын ала дайындалған слайд-презентация, бейнежазба қолданып көрсетуге мүмкіндік бар. Әр тапсырманы берілген қадамдар (дескриптор) бойынша білім алушылар орындап, тиімді кері байланысты jamboard тақтасы, padlet арқылы бергенде тікелей экранда әр балаға орындалған тапсырманың қаншалықты дұрыс екені өте қызықты көрінеді. Әр білім алушының тақырыпты түсінуде қатемен жұмыс, түзету жұмысын жүргізгенде функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Можаева О.И., Шилибекова А.С. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. Д.Б.Зиенденованың редакциялауымен.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016 ж.

2. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. - Алматы, 2009 ж.

УДК 37.678

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ШОНБАЕВА Д.К.

Учитель русского языка и литературы средней школы №27 им. М.Маметовой,
Республика Казахстан, Жамбылская область, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада инклюзивті білім беру әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін неғұрлым икемді оқыту мен оқуға деген көзқарасты қалай дамытуға ұмтылатыны қарастырылады.

Резюме. В статье рассматривается как инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении.

Инклюзивное образование стремится развить методологию, направленную на обучающихся и признающую, что все обучающиеся - индивидуумы с различными потребностями в обучении. Инклюзивное образование старается разработать подход к преподаванию и обучению, который будет более гибким для удовлетворения различных потребностей в обучении. Если преподавание

и обучение станут более эффективными в результате изменений, которые внедряет инклюзивное образование, тогда выиграют все обучающиеся.

Следует отметить 8 принципов инклюзивного образования:

1. Ценность человека не зависит от его способностей и достижений;
2. Каждый человек способен чувствовать и думать;
3. Каждый человек имеет право на общение и на то, чтобы быть услышанным;
4. Все люди нуждаются друг в друге;
5. Подлинное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений;
6. Все люди нуждаются в поддержке и дружбе ровесников;
7. Для всех обучающихся достижение прогресса скорее может быть в том, что они могут делать, чем в том, что не могут;
8. Разнообразие усиливает все стороны жизни человека.

В настоящее время активно формируется опыт инклюзивного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях общей образовательной среды и наравне с нормально развивающимися сверстниками. Однако такой вариант обучения детей с ОВЗ ставит массовую школу и педагогов общего образования перед рядом, пока еще, неразрешимых проблем: как организовать урок в инклюзивном классе, какие использовать формы отчета для ребенка с ОВЗ, как распределить режим учебной нагрузки для ребенка, если в учебном плане ребенка с ОВЗ отсутствуют предметы, которые изучают нормально развивающиеся сверстники (и наоборот), в какое время и когда проводить индивидуальные коррекционно-развивающие занятия и множество других вопросов, на которые нет ответов. Предлагаемые варианты работы не претендуют на сегодняшний этап ведения эксперимента по инклюзивному обучению на то, что именно таким образом должна быть организована деятельность учителя в инклюзивном классе.

У особенных детей мыслительные операции сформированы недостаточно, затруднён синтез и анализ понятий. Такие дети не умеют выделять главное, затрудняются проводить сопоставительный анализ, обращают внимание на несущественные признаки. Их отличительной чертой является не критичность мышления, они не замечают и не исправляют свои ошибки.

Очень важно соблюдать спокойную рабочую обстановку на уроке. Учитель ни в коем случае не должен допускать возникновения стрессовых ситуаций, уметь избегать их, разряжая обстановку, например, переключить внимание учеников на другой вид деятельности. Кроме этого, обязательно проводить беседы с учениками о толерантности и уважении друг к другу как на занятиях, так и на внеклассных мероприятиях.

Чтобы сохранить и укрепить здоровье, необходимо учитывать медицинские рекомендации. Прежде всего учитель должен ознакомиться с картами здоровья, чтобы максимально распределить рабочие места в кабинете, учитывая диагноз. Очень важно проведение физкультминуток на уроках, для этого используются видеоролики с веселыми зарядками.

В общеобразовательных школах часто встречаются ученики с заиканием в речи. Они часто комплексуют из-за этого недостатка. В одном методическом учебнике я прочитала, что детям с заиканием в речи нужно петь. И я придумала метод: ученики, чтобы запомнить определенные правила орфографии, распевали их под знакомую музыку. У детей с заиканием, действительно, исчезали эти погрешности в речи, и они чувствовали себя более комфортно. Чтение текста таких учеников можно сопроводить тихой мелодичной музыкой, тогда они будут читать лучше. Использование разнообразных традиционных и развивающих технологий, тщательный отбор методов и приёмов обучения помогает учителю успешно реализовать содержание обучения, помогают преодолеть трудности в освоении основной образовательной программы. Рассмотрим, какие приёмы, методы и технологии можно применять на уроках русского языка в инклюзивном классе.

Структура нашего урока в системно-деятельностном подходе, реализуемом в современной школе, такова:

- Мотивационно-ориентированный этап.
- Постановка проблемы.
- Освоение новых знаний
- Формирование и закрепление полученного опыта, решение проблемы, применение знаний и умений
- Рефлексия
- Домашнее задание.

Мотивационно-ориентированный этап.

Задача данного этапа настроить детей на изучение темы, определить важность её изучения для самих ребят. Здесь же ставится и проблема урока. Это может быть чтение учителем или подготовленным учеником стихотворения-загадки или притчи по теме урока, пожелания друг другу, выбор того, что пригодится для успешной работы на уроке, знакомство с планом урока и т.п. Ребята без труда формулируют тему урока, которая впоследствии записывается на доску. В работу на этом этапе довольно легко включить и детей с ограниченными возможностями. Если с формулировкой темы урока у них могут возникнуть сложности, то постановка целей вызывает неизменный интерес. Для них (и для слабоуспевающих учеников) можно предложить предложения, которые нужно закончить. Когда тема сформулирована, то эта работа не кажется им сложной.

Освоение новых знаний.

При объяснении нового материала необходимо использовать схемы, таблицы, кластеры, зрительные стимулы (икт-презентации, видеоуроки, видеофрагменты, мультфильмы и т.п.). так как у детей с ограниченными возможностями преобладает наглядно-образное мышление. При усвоении нового материала нужно помнить, что новый материал в большом объеме нельзя давать в один прием, необходимо поэтапное усвоение. На уроке литературы лучше объяснение давать не в форме лекции, а в форме бесед или комментированного чтения. Можно на этом этапе использовать малые групповые формы работы (в парах, парах сменного состава, четвёрках). Надо предложить группе, в составе которой находится этот ребёнок, такое задание, где его помощь будет ощутимой и весомой. Например, некоторые дети любят рисовать, а есть дети, которые плохо видят, они любят слушать. В таком случае, они могут послушать обсуждение в группе и выступить спикерами.

Большую пользу на данном этапе принесёт использование частично-поискового метода, когда ребята выступают в роли следопытов, ищущих ответ на вопрос или слова - примеры к правилу. Также можно подготовить дифференцированные задания, где ученики достигают целей разными методами.

Например, задание на определение основной мысли текста. Одни ученики любят устно высказывать свои мысли, другие предпочитают передать мысли через рисунок. Можно облегчить задание некоторым ученикам постановкой наводящих вопросов.

На этапе формирования и закрепления полученного опыта, решение проблемы, применение знаний и умений учитель может использовать как традиционные, так и нетрадиционные методы обучения. Это могут быть игры (дидактические, компьютерные, ролевые и т.п.), сигнальные карточки, соревнования, компьютерные тренажёры, электронные образовательные ресурсы. Особенный ребёнок справится с заданием, если ему предложить определённый алгоритм работы, шаблон для разбора или памятку-подсказку. Для этого учитель должен подготовить некоторые подмости для этого задания.

Рефлексия.

Данную работу можно проводить как индивидуально, так и коллективно. Ребёнок с ограниченной возможностью чаще всего склонен к рефлексии настроения и эмоционального состояния. Это могут быть карточки разного цвета (например, листья дерева), смайлики с разными выражениями лиц (их может быть несколько – на каждом этапе урока), или другие рисунки и символы, понятные всем детям класса.

Домашнее задание.

Оно может быть общим, вариативным, дифференцированным, индивидуальным, творческим и т.п. Это зависит от темы и целей урока, задач учителя или способностей учеников. Но каким бы ни было домашнее задание, оно должно быть прокомментировано учителем и понятно всем детям.

Комбинировать или менять средства и методы нужно так, чтобы при этом происходила смена видов деятельности учащихся, чтобы менялся доминантный анализатор, чтобы во время работы было задействовано как можно больше анализаторов – слух, зрение, моторика, память и логическое мышление в процессе восприятия материала.

При обучении также необходимо реализовывать принцип: от коллективных творческих дел к индивидуальному творчеству. Поэтому учащиеся необходимо привлекать к участию в школьных, окружных, городских мероприятиях: олимпиадах, конкурсах (конкурс «Русский медвежонок», конкурс чтецов, конкурс «Мы пишем первую книгу», конкурс «Моя семья» и т.д.).

Кроме этого, необходимо вовлекать таких детей, учитывая их возрастные и индивидуальные особенности, уровень актуального развития, состояние физического и нервно-психического здоровья в социальную жизнь: экскурсии в музеи, походы в библиотеку, театры, кинотеатры, спортивные мероприятия и т.д.

Немаловажную роль играет и взаимодействие с родителями. Эта работа должна также планироваться, как и процесс образования и воспитания. В связи с этим в общем плане воспитательной работы имеется самостоятельный раздел по данному направлению. В нем отражены проведение совместных мероприятий как классного, так и внеклассного уровня (классные часы, спортивные мероприятия, походы в театр, кино и т.д.). Главное в этой работе нацелить родителей на коллективную работу совместно с их детьми, быть положительным примером, что в свою очередь позволяет более эффективно формировать нравственные качества детей.

Как мы видим, инклюзивное образование использует те же методы и приёмы обучения русскому языку, что и общеобразовательное, лишь немного адаптируя их под конкретного ребенка с особыми образовательными потребностями.

Список использованной литературы:

1. Агавона Е.Л., Алексеева М.Н., Алехина С.В. Готовность педагогов как главный фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование №1: Инклюзивный подход и сопровождение семьи в современном образовании. М., 2011. - С.302
2. Алехина С.В. Инклюзивное образование в Российской Федерации // Доклад Алехиной С.В., представленный 7.12.2010 года в рамках Международного симпозиума «Инвестиции в образование - вклад в будущее». - С.102
3. Альманах психологических тестов. - М.: КСП, 2006. - С. 400
4. Библиографическое описание: К.А. Михальченко Инклюзивное образование - проблемы и пути решения / Михальченко К.А. // Теория и практика образования в современном мире: -- СПб.: Реноме, 2012. - С. 206
5. Инклюзивное образование. Выпуск №1 / Фадина А.К., Семаго Н.Я., Алехина С.В. - М.: Центр «Школьная книга», 2010. - С.132

ӘОЖ 81.2-4

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУДА ҚАНДАЙ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНҒАН ТИІМДІ?

ЖАҚАН Г.Ө.

КММ №15 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Современные информационные технологии имеют большое значение, и, по мнению ИТ – специалистов, самым качественным из них является цифровая технология. Какую бы отрасль мы ни взяли, у нас больше функций, и с этой технологией намного проще работать. Следует отметить, что цифровые технологии занимают особое место в онлайн-обучении, и онлайн-обучение не может осуществляться без цифровых технологий. Изучение казахского языка и литературы или любой дисциплины, способствующей интересному и рациональному использованию времени, определяет мыслительную деятельность как предметный процесс.

Summary. Modern information technologies are of great importance, and, according to IT specialists, digital technology is the best of them. Whichever industry we take, we have more functions, and this technology is much easier to work with. It should be noted that digital technologies occupy a special place in online learning, and online learning cannot be carried out without digital technologies. The study of the Kazakh language and literature or any discipline that promotes an interesting and rational use of time defines mental activity as a subject process.

Бүгінгі күнде заманауи ақпараттық технологияның маңызы өте зор және IT мамандардың айтуы бойынша, оның ең сапалысы, мүмкіндігі өте жоғары дәрежеде деп саналатыны – цифрлы технология. Өйткені, қай саланы алсақ та, атқаратын қызметі көп әрі бұл технологиямен жұмыс

әлдеқайда жеңілдейді. Цифрлы технологияның онлайн оқытудағы орны ерекше және онлайн оқыту цифрлы технологиясыз жүзеге аса алмайтындығын ескеруіміз қажет. Онлайн оқытуда бұл технологияны қолдану оқу процесіне ұшжақты пайдасын тигізеді:

Жалпы мектеп үшін: оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған қарқынды дамып келе жатқан қоғамның талаптарына сәйкес келетін оқу процесін сапалы деңгейге көшіру; өзіндік оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; оқушыларды оқытуда тұлғаға бағытталған тиімді тәсілді енгізу;

Мұғалім үшін: біліктілікті арттыру, тұрақты педагогикалық іздеу және эксперимент; техниканың, ғылымның заманауи жетістіктеріне және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибеге негізделген жаңа білім ортасын құру;

Оқушылар үшін: өзін-өзі толық көрсету мүмкіндігі, оқу іс-әрекетінде мультимедиялық технологиялар туралы жаңа білімді қолдануға дайындық.

Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы «Шәкірттерің жақсы оқуы үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек» – деген. Расында да, тек жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Білім сапасы мұғалімге, оның білім деңгейіне және іздеу қабілетіне тікелей байланысты. Педагогикалық технология – бұл мұғалімнің өзін-өзі ұстай білуі, байқау, ептілік, шешендігі. Педагогикалық технология – ақпаратты өңдеу, сақтау, ұсыну әдістерімен байланысты барлық даму мүмкіндіктері бар әлеуметтік технологиялардың маңызды құрамдас бөлігі. Осылайша, технология мақсаты тиімді орындалуы үшін материалды түрлендірудің процестері мен әдістерінің жиынтығы деп айта аламыз. Цифрлық білім берудің мазмұны электрондық оқулықтардан, компьютерлік ойындардан, оқытудың виртуалды әдістерінен ғылыми-әдістемелік зерттеулерден тұрады. Цифрлық білім берудің міндеті төмендегідей:

- Оқушыға сабаққа дайындалуға көмектесу;
- Сабақ өткізуде оқушыға көмек көрсету;
- Оқушыға үй тапсырмасын орындауға көмектесу.

Оқушылардың білімін тексерудің объективті әдістерінің бірі – тестілеу әдісі. Заманауи технологияларды қолдана отырып онлайн режимінде білімді тестілеу және тексеру үшін Google-формаларын қолданған ыңғайлы. Қазақ тілі сабағы үшін онлайн тестілеудің мұндай әдістері өте тиімді деп есептейміз. Себебі, тестке бейне, аудио сүйемелдеу, тұсаукесер, электронды оқулық, фото және басқа да көрнекі оқу құралдарын қосуға болады.

Сабақ барысында google тест арқылы түрлітүсті етіп жасауымызға да болады. Мәтін бойынша сұрақтар мен тақырыпты қорытуға ұсынылған «Шығу парағын» оқулықта көптеп кездеседі. Мұнда сабақ соңында осы цифрлы технологияны қолдансақ болады. Өйткені тақырыпты әр оқушының қаншалықты деңгейде қабылдағаны көрінеді. Сондай-ақ, тыңдалым мәтінін жалпы топпен талқылаған дұрыс, дегенмен, сыныпта түрлі темпераментке ие балалар бар. Байқасақ, сұрақтарға жауап берітін гипер-белсенді оқушылар. Ал флегматик пен меланхоликтің қасиеттері басым оқушылар, үнсіз отырып қалуы мүмкін. Сондықтан, онлайн оқыту жүйесінде педагог ретінде оқушылардың білім алуы үшін түрлі жағдайларды да қарастырғанымыз жөн.

Қазақ тілі сабағында тілдік бағдарларға қатысты теориялық материалдарды Kahoot платформасы арқылы түрлі тәсілде оқушыларға ұсына аламыз. Мысалы, викториналық сұрақтардың, тесттердің орындалу қарқынын әр сұрақ үшін уақыт шегін енгізу арқылы реттеуге мүмкіндік болады. Бұл Kahoot-тың google тесттен ең негізгі айырмашылығы. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауапты бағалау мақсатында ұпайларды енгізе алады. Тақта мұғалім компьютерінің мониторында көрсетіледі. Тестілеуге қатысу үшін оқушыларға жәй ғана сілтеме арқылы платформаға кіріп немесе смартфондағы қосымша қызметін ашып, мұғалімнің компьютерінен ұсынатын PIN-кодты енгізу керек. Одан соң дұрыс жауапты таңдауға ыңғайланады. Платформада тесттен бөлек «Дұрыс немесе бұрыс» айдары бар. Бұл айдардың тыңдалым мәтініне қатысты берілген тапсырмаға кіріктіру жақсы нәтижелерді береді. Тапсырма соңында әр оқушының нәтижесімен жеке-жеке танысуға болады.

Келесі цифрлы технологияның бір түрі ретінде Plickers бағдарламасын атауға болады. Plickers – бұл сабақта оқушылардың білімін жылдам бағалауға арналған ыңғайлы қосымша. Біз бағдарламаның көмегімен бүкіл сыныпқа жарты минут ішінде сауалнама жүргізе аламыз. Білімін тексеріп бағалаймыз. Сізге тек сыныптағы әр оқушы үшін басып шығарылған парақшалар (QR кодтар) және мұғалімге оқушылардың нәтижесімен танысу үшін смартфон немесе планшет қажет. Бағдарламаны қолдану принципі қарапайым:

- Plickers қолданбасын телефонға жүктеу қажет;
- Оқушыларды жеке-жеке тіркеп, оларға бекітілген QR кодтарын шығарып тарату міндетті;
- Оқушыларға сұрақ қойылады және олар нұсқаларды таңдап таңдап жауап береді (а, б, с, д нұсқалары болады);
- Сыныптағы барлық оқушылардың жауап нұсқаларын сканерлеу қажет және қаласа, жауаптарды тақтаға шығара аламыз;

Сфера – бұл мұғалімдерді, оқушылар мен ата-аналарды біріктіретін және онлайн оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін білім беру онлайн платформасы. Платформаның мүмкіндіктері мектеп пәндерін қашықтықтан және интерактивті түрде оқып, үйренуге, сондай-ақ, оқу процесімен оқу үлгерімін бақылауға мүмкіндік береді. Сфера білім беру процесінде келесі мүмкіндіктерді жүзеге асырады: сабақ кестесін құру және қарау; сабақты дайындау (сипаттаманы қосу, файлдарды тіркеу және оқушыларды шығару); бейнеконференция режимінде сабақ өткізу; онлайн сабақты дәстүрлі офлайн сабаққа мүмкіндігінше ұқсас болатындай етіп онлайн режимінде өткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, Сферада оқушы қолын көтеріп, түсіре алады, ал мұғалім оқушыларды шақырып, материалдарын көрсете алады. Жүйе интуитивті түсінікті интерфейске ие. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласыда арнайы білімі жоқ оқушыларға, ата-аналарға платформада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. сондай-ақ, интерфейс онлайн-конференциялар өткізуге арналған ұқсас құралдардың жұмыс үлгілері, принциптері мен логикасына негізделген. Платформа тек ғаламтор желісі арқылы ғана жұмыс істейді.

Біз осы күнге дейін қашықтан оқыту мен онлайн оқытуды бірдей ұғыммен қолданып жүретінбіз. Ал соңғы уақыттағы пандемия жағдайларында олардың аражігін ажыратып алдық. Өйткені, қашықтан оқыту -бұл онлайн оқуға тең емес ұғым. ҚР Білім және ғылым министрлігі болған Асхат Аймағанбетов те осы мәселені көтерген. Ол: «Тағы бір маңызды мәселе, көпшілік қашықтықтан оқыту – бұл онлайн оқыту деп ойлайды», – деген. Қашықтықтан оқыту – бұл пошт, теледидар, радио, ғаламтор арқылы оқыту. Екі ұғымды бөлек мойындауымыз керек. Мысалы, Bilimland.kz, Onlinemekter, Kundelik.kz, Daryn.online, Оріқ және қзге де платформаларда тапсырмаларды орындау. Ал онлайн оқыту – білім алушылармен онлайн режимде қарым-қатынас жасай отырып оқыту. Біздің тәжірибеміз бойынша онлайн режимде оқыту қашықтан оқытуға қарағанда әлдеқайда тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қараев Ж. А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучений: автореф. докт.пед.наук. – Алматы, 1994. – 54 с.
- 2.Әлімов А. Қ. Интербелсенді оқуы әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы / «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 188 бет.
- 3.Федотова Е.Л. Информационные технологии в профессиональной деятельности. – М., 2008. – 368с.
- 4.Гершунский Б.С. Философия образования XXI века (в поисках практико-ориентированных образовательных концепций). – М., 1997. –234 с.

ӘОЖ 75.31

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛИМБЕКОВ Р.Т.

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье технологии здравоохранения можно представить как науку, искусство и обязанность учить и воспитывать детей, чтобы они могли стать образцом для подражания в воспитании своих детей здоровыми и счастливыми в будущем. Комплексное внедрение технологического сервиса здравоохранения зависит от умения грамотно его организовать.

Summary. In the article, health technology can be presented as a science, an art, and a responsibility to teach and educate children so that they can become role models in raising their children

to be healthy and happy in the future. The comprehensive implementation of technological healthcare services depends on the ability to organize it competently

Спорт – адамның рухани әлемі үшін де маңызды. Өйткені, әлсіз әрі қиындыққа көп ретте қарсы тұруға қауқары жетісе бермейтін жандарға мамандар бір ауық спортпен шұғылдануға кеңес береді екен. Күйзеліске ұшыраған сәттерде дене жаттығуларына ден қойсаңыз, жаңа құлшыныс пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз. Бұл да спорттың, дене жаттығуларының бір құдіреті.

«Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да пайдалы. Күні бойы өзінді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. Ғалымдар зерттеуіне сүйенер болсақ, спорт адамды шат-шадыман өмір сүруге де жетелейді екен.

Дене жаттығулары адамның көңіл-күйін ғана көтеріп қоймайды, қан айналым жүйесін жақсартады. Қан қысымы мен жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алады. Тағы да ғалымдар зерттеулеріне назар салып көрейік. Адам дене жаттығуларымен айналысқан сәтте оның миында да сан мыңдаған үдерістер орын алады. Ми дене қимылдарының әрекетін күйзеліс ретінде қабылдап, оған қарсы күрес жүргізе бастайды. Ағзадан эндорфин гормоны (қуаныш пен ләззәт алу гормоны) мен пайдалы ақуыздар бөлініп, жүйке жүйелері мен миға тарайды. Сол арқылы адам ойы ұшқыр әрі есте сақтау қабілеті жақсара түсіп, көңіл-күйге әсер етеді екен.

Спорттың адам өмірі үшін маңызын бұдан ары айта түсудің өзі де артығырақ секілді. Дене жаттығуы кезінде киетін спорттық киімдеріңізді жатар алдында дайындап жатыңыз. Ұмытпас үшін, оятқышыңызды сол киімдердің үстіне қойыңыз. Өйткені, таңертең ояғанда оятқышпен қатар немен айналысатыныңызды да есіңізге түсіретін боласыз. Бастысы, осылайша таңғы жаттығуды әдетке айналдырып алсаңыз ғажап болары сөзсіз. Барлығын аз жаттығудан бастаңыз.

Адам – әлеуметтік жаратылыс. Қарым-қатынасыз өмір сүруді елестету мүмкін емес. Әлбетте отбасыңызбен табиғатқа шығудың, достарыңызбен белгілі бір спорт түрімен шұғылданудың, кейде бір ауық жүгіріп тұруды да әдетке айналдырғанның зияны жоқ. Үйдегі қарапайым шаруаларды жаттығу жұмыстарымен үйлестіріңіз. Мысалы, таймерді 20 минутқа қойып, жұмысыңызды бастаңыз. Қарапайым шаруаларды аса жылдам орындау – жақсы нәтиже береді. Жаттығу жұмыстарын жоспарлай біліңіз. Маңызды кездесуіңіз болса, онда ұмытпайсыз, дұрыс па? Ал маңызды шаруаны? Оны да ұмытпайсыз. Сол сияқты дене жаттығуларын да жоспарыңызға енгізіп үйреніңіз. Қажетті жаттығуларды жоспарлай біліңіз. Өзіңізге ұнайтын жаттығуларды таңдап алғанның да маңызы жоғары. Өйткені, алғашында адам өз қалауымен бастаған жаттығулар уақыт өте келе өз жемісін беретін болады. Иә, күнделікті өмірде спортты сүйетін жандар көп. Әркімнің санасындағы спорт ұғымы – сан алуан. Расында да, көпшілікті ұлтты мен жеріне, тілі мен дініне бөлмей өзіне ынтызар етер спорт құдіреті жоғары.

Сауықтырудың бірінші шарты-дене шынықтыру сабақтарында гигиеналық тәртіп құру. Менің міндетіме сабақты өткізудің гигиеналық жағдайларына қойылатын талаптардың айқын бұзылуын көру және анықтау және мүмкіндігінше әкімшіліктің, медбикенің көмегімен осы қателіктерді жақсы жаққа өзгерту кіреді. Табиғи сауықтыру күштерін сабақта денсаулық сақтау технологияларының мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалану. Таза ауада сабақ өткізу биологиялық үдерістердің белсенділігін арттырады, ағзаның жалпы жұмысқа қабілеттілігін арттырады, шаршау және т.б. процесін баяулатады. Дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны жақсарту туралы, сонымен дене тәрбиесімен айналысуы керек. Есірткілерді, темекі мен алкогольды тұтынуды қойып тазалық пен санитария шараларын сақтау үшін күрес жүргізу керек.

Денсаулық әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуы қажет. Балалардың денсаулықтары бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Бала денсаулығы басты мақсат сондықтан баланың денсаулығын нығайту, жетілдіру үшін аянбай еңбек ету керек. Әрқашан жан – жақты ізденісте болып, баланың мінез - құлығына аса назар аудару керек. Оқушылардың бойы әрдайым шынығып тұруы керек. Сабақтарда қанша отырып жұмыс істесе, соншалықты қозғалыста болуы қажет. Осы бағыттарда жұмыс жүргізу үшін педагогикалық технологияларды қолдануға болады. Педагогикалық технология оқытудың түрі, құралы және әдісі, оларды мұғалім өз жұмысында білім берудің оптималды нәтижелеріне қол жеткізу үшін қолданады. Педагогикалық технологиялардың бірі – денсаулық сақтау технологиялары. Денсаулық сақтау технологиясы формалардың, құралдардың және әдістердің жиынтығын көрсетеді, олар адамның дене, психикалық, адамгершілік және әлеуметтік жетістігін қолдаудағы оптималды нәтижелерге жету үшін бағытталған. Денсаулық сақтау технологиясында тұжырымдылық, жүйелілік, тиімділік маңызды болып саналады. Денсаулық сақтау технологиясы

жүйе ретінде өзара байланыстылықты жоспарлауды және жобалауды, мұғалім мен оқушылардың біріккен қызметін ұйымдастыруды, алға қойған мақсаттарды нәтижелі шешу барысындағы оқыту мен тәрбиелеудің құралдары мен әдістерін түрлендіруді білдіреді.

Денсаулық сақтау технологиясының көріністеріне тек осы саладағы білімді, ептілікті, дағдыны игеру деңгейі ғана емес, сондай - ақ мұғалім мен оқушының санитарлық -гигиеналық талаптарды сақтау, педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру да жатады. Біз денсаулық сақтау технологиясын жалпы педагогикалық технологияға жатқызамыз, өйткені салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеті болып табылады.

Ең маңызды шарт дене шынықтыру сабақтарында оңтайлы қозғалыс режимін қамтамасыз ету болып табылады, ол қозғалысқа физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыруға мүмкіндік береді, күні бойы, апта және жыл бойы негізгі қозғалыс сапасын дамытуға жоғары деңгейде жұмыс істеу қабілеттігін қолдауға ықпал етеді. Бұл әдістер мен құралдарды кешенді пайдаланған жағдайда ғана сауықтыру міндетін шешуге көмектеседі. Барлық оқушыларды дене шынықтырумен және өз денсаулығымен айналысуға күштеп мәжбүрлеуге болмайтынын жақсы түсінемін, бұл үшін белгілі бір ынталандырулар мен мотивациялар қажет.

Сабақ барысында салауатты өмір салты туралы әңгіме жүргізілді. Өртүрлі жаттығуларды орындау кезінде балаларға олардың әрқайсысының мәнін түсіндіремін.

Салауатты өмір салты туралы көрнекі түсінік беру мақсатында компьютерлік презентацияларды қолданамын. Бұл ерекше түрде оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандырады, тақырыпқа деген қызығушылықты арттырады, салауатты өмір салтын сақтаудың негізгі ережелерін меңгеруге ықпал етеді. Барлық сабақтар барысында баланың гигиеналық дағдыларын дамытамын, оның күннің жалпы режимін, атап айтқанда, бір күн бойы қозғалыс режимін реттеуге қатысуын қарастырамын. Балалардың физикалық дамуына ғана емес, емдік-тәрбиелік әсері бар, түзететін, түзету жаттығуларын қолданатын дене жаттығуларын қолданамын. Мысалы, табанға, бүрлерге, арқанға арналған баспалдақпен жүру табан бұлшық еттерін нығайтады және дамытады және майтабанның дамуының алдын алады. Секіртпемен және шеңбермен жаттығулар дұрыс арқа қалыптастыруға көмектеседі, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелеріне жағымды әсер етеді. Жаттығулар кешені. Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кіші-гірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу. Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барсында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгертуге: өзін-өзі реттеуін қалыптастырады.

Әсемдікті, кемділікті қалыптастыратын арнайы кешендерді үнемі қолданамын. Әр сабаққа психорегуляция мен релаксацияға арналған жаттығуларды міндетті түрде қосамын. Сабақтарға сюжеттік ойындар мен ойын тапсырмаларын қосамын.

Балалардың денсаулықтары бүгінгі таңда өте өзекті мәселе. Соңғы жылдардағы статистика мәліметтері бойынша балалар денсаулығы күрт төмендеп кеткендігі байқалып отыр. Бұның

барлығы балалар денсаулығын сақтайтын технологияларды оқу - тәрбие үрдісіне қолдануын туғызып отыр. Баланың саулығын сақтау жөніндегі денсаулық сақтау технологиялары жас буынның тазалықты сақтап, бойларын күтуіне едәуір себеп болар деймін. Бәріміз білетіндей, «спорт – денсаулық кепілі». Бастысы, талғампаз тәкәппәр өнерге шексіз беріліп, адалдық танытсаң берері мол - сиқырлы әлем.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дереклеева Н.И. Двигательные игры, тренинги и уроки здоровья. Москва «ВАКО», 2014 г.
2. Абзал К.Ж. «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп» СПР.РУК.ОУ - 2012 жыл, №11.

ӘОЖ 81.72

«ҚАН МЕН ТЕРДІ» ЖАҢАША ТАЛДАУҒА ТАЛПЫНЫС

МҰХИТҰЛЫ НҰРАСЫЛ

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің 9 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

ОРДАБАЕВА Ү.Б.

М.Жұмабаев атындағы №29 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье творчество А.Нурпеисова отличается тематическим исследованием, владением жанром и его художественно-стилевыми особенностями в различных ракурсах. Творчество А.Нурпеисова свободно вступало в природу и обращало внимание на ее духовные, культурные и художественные идеалы: казахская проза, в том числе жанр рассказа, выражала реалии жизни, ярко изображала человеческий труд, поднимала национальный идеал на большую высоту, языковые возможности, полностью открыты.

Summary. In the article, the work of A. Nurpeisov is distinguished by thematic research, mastery of the genre and its artistic and stylistic features from various angles. A. Nurpeisov's creativity freely entered into nature and drew attention to its spiritual, cultural and artistic ideals: Kazakh prose, including the short story genre, expressed the realities of life, vividly depicted human labor, raised the national ideal to great heights, language capabilities were completely open

Қазақ әдебиетін, оның проза жанрын танып-талдаған тұстарда, оның көркемдік-рухани мұраттар әлеміне енгенде, кейіпкер іс-әрекеттерін саралаған сәттерде шығармашылық, үдеріс мәселесі айрықша басым бағыттарға ие болады. Осы реттегі ой-сөз жүйесін жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» атты шығарма төңірегінде өрбітсек, мұнда кезең көріністерімен бірге өмір-тұрмыс суреттері адамдар қарым-қатынасы, билік пен білек күші, табансыздық пен тоғышарлық сипаттары кеңінен көрінеді.

«Қан мен тердің» көп нұсқалы болмысын Ә.Нұрпейісовтің шеберлігінің жетілуін және көремдік тұжырымдаманың өзгергенін айқын байқататын негізгі тұстар арқылы қарастырылды. Роман басылымдарын өзара салыстырғанда кейіпкер образдары жүйесінің терең өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Шығармадағы қаһармандардың біртіндеп жетілуі автор шеберлігінің дамуымен және оның қоғамдық-эстетикалық ұстанымының қалыптасуымен байланысты. Романның барлық кейіпкерлерін салыстырып, талдау мүмкін емес. Сол себепті, көптеген түзетулер жасалған, жазушының көркемдік тұжырымдамасын толық ашатын басты қаһармандарға тоқтауды дұрыс деп есептедік. Тоғыз нұсқа мәтіндері негізінде суреткер Еламан образын жылдар бойы ыждағаттықпен өңдегенін байқауға болады. Жазушы кезінде Еламанның бойындағы қасиеттердің көпшілігі өзіне ұқсас екендігін айтқан болатын. Қаламгердің бұл пікірі кейіпкердің шығармада маңызды орын алатындығын дәлелдейді.

Жазушы Тәңірберген образын да біршама өзгертіп, қайта өңдеген. Тәңірберген алғашқы нұсқада бірнеше көріністе ғана бой көрсетіп, жеткілікті дәрежеде дамыған. Алғашқы басылымда бұл кейіпкер аңшылықпен ғана уақыт өткізетін бай, маңғаз, қыз-қырқынға әуес дала серісі, ақсүйек ретінде ғана есте қалады. Кейде оны ағаларының (Құдайменде мен Алдабергеннің)

бейнелері көлегейлеп, кейіпкер жиі тасада қалып қоя береді. Оның бар көзге көрінер ісі Ақбаланы алып қашқаны ғана. Бірақ кітаптық басылымдарда автор бұл образдардың тұжырымдамасын түбірімен өзгертеді».

Еңбек мұраты, оны жас кадрлардың терең түсінбеуі, тайыз сана мен тәжірибесіздіктен істе береке болмауы сын-мін ретінде көрсетіледі. Жас кадрлардың өмір тәжірибесінің аздығы, еңбек мәні мен мұратын кеңінен түсінбегендіктен қай істе де берекесіздік, тайыздық танылады. Қаламгер өмір мен еңбектегі тәжірибесіздікті, жас кадрлардың табансыз, тұрақсыздығын сатиралық элементтер ретінде сынайды, астарлап та, жария үлгіде де танымды жеткізеді. Көшіп-қонумен жүрген берекесіз кейіптерін шынайы көрсетіп, керісінше адамдық-азаматтық қасиеттердің бәрінен де биік, асқақтығын алға тартады. Негізінен, табиғатынан өмірге, еңбекке адалдық танылады. Кадрларды тәрбиелеу мен еңбекке баулу, өмірдің өрі мен қырын да, табанды да тұрақты, баянды да сауапты істерге тарту – туынды мұраты. Автор көшіп-қонып, қайсы бір істе де тұрақсыздық танытуын сынап-мінеу негізінде қоғамдағы ауыртпалық пен қайшылықтарды, келеңсіз көріністерді де көркем өрнек, салыстырулар арқылы нанымды аша алған. Шығарманың даму бағытына мән берсек, қаламгер қазақ өміріндегі болыс сайлау науқанын, ондағы дайындық пен дүрбелеңді, елге келген өкілдің өрт сөндіргендей түнерген кейпін қаз-қалпында көрсетеді.

Автор кейіпкерлерін өмір-тұрмыстан алып, олардың іс-әрекет, көзқарас-мұраттарын шынайы шындықтармен сенімді суреттейді. Біздіңше, екеуінің жеке мүдде жолындағы көзқарас, танымдары, байлық пен билікті қарақан бастарына арнаулары – қоғамдық құбылыстармен, уақыт тынысына сай беріледі. Кезеңдік көрініс, әлеуметтік мәселелер де осы төңіректе өріс алады. Бұдан сөз жоқ: «Жазушы адамдардың нақты тағдыры мен психологиялары арқылы әлеуметтік жағдай көріністерінің терең ашылуына ерекше көңіл аударды». Демек, жазушы аталған әңгімелері негізінде қоғамдық ахуалдарға мықтап назар аударды. Ел өміріне, тұрмысына ден қояды. Халық тағдырына алаң болатын, билік тұтқасын берік қолға ұстаған – жатыпатарлар мен жемқорларды, іс-әрекеттерінде береке мен тұрағы жоқ табансыз жандарды ақиқат алдында жауапқа тартады. Ар сотына салады. Өмір шындығы көркемдік шешімге, рухани нәрге осылай айналады. Автор мұраты, шығарма шешімі осыған табан тірейді. Бұдан шығатын түйін:

Ақиқатында, Ә.Нұрпейісов шығармашылығына ел өмірі мен тұрмысы, адамдар еңбегі мен тағдыр-талайы арқау етілетінін еске алсақ, шындық жайттарға негізделген, болған оқиғаны, нақтылы бейнелерді сөз етеді. Маңыздысы, әрине көріністері, адам әлемі мен уақыт-кеңістік концепциясы, заман тынысы жіті танылады. Бұдан байқалар жайт: «Қай жазушы болса да өз заманының шындығынан алыстап кете алмайды, онымен бірге жасап, көңілдегі ойын заманының проблемалары арқылы көтереді». Мұны жазушы Ә.Нұрпейісов туындыларына қатысты да еске алып, ондағы өмір-тұрмыс суреттері, заман, уақыт тыныстары мен кейіпкерлер жүйесінің нақтылы жайттарға негізделетінін, оны көркемдік мұраттар талабы арқылы шынайы көрсететінін айту абзал.

Ә.Нұрпейісов туындысы тақырыптық ізденістерімен, жанрды меңгеру мен ондағы көркемдік-стильдік ерекшеліктерді әр алуан қырларынан көрсетуімен де ерекшелене түседі. Тіпті, қайсібір тұстарда: «Әдеби шығарманы талдауда онда бейнеленген уақыт пен кеңістік ерекшеліктерін ашу шығармада көтерілген маңызды тақырыптық-идеялық бағдарды тануға, сондай-ақ эстетикалық категорияларды саралауға алып барады». Бұған мысал-деректі ұлттық прозаның шағын үлгілерінен де көптеп кездестіреміз. Жазушы қыр көріністерін, ел суреттерін баяндау арқылы өмір-өлім мәселелеріне ерекше мән береді. Жарық дүние, өмірге бір-ақ рет келіп, ондағы қызық-қуаныш, еңбек рахаты, күйініш-сүйініс сырларының түпкі мәніне назар аударады. Бұл жайттар қарапайым баяндау, әлдекімге әңгіме ретінде жеткізу емес, керісінше өмір мұраты, адам еңбегі, оның мәнді-мазмұнды қырларына көп көңіл бөлінеді.

Ә.Нұрпейісовтің еңбегі мен шығармашылық үдеріс үстінде, тақырып табиғаты мен көркемдік таным арналарын саралаған тұста ұтымды, ұнамды сипаттары бар. Жазушы ел ішіндегі қысқа хабардан бастау алған өмірде сирек те болса кездесетін келеңсіз көрініс жайттарға әлеуметтік мән береді. Осының негізінде ауыл-ел көріністеріне, өмір-тұрмыстарына үңіледі. Адамдар қарым-қатынасына, өмір-өлім, еңбек турасындағы көзқарас – танымдарын таразылайды. Жақын-жуық, таныс-туыстардың байланыс-бірліктері ашылады. Ең негізгісі, әрине оң мен түс, ұйқының сыр-сипаттары кеңінен көрсетіледі. Оның қуаныш-күйініші, сүйініштеріне де кең орын беріледі. Бұдан шығатын берік байлам: жазушы өмір мұраты мен оның маңыз-мәніне терең үңіледі. Өмірде болатын, адамдар арасында кездесетін әр алуан жайттар сырына кең орын бере отырып, оның ұнамды-ұнамсыз қырларына, қоғамдық-әлеуметтік астарларына жіті назар аударады. Өмір-уақыт, замана тынысына ден қояды. Жазушы еңбегі, дерек көздері мен

материалдардың берілу әдіс-тәсілдерінен табиғилық сипат, көркемдік шешімнің оңды, нанымды өріс алуымен мәнді болып табылады.

Жазушы бұл шығармаларында қоғамдағы ахуалды өмір-тұрмыстағы өзгерістерді, адам мен оның еңбегіндегі жаңашыл көзқарас, сипаттарды кезең-уақыт тынысына сай саралап, ұтымды хәм нанымды қырларын, танымдық, тәлімдік мұраттарын кең көлемде көрсетеді. Автор ізденісі мен көзқарастарынан өмір-уақыт шындықтарына ден қою, адам еңбегіне маңыз беру айрықша танылады. Кезең көріністері, қыр суреттері мен тұрмыс-тіршілік тынысы да қаз-қалпында, боямасыз беріледі. Кейіпкерлердің ой-сөз жүйесінен, еңбек тынысынан өмір шындықтары, уақыт тынысы терең танылады. Өмір-тұрмыс көріністері, жаңа уақыт тынысы нақтылы әрекет, қимылдар негізінде нанымды, жүйелі жеткізіледі. Уақыт пен кеңістік арақатынасы, қоршаған орта сипаты, адамдар бойындағы өзгерістерден де кезеңдік көріністер жан-жақты байқалды. Сайып келгенде, жазушы еңбегі мен ізденістерінен уақыт талаптарына, адам әлемі мен еңбегіне ерекше ден қоятыны байқалады. Қоғам, адам, өмір мұраттарын да қоршаған орта, болмыс бедерімен байланыс-бірлікте қарайтыны танылады. Өмір, уақыт шындықтарын көркемдік келісім сипаттарын осы бағытта жүйелі де нанымды дамытады.

Тарих тағылымы да, өмір шындығы мен ондағы өнер туындысының сәулелі сәттері де осындай болып табылады. Қалың топтың арт жағынан әлденені айтып, бір-бірімен сөз жарыстырып келе жатқан – «екі мосқал, мылқау адам» сөздерінен ауылдағы ахуал, елдегі өзгерістер тәп-тәуір танылады. Бұдан кейінгі жерде – елге шыққан қызыл отаудың ауыл-елдегі игілікті, ізгілікті іс-әрекеттері адам өмірі мен еңбегін жақсылыққа, ұнамды бағыттарға бұрған саналы қимыл-қозғалыстар барынша айқын да бедерлі, нанымды көрініс береді. Ауыл шетіне жақын орналасқан қызыл отау бірер күннің ішінде ел адамдарының назарын аударды. Қызыл отауда күнде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Әр алуан ойын-сауық, түрлі көріністерде жиі орын алды. Әсіресе, қызыл отаумен бірге елге шыққан губернелік әйелдер бөлімінің іс-әрекеттерінде нақтылық та, бірлік те бар. Іс тетігін біледі, әр нәрсенің көзін тауып, көппен еркін араласады. Басшылық-ұйымдстырушылық қабілет-қарымы мол.

Қоғамдағы ахуал, жаңа уақыт талаптары, әсіресе азаттық пен теңдік, еркіндік хақында үгіт-насихат жұмыстары жүйелі жүргізеді. Ел-жер ісіне көп араласады. Әр алуан кедергі, түсінбеушілікке кезіккенімен, оны ақыл-кеңес, парасат таразысына салып, оңды, нәтижелі шешеді. Алыс ауыл, ондағы қоңыр тіршілік тынысын лезде өзгерген ауа райының тынымсыз, құбылмалы көріністері шағын отбасын әуре-сарсаңға, әбігерге түсіреді. Адам өмірі мен еңбек тәжірибелері, оның қоғамға, жас ұрпаққа әсер-ықпалы сезіледі. Өйткені өнердің басты пәні – «Адам» адам өмірінің шындығы. Көркем шығармада басын мәңгілік қар басқан, бауырын көкөрай шалғын жапқан тау суреттеле ме, сайын даланың салқын самалы мен саумал бұлағы я оның толықсыған уыз бір сәті көрсетіле ме немесе толықсыған балғын арудың нұры төгіліп тұрған дегдар дидарының албырт қызғылты, шырағын жағып, шырынын ашып жәудіреп қана қарайтын бота көздің ынтықтық сәулесі... бейнелене ме – қалай болғанда да суреткер бар саналы творчестволық әрекетін, күш-қайраты мен шеберлігін бір ғана ұлы мақсатқа адам жүрегінің асыл сырын, адамзат жанының жарқын мұратқа ұмтылған баянды шындығын танытуға жұмылдырады. Адам бойындағы Адамға, Отанға, туған ел, өскен жерге деген адамзаттық ақ сүйіспеншілікті ардақ тұтады, соны қалыптастыруға, өрекендетуге қызмет етеді. Мұндай мақсатқа жету жолында әдебиет пен өнердің өзінен өзек тартып жататын жалпы адамзаттық, гуманистік, интернационалдық мазмұны ерекше мәнді болып табылды.

Жазушы жас ұрпақ өмірін, олардың әс-әрекеттерін, таным-талғамын жіті зерделеу негізінде – балалар әдебиетінің де көкейкесті мәселелерін қозғайды. Жас ұрпақтың қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі орын-үлесі, өзіндік ізденіс-еңбектері, көзқарас-танымы да аталмыш әңгіменің тақырып табиғатынан, жанрлық жүйесінен, көркемдік мұраттарынан, баяндау, суреттеу тәсілдерінен стильдік сипаттарынан, ой-сөз жүйелерінің берілу үлгілерінен кеңінен көрініс береді.

Ә.Нұрпейісов шығармасы тақырыптық ерекшелік пен өмір шындығына негізделуімен назар аудартады. Ондағы еңбек адамдары, уақыт пен кеңістік ара қатынасы табиғи жеткізіледі. Жазушы еңбегінен көзқарас пен қолтаңба, айқындығы, стильдің жатықтығы, либерлік пен шешендік сипаттары, салыстырулар мен диалогтың үндестігі, тіл мүмкіндіктері жан-жақты байқалады. Суреткер туындыларына тән ортақ белгі, ерекшелік – адам мұраты мен еңбегіне адалдық, ақыл-парасатқа кең өріс ашу, шындық пен сүйіспеншілікке құштарлық болып табылады. Жазушы ұлттық болмыс бедерлері, салт-дәстүр үлгілері, тұрмыс-тіршілік тынысы, мәдени-рухани сипаттар кең орын алады. Ұлттық мұрат пен құндылықтарды ұлықтау арқылы адам еңбегін аялау, достығы мен сүйіспеншілігін құрметтеу сезімі жарқын сипат алады. Еңбек адамының бейнесі – адал да

әділетті ісімен, табанды да тұрақты көзқарас-мұраттарымен, өмірге шексіз сүйіспеншіліктерімен даралана түседі. Мұның бәрінен, сөз жоқ, жазушы еңбегінің ізденіс іздері, өмір мұратына адалдығы, көркемдік көкжиегінің шексіздігі, салыстыру-суреттеу сипаттарының нақтылығы мен нанымдылығына жан-жақты көрініс береді. Ә.Нұрпейісов шығармасының ондағы шағын жанр үлгілерін сөз еткен тұста, сөз жоқ, қазақ прозасының алғашқы кезеңін, бастау арналарын, даму бағыттарын еске алу артықтық етпейді. Өйткені қазақ қаламгерлерінің бәрі-баршасы үлгі тұтқан алтын бастау, ағысты арнаның бастапқы кездері сонда жатыр. Өткен тарихымыздың, өсу-есею жолдарымыздың көркем шежіресі, мәдени-рухани жетістік-жеңістеріміздің сырлы сипаттары да сонда екенін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ әдебиеті, соның ішінде проза құлашын кең жая өсті дедік. Оған бір себеп, еліміздің мәдениетінің көтерілуі болса да, екінші себеп – ұлы орыс халқының бай әдебиетімен, әсіресе прозасымен қазақ совет прозасының тығыз байланысуы, зор сабақ алуы. Әрине проза бірден көтеріліп кетті деген мағына тумады. Ондай кенеттен өсіп, ер жете қою қисынсыз, өсудің де заңды жолы бар. Ақиқатында қазақ прозасының бастау көздеріне назар аударған тұста, дәстүр және жалғастық мәселесі айырықша мән-маңызға ие болады. Онда қоғам дамуымен бірге кезең көріністері, тарих тағылымы мен иірімдері де мол. Тұтас дәуір дидары, ұлт пен ұрпақ мәселесі, адамзаттық құндылықтар кең орын алады. Өйткені: «Тарихи жалғастық – қоғам дамуының объективті заңдылығы екені мәлім. Ал, тарихи жалғастықтың өзі қоғамда бұрыннан қалыптасқан белгілі бір дәстүрге негізделетін әрқашанда ескеріп отырғанымыз жөн. Өйткені дәстүр дегеніміз – бір ұрпақтың келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен іс-әрекеттердің рухани негізі екені мәлім. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Себебі әр ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық- тарихи жағдайға жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады...

Көркемдік дәстүр жалғастығы – қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи және теориялық жағынан барлық қыры толық күйінде, жан-жақты зерттеле қоймаған аса күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Ал бұл мәселені ғылыми тұрғыдан зерттеу – ұлттық сөз өнерінің эстетикалық қуатын, философиялық мән-мағынасын, әрбір әдеби жәдігерліктің өмірге келу себептерін айқындап алуға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрдің кешенді мәселелері (жанр генезисі мен типологиясы, мазмұн, форма, стиль бірлігі көркемдік дәстүрдің пайда болуы мен даму эволюциясы, көріктеу құралдарының түрлі тарихи кезеңдер талабына сәйкес түрленіп, өзгеріп қайталануы, ұлттық-эстетикалық талғамның қалыптасуы т.б.) ғылыми зерттеу объектісі ретінде біртұтас күйінде алынып, талдауды талап етеді. Бүгінгі қоғамдық, әлеуметтік, рухани өмірімізде орын алып отырған қыруар өзгерістердің өзі ежелгі көркем сөз үлгілері қазақтың өзіндік төл әдебиетінің қалыптасуында қандай роль атқарғанын ғылыми негізде айқындап, алуды қажет етіп отыр».

Мұнда кеше мен бүгіннің байланысы, ұлт мұраты мен оның көркемдік-рухани құндылықтары, ең негізгісі жазушы еңбегі мен шығармашылық үдерістің, туынды табиғаты мен қабылдау, психологиялық нюанстарын тануға қатысты көкейкесті мәселелері айқын аңғарылады. Осы реттен келгенде, туынды табиғатын тану мен қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері бар: «Шығарманы қабылдау, зейінге алу- алдымен оны тыңдаушының, оқырманның ой-санасына қалай сіңіруінен басталады... Ол үшін тыңдаушы, оқырман сол баядалып отырған және де әдеби шығарманың көркемдік қасиеттерін терең сезіне алатын қабілеті болуы шарт. Сонда ғана шығармадан алатын сезім әсерлері мольға түседі». Мұны қазақ қаламгерлеріне, олардың шығармашылық еңбектеріне қатысты да айтуға болады.

Ә.Нұрпейісовтің шағын жанрдағы туындыларында қоғамдық-әлеуметтік мәселелерден бастап, тарихи кезеңдер мен құбылыстар, ұлт мұраты мен ұрпақ жайы адамзаттық қарыз-парыздар, еңбек адамдарының адамдарының әр алуан характерлері, адалдық пен әділетті іс, ақыл-парасат пен сүйіспеншілік сыр-сезімдер, сондай-ақ бюрократиялық жүйе, өктемдік пен озбырлық, жалақорлық пен тоғышарлық, секілді келеңсіз көрініс, кереғар жайттар өмір шындықтары тұрғысынан көркем де келісті суреттелінеді.

Жазушының шағын жанрдағы туындыларының тақырыбы мен жанры жүйеленіп, мазмұны мен түрі айқындалып, шығармашылық даралық пен тұтастық сипаттары сараланып, көркемдік талаптар тұрғысынан байыпты зерделенеді. Ең негізгісі, әрине өмір мұраты мен адам еңбегі, тұрмыс-тіршілік көріністері, адамгершілік әлемі мен ізгілік иірімдері кезең шындықтары мен уақыт тынысына сай бейнелі де жүйелі жеткізіледі. Демек, Ә.Нұрпейісов шығармашылығы мен

ондағы дәстүр тағылымы – қоғамдық-әлеуметтік ахуал, болмыстық шынайы бедері өмір деректері мен құбылыстары көркем бейнеленуімен, адам мұраты мен еңбегі, тұрмыс-тіршіліктері нақтылы көрініс, сипаттарымен баурап, адалдық пен әділетті іс, ақыл-парасат әлемі, адамдық қарыз-папрыз төңірегінде кең өріс алады.

Ә.Нұрпейісовтің туындысы табиғатына еркін еніп, ондағы рухани-мәдени һәм көркемдік мұраттарына ден қойған тұста: қазақ прозасына, оның ішінде әңгіме жанрын өмір шындықтарымен өрнектеп, болмыс бедерлерімен нақтылы бейнелеп, адам еңбегін асқақ та жарқын көрсетіп, ұлттық мұратты биік белестерге көтерген, тіл мүмкіндіктерін бар қырынан ашып, бұл бағытта елеулі де іргелі істерімен үлкен үлес қосқан қарымды қаламгер екеніне көз жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдібаев Х. Қан мен тер. Социалистік Қазақстан, 1962. - 1 ақпан
2. Жәмішев Ә. Роман және әлеуметтік орта. Қазақ әдебиеті. 1965.- 10 қыркүйек.
3. Тоқбергенов Т. Қан мен тер хақында. Тоқбергенов Т. А.: Жазушы, 1974.- 109-144б.

ӘОЖ 89.06

ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье роль информационных технологий, особенно в подготовке будущих учителей к образовательному процессу, особенная, поскольку с помощью этой технологии они учатся способам устранения трудностей, возникающих при проведении различной образовательной деятельности. Информационные технологии основаны на поиске решения важнейших педагогических задач, повышении интеллектуальной работы, эффективном управлении образовательным процессом.

Summary. In the article, the role of information technology, especially in preparing future teachers for the educational process, is special, since with the help of this technology they learn ways to eliminate difficulties that arise when conducting various educational activities. Information technologies are based on finding solutions to the most important pedagogical problems, increasing intellectual work, and effectively managing the educational process.

Ақпараттық технологияны пайдалана отырып білім беру кез келген пәнді оқытуда болашақ мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және оқушыларға білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу үрдісін тиімді басқаруға негізделген. Ақпараттық технологияның, әсіресе болашақ мұғалімдерді тәрбие үрдісіне дайындауда алатын орны ерекше, өйткені, бұл технологияны пайдалану арқылы олар әртүрлі тәрбиелік шараларды өткізуде кездесетін қиындықтарды жоюдың жолдарына үйренеді.

Қоғам өмірінің барлық саласында, яғни экономикасы мен әлеуметтік қатынастарында көптеген өзгерістер туып отырған жағдайда білім беру ісінде де өзгерістің болуы заңды нәрсе. Өйткені білім беруді немесе мектеп ісін қоғамнан тыс алып қарауға болмайды. Бүкіл қоғам өмірінде бой көрсеткен келеңсіздіктің білім беру саласында да соқпай өтпегені мәлім. Солай бола тұра бүкіл өткенінді мүлде жоққа шығару немесе түгелдей теріс еді деуде орынсыз. Бастауыш білім үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, оқушыға белгілі бір көлемдегі білім-білік, дағдыларын меңгертумен бірге табиғат, қоғам, адам айналыны қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оның жеке басының қасиеттерін жан-жақты дамыту, жоғары адамгершілік принциптерге тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден-бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа-сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді. Атап айтқанда, В.Ворнов педагогикалық технология-бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналасатын жаңа бағыт десе, В.М.Шмель технология-өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі дейді. Ал М.Чошанов технология-бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі деп есептейді, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу үрдісіне белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы.

Оқыту технологиясы мектепте оқу үрдісіне қажетті амал, тәсіл, әдіс, дидактикалық талап секілді психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға, ынтасына, оқу-іс-әрекетіне игі мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелігіне, жинақтылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие үрдісінің басты күре тамырының ролін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология-оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа құрамдас бөлігі.

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде 50-ден астам жаңа технология қолданады екен. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтейік.

Дамыта оқыту технологиясы-күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көзделген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында. Мұғалімнің ролі мен атқаратын қызматінде, әдіс-тәсілінде, т.б. Бұл бағдарлы идеялар бүгінгі білім беру аясында қолдау табуда. Педагогика ғылымының зерттеушілері тәлім-тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты оқушы тұлғасын дамыту деп тааааниды. Бірақ, тұлға дамуы туралы ізденушілігі психологияның айтуы бойынша, әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды, тек оңтайлы ықпал жасуға болады. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Оқушы тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Сондықтан мектеп мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін тұлғаның дамуын көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет.

Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі-оқушылардың сабақ барысында бірнеше жұмыс жасай алатындығында, сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыларды жаңаша оқытуды, жаңа оқу әдістерін жаңа мазмұнды қажет етеді.

Оқытудың жаңа технологияларының бірі мектептерде қазақ тілін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушының деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімділігі бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай, жеке тұлға тәярибелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқыту кезінде оқушылардың тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін, әлеуметтік психологиялық танымын, сұранымын ескеру талап етіледі.

Деңгейлеп тапсырудың ауқымы өте кең-оқулықтағы жаттығулар-өткен ережелер бойынша қайталау, пысықтау, бекіту жұмыстарына арналған тілдік, грамматикалық жұмыстар жүйесі. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға, бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлеп оқыту оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты-әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

«Сыни ойлау» анықтамасына еш келмейтін ойлаудың үшінші түрі-ол шығармашылық немесе көкейкесті ойлау. Сонымен сыни тұрғыдан ойлау үш бөліктен тұрады. Біріншіден, сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Ал сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз. Сонымен қатар ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып есептеледі. Өз бастарымен жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде бостандық берілуі керек. Мысалы оқушылар мұғалімнің айтқанын жаттанды түрде қайтып айттып беруі мүмкін. Сыни тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес: біздің басқа біреудің идеясы мен нанымын өзіміздікі етіп қабылдауға толық құқымыз бар. Біз тіптен, басқаның пікірімен келісуіміз керек болады да, бұл біздің құқымызды дәлелдейді. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам басқаның көзқарасымен жиі келісе бермейді.

Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, бастапқы пункті болып табылады. Білім адамның сыни ойлауы онсыз мүмкін болмайтын дәлелдемелерді тудырады. Кейде «басында түк жоқ болса ойлау қиын болады», деп айтып жатады ғой. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер секілді көптеген «шикізаттарды» өңдеу керек болады. Кейбір оқушылар өздерінің үйренгендерін көп есіне сақтай алмайды. Сондықтан оларға ескіден жаңаға жол салу керек. Дегенмен де мұғалімнің жұмысы тек сыни тұрғыдан ойлауға шектеліп қалмайды: оқушылар ең қиын деген түсініктерді қабылдап, әр түрлі мәліметті естерінде сақтауға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету-мұғалімнің көп жақты жұмысының бір бөлігі ғана. Кез келген жаста сыни тұрғыдан ойлауға болады: бұл үшін тек студенттердің ғана емес, бірінші сынып оқушыларының да тәжірибелері мен білімдері жеткілікті.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Егер біз жаңа бір нәрсені байқай қалсақ, оның не екенін білуге құмартамыз. Дегенмен нағыз таным үрдісі өзінің кез келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен ыпайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпынысымен сипатталады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі. Ойымызды қорыта келсек: инновация жаңалық енгізумен байланысты. Бірақта зерттеушілердің айтуы бойынша кез-келген жаңалық әрқашанда да жоғары нәтиже көрсете бермейді. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарасақ, оқыту ісі тек сабақ беру ғана емес, оқытудың басты міндеті – мұғалімнің білім беруі және оқушының білім алу қызметтерінің біріккен түрі екендігін көреміз. Өскелең заман әрбір оқушының жеке тұлға ретінде тәрбиелеуін қажет етуде. Сондықтан әрбір пәнді оқытқанда, оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын арттырудың маңызы зор.

Дәстүрлі емес сабақтардың, оқытудың инновациялық технологияларын бастауыш сынып оқушысының пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың, дамудың құралы екендігі негізделді. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар орындаудың да маңызы зор екендігі көрсетілді.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасадық:

1. Егер оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың қабілетіне қарай шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар берілсе;
2. Егер әрбір сабақ түрлендіріліп, жаңа әдіс-тәсілдермен дәстүрлі емес формада өткізсе;
3. Оқу тәрбие үрдісіне инновациялық педагогикалық технологиясы енгізілсе, онда оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылықтары артады;
4. Оқушының пәнге қызығушылығының артуы оқушының үлгерім көрсеткішіне тікелей әсер етеді.

Демек, қорыта келе айтқанда, бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясын оқушыны дамыту құралы ретінде пайдалануға болады.

Сондықтан мұғалімдерді кәсіби даярлауға қойылатын талаптардан тікелей туындайтын міндет бұл барлық курстарды жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, олардың мазмұнын жаңарту, қосымша материалдарды енгізу болып табылады. Бұған арнайы пәндер

бойынша компьютерлік оқыту бағдарламаларын, электронды оқулықтар, электронды тасымалдағыштарда әртүрлі оқу материалдарын дайындап, оларды оқу процесінде пайдаланудың мүмкіндіктері жатады. Демек, қазіргідей ақпараттық мүмкіндіктер жоғары болып отырған заманда оқутәрбие үрдісінде оның тиімді мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалану мұғалімдер үшін өз іс-әрекетін ұтымды ұйымдастыруға кең жол ашып отыр. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруде мұғалімдердің кәсіби білімін шындауы – педагогтың жеке тұлғаны қалыптастыруы болса, ол қоғам мақсатына сай саналы әрекет пен қарым-қатынас жасайтын, рухани құндылықтарды бойына жинаған, дүниетанымдық, зерделілік, ізгілік қасиеттерімен дараланатын адам.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде көрсетілгеніндей сын тұрғысынан ойлау – идеялар мен бар мүмкіндікті шығармашылықпен қарай жақындастыратын тұжырымдар мен ақпараттарды қайтадан түйіндеп тұжырымдайтын күрделі құбылыс. Бұл – әртүрлі деңгейде бірдей бір кезде болатын екпінді және өзара болатын дамуға негізделген процесс (іс-әрекет). Көбінесе бұлай ойлау ересек студенттерге ғана бағытталған деген теріс түсінік бар. Дегенмен бұл технология мектеп оқушыларына да пайдалануға арналған. Сондықтан ұсынылып отырған құрылым – үйрету мен үйренудің бірлігінен үйренудің қызығушылығынан тұратын стратегия, ол студенттердің беріліп білім бұлағынан сусындауын қамтамасыз етеді. Осылайша бұл құрылым студенттер мен мұғалімдердің білім беру-алудағы әртүрлі бірлесіп жұмыс жасау үлгісін де ұсынады. Бүгінгі таңда жаңа педагогикалық технологиялардың пайда болуымен әрбір мұғалімнің коммуникациялық компьютерлік ортада жұмыс істеуі, басқа да коммуникацияның мүмкіндіктерін пайдалануы сияқты күнделікті әдетке айналуы үшін оларға электронды пошта мен интернеттен бастап, басқа да электронды құралдармен жұмыс істей алуға үйрету және қажетті барлық жағдайларды жасау керек. Өйткені мұндай шаралар арқылы мұғалімнің ақпаратты іздеп табу, әртүрлі құжаттарды дайындай алуға іс-әрекетін анағұрлым жеңілдетіп, оқу процесін одан әрі жетілдіреді, сондай-ақ олардың кәсіби біліктілігін арттыруға, өздігінен іздену арқылы білімін көтеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асаубаева А.К. Ақпараттық технологиялар негізінде кәсіби мамандарды даярлаудың педагогикалық негіздері. // «Шоқан тағылымы-13» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Көкшетау, 2018 ж.
2. Тұрғынбаева Б. Мұғалімнің шығармашылығын дамыту – маңызды мәселе. // Дауыс, көрініс, №3 (23). – Б.35.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М, 2015 г.

ӘОЖ 38.43

ОҚЫТУДЫҢ ТҮЛҒАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

РАХЫМ Ә.Р.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье высокий уровень образования тесно связан со значительным объемом информации, которую должен усвоить каждый человек, обилием интеллектуальных практических навыков и сформировавшейся у него системой ценностей. Личностно-ориентированные технологии образования опираются на основы философского, психолого-педагогического добра: единство личности, полное использование ее возможностей, повышение уверенности человека в себе и т. д.

Summary. In the article, a high level of education is closely connected with a significant amount of information that every person must learn, an abundance of intellectual practical skills and the value system that has formed in him. Personality-oriented educational technologies are based on the foundations of philosophical, psychological and pedagogical goodness: the unity of the individual, full use of its capabilities, increasing a person's self-confidence etc.

Тұлғаға бағдарланған технология мәселесі ресейлік ғалымдар еңбектерінде ХХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап орын алды және «тұлғалық бағдарлы педагогика», «тұлғалық бағдарлы білім беру», «тұлғаға бағдарланған технология» терминдері пайда болды.

«Тұлғалық- бағдарлы» сөз тіркесі білім беру процесінде қолдануына байланысты педагогикалық сөздікке ағылшынның «person-centered» («тұлға орталықты») және «pupil-centered» («оқушы орталықты») сөздерінің аудармасынан енгізілген. Олар Карл Роджерстің гуманистік педагогикасы және гуманистік психологиясындағы ұғымдардың бірі болып табылады.

Осы ұғымдардың түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Бұл пікірлердің көптігі төмендегідей түсіндіріледі: кез-келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әрқайсысын тұлғаға бағдарланған оқыту деп тануға болады. Оқушыға ізгілікті тұлға тұрғысынан қарау, педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендірудің мәні ашылды.

Бүгінгі таңда оқытудың түрлі нобайлары мен технологиялары жасалуда. Олардың әрқайсысы «тұлға», «тұлғаның дамуы», «тұлғаға бағдарланған білім беру» ұғымдарын өз бетінше түсіндіреді. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерге жүгінсек: тұлға дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны; тұлға – адамдар арасындағы өзінің ұстаным-орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын қоғамның өкілі ретіндегі адам.

Ресейлік ғалымдар ішінен тұлғаға бағдарланған білім берудің ғылыми-теориялық негіздеріне талдау жүргізген Е.В. Бондаревская тұлғаға бағдарланған білім берудің сапасын мәдениетке сәйкестік ұстанымымен анықтайды. Бұл ұстанымның мәні – тұлғаны дамытушы және жетілдіруші орта ретіндегі мәдениет пен білім арасындағы, сонымен қатар баланың тәрбиесі мен дамуы арасындағы қарым-қатынастарды анықтау болып табылады. Яғни, білім беру мазмұнының мәдениет орталығы – бірегей жалпыадамзаттық, жалпыұлттық және аймақтық мәдени құндылықтар.

Е.В.Бондаревскаяның білім беру тұжырымдамасына сәйкес мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы тұлғаға бағдарланған тәрбие дегеніміз - баланың денсаулығын нығайту процесі, оның табиғи қабілеттерін (ақылын, құлықтық және эстетикалық сезімдерін, қажеттіліктерін, адамдармен, табиғатпен, өнермен қарым-қатынасын жасауда алғашқы тәжірибесін жинақтауын) дамыту процесі. Бұл жас кезеңінде педагогикалық әдіс-тәсілдердің үйрету, сөз және үлгі арқылы әсер ету, қарым-қатынас, өмірді сезім арқылы тану мен мәдениет құндылықтарын тану, эстетикалық және құлықтық сезіну және т.б. түрлерін пайдалауға болады.

Білім беру үдерісінің субъектісін тұлға деп қаратырсақ, онда дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлғаның мәні нақты индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның әлеуметтік жүйе шеңберіндегі өзімен — өзі болу қабілетінде ашылады. Табиғи таланттардың, туа біткен ерекшеліктерінің маңызды рөлін тұлға дамуында әлеуметтік факторлар жаңаша түрде көрсетеді. Дара өмірдің тіршілік ету әдісі дегеніміз – адам өмірінің жалпы көрінісі, адамның бірегей және бесаспап қасиеттерінің бірлігі тұтас жүйе; адамдардың арасындағы өзінің ұстаным орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Қоршаған ортамен қоғамдық және адами қарым – қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туа қалмайды, әлеуметтану процесінде тұлға болып шығады деген ғалымдардың тұжырымын қолдай отырып, білім мен тәрбие беру үдерісінде өздігінен үздіксіз дамуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру кәсіби білімдендіру үдерісінің ізгілендірілуіне орай кәсіби педагогиканың негізгі басымдықтарына айналды. Кәсіби педагогиканың басым бағыттарында болашақ маманның тұлғалық болмысын дамытуға оқыту технологиялар жүйесінің қолданыс аясы кеңейіп, практикалық маңызы айқындалды. Себебі педагогикалық технологияда педагогикалық жобасы ретінде объектілерді, процестерді және олардың өзара әрекет ету жағдайларын ажыратады, яғни педагогикалық технология кең мағынасында бүкіл білім беру жүйесінің тұжырымдамасын, стратегиясын білдіреді. Кәсіби білім беру жүйесін ұйымдастырудың негізі ұжымдық оқыту тәсілі болып табылады. Ұжымдық оқыту тәсілі – оқытуды білімденушілердің бір – бірін оқыта алатын динамикалық жұптарда қарым қатынас жасауы арқылы іске асырылатындай етіп ұйымдастыруымен сипатталады. Білімденушілердің оқу қызметін ұйымдастырудың ұжымдық формасы білімдену үдерісіне бірге қатысушылардың өзара ықпалдастығын,

Білім беру үдерісінде оқытушы білімденушілердің жеке тұлғалық даралық болмысын дамытуға «барлығы әрқайсысын жеке және әрқайсысы барлығын оқытады деген қағидасын

педагогикалық жағдай жасау мақсатында жүзеге асырады. Ұжымдық жұмыстың жеке тұлғалық бағыты саралап оқыту қажеттіліктерімен айқындалады.

Саралап оқыту оқу ісін білімденушілердің бейімділіктерін, мүдделері мен байқалған қабілеттерін ескере отырып, бірақ олардың жалпы даярлығының базалық деңгейін төмендетпей ұйымдастырудың тиімді нысаны.

Саралап оқыту адамның қажеттіліктерімен мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау арқылы оның біршама дамуына бағдар ұстай отырып, оқу процесін ізгілендіреді. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, саралап оқытудың мақсаты қоғамның шығармашылық интеллектуалдық, кәсіптік әлеуетін қалыптастыруға, қоғамның әрбір мүшесінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдалануға ұмтылуға мақсаткерлікпен әсер ету.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, саралап оқытудың мақсаты – әрбір адам басқа адамды дамытудың шарты және құралы болатын, «оқушы – мұғалім» жүйесіндегі субъект– субъектілік қатынастарға көшуге қолайлы жағдай жасау. Бұл қатынастардың негізінде мұғаліммен білімденушілердің өзін – өзі дамытуын қамтамасыз ететін бірлескен нәтижелі іс – әрекеті жатыр.

Дидактикалық тұрғыдан алғанда, саралап оқытудың мақсаты – тұлғаны білімденушілердің жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқыту әдістерінің, нысандары мен құралдарының жиынтығын іске асыру арқылы әрбір білімденушінің қызығушылығы мен қабілеттерін дамыту, қасиеттерін ашу үшін оңтайлы жағдай туғызу. Бұл мақсатқа жетудің маңызды құралы білімденушілерге таңдау мүмкіндігін беру болып табылады.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, саралап оқытудың мақсаты – мектептің пісіп жетілген проблемаларын оқытуды сырттай және іштей саралауға негізделген жаңа әдістемелік жүйе жасау арқылы білім стандарттарын (міндетті талаптар) сақтай отырып шешу.

Саралаудың қажеттілігі тұлғаның мүдделерімен және құқықтарымен бірлесетін (әлеуметтік психологиялық) және әлеуметтік педагогикалық алғыштар қоғам қажеттіліктерімен туындайды, сол сияқты педагогикалық процестің (педагогикалық алғы шарттың) сапасын жақсартуға тікелей ұмтылудан келіп шығады.

Білім берудің жоғары деңгейі әрбір адам меңгеруге тиісті ақпараттардың айтарлықтай көлемімен, интеллектуалдық практикалық біліктердің көптігімен, оның бойында қалыптасқан құндылықтар жүйесі мен тығыз байланысты. Ақпараттың қазіргі дүниеде жедел өсуі білім берудің міндетті базалық жағдайында белгілі бір салада мамандануға қажеттілікті туғыза отырып, оны әрбір адамның толық көлемінде меңгеруге мүмкіндік бермейді.

Бұрын көсетілгендей, саралап оқыту адамдардың жекелеген топтарына қатысы жөнінен жеке тісілді іске асыруға бағытталған. Саралап оқыту, бір жағынан алғанда жалпы білім беруді кеңейтумен және тереңдетумен, екінші жағынан – кәсібилендіру элементтерімен ұштастырылады.

Саралап оқыту жағдайында аса маңызды проблема – жоғары білікті мамандар проблемасы туындайды.

Саралап оқытуды ұйымдастырудағы тағы бір проблема білімденушілердің саралау алдындағы дайындығымен байланысты. Бұл проблеманың бір қыры белгілі бір жасқа дейін бірқатар жалпы оқу дағдыларын меңгеруге, шығармашылық қызмет тәжірибесі, терең базалық білімі болуға тиісті білімденушілерді әрі қарай білім алуға даярлау қажеттігі болып табылады. Сонымен білім беру үдерісінде саралап оқытуды ұйымдастыруға байланысты қаралған кейбір мәселелердің өзі саралау проблемасының күрделілігін, көп қырлылығын көрсетеді.

Бұл технологиялардың идеологиясын зерттеу, проблемалық әдістерді кеңінен пайдалануды, жобамен жұмыс істеу кезінде бірлескен немесе жеке іс- әрекет арқылы алынған білімдерді қолдануды, өзіндік сыни ойлауды ғана емес, мәдени қарым — қатынас деңгейін де дамытуды, мұның бәрі өмірде табысқа жетуді және күрделі өмір жағдайларынан абыроймен шығуды қамтамасыз етеді.

Тұлғаға бағдарланған білім берудің әдіснамасын сонымен қатар И.С. Якиманская да қарастырады. Ол тұлғаға бағдарланған оқытуда оқушының субъектілік тәжірибесіне сүйену керек деп есептейді. Субъектілік тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі болып табылады. Сондықтан, білім беру процесінде оқушының субъектілік тәжірибесі мұғалімнің беретін тәжірибесі арқылы мәдени сипатқа ие болып өзгереді, дамиды, жетіледі.

И.С. Якиманская тұжырымдамасы бойынша тұлғаға бағдарланған педагогикадағы білім берудің мақсаты – баланың жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде анықтап, дамыту үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) тудыру, ол қасиеттерді «мәдениеттендіру», әлеуметтік мәнді іс-әрекеттерге айналдыру. Білім беру процесі бұл жағдайда оқушы мен

мұғалімнің оқу диалогына негізделіп құрылып, ол бағдарланған іс-әрекетті бірігіп жасауға бағытталған.

Ғалым И.С. Якиманская ұсынған тұлғаға бағдарланған оқытудың нобайларын саралай отырып, олардың әрқайсысы да тұлғаны дамыту мен өзін-өзі дамытуда оның табиғи, дара ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін аңғаруға болады.

Оқытудың тұлғаға бағдарланған технологиялары философиялық, психологиялық және педагогикалық ізгіліктің негіздеріне арқа сүйейді: тұлғаның біртұтастығы, тұлғаның мүмкіндіктерін толық пайдалану, тұлғаның өзіне деген сенімін арттыру және т.б.

Білім беру парадигмасының, білім мазмұнының жаңартылуы, білімнің ізгіліктілік сипатқа ие болуы, оқыту мен тәрбиенің жоғары мәніне тұлғаны көтеру, танымдық іс-әрекеттерді жаңаша түсіндіру – міне, осы айтылғандардың барлығы білім берудегі жаңа көзқарастарды технологиялық деңгейге көтеруді талап етеді. Ол тұлғаға бағдарланған білім беру технологиялары арқылы жүзеге асырыла отырып, жаңа деңгейде дамыту үшін баланың субъектілігі тәжірибесі мен танымның ішкі құрылымына, қабілеттер мен таным стратегияларын есепке алуға көңіл бөлуді қажет етеді.

Дәстүрлі оқыту мен тұлғаға бағдарланған оқытудың салыстырмалы талдауы 18-кестеде көрсетілді.

Қазіргі кезде білім беру парадигмасы өзгерді. Ол бұрын пәнге бағытталған түрде жүргізілсе, енді жеке тұлғаға бағытталған түрде жүргізілетін болады. Бұл – қоғамдағы өзгерістерге байланысты туындаған объективті процесс. Бұрынғы оқыту технологиялары оқушылардың жалпы оқытуға деген ұмтылыстары мен біліктерін қалыптастыруға бағытталған еді. Онда оқытылатын пәннің өзі оқыту мақсаты тәрізді болады да, ал оқушы соған жету құралы болып саналатын. Осының нәтижесінде көптеген оқушыларда оқуға деген оң көзқарас қалыптаспайтын-ды.

Бүгінгі күні бізге, елімізге дені сау, рухы таза, ойлары биік адамдар қажет, олар алдарына зор мақсаттар қойып, соған жетуге тырысады.

Беретін пәніне қарамастан, мұғалім осындай тұлғаларды тәрбиелеуі тиіс, балаларды жастайынан нағыз адам болуға, алдарына керекті мақсат қойып, соған жету жолында кездесетін қиындықтарды жеңе білетін тұлға ретінде бағытталған оқыту түрін пайдалану керек. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту – оқушының барлық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, оның жеке ерекшеліктерін дамытуға қажетті жағдайлар жасау деген сөз.

Біліктіліктің, адамгершіліктің, кәсіби шеберліктің және іс-әрекетке икемділіктің жаңаша түсінігі оқушылардың әрекеттері мен өз орнын анықтау, өзін-өзі жетілдіру, адамның табиғи мүмкіндіктерін ашу, ойлау қабілетін жетілдіру, сөйлеу, әрекет ету сияқты қасиеттерін ашып, осылардың нәтижесінде өмірдегі өз орнын табуға көмектеседі.

Дәстүрлі оқыту мен тұлғаға бағдарланған оқытудың салыстырмалы талдауына сүйене отырып, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Тұлғаның басым сапалық белгілері, ерекшеліктері жоғары этикалық құндылықтары болады: мейірбандық, махаббат, еңбексүйгіштік, ар-ождан, азаматтылық және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас: тиым салмау, тек дұрыс жол көрсетіп бағыттау, күш көрсетпеу, тек сендіру, шектемеу, тек таңдау құқығын қалдыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т., Бакиров И. И., Максүтова И. О. Интенсивные образовательные технологии и их применение начинающими преподавателями вуза. Учебно-методическое пособие. – Алматы: 2019 ж.
2. Бұзаубақова К.Д. Инновациялық педагогика негіздері.-Алматы: «Білім», 2019 ж.
3. Бордовская Н.В. Современные образовательные технологии. – М.: Кнорус, 2011 ж.

ӘОЖ 91.18

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

ТОЙБЕК А.Б., СТАНБЕК Е.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
«Өнер және спорт» факультетінің студенттері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
ОРДАБАЕВА Р.Б.

Резюме. В статье сегодня нельзя отрицать, что формирование национального воспитания, передовых нравственных традиций, благородных качеств человечности у молодежи, их рациональное использование становится одной из важнейших задач. Поэтому история и будущее национальной культуры, литературы От воспитания подрастающего поколения в школе зависит также язык, народная педагогика. Золотой колыбелью детского воспитания является семья.

Summary. In the article today, it is undeniable that the formation of national education, advanced moral tradition, noble moral qualities in young people, and its rational use is becoming one of the most important tasks. Therefore, the history and future of national culture, literature, language, folk pedagogy also depends on the education of the young generation at school. The golden cradle of child education is the family.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы– адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десең, бесігінді түзе» – деген нақыл сөз бар.

Қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне қатысты әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ. Егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді қан мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт-дәстүр негізін ұстансақ өте ұтымды болар еді.

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық өнегелі дәстүрді, адамгершілігі бар асыл қасиеттерді жастар бойына қалыптастыруда, оны ұтымды пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отырғаны даусыз. Сондықтан ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, халықтық педагогиканың тарихы мен болашағы да мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі – отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ-бала үшін өмір мектебі.

Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан басталып, белгілі бір бағдарлама негізіне сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға оқыту мен тәрбиелеу, мәселесін жоспарлап, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етті. Ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуын олардың қоғам алдындағы өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттық болашағы текөзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезі мен өткеннің тағдыры мен талаптарын объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек» деп айтылған. Қазақ халқының тарихы дәстүрге өтебай. Отбасы үшін ежелден тән қасиеті балажандылық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар-осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер-азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінің бойынан көрінетін даралық қазақы болмысының жарқырай көрініп, жүрекке жыл

ы әсер еткен. Әсемдік пен әдептілік үйлесімділік тапқан. Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп құдалы болу қазақ некелерінің ерекшеліктері қалың мал мәселесі бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әмеңгерлік мирас пен мұра ежелгі отбасы дәстүрлерімен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін шаңырақ шайқалып босаға босамауына назар салғанын көреміз.

Соңғы кезде қазақ халқының табиғатына тән ана сүтімен сүйекке сіңген ізгідет ғұрыптардан тыс қалып бара жатқандаймыз. Өз ұлтының өткені мен болашағына бейжай қарайтын тәрбиеден тысқары қалған жастар аз емес. Ата-ананы сыйлау үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру әдеп сақтаудан хабарсыз кей жастардың қылығы әркімнің-ақ намысына тиері сөзсіз. Халық өнерін игеру жастарды еңбексүйгіштікке, әсемдікке бағыттап халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жақсы әдет ғұрыптарын жалғастыруға баулиды. Ұлттық тәжірибеміз отбасынан басталып кейінде жалғасын тауып жатса, қазіргідей қазақ халқының қанында жоқ ата-баба тәрбиесіне жат өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар тауы әкесінқарттар үйіне өткізген, нашақорлықпен маскүнемдікке салынғандардың шаңырағы орт аға түспес еді.

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі «ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» деп бағалағандықтан. Сондықтан ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шешеден көріп тон пішуге, әкеден көріп оқ жонуға баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес.

Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үлгі-өнеге алған. Болашақ жастарға тәлім тәрбие беруде Отанымыз отбасы мен мектепке үлкен борыш артады. Отбасы болашақ азаматтың жеке басын аяғынан тұрғызып, егеменді еліміздің болашағын, негізін жасайтын іргетас. Болашақ азаматтың отбасында алған тәрбиесі, мінезі, жақсы мен жаманды ажырата білуі, үлкендерден алған өнегесі уақыт өткен сайын берік қалыпқа түсіп, оның өмірінен үлкен орын алады. Жас ұрпақтың өнегелі тәрбие, білім алуына оны жалғастырушы-мектеп. Мектеп-қоғамдық ұйымдар мен отбасы тәрбиесін ұштастыратын негізгі ұйытқы, орталық. Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында бедел орын алуынан, мынадай ерекшелік қалыптасады, ол біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиеттерінің дамуына жағымсыз ықпал етеді.

Қазіргі кезде заман ағымына қарай отбасында еркіндік қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді. Отбасында орныққан қарым қатынас арқылы баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді. Ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына арманына балаған. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар», «Босағасын алтыннан соқсаң да перзент сүймей, адамның мейірі қанбас»-деп барлы асыл сөздерін арнаған. Қазақ отбасы ата-ана, әке-шеше, балалар атты үш құрамнан тұрған. Ата-ана мен әке-шешенің қарым-қатынасы жас баланың адамгершілік жағынан толысып жетілуіне үлкен үлес қосады және ізгілікті іске баулиды.

Мектеп-ата-аналарының тәрбие істеріне бағдар-бағыт беріп, оларды жан-жақты тәрбиелеуге жұмылдырады. Балаға негізінен үш ортадан тәрбие жұғады, үш орта бала тәрбиесіне әсер ететін негізгі фактор. Біріншісі-ата-ана, екіншісі-ұстаз, мектеп, үшіншісі-дос құрбысы. Балаға тәрбие беру кілті ата-ананың қолында. «Баланы дұрыс тәрбиелесек, қартайғанда өміріміз бақытты болмақ, жаман тәрбиелесек зор қайғыға ұшырап, үлкен бақытсыздыққа тап болғанымыз. Жаман тәрбиеленген бала-басқа адамдар алдында, бүкіл еліміз алдында жасаған үлкен кінәміз» деп атап көрсеткен. Ата-ана баланы қалай тәрбиелесе бала соған қарай бейімделеді. Әрбір ата-ана мұғаліммен тығыз байланыста болғаны жөн, онсыз бала тәрбиесінде жақсы нәтижеге

жету мүмкін емес. Ата-ана мен мұғалім бірлесіп жұмыс жасағанда ғана бала бойына ізгі қасиеттерді толығынан сіңіруге болады. Жасыратыны жоқ кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне салғырт қарап, өз баласының мінезін, баланың ішкі дүниесіне, дүниетанымымен бірге баланы не қызықтыратыны немен шұғылданғысы келетіні туралы біле бермейді, сондықтанда кейбір ата-аналар мұғаліммен кеңесіп, баласының жағдайын жиі біліп тұруымен бірге мектепке жиі келуі керек.

Баланың ақыл-ой, адамгершілік-әдеп тәрбиесімен қоса, жас шамасына лайықты еңбек тәрбиесі, спорт түрлерімен шұғылдануын ата-ана қадағалауы керек. Балалардың жан сұлулығымен қатар тән сұлулығына да мән берген жөн. Тапсырылған жұмысты дұрыс орындамаса жекіп ұрса берудің орнына, жұмыстың қалай жасалатындығын көрсетіп, үйретумен бірге баланың шамасына, икеміне қарап содан кейін оның дұрыс орындалуын талап ету керек. Мектепте ата-аналар жиналысына бірді-екілі ер адам қатыспаса, одан көп ер адам қатыспайтыны белгілі болсада қынжылтарлық жәйт. Соңғы кезде бала тәрбиесімен айналысатын ата-аналардың жылдан-жылға азаюы, ата-аналардың өз міндеттерін білмеуі, білсе де мойындамауы жиілеп кеткені соншалық, көптеген ата-аналар баласына қарамайды, жұмысым жоқ деген желеумен сауда жасап, мектептің қайда екенін білмейтін ата-аналар кездесетіні өмірдегі шындық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, біз халықтың нақыл сөзінен сусындаған, аталар сөзімен өсіп-өнген, даналар өсиетінен тәрбие алған, ұлылар тәрбиесінен тағзым еткен дана халықтың ұрпағымыз. Даналық сөздермен оза білген қазақ халқымызда «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөз бар.

Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет.

Жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүйіп, оны қорғай білуге үйрету, оқушы бойында патриоттық сезім мен адамгершілік сананы қалыптастыру-егеменді мемлекетіміздің әр отбасы мен азаматтарының міндеті. Елдің ертеңгі ұрпағы, киелі жердің иесі-жастар тәрбиесі біз бен сіздің басты мақсатымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі оқулық / С.Т.Иманбаева, Ш.М.Майғаранова. - Алматы: "ОНОН", 2017 ж.
2. Әбенбаев С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық/ С.Әбенбаев. - Астана: Фолиант, 2017 ж.

ӨОЖ 373.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

АУЕЖАНОВА З.Е.

№32 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье представлены группы и примеры конкретных методов работы обучения в начальных классах. Также проведено исследование, с помощью которого мы выявили самые эффективные способы работы.

Summary. The article presents groups and examples of specific methods of teaching in primary schools. A study was also conducted, with the help of which we identified the most effective ways of working.

Қазақстанда жаңартылған орта білім беруді енгізу бастауыш сынып мұғалімдерінің мойнына күрделі де жауапты міндет жүктелді. Мұғалім жұмысына оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеумен қатар оны жетілдіруіне де ерекше көңіл бөлінді. Әдістемесіз алға қойылған оқу мақсатына жету

және оқу-танымдық іс-әрекеттің мазмұнын жүзеге асыру мүмкін емес. Қазіргі мектептің басты мақсаты – әр оқушының қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім, дағдылар мен қасиеттерді дамыту.

Бастауыш мектепте оқытудың заманауи әдістері баланы қызықтыруға арналған. Бірақ сонымен бірге олар қазіргі өмірде қажет және кейінгі оқу үшін негіз болатын жеткілікті білім мен дағдыларды беруі керек Қай әдіс тиімді екенін анықтамас бұрын, әдістердің жіктелуімен танысып, олардың ерекшеліктерін білу керек. Нақты нұсқа балалардың жасын ескере отырып, оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты таңдалады. Дәстүрлі репродуктивті оқыту бұл міндеттерді шеше алмайды. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары мен белсенді әдістері қажет. Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушыны ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Жеке тұлғаның белсенділігі педагогикалық, психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Белсенділіктің басым бөлігі бастауыш сыныпта қалыптасады.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалдарын игеру үдерісінде оқушылардың ойлау және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі[4]. Белсенді оқыту әдістерінің басты принципі – оқушылардың «мен істей алмаймын», «мен білмеймін» деген ұстанымдарына тосқауыл қою. Еркін кеңістік принципін ұстану арқылы оқушылар еркін қозғалып, топта бірігіп, мәселені шешуге, тапсырманы орындауға талпыныс жасайды.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті – оқушыларға белгілі бір білім беру ғана емес білімнің жиынтығы, сонымен қатар олардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқуға үйрету. Мұғалімге барлығын қолжетімді түрде айтып, көрсетіп қана қоймай, оқушыға үйрету керек сыни тұрғыдан ойлау және алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдану. Менің ойымша, бұған оқытудың белсенді формалары мен әдістері ықпал ете алады. Белсенді жұмыс әдістері-бұл оқушылардың ақыл-ой және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен әртүрлілігі қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Сабақта белсенді әдістерді қолдану мақсаттары: мотивацияны дамыту, пәнге қызығушылық, оқушылардың функционалдық сауаттылығы; коммуникативтік, оқу-ақпараттық және оқу-ұйымдастыру дағдылары.

Әр оқыту әдістерінің оң және теріс жақтары бар. Оқытудың белсенді әдістері оқуға деген ынтаны және оқушының жақсы жақтарын дамытуға көмектеседі, оқушылардың өз бетінше білім алуы, пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту процесін жандандырады, оқу-ақпараттық және оқу-ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Жаратылыстану бағытында жүргізілетін «Дүниетану» пәнінде белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын дамытуға болады. Бастауыш сынып оқушысы ғылыми ұғымдармен таныса отырып, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Себебі, Дүниетану интеграциялық пән ретінде, биология, география, химия, экология сияқты пәндердің негізін үйретеді. «Кластер», «Ми шабуылы» сияқты белсенді әдістерді сабақ үрдісінде қолдануға болады. Ол, оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытады. Миға шабуыл әдісі білім алушыларды дерек көздерімен өз бетінше жұмыс жасауға бағыттай отырып, сұрақтарды қою арқылы, оқушылардың креативті ойлау дағдысын, тез шешім қабылдау ептіліктерін дамытуға болады. Оқушы бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу арқылы шығармашылықпен ойлауды үйренеді.

Қазақ тілінде үй тапсырмасын тексеру барысында «Ақиқат, жалған» әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі. Мысалы, «Дыбыстар екіге бөлінеді, дауысты және дауыссыз; н-дауыссыз үнді дыбыс» — деп белгілі бір тұжырымды айтқан кезде оқушылар ақиқат болса жасыл түсті қағазды, жалған болса қызыл түсті қағазды көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушыдан шапшаңдықты талап етеді. «Жалғасын тап» әдісі үй тапсырмасын тексеруде тиімді әдістің бірі. Оны ұйымдастыру үшін сөйлемнің басы жазылған парақшаларды оқушыларға таратып, әрі қарай олар ойды жалғастырып сөйлемді толықтырады. Сөйтіп, мәтін мазмұнын өздері шығарады, барлық оқушы қатысады. «Шығармашылық шеберхана» әдісі оқушылардың шығармашылық дағдысын дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар мәтіннің мазмұнына сәйкес суреттер, иллюстрациялар дайындайды. Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге

деген қызығушылықты оятады. «Инсерт» әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады.

Қорыта келе, белсенді оқыту әдістерін қолданатын сабақтар тек оқушылар үшін қызықты емес, мұғалімдер үшін де маңызы зор. Бастауыш сынып балаларының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан олар өздерінің эмоцияларымен күресуі мүмкін, сабақтарда өте қолайлы мәселелерді талқылау кезінде әдістерді біртіндеп енгізген дұрыс. Белсенді әдістерді сабақта тиімді қолдану, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға, өз ой-пікірін еркін, ашық айтадуға, бір-бірін тыңдауға үйреніп, ұжымда ынтымақтастық атмосфера қалыптасады. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы гумандық педагогиканың принциптеріне негізделеді. Алайда, мұғалім педагогикалық үрдістің негізгі ұйымдастырушысы болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Малофеева А.М. Использование активных методов на уроках в начальной школе <https://nsportal.ru/nachalnaya>
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
3. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңіндегі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының әдістемесі. – Алматы, 1998.
4. Сламбекова Н.М. Шағын комплектілі бастауыш мектепте жазбаша шығармашылыққа негізделген тіл дамыту әдістемесі. – Алматы, 2001.

ӘОЖ 371.3:811.512.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЫ

РАЙЫМҚҰЛОВА А.А.

№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье говорится о том, как использовать информационные технологии при обучении казахскому языку. В век современных технологий необходимо широко использовать технологии на занятиях в высших учебных заведениях и школах, в том числе при преподавании казахского языка.

Summary. The article talks about how to use information technology when teaching the Kazakh language. In the age of modern technology, it is necessary to widely use technology in classes in higher educational institutions and schools, including when teaching the Kazakh language.

Қазіргі білім беруде ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға алғышарттар жасалды. Білім беру жүйесінің компьютерлендірілуі, Интернет желісіне қосылуы, білім алушылардың өзіндік жұмысына аса үлкен мән берілетін кредиттік оқу жүйесінің енгізілуі т.б. мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігін қажет етуде. Мұғалімнің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, автоматты оқу жүйелері туралы мәліметтермен қатар оқу құралында пәннің электронды оқу курстарын жасау жолдары қарастырылған.

Тіл арқылы білім алу және оны беру оның тарихи қалыптасқан аса маңызды функциясы, басқаша айтқанда тіл – коммуникация, яғни адамдар арасындағы арнайы байланыс құралы болып табылады. Тілден бөлек жазу, баспахана, телефон, теледидар және Интернет желісінің дамуы білім берудің жаңа эволюциялық кезеңдеріне әкелді.

«Біз ақпарат және коммуникация ғасырында өмір сүреміз» деу шын мәнінде ағаттық болып табылады, өйткені ақпарат пен коммуникация адамзат дамуымен қатар өмір сүріп келеді. Біз өмір сүріп отырған постиндустриалды қоғамның айрықшалығы – ақпараттық және коммуникациялық технологиялар аса жылдам дамуымен сипатталады. Бұларды кәсіби, экономикалық, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді шешуде орынды қолдана білген қоғам мүшелері ғана жаңа ақпараттық кеңістікте қажетті білімге ие болып, бағдар таба алады. Өзіндік ерекшелігін сақтай

отырып, жаһандану артықшылықтарын тиімді қолдана білгенде ғана ақпараттық мәдениеттің қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде білім беру сапасын жоғарылату, әрі оны басқаруды тиімді етіп ұйымдастыру жолдары, мәселелері көптеген зерттеулерде қарастырылған. Қоғамды ақпараттандырудың ғаламдық үрдісі адамдар өмір сүретін жаңа ақпараттық қоғам ғана емес, сонымен бірге олардың өмірі мен кәсіби қызметінің ақпараттық талаптарға бейімделуі, ақпараттық қоғамда жұмыс істейтін мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға әкелді. Оқытушылар мен студенттердің ақпараттық технологиялармен ықпалдасуының жаңа нобайларын жобалауға байланысты, ақпараттық мәдениеті жоғары гуманитарлық бағыт мамандығы студенттерін даярлаудың үздіксіз жүйелерін жасауға байланысты зерттеулер интенсивті жүргізіліп жатыр.

Қазақ тілі материалдарын меңгеруде компьютерді пайдалану мүмкіндігі зор.

Компьютерді мынадай бағыттарда қолдануға болады:

1. Компьютерді сабақ өткізу процесінде пайдалану:

а) тексеру сабағында компьютерді қолдану;

ә) талдау сабағында компьютерді қолдану;

б) сынақ-сабақта компьютерді қолдану;

2. Компьютерді қазақ тілінің дербес бөлімдерін оқып-үйренуде қолдану:

а) фонетиканы оқуда компьютерді қолдану;

ә) лексикологияны оқуда компьютерді қолдану;

б) морфологияны оқуда компьютерді қолдану;

в) синтаксисті оқуда компьютерді қолдану.

3. Қазақ тілін үйренуде (басқа ұлттық топтарда) компьютерді пайдалану:

а) мамандыққа қатысты тілдік тапсырмаларды орындау кезінде;

ә) деңгейлік топтарға (жақсы білетін, орта және нашар білетіндер) бөлу арқылы компьютерді қолдану («Қазақша сұхбат» электронды оқулығы).

4. Қазақ тілін даралап оқытуда қолдану (репетитор).

5. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде компьютерді қолдану.

6. Компьютерлік грамматикалық ойындарға қазақ тілі пәнінің материалдарын пайдаланып, бағдарламалар құру:

а) оқушылық деңгейдегі материалдарды пайдаланып компьютерлік ойындардың бағдарламасын құру;

ә) алгоритмдік деңгейдегі қазақ тілі материалдарын пайдаланып, компьютерлік ойындарға сценарийлер жасау;

б) қазақ тіліндегі эвристикалық деңгейдегі материалдарды пайдаланып компьютерлік ойын бағдарламалары (мысалы, сюжеттік грамматика) сценарийін құру;

в) шығармашылық деңгейдегі материалдарға компьютерлік программалар құру.

Оқу үрдісінің ақпараттандырылуы қазақ тілін оқытуда көрнекілік принципі компьютер көмегімен іске асыруға мүмкіндік берді. Көрнекілік ұғымы қазіргі кезде кең мағынада түсініледі. Оқу үрдісін дұрыс және тиімді ұйымдастыруда көрнекіліктің тигізер пайдасы мол. Мәселен, машықтандыру кезінде жаттығуларды компьютер экранында орындауға болады. Компьютерге алдын ала дайындалған материалдар мен тапсырмаларды енгізіп, интерактив режимде дұрыс немесе бұрыс деген жауабын алу, тапсырма орындалуына қарай жылдам бағаланып отыруы, бір мезгілде бүкіл топтың жаттығуларын бақылау және бағалау, өзіндік жұмыстарды компьютерде орындау, тексеру және бақылау жұмыстарын компьютермен қабылдау т.б. жұмыс түрлерін көрнекілік принципі негізін ескере отырып ұйымдастыруға болады.

Компьютермен жұмыс істеу кезінде осы сезіну, қабылдау, елестету және ұғыну түйсіктері іске қосылады. Компьютерді қолдануда көрнекілігі әсерлі болу үшін, оның мультимедиялық мүмкіндіктерін дұрыс, орынды пайдалану жақсы нәтижелерге жеткізеді және бұның өзі компьютердің тиімді техникалық құрал екендігін көрсетеді. Сондай-ақ компьютердің көмегімен жекелеп оқытуды іске асыруға болады.

Жұмыс нәтижелері қолданбалы қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінде, арнайы курстарда қолданылуы мүмкін.

Жұмыста ақпараттық технологиялардың білім берудегі мүмкіндіктерін және қазақ тілін оқытуда компьютерлік бағдарламаларды қолдану жолдары қарастырылды.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмаханова Ә.А. Қазақ тілін мультимедиялық бағдарлама арқылы оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. дис. автореф.: 13.00.02. –Алматы, 2008. –Б.28.
2. Б. Құлмағамбетова, А. Исанова., Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, Білім, 2000. -140 б.
3. Данилов М.А. Дидактика средней школы. -М., 1975. -198 б.
4. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы // Тіл тағылымы Алматы: Ғылым, 1991.
5. Кукушин В.В. Педагогические технологии. –Ростов н/Д: МарТ, 2005. -326 с.
6. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы: Қазақ университеті, 1993. -159 б.
7. Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың ҚР БЖҒМ кеңейтілген коллегия мәжілісінде сөйлеген сөзі, Астана, 31 қаңтар, 2012 жыл. [Электронды ресурс]: edu.gov.kz.
8. Захарова И.Г. Информатизация образования. –М., Академия, 2008. – 123 с

ӘОЖ 821.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКА- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

АРИСТАНОВА Н. Н.

№ 41 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Проблема, предусмотренная в этой статье, заключается в том, что сама технология может быть реализована учителем по-разному (в среднем, аккуратно, точно по указанию или творчески). Здесь существенное влияние оказывает личностная составляющая реализатора технологии, определенные особенности, при этом основную роль играет деятельность ученика – его восприятие, мотивация, страсть.

Summary. The main point addressed in this article is that the technology itself can be implemented by the teacher in different ways (on average, neatly, exactly according to instructions or creatively). Here, the individual component, certain features of the creator of the technology have a significant impact, and the activity of the student plays the main role – his perception, motivation, passion.

Біздің аяқ басқан ХХІ ғасырымыз өркениет дамуының кезеңі, ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дамуы кезеңі. Адамзат дамуының жаңа кезеңіне жаңа білім беру жүйесі, жаңа оқыту жүйесі және білім беру үрдісі сай келуі тиіс. Сонымен бірге қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеті адамның ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу болып табылатындықтан, қазіргі қоғам адамзат алдына, білім беру жүйесіне үлкен мәселелерді қойып отыр. Әлемдік білім беру кеңістігіне еруге мақсатында біздің республикамызда қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесі жасалуда. Сауатты, жан-жақты маман болу үшін қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру керек. Оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға мұғалімнің жаңа технологияларды меңгеру арқылы интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытуға мүмкіншілік алады.

Бұл технологияның өзін мұғалім түрліше (орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен) іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу

оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялын, ойын ұштайды. Балалардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы мүмкіндік бар. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейге бөліп оқытудың тиімділігі, біріншіден, оқушының әлеуметтік-психологиялық танымы, екіншіден, оқушының ынтасы, үшіншіден, теориялық дайындығы есепке алуы тиіс.

Ғалым, педагог В.П. Беспалько деңгейлеп саралап оқыту жайлы зерттеу еңбектерінде кеңірек тоқталып, оның ең өтімді әдістерін, тың жолдарын, озық үлгілерін жаңашылдықпен дәлелдеп береді. Ғалым оқу материалдарын меңгерудің төрт деңгейін ұсынады.

I. Оқушылық деңгей. Мұнда білімнің берілуі, деңгейлік тапсырмалардың іске асырылуы бағдарлама талабына сәйкес қарастырылған.

II. Алгоритмдік деңгейде оқу материалдарының түсініктілігі, мазмұны деңгейлік тапсырмалардың күрделене түсінуінен аңғарылады.

III. Ізденушілік деңгейде білімнің берілуі жүйелілігі, сабақтастағы, іздеушілік ерекшелігі басым болып деңгейлік тапсырмалардың танымдық жағынан жетілуіне, тереңдетілуі айрықша назар аударылады.

IV. Шығармашылық деңгейді баланы дарындылығы, таланты, тапсырмаларды орындаудағы ізденімпаздығы, танымы рухани интеллектуалдық шеберлікке ұштасады

Қазақ тілін саралап оқыту – оқушылардың жұмысын ұйымдастырудың бір түрі/кейбір авторлардың пікірінше, әдіс/ оларды сынып ұжымы ішінде шағын топтарға біріктіруге негізделген – қызығушылықтары бойынша, білім деңгейіне сәйкес, жеке психологиялық ерекшеліктері, ал ұлттық мектепте – орыс тілін меңгеру дәрежесіне қарай. Әр топқа әртүрлі сипаттағы, қиындығы бірдей емес тапсырмалар беріледі. Тәрбие жұмысын саралау сынып ішінде артта қалғандарды шығаруға мүмкіндік береді, әр топ оқушыларының, әр топтың дамуына мүмкіндік береді.

Сараланған әр деңгейлі оқыту мыналарды қарастырады: Оқушылардың білім алу деңгейлері мен қабілеттері және қажеттіліктері әртүрлі, оларды бір форматта оқыту мен дамыту күрделі. Саралап оқытудың әдісін пайдалана отырып бір тапсырманы түрлендіре отырып бірнеше дағдыны әр оқушының бойында қалыптастыруға және қажетті ақпаратты тандауға, салыстыру, талдау, байланыс орнату, орын алған үдерістер мен құбылыстардың нәтижесін пайымдау мен тұжырымдауға үйрету. Оқушыларды бірлескен ортада жұмыс жасауға және қарапайымнан күрделіге деген сүйіспеншілікті арттыруға, зерттеушілік қабілеттерін дамыту арқылы өз бетімен жұмыс істеуге, ақпаратты дұрыс сараптауға бағыттау.

Бұл әдіс мұғалімдерге мынадай кедергілерді шешуге көмектеседі: оқушылардың қабілеттерін және оқыту стратегияларын спиральді дамыту және сатылап жүру, оқушылардың дайындықтарын, қызығушылықтарын оқу стиліне икемдеу; сыныптық жұмыс және оқу кезеңінде өздерінің рөлі туралы сенімсіздіктерден арылтуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа іс-әрекеттегі зерттеу оқушылардың оқуына, өзін-өзі жетілдіруге және оқыту мен оқудың саралануының үлесін көрсетеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуы және басқа әріптестермен ынтымақтастығы оқу үдерісіндегі тұжырымдамалық өзгерістері мен оқу бағдарламаларын оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес қалпына келтіруге күш-жігерін арттырудың маңызды екендігін айқындайды. Ең соңында оқушылардың жеке қасиеттерін құрметтеу олардың білімдері мен дағдыларын жақсартуға алып келеді және оларды оқуға ынталандырады.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер арқылы:

- Оқушылардың оқу кезеңінде бірлескен ортада сенімсіздіктен арылуына мүмкіндік береді ;

- Оқу стиліне қарай тапсырманы орындай алады ;

- Блум таксономиясы негізінде зерттеушілік, талдау, жинақтау дағдысын қалыптастырады;

- Өз бетімен жұмыс істеуге, өзін-өзі жетілдіруге дағдыландырады;

- Оқыту мен оқудың саралануының үлесі анықталады;

Берілген модульдерді толық оқытып шығуға деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалану қажет уақыт болуын талап етеді.

Оқытылу мерзіміне, сондай-ақ оқытылатын пәннің ерекшеліктеріне туындайтын сабақтардың құрылымдық, мазмұндық ерекшеліктері де әсер етеді.

Қоғамның сауаттылық деңгейі қоғам мүшелерінің қабілеттерімен тығыз байланысты. Қоғамның дамуында әрқайсысының бірегей саусақ ізі бар сияқты, әр оқушының жеке оқу стилі бар. Барлық оқушылар өздеріне берілген тақырыпты бірдей түсіне бермейді. Сонымен,

сыныптағы әрбір оқушыға сабақ беруді қалай жақсартса аламыз? деген сұрақты өзіне қоясың. Сол сияқты оқушылар барлық оқу мақсаттары мен нәтижелерге бірдей қол жеткізе алмауы да мүмкін, білім мен білік дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім күнделікті сабақта оқушының бойына қандай да бір дағдыны қалыптастыратындай етіп сабақ жоспарлау керек. Оқушының дамуын көздейтін мұғалім күнделікті ізденісте болады, баланың бір деңгейден келесі деңгейге қиындық тудырмай, дамуға итермелейтін тапсырмалар мен сұрақтар дайындаудың шебері болуы қажет.

XX ғасырдың 30-жылдарында Америкада білім беру мен оқытуда саралау үдерісі кеңіне етек алғаны мәлім. Бұл үдеріс бүгінгі таңда қазақ мектептеріне де келіп жетті. Жалпы саралап оқыту бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Франция мен АҚШ – та барлық жалпы білім беретін мекемелерде сыныптағы оқушыларды топқа бөлу кеңіне таралған. Кейбір пәндерді оқытуда топтарды “жылдамдар”, “орташалар”, және “баяулар” деп атайды. Жапония мектептерінде де оқушыларды топқа бөліп оқыту тұрақты орын алған. Топтағы жұмысты сайыс түрінде жүргізеді. Барлық оқушыға баға қойылады. Деңгейлеп оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді.

Деңгейлеп – саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралап оқытудың жүйелік негізін Б.Ананьев, Л. Выготский, А.Леонтьев, С.Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш.Аманатшвилли, В.Давыдов, Л. Занков т.б. зертеулерінде қарастырылады. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Деңгейлеп-саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл -ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.[12; 1-2 б]

Деңгейлік-саралап оқыту технологиясы-оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жанжақтылығына негізделген білім беру жүйесі.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып,білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады,шығармашылық жұмыстарға баулиды,қиялын,ойын ұштайды.

Саралап оқытудың басты бағытының бірі – толықтыра оқыту, яғни үлгерімі төмен оқушыларға қосымша педагогикалық күш жұмсау. Толықтыра оқыту – үлгермеушілікті жою мақсатында өзіндік бағдарламамен оқыту. Мектепшілік саралап оқытуда елеулі жетістіктерге жету үшін төмендегідей мақсаттар қою керек:

- Нақты бағдарлама жасау: педагогикалық ұжым білім беру мен оқытуда саралаудың теориясы мен әлем педагогикасының іс-тәжірибесімен қаруланған болуы;
- Материалдық базаның жеткілікті болуы.
- Мектепте де үздік, дарынды оқушылар бар, олардың үміт талабын, бағыт-бағдарын дамытуда саралап оқыту – бүгінгі күннің алға қойған міндетін шешудің негізгі жолы.

Саралап оқыту екі кезеңнен тұрады: 1) дайындық кезеңі; 2) негізгі кезең.

Дайындық кезеңінің басты міндеттерінің бірі – шәкірттер ішінен талантты, дарындыларды тауып, олардың қабілеттерін дамыту, білімге құштарлығын қанағаттандырып, белсенділіктерін арттыру.

Негізгі кезең – оқушыны ынталандырған пәндерді айқындап, ондағы оқуға қажеттілерді тереңдете оқытуға назар аудару. Қазіргі кезде жарияланған бағдарламалар ішінен оқушыларға сай келетін түрін таңдап алу қажет. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Деңгейлік саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамыту мен қатар, оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Меселен, оқушылардың алған бағасы арнайы таблода көрсетіліп тұрады. Әр деңгейдің өз бағалауы бар. Олардың барлығы оқушылардың көз алдына тұрады. Мұның өзі білім берудегі демократия критерийлері болады.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы:

- оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- оқушыны ынталандыруға;

- оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығына;
- оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне;
- баға әділдігіне;
- білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Қорыта айтсақ, **біріншіден**, оқытудың негізгі құралы мектеп оқушылардың әр түрлі топтарының психологиялық ерекшеліктеріне мейлінше лайықтандырылған тапсырмалар жүйесін қолдану; **екіншіден**, оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, дайындалған дербес және сараланған тапсырмаларды қолдану деңгейлеп саралп оқытудың тиімділігін арттырады; **үшіншіден**, оқушы топтарында дер кезінде пайдаланған, саралнағн тапсырмалар олардың біліміндегі кемшіліктерді уақтылы жоюға, оқудағы қиыншылықтарды жеңе білуге, жаңа білімді жете меңгеруге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға әсер етеді; **төртіншіден**, деңгейлік тапсырмалар оқушылардың типтік және тұрақты түрде жіберетін қатерлерін жібермеуге көмектеседі.

Сонымен, жаңа технологияның басты ерекшелігінің өзі – жеке тұлғаға баса назар аудару болса, бұл дегеніміз – оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып, оқыту мазмұнын оқушының жеке басының ерекшелігіне, даму дәрежесіне қабілет-мүмкіндігіне бейімдейт жүргізу деген сөз.

Жоғарыда көрсетілген тәжірибенің негізінде жасаған тұжырым жеке тұлғаға бағытталған қызығушылық, ізденіс бағытында жұмыс жүргізу сияқты формалардың озық тұратыны байқалады. Қорыта айтқанда, осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының күннен күнге білімге деген ынтасы арта түседі, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге қалыптасады, өзін-өзі бағалап, өз күшіне деген сенімділік пайда болады, оқудың мәні мен мақсатын айқын түсінеді. Сондықтан сабақ барысында деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдану өте тиімді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Саралап деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясы – білім берудің ізгілік парадигмасындағы жаңа үлгі Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. –Алматы 2002 ж.
- 2.Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология: методология, теория и практика. Усть-Каменегорск, 1997, с. 242
- 3.Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары. –Алматы, 2000, 90 б.
- 4.Жақсылықова К. Қазақ тілін модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. –Алматы, 2001, 457 б.
- 5.Кобдикова Ж. Технологизация учебного процесса. – Алматы, 1999, с.67
- 6.Қабдықайыров Қ., Монахов В. Педагогическая технология обучения и ее принципы. / Вестник высшей школы Казахстана, 1996, №5, стр. 67
- 7.Н.Х. Шадиева. «Қазақ мектебінің 5 сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту. –Алматы, 2003 ж.
- 8.Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. –Алматы, 2000. – 207 б.

ӘОЖ 821.515.144

ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ОРДАБЕКОВА А.М.

№ 41 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Актуальность работы обусловлена тем, что в современном образовании созданы предпосылки для широкого применения информационных технологий. Компьютеризация системы образования, подключение к сети интернет, внедрение кредитной системы обучения, в которой большое значение придается самостоятельной работе обучающихся, и т.д. требуют информационной компетентности учителя. Формирование информационной культуры учителя, наряду с данными об автоматических системах обучения, в учебном пособии рассмотрены пути создания электронных учебных курсов по предмету.

Summary. Relevance of the work the prerequisites for the widespread use of information technologies in modern education have been created. Computerization of the education system, connection to the internet, the introduction of a credit educational system, where the greatest importance is attached to the independent work of students, etc. require the information competence of the teacher. Along with information on the formation of the teacher's Information Culture, automatic learning systems, the manual provides ways to develop electronic training courses of the discipline.

Оқыту әдісін қайта құру – күрделі үрдістің бірі. Әр пән, тіпті әр тақырыптың өзі де оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді таңдау қажеттігі туындайды. Осы орайда А. Байтұрсыновтың: "Қай әдіс жақсы?" деген еңбегіндегі: "Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай" - деген қағидасын басшылыққа алған жөн.

Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері зерттеушілердің назарын ерекше аударып отыр. Осы күні мектепте әлеуметті жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа ақпаратты меңгере білетін, саналы адамдар тәрбиелеуге талап қойылуда. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп оқушысының төменгі сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім сапалы оқытуға негізделген жаңа бағдарламамен, жаңа технологиялармен оқыту қажет. Жалпы интерактивті оқыту теориялық та, практикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін дидактика міндеттерінің бірінен саналады.

Осының өзі оқыту әдістерін қайта қарастыру қажеттігінің туындағанына дәлел болады, бірақ қазіргі таңдағы өзгерістерге орай енгізілген жаңасын көрсету қажет. Мәселен, ақпараттық технологияны қолдану оқу үрдісінде алуан түрлі тұсау кесерлер жасауға мүмкіндік берді, яғни бұрын соңды мектептерде қолданылмаған, көрнекіліктер тобына жататын әдістер пайда болды. Кітаппен жұмыс әдісі ауқымды ақпараттармен жұмыс, оның ішінде Интернет желісінен ақпараттар іздеу, оны өңдеу және қолдану әдістерімен толықтырылды.

Қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезеңінде ақпараттар ағынынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, екшеп пайдалана білуі – бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Бұл, әсіресе, өскелең ұрпақтың санасын саналуан ақпараттармен улап, ой-өрісінің дамуын дүбара күйде қалдырмаудың басты шарттарының бірі. Осыдан келіп туындайтын мәселелердің бірі – жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін мектепте оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру; оқытудың жаңа технологияларын іздестіру; оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық, мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас жаңаша ойлау қалыптасуда. Бұл өзгерістер оқыту әдістемесінде жаңартулар ғана емес, білім беру мекемелерінде жаңа пәндер, ендіруге қажеттілік тудырды осы мәселе жөнінде Елбасымыз өзінің кезекті Қазақстан Халқына жолдауында баса айтқан болатын.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Білімді ақпараттандыру — бұл білім беру саласын методологиямен және практикамен қамтамасыз ету, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған қазіргі немесе ақпараттық технологияларды құру және оңтайлы қолдану үрдісі.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық -техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу – тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Мектепте оқытудың негізгі мақсаттарының бірі оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудан тұрады. Қазіргі ақпараттық технологияларды қолданудың басты сипаттамасы оқытуды дифференциациялау және даралау, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық танымдық белсенділігін дамыту мүмкіндігі болып табылады.

Ақпараттық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Оқу үрдісін қазіргі ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру үшін көптеген оқу бағдарламалары мен оқу құралдары дайындалды. Десек те әр мұғалім өз бағдарламасын, оқу және дидактикалық материалдарын өзі дайындайтыны шындық. Мектептегі оқыту жүйесінде қолдануға арналған бірқатар компьютерлік бағдарламалар жинақталған.

Осындай бағдарламалардың ең маңыздыларының бірі кем дегенде екі қатысушы арасындағы диалогта ақпарат алмасуды көздейтін интерактивтік оқыту бағдарламалары болып табылады. Сондай-ақ дамытушы бағдарламалар оқушыларды оқу проблемасын шешуге баули отырып, олардың интеллектуалдық деңгейін дамытады. Компьютерлік бағдарламалар электронды және мультимедиялық оқулықтарды бірлікте жиі қарастырады, яғни біріктіреді.

Оқушыларға информатиканы оқытудың және қазіргі ақпараттық технологияларды меңгерудің әдістемелік жүйесін құру қажеттігі туындап отыр. Ол үшін ең алдымен, оқыту формалары мен әдістерін құру және жетілдіру қажет. Мектеп оқушыларының жетекші білім жүйесін нәтижелі меңгеруіне, оларды тәрбиелеу және дамыту тиімділігіне бағыттауы тиіс. Мектептерде қолданыс тапқан әдістемелер оқытудың идеялық-философиялық тұстарын, дүниетанымдық аспектілерін, тәрбиелік мүмкіндіктерін және білім беру құндылықтарын қарастыруы тиіс. Информатиканың функциясы ақпараттық үрдістің тірі табиғаттағы, техникадағы, қоғамдағы ролін ашуымен, компьютерді оқу міндеттерін шешу құралы ретінде қолдану дағдыларын қалыптастырумен, оқушылардың кәсіби бағдар міндетін жүзеге асырумен байланысты.

Дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдері мен құралдары қазіргі сабақ үлгісіне көшу барысында талапқа сай модификациялануы тиіс. Сонымен қатар оқыту мақсатына жетуді оқытудың дәстүрлі және жаңа тәсілдерінің кешені қамтамасыз етеді.

Компьютерлік техниканың дамуы осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, десек те қолданыстағы электронды түрдегі материалдар орта деңгейдегі тұтынушыларға бағытталған. Мектептегі оқу үрдісін жетілдіру және академиялық ғылымымен интеграциялау мақсатында электронды тасымалдауыштарда интерактивтік оқу материалдарын шығаруды жолға қою қажет.

Компьютерлік оқулық әдеттегі оқулықтардың барлық артықшылықтарын тез тираждау және үзіліссіз жетілдіру мүмкіндігімен біріктіреді. Компьютерде компьютерлік графика көмегімен жүргізілетін зертханалық (лабораториялық) жұмыстар артық шығынсыз ең күрделі процестерді үйренуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Бүгінгі күні оқытудың ең күрделі мәселесі мектептегі, оның ішінде, бастауыш мектептегі оқу үрдісін оңтайландыру болып табылады. Бастауыш мектептегі информатика курсы бастауыш мектептің оқыту аясында бала өміріне шектеулі түрде енетін дамытушы, қолданбалы сипатта болуы тиіс.

Бір мезетте қазақ тілін, әдебиеттік оқуды, математиканы, музыканы т.б. оқытып жүрген мұғалім, басқаларға қарағанда саналуан пәндер мен технологияларды интеграциялау үрдісін меңгеруге дайын болады. Тек мұғалім компьютер ұсынған шектеусіз мүмкіндіктерді өзі түсінуі және қабылдауы қажет.

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналады. Ақпараттық – технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің ролі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа

жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды роль атқарады.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивтісізі- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Осы зерттеулердің нәтижесі оқыту басқаша, яғни барлық оқушылар оқитындай үлгіде құрылуы тиіс деген түйінге әкеледі. Оқу үрдісін ұйымдастыру нұсқаларының бірі – педагогтың өз қызметінде интерактивтік оқыту әдістерін қолдануы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшекбаев Н. Оқыту теориясы. – Алматы, 1976
2. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Москва., 1946.
3. Талызин Н.Ф. Управление процессом усвоения знания. – Москва., 1975.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. – Астана, 2000.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 16 қазан, 2004ж.
6. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1989

УДК 811.161.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

СУЮНБАЕВА Ж.С., ИСЛАМОВА З.У.

Учители русского языка и литературы общеобразовательной школы №20 им. Т. Рыскулова,
Республика Казахстан, Жамбылская область, Меркенский район

Түйіндеме. Мақалада орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану бойынша мұғалімдердің жұмыс тәжірибелері келтірілген

Summary. The article presents the experience of a teacher in the use of digital technologies in Russian language and literature lessons.

Новые требования к образованию заставляют нас, учителей, идти в ногу со временем, развивать умение детей ориентироваться в информационных потоках окружающего мира, овладевать практическими способами работы с информацией.

Республиканский проект «Современная цифровая образовательная среда в Республике Казахстан» находится сегодня на 4 этапе и (завершается в ноябре 2025 года) одним из приоритетных его проектов является проект "Цифровая школа".

Задачасоздание к 2024 году современной и безопасной цифровой образовательной среды, обеспечивающей высокое качество и доступность образования всех видов.

А это значит, что мы должны учить по-новому, используя инновационные компьютерные и современные цифровые технологии. Созрела новая парадигма образования: задача - научить школьников добывать знания самостоятельно с помощью интернет-технологий. А учитель выступает в роли тьютора, который направляет и корректирует деятельность учеников.

Вместе с высокотехнологическими пособиями в современной школе идёт активное внедрение цифровых технологий. И сегодня я бы хотела немного рассказать, какие цифровые образовательные платформы используем мы с ребятами на уроках русского языка и литературы. Платформы, которые помогают учить по-новому, очень эффективно, креативно, а главное - доступно и понятно для всех учеников.

Сразу ответим на вопрос – зачем нам это надо?

Для взаимодействия с учеником и его вовлечённости. Сервисы, используемые нами в образовательном процессе, дают возможность быстро добавить в свой курс различные интересные фишки. Таким образом, ученик лучше усваивает полезную информацию и не теряет мотивацию в процессе обучения.

Одним из сервисов, достаточно продуктивным и лёгким в использовании, является сервис [learningapps.org](https://learningapps.org/index.php?) (<https://learningapps.org/index.php?> ("ЛернингАппс"))-полностью бесплатный онлайн-сервис из Германии, позволяющий создавать интерактивные упражнения для проверки знаний.

Он предоставляет возможность учителю и самим учащимся создавать интерактивные учебно-методические пособия.

Интерактивные задания этого сервиса можно использовать при проверке знаний учащихся в качестве текущего контроля, при обобщении и повторении темы, во внеклассной работе по предмету, включать как тренажёры при подготовке к ЕГЭ. Игровая форма способствует познавательной активности учащихся, повышает мотивацию учащихся к предмету.

На сайте имеются готовые интерактивные упражнения, систематизированные как по популярности, так и по предметным областям. Здесь представлено 34 макета для создания интерактивных дидактических материалов. Макеты распределены по блокам в зависимости от вида деятельности: выбор, распределение, последовательность, заполнение, онлайн-игры, инструменты. Если нет времени, можно использовать готовые задания по теме. Этот сайт полезен тем, что не только учитель, но и ученик может создать интерактивное упражнение.

Все шаблоны от сервиса ЛернингАппс можно наполнить своим содержанием. Для создания заданий не требуется никаких инструкций. С помощью готовых шаблонов, которые рассматриваются на платформе, можно пошагово освоить конструирование заданий.

Здесь можно создать свои задания различного типа (игры на развитие памяти, кроссворды, викторины с выбором правильного ответа, тесты, найти пару и установить соответствие).

На главной странице можно выбрать нужную форму задания из предложенного каталога, затем нажать на кнопку «Новое упражнение», сделать выбор и сконструировать задание. После того как приложение создано, его нужно сохранить и, при желании, сделать общедоступным для пользователей ЛернингАпп. Это значит, что оно появится в разделе «Все упражнения».

Те, кто не планирует делиться с миром своим творчеством, могут сохранить материал как электронную книгу или как урок. Кроме того, ученикам можно отправить ссылку на упражнение или использовать эту ссылку для вставки упражнения.

Для того чтобы воспользоваться готовыми заданиями, необходимо нажать кнопку «Все упражнения», где представлена коллекция упражнений по предметам. Такое задание можно дать на уроке для всего класса, используя интерактивную доску или свой компьютер и экран проектора.

Но самое важное: можно зарегистрировать на этом сайте своих учеников и давать им задание на дом (решить или составить кроссворд, викторину, составить или заполнить таблицу и т.п.) Ученику обязательно понравится домашнее задание с использованием компьютера.

Следующий сервис, о котором мне хочется сказать, - это бесплатный конструктор интерактивного контента H5P. В интернете есть подробная инструкция по работе с данным ресурсом на русском языке. Сервис имеет более 20 видов интерактивного контента, что позволяет учителю создавать разнообразные электронные образовательные ресурсы как в чистом виде, так и в комбинированном, внедряя простые элементы в более сложные

Возможности данного проекта перед вами на слайде. В нём можно создавать Флеш-карты, Упражнения, Игры, Викторины, Интерактивное видео, Интерактивный плакат, Ленту времени, Интерактивную презентацию, Коллаж, диаграмму, плеер.

Сервис H5P можно использовать как при традиционном обучении, так и при дистанционном. Также сервис дает возможность учащимся создавать учебные проекты, предусмотренные РКГОС.

Образец авторского продукта "Письменная речь. Писатели Сибири".

И ещё немного об авторских продуктах - электронных пособиях.

Создавать их я училась на курсах у специалистов ЕНУ имени Л.Н. Гумилева на сайте Педагогическая планета.

Интерактивные учебные пособия использовались мною для подготовки к итоговой аттестации и помогли моим выпускникам успешно сдать экзамены.

В моей копилке есть три учебных пособия.

Цифровизация школы — одно из ключевых направлений нацпроекта «Образование», принятого правительством РК в начале сентября. К 2025 году все школы страны должны быть подключены к высокоскоростному интернету со скоростью передачи данных не менее 100 Мбит/с. Нацпроект в целом предусматривает выравнивание образовательных возможностей для детей,

создание условий для непрерывного образования взрослых и обеспечение равного доступа к качественному образованию.

Цифровая школа подразумевает свободный доступ к электронному образовательному контенту и широкие возможности индивидуализации учебного процесса с учетом способностей каждого ученика. Объемы электронного контента увеличиваются — оцифровываются учебники, разрабатываются онлайн-курсы. Требования использовать электронные ресурсы при обучении были прописаны в государственных образовательных стандартах с сентября 2015 года — все школьные учебники сегодня должны иметь электронные версии.

Электронный образовательный контент дает больше возможностей получать знания самостоятельно, ориентироваться в больших объемах информации — это то качество, которое необходимо для работодателей в цифровой экономике.

Роль учителя трансформируется из транслятора знаний в функцию наставника, направляющего ученика по максимально индивидуализированной траектории обучения.

Вместо прежнего принципа учителя «Я все знаю — делай как я» предлагается новая парадигма: «Я помогу тебе сделать самому», — говорит основатель международной школы «One!» Максим Натапов: «Компьютеризация нивелирует ценность доступа к знаниям, которую ранее, будучи основной точкой доступа к ним, обеспечивала система образования».

Список использованной литературы:

1. Алиева Э.Ф., Алексеева А.С., Ванданова Э.Л., Карташова Е.В., Резапкина Г.В. Цифровая переподготовка: обучение руководителей образовательных организаций // Образовательная политика. 2020. № 1 (81). С. 54–61. URL: <https://edpolicy.ru/digital-retraining>

2. Антонова Д.А., Оспенникова Е.В., Спиринов Е.В. Цифровая трансформация системы образования. Проектирование ресурсов для современной цифровой учебной среды как одно из ее основных направлений // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия: Информационные компьютерные технологии в образовании. 2018. № 14. С. 5–37. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-transformatsiya-sistemy-obrazovaniya-proektirovanie-resursov-dlya-sovremennoy-tsifrovoy-uchebnoy-sredy-kak-odno-iz-ee-osnovnykh-napravleniy>

3. Бороненко Т.А., Кайсина А.В., Федотова В.С. Развитие цифровой грамотности школьников в условиях создания цифровой образовательной среды // Перспективы науки и образования. 2019. № 2 (38). С. 167–193. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-tsifrovoy-gramotnosti-shkolnikovv-usloviyah-sozdaniya-tsifrovoy-obrazovatelnoy-sredy>

4. Буцык С.В. «Цифровое» поколение в образовательной системе российского региона: проблемы и пути решения // Открытое образование. 2019. № 1. С. 27–33. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovoe-pokolenie-v-obrazovatelnoy-sisteme-rossiyskogo-regiona-problemy-i-puti-resheniya>

ӘОЖ 53.28

ҚАЗАҚТЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

СЕЙТБЕКОВА Ә.Т.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
«Өнер және спорт» факультетінің студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ОРДАБАЕВА Р.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье воспитание представляет собой системный процесс, который осуществляется с целью формирования человеческого образа личности, приятного поведения и адаптации его к жизни. Детское воспитание, дошкольное образование, образование молодежи, образование молодежи и образование молодежи имеют свои особенности. Цель воспитания – сформировать в человеке необходимые для жизни добродетели, добродетели и навыки.

Summary. In the article, education is a systemic process that is carried out with the aim of forming a human image of personality, pleasant behavior and adapting it to life. Child education, preschool education, youth education, youth education and youth education have their own characteristics. The purpose of education is to form in a person the virtues, virtues and skills necessary for life.

Рухани – адамгершілік тәрбиесіндегі басты нысана – баланы құрметтеу, оның рух иесі, бойында жаратқанның ұлы қуаты бар – тіршілік иесі екенін және дүние, әлемнің біртұтастығын саналы түсініп, оған бой ұсынса оның болашағы биік болары даусыз. Балаға қоғамда ұлттық тәрбие беру керек. Олай дейтініміз ұлттық құндылық адамды тәрбиелеудегі ең негізгі құрал болып саналады. Сондықтанда болар бабаларымыз: Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле,- сонда ғана оның болашағы биік деген. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың жылдар жасап келеді, сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы тірлік жалғасуда. Адамзат еншісіне ғана тиісті сол тірлік дамуының бағбаншысы – тәрбие. Тәрбие дегеніміз – аға буынның кейінгі ұрпаққа мирас етіп табыстар озық тәжірибесі, үлгі - өнегесі, әдет – ғұрып, рухани байлығы болса, халық педагогикасы – қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға қалдырған өлмес мұра.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады.

Бұл тұрғыдан алғанда тәрбие мақсаты — жастарды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесін ерте болжау. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті.

Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құл иеленуші қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) - құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды басқыншылық соғыс өнеріне тәрбиеледі. Өрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К.Д.Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

Я.А. Коменский "Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек", "Келесі ғасырдық қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние - даналар-дық көптігімен баңытты" - деген ойлар айтты. Осы ойларын "Ана мектебінің" кіріспесінде өрбітеді.

"Тәрбие - адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс" - деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегі-дей негізгі элементтерге бөлді. И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген. Неміс педагогы А.Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, "Мектептің міндеті - адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу" - деген. К.Д. Ушинский тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу деген. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады. П.П.Блонский тәрбие мақсаты балаға жалпы адамзаттың және ұлттың мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарын қалыптастыру деген. 1941-1990 жылдардағы педагогикалық әдебиеттерде "жан-жақты даму" ұғымына ақыл-ой, политехникалық оқу және өндірістік еңбек, адамгершілік тәрбиесі, дене және эстетикалық тәрбие салалары енгізілді.

А.С.Макаренко тәрбиенің мемлекеттік міндеті негізінде педагогикалық міндет қойып, педагогтардың жұмысын бақылауға алуға болатындығын атап көрсетті. Ол "Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан-жақты дамыту" - деген ұсынысты қолдады, В.А.Сухомлинский оны жүзеге асырды. Тәрбие мақсаты қазақ тәлім-тәрбие тағылымына да қойылды. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби "Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім - адамзаттың қас

жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі" - деді. Ы.Алтынсарин "өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу - кісіліктің басты белгісі" - деген. Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, маңтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

М.Жұмабаев "Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ляззат алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы" - деп жазды. Мәтжан Мақсұмұлы Тілеужанов өзінің "Қазақ тағылымы" атты монографиясында (1994) қазақ тағылымының негізгі бағыттарын атап көрсетті. Олар: ар-ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берікболу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нерселерден алулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау; ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу.

Дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты "жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру" - деп жазылды. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы "Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы" халықаралық адам құқығы туралы нормаларға сәйкес жазылған. Қазақстан Республикасында халыққа білім, тәрбие берудің Негізгі мақсаты-Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны бүкіл дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, Қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған адамдарды тәрбиелеу.

Ақыл-ой тәрбиесі - оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгерту. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеттері: оқушыларды табиғат және қоғам жайындағы ғылыми білімдермен қаруландыру; ойлау қабілеттерін жетілдіру арқылытаным іс-әрекетін дамытып, ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: гуманизм, адалдық, батылдық, төзімділікті қалыптастыру; адамға сүйіспеншілік, құрмет, қайырымдылық сезімін дамыту; оқушыларды өз міндетіне, өзгенің мүддесіне байыпты қарауға үйрету; өз Отанын сүйуге, ұлттар достығын құрметтеуге тәрбиелеу.

Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуантып отырады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеніздер мұғалімдерді, жолдастарын, қоғамды кінәлаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді.

Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші -көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып — соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды. Сондықтан ата - ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс -әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасақ. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай,

сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл Фараби.

Қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата-аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы, 2015 ж.
2. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 2013 ж.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001 ж.

ӘОЖ 379

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

НИЯЗАЛИЕВА И.С.

Б.Бөлтiрiкова атындағы № 4 мектеп-лицейiнiң қазақ тiлi мен әдебиетi пәнiнiң мұғалiмi,
Жамбыл облысы, Қордай ауданы

Резюме. В статье говорится о важности предоставления национального воспитание учащимся на основе труда Халеля Досмухамедова.

Summary. The article talks about the importance of providing national education to students based on the works of Halel Dosmuhamedov.

Қазiргi таңда қоғамдық өмiрдi демократияландыру және iзгiлендiру жағдайында ұлттық ерекшелiктерiмiздi айқындайтын рухани мәдениетiнiмiздi жетiлдiру қажеттiлiгi туындады. Тәуелсiздiк жолына түсiп, өркениеттi отыз елдiң қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кiрiскен Қазақстан елi үшiн халқымыздың ұлттық сана-сезiмi мен ұлттың дүниетанымын қалыптастыру бүгiнгi таңда аса маңызды мiндеттердiң бiрi. Сондықтан елiмiзде жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игiлiктер негiзiнде тәрбие мен бiлiм беру iсiн неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге септiгiн тигiзуде. Бұл жөнiнде «Мәдени мұра» бағдарламасында да нақтыланып айтылған: «...дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты зерделеудiң тұтастай жүйесiн құру шеңберiнде қазақ халқының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетiмен байланысты негiзгi ғылыми проблемаларды зерттеу және танымал ету» [1].

Ұлттық-мәдени және әлеуметтiк-педагогикалық мұраларымыздың қалыптасуына өз үлесiн қосқан тұлғалар- Алаш қайраткерлерi болды. Олардың мұраларындағы ең негiзгi мәселелер – халқымыздың әлеуметтiк жағдайын жақсарту, оқу-ағарту iсiн жандандыру, қазақ тiлiнiң мәртебесiн көтеру, қазақ алфавитiн жасау, жастарға ұлттық тәрбие беру, т.б. Алаш қайраткерлерiнiң iшiндегi белсендi тұлғалардың бiрi – Халел Досмұхамедұлы едi.

Х.Досмұхамедұлының фольклортану саласындағы еңбектерiнiң iшiнде оқшау тұратыны «Қазақ халық әдебиетi» (1928) очеркi. Онда халықтық педагогиканың кейбiр проблемаларын сөз еткен. Бұл еңбектiң тағы бiр құндылығы: бiрiншiден, қазақ ауыз әдебиетi үлгiлерiнiң тәлiмдiк жағына баса көңiл бөлiп, тұңғыш терең талдау жасауында болса, екiншiден, қазақ ауыз әдебиетi үлгiлерiн тұңғыш жинап, зерттеушi В.В. Радлов, Н.И.Ильминский, Г.П.Потанин, А.В.Алекторов, Ә.Диваев сияқты ғалымдардың ой-пiкiрiне сипаттама беруiнде, үшiншiден, қазақтың халық әдебиетiнiң ғылыми классификациясын жасап, жүйелеп, терминдердi қалыптастыруында болып отыр. Мәселен, халық әдебиетiнiң мазмұны туралы айтқанда, шiлдехана, бесiк жырларының тәрбиелiк мәнiне тоқтала келiп, «Қазақ баласының шыр етiп жерге түскеннен бастап, кәмелетке толғанға дейiнгi тыныс-тiршiлiгi ән-жырдың құшағында өтедi. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстық ырғақтардың басты орынға шығуы, сiрә, халық әдебиетi мен халық әуендерiнiң кең тарап, дамуы және оның тәрбие құралы болуы себеп болса керек», - дейдi ғалым. Мұнан кейiн ғашықтық жырлардың шығу тарихы мен тәлiм-тәрбиелiк мәнiн сөз ете келiп, жар-жар, тойбастар, беташар жырларына ерекше тоқталады. «Бұл жырларда, - деп жазды ол, - жаңа түскен жас келiндi

жаңа жұртқа таныстыру көзделсе, сонымен бірге негізінен, келінге қатысты әдептілік ережелері және қайын атаға, қайын енеге, күйеу жігіттің өз туыстарына мінездеме беріледі» деп, тұрмыс-салт жырларының тәрбиелік жағын сөз етеді.

Сондай-ақ автор өлген адамды жерлеу дәстүріне байланысты шыққан көрісу, жоқтау, естірту сияқты халықтық дәстүрдің сыр-сипатына тоқталады. Ғалым халық поэзиясындағы мақтау жырларының айрықша орын алатынын, онда жеке адамдардың, тұтас ру мен ұлыстың батырлығы, байлығы, елдігі, әділдігі, ерлік-қажыры, т.б. қасиеттері мадақтап, мақтау өлеңдерінің тәлімдік мәнімен қатар, мұндағы сый-сияпат беру дәстүрін, оның мәнін түсіндіріп, лауазымды қошеметтемей, жағымпаздықпен жалған сөзге айналады деп, мақтау өлеңдерінің көлеңкелі жақтарын да ашып көрсетеді. Ол сондай-ақ бата сияқты тағылым сөздерге, билердің шешендік өнеріне ерекше тоқталып, алғыстың қарама-қарсы түрі қарғыс (теріс бата) екені, мұның ата-ананың өз ұрпағына әбден көңілі қалып, олардың діңнен, елдің салт-дәстүрінен безіп, қара бет, екіжүзді болған опасыздығына берілетінін еске салады.

Автор түс жорудың, болжам өлеңдерінің мән-мағынасына тоқтала келіп, «түс жорудың қазақтар арасында үлкен мәні бар, ел ішінде арнайы мамандар – түс жорушылар да ұшырасады. Бұлардың айтуынша, түс жору перғауынның (фараон) түсін болжаған Жүсіп пайғамбардан басталады. Әрбір қазақ түсін біреуге жорытуға тырысады және осы жору сөзге әрдайым сенеді. Мысалы, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш» т.б. жырларында түс көру мен оны жорудың поэтикалық суреттемесі баршылық» дейді.

Х.Досмұхамедұлы халықтың астрономиялық түсініктеріне үлкен мән береді. Мысалы, ол «халық әдебиетінде эпсаналар (легенды) үлкен орын алады. Жер мен көктің жаратылуы, жұлдыздардың (темірқазық, жеті қарақшы, үркер т.б.) пайда болуы, топан су қаптауы т.с.с. аңыз әңгімелер қазақ арасында өте көп тараған. Қазақ арасында әр түрлі жануар, өсімдік және басқа заттардың шығуы туралы сан алуан ырымдар бар. Қазақ ырымдары Исламнан бастау алады және аралас, құрамды болып келеді» дейді.

Автордың халық поэзиясындағы асыл мұраларын халықтық педагогиканың інжу-маржандары деп бағалап, «Қазақтың ұшы-қиырына көз жетпес кең даласы, оның құмы, өзені, тау-тасы, орман-тоғайы, салт-дәстүрі, ойын-сауығы, күйініш-сүйініші, қайғы-қасіреті, бәрі-бәрі халық әдебиетінен өзекті орын алған» деген пікірмен әбден келісуге болады.

«Ауыз әдебиеті үлгілерінде - дейді автор, ұлттық өрнек, ой толғаныс, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр шаруашылық кәсіп кең көрініс тауып, ғасырлық тәлім-тәрбиелік құралы қызметін атқарып келеді» деген тұжырым жасайды.

Автордың лиро-эпос, тұрмыс-салт жырларына, қазақтың ұлттық өнеріне жасаған талдаулардың ғылыми-педагогикалық мәні зор. Мәселен, оның «Айтыс өлеңі жастарды тапқырлыққа тәрбиелейді, суырып салма айтыс өнері қазақтан өзге тек көне гректер мен арабтарда ғана кездеседі. Өкінішке орай, қазақ поэзиясының бұл түрі кейінгі кезде сұйылып кетті... Егер келер ұрпақтың ойы ұшқыр болсын десек, оны қайта тірілтіп, жандандыру керек» деген тұжырымы да бүгінгі күн талабымен үндесіп-ақ тұр.

Сонымен бірге, автор өткендегі салт-дәстүрлерге сын көзімен қарап, заман талабына сай келмейтін ескі дәстүрлердің кейбіреуінің кертартпа мінін ашуға зер салады. Мәселен, «Қазақтың өткендегі мінез-құлқын тексеріп қарасақ, әлеуметтік дәрекі қылықтарының бірі – аламандық. Ол өз басын артыққа санап, сөзін сөйлеп, соңына ермегендерді зорлап, күшпен көндіруге тырысатын, Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезімі өте күшті құлықты аламандық дейміз.

Аламан деп тәртіпке, жолға, низамға көнбейтін, өз дегені болмаса басқаның елемейтін топты айтады. Аламандықтан өзімшілдік, бәсекелестік туады. Аламандық бүтін қазақта болған, әрбір руда болған, әрбір адамда болған... Шетелмен жауласса да, ру ара таласса да, хандарына, билеріне көнбесе де, қазақ ісінің көбінен-ақ аламандық иісі шығып тұрады», - деп аламандық шабындылық іс-әрекеттің зияндылығын әшкерелейді.

Х.Досмұхамедұлы халқымыздың шаруашылық кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, аңшылық өмірі, киіз үй мен оның барша жиһазы, ұлттық киімдері, әсіресе қыздар тағатын алтын-күміс, сырға-шолпы, теңге, қамқа тон, бес қару мен ер тұрманды т.б. тізбектей келіп, осылардың жас буынды еңбекке, кәсіпшілдікке, ерлікке, әсемдікке, сыпайылыққа, адамгершілік қасиеттерге баулып, тәрбиеленудің маңызы зор екенін нақты деректер келтіріп дәлелдейді. Оның қазақтың ою-өрнекті, зергерлік қолөнері мен сәулет өнеріндегі мұраларын зерттеуге арналған, әсем, зәулім медреселер салудағы адам таңқаларлық өнерлерін паш ететін Самарқан шаһарындағы «Тіллә-Қари» және «Ширдар» медреселерін салдырушы Жалаңтөсбатыр шежіресі мен Бұхарадағы көгілташ медресенің салынуы туралы, Түркістан уезі Күрші болысы тама руының қазағы Омар Диханбаев пен Қызылорда

уезінің қазағы Жұманазар Ұрымқұловтардың айтқан аңыздарына сүйеніп жазған ғылыми-зерттеу еңбектерінің де тәлімдік мәні зор құнды еңбектер деуге болады. Автор бұл еңбектерді жалаң аңызға құрмай, шығыс мәдениетін зерттеушілер А.Вамбери (1868) мен Мұхаммед Якубтың (940-946 жж.) еңбектеріне сүйеніп талдау жасаған тарихи аса құнды зерттеулер демекпіз.

Халелдің тәлім-тәрбие, педагогика, психология ғылымдары саласында арнайы жазған ғылыми еңбектерінің де болуы ықтимал. Бірақ, бұлары бізге әлі күнге дейін мәлім болмай отыр. Әйтсе де, оның ғылым, білім, мектеп, ағарту, тіл жайындағы ой-тұжырымдарына қарап, оны тәлім-тәрбие ғылымының да білгірі деуге болады. Бұған оның «қазақ-қырғыз білім комиссиясынан» (1924 ж.) атты мақаласының төмендегі жолдары жақсы айғақ: «Білім оңайшылықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек керек. Аса сабыр керек. Білім мысқалдап кіреді. Білімді болу үшін көп, сол жолдың ішіндегі ең төтесі жақсы мектеп, білімді мұғалім, мұнан қалса, ел ішінде көпке түсінікті болып жазылған білім кітаптары [2]. Ғалымның, тіл мәселесі жөніндегі пікірлері көңіл аударарлықтай: «Жұртымыздың сөзге әуестігі бәрімізге мәлім, біздің жұрт сөз айтпай, сөз тыңдамай отыра алмайды. Бұрынғы заманда жұрттың айтатыны, өзіндік ата сөздер еді. Ертегі, жұмбақ, өлең, толғау, терме, айтыс, жоқтау, түрлі тарихи әңгімелерді бұрынғы уақытта екі кісінің бірі сөйлейтін еді».

Халел Досмұхамедұлы тіл, сөйлеу - адам психологиясының басты белгілерінің бірі екенін айтады. «Тіл - жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айрылған жұрт жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді. Мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесу бұл сүйініш, өз тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең - ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесу бұл сүйініш, өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате», - дейді. Оның тіл жөнінде айтқан осынау тұжырымдары ғылым мен мәдениеттің саңлақтары: Р.Гамзатовтың «Егер ертең тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге дайынмын», И. Канттың «Халық өз тілінен айрылған кезде, харекетінен де айырылады», Л.Н. Толстойдың «Тіл ұлттың жаны ... идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі», К.Д. Ушинскийдің «Халық аузындағы тіл өлсе – халықта өледі» дейтін аталы сөздерімен үндесіп отыр.

Халелдің психологияның жеке мәселелеріне байланысты пікірлері де терең. «Адамның табиғаттағы бір мінезі,- дейді ол,- ойын-сауық қылып, қызықтар көруі. Ойнамайтын адам жоқ. Күлмеген адам адам емес. Салтымызға, тұрмысымызға қарай түзелген елімізде көп ойындар бар. Бұларды менсінбей ұмытып барамыз. Бұл жарамайды. Біздің кейбір ойындарымызға Еуропа таңданарлық». Ол тілмен қатар, әдебиетімізді былай дәріптейді: «Халықтың құлқы, мінезі, ойы», - дейді автор өз пікірін әрмен қарай жалғасытырып, - ол заманындағы әдебиетінен білінеді. Әдебиет- халықтың түрлі қимылдарының айнасы... Осы әдебиетті тексеріп отырсақ, қазақтың өткендегі құлқы, мінезі, заманындағы күйініші, сүйініші, арасында болған түрлі әлеумет қимылдары анық сезіледі...», - дейді [3. 172-176 б.].

Ғалымның психологиялық тұрғыдан ерекше назар аудартар ендігі түйіні – ұлттық психологияның қалыптасуына қоғамдық ортаның, әсіресе, ондағы әлеуметтік тәрбиенің ықпалы жайлы мәселе. «Ұлт мемлекетін жасап, - деп жазды ол, - қазақ арасынан әлеуметшілдікті тура жолмен жасау үшін елдің бұрынғы, соңғы әлеуметтік мінездерін тексеру керек...

Әлеуметшіліксіз қазақта ұлт тіршілігі, ұлт мемлекеті болуы мүмкін емес. Қазақ әлеуметшілігінің өткенін жөндеп түсініп, қазіргі қалпын ашық көріп, кемісін болжай білу - ...оқыған зиялыларымыздың міндеті... Оңды әлеуметшілік құру үшін елдің өткен-күткен тұрмысын, бұрынғы болған әлеумет қимылдарын тану керек». Бұл түйіндермен оның ұлт (этнос) психологиясының қызықты, іргелі мәселелеріне көңіл аударғанын байқаймыз.

Х.Досмұхамедұлының, педагогика, психология ғылымдарына қатысты бұл айтылғандардан басқа да әр түрлі ой толғаныстары көп. Бұлардың бәрін ғылыми талдауға алу арнаулы зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы. - Астана, 2007. – 34 б.
2. Х.Досмұхамедұлы. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. Т. 2. –400 б.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ШАНТАЕВА Г.А.

№54 орта мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ИСАМЕТОВА А.Т.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға
оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КЕНЕС А.С.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Шетел тілі: екі
шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшеліктерімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындады. Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті отыз елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан елі үшін халқымыздың ұлттық сана-сезімі мен ұлттың дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан елімізде жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге септігін тигізуде. Бұл жөнінде «Мәдени мұра» бағдарламасында да нақтыланып айтылған: «...дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты зерделеудің тұтастай жүйесін құру шеңберінде қазақ халқының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты негізгі ғылыми проблемаларды зерттеу және танымал ету» [1].

Ұлттық-мәдени және педагогикалық мұраларымыздың қалыптасуына өз үлесін қосқан тұлғалар- Алаш зиялылары еді. Олардың мұраларындағы ең негізгі мәселелер – халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ алфавитін жасау, жастарға ұлттық тәрбие беру, т.б.

Әр тарихи кезең өз ұландарын қалыптастырады. Қоғамның заңы мен уақыттың талап етуі бойынша бойында қабілеті бар жастардың өмір сахнасына шығуына негіз қалайды. XX ғасырдың басында жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары, яғни Алаш зиялылары - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, Абылаев А., М.Шоқай, Т.Рысқұлов., Арғыншиев С., Арғыншиев Н., Арыстанов Ә., т.б.

Алаш зиялыларының күшімен Алаш партиясының құрылғанына да 100 жылдан асты. Бұл партияның үш жыл ғана ғұмыры болды. Осы уақытта халыққа адал қызмет көрсетіп, соңында Алаш зиялылары сол кездегі билік тарапынан үлкен қудалауға ұшырады. Бірақ, Алаш зиялылары жас ұрпақтың жадында өшпейтін әлеуметтік-педагогикалық идеяларын, халқына деген патриоттық сезімін, бойындағы батылдығы мен батырлығын қалдырды. Алаш зиялыларының артында қалдырған ерен еңбектерін халық ұмытпайды. Уақыт өткен сайын Алаш зиялыларын зерттеушілер қатары көбейіп келеді. Сондай-ақ әр салада зерттелген жұмыстар саны баршылық. Бірақ әліде болса, зерттеуді қажет етеді. Олардың ағартушылық идеяларын оқыту үдерісіне ендіру маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі уақытта Алаш зиялылары туралы әр саладағы Қазақстанның көрнекті ғалым-педагогтар Е.Сыдықов, Д.Қамзабекұлы, Қ.Сақ, Е.Е. Сайлаубек, Р.Нұрғали, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Б.И. Иманбекова, А.Қыдыршаев, Р.Сыздық, Ә.Айтбайұлы, С.Камаева, Ә.Әбдіманапов, Қ.Т. Ыбырайманов, Т.Шаңбай, Т.Р. Әбдіқадырова, Ж.Сүлейменов, С.Т. Сеңкібаев, Б.Қанарбаев, Б.С. Байменова, А.К. Асаубаева, С.Жұбаниязов, А.Кодар, Қ.Бөлеев, А.Н. Ильясова, А.Е. Ботабаева, Ғ.Т. Абилбакиева, М.Елубаева, Б.Дәрімбет т.б. зерттеуде.

Алаш зиялыларының қоғам зиялы санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Алаш зиялыларының партия құрып, белсене қызмет атқаруына ықпал еткен саяси-әлеуметтік жағдайларға тоқталып өтейік. «Алаш» партиясы (1917-1920) - 1917 жылы Ақпан

төңкерісінен соң Ресей конституциялы демократиялық партиясының қазақ мүше тобынан құрылған.

Алаш партиясының 1917 жылы 21-28 шілдеде Бірінші Жалпықазақ съезінде «Алаш» атты партия құрылып, бұл съезде келесі мәселелер қаралды. Осылардың ішінде ерекше атайтынымыз:

1. Мемлекет қалпы. Ресей демократиялық, федеративті республика болу. Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы – құрдас мемлекеттердің бірлесуі. Федеративті республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.

2. Жергілікті бостандық. Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы.

3. «Алаш» партиясы ғәділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

4. Негізгі құқық. Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей, адам баласының тең болуы.

5. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы, жесір дауы сотта қаралуы.

6. Билік һәм соты. Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттық тергеу-тексеруі һәм хукімі жергілікті жұрттың тілінде айтылуы.

7. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету; әскер тобына бөлгенде туысқан тобына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.

8. Салық. Салық мал – ауқат, табысқа қарай, байға байша, кедейге – кедейше ғәділ жолмен таратылуы.

9. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болуы.

10. Ғылым-білім үйрету. Оқу ордаларының есігі кімгеде болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хукімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер – профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалардың ашылуы.

11. Жер мәселесі. Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжықтың келмеуі; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; сыбаға өлшеу – норма жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалуы; сыбағадан артылған жер земство қолында болуы; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбағаның кесіліп берілуі, Түркістанда жермен бірге су сыбағасының да кесілуі; жерде қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара әділдік жолмен пайдалану.

Бұл жобаны жасаушылар: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдұл-Хамид Жүндібәев, Ғазімбек Бірімжанов [2. 6-9 б.].

Екінші съезде 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өткен екінші съезд қазақ автономиясын жариялады, халық кеңесін сайлады, Алашорда үкіметінің төрағалығына демократиялық, баламалы жолмен Әлихан Бөкейхан сайланды. Алаш қозғалысы, ендігі жерде саяси күшке, қолында билігі бар үкіметке айналды. Бұл аз уақыт болса да империя құрсауынан шыққан халықтың өз мемлекеттілігін қалыптастыруға жасаған тарихи қадамы болатын. Осы кезеңдегі тарихи құжаттардан, баспасөз материалдарынан жалпы қазақ қоғамының Алаш идеясына тартылғанын, Алаш үкіметін қолдағанын аңғаруға болады.

Дихан Қамзабекұлы Алаш зиялылары туралы ғылыми зерттеуінде «Алаш» ұғымына анықтама береді. Алаш ұғымы - қазақ халқының байырғы сөзі. Мағынасы - елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымдарды жинақтайды. Қазақ ішінде «алаш алаш болып, Алаша хан болғанда», «алты алаш», «алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді тұрақты тіркестер ежелден айтылады. Сондай-ақ «Керегеміз - ағаш, ұранымыз - Алаш» деген нақыл - ұстаным да бар. Бұдан шығатын қорытынды, Алаш - қазақ ұлтының өте бір аяулы сөзі. Мұны қазақ этнонимінің синонимі десек болады. Жалпы тілдік негізі тұрғысынан келсек, алаштың түбіріндегі «ал» - от, қызыл, арай дегенді білдіретін ежелгі түркі сөзі. Мысалы, Алтай алау, алқызыл, албырт, аластау,

албар, аламан, алөкпе, алаң, алқап т.б. сөздердің арғы түбі «от» ұғымына (куат, күш, жігер, шапшандық, қызбалық, тегеурін, зор деген мағынадағы) барып тіреледі. Отандық зерттеушілер ішінде Шоқан Уәлихановтан бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен Алаш ұғымдарын қатар қоя отырып («начало народа казахов или алач...») былай деп жазады: «У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех киргиз есть алач». Бұдан Алаштың - елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым екені көрінеді. 20 ғасырдың басында Ә. Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары Алаш қозғалысы кезеңінде Алаш идеясы - қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. «Керегеміз - ағаш, ұранымыз - Алаш». Кереге - мемлекет құрылысы, Алаш - идеология. Тоқтам осындай болатын. Алаш - жаңа түрдегі елдігіміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі еді [3].

Алаш зиялыларының халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мен сауаттандыруға бағытталған жұмыстарын келесідей бағыттарға жіктеп көрсетуге болады:

1. Саяси қоғамдық қызметі бойынша: Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, Тұрар Рысқұлов, Міржақып Дулатов, Уалитхан Танашев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Садуақасов, Имам Әлібеков, Досмұхамедұлы Жаһанша т.б.

2. Педагогикалық қызметі бойынша: Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов, Отыншы Әлжанов, Байтақов Бақытжан, Халел Досмұхамедов т.б.

3. Денсаулық сақтау қызметі бойынша: Халел Досмұхамедов, Сатылған Сабатаев, Иса Қашқынбаев, Нүсіпбек Жақыпбаев, Есенғали Қасаболатов, Досжанова Аққағаз, Бердиев Ғұбайдолла, Бірімжанов Ғазымбек, Есенқұлов Ғұмар, Жанқадамов Бижанғали, Күсепқалиев Даулетше т.б.

4. Мәдениет-өнер саласы бойынша: Жантілеуов Шайхы, Бекінов Молданияз, Бөкеев Шәңгерей, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин т.б.

Алаш зиялыларының келесі көрнекті өкілдерінің педагогикалық идеяларына қысқаша тоқталып өтейік.

Мағжан Жұмабаев қазақ мектебіндегі бала тәрбиесі мен білім беру ісінғылыми жолға қою үшін мұғалім даярлау ісіне белсене араласып, мұғалімдерге арналған «Педагогика» және басқа да оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын жазды. М.Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі «Сауатты бол» кітабы. Кітап, 1926 жылдан кейін 1929 жылы 50 000 дана болып, Мәскеуде басып шығарылған. Оқулық негізінен ересектерге арналып жазылған болса да, сол кездегі қазақ мектептері үшін таптырмайтыноқу құралы еді. Елдегі сауатсыздықты жою науқанына белсене араласқан Мағжан Жұмабаев қазақ еңбекшілерін оқуға, сауат ашуға шақырады. Сондықтан да, ол оқулықты қарапайым тілмен, суреттермен әр түрлі сызбаларды қолдана отырып жазған. Өзінің айтуы бойынша ол «онайдан қиынға қарай үйрету» әдісін қолданған.

Шынында, жақсы оқулық оқушының сабаққа деген қызығушылығын тудыра отырып, оны тәрбиелейді де. Тәрбие мәселесіне байланысты М.Жұмабаевтың жазған еңбегінің бірі «Бала тәрбиелеу жолдары» [4]. Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы - жасөспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бойжеткен қызды ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адамгершілік қасиеттерді бала бойына қалай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы тәрбиесіне байланысты. Осы орайда М.Жұмабаев баланың маңайындағы адамдардың да тәртіпті, тәрбиелі болуы, бала көзінше жаман сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете отырып, М.Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алуды қолдайды. Баланың ойыны - тілінің дамуы үшін пайдалы құрал екендігіне назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның күн тәртібіне, яғни таза ауада жүруі, ұйқысына, денешынықтыру, тамақ ішуіне ерекше көңіл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін айтады. Еңбек, ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тағы басқа тәрбие түрлерін терең орынды қолдана білгенде ғана, ұлттың ұлдарын заманына сай тәрбиелеуге болатындығын М.Жұмабаев сол кездің өзінде-ақ, айтқан. Мағжанның «баланы заманына сай тәрбиелеу керек» - деген ойы бүгінгі күні де өзекті.

Мағжан дін туралы да сөз қозғаған: «Дін сезімдері күшті адам, яғни тәңірінің барлығына, құдіретіне сеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы, ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек, - дейді. Дін - адамды мейірімділікке тартып,

жауыздықтан бездіруге тәрбиелемек. Мағжан діни сезімді бала тәрбиесі тұрғысынан, соған қажетті тәрбие құралының бірі болғандықтан ғана қарастырып отырғаны байқалады.

Сонымен қатар, ол адам жанының жетілуін қайрат тәрбиесін жоғары бағалайды. Баланың қайратын тәрбиелеу жолдарына талдай келе, баланы жақсылықты көре білуге, оған жету тілегін туғызуға, сол тілекке ұмтылдыруға және сол жолға тартылып, іс-әрекет етуге баулуға тәрбиелеудің маңызына тоқталады. Қайрат адам мінезін қалыптастырады деп атап өтеді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса, қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидін» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады.

Осы тұста, оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» [5] мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғалымның осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды [6].

А.Байтұрсынұлының жалпы шығармашылығымен таныса келе, оның барлығы ана тілімізді дамытуға арналған. Ал ана тілін қастерлеудің өзі - ұлттық тәрбиеге негізделген. Біз ана тілімізді дамытпай, ұлтымыздың мерейін көтере алмаймыз. Ұлт өзегі – ана тілімізде. Оның өмір жолымен, шығармашылығымен таныса отырып, Ахмет Байтұрсынұлы нағыз қазақ халқының патриоты екенін байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы. - Астана, 2007. – 34 б.
- 2.Ботабаева А.Е., Қалжан Н.А. Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік - педагогикалық идеялары: Монография. – Алматы: TechSmith, 2023. – 80 б.
- 3.Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел шежіре, 2008.- 360 б.
4. Жұмабаев М. Бала тәрбиелеу жолдары. – Ташкент, 1926 ж.
- 5.Байтұрсынов А. Оқу құралы. (Қазақшаалифа) 1-шікітап. -Орынбор: Товарищество «Каримов, Хусаинов и К», 1912. - 40 б.
- 6.Иманбекова Б.И. А.Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің жолдары: пед.ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дис. –Алматы, 2000. -127 б.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ЕЛУБАЕВА Р.С.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, п.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БАЙБОЛОВА Ж.Д.

Сарыкемер мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

ТЛЕПОВА А.С.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье речь идет об актуальности трудов и сочинений Алашских просветителей, внесших свой вклад в развитие казахского народа.


Summary. This article discusses the relevance of the works and writings of Alash educators who made their contribution to the development of the Kazakh people.

«Алаш» партиясының өмірге келуіне тоқталсақ, 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съезд материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зиялыларының ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады. «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасындағы тоғызыншы тарауында «Ғылым-білім үйрету» жөнінде:

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;
- жұртқа жалпы оқу жайлы;
- бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;
- қазақөзілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқужолыөзалдына автономия түріндеболуы;
- үкіметоқуісінекіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорларөзарасайлауменқойылуы;
- ел ішіндекітапханаларашылу туралыайтылады;
- газет шығаруға, кітапбастыруғаеркіншілік - депкөрсетілген.

1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында екінші жалпы қазақ съезді өтеді. Съездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлткенесі; оқумәселесіт.б. [1. 10 б.].

Педагог ғалымдардың зерттеуі бойынша Алаш ағартушылары өмір сүрген аймақтарына байланысты батыс және шығыс болып бөлінген, олардың тізімі (Сурет 1-де) берілген. Алаш ағартушыларының негізгі еңбектері халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсарту және сауаттандыруға бағытталған.



Сурет 1. Алаш ағартушыларының тұрғылықты аймақтары бойынша жіктелуі

XX ғасырдың басында білім мен ғылым шарықтау шегіне жетті. Алаш ағартушылары қоғам өмірін халық арасында білім мен ғылым тарату арқылы дамытты. Қазақ ағартушылары дәрігерлерден, заңгерлерден, ақын-жазушылардан, саясатшылардан құралды, мұның өзі сол кездегі білім мен ғылымға үлкен үлес қосты. Осылай қазақ халқының қалыптасуы мен білім-ғылымдарының артуына үлес қосқандардың қатарына А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбергенұлы, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, М.Шоқай жатады.

Ұлт ағартушыларының басты мақсаты – халықтың көзін ашу, халық ағарту ісін дамыту, патшалық езгіден құтқару болып саналды. Осы жолда Алаш ағартушылары білім мен ғылымға үндеген еңбектерін жазып, жарыққа шығарды. Алаш ағартушыларының бұл еңбектері – қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күрестің басты құралы болды. Өздерінің жалынды, жарқын шығармалары арқылы ұлттың рухын оятты, жас ұрпақты білімге, ғылымға баулыды, жастардың өмір жолын айқындауға үлес қосты. Халықтың сан ғасырлық білім-ғылымын, мәдениетін, әдебиетін Алаш ағартушыларының еңбектерінің елестету де мүмкін емес.

Алаш – ұлттық серпіліс, жаңаруға ұмтылыс, өткен мен бүгін тарихтың, халықтың жетістігі. Алаш ағартушылары табиғи дарындары мен қатар үздіксіз ізденіс арқылы әдебиетіміз бен ғылымды өзіндік жаңашылдықтарымен байытып, дамыта түсті. Ұлтымыздың болашағы үшін бүгінгі ұрпақ өткенді біліп, бағалай білуі керек. Әсіресе, халқымыздың рухани өміріндегі ең қасиетті қазына – ол еліміздің шығармалары, жазушыларымыздың еңбектері, мұралары. Сондай баға жетпес қазынаның бірі - Алашағартушыларының еңбектері. Бүгінде бұл еңбектер айтылып та, еске алынып та жүр. Ендеше, бүгінгі мақалада айтылып отырған ең өзекті мәселе – ұлттық рухты оятып, туған халқын биікке көтеруге бар күш-жігерін жұмсаған Алаш ақындарының мұрасы [2].

Алашордалықтардың басым бөлігі ұлт мүддесі үшін жанқиярлықпен күрескен тұлғалар. Олар қуғын-сүргіннің ауыртпалығын көрсе де, қоғамдағы маңызды істерді атқарып, әдебиет, журналистика, сын, ғылым және аударма салаларында артына мол мұра қалдырды. Алаш ағартушылары табиғатынан өте дарынды адамдар болған. Оны қазіргі кезде олардың бізге қалдырып кеткен еңбектері мен шығармалары дәлелдей алады. Бұл ұрпақ өкілдері қазақы салт-дәстүрмен өсті, ислам дінінде сауат ашып, одан әрі жәдид, орыс және бірнеше тілдерді меңгерді. Алаш қайраткерлерінің әр бірі үлкен мәдени қалаларда білім алған өз заманының ашық ағартушы қауымы, сондай-ақ түрлі кәсіптің майталмандары екенін айта кетсем қателеспеспіз.

Ұлт ағартушылары қазақ елін отарлық езгіден құтқарудағы басты принцип ретінде оқу, білім және ғылым мәселелін көтеруге тырысып, соның көш басында тұрды. Сондықтан қазақ интеллигенциясының қойған басты мақсаттарының бірі – халыққа білім беру, оқу-ағарту және ғылым мәселесі болды. XX ғасыр басында «Қазақ» газетімен қатарлас «Айқап» журналы да Алаш қайраткерлерінің ғылыми-ағартушылық бағытындағы еңбектерін жарыққа шығарып отырды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың «Алаш азаматтарына» деген мақаласында «халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі: баспа сөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі шексіз» – деп көрсетуінің астарында үлкен мән жатыр [3. 463 б].

Алаш ағартушылары халықағарту ісін бастауыш мектеп ашу арқылы бастады. Білімнің, ғылым мен мектептің қандай болуы керек екенін «Қазақ» газетінде өз мақалаларында жариялап отырды. А.Байтұрсынов халыққа білім берудің үш негізгі: оқыту бағдарламасы, оқу құралдары және білімді мұғалімнің қажеттілігін атап айтады. Енді осы бағытты дамыту жолында ұлт ағартушыларын оқулықтар дайындауға шақырып, ғылыми-ағартушылық қызметін жүргізді. Демек, ағартушылық қызметін жүргізіп, білімді дамытуды қолға алушылардың бірі –Ахмет Байтұрсынұлы болғанын біле аламыз [4. 33-34 б].

Алаш десе бірден «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, «Серке» газеті және тағы да осындай еңбектер оймызға түседі. Әр еңбектің өзінің басынан кешірген қиындықтары да болды. «Айқап» журналы оқу-ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. Мұхамеджан Сералин 1910 жылдың аяғында ұзақ уақыт еңбегінің нәтижесінде «Айқап» журналын шығаруға рұқсат алды. Қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болған М.Сералин ағартушылықтан отаршылдық жүйені қирату, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру идеясына көшті [5. 100-101 б.].

1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. Оның негізін салушылар А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов. «Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту және кітап шығару мәселелеріне баса көңіл бөлді. Ұлт ағартушылары «Қазақ» газеті беттерінде қазақ балаларын оқытудың әдістемелері жайлы өз ойларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов қазақ балаларын мектептер мен медреселерде оқытуға ерекше мән береді. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту мәселелерін айтқанда, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді. Сонымен қатар ол орысша сауатты білім алуды да үйрену қажет деп атап өтеді. А.Байтұрсынов ХХ ғасырдың басындағы қазақ ғылымының ғана емес, түркі ғылымында жаңашылдық негіздегі жазылған оқулықтар: «Жаңа әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты еңбектердің авторы.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда орасан зор рөл атқарды. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа биікке көтерілді. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды деп айтсам артық айтпаспын. М.Сералинмен қатар, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл ағартушыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кемеңгеров, М.Ж. Көпеев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және тағы басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың қатысуы себепші болды [б. 4-5 б.].

«Қазақ» газеті – бұл қазақ халқының тұңғыш, төл энциклопедиясы. «Қазақ» бірінші орында ұлт мәселесін көтерді. Ұлттық езгідегі жатқан қазақтың ұйқысынан оянып, алдыңғы қатарлы елге айналуына, білімді, мәдениетті халықтардың қатарына көтеруге, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына күш салды. Кейіннен кеңестік жүйе тарапынан қатаң сынға ұшырап, «ұлтшылдықты» насихаттаудың бастауы осы органнан бастау алды деген тұжырымға ие болды. Әсіресе, жалған жаламен жазаға ұшыраған қазақ ағартушыларын айыптау барысында олардың ұлтшылдықтарын осы газетке жариялаған мақалалары мен осы газетті шығарудағы қызметтерімен дәлелденді. Басылымда алғашқы санынан бастап аса маңызды деген қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелері көтеріліп, соның төңірегінде пікірталастар туындатырып отырды. Ахмет Байтұрсынұлы бес жылдай өмірін осы «Қазаққа» арнады. Газеттің мазмұнды болуына ерекше мән берді. Қазақ халқы үшін сол кездерде құлағы, үні, тілі болып, айналасына ұлт болашағын ойлаған қазақ азаматтарын біріктіре білген «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналдырды.

Қазақ қоғамында ұмытылмастай есте қалған, қанша қиындықпен жазылған еңбектің бірі – Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» еңбегі. ХІХ ғасырдың аяғы мен қоғамдық өмір табалдырығын аттаған 20 ғасырдың бас кезі – Ресей патшалығының қазақ даласын отарлау саясаты «жемісін» бере бастаған кез болатын. Патша әкімшілігі қазақ жеріне үңгі кіріп, қазақтың шұрайлы жерлерін келімсектерге зорлықпен тартып әперіп, өздерінің әкімшілік-басқару жүйелерін енгізгені тарихтан белгілі. Халық өмірінде әлеуметтік-экономикалық ауыр сілкіністер туғызып, бодан болған елдің болашағын тығырыққа тіреген отарлық саясат озбырлығына шыдай алмаған жас Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!»-ты дүниеге әкелді.

Шығармада қазақ халқының өткен тарихы, қазақ қауымының ғасыр басындағы әлеуметтік хал-ахуалы, елдің болашағына байланысты мәселелер сөз болады. «Оян, қазақтың» қазақ халқының сана-сезімінің оянуына әсер етіп қоймай, ұлт-азаттық қозғалыс кезінде де маңызы арта түсті. Егемендігімізді алып, елдігіміз артып отырған бүгінгі таңда да «Оян, қазақтың» маңызы артпаса, кеміген жоқ. Бұл жинақтың әлі де көптеген мақсаттарымызға игі әсерін тигізері сөзсіз.

Ұлт ағартушыларының оқу-ағарту саласындағы басты сіңірген еңбектерін айтып біту мүмкін емес әрине, сонда да қысқаша тоқталатын болсақ:

- халыққа оқу-білім мен ғылымды тарату арқылы патшалық езгіден азат болуға, елімізде тәуелсіздік алуына ұмтылды;
- Алаш ағартушыларының еңбектері, әдебиетімізді қалыптастырып, оны одан әрі байытты.
- қазақ аудармасының негізі қаланды, шығармалар көптеген әртүрлі тілдерге аударыла басталды;

Жастардың білім-ғылымға деген қызығушылықтарын тудыра алды. Осы тізімдегінің барлығы Алаш ағартушыларының сан ғасырлық еңбектерінің жемісі, қиыншылықтарының нәтижесі.

20 ғасырдың 20-жылдарынан бастап елімізде жаңа қазақ мектебінің негізін қалауда оқу-ағарту ісін дамытқан қазақтың ойшыл ағартушы ғалымдары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай сынды ұлт ағартушыларының баға жетпес мұралары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз. Ұлт істері үшін бір бағытта – білім мен ғылым істеріне өздерін арнаған, мақсаттары бір арнада тоғыса алған Алаш азаматтары Алашорда үкімет таратылып, Кеңес үкіметі орнаған кезеңдерде де өз ұстанымдарынан ауытқымай, қазақ халқы үшін аянбай еңбек ете білді.

Қорыта айтқанда, халық ағарту саласына үлкен үлес қосып келген 20 ғасыр басындағы ұлт ағартушыларының алдына қойған басты міндеті – қазақ халқын ұлт деңгейіне көтеріп, өз елін өзі басқаратын ел ету. Алаш ағартушылары ағартушылық саласында мектеп, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеулер жүргізіп, ғылыми- танымдық еңбектер жазды. «Қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған Алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі өз ұлтын сүйоге, ел мүддесі үшін қалтықсыз қызмет етудің үлгісі болды.

Алаш ағартушыларының барлығы өз бастарының жеке мүддесін емес, халықтың тағдырын ойлады. Адамзат баласы, дәл бүгінгі күні, бүкіл дүниежүзінде болып жатқан жаңалықтарды үйінде отырып-ақ, толық мәлімет алатын күйге жетті. Алаш ағартушылары өмір сүрген дәуірде, дәл бүгінгідей сауаттылық болмады.

Сонымен, Алаш ағартушылары аңсаған арман-тілекке Тәуелсіздіктен кейін ғана қол жеткізіп отырмыз. Алаш қайраткерлері ғасырда бір туатын құбылыс еді. Олардың әрқайсысы халық үшін шамшырақ, шырақ болды. Олардың ғылыми-ағартушылық қызметінің арқасында еліміздің оқу-ағарту, ғылым саласы жүйелі бір арнаға түсіп, қазір халықаралық деңгейге көтерілуде. Сондықтан да осындай қиын жолмен келген Алаш ағартушыларымыздың баға жетпес еңбектерін, олардың бізге қалдырған мұраларын бағалайық. Мүмкін бұл кей адамдар үшін жай ғана бір шығарма, әңгіме болуы мүмкін, алайда әр еңбектің басынан кешірген өз тарихы мен қиыншылықтары бар. Бүгінгі күні Алаш ағартушылары өз мақсаттарына жетті және олардың армандары орындалды деп нақты сенімді түрде айта аламын. Уақыт өтер, жаңа ұрпақ келеді, бірақ таяу онжылдықтар мен ғасырларда Алаш ағартушыларының қоғамдық ой-пікірлері мен рухани тәжірибелері мәңгі есте.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ботабаева А.Е., Қалжан Н.А. Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік - педагогикалық идеялары: Монография. – Алматы: TechSmith, 2023. – 80 б.
2. Ыбырайым А.М. Алаш асылдары. – Алматы, 2023.
3. В.В.Трепавлов. Этнические элиты национальной политики. – М., 2018. – 463стр.
4. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел шежіре, 2008.- 360 б.
5. Байтұрсынов А. Оқу құралы. (Қазақшаалифа) 1-шікітап. -Орынбор: Товарищество «Каримов, Хусаинов и К», 1912. - 40 б.
6. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан. //Қазақ. 1913. 16 мамыр.

УДК 37.012

ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБУЧАЮЩИХ МЕДИА ПЛАТФОРМ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К ЗНАНИЯМ

БАРМЕНКУЛОВА С.С.

Учитель русского языка и литературы средней школы № 42 им. Е.Кашаганова,
Жамбылская область, Кордайский район

Резюме. Бұл мақалада жалпы орта білім беретін мектептің оқу процесінде медиаплатформаларды пайдалану мәселесі туралы жазылған. Оқушылардың сабаққа мотивациясын арттыру үшін веб-квест технологиясы және ойын ойнау тәсілі қарастырылған.

Summary. This article is about the problem of using media platforms in the educational process of a general secondary school. To increase the motivation of students in the lesson, web quest technology and a way of playing games are provided.

Важной частью медиаобразования является усвоение и создание медиаконтента обучающимися через интерпретацию материала из медиаплатформ и процесса их критической оценки.

Можно выделить следующие виды медиаплатформ[1]:

- Интернет-форумы;
- Блоги (LiveJournal, LiveInternet, Twitter);
- Подкасты (PodFM, LibSyn);
- Вики (Wikipedia, PBWiki, Google Docs);
- Электронная почта;
- Социальные сети (Facebook, Мой Круг, ВКонтакте);
- Социальные агрегаторы (Plaxo, Friendfeed);
- Онлайн-игры (Lively, WorldofWarcraft).

Соответственно, изучаемая учащимися информация может включать в себя обширные материалы, такие как новости, аудио, видеоролики, сообщения, картинки, реклама. Для ежедневной обработки потребляемого медиаконтента в таких количествах - необходимо развивать критическое мышление пользователя.

На данный момент использование цифровых технологий и медиаплатформ на занятиях можно встретить повсеместно: активно используются электронные библиотеки для поиска необходимой информации, проводятся демонстрации учебного материала при помощи аудиовизуальных элементов, онлайн-форумы, презентации. Открыто стоит вопрос об использовании виртуальной реальности в условиях цифровизации обучения, так как данный элемент поможет открыть новые грани педагогического мастерства.

Ранние исследования доказали, что люди легче усваивают абстрактные, новые знания, если они представлены не только в вербальной, но и в визуальной форме.

Другие эмпирические исследования показывают, что визуальные медиа делают учебный материал более доступным для человека, чем текстовые медиа, и улучшают последующее запоминание.

Брэнсфорд, Браунинг и Кокингв своем исследовании также отметили важность технологий в создании обучающей среды. Было выявлено, что односторонние средства коммуникации, такие как фильмы, документальные фильмы, телевизионные шоу и музыка, способствуют интерактивности образовательного процесса, благодаря визуализации и контенту, созданному учащимися.

В связи с этим, созревает необходимость использования медиаконтента как наглядного материала в преподавании.

При этом, к личности в контексте медиаобразования предъявляется ряд требований для безопасного и комфортного использования преимуществ медиаплатформ, а именно медиаграмотность, развитое критическое мышление, рациональный подход к работе, включающий в себя творческое видение, умение ориентироваться в информационной среде, коммуникативность.

Использование медиаплатформ начинается с постоянной связи между учителем и обучающим, особенно ярко эта потребность была заметна во время дистанционного обучения. К тому же при активных методах обучения использование контента медиаплатформ помогает вызвать интерес и повысить мотивацию у обучающихся.

Хоть технические медиасредства уже являются привычной частью нашего образования, однако использование актуального медиаконтента, интересного для обучающихся встречается не так часто, связано это может быть с разными интересами учителей и учащихся. В проведенном нами опросе было выявлено, что 86 % обучающихся предпочитают развлекательно-познавательный контент.

Одним из перспективных направлений в этой области является игрофикация учебного материала и веб-квест технология.

Игрофикация почти всегда представляет собой погружение в виртуальную реальность, исключение составляют случаи использования компьютерных технологий как часть офлайн обучения.

Наиболее популярен подход игрофикации при изучении иностранных языков, однако возможно использование игровых платформ для любого типа обучения при должном уровне

креативного мышления самого организатора учебного процесса. Здесь мотивация «игрока», т.е. обучающегося, является одной из основных частей при игрофицированном обучении.

Согласно В.Н. Мясищеву, результаты деятельности человека лишь на 30% зависят от его интеллектуальных способностей, остальное же представляют собой мотивы, побуждающие его к определенным действиям [3].

Повышение мотивации происходит благодаря системе поощрений, заложенной почти в каждой игре. Поощрения представляют собой начисление дополнительных очков, систему виртуальных жетонов и наград, а также мгновенное текстовое поощрение в процессе правильного выполнения каждого элемента игры. Допустим, при каждом правильном ответе могут появляться надписи: «Отлично!» и «Великолепно!», что в свою очередь создает ситуацию успешности. Возможно присуждение игровых званий в зависимости от успехов в выполнении заданий, как «Ученик», «Адепт», «Эксперт», «Мастер». Также другой стороной мотивации могут быть рейтинговые таблицы, где участник может сравнить свои результаты с другими игроками.

Однако, с нашей точки зрения, данный подход является не совсем этичным и может порождать негативные ощущения у обучающегося. Вместо этого возможно сравнение своего последнего результата с предыдущими, позволяя отследить собственный прогресс.

Говоря о технологии веб-квест, стоит отметить, что веб-квест — это технология обучения, в которой используются возможности Всемирной паутины для решения задачи, поставленной учителем, при этом важен правильный настрой и мотивация учащихся на самостоятельное исследование и поиск информации.

При активном участии в выстраивании образовательного виртуального пространства возможно создание качественно нового подхода в обучении, который бы гарантировал надежность и достоверность Интернет-источников.

Благодаря тенденции цифровизации можно ожидать более тесное взаимодействие образовательного пространства с веб-источниками.

В связи с этим, использование технологии веб-квестов в педагогической деятельности не будет еще долгое время терять своей актуальности.

Преимущества использования медиа в процессе обучения:

- многие медиа-источники (художественные фильмы, музыкальные клипы, визуализации, новостные сюжеты) обладают очень высоким качеством предоставления контента, который способен визуально продемонстрировать и объяснить сложную тему за короткий промежуток времени;

- средства массовой информации предлагают, как когнитивный, так и эмоциональный опыт. Это может вызвать дискуссию в группе обучающихся, оценку своих ценностей, свою самооценку, взаимоотношения с окружающими, если материал подобран с целью передачи сильного эмоционально-психологического содержания;

- использование средств массовой информации помогает связать учащихся с событиями, имеющими культурное значение. В результате положительным следствием использования средств массовой информации является то, что учителя будут стремиться связывать учебный материал с актуальными событиями.

Для учителей это может стать отличным способом для передачи своего опыта более широкой аудитории. Однако стоит учитывать особенности распространения медиаконтента. Не существует определенного стандарта для контента в медиа, так как из-за широкой аудитории находятся читатели почти для каждого источника, однако для лучшего восприятия информации и, соответственно, привлечения большего количества аудитории можно использовать следующие рекомендации при создании и распространении контента:

1. Создание качественного контента. Как в плане содержания, так в плане и аудио – визуального оформления. Из-за высокой конкуренции в медиасреде необходимо предоставлять информацию на высшем уровне.

2. Ориентация на практическую значимость. Пользователи ценят не саму информацию, получаемую от рассказчика, а его индивидуальный стиль изложения, а также примеры из личной жизни, что в свою очередь создает ощущение беседы тет-а-тет.

3. Интерактивность. Хотя речь идет об дистанционном формате передачи знаний, но существуют много способов получить обратную связь от слушателей, начиная от комментариев до распространения материалов через своих знакомых.

4. Творческий подход. Как уже было сказано, высокая конкуренция заставляет делать контент не только познавательным, но и креативным.

5. Персонализация контента. Прежде чем начать делиться своими знаниями с широкой аудиторией, необходимо определиться на кого именно направлена информация: на учеников, научных деятелей или для массового зрителя.

6. Безопасность в сети. Является одним из основных пунктов при использовании своих данных в Интернете, стоит развивать критическое мышление, чтобы не попасться на мошенников или не стать жертвой кибербуллинга.

7. Авторское право. Использование медиа требует полного понимания закона об авторском праве, понимания связанной с этим рабочей нагрузки и определенных навыков распознавания контента, который будет способствовать обучению, а не станет отвлекающим фактором.

Таким образом, медиаконтент является большой частью нашей повседневной жизни, и нет смысла держать его в стороне от образовательного процесса. Медиаобразование требует от учеников и учителей критического осмысления степени влияния медиаплатформ на культуру. Данное осмысление выходит за рамки отдельных медийных сообщений и учит учеников выявлять общие закономерности в медийном контенте. В свою очередь, это может побуждать учеников лучше анализировать информационные данные и их влияние на общественные идеи, ценности, социальные нормы. Доступность большого количества информации в Интернете, в совокупности с развитым критическим мышлением, порождает обширность взглядов и мировоззрения. Открытость к обсуждениям и общению в виртуальном пространстве, погруженность в мир игровых технологий представляет для педагогического процесса обширное поле для деятельности по стимулированию интереса к обучению.

Список использованной литературы:

1.Красноярова О. В. Новые медиа платформы: принципы функционирования и классификация / О. В. Красноярова // Вопросы теории и практики журналистики. — 2016. — Т. 5, № 1. — С. 45–57.

2.Голохваст К.С., Докучаев И.И., Сергиевич А.А., Смирнов А.С., Тумялис А.В., Хороших П.П. Виртуальная реальность как компонент виртуальной среды обучения // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2019. – № 191. С. 32-44.

3.Темиров К.У., Сагинтаева А.Ж. О важности использования медиаконтентов в образовательном процессе вуза. //Сборник Международнойнаучно-практической конф.«Педагогический дизайн безопасности образовательного ландшафта». Астраханский государств. университет. – Астрахань, 2022. 211-216 стр.

ӘОЖ 37.012

LESSON STUDY ӘДІСІН АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ

БОТАБАЕВА А.Е.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, п.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

СМАНОВА У.К.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

СЕЙДАЛИЕВА Б.М.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының
магистранты, Тараз қ.

Резюме. В статье подчеркивается важность использования метода Lesson study для изучения урока.

Summary. The article emphasizes the importance of using the Lesson study method to study the lesson.

Еліміздің болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың болашағы – ұстаздардың қолында. Еліміз дамыған 30 елдің қатарына ену үшін жан-жақты жетілген тұлға

қалыптастыру ұстаздар қауымының еншісінде екені айтпаса да түсінікті.» Ел мен елді, халықпен халықты теңестіретін нәрсе, ол – білім» -деп ұлы тұлға М. Әуезов айтып кеткендей, білім – бұл қоғамның ең жауапты, ең қастерлі саласы. Сондықтан, Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсатын білімнің қолжетімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп алып отыр. Осыған орай, білім беру жүйесіне еніп отырған озық, алдыңғы қатарлы елдердің білім беру жүйесінен алынған Lesson study әдісі. Майкл Барбер (Гарвард университеті жоғары педагогикалық мектебінің профессоры) мен Мона Муршед зерттеуінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігі мектепті өзгертетін ең басты күш деп таныса, адамзаттың ұстазы, философ Әбу Насыр әл-Фараби «Білімді қалай ұғуға болады? Оны зерттеумен, тәрбие өнерімен, үйренумен ұғынуға болады» деп ой тұжырымдаған екен.

Lesson study - бұл мұғалімдік практика саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше түрі болып табылатын педагогикалық әдіс. Бұл мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлаған, оқытатын, бақылайтын және талдайтын кем дегенде үш сабақты қамтитын цикл. Lesson study көмегімен мұғалімдер сабаққа зерттеуді жүргізе алады, оқу сапасына әсер етеді.

Lesson study әдісін қолдану барысында мына негізгі ұстанымдарға сүйенген жөн:

I. Сабаққа дейін.

1) Lesson study тобын құру;

2) Lesson study-дің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау;

3) таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау;

4) сабақты бірлесе жоспарлау;

5) бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысы мен интервьюде қолданылатын құралдарды таңдау;

6) оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу (бұл қадам міндетті емес);

7) оқушылардан алған интервью негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу (егер оқушылардан сабаққа дейін интервью алынбаса, бұл қадам да қолданылмайды).

II. Сабақ кезінде.

Lesson study сабағы.

а) оқушыларды бақылау.

III. Сабақтан кейін.

9) оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу.

10) сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау[1].

Lesson study зерттеу сабағының тиімділігі:

- мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады;

- ұжымдық мәдениетті қалыптастырады;

- мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады;

- бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі;

- мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады;

- мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады;

- мұғалімдер білімнің ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады;

- оқушының оқуы жақсарады;

- функционалдық сауаттылығы дамиды;







- қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады.

Lesson study-дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуына көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін Lesson study зерттеу тобын құрдық. Зерттеу тобында осы бағдарламаны игерген мұғалімдер мен бірге психологтар болды. Зерттейтін сыныпты таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 5 сыныптарды алдық. Себебі, ол сыныптарда бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа көшкенде әртүрлі мұғалімдерге бейімделуінде қиындықтар болды. Келесі қадам – проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта пән мұғалімдері сабақтағы проблемаларын Lesson study бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды. Ортақ негізгі проблеманы: «Спираль әдісін қолдана отырып, оқушылардың оқылым дағдысын арттыру» деп алдық. Күнтізбелік жоспарға сәйкес орта мерзімді жоспар мен қысқа мерзімді жоспар жасалынып, бекітілді.

Improving students ' reading skills using the spiral method

Unit: Creativity	School: №21		
Date: 24.01	Teacher's name: Seidaliyeva B.		
Grade: 5	Number present:	absent:	
Title of the lesson:	Kazakh traditional musical instruments		
Learning objectives	5.2.6.1. deduce meaning from context in short, supported talk on an increasing range of general and curricular topics 5.5.6.1. link, with some support, sentences into coherent paragraphs using basic connectors on a limited range of familiar general topics 5.4.1.1 understand the main points in a limited range of short simple texts on general and curricular topics 5.3.8.1 recount basic stories and events on a range of general and curricular topics		
Level of thinking skills	Knowledge, Understanding, Application		
Lesson objectives	All learners will be able to : - listen and repeat all new words, make up and write down sentences on new theme Most learners will be able to : - make up sentences to each musical instruments - read the topics with correct pronunciation Some learners will be able to : - speak about his /her favourite musical instrument		
Assessment criteria	- Express a point of view in sentences - Use a growing variety of adjectives and regular and irregular comparative and superlative forms in their speech.		
Values links	Know and respect folk music and folk musical instruments		
Cross-curricular links	Music, Art		
Previous learning	Sum up what learners have learnt about this topic so far.		
Plan			
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Pupils activity	Resources
Beginning	1. Greeting & org . moment - What did we learn at previous lesson ? Teacher introduces pupils with the theme, learning objectives and assessment criteria. Video material Find out your piece of picture, (at backside of the picture there is a special tongue twisters for each team). Let's watch a video and you will	Video material Find the theme of the lesson by this video Divide into groups 'Dombra', 'Violin' and " Piano". Who can read it quicker? Captains of teams read their own tongue twister, then read it with the class, so the class has 3 twisters Work in pairs. Find out correct equivalents of given new words and check your partner Check each other's cards with using given correct answers Individual work Activity "Numbers speak"	Video material Divide into groups with the pictures of dombra, violin and piano. The picture of instruments with tongue twister backside Cards

	<p>understand the theme of our lesson. New words Zhetygen-жетиген Dombra- домбра kobyz-кобыз sazsygnai-сазсырнай dabyl-Дабыл daulypaz-дауылпаз Piano-пианино Violin-скрипка stings - струны play the-игратьна Physical minute</p>	<p>On given cards there is a test consist of 5 questions Read and choose the correct answer Check yourself with using given correct answers AFL : oral feedback Physical minute</p>	<p>Cards with tests Correct answers on the blackboard Physical minute</p>
<p>Middle</p>	<p>G. 2. Read and match the explanations A-H to the musical instruments in the pictures.   Descriptors A learner - reads the text carefully - matches explanations with the musical instruments in the pictures. - Says simple sentences using instruments. AFL : Oral feedback</p>	<p>Work in group     1 zhetygen 2 dombra 3 kobyz 4. saz syrnai 5 dabyl 6 daulypaz</p>	<p>Photos of musical instruments on and a paper with explanation in spiral form</p>
<p>End</p>	<p>Pupils have to tell about their favourite musical instrument AFL : Praising “ You are, you are super !” for winner group. Teacher encourages more able learners to help those students who need some help. Homework</p>	<p>Board</p>	
<p>Additional information</p>			
<p>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?</p>	<p>Assessment – how are you planning to check learners’ learning?</p>	<p>Health and safety check</p>	
<p>Differentiation by questioning : Differentiation question for</p>	<p>Oral feedback Expert Envoy Voting</p>	<p>Be careful and attentive</p>	

more able students: Do you think that music can change your lives? Why? For less able students : 1. What did you understand from this video? 2. Is music necessary in our life? Do you remember kinds of music and musical instruments?	Praising	
Reflection	Use smiles to reflect on your lesson	
<i>Give me your smiles</i>		

Жоспар бойынша сабақ өтілді, оқушылар мен олардың сабақтағы іс-әрекеттеріне бақылау жүргізілді. Зерттеу сабағының оқушыларға әсерін білу үшін, оқушылардан сұхбат алынды. Зерттеу сабағына талдау жүргізілді, оқушылардың іс-әрекеті талданып, сабақтың сәтті, сәтсіз тұстарын анықтадық та, сәтсіз тұстары бойынша қайта жоспарлап, зерттелетін келесі зерттеу сабағының жоспарын бірлесе құрдық. Әрине, мұнда «оқушы ойын» ескеріп отырдық. «Әрбір келесі сабақ алдыңғы сабақтан жақсы болуы керек!» деген ұран ұстандық. Сабақтың тақырыптары «Kazakh national instruments», «A famous story Kozy-Korpesh and Bayan Sulu», «Biography of a writer» болды. Оқушылардың оқылым дағдысын арттыру мақсатында спираль әдісі таңдалып алынды. Спираль әдісімен дайындалған мәтіндер өз кезегінде оқушылардың қызығушылығын оятып, сабаққа деген ынтасын арттырды. Аталған әдіс бойынша дайындалған мәтін бойынша тапсырмалар әзірленіп, сол бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Спираль әдісі мәтіндерді бөліп оқытуда, жаңылтпаштар мен қысқа мәтіндерді оқуда ыңғайлы екенін байқадық. Оқи алмайтын балалардың өзі қызығып оқуға талпынғанын байқадық. Бірінші сабақта спираль әдісін қорытынды бөлімінде пайдалансақ, екінші сабақта негізгі бөлімінде пайдаландық, үшінші сабағымызда сабақтың кіріспесінде пайдалануды ұйғардық.

Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Lesson study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістікке жетуге болатынын түсіндік. Lesson study оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік. Алаш қайраткері Ж. Аймауытұлы 1929 жылы жазған «Комплекспен оқыту жолдары»[2] атты еңбегінде «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінде ұмытпайды», - деп көрсеткен. Демек, жаңартылған білім мазмұнына сай, бірлесе әрекеттеніп, нәтижеге бағыттай, мақсатты түрде құрылған әр сабақ оқушыларға «21 ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды күзиреттілікке жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study әдісінің тиімділігі. <https://bilim-all.kz/article/8274-Lesson-Study-adisinin-tiimdiligi>

2. Ботабаева А.Е., Қалжан Н.А. Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік - педагогикалық идеялары: Монография. – Алматы: TechSmith, 2023. – 80 б.

**XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
САЯСИ ҮРДІСТЕР**

ҚОЙШЫБАЕВА Д.Ә.

Ыбырайым Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются политические тенденции первой половины XX века
Summary. The article examines the political trends of the first half of the twentieth century

XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси үрдістердің тоғысында туындаған «Алаш қозғалысы» қазақ қоғамының саяси тағдырында маңызды қадамдарға бастаған кезең болды. Отандық тарих ғылымында тарихшы-ғалымдардың тұжырымдары бойынша бастауын 1905 жылғы саяси оқиғалардан алатын «Алаш қозғалысы» идеясы аясында «Алаш партиясы» құрылып, «Алаш автономиясы» жарияланды және осы мемлекеттік құрылымды басқаратын «Алашорда үкіметі» жасақталғаны тарихи зерттеулерден мәлім.

XX ғасырдың басында қазақ ұлтын бір мемлекеттің шаңырағына ұйыстыруды мақсат еткен Алашорда үкіметі 1907 жылы құрылып, 1920 жылға қарай дербес мемлекеттік құрылым ретінде біржола өмір сүруін тоқтатты. Бұрынғы патшалық Ресейдің орнын басқан большевиктер билігі орнағаннан кейін, Ресей және Орталық Азия территориясындағы антибольшевиктік күштерге қарсы қарулы күреспен қатар, баспасөз бетінде ақпараттық шабуылдар ұйымдастырып, олардың саяси тұғырнамасын терістеу мақсатында арнайы кітаптар шығара бастады. Міне, Алаш қозғалысына, оның ішінде Алаш партиясы мен Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметіне саяси баға беру, ғылыми контекстпен қарағанда зерттеу мәселесі XX ғасырдың 30-жылдарында басталды. Мақалада XX ғасырдың 30-40 жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің қызметіне қатысты арнайы партиялық тапсырыспен даярланған ғылыми басылымдардың тарихнамалық зерттеудегі маңызы қарастырылады.

Алаштанушы-ғалым Кеңес Нұрпейісовтың тұжырымдауы бойынша, бұл «зерттеулердің» мақсаты – «совет үкіметіне қарсы әрекеттер жасады» деген жалған айып тағылған қазақ зиялыларының саяси қуғын-сүргінге ұшырауын «ғылыми» негіздеу еді [1, 11 б.]. Алаш қозғалысы мен Алашорда тарихына қатысты сыни пікірлер, талас-тартыстар мен сараптамалық материалдар кеңестік билік орнағаннан кейінгі кезеңде мақсатты түрде баспасөз беттерінде жариялана бастады. Бұл талас-тартыстар негізінен Кеңес үкіметі жағына өткен Алаш қайраткерлері мен большевиктік тұғырналамадағы қазақ зиялыларының арасында өрбіді.

Атап айтар болсақ, 1919 жылы 3 тамызда большевиктік «Жизнь национальностей» газетінде Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қазақтар» атты тақырыбымен мақаласы жарық көрді. Мақалада А. Байтұрсынов қос төңкеріс тұсындағы қазақ қоғамының көңіл-күйі мен Алаш автономиясының құрылу қажеттіліктерін және антибольшевиктік саяси күштермен байланысын ашып көрсетті [2]. Бұл шағын мақалаға жауап ретінде жоғарыда аталған басылымның 1920 жылғы 25 қарашадағы санында Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ интеллигенциясы туралы» атты мақаласы жарияланды. «Манап Шамиль» деген бүркеншік есіммен жарияланған бұл мақалада қазақ зиялыларының ұлттық мүдде үшін саяси бірігу жолы, яғни 1905 жылдан бастап белсенді әрекетке көшуі, әсіресе «Қазақ» газетін саяси мінбер ретінде пайдаланып, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды идеологиялық тірек санап, соңынан еруін сипаттап жазады [3]. Қазақ мүддесі үшін қызмет етсе де, өмірдің екі ағысымен жүрген қос қайраткердің арасындағы пікір қайшылығы осы мақалаларында айқын көрініс берді.

1922 жылы Алашорда тарихына баға беру «Степная правда» басылымында жалғасын тапты. Аталған басылым бетіндегі қызу тартысқа себеп болған «Н.Ш.» бүркеншік есімімен жарияланған «К истории революционного движения в Восточной Киргизии» [4] атты мақала түрткі болды. Бұл мақалада Алаш мәселесіне қатысты негізгі деректерді қасақана бұрмалап көрсету арқылы қоғамды қарсы қою мақсаты көзделгені айқын аңғарылады. Аталған жарияланымға жауап ретінде кезінде Алашорда тілегінде болған Ә. Байділдин мен А. Кенжиннің мақалалары жарық көрді. Мақала

авторлары мәселеге үстірт, әрі біржақты қарамау керектігін, Алаш қозғалысының қызметіне сол кезеңдегі қалыптасқан саяси жағдай тұрғысынан баға берудің қажеттігін баса айтты. Сол жылы «Қызыл Қазақстан» журналында М. Атаниязовтың «Алаш партиясының тарихи сыны» тақырыбында жарық көрген мақаласы негізінен «Алаш» партиясы мен алашордашылардың қызметін теріс бағалай келе, оларды контрреволюциялық күштерге жақтасқандығын сынға алады.

Осы кезеңде «Алаш» партиясы мен Алашорданың қызметін сынаған мақалалардың саяси салмағы ауырлай түсті. Мәселен, И. Грушин есімді большевиктік қызметкер А. Кенжинге тойтарыс беру мақсатында жазылған мақаласы арқылы алаштықтарды кеңестік жүйе алдында қылмыскер ретінде көрсетуге тырысты. Байқап отырғанымыздай, Ә. Байділдин мен А. Кенжиннің жоғарыда келтірілген қарымта жауабынан кейін, Алаш қозғалысына деген ақпараттық шабуыл жаңаша сипат алды. Бұлай болуы түсінікті болатын. Себебі енді ғана орнай бастаған Кеңес үкіметі барлық өңірлерде қарулы күреспен қатар, жергілікті ұлтшыл топтарға қарсы идеологиялық майдан ашқан болатын. Бұл сол жылдары кеңестік баспасөздік негізгі тақырыбына айналды. Орын алып отырған жағдай большевиктік тұғырнамада қызмет жасап жүрген қазақ ұлтшылдарына да жүйеге қарай икемделуге түрткі болды. Атап айтар болсақ, 1923 жылы «Известия Киробкома РКП(б)» басылымында жарық көрген мақаласында А. Кенжин бастапқы көзқарасынан бастап тартып, «Алаш» партиясының бағытына буржуазиялық-демократиялық сипат беруісаяси қысымның салдарынан екендігін аңғару қиын емес.

1925 жылы Қазақстан басшылығына Ф.И. Голощекиннің келуімен Алашорда қайраткерлеріне шабуыл партия комитетінің негізгі ұстанымына айналды. Осы кезеңде өлкелік партия комитетінің басшылығында жүрген қазақтан шыққан тұлғалар да ұлтшылдықты айыптау бойынша сыни мақалалар жаза бастады.

1927 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында О. Исаұлының «Ұлтшылдықтың аты «Алашорда» атты мақаласы жарық көрді. Мақалада алашордашылар мен кеңестік жүйеде қызмет жасап жүрген қазақ ұлтшылдарының сынай келе, өлкедегі негізгі партия жұмысын жүргізудегі негізгі кедергілерді қазақ ұлтшыл топтарының әрекетімен байланыстырды. 1927 жыл қазақ тарихындағы қасіреті зор саяси-экономикалық науқанға дайындықтың басы болатын. Осы жылы қазақ байларын тәркілеу науқанын іске асырудың тарихи негіздемесі жасалды. Аталмыш тарихи құжатты жасаған большевиктік қызметкер А.К. Бочагов еді. Алаштанушы-ғалым К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты еңбегінде: «1920 жылдары жекелеген адамдарға Алашорданың «контрреволюциялық ұлтшылдық мәнін» әшкерелейтін еңбектер жазуға арнайы тапсырмалар берілгендігін және Қазақстан партия ұйымының атынан сондай тапсырма алғандардың бірі ретінде А.К. Бочаговты» атап өтеді [1]. 1927 жылдың 27 қаңтарында А.К. Бочаговтың «Советская степь» басылымында «Алашорда» тақырыбындағы мақаласы жарық көрді. Мақалада автор Алашорданы байлар үкіметі ретінде сипаттап, ақиқаттан алшақ кетті. Бұл айыптау мақсатында жазылған тапсырыс мақала екендігі талас тудырмайды.

Алаш қайраткерлерінің Қазақстанда кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қоғамдық-саяси қызметіне арналған алғашқы еңбек А.К. Бочаговтың 1927 жылы жарық көрген кітабы болатын. А.К. Бочагов бұл еңбегінде Алаш қозғалысының төңкерістен кейінгі саяси дағдарыс кезеңінде қазақ халқы сенім артқан саяси күшке айналғанын объективті түрде бағаласа да, жалпы Алашорда үкіметінің қызметін кеңестік биліктің ұстанымы тұрғысынан таптық, буржуазияшылдық сипатта қарастырды. А.К. Бочаговтың еңбегі жарыққа шыққан 1927 жылы қазақ қоғамының орта және ауқатты топтарын тәркілеп, жер аудару жөнінде қаулы дайындалып жатқан болатын. Автор кітабында Алашорданы буржуазиялық контрреволюциялық күштердің ұйымы деп қарастыруы тәркілеуге ұшырағандардың да, алаштықтардың да істерін ауырлата түсті. Ақиқатында Алаш қозғалысына қазақтың текті әулеттері мен ауқатты топ өкілдерінің ниеттес болғандығын, қиын кездерде Алаш қайраткерлерімен бір қатардан табылғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Алаш қайраткерлері мен Алашорда үкіметінің қызметін тарих беттерінде жағымсыз сипатта қалдыруды мақсат тұтқан бұл еңбектер кеңестік билікті мемлекеттің идеологиялық күрес науқанындағы арнайы тапсырыстар еді. А.К. Бочагов өзінің 1971 жылы жарық көрген естелігінде Алашорда тарихы туралы кітапшаны дайындау партия тарапынан түскен тапсырыс екендігін ашып көрсетеді. Партияның нұсқауымен дайындалған еңбектен әрине Алаш қозғалысы, Алашорда тарихы туралы объективті көзқарас күту қиынсыз болар еді. Себебі енді антибольшевиктік күштер қатарында болған Алашорда үкіметінің саяси тұғырнамасы да, бағыты да коммунистік жүйеге кереғар болатын. Сондықтан Кеңес үкіметінің партиялық идеологиялық күрес бағытындағы жұмыстары бұл еңбекпен тоқталып қалмады.

1929 жылы Н. Мартыненконың құрастыруымен, О. Исаев алғысөзін жазған «Алашорда» құжаттар жинағы жарық көрді. Бұл жинақ бүгінгі күнге дейін деректік маңыздылығын жоғалтпаған басылым ретінде кеңінен қолданылып келеді. Ал Кеңес үкіметі тұсында Алаш қозғалысы тарихына қатысты басылымдар мен мұрағат құжаттары сақталған қорлар жабық болғандықтан, Н. Мартыненко құрастырған құжаттар жинағы негізгі дерек көзі ретінде саналғаны жасырын емес. Алайда жоғарыда айтып өткен маңызды жақтарына қарамастан, бұл жинақ партиялық идеология тұрғысынан дайындалған еңбек екендігін естен шығармағанымыз жөн. Атап айтар болсақ, құжаттардың мағынасы қасақана бұрмаланып берілген, көптеген құжаттар қысқартылып берілген және «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттерінен алынған мақалалардың орысшаға аударылуы сәтсіз шыққан. Дегенмен де, бұл жинақты құрастырушының құжаттар арқылы Алашорда үкіметінің қызметін терістеу әрекеті сол кезеңдегі саяси жүйе үшін өз нәтижесін берді деп айтуға толық негіз бар.

Бочагов пен Мартыненко еңбектерінің шығуымен бір мезгілде алаштық интеллигенцияны қудалау және сотқа тарту ісі қатар жүрді. 1927 жылы қазан айында ОГПУ орындарының Е. Омаровты тұтқынға алып, тергеу жүргізуінен басталған бұл процесс 1930 және 1932 жылдары ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің үлкен тобын (А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев және басқалар) түрлі ауыр жазаларға кесумен аяқталды. Осылайша, кеңестік билік Алаш қайраткерлеріне қарсы сот процестерін баспасөз беттеріндегі большевиктік ұстанымдағы мақалалардан басқа ғылыми құжаттық жинақтар мен зерттеулер арқылы бекітіп отырды.

Кеңес Нұрпейісов қарастырған саяси қуғын-сүргіннің 6 кезеңі бойынша айтсақ, 1920 жылдардың екінші жартысын қамтыған Кеңес Одағында сталиншілдік, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің нығая бастаған тұсындағы Қазақстандағы Ф. Голощекиннің «Кіші октябрь» аталған авантюристік саясатын жүзеге асыруға кіріскен уақыты мен 1930 жылдардың басындағы Алаш қозғалысы жетекшілері мен қатардағы мүшелерін жаппай түрмелерге жабу мен соттау белең алған кезеңі. Жоғарыда келтірілген басылымдардың жарық көруі Алаш қайраткерлерін қуғындау саясатына іске қосқан негізгі тетік болғандығы талас тудырмайды.

1930 жылдары Алаш қозғалысына қарсы шабуыл жаңаша сипат ала бастады. Түрлі ғылыми конференциялар, өткізіліп, баспасөз беттерінде большевиктік ұрандағы мақалалар легі толастамады. Осы саяси идеологиялық науқанның басы-қасында жүргендердің негізгілері С.Брайнин мен Ш. Шафиरो болды. Алашорда тарихына арналған ғылыми науқанның екінші кезеңі осы кезеңнен бастау алды.

1920-1930 жылдары Алашорданы айыптауға қазақтан шыққан большевиктік қызметкерлер де белсене араласа бастады. Солардың ішінде аталған тақырып турасында көптеген сыни сипаттағы мақалалар жазған Ілияс Қабылов таза кеңестік жүйенің өнімі болатын. Оның 1929 жылы жарық көрген «Байшылдық, ұлтшылдық салт-санаға қарсы аттаныс» атты мақаласынан партия саясатының ұстанымын аңғару қиын емес.

Кеңестік тарихнамада Алаш қозғалысы мен Алашорда тарихына қатысты көптеген зерттеулер мен баспасөз беттерінде мақалалар жарық көрді. Партиялық идеология тұрғысынан жазылғандығына қарамастан, бұл зерттеулердің де Алаш қозғалысы үшін маңызы зор. 1920-1938 жылдар аралағында жарық көрген еңбектер негізінен Алаш қайраткерлерінің көзін жойып, Алаш қозғалысының қызметін тарих беттерінен түбегейлі өшіру миссиясын ойдағыдай орындап шықты. Одан кейінгі кезеңде бұл мәселе тұрғысында айтуға да, жазуға да тиым салынды.

Бұл шағын мақалада негізінен Алаш қозғалысына қатысты кеңестік тарихнамада үлкен дүмпу тудырған ғылыми зерттеулерді ғана қарастыруды жөн санадық. Әрине баспасөз беттерінде бұл тақырып бойынша қызу айтыс-тартыстар, пікірталастар, рецензиялар жарияланып жатты. Ол материалдардың барлығы да Алаш қайраткерлерінің тағдырын шешуде үлкен рөл атқарғаны белгілі. Алайда жоғарыда қарастырған үш еңбек ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тарихында, оның ішінде Алашорда тарихында, Алаш қайраткерлерінің өмірінде маңызды орын алатын оқиғалармен астасып жатыр. 1928 жылғы тәркілеу саясаты, 1929-1932 жылдары жүрген Алаш қайраткерлерін қудалау науқаны осы үш еңбекте негізделген ғылыми тұжырымдар жүйесінде іске асырылған болатын.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Кеңес үкіметі өз билігін нығайта түсу өзін барлық әрекетке барды. Азамат соғысы жылдарында антикеңестік бағытта күрес жүргізген саяси топтармен күрес кеңестік билік орнағаннан кейін коммунистік партияның негізгі ұстанымдарына айналды. Осы тұрғыда баспасөз беттерінде арнайы тапсырыспен ұйымдастырылған айтыс-тартыстар, сыни мақалалар Алаш қозғалысы мен оның мүшелерін қаралауға бағытталды. 1920-30 жылдары жүзеге асырылған саяси науқандардың алдында халықты сендіру үшін, өздерінің істерін ақтау үшін

баспасөз арқылы ақпараттық шабуыл жасады. Осындай идеологиялық науқанның нәтижесінде 1928 жылы қазақ байларын тәркілеу саясаты, соның салдарынан туындаған 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылық, 1929-1938 жылдар аралығында жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқаны іске асырылды. Алайда бұл үрдіс қуғын-сүргін науқаны аяқталғаннан кейін де тоқтап қалмады. 1988 жылға дейін Алаш қозғалысы тарихи әдебиеттерде тек жағымсыз сипатта бейнеленді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. Байтурсынов. Революция и киргизы. Жизнь национальностей, 1919. 3 августа, №29 (37).
3. О киргизской интеллигенции. Жизнь национальностей. 1920. 25 ноября.
4. Н.Ш. к истории революционного движения в Восточной Киргизии // Степная правда. 1922, 2627 июля. (№ 160-161).

ӘОЖ 93.557

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БІРІ – АБЫЛАЙ ХАН

НУРПЕЙСОВА М.Д.

Қостөбе орта мектебінің тарих және география пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

Резюме. В этой статье рассматривается деятельность известного казахского хана Абылая как исторической личности, чуткого полководца и дальновидного, последовательного правителя Казахского ханства, сыгравшего важную роль в его дальнейшем развитии. В работе дана оценка дипломатической мудрости Абылай-хана, проявленной к двум империям – России и Китая, сумевшего сохранить оптимальный вариант отношений между ними, раскрывается также его внутренняя политика.

Summary. This article focuses on the activities of the famous Kazakh khan Abylai as a historical figure, responsive military leader, farsighted and consistent ruler of the Kazakh Khanate, which played an important role in its further development. The paper assesses the diplomatic wisdom of Abylai Khan, manifested in two empires - Russia and China, who managed to save the best relations between them, where were developed its internal policies.

Тарих-дәріс, өткеннің өкінішін де, мақтанышын да бойына сіңірген ұлы мектеп, атадан балаға жалғасып келе жатқан тәрбие, өнеге жолы. Қазақтың аңыз-жырларында, - деп жазған Шоқан Уәлиханов, - Абылай есімі өте бір әсерлі мәнге ие болған. Жұрт Абылай дәуірін қазақ қаһармандығының кемелденген тұсы деп сезінеді. Абылайдың жорықтары, батырларының ерлігі тұрмыстық – салттық дастандардың арқауына айналған. Азаттықтың арқасында тарихи тамырымызды танып, тарихи жадымызды қалпына келтіруге мүмкіндік алдық. Бұрмаланған жерлері қайта қаралып толықтырылуда. Елдің елдігін, ұлттың болашағын сақтап, халықтың қамын жеген ұлы бабаларымыздың өмір жолдарын зерттеп білуге көңіл қоя бастадық. Солардың бірі ХҮІІІ ғасырда ел басына күн туған қиын кезеңде қазақты жауға қарсы жұмылдырып, талай шайқастарда ерлігімен көзге түскен қолбасшы, көреген дипломат, кемеңгер тұлға - хан Абылай.

Абылай (шын есімі Әбілмәнсүр) шамамен 1710-1711 жылдары дүниеге келген. Абылай Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдіктен тарайтын әулетке жатады, әкесі сұлтан Уәли (Көркем Уәли), атасы - сұлтан Қанішер Абылай, арғы бабасы – атақты Салқам Жәңгір. Әке-шешесінен ерте айырылып, көп қиындықты бастан кешірген. Күн көру үшін өзін Сабалақ деп таныстырып, тегін жасырып, мал бағып, өз еңбегі мен ақыл-парасаттылығының, батыл қимылының нәтижесінде жоғары лауазымға жеткен.

Халық эпосы, жырлар, қиссалар, мақал-мәтелдер мен ауыз әдебиетінің өзге де көптеген үлгілерінен Абылай хан хақындағы тарихи шындықты көруге болады. Осыларда оның тұлғасы даңқты қолбасшы, халқымыздың қорғаны, панасы, көсемі болып сипатталған. Абылай туралы оның ақылшы-кеңесшісі болған Бұқар жырау жырларында көп кездеседі. Ол өз толғауларында Абылайдың балалық шағындағы ауыр күндерін, оның барлық атақ пен даңққа бойындағы

қасиеттерінің ұшталуына халықтың қолдауының арқасында жеткенін айтады. Үмбетей, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар толғауында да Абылай атына, оның батырларына айтылатын мадақ Бұқар өлендерімен сарындас келеді [1].

Ресей патша өкіметінің саяси идеологы А.И.Левшин 1832 жылы жазылған кітабында Абылайдың парасаттылығына, ақыл-ой даналығына, тапқырлығына оң баға беріп, ірі тарихи тұлға ретінде таныған [2,254-б.]. Абылай хан туралы зерттеуде шөбересі ғалым Шоқан Уәлихановтың жинастырған материалдарының алатын орны ерекше. Оның XIX ғасырдың 60-жылдары жазған "Абылай" атты мақаласы бар. Ол негізінен айбарлы да ақылды хан жөніндегі тұңғыш ғылыми еңбек болып саналады. Абылайды Шоқан Уәлиханов жазғандай қазақтар «ұлы істер атқару үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққан...» [3,6-б.]. "Абылай есімі - тарихымыздың ескерілмей, қалтарыста елеусіз жатқан беттерінің бірі. XIX ғасырдың сонау 60-жылдарында Шоқан Уәлиханов жариялаған "Абылай" деп аталатын шағын ғана мақаладан басқа, күні бүгінге дейін бұл тұлға жөнінде жазылған бірде-бір зерттеудің болмай келуі өкінішті-ақ", - деп жаза отырып, тарихшы-ғалым Р.Б. Сүлейменов кеңестік дәуір кезінде-ақ Абылай хан туралы зерттеуін тайсалмай бастаған еді. Соның дәлелі Р.Сүлейменов пен В.Моисеевтің «Из истории Казахстана XVIII века» деген кітабының алғашқы аты «Абылай» болатын. Бірақ сол кездегі билік басындағылар шығарма хан 5 Абылайдың атымен аталуы тиіс емес деп, еңбектің атын өзгертті. Иван Грозныйға, Петр I-ге арнап іргелі монография жазуға болғанда, неге қазақтың ұлы ханы Абылайға арнап еңбек жазуға болмайды деген талпынысы мен тұлғаның тарихи оқиғалар барысындағы қызметін түсіндіруге жасаған әрекетінің нәтижесінде тарихшылардың қолы жеткен нәрсе кітаптың атынан соң жақшаның ішіне «Абылайдың ішкі және сыртқы саясаты» деп жазуы болды [4]. 1991 жылы 2 тамызда Көкшетауда хан Абылайдың туғанына 280 жыл толуына арналған республикалық конференцияда жасалған ғалымдардың баяндамалары кейін арнайы жинақ болып, басылып шықты [5].

Абылай Қазақ даласына шығыстан Жоңғар хандығы, Циндік Қытай агрессия жасаған, солтүстіктен Ресей империясы, оңтүстіктен Орта Азиялық хандықтар көз салған киын да күрделі заманда өмір сүрді. Ол жорықтарда алдыңғы қатардағы жауынгер боп қатысып, ерліктерімен еленіп, халықтың құрметіне бөленді. Шындығында, Абылай өмір сүріп, елінің азаттығы жолында жанкештілікпен арпалысқан XVIII ғасыр қазақ елінің басына қара күн туып, құрып кету қаупі төнген, халқымыз «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап, «Елім-айлап» күңіренген зар заман екені бүгінде әркімге аян. Сол кезде солтүстіктегі алып көршіміз Ресей барынша күшейіп, бүкіл Сібірді бауырына басып, Қазақ жерін жан-жағынан құрсаулай қысып, батыста Еділ мен Жайықты, солтүстікте Ор мен Тобыл, шығыста Ертіс өзендерінің бойын иемденіп, берік орнығу үшін Омск (1716 ж.), Семей (1718 ж.), Павлодар (1720 ж.), Өскемен (1720 ж.) бекіністерін салып, ішкерілей еніп келе жатты. Абылай 1740 жылы Орынборда Ресеймен бодандық шартына қол қойғанмен, 50-80- жылдары Қытай мен Ресей империясының арасындағы қарама-қайшылықтарды пайдаланып дербес мемлекет үшін күресті.

Абылай хан екі империялық мемлекетпен де байланысты үзбей, сол кез үшін сыртқы саясатта бірден-бір дұрыс бағыт ұстанды. Бұл Абылай ханның сыртқы саясатындағы ірі жетістігі еді. «Абылай ыңғайына қарай біресе орыс үкіметіне, біресе Қытай үкіметіне бағыныштымыз деп жүрді. Ал, шын мәнінде тәуелсіз саясат жүргізді», - деп жазады орыс тарихшысы А.И. Левшин. ХУІІІ ғасырдың 50-жылдарында жоңғар феодалдарының арасында алауыздық туғанда, Абылай жоңғардың қарама-қарсы топтарының көмек сұрайтын адамына айналады. Дауаци мен Әмірсана екеуі біріге отырып, Лама Доржимен соғысады. 1751 жылғы соғыс барысында Дауаци мен Әмірсана жеңіліп қалып, қазақ хандығына келіп, Абылайды паналайды. Енді екі елдің арасындағы қарым-қатынас қайтадан шиеленісе түседі. Лама Доржи 1751-1753 жылдары қазақ хандығына қайта шапқыншылық жасады, Абылай бастаған қазақ әскерлері Лама Доржидың әскерімен соғысты. Жоңғар билеушісі Абылайдан Дауаци мен Әмірсананы дереу қайтаруды талап етті. 1752 жылдың күзінде Абылай Ұлытауға үш жүздің басшы өкілдерін жинап кеңес құрды. Жиында Дауаци мен оның сыбайластарын жоңғарларға қайтарып беру керек пе, әлде бермеу керек пе деген мәселені күн тәртібіне қойды. Бірақ ел басшылары, оның ішінде Әбілмәмбет хан да бар, Малайсары да бар, барлығы елді тағы да титықтатуы мүмкін жоңғар шабуылынан сескеніп, қашқындарды қайтарып беруді қолдады. Алайда, кеңеске қатысушылардың көпшілігі Абылайды жақтап, Дауаци мен Әмірсананы ұстап бермеуге шешім қабылдады.

Ұлы ханның мұндай шешімге келуі болашақта бұл мәселе қазақтар үшін пайдалы екендігін білгендігінде деуге болады. Мәслихатта Абылай айтты деген мына сөз орыс деректерінде сақталған деп жазады Р.Сүлейменов: «Дауаци - аты мәлім ірі ноян, алдағы уақытта қазақ үшін

оның тигізер пайдасы жоңғардың қазіргі билеушілерінен молырақ болуы мүмкін. Егер қазір оны ұстап берген болсақ, кеудесінде жаны қалса, хан мұрагері ретінде таққа отырар, қалмақ жұртын билеп, қаһарына мінер күн туса, ол басқа жаудан гөрі біз үшін қатерлірек болар». Мәслихатта Абылайдың ұсынысының өтуі, жоңғарлармен қақтығысқа әкеп тіреді. Қазақ әскерлерін Абылайдың өзі басқарып, жауға бірнеше дүркін соққы беріп, біраз қалжыратып та тастайды. 1753 жылдың 12 қаңтарында Дауақи мен Әмірсана хан ордасына 6 басып кіріп, Лама Доржиді өлтіреді. Оның орнына Дауақи отырады. Абылайдың көрегендікпен болжағанындай, хан тағын иеленгеннен кейін Дауақи Абылай мен өзге қазақ билеушілеріне дереу бітімге келіп, одақ болу жөнінде ұсыныс жасайды. Алайда, Жоңғарияда бейбітшілік орнай қалған жоқ. Дауақидің күні кешегі одақтасы Әмірсана одан халықтың жартысын бөліп беруді талап етті. Екі ноян арасында күрес басталады. Дәл осы кезде жоңғар хандығының ішкі де, сыртқы да жағдайы мүлдем әлсіреп, тұйыққа тіреледі «Соны пайдаланып, қалмақ елінің билеушілерінен кек алуға мүмкіншілік те туды, бірақ Абылай оған барған жоқ, ол елді қырып-жойып шапқан жоқ. Осы кезде Абылай хан асқан адамгершілік, парасаттылық танытып, қалмақ елін талқандаудан бас тартты», - деп жазады Қ. Әбуев [6].

Саяси күрес барысында Әмірсана жеңіліске ұшырап, Цин империясының қол астына қашып барып көмек сұрайды. Оның ойы Цин әскери күшін пайдаланып, Дауақиді құлату, сөйтіп ел билігіне ие болу еді. Жоңғар хандығын жоюдың қолайлы кезеңін қашаннан тосып жүрген Қытай императоры Хун Лидің көктен тілегені жерден табылып, ол Әмірсананы құшақ жайып қарсы алды, өз әскерінің қалың қолын Жоңғарияға төкті. Енді Дауақиге қарсы соғыс деген бүркеушілікпен өз саясатын іске асыруға кірісті. Қытай әскері жоңғар жеріне баса-көктеп кіре сала қырып-жоя бастады. Дауақи ұзамай қолға түсірілді, Пекинге жіберілді, бірақ Қытай әскері кетуге асықпады. Олар шептер салып, ойраттарды бағындыруды жүргізе бастады. Нәтижесінде Жоңғар хандығы тарих сахнасынан жоғалды. Абылайдың дипломатиялық шеберлігінің арқасында қазақ елі Ресей империясының бодандық торына бірден шырмалып қалмай, бір ғасырдан астам өз дербестігін сақтап қалды. Егер осы кезде Абылай бастаған қазақ хандығы Жоңғар хандығы сияқты шаңырағы ортасына түссе, онда бүгінгі қазақ ұрпағының тарихи тағдыры жоңғар тарихына ұқсап қалуы мүмкін еді. Белгілі тарихшы И.В.Ерофеева шет елдегі мұрағаттардан Абылай ханның өзі жазған 105 хаты және Әбілмәмбетпен бірге жазған 8 хаты барын анықтады [7].

Абылай жоңғар тұтқынында болған кезеңінде ойрат тілін үйреніп алған. Жоңғарлармен, Қытаймен соғыс аяқталған соң Абылай Ресей және Қытай мемлекеттерімен сауда қатынасын дамытуға барлық күш-жігерін салды. Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігін байланыстырған жол «Хан жолы» деп аталды. 1757 жылы жазда қазақ хандығының елшілері Ханжығар, Өміртай, Долан, Ираншы, Танаш, Бекенайлар Бейжіңге барып, Ежен хан ордасына тарту тартып қайтты. Бұл қазақ елшілерінің алғаш рет Бейжіңге баруы еді. Осы 1757 жылдан 1830 жылға дейінгі жетпіс жыл ішінде қазақ хан сұлтандарының елшілері жыл сайын, кейде жыл аралап Бейжіңге барып, Ежен ханға жолығып тарту-таралғы жасап отырды. 1757 жылы 22 маусым күні Абылай хан Ежен хандығының әскери бастығы Жоумен кездескенде қазақтардың сауда-саттық жасауы үшін Ұлыұңгір жағасына сауда жәрмеңкесін ашуды ұсыныс етті. Бірақ Жоу: «Ұлыұңгір алыс, саудаға қолайсыз, жәрмеңке ендігі жылы /1758 жылы/ шілдеде Еренқабырғада және Үрімжіде ашылсын, қазір Үрімжіде әскери елшілік жұмысы жүргізіліп отыр, бұл сауда-саттық істеуге тиімді жағдай» деп жауап берді.

1758 жылдан бастап үш жерде - Тарбағатай (Шәуешек), Іле (Құлжа) және Үрімжіде қазақтарға арналған сауда жәрмеңкесі ашылды. Мұнда қазақтар көбінесе жылқы әкеліп сатты. Өйткені, Ежен ханның әскерлеріне және әскери егіншілік ісіне ат аса қажет еді. Одан басқа сиыр және қой әкеліп өткізіп отырды. Ал, қазақтар көбінесе торғыш-торқа, мақта-мата тағы басқа тұрмыс бұйымдарын саудалады. Бұл базар қатынасы үкімет пен қазақ феодалдары арасындағы сауда-саттық сипатында болды. Мысалы, мыңдаған қылқұйрық Абылай хан атымен келіп саудаланып отырды. 1758 жылы 17 қыркүйек күні Қабанбай Үрімжіге үш жүз ат әкеліп сатты. Қазақ елі мен қазақтар қоныстанған жерлерді басқаруда, Жунгоның Ежен хан үкіметінің маңыз берген басты мәселелері Мемлекет шекарасының амандығы және ел іргесінің тыныштығы ғана еді. Бұдан басқа мәселенің барлығын қазақтың хандары мен 7 сұлтандары өзі билеп-төстеді.

Ежен хан бекіткен Абылай, Әбілмәмбет, Әбілпейіз хандар қазақтың дәстүрлі дағды-салт заңдарын қолданды. Жоғарыда келтірілген деректерге сүйенсек, Абылай дәуірінде Қазақстан мен Қытай арасында тұрақты бейбіт, саяси қатынас қалыптасып, сонымен қатар сауда-саттық биік дәрежеге көтерілгенін байқаймыз. Шәуешекте, Тарбағатай, Құлжада, тағы басқа қалаларда ашылған жәрмеңкеде қазақтар малдарын қытай тауарларымен айырбастап алуға мүмкіншілік

туды. Қазақ жері арқылы Ресейдің, Орта Азияның мемлекеттерінің сауда керуені Қытай қалаларына келіп-кетіп жатты. Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты өрбіте отырып Абылай Ресеймен де қалыптасқан саяси және экономикалық қатынасты үзбеген. Ресей патшалығы болса Қазақстанда өз саясатын Абылайдың қолдауынсыз іске асыра алмайтындығын мойындаған. Ол кезде Ресей үкіметімен айырбас сауда Орынборда, Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілген. 1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салуына байланысты дәстүр бойынша оның балаларының бірі хан сайлануы тиісті еді. Алайда, үш жүздің өкілдері жиналып, Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи мешітінде Абылайды ақ киізге отырғызып, ақ боз ат сойып, хан етіп көтереді. Өз халқының қолдауына сүйенген Абылай хан өзін Ресей үкіметінің билікке бекітуін қажетсінген жоқ және де сый-сияпатын алудан бас тартты. Қазақтар арасындағы беделді тұлғаның өз жағында болуын қалаған патша үкіметі араға жеті жыл салып барып, 1778 жылы Абылайды хан деген атаққа ие деп жариялады.

Орыс тарихшысы Левшиннің айтуына қарағанда, орыс патшасы Абылайды хан деп таныған. 1778 жылы 22 қазанда Ресей патшасының Абылайды хандыққа бекіткен куәлік хаты, оған қоса ханға арналған тон, тәжі және әскери қылыш дайындалады. Сонымен, бірге Абылайды бұл заттарды Орынборға келіп алуға және Орынбор, Троицк яки Сібір шекара шебіне келіп, Ресейге ант беруге шақырады. Абылай бұл ұсыныстан бас тартады «Мені үш жүздің ханы етіп халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша куәлік алудың қажеті жоқ», - деп дайындалған куәлік пен шеншекпендерді алмады. Бұдан соң орыс үкіметі Абылайға бұларды өз ордасында қарсы алып, Ресей елшісінің алдында ант беруін ұсыныс етеді. Абылай бұл ұсынысқа да тойтарыс береді. Әбден амалы таусылған соң патша үкіметі Абылайдың хан ордасына арнайы елші жіберіп, сөз етілген Грамотаны және көптеген сыйлықтарды тарту етті. Елдің ел болуы оның ұлттық бірлігінің сақталып қалуында екенін Абылай жете түсінді. Халқының ұйымшылдығын сақтау үшін сұлтандар мен билердің алауыздығына жол бермеді. Сонымен қатар, ол елін бір қолда ұстай отырып, өзінің батыл қимылы мен ақыл-парасатын ұлт мүддесінің кәдесіне бағыттады. Қазақ жұртының шаруашылығын жандандыруға қатысты іс-әрекеттерге Абылайдың өзі тікелей басшылық жасаған. Кезінде хан жөнінде дерек жинау үшін арнайы жіберілген патша кеңесшісі М.С.Бекчуриннің 1780 жылы 16 маусымда жазған мәліметтеріне қарағанда Абылай Қазақ даласында егіншілікті де қолға алған.

Абылай хан Оңтүстіктегі қазақтың байырғы қорған-қамалдарын қалпына келтіруге де белсенді араласқан. А.И.Левшиннің хабарлауынша, Абылай хан «...живя тут, построил он сыну своему султану Адилю по просьбе повиновавшихся ему киргиз-казахов Большой орды при речке Талаше дом, обнес оный валом, основал около него селение из каракалпаков, привыкший к хлебопашеству» [2,256-б.]. Сөйтіп қазақ жерінде егіншіліктің, отырықшылықтың дамуына кең жол ашты. Абылай қазақ даласында қалаларды жандандыруға да аса зор мән берген. Хан жарлығымен салынған тағы бір бекініс деп Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылынан терістікке қарай алты шақырым жерде, Арыс өзенінің иініне орналасқан Ханқорған қамалын айта аламыз. Осы сияқты бірнеше мемлекеттік және шаруашылық зор мәні бар ішкі істерге Абылай өзінің даналығымен, ақыл-ой парасаттылығымен қилы заманда қажымай-талмай, қазақ қауымына адал ниетімен еңбек етті. 8 Абылай мемлекеттік билікті нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Абылайдың кезінде тіке ханға бағынышты ұланы – төлеңгіттері болды. Оның саны бірнеше мыңға жеткен [8,88-б.]. Олардың бір бөлігі Кенесарыға жетті. Орыс офицерінің хабарлауынша: «Скопище султана Кенесары Касимова состоит и собственных его тюленгутов до 1000 кибиток, которые достались ему от Аблай хана, и большая часть калмыцкого происхождения» [9,107-б.].

Абылайдың тірі кезінде көне заңдардың баптары толық орындалды, ұсақ қылмыс үшін қылмыскер жазаланды, қазақтар арасында барымта болмады, ең кедейінің малы сол кезде 500-ге жетті, ал байларының мал саны 5 мыңнан асты және 15 мыңға жетті [10,85-б.]. Абылай қазақ музыкасы дамуына да өзіндік үлес қосты. Абылай ханның күйлерінің тақырыбы нақтылы өмір құбылыстарына арналған және де ел қамы мен халық тағдыры жөнінде толғанған ойларын сипаттайды. Абылай ханның күйлері туралы Ш.Уәлиханов, А.Затаевич сияқты ғалым-зерттеушілер кезінде жазған. Олар: «Ақ толқын», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Қайран елім», «Қоржын қақпай», «Жетім торы» т.б. Қазақ музыка үлгілерін жинаушы А.Затаевич «Терісқақпай» атты шығарманы Абылайдың салтанатты шеруі кезінде ат үстінде отырған домбырашылар ойнаған деп жазған: «этот марш при торжественных выездах хана Средней Орды Абылая играли конные домбристи» [11,479-б.]. Өз халқының жарқын болашағы үшін, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай хан жетпіс жасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа

Ахмет Ясауи кесенесіне жерленген. Абылайдың қабірін археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде оның антропологиялық бет-бейнесі анықталды .

Абылай ханның ұстанған саясаты, мақсаты - қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі еді. Бұл арман толық орындалып, қазақ елі өркениетті елдер қатарында өмір сүріп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абылай хан. Тарихи жырлар. Бірінші том. Алматы, 1993; Абылай хан. Тарихи жырлар. Екінші том. Алматы, 1995.
2. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.
3. Уәлиханов Ш. Абылай// Тарихи жырлар. I т. Абылай хан. Алматы, 1995.
4. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIIIв. (О внешней и внутренней политике Абылая). Алма-Ата, 1988.
5. Абылай хан Кенесары. Алматы, 1993.-119 с.
6. Әбуев Қ. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен Алматы, 1994
7. Ерофеева И.В. Хан Абылай: батыр, полководец, политик // Казахстанская правда, 2011, апрель, №111-112, 118-119.
8. Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVIII-XIX веках. 2001.
9. Бекмаханов Е. Казахстан в 20-40 годы XIX века. Алматы, 1992.
10. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. Алматы, 2003.
11. Затаевич. А. 1000 песен казахского народа. Москва, 1963.

ӘОЖ 343. 79.21

ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАЗА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

МОЛДАБАЕВА Н.Н.

А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің тарих, құқық және экономика негіздері пәндерінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются наказание в системе традиционного права и его виды.

Summary. The article discusses punishment in the system of traditional law and its types.

Қазақ халқының құқық тарихын зерттеп, оған өз пайымдаулары бойынша ғылыми тұрғыда нақтылы баға берген, сараптамалық талдаулар жасаған біраз ғалымдарды атап өтуге болады. Мәселен, А.Янушкевич, А.Левшин, А.Алекторов, Ә.Марғұлан, С.Зиманов, Е.Бекмаханов, И.Козлов, И.Крафт, Баллюзек, Д.Андре, Т.Күлтелеев сияқты зерттеуші-ғалымдар бұл бағытта келелі еңбек атқарды. Бұл бағытта тереңірек барып, қазақ мемлекетінің құқық тарихын ғылыми тұрғыда зерделі зерттеу нысанасына айналдырып жүрген басқа да көптеген қазақ зиялылары бар. Олар: Ғ.Сапарғалиев, М.Нәрікбаев, Н.Өсерұлы, С.Сартаев, З.Кенжалиев, Қ.Әбішев, С.Өзбекұлы және т.б.

Қазақстанның көшпелі елді аймақтары мен мекендерінде мыңдаған жылдар арасында пайдаланған құқық-рәсімдері мен салт-дәстүрлері, өзіндік ата заңдары мен заңдылықтары бар. Олар қоғамдық қатынастарды бұзылмайтын негізде қалап, мемлекеттік билік арқылы оңтайлы қалыптастырды. Әдет немесе заң терминімен қазақ жұртының әдеттегі құқығы белгіленді. Әдет немесе заң көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына және саяси-қоғамдық өмірлерінде талай ғасырлар бойы қалыптасып келген басты тыныс-тіршілігімен тығыз дамып, байланысып отырды.

Әдет-ғұрып құқығы XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың мынадай басты мәселелерін қамтыды. Ең алдымен, заң мен әдет, содан соң би билігі екінші мәселені қамтыды, үшіншіден, орын алған билер съезінің ережесі десек қателеспейміз. Құқықтық жүйесінде қазақ халқы өздерін мұсылманмын деп растағанмен оларда шариат басты рөл атқармады. Қарым-қатынас ретіне қарай әдет-ғұрып, рәсім құқығы халық арасына негізделген іс-әрекетке жатады. Тап осындай үрдіске негізделген дәстүр жалғастығы ретінде көшпенділердің әр түрлі бағыттағы

экономикалық тыныс-тіршілігінің арқасында орын алған тығыз жағдайлармен қарым қатынаста болды. Рәсімдер мен салт-дәстүрлер өкімет тарапынан құқықтық әдетке айналды. Жора, жарғы сияқты терминдер жоғарыда аты аталған әдет немесе заң сөздерімен бірге қалыптасты. Қазақ хандары өз дәуірінде әдеттегі құқық заңдылықтарын дер кезінде бекіткісі келді. Қасым хан билігі XVI ғасырда қаланды. Алғашқы кодекс болып «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен салт-дәстүр негізге айналды, біржола қалыптасты. Оның кейбірі заңды акті ретінде қабылданған, бірақ ол жазба түрде біздің заманымызға жетпесе де, ол басты бес бөлімнен тұрған.

Ұзақ ғасырлар бойы қазақ әдет-ғұрып құқығы қалыптасты. Өзінің даму тарихы кезінде біршама басты кезеңдерден өтті. Бұған мұсылман құқықтық жүйесі, басқа құқықтық жүйелер, Ресейдің империялық қатынастағы заңдары, көрші жатқан монғол-ойрат заңдарының әсері мол болды.

Ол өзінің түп-тамырымен өткен дәуірлер қойнауына қазақ әдет-ғұрып құқығының даму тарихына қарай орайластырылады. Өзге де әлеуметтік нормалармен қатар келген қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының қалыптасуы, дамуы, саралануы ерте кездегі сонау үйсін, ғұн, сақ кезеңінен басталады.

XX ғасырға дейін қазақ әдет-ғұрып құқығы 1917 жылға дейін қолданылып келді. Құқықтық дәстүрлер, қазақ әдет-ғұрып құқығының кодификациясы бойынша, қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар бұлақтары болып, билердің соттық процестеріне ереже, шарифат нормалары жатады.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және т.б. заң жинақтарында қазақ халқының қылмыстық құқығы «Жеті Жарғы» талаптарына сай негізінде жүйеленді. Патриархалдық-қауымдық құрылыстың ықпалы оның жеке институттарына өте зор болғаны, қазақ елінің көшпелі өмірі, жалпы қылмыстық құқықта нақты бағаланды. Қазақ халқымыздың шаруашылық ұйымдастыру болмысының, әдеттік-қылмыстық құқығының бастапқы міндеттері тыныш-тіршіліктің басты пайымы ретінде қаралды [1].

«Қылмыс» деген атауды жеті жарғы өзінің тарауларында бірсыпыра мазмұнда түсіндіріп, тереңірек мән-мазмұнын ашып көрсеткен. Қазақ жұртының әлеуметтік тәжірибесінде расталған баптарда тек жиі-жиі кездесетін кесірін тигізетін қимыл-әрекеттердің есімдері аталған, оларға пайдаланылатын жазалардың барлық түрлері дәлелденді.

Өз әрекеттеріне толығынан қылмыс субъектісінің талдануы жағынан ақыл есі дұрыс, әр сұраққа жауап бере алатын халде болуы қажет. Қазақ халқының қылмыстық құқығы есі дұрыс емес адамдарды (мақау) жауапқа тартпауы қажет. Қылмыс субъектісі болып ешуақытта құлдар саналмаған. Олардың жасаған іс-қимыл әрекеттері үшін иелері жауап беретін болған. Кісі өлтіргені үшін де аяғы ауыр әйелдерде өз тарапынан жауапқа тартылатын болған, бірақ олар бұқара халықтың қарғысына ұшыраған [2].

Жасаған өзара қылмыстық әрекетіне сәйкес дер кезінде жазаға тартылу бұл сол кезде жарық көрген жеті жарғының құрамындағы басты талаптарының бірі ретінде саналған. Дәлірек айтқанда, талион принципі (қанға – қан, жанға –жан) деген қағиданы бетке ұстаған. Жаза қолданудың негізгі формасы ретінде талион принципі жеті жарғыда көрсетілгенімен, өз ретіне қарай дамыған жоқ, мүмкіндігінше мүліктік композиция қалыптасты деуге келеді. Жеке адамның ісі, құқық бұзушылық тарапынан тек қана жәбірленушінің тілек-талаптарына қарай сәйкес болу бағытына байланысты өзекті мәселелерді өздеріне бейім болған адамдар өз талғамына қарай шешкен» [3].

Қылмыстан бекерден-бекер жапа шеккен адам жәбірленуші талабының орнына мал-мүліктік шығынды талап етуге міндетті. Құқықтық нормаларда көрсетілген орта ғасырлық «Жеті жарғыда» да бастапқы орын қылмыстық-құқықтық нормаларға жүйеленіп берілген. Жеті Жарғы заңына сәйкес төмендегідей әрекеттерді атап өтуге болады:

- 1) зорлау
- 2) зақым келтіру
- 3) кісі өлтіру
- 4) зиянды әрекет жасау
- 5) тонау
- 6) қорлау
- 7) ата-анасын балағаттау
- 8) күйеуінің (әйелінің) көзіне шөп салу
- 9) танымайтын туысқа үйлену

Мүліктік қатынастарға, жанұяға, моральға қарсы қылмыстар үшін «Жеті жарғы» ережесінде жеке тұлғаға қарсы жеке жауапкершілік танытылды. Жеті жарғы ережесінде «Қоғамдық тәртіпке

қарсы қылмыстар», «Саяси және атағына байланысты қылмыстар», «Мемлекет өмірінің негізгі ережелеріне қарсы қылмыстар» және т.б. орын алды.

Заңнамалық бұзушылықтарды болдырмау жағы қазақ халқының әдет-ғұрып нормаларында тиесілі қарастырылған. Жаза қылмыс жасала қалған жағдайда кеңінен қолданылған. Жаза–кінәсін қылмыстық іс-әрекеттер үшін қылмыс жасаған адамның қылмысына сай бетіне басу үшін берілетін база ретінде саналады. Бұндай жазалау түрлері барша халықтың көзінше іске асырылған. Дәлірек айтқанда, біріншіден, қылмыскерді барлығының көзінше істеген қылмысы үшін жерге кіргізу, оны көпшілік алдында ұялту, екінші жағынан бөтен адамдардың қылмыс жасамауын болдырмау болып табылған.

Қандай жағдайда болсын, қылмыс пен жаза, бұлар бір-бірімен өте тығыз қарым-қатынаста деуге келеді. Жазаның түрлері де көбейді. Оның ұғымы кеңінен қолданыла бастағаннан бастап, қолданылу әдістері де әртүрлі бағытына қарай өзгеріске ұшырады. Қай халықта болмасын, қылмыс жасаған адамға жазаның біршама мынадай түрлері қолданысқа енгізілген. Әсіресе, тас боран ету, атпен сүйреп өлтіру, өлім жазасы, жұрт алдында масқарасын шығару, дарға асу, дүре соғу, кінәлі болса аяғына жығу, жанынан таспа тілу, кінәлі адамға кешірім сұрату, адамның басын кесу, адамды керіп қойып, үстінен қора-қора қой айдап өткізу және тағы басқа толып жатқан жазаның түрлері пайдаланылған.

Принциптер мен міндеттемелерін басшылыққа алынғандығына қарағанда жазаның қолданылу барысын байқауға болады. Дәлел ретінде «құлаққа–құлақ, тұяққа–тұяқ», «қанға–қан, жанға–жан» қағидасын тереңірек қарастыруға болады. Құн мен айып қылмыстық нормалар үшін жауапкершіліктің заңнамалық мүліктік түрлерінің қатарынан кеңінен қолданылған.

Кінәлілер түрлі жазаларға жасаған қылмыстық әрекеттеріне байланысты тартылған. «Жеті жарғы» ережесінде кек қайтару, қанға қанмен жауап беру заңы турасында айтылған. Шығарылған билердің өкімі бойынша, жаза жеңілдетілетін болған. Бұның барлығы талапкерлердің келісімі бойынша ұйғарылған. Жасаған қылмысы үшін тек қана белгілі бір мөлшерде құн төлеп қана жазаланатын болған. Кей ретте құн мөлшерін төлеп қойып, одан бірден құтылып кету мүмкіндігі бәріне бірдей беріле бермеген.

Мынадай жағдайларға назар аударсақ:

1) әйелі өзінің жан-жары болған күйеуін өлтірсе, күйеу жағынан ағайындылары келсімің бермей, кешірсесе;

2) әйел заты өзінің тосыннан тапқан баласын ұялғаннан өлтіретін болса;

3) өз әйелінің көзіне ер азаматтың алдында шөп салса, оған ерінің көзі жетсе;

4) Аллаға тіл тигізсе, бұл жағдайда тіл тигізгені расталса, онда өлім жазасына кесу заңы құқықтық жағынан заңдастырылған.

Адамның өлім жазасы екі түрлі бағытта қаралған. Біріншісі, дарға асу немесе тас лақтырып өлтіру ретінде қаралған. Екіншісі, Аллаға тіл тигізу, бұл–жазалаудың ең көп тараған түріне жатады. Осы ретте жасалған іс-әрекеттеріне байланысты құн төлеу орын алған. Кейде адам өлтіргендер құн төлеу арқылы өздерінің жеке өмірлерін сақтап қалған. Бұның барлығы талапкердің келісімімен ұйғарылған.

«Жеті жарғы» ережесінде қолға алынған айыпталушының, яки, қайтыс болған адамның атақты шыққан тегіне қарай құн салмағы өзгеріп отырады. Бұл адам–кедей адам, мырза–құл әлеуеттік топтың сипатын дәлелдейді. Нақтырақ айтсақ, қайтыс болған қатардағы ер адам үшін ағайындыларына 1000 қой, әйел үшін 500 қой төлеген. Ал белгілі би-сұлтандар аң аулайтын тазының құнына теңестіріліп қаралған.

Адамның дене мүшелерінің кез келген жеріне зақым келтірген үшін белгіленген деңгейде құн мөлшері мал есебінде төленген.

100 қой басқа–бармақ, ал жиырма–қой шынашақ т.б. мөлшерде төленген. Ұрлаған заттың құны адамға «ұрлық жасаған кезде үш тоғыз» болып қайтарылған.

Қой үшін – бір жылқы қосып беруге, егер мал ұрланған болса, бұған түйе үшін – бір тұтқын, жылқы үшін – бір түйе тиесілі болған. Ал жүз түйе болса, 300 жылқығағ яки 1000 қойға теңеледі. «Жеті жарғыда» заңы бойынша, өлім жазасы мал-мүлкін тәркілеу, басқа жерге қуылу, елдің алдында масқарасын шығару, хан құн төлеуден басқа жазалар қолданылған. Жазалардың бірнеше түрлері христиан дініне жақын болған адамзат атаулары, екіншісі ретте отағасын қаза қылғаны үшін аяғы ауыр әйелдер жөнінде, ал үшіншісі–баланың әке-шешесі бала алдындағы борышын бұзғаны үшін қолданылған. Егер де бірдей екі қылмыс жасаса, мәселен, ұрлықпен айналысу, адам өлтіргені үшін екі жаза бірдей есептелінген. Жауапты адам кінәлі адам тарапына жатады, бірақ жақын адамы үшін ағайындас топтың ең жақын ағайындыларының, туыстарының, жекжат-

жұрағаттарының коллективтік жауапкершілігі принцип ретінде сақталған. Сотқа келмей қалса онда кінәлі адам өзінің тиесілі құнын төлемеген жағдайда жалпы құн оның ағайын жұртынан, не болмаса оның туған мекенінен өндіріліп алынған, солай жауапқа тартылған.

Жаза сот принципі бойынша, кез келген талапкердің ұйғарымы негізінде жеңіл түрде қаралуы мүмкін, онда жауапты тұлға бекітілген салмақта құн мөлшерін төлеумен жазаланатын болған.

Жазадағы құнды төлеу мүмкіндігіне қарай әрдайым төрт жағдайда өлім жазасымен заңдастырылған:

Біріншіден, күйеуі әйелін өлтірсе, не болмаса оның туыстары кешірмесе;

Екіншіден, әйелі заңға қарамай некесіз туған баласын өлтіріп тастаса;

Үшіншіден, әйелі күйеуінің сыртынан зина жасаса, сол негізде өлтірілсе;

Төртіншіден, зираттарды немесе дінді қорлау шарты анықталған жағдай болса.

Зинақорлық үшін өлім жазасы дінге қарсы қылмыстардың қатарынан орын тепкен. Бұл тәжірибеде өте жиі қолданылады. Өйткені, мұндай нәрселер бойынша өкім шығарып, қарастыру жаза қолдану ережесінде жан-жақты талданған. Жалпы дінге қарсы қылмыстар айыпталғандар үшін жеті куәнің, ал көзге шөп салған үшін айыптау төрт куәнің дәлелдеуі талап етілген. Ал бұл өз ретіне қарай өте қиын болған.

Қылмыстық жауапкершілік басты «Жеті жарғы» ережесіне сәйкес тек жауапты адамға ғана қатысты болған. Ағайындардың, руы жақын бауырларының коллективтік жауапкершілігі бір жүйеде сақталған. Бекітілген құнды төлей алмайтын фактор орын алса, егер жауапкер сотқа шақырылғанда келмесе, яки оның туысқандары, руы жақын адамдары, бірге тұратын ауылындағы көршілері бірігіп төлеген. Туыстардың, руластардың немесе ауыл тұрғындарының бұл ретте қарауына көшкен. Бұл жағдайда кінәлі адам олар жауапкерге не істесе де құқылы.

Қорыта айтқанда, «Жеті жарғы» ережелеріне сай адам өлімі үшін кез келген уақытта өлім жазасы кесілген. Өлім жазасын құн салмағымен төлеуге рұқсат берілген. Бұл фактілер қайтыс болған адамның ағайындары келіскен жағдайда осылай жасалған. Егер адамның құн төлеуге жағдайы көтермесе, онда олардың ағайындыларын құлдыққа бере алады, және оған рұқсат берілген. «Жеті жарғы» ережесін басшылыққа ала отырып, құнның салмағы қарапайым ер азамат үшін 1000 қойды құраған. «Жеті жарғы» ережесін негізге ала отырып, жаза құны екі тұтастықтан тұрады. Бір тұтастығы жәбір көрушінің жанұясының мүшелерінің пайдасына қарай шешілсе, ал екінші тұтастығы сұлтан мен төреге, немесе хандарға, билерге қарай шешіліп отырған. Материалдық пайда ретінде құн мөлшері мүліктік таптарға тікелей қатысты болды. Олар таптық сипатта болды. Жәбір шеккендер оны талап ету құқығына ие болды.

Ерте кездерде қазақ халқының дәстүрлі құқықтарының басқа да жазба қазыналарында келе жатқан Тәуке ханның «Жеті жарғы» ережесі жазаның бірнеше түрін санамалап көрсеткен. Атап айтқанда, айыпты адамның құн төлеу, жауаптыларға айып салу, зынданға тастау, жәбір көрген адамның немесе оның ағайындарының еркіне жәбір көрсету, өлім жазасы, денеге зақым келтіру жазалары, масқара ету жазасы, мүлкін тәркілеу, қоғамнан тысқары қою сияқты жаза түрлері кеңінен қамтылған.

Әйелді өз еркінен тыс алып қашса, зорласа осындай ойға аңсары ауғанда оқталғанда өлім жазасы Тәуке ханның шығарған заңы бойынша, кінәлі адам адам өлтірген жағдайда, және бірнеше мәрте қайталап мал ұрласа осы ретте берілген. Оның жақын руластарының рұқсаты бойынша, билер соты мұндай қатаң үкімде қолданылатын жазаның басқа да шараларын молынан пайдаланған. Осы аталған заң бойынша өлім жазасы мәжбүр көрушінің құлдыққа беру және құн төлеттіру, денеге әр түрлі зақым түсіру, немесе халық алдында масқара ету жаза түрлерімен алмастырылған.

Тәуке ханның кезінде өлім жазасы өте сирек қолданылған. Әсіресе, тарихи жазбаларға қарағанда молынан қолданыста болған. Сұлтанның мақұлдауымен өткен билер кеңесінде бекітілген жарғы негізінде адамзат атауын жеке тағдырын шешетін мұндай ауыр жазаны қарапайым жазаға айналдыру ханның өзі немесе ақылдаса отырып, өз айналымын тапқан. Бұқара халықтың барлығы жиналған тұста билер сотының тап осындай үкімі кеңінен орындалған.

Адамдардың әл-ауқатына да байланысты жазаның да салмағы әр түрлі болған. Денеге нұқсан келтіру түрлері, өлім жазасына кесілу, бас бостандығынан айыру, зындандар мен түрмелер қылмыстық жазалар болған жоқ. Ел арасында барлық даулар мен сүбелі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды. Негізінен, олар мүліктік, мүліктік емес, қазақ құқығында бұқара халықты масқара ететін бітімгершілік және өзге де жазалау бөлшектері кеңінен қолданылды.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда қылмыскерлерге де жоғарыда атап көрсетілгендей жазаның кез келген түрі, жазалау шаралары кеңінен қолданылса, мұндай жағдайда қылмыс жасайтындардың саны екі есеге азаяр еді деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аитов П. О киргизских обычаях, имеющих в степи силу закона. В сб.: Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. –Алматы: Жалын, 1998. – 96 -107 бб.

2. Ячменов. Свод киргизских обычаев, имеющих в орде силу закона. В. сб.: Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. –Алматы: Жалын, 2000. -134-142 бб.

3. Самоквасов Д.Я. Сборник обычного права сибирских инородцев. Обычаи киргизов. Варшава, 1996.

ӘОЖ: 536.2.081.7; 536.2.083

**ДЬЮАР ҒЫДЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КРИО СОРҒЫ КОНСТРУКЦИЯСЫН
МОДЕЛЬДЕУ**

ИСМАИЛОВ Д.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасы, 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. В статье представлен обзор литературы по возможностям использования криотехнологии. Смоделирована конструкция крио-насоса, используемого в сосуде Дьюара.

Summary. The article presents a review of the literature on the possibilities of using cryotechnology. The design of the cryo-pump used in the Dewar vessel is modeled.

Криогендік желіні салқындату-криогендік сұйықтықтардың сұйық күйде тағайындалған жерге жетуін қамтамасыз ету үшін криогендік сұйықтықтарды айдау желісін бөлме температурасынан криогендік температураға дейін салқындату процесі. Бұл процесс криогендік сұйықтықтар қазіргі заманғы салаларда және академиялық салаларда маңызды рөл атқаратынымен назар аудартты [1,2]. Криогендік желіні салқындатудағы ең үлкен мәселе-жылу берудің сипаттамаларын түсіну және салқындату процесін болжау [3].

2007 жылы Юань және т.б. көлденең құбырдағы өлшенген қабырға температурасына негізделген жылу ағыны туралы эксперименттік деректерді талдады. Олар жылу ағынының деректерін талдау және оның суреттерін визуализациялау арқылы қайнау режимінің салқындату процесіне өтуін анық көрсетті [4].

2012 жылы осындай зерттеу [5] тік құбырда жүргізілді. Олар ағын құрылымын визуализациялады, жылу ағынының тарихын шығарды және ағын бағыттарының, төмен және жоғары ағындардың жылу беру сипаттамаларына әсерін талқылады [5].

Шайн көлденең және көлбеу құбырларда сұйық азот желісін (LN₂) салқындату бойынша тәжірибелер жүргізді [6]. Крио беттерінің жұмыс сызбалары алынды. Крио бетінің тәжірибелік өнеркәсіптік үлгісін жасау үшін конструкция әзірленді және конструкторлық-технологиялық құжаттама жасалды.

Криогендік сорғының жұмыс сызбалары алынды. Дьюар ыдыстарының кең таралған түрлерімен ыңғайлы жұмыс істеуге қабілетті криогендік сорғының тәжірибелік-өнеркәсіптік үлгісін жасау үшін конструкция әзірленеді және конструкторлық-технологиялық құжаттама жасалады.

Криогендік саладағы жетістіктер вакуумның жоғары деңгейіне жетудің тиімді құралдарына байланысты осы принципке негізделген сорғыларды жасауға мүмкіндік береді.

Бұл сорғылар әдетте криогендік вакуумдық сорғылар деп аталады. Бұл саладағы маңызды шетелдік әзірлемелер криогендік вакуумдық сорғыларға арналған криопанельдер болып табылады. Бірақ криопанельдің міндеттері мен қолдану салалары мүлдем өзгеше.

Өйткені криопанельдің негізгі міндеті-вакуум жасау. Сорғының қай түрін қолдансаңыз да, вакуум жасау принципі өзгермейді. Вакуум герметикалық жабық жұмыс көлемінен молекуланың артындағы газ молекуласын алып тастау арқылы жасалады. Криогендік құбырлар криогендік сұйықтықты сұйылтқыштан сақтау сыйымдылығына, сондай-ақ сыйымдылықтан тұтынушыға беру үшін қызмет етеді.

Криогендік құбырлар сұйықтықтың құбылмалылығын төмендететін жоғары сапалы вакуумды жылу оқшаулағышымен қамтамасыз етіледі. Қажетті қысым резервуардағы немесе сорғыдағы артық қысым арқылы жасалады. Сұйықтықтың ерекше физикасынан басқа, криогендік температураны эксперименталды түрде өлшеу кезінде күрделі проблемалар тудырады. Бұл әсіресе қабырғаның қызып кету мәндеріне, $T_w - T_{sat}$ немесе қабырға мен сұйықтық арасындағы температура айырмашылығы $T_w - T_F$ 0,5 К-ге жақындаған немесе одан төмен (бұл су немесе салқындатқыштарға қарағанда криогендермен жиі кездеседі.) болғанда тиімді. Мұндай

жағдайларда Нуссельт саны үлкен жасанды жарылыстар немесе тіпті физикалық емес нөлден төмен мәндер түріндегі қате тенденцияларды көрсетуі мүмкін. Бұл тұжырымның негіздемесін келесідей түсіндіруге болады. T_w қабырғасының температурасын өлшеудің белгісіздігін ескере отырып, эксперименталды түрде анықталған Нуссельт санын келесідей көрсетуге болады

$$N_u = \frac{hD}{k_f} = \frac{q}{T_w + dT_w - T_f} \frac{D}{k_f} = \frac{1}{1 + \frac{dT_w}{T_w - T_f}} \frac{q}{T_w - T_f} \frac{D}{k_f} \quad (1)$$


Демек, $tw \gg (T_w - T_f)$ жағдайында есептелген Нуссельт саны өте жоғары өлшеу қателігін көрсетеді, ол dT_w жоғарылауымен және $T_w - T_f$ төмендеуімен артады.

Демек, $dT_w \gg (T_w - T_f)$ жағдайында есептелген Нуссельт саны өте жоғары өлшеу қателігін көрсетеді, ол $T_w - T_f$ жоғарылауымен немесе төмендеуімен артады. Бұл әсіресе критикалық жұмыс температурасы небәрі 2,17 К болатын LHe сияқты сұйықтықтарға қатысты (лямбда температурасы, LHe I-ден LHe II-ге ауысуға сәйкес келетін T_λ).

Осы температураны өлшеу мәселелеріне қатысты екі маңызды қорытынды:

- 1) Зерттеушілер криогендік деректерді пайдалану кезінде жоғары белгісіздік мүмкіндігін әрқашан есте ұстауы керек.
- 2) Бұл жоғары қателіктер эксперименттік деректерге негізделген криогендік корреляцияны дамытуға ұмтылу кезінде айтарлықтай таралуға әкелетіні сөзсіз.

Арнайы кіріктірілген криопанельдерді 10К және 80К дейін салқындату үшін, оларда газ молекулалары нақты тұнбаға түседі, криопасос жұмыс істейтін газ ретінде гелиймен тұйықталған салқындату жүйесін пайдаланады. Енгізетін газ молекулалары ретсіз қозғалады, криопанельдермен жанасады және оларға конденсацияланады немесе сіңеді.



1 Дьюар ыдысы; 2-сұйық азот; 3-тоңазытқыштың жылуалмастырғышы; Q₁-төменгі криостат; Q₂- жоғарғы криостат; 4-бақылау үлгісі; 5-өлшеу тақтасы; 6-жылу өткізгіштік стандарты; 7-басу серіппесі; 8-өлшеу ұяшығының қақпағы; 9-тығыздағыш; 10 - жасушалық негіз; 11-платформа.

1 сурет – Крио сорғыны пайдаланбағандағы өлшеу ұяшығының эскизі

Торлардың сыртқы қатары 80К дейін салқындатылады және әдетте негізгі газ жүктемесі болып табылатын су буының конденсациясы үшін қолданылады.

Конденсация торларының ішкі қатары 15 К температураға дейін салқындатылады және қалған газдардың негізгі бөлігіне арналған. Барлық конденсацияланатын газдар бу қысымы 10-12 Торр-дан аз болған кезде қатты күйге өтеді. Гелий, сутегі және неон сияқты конденсацияланбайтын газдар бір уақытта 15 К дейін салқындатылған капсулаланған белсендірілген (көмір) көмір қабатымен адсорбцияланады.

Ғылымдағы дамуды пайдаланудың әртүрлі салаларына қойылатын талаптардыз ерттеу (салыстырмалы әдіспен жылу өткізгіштігін өлшеу кезінде, мұнай өнімдерінің тұтқырлығын анықтау, ғарыштық зерттеулер және төмен температуралық өлшемдер), медицинада (дәрі-дәрмек өндірісі, биологиялық үлгілердіз ерттеу және ақуыз қосылыстарының кристалдануы), өнеркәсіпте (балмұздақ пен карамель өндірісі) және дисплейлерді жөндеу үшін маркетингтік зерттеулер жүргізілді. Бұл сұранысты бағалау және жалпы дизайнды өзгертпестен өнертабыс жиынтығын таңдау және тұтынушы үшін айтарлықтай шығындарды үнемдеу үшін қажет.

LN₂ криогендік реактивті салқындату эксперименттік платформасы криогендік өңдеудегі салқындату тиімділігі мен беттік жылу алмасу механизмін зерттеуге арналған.

Әр түрлі жағдайларда Т кесу қисықтары өзгертілген Бек әдісінен алынды және сұйық азоттың массалық ағыны, ағындар арасындағы қашықтық және азот фазасы сияқты әсер етуші факторлар эксперименталды түрде зерттелді.

Қорытындылар келесідей:

LN₂ реактивті салқындату процесінде беткі температура төмендеген сайын L₂ мен металл беті арасындағы SHTC алдымен жоғарылайды және нөлге дейін төмендегенге дейін ең жоғары температурада максималды мәнге жетеді. Осылайша, HTC температураның функциясы ретінде анықталуы мүмкін;

механизмді талдау LN₂ реактивті импингмент-салқындату Нукияма бассейніндегі қайнау процесінен өзгеше екенін көрсетті. LN₂ орталық әсер ету аймағында, егер реактивті ағындағы LN₂ тамшысының жылдамдығы жеткілікті үлкен болса, нәтижесінде пайда болған азот газының пленкасы жуылады, пленканың қайнау жылу беру форматын өтпелі қайнатуға айналдырады және Лейденфрост әсерін болдырмайды. Тәжірибеге сәйкес, сұйық азоттың массалық шығыны 15 ~ 55 кг/сағ газ пленкасын жуу үшін жеткілікті;

әсер етуші факторларды талдау жалпы HTC мәні мен ең жоғары HTC мәні LN₂ массалық ағынының жоғарылауымен және реактивті қашықтықтың төмендеуімен айтарлықтай өсетінін көрсетті. Бірақ HTC бастапқы кезеңдегі ағынмен салыстырғанда реактивті қашықтықта сезімтал. Содан кейін азоттың газ тәрізді фазасының SHTC тек 1500 Вт/с м құрайды. Бұл LN₂ - ге қарағанда әлдеқайда төмен. Сондықтан криогендік өңдеу кезінде сұйық азоттың көп мөлшерін беру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Baek S. et al. Novel design of LNG (liquefied natural gas) reliquefaction process. *Energy Conversion and Management*, 2011, Vol. 52, No. 8–9, pp. 2807–2814. doi: 10.1016/j.enconman.2011.02.015.

2 Styles P. et al. A high-resolution NMR probe in which the coil and preamplifier are cooled with liquid helium. *Journal of Magnetic Resonance (1969)*, 1984, Vol. 60, No. 3, pp. 397–404. doi: 10.1016/0022-2364(84)90050-7.

3 Joseph J. et al. Fluid-hammer induced pressure oscillations in a cryogenic feed line. *IOP Conference Series: Materials Science and Engineering*, 2017, Vol. 171, pp. 012049. doi: 10.1088/1757-899X/171/1/012049.

4 Yuan K., Ji Y., Chung J.N. Cryogenic chilldown process under low flow rates. *International Journal of Heat and Mass Transfer*, 2007, Vol. 50, No. 19–20, pp. 4011–4022. doi: 10.1016/j.ijheatmasstransfer.2007.01.034.

5 Hu H., Chung J.N., Amber S.H. An experimental study on flow patterns and heat transfer characteristics during cryogenic chilldown in a vertical pipe. *Cryogenics*, 2012, Vol. 52, No. 4–6, pp. 268–277. doi: 10.1016/j.cryogenics.2012.01.033.

6 Johnson J., Shine S.R. Transient cryogenic chill down process in horizontal and inclined pipes. *Cryogenics*, 2015, Vol. 71, pp. 7–17. doi: 10.1016/j.cryogenics.2015.05.003.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖОЛДАРЫ

СКАКОВА Н.С.

Жамбыл облысы әкімдігінің Тараз қаласы білім бөлімінің Ы.Сүлейменов атындағы
№37 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Статья посвящена актуальной теме современности – развитию информационного риск – менеджмента, основная задача которого заключается в управлении рисками. Актуальность темы обусловлена тем, что в течение последних нескольких лет информация стала играть важнейшую роль во всех сферах человеческой жизни, что связано с постепенным становлением информационного общества.

Summary. The article is devoted to the urgent topic of our time - the development of information risk - management, the main task of which is risk management. The relevance of the topic is due to the fact that over the past few years, information began to play a crucial role in all areas of human life, which is associated with the gradual formation of the information society.

Тәуекел – бұл қандай да бір белгісіздіктен қолайсыз оқиғалардың басталуы немесе жобаның уақытша немесе қаржылық шектеулерінен шығу ықтималдығы [1]. Басқару туралы ғылымда жеке бағыт бар – тәуекелдерді басқаруға, олардың теріс салдарын азайтуға арналған тәуекел – менеджмент. Тәуекелдерді басқарудың негізгі компоненттері сәйкестендіру, тәуекелдерді талдау және оларға ден қоюды жоспарлау болып табылады. Сонымен, тәуекел – менеджменттің бірінші кезеңі тәуекелдерді сәйкестендіру болып табылады. Барлық тәуекелдерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1) бюджетте, жұмыс кестесіндегі қателіктерге, персоналдың проблемаларына, талаптардың өзгеруіне (жобаның ағымдағы жағдайларының өзгеруіне де, тапсырыс берушінің қалауына да байланысты) байланысты жобалық кезең. Осы тәуекелдерге қызметкерлердің аурулары мен жұмыстан босатылуын, ағымдағы заңнамадағы өзгерістерді, процесті бақылайтын тапсырыс берушінің өкілін ауыстыруды, оның даму барысы бойынша тапсырыс берушінің жоба туралы пікірін өзгертуді жатқызуға болады. Ерекше жағдайлар тәуекелдерінің осы түріне жауапты жоба менеджері болып табылады, оның осындай қақтығыстарды реттеу қабілеті және оның кәсіби дайындығын анықтайды;

2) техникалық шешімдерді іске асыру проблемаларымен байланысты техникалық кезең. Бұл жерде әдетте әзірлеу проблемалары (әзірлеушілердің қандай да бір міндетті іске асыру қабілеті), жүйенің қанағаттанбайтын өнімділігі, жүйенің соңғы пайдаланушыларға түпкілікті бейімделуіне байланысты енгізуде аздап қиындықтар болады. Мұндай мәселелерді шешуге жауапты тұлға – әдетте жобаның техникалық жетекшісі немесе жетекші талдаушысы болып табылады;

3) жобаны қаржылық қолдауға байланысты бизнес – тәуекелдер. Сыртқы факторлардан туындаған бюджеттің күтпеген қысқартылуы жоба мен міндеттердің қысқаруына ғана емес, сонымен қатар басты мақсатқа қол жеткізілмеген жағдайда оның толық сәтсіздігіне әкелуі мүмкін. Әзірлеуші компания үшін тәуекелдердің осы түріне әдетте нарықты бағалаудағы қателер жатады. Ресей ұйымдарында сондай-ақ осындай штаттан тыс жағдайларға соңғы пайдаланушылар тарапынан жобаға қызығушылықтың жоғалуы жатады. Мұндай проблемалар үшін жобаның тапсырыс берушісі (кураторы) немесе жобалау комитетінің басшысы кредиттік ұйымдағы жауапты тұлға бола алады. Ол басымдықтарды алдын ала анықтап, әрбір кезеңнің басым міндеттерін шешу үшін резервтер ұйымдастыруы тиіс [2].

Тәуекелдерді неғұрлым нақты сәйкестендіру және талдау олардың спецификациясы мен сәйкестендіру жүйесін әзірлеуді, сондай-ақ штаттан тыс жағдайлардың туындауын ықтимал бағалауды, залалды бағалауды және оларды еңсеру үшін резервтерді есептеуді қамтиды. Бұл ретте шығындарды төмендету үш іс-әрекет есебінен мүмкін: алдын алу (болдырмау), мониторинг (жағдайды уақтылы тану) және қиын жағдайды басқару (ол туындаған жағдайда дұрыс іс-қимыл). Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Алдын алу – штаттан тыс жағдайды жоюға, ықтималдығын төмендетуге немесе залалды азайтуға арналған шығындар. Жиі тапсырыс берушіні қосымша шығындар қажеттігіне сендіру өте

қиын, әсіресе егер Тапсырыс берушіге қатер өте түсінікті болмаса. Мысалы, қауіпсіздік жүйесін қосымша пысықтауға қосымша қаржыландыру алу жеткілікті оңай (рұқсат етілмеген кіру қаупі), алайда сауатсыз пайдалану да қауіпсіздік жүйесінде тесік пайда болуына әкеп соқтырса да, соңғы пайдаланушыларды оқытуға қол жеткізу өте қиын. Және әдетте, ықтималдығы мен шығын мәнін бағалайтын жақсы негізделген құжат қана Тапсырыс берушіні қаражатты дұрыс бөлуге сендіре алады.

Мониторинг қандай да бір проблеманың туындауын анықтайтын көрсеткіштер жүйесін және оларды қадағалау тетіктерін әзірлеуді білдіреді. Проблеманы уақытында тану жиі шығындарды азайтуға немесе оларды нөлге жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, ағымдағы заңнаманы қадағалау және қағидаттық өзгерістерді уақтылы тану деректер құрылымын өзгерту немесе жаңа алгоритмдерді әзірлеу сияқты бірқатар тұжырымдамалық шешімдерді өзгерту есебінен бейімделуге арналған шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. Егер уақыт жіберілген жағдайда, жүйенің күрделенуіне және соның салдарынан жаңа міндеттерді шешуге кететін уақыт шығындарының өсуіне әкелетін тетіктерді латунизациялау тетіктері алмастырып, жұмыс істей бастайды.

Сыни жағдайды басқару күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттауды және регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта ақпараттық тәуекел болып табылатын бір мағыналы ұғым әлі қалыптасқан жоқ. Кейбір мамандар ақпараттық тәуекелді ақпаратқа тікелей әсер ететін оқиға ретінде қарастырады: оны жою, бұрмалау, оның құпиялылығын немесе қолжетімділігін бұзу.

Басқалары бұл ұғымды компьютерлік жүйелермен ғана ақпараттық тәуекел аймағын шектей отырып, неғұрлым тар аспектіде қарайды.

Көптеген ұғымдарда назар аударуға болатын кейбір маңызды аспектілер қарастырылмайды. Бірінші кезекте бұл – жұмысы жүйеге ақпаратты енгізумен және оны өңдеумен тікелей байланысты мамандар. Өйткені, бұл ақпаратты алу сатысында тәуекелдер бар, өйткені тіпті осы кезеңде алынған деректердің дұрыстығына, олардың толықтығы мен өзектілігіне әсер ететін факторлар бар.

Сонымен қатар, бұл анықтамаға ақпаратты өңдеу алгоритмдерінде, басқару шешімдерін әзірлеу үшін пайдаланылатын бағдарламаларда іркілістердің туындауына байланысты тәуекелдер жиі енгізілмейді.

Кейбір мамандар "ақпараттық тәуекелдер" ұғымына экономикалық тұрғыдан қарайды. Анықтама ретінде олар "компанияның ақпараттық технологияларды қолдануы нәтижесінде шығындардың немесе залалдың туындау қаупін" түсінеді [3]. Басқаша айтқанда, IT-тәуекелдер электронды тасығыштар мен басқа да байланыс құралдарының көмегімен ақпаратты құрумен, берумен, сақтаумен және пайдаланумен байланысты.

Барлық ақпараттық тәуекелдерді бірнеше критерийлердің негізінде әртүрлі топтарға жіктеуге болады:

1. Көздер бойынша – ақпараттық тәуекелдер ішкі және сыртқы;
2. Сипаты бойынша – әдейі және әдейі емес;
3. Түрі бойынша – тікелей немесе жанама;
4. Нәтижесі бойынша – ақпараттың дұрыстығын бұзу, ақпараттың өзектілігін бұзу, ақпараттың толықтығын бұзу, құпиялылықты бұзу және т. б.
5. Әсер ету механизмі бойынша: табиғи апаттар, авариялар, мамандардың қателіктері және т. б. [3].

Ақпараттық тәуекелдерді талдау – бұл сандық (ақша ресурстары түрінде) және сапалық (тәуекел деңгейі: жоғары, орташа, төмен) тәуекел көрсеткіштерін анықтай отырып, ақпараттық жүйені қорғау дәрежесін жиынтық бағалау процесі [4]. Талдау ақпаратты қорғау процестерін қалыптастырудың әртүрлі құралдары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Оның нәтижелері негізінде қауіпті қатер болып табылатын және қосымша қорғау шараларын дереу қабылдауды талап ететін ең жоғары тәуекелдер бөлінеді.

Тәуекелдің сандық мөлшерін анықтауға болатын бірыңғай әдістеме жоқ. Біріншіден, бұл қандай да бір нақты қауіптің туындау мүмкіндігі туралы статистикалық ақпараттың қажетті көлемінің болмауына байланысты. Екіншіден, нақты ақпараттық ресурс құнының көлемін анықтау

өте қиын. Мысалы, ақпараттық ресурстың иесі жабдықтар мен тасымалдағыштардың құнын оңай көрсете алады, алайда осы жабдық пен тасымалдағыштардағы деректердің нақты құнын атай алмайды, ол іс жүзінде мүмкін емес. Сондықтан ең жиі қолданылатын ақпараттық тәуекелдерді сапалы бағалау болып табылады, оның басты міндеттері – бұл тәуекел факторларын сәйкестендіру, тәуекелдің ықтимал осал салаларын анықтау және әр түрдің әсерін бағалау.

Ақпараттық тәуекелдерді сандық есептеуге ең танымал тәсіл – CRAMM Британдық әдісі. Оның негізгі мақсаттары: тәуекелдерді басқаруды автоматтандыру, басқаруға арналған қаржылық шығындарды оңтайландыру, компанияның қауіпсіздік жүйесін сүйемелдеу уақытын оңтайландыру, бизнестің үздіксіздігін қолдау. Сыни жағдайды болдырмау күтпеген жағдай туындаған жағдайда іс-әрекеттерді құжаттау мен регламенттеуді білдіреді. Менеджердің іс-әрекетін анық түсінуі теріс әсерді бірнеше рет төмендетуге мүмкіндік береді. Іс-қимылдарды алдын ала құжаттау залалдың есептік әсерін түзетуге және соның салдарынан резервтер сомасын азайтуға және жобаны инвесторлар мен тапсырыс берушілер үшін неғұрлым тартымды етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы бағыт бойынша жұмыстардың бір бөлігі қиын жағдайды жеңілдету тетіктерін құру болуы мүмкін. Мысалы, ұйымда жұмысқа білікті жұмыс іздеушілер туралы ақпараттың болуы негізгі қызметкер күтпеген жағдайда болады.

Сонымен бірге, ықтимал ақпараттық тәуекелдерді есептеу мен талдау үшін көптеген жүйелер мен әдістер әзірленді, бұл бизнесті олар туралы тез арада ақпараттандыруға, содан кейін нарықтың негізгі талаптарын – компанияның экономикалық қызметінің үздіксіздігі мен қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. dissercat.com/ // Оценка рисков проектов внедрения информационных технологий в процесс управления производственными предприятиями // [Электронный ресурс]. Дата обращения 18.12.12

2. econf.rae.ru/ // Управление рисками при внедрение ИТ-проектов // [Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12

3. provsebanki.ru // Метод аналогий // [Электронный ресурс] Режим доступа: Дата обращения 18.12.12

4. Саати Т. Принятие решений. Метод анализа иерархий. - М.: Радио и связь, 1993. – 320 с.

ӨОЖ 378.147

STEM – БІЛІМ БЕРУДІҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

КУАНЫШБЕКОВА К.С.

Жамбыл облысы әкімдігінің Тараз қаласы білім бөлімінің Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье раскрываются первые шаги и перспективы новой методики обучения, которая является интеграцией в одну систему изучения пяти дисциплин в образовательной программе с развитием межпредметной связи-STEAM.

Summary. The article reveals the first steps and prospects of a new teaching methodology, which is the integration into one system of studying five disciplines in the educational program with the development of interdisciplinary communication-STEAM.

STEM – бағытының негізгі субъектілерін зерттеудегі, яғни заманауи ақпараттық қоғам, математика, физика, химия, биология және инжиниринг (программалық қамтамасыз ету, молекулалық-генетикалық инженерия, инженерлік техника және т.б.) бойынша қол жетімді және ықтимал ғылыми зерттеулермен интеграциялауды қамтитын өмірге неғұрлым бейімделген оқытудың жаңа формасының пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ол технологиялық сауаттылықты ұштастыра отырып математика, ғылыми және инженерлік тәжірибені, интеграциялық шешімдерді табу күрделі процесінде өкілдік проблемалары мен перспективалары терең түсінуге ықпал етеді деп күтілуде. STEM білім беру, бұл - білім беру саласында «Жаратылыстану»,

«Математика және информатика», робототехника бойынша элективті пәндер өзгермелілігін субъектілерінің терең зерттеуді қажет ететін, графикалық дизайн және басқа да 21-ші ғасырда табысқа және бәсекеге қабілеттілігін аттыратын, негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық үрдіс.

Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеріп жатыр. Осыған орай STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттелуде. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM – сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату болып табылады. Цифрлық технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам қарқынмен дамуына байланысты STEM білім беру үрдісі- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етіп отыр. Сонымен, жаратылыстану ғылымдары мен математиканы зерттеу технологиялық және инжинирингтік дағдыларды бір уақытта меңгеру арқылы қазіргі заманғы проблемаларға инновациялық бағыт береді.

Инженерлік жобалау барысында оқытудағы проблемаларды анықтап, оларды дамытады, сынайды және оларды шешу жолдарын табады. STEM білім беру жүйесінде жаратылыстану-математикалық және инженерлік-технологиялық бағыттағы негізгі пәндер бойынша білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға және ғылым мен техникада кәсіпке деген ұмтылысты дамытуға бағытталады.

Кеңестік дәуірде сөз жоқ пәндік білім беру өте жақсы дамығанмен, мұғалімнен есептерді көбірек шығаруға ұмтылу, бірақ, сол есептердің, формулалардың өмірде қай жерде, қай кезде пайдаланып, қолдануға болатындығы туралы ұстаздар сөз де қозғамайтын. Сол сияқты химия, физика сабақтарында да формулалар бойынша есептер шығарылып, тәжірибелер жасалғанмен, ол пәндерден алынған білімдерді өзара біріктіріліп, өнім, зат шығаруға болады деп оқытылмаған. Математикадан формулаларыңды алып, физика мен химиядан тәжірибелеріңді алып, еңбек сабағынан инструменттері мен ағаш темірлеріңді алып, зат жасауға әрекет ет, жаңа бір нәрсе ойлап шығар деп ешкім айтпайтын, оған жағдай да жасалмайтын. STEM аббревиатурасы қалай жіктеледі: S – science (жаратылыстану ғылымы), T – technology (технология), E-engineering (инженерлік), M-mathematics (математика), science-ғылым, technology-техника, технологиялар, engineering – инженерлік, mathematics- математика деген сөздер. Яғни осы салалардың біріккен жиынтығын қамтитын кеңестік.

"STEAM-білім" бағдарламасы бойынша білім алушылар физика және математика пәнінен басқа робот техникасын үйренеді, өзінің роботтарын бағдарламалап құрастыра біледі. Сабақтарда арнайы технологиялық зертханалық және оқу жабдықтары, сонымен қатар 3D-принтерлер, визуализация құралдары және басқа да жабдықтар пайдаланылады. STEAM – білім – философиясы балаларды еңбек сабағында кәсіпке бағыттап жаңа инновациялық амалдармен оқытуға негізделген.

Жоғарғы оқу орындарында stem оқыту жүйесін дамытудағы мақсатымыз STEM білім беру жүйесін дамытып, студенттерге барынша қолжетімді ету. Жоғарғы оқу орындарында «Робототехника», «Болашақ инженерлер», «IT технология», «Үш өлшемді модельдеу технологиясы» пәндері өтілуде. STEM бағыты теориялық білімді іс жүзінде тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытады. Бағдарлама төрт кезеңге бөлінген. Олар: инженерлік іс, бағдарлау, робототехника мен 3d моделдеу. Аталған бағдарламалар бүгінгі күнгі ең өзекті топтамалар мен Autodesk Solidworks, Scratch, Java, Python, C++ сынды бағдарлау тілдерін қамтиды. STEM – білім беру білім саласы «Жаратылыстану», «Математика және информатика», робототехника, 3D модельдеу, графикалық дизайн, технологиялық сауаттылық, инженерлік тәжірибе қабілеттіліктерін, дағдыларын дамытуға бағытталған. STEM оқыту бойынша пән мұғалімі әсіресе сабақта пәнаралық байланысқа көп көңіл бөлуі керек. Шығармашылық тапсырмаларға, шағын жобаларға, оның ішінде топтық, жұптық жоба қорғау жұмысына көп көңіл бөлуі керек. Ол оқушының әлеументтенуіне үлкен үлес. Біздің ұрпағымыз ертеңгі өмірге қабілетті болсын десек, бүгін оларға стем кеңестігінде жұмыс жасауға жағдай жасауымыз керек. Әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіру арқылы нақты өмірде қолдануға жағдайды қазір жасау керек. Мұның ішінде экологияны сақтау, табиғат ресурстарын үнемді пайдалану, табиғат мүмкіншілігін, ресурстарын пайдалану, аз мөлшерде энергия жұмсау арқылы еңбек өнімдерін алу т.б. Тек ғана жоғарғы оқу

орындарында емес мектептерде де пән сабақтарында пәнаралық байланыс арқылы жұмыс жасаудан басқа, СТЕМ лабораториялары ашылып, оқушылардың жұмыс жасауына жағдай жасалуы керек. СТЕМ лабораторияларында: ноутбуктер, интерактивті тақта, проекторімен, 2-3 ағаш бойынша станок, темір бойынша станок, ардуин, леги, мехотроникаға арналған құрал жабдықтар. 3Д принтер, баспа принтер, аудио, видеосистемалар, еңбек құралдары т.б заманауи құралдарымен жабықталған болуы керек. Нәтиже болашақтың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Развитие STEM – образования в мире и Казахстане, «Білімді ел – образованная страна» №20(57) от 25 октября 2016 г
2. Три STEAM –проекта, которые можно реализовать в школе.
3. Қазақстан Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12.04.2017ж.
4. <https://osvitoria.media/ru/experience/try-steam-proekta-kotorye-mozhnorealyzovat-v-shkole/>

ӘОЖ 54.789

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

АБДРАМАНОВА Қ.

Амангелді атындағы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. Статья грамотным, разносторонним специалистом невозможно без овладения передовыми технологиями обучения в современной сфере образования. Владение инновационными технологиями благотворно влияет на формирование интеллектуального, профессионального, нравственного, духовного, гражданского и многих других человеческого облика учителя, способствует саморазвитию и эффективной организации учебно-воспитательного процесса. Инновационные педагогические технологии способствуют повышению творческих способностей. В этой связи в статье важное значение приобретает эффективность инновационных технологий, применяемых на уроках химии.

Summary. It is impossible to become a competent, versatile specialist without mastering advanced teaching technologies in the field of modern education. Mastering innovative technologies has a beneficial effect on the formation of the intellectual, professional, moral, spiritual, civil and many other human appearance of the teacher, helps to develop oneself and effectively organize the educational process. Innovative pedagogical technologies contribute to the development of creative abilities. In this regard, the article highlights the effectiveness of innovative technologies used in Chemistry Lessons.

Кейінгі жылдары жиі пайдаланып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады. «Инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бер бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басақа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту жүйелі түрде іске асырып, сапалы нәтижеге әкеледі. Бұл оқытудың ажырамас бөлігі, маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б. айқындар толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін,

жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр студентті оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орынның оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Химия сабағының қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңдағы әдістемелер мен педагогикалық технологиялар пәннің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар:

Проблемалық оқыту

Оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдаяттарды құру және оларды шешу үшін оқушылардың белсенді өз бетінше әрекетін ұйымдастыру, нәтижесінде білім, білік, дағдыны шығармашылықпен меңгеру пайда болады, ақыл-ой қабілеттері дамиды. [3, 37 б.]

Бұл технологияны пайдалану арқылы 9-сыныпта өткізілген «Органикалық заттардың ерекшеліктері мен маңызы. Органикалық қосылыстардың химиялық құрылысы» атты сабағымнан үзінді ретінде мысал ұсынамын. [4, 8 б.]

Кіріспе бақылау блогы.

Органикалық қосылыстар тақырыбы бойынша қалыптасқан білім деңгейін анықтау мақсатында тест орындатамын.

2. Мақсаты: Органикалық қосылыстардың қасиетін ұғынудағы білімді өзектендіру.

Тапсырма: Мүмкін болатын реакция теңдеулерін аяқтаңыздар.

- 1) $\text{CH}_4 + \text{Cl} \rightarrow \dots$; 2) $\text{CH}_3 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$;
- 3) $\text{CH}_2\text{Cl}_2 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$; 4) $\text{CHCl}_3 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$;

3. Мақсаты: Проблемалық жағдаят туғызу.

Тапсырма: Тәжірибелік жұмыстарды орындаңыздар. Сынауыққа сірке қышқылының ерітіндісіне мырыш ұнтағын не түйірін немесе магнийдің түйірін салыңдар. Реакция баяу жүрген жағдайда аздап қыздырыңдыр. Не байқалады? Байқаған өзгерісті дәптерлеріңізге жазыңыздар. Бұл сіздерді қызықтырадыма? Реакция теңдеуін құрастырыңыздар. Сірке қышқылы қандай қасиет көрсетеді?

4. Мақсаты: Сірке қышқылының қасиетін ұғыну.

Тапсырма: Тәжірибелік жұмыстарды орындаңыздар. Сынауыққа сірке қышқылының ерітіндісіне аздаған натрий кобанатының ұнтағын немесе бордың кішкене түйіршігін салыңдыр. Не байқалды?

5. Мақсаты: Тәжірибе нәтижелерін түсіндіріңіздер.

Тапсырма: 4–те сірке қышқылы натрий корбанатымен және бормен реакцияға түседіме?

Деңгейлеп оқыту технологиясы

Мұғалімнің әлсізге көмектесу, күштіге көңіл бөлу мүмкіндігі бар, күшті оқушылардың білім алуда тезірек, тереңірек ілгерілеуге деген ұмтылысы жүзеге асады. Мықты оқушылар өз қабілеттерімен расталады, әлсіз оқушылар оқуда табысқа жетуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады. [3, 37 б.]

Сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;

- ойлау қабілетін дамытатын есептер беру;
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру;

8 сынып бойынша «Оксидтердің жіктелуі мен алу жолдары», «Тұздар. Құрамы және химиялық қасиеттері», 9 сынып бойынша «Бейорганикалық қосылыстар», «Азот, Фосфор» т.б өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап ретінде миға шабуыл, кім жылдам, білімінді байқап көр, формулалар сайысы, бейне сұрақ, химик сараман, жарқыраған шың т.б ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырамын.

Сонымен, оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс.

Жобаны оқыту әдістері

Бұл әдіс бойынша жұмыс оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде келуге мүмкіндік береді. [3, 105 б.]

Оқытудағы зерттеу әдістері

Оқушылардың өз бетімен білімін толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең бойлап, оны шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымын қалыптастыруда маңызды. Бұл әр оқушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды.

Оқытуда белсенді әдістерді қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері.

Ой-өрісін кеңейту, танымдық белсенділігін дамыту, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, жалпы білім беру іскерліктері мен дағдыларын дамыту. [3, 105 б.]

Ынтымақтастықпен оқыту (топтық, топтық жұмыс).

Ынтымақтастық ересектер мен балалардың бірлескен даму іс-әрекеті идеясы ретінде түсіндіріледі. Жеке көзқарастың мәні субъектіден емес, баладан субъектіге өту, балада бар мүмкіндіктерден, тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану. [2, 19 б.]

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім беру мазмұнын өзгерту және шектеусіз байыту, кіріктірілген курстарды пайдалану, интернетке қосылу.

Осыған орай, өз практикада жиі пайдаланып оқушылардың білім-білік дағдысын қалыптастыруда жемісті нәтиже көсетіп келе жатқан АКТ пайдалануға байланысты бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынамын:

КАНООТ - викторина, дидактикалық ойындар мен тесттерді құруға арналған бағдарламасы. Оқушылар мұғалім жасаған тасырмаларға планшеттерден, ноутбуктерден, смартфондардан, яғни интернетке кіру мүмкіндігі арқылы кез- келген құрылғыдан жауап бере алады. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауаптар үшін ұпай енгізе алады: дұрыс жауаптар мен жылдамдық үшін. Табло мұғалімнің компьютерінің мониториянда көрсетіледі. Тестке қатысу үшін оқушылар тек қызметті ашып, мұғалім компьютерден ПИН -кодты енгізуі керек. Бұл программаны пайдалану арқылы мен оқушылардың өз-пәніме деген қызығушылығының артқандарын байқадым. Бағдарламаны пайдалану: оқушылармен кері байланыс жасап отыруға да ыңғайлы.

Plickers оқыту платформасы. Мұғалім оқушыларға аты -жөні жазылған карталарды дайындайды, содан кейін экранда тест сұрақтарын көрсетеді және оқушылардың жауаптарын телефоннан немесе планшеттен сканерлейді. Қосымшаның артықшылығы - оқушыларға ұялы телефондар мен Интернетке қосылу қажет емес, ал мұғалім тест нәтижелерін экраннан бірден көре алады.

Quizlet - жаңа сөздерді есте сақтауға арналған тамаша платформа. Сіз дайын карталар жиынтығын қолдана аласыз немесе сөздердің жеке қорын жасай аласыз. Платформа сонымен қатар түрлі тесттер, ойындар мен қосымша функцияларды ұсынады. Сіз интерактивті тақтада бүкіл сыныппен жұмыс жасай аласыз немесе сілтеме арқылы виртуалды сыныптағы әр оқушыға жеке тапсырмалар бере аласыз.

Жоғарыда аталған платформалар негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейінің артқандығын анықтадым

Денсаулық сақтау технологиялары

Бұл технологиялар мен әдістерді қолдану сабақ барысында әртүрлі тапсырмалар түрлерін біркелкі бөлуге, ақыл-ой әрекетін физикалық минуттармен алмастыруға, күрделі оқу материалын

көрсетуге уақытты анықтауға, оқуда оң нәтиже беретін өзіндік жұмысқа уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Портфельдік инновацияларды бағалау жүйесі.

Жеке тұлғаның жеке даму траекториясын анықтай отырып, әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде оқушы жетістіктерінің дербестендірілген есебін қалыптастыру.

Қазіргі педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістерді меңгеру мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу тек оқушының ғана емес, мұғалімнің де ұстанымын, үйреншікті қатынасын өзгертеді.

Дегенмен, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен алмастырады дегенді білдірмейді, керісінше оның құрамдас бөлігі болады. Өйткені педагогикалық технология – оқыту теориясына негізделген және жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерінің, әдістемелік тәсілдерінің, формаларының жиынтығы [2, 29 б.].

Мұғалім үшін жылдар бойы қалыптасқан сабақтың стереотиптерін жеңу өте қиын. Оқушыға жақындауға және қателерді түзетуге, дайын жауапты ұсынуға үлкен ынта. Оқушылар де осындай проблемаға тап болады: олар мұғалімді көмекші, танымдық әрекетті ұйымдастырушы рөлінде көруге дағдыланбаған. Заманауи білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзіндік» таңдауға, өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда заманауи сабақты ойдағыдай өткізу үшін өз ұстанымын қайта қарастыру, не үшін және қандай өзгерістер қажет екенін түсіну мына біздер педагогтердің бірден-бір мақсаты деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя. – Алматы: Алем, 2000. –125с.
2. Тәжібаева Т. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. –210б.
3. Төрениязова С., Майғаранова Г., Нысанбаева Г., Иманбаева С. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру. – Алматы: Рауан, 1999. –230б.
4. Петров А.А., Бальян Х.В., Троценко А.Т. Органикалық химия. –М. ВШ., 1981. –260б.
5. Грандберг И.И. Органическая химия. –М., 1974. –300с.
6. Бірімжанов Б. Жалпы химия. –Алматы: ҚазҰУ, 2001. –200б.
7. Бірімжанов Б., Нұрахметов Н. Жалпы химия. –Алматы: Ана тілі, 1992. –210б.
8. Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия. –М. ВШ., 1988. –190с.
9. Усанович М.И. Из истории химии. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 185б.
10. Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. –Алматы: Білім, 2003. – 203б.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ИБРАГИМОВА Т. Г. СУБЪЕКТ ЖАНА ПРЕДИКАТ – СҮЙЛӨМДҰН СЕМАНТИКАЛЫК НЕГИЗИ.....	3
ӨМҮРКАНОВА Ч.Т. ЖОЖДА ПАНДЕМИЯНЫҢ УЧУРУНДА АРАЛЫҚТАН, ОНЛАЙН БИЛИМ БЕРҮҮНҮ УЮШТУРУУНҮН ПЕДАГОГИКАЛЫК ШАРТТАРЫ ЖАНА МОДЕЛДЕРИ.....	6
АЛЛАМБЕРГЕНОВА П. ҚОРАҚАЛПОФИСТОН ТЕЛЕВИДЕНИЕСИДА ПАРЛАМЕНТ ЖУРНАЛИСТИКАСИ.....	9
ҚҰЛАМАНОВА З.А., ЖАНКУЛОВ Т., БЕКТЛЕУОВА Г.Х. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ, АУДАРМА, ТЕРМИНТАНЫМ.....	11
ДӘУРЕНБЕКОВА Л.Н. ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ АУДАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	15
DR. ÖĞR. ÜYESİ NAZ PENAN., OLZHAS SARZHAYEV. KAZAN TATARLARININ ORTA ASYADAKİ EĞİTİM ÜZERİNDEKİ ETKİLERİ.....	20
БОЛТАЕВ Н.С. РАДИОЖУРНАЛИСТИКАДА ТАРЖИМА МАҒОРАТИ.....	22
АДИЕВА Ж.Ш. АУДАРМАТАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.....	25
ТҰРСЫНАЛЫ Қ.Д., МҰСАБЕКОВА М.Д., ПЕРТАЕВА Э.Қ. А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АУДАРМАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	28
КАРИБАЕВА А.У., САДЕН Н.А. АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30

I СЕКЦИЯ

АУДАРМАТАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

МҰСАБЕКОВА М.Д. АУДАРМАТАНУ – ЕКІ МӘДЕНИЕТТІ ТОҒЫСТЫРҒАН САЛА.....	34
---	-----------

II СЕКЦИЯ

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

АЛИПБАЕВА С.Н., БЕРКЕНОВА Р.А. КӨРКЕМ ХАРАКТЕР МЕН ЖАҒДАЙДЫҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ.....	37
ЖОЛАНОВА Г.Е., АМАНГЕЛДІ Қ. МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ: ЗНАЧЕНИЯ СЛОВ ПОДРОСТКОВОГО ЛЕКСИКОНА.....	41
ИДРИСОВА Э.И. М.ӘУЕЗОВ–ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ СУРЕТКЕРІ.....	44
АЖИБАЕВА А.У. ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	47
КИЯЛБЕКОВА Б. ЗНАЧЕНИЕ СИНТАКСИСА В РУССКИХ ПОСЛОВИЦАХ.....	49
МАМЫРОВА Н.М. ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ НА РУССКИЙ ЯЗЫК.....	52
БЕКТУРАЛИЕВА Ж.К. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	55
ИСМАМБЕТОВА Л.М., БУЗЬКО А., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ.....	58
ТАЖИБАЕВА А.М. Б.КЕНЖЕБАЕВТЫҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	62
НАРБЕКОВА А.М. ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	66
АБДРАМАНОВА Г.Б. М.ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ-ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒА КОНЦЕПЦИЯСЫ.....	69
ИСКАКОВА Д.Ш. ИГРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	72
БАЙШОНОВА И. Ш. М.ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	75
КОКЕНОВА Ж.И. АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ОРТА МӘСЕЛЕСІ.....	77
ҚАПАРОВА А.А. ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	80

ЕЛЕТАЕВА А., ТӨЛЕНДІ Н.Ә., ПЕРТАЕВА Э.Қ. Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ КӨРІНІСІ.....	83
САПАРБЕК С., СЕЙДУАЛИЕВА А.С. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТҰЛПАРЛАР БЕЙНЕСІ: ДӘСТҮР МЕН САБАҚТАСТЫҚ, ЖЫЛҚЫ МАЛЫ ТУРАЛЫ НАНЫМ-ТҮСІНІК.....	85
АМАНГЕЛДІ Н.А., САТАРОВА З.Р. АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	87
АЙТУҒАНҚЫЗЫ А. ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ.....	90
ШАХАБАЕВА А.А. БАЙМАКАШЕВА Н.С. ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІҢ ЖҮРЕГІ – ФИЛОЛОГИЯ.....	92
АБЕНОВА Р.К. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСЫ.....	95
ШОРМАҚОВА С.М. ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚИ КӨНЕ ЕСЕПТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЖАНР РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	98
ЕСИМОВА Г.Т. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ТІЛ ТУРАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	101
АУБЕКОВА Н.Ж. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ БІР ТОБЫ.....	104
ДЖУНУСОВА М.Б. СЫН – ӘДЕБИЕТТІҢ АЙНАСЫ.....	106
КОЖАГУЛОВА Ж.К. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ.....	109
АБИЛАКИМОВА Ж.Т. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	112
НАСИБУЛИН АНСАР., МАМЫТКЕРИМОВА Э.Т. АБАЙДЫҢ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ М.ӘУЕЗОВ ӨНГІМЕЛЕРІНДЕ.....	115
АЛТЫБЕКОВА М.Ж. ТІЛДЕГІ КОГНИТИВТІК МОДЕЛЬ РЕТІНДЕГІ СИМВОЛДЫҚ ТҮРЛЕР.....	118
КОЖАТАЕВА К.К. СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ БЕЙНЕСІ.....	121
СУПАБЕКОВА А.Б. «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ –ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨМІРБАЯН НЕГІЗІ.....	125

III СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ТОГАЙБЕКОВА Д.Б. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	129
АМАНТАЕВА Ж.Е. THE TRANSITION OF THE KAZAKH LANGUAGE TO THE LATINIZED ALPHABET.....	132
ИСАБЕКОВА Н.Н. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	135
ЧУКЕНОВА Г.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ.....	138
АБИТАЕВА А.С. АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	140
КУЛЕШОВА Е.А. ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО УЧИТЕЛЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ.....	143
БЕШТАЕВА С.Ш. ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	145
ҚЫЛЫШБАЙ Н.Б. ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	147
АЛИМКУЛОВА С.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	149
ШОНБАЕВА Д.К. ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	153
ЖАҚАН Г.Ө. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОНЛАЙН ОҚЫТУДА ҚАНДАЙ ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНҒАН ТИІМДІ?.....	156

АЛИМБЕКОВ Р.Т. ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	158
МҰХИТҰЛЫ Н., ОРДАБАЕВА Ү.Б. «ҚАН МЕН ТЕРДІ» ЖАҢАША ТАЛДАУҒА ТАЛПЫНЫС.....	161
ОРДАБАЕВА Р.Б.ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ.....	165
РАХЫМ Ә.Р., ОРДАБАЕВА Р.Б. ОҚЫТУДЫҢ ТҰЛҒАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	168
ТОЙБЕК А.Б., СТАНБЕК Е., ОРДАБАЕВА Р.Б. ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ.....	172
АУЕЖАНОВА З.Е. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІ ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ.....	174
РАЙЫМҚҰЛОВА А.А. ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖАЙЫ.....	176
АРИСТАНОВА Н. Н. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ДЕҢГЕЙЛЕП САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКА- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	178
ОРДАБЕКОВА А.М. ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	181
СУЮНБАЕВА Ж.С., ИСЛАМОВА З.У. ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	184
СЕЙТБЕКОВА Ә.Т., ОРДАБАЕВА Р.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	186
НИЯЗАЛИЕВА И.С.ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	189
ШАНТАЕВА Г.А., ИСАМЕТОВА А.Т. КЕНЕС А.С. АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	192
ЕЛУБАЕВА Р.С. БАЙБОЛОВА Ж.Д.,ТЛЕПОВА А.С. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	196
БАРМЕНКУЛОВА С.С. ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБУЧАЮЩИХ МЕДИА ПЛАТФОРМ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К ЗНАНИЯМ.....	199
БОТАБАЕВА А.Е., СМАНОВА У.К., СЕЙДАЛИЕВА Б.М. LESSON STUDY ӘДІСІН АҒЫЛШЫН ТІЛІ ПӘНІН ЗЕРТТЕУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ.....	202

ІҮ СЕКЦИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ҚОЙШЫБАЕВА Д.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ САЯСИ ҮРДІСТЕР.....	207
НУРПЕЙСОВА М.Д. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БІРІ – АБЫЛАЙ ХАН.....	210
МОЛДАБАЕВА Н.Н. ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАЗА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	214

Ү СЕКЦИЯ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ИСМАИЛОВ Д.С. ДЬЮАР ЫДЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КРИО СОҒҒЫ КОНСТРУКЦИЯСЫН МОДЕЛЬДЕУ.....	219
СКАКОВА Н.С. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖОЛДАРЫ.....	222
КУАНЫШБЕКОВА К.С. STEM – БІЛІМ БЕРУДІҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	224
АБДРАМАНОВА Қ. ХИМИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	226

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ, ТЕОРИЯСЫ, ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
24-25 қараша, 2023 ж.**

**Международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В ЭПОХУ НОВОГО КАЗАХСТАНА:
ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЙ, ТЕОРИЯ, ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ»
24-25 ноября, 2023 г.**

Жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді.

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

Есепті б.т. 18.7. Шартты б.т. 14,6
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс №

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 123Л